

5
TOM

ТОҚАЕВ

Кемел

ТОҚАЕВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Кемел



Кемел
ТОҚАЕВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

5
ТОМ



АЛМАТЫ
"АНА ТІЛІ"
ЖШС БАСПАСЫ
2018

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44
Т 52

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен
насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін
арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды
түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші
бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

Құрастырған Жақау Дәуренбеков

Тоқаев К. Шығармалары: (деректі жазбалар, естеліктер)
Т 52 – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2018.
17,0 ш.б.т. + 3,0 ш.б.т. жапсырма.

ISBN 978-601-251-134-5

Т.5. – 2018 – 384 бет.

ISBN 978-601-251-126-0

Бесінші томға қаламгердің «Замандастар сыры» атты деректі жазбалары еніп отыр. Мұнда ол соғыс жылдарында туысқан Украина жерінде қайсарлық танытып күрескен партизандар өмірін байсалдылықпен әңгімелейді.

Бес томдық шығармалар жинағының түйін сөзі ретінде Қ.Тоқаевтың «Әке туралы ой-толғау» эссесі, сондай-ақ қаламдастары мен замандастарының естеліктері де берілді. Олардың терең тебіреніске толы жан-жақты сараптау тұрғысында жазған естеліктері қаламгердің бар болмас-бітімін айрықша шынайылықпен сыр етіп шертеді.

Кітаптың қызғылықты оқылатыны сөзсіз.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44

ISBN 978-601-251-126-0
ISBN 978-601-251-134-5

© Тоқаев Кемел, 2018
© «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2018

КЕМЕЛ ШАҒЫНДА ЕДІ

Майданнан келіп, ес жидық-ау деген шамада мені Ұлы Отан соғысының партизаны ретінде оқу орындары, фабрика- зауыттар кездесуге шақыра бастады. Сондай кездесулердің бірінде менімен бірге бір жас жігіт шақырылды.

Сөз тізгінін ұстап отырған адам оны «Майдангер-жазушы – Тоқаев Кемел» деп таныстырды. Менің сол жағымға жақынырақ жайғасқан ол қалың дәптеріне әлденелерді жаза бастады. Алғашқы сөз маған тиді.

Кешегі жау тылындағы қиын-қыстау, қатерлі күндерден естелік айтып тұрмын. Бір қарағанда оның ұсақ әріптерді маржандай тізіп, жарты бет жазып тастағанын көзім шалды. Өзінің жұртшылық алдында сөйлейтін сөзінің жобасын қағазға түсіріп отыр-ау деп шамаладым.

Ол болса әр оқиганы аяқтап, кідірген кезде маған мөлдір қара көзімен қарайды да, жымиып күледі. Мен көбірек шешіліп кеткен соң, уақыт аз қалды ма, ол әңгімесін қысқа қайырды.

Жиын соңында жылы ұшырай бауырмалдық аңғартты. Сөйтіп, жасымыздың ашақтығына қарамастан, көпшілік кездесу-жиындарды бірге өткізіп, күндер өте келе отбасымызбен араласа бастадық.

Сонымен демалыс күндері бала-шағаларымызбен қала сыртына демалуға бірге шығып жүрдік. Оның екі-үш баласы әлі оқу жасына толмаған. Есімде аты

сақталған Салтанат деген кішкене қызы мен сүйкімді ер баласы қосарланып ән салатын. Оның балаң дауысын қызықтап, қайта-қайта өлең айтқызатынбыз. Кемелдің сол кішкентай баласы – осы күнгі өкімет басшысы Қасымжомарт болар деп ойлаймын. Оның үйіне барғанда еркін отырып, туған айдай толықсыған Тұраш келіннің қолынан дәм тататынбыз. Қайда бірге болсақ та Кемел менен сыр тартып, әңгіме тақырыбын партизан өміріне бұрып, түртпектеп жазып отыратын.

Сөйте жүріп оның мен туралы бір еңбек жазуға кіріскенін түсіндім. Өзі көп сөйлемейтін, сыртқа сыр шаппайтын жан еді.

Бір күні Жұмекеңнің (Жұмағали Саинның) үйінде отырып, оған Кемел мен туралы шығарма жазғалы жүрау деймін, менен көбірек сыр суыртпақтауға әуес болып алды дегенді айттым. Ол кісі біраз ойланып отырды да:

– Несі бар, жазсын. Ол – барлаушылар, чекистер туралы тартымды шығарма жазатын талантты жазушы. Өзің де қаражаяу емессің ғой, – деді.

Ол уақытта жазушылық қағиданы онша білмейтін мен:

– Жұмеке, мен туралы Ғабдол Сланов аға «Алтай баласы» деген кітап жазып қойды ғой. Тым артықтау болмас па екен, – дедім.

– Әр жазушының жазу стилі әр басқа. Кейін сен де қолыңа қалам алар болсаң, шығармашылық өз соқпағыңды іздейтін боласың, – деген түйін айтты.

Бір күні Кемелге кездескенде, Украинаға барып қайтқалы жүргенімді айттым. Ол аз ойланып тұрды да:

– Менің Сізбен бірге барғаным жақсы болар еді, – деген тілек білдірді.

– Еш қарсылығым жоқ. Өзіңдей талантты қаламгерге ондағы қандыкөйлек партизан достарымды таныстырар едім, – деп есе жөнелдім. Үш-төрт күннен кейін ол қызмет орнынан демалыс алып, екеуміз жолға шықтық.

Киев қаласына барып түсісімен бірден Украина Жоғарғы Кеңесінің ғимаратына келдік. Ол кезде Жоғарғы Кеңес төрағасының орынбасары Кеңестер Одағының Батыры атағын екі рет алған атақты генерал-майор Сидор Артемьевич Ковпак болатын. Ол кісі әрі Жоғарғы Кеңес жанындағы партизандар қозғалысы комитетінің төрағасы ретінде Жоғарғы Кеңеске келген партизандарды кезексіз қабылдайтын. Біз келіп, жөнімізді айтқан соң, екеумізді ол кісінің қабылдауына енгізді. Сидор Артемьевич бұрынғы әдеті бойынша орнынан жайлап тұрып келіп, менімен құшақтасып амандасып, саулықтан соң екеумізге стол жанынан орын ұсынды. «Мына жігіт кім?» дегендей Кемелге қарады.

– Бұл – осы Украина жерлерінде соғысқан майдангер-жазушы, Украина партизандары жайлы кітап жазу ниетімен келген Кемел Тоқаев, – деп таныстырдым. Ол Кемел деуге тілі келмей, «Кимал» деп қиналды. Қабылдау соңында генерал бізге Киев төңірегін аралауға машина беретінін айтып, қаражат жағынан да көмектесетінін ескертті. Кемел ол кісінің алдынан шыққан соң маған:

– Көлікпен қамтамасыз еткеніне рақмет, ал қаражат алғанымыз, Қаске, ұят болар, – деді. Кемел сөзі орынды, арлы адамның сөзі еді, мен келістім. Киев қаласындағы оншақты партизандар арасында кездесуде қонақта болып, олармен бірге соғысқан майдангерлерше достасып, тез тіл табысып кетті.

Екі-үш күннен кейін Борисполь, Переслав-Хмельницкий аудандарындағы партизандарды аралап, Ұлы Отан соғысы тарихында қисапсыз қанды қырғын бояуымен ерекше есте қалған Букрин плацдармы басталған Григорьев селосы тұсындағы атақты өткелге келдік. Міне, Днепрдің шығыс жақ жағасында – Григорьевка селосының қарсысында тұрмыз.

Өзеннің оң жағы таулы, сол жағы жадағай, жазық. Осы оң жақтағы таулы беткейге бекініп, бет қаратпай тұрған жау бекінісін бұзып өту міндеттелген. Биіктен

жауған оқ бас көтертпейді. Днепр бойын жүздеген ұшақтар тоқтаусыз бомбалап, су арнасынан асыптасып жатты. Тажал аузында тұрғанымызға қарамастан, қыркүйектің 21-інен 22-сіне қараған күні өз отрядымнан 120 партизан іріктеп алып, қол қайықпен арғы жағалауға өтіп шығып, жау техникасына толып тұрған Григорьевка селосын фашистерден азат етіп, артта келе жатқан Қызыл Армияға жол ашқанымды Украинаның куәгер партизандарының өз ауыздарынан естігенде Кемел:

– Ойпырым-ау, неткен гажап ерлік еді. Сол ерлігіңізге батыр атағын қайтсем де алып беремін, – деп жарлық та, билік те өз қолында тұрғандай, айбаттанып, қолымды қатты-қатты қысып еді.

Адал жүректі, ақ пейілді асыл азаматтың айтқаны арада жарты ғасыр уақыт өткен соң болса да, айдай келді.

Елбасымыз: «Ерлік ешқашан ескірмейді», – деп, кеудеме батырлық белгісі – Алтын Жұлдызды ақыры қадады. Кемелдей тілекші қаламгер інімнің де көкейін өртеген ақ арманы түбі орындалды...

Сол сапарда біз соғысқан жерлерді, сондай-ақ фашистер басып алған елді мекендердегі жергілікті халықтарды зорлық-зомбылықпен қамаған, кейіннен біз келіп, тасталқанын шығарған абақтыларды, соғыс тұтқындары азап шеккен лагерьлер орындарын Кемел көрді.

Партизандармен түн ұзақ көз ілмей әңгімелесіп, материал жинайтын. Тіпті менен естігендерін басқалардың айтқан әңгімелерімен салыстырып, ой елегіне салып, елеп-екшеп отыратын. Өліммен арпалысында бірге болған партизан жолдастарымды аман-есен көргеніме мәз болып мен жүрмін.

Елге қайтуға жинала бастадық. Кемел қайтар кезде:

– Қаске, мен Украинаның орманды жазық даласында болған атыс-шабыс орындарынан ғана материал жинақ-

тап үлгердім. Осынау Карпат тауындағы қанды қырғын шайқас болған жерлерді көрсе ғой, шіркін! Бұл жолы оның сәті түспеді-ау, – деп өкінді.

Көріп-білуге деген құмарлық-ай десеңші. Елге келген соң, көп ұзамай партизандар өмірінен жазылған «Арнаулы тапсырма» атты кітабы қазақша жарық көрді. Кітапта адам, жер, село-қала аттары еш өзгертілмеген. Тек менің есімімді Қали деп алыпты.

Онысы мүмкін сол кездегі тірі кейіпкерлер аты-жөнін өзгертіп алу, олардың прототипін ғана жасау қағидасын бұзғысы келмегендігінен болар. Өзі ашылып айтпады, мен сұрамадым.

Украинаға келесі жолы барғанымда, қазақшаны түсінбесе де, аттары жазылған партизандар өз есімдерін оқып жүрсін деп, кітаптың оншақты данасын апарып таратып бергемін.

Олар кітапты украин тіліне аудартпақшы болған екен, бірақ олардың дыбыс қуалаған тарихшылары бұл өңірде Қали дегеннің партизан отряды болған жоқ деп, рұқсат бермеді.

Кемел өмірінің соңғы жылдары Жазушылар одағында кеңесші болып істеп жүрген күндерінің бірінде: «Қазір кезінде қуғын-сүргін көргендерді де ақтап жатыр ғой, Қаске. Мен сізді де «ақтадым». Өткендегі қазақша шыққан кітаптың «Особое задание» деп аталған орысша басылымында сіздің аты-жөніңізді өзгертпей алдым», – деп, маған кітабын табыс етті. Мен рақмет айтып, ризашылығымды білдірдім.

Кейінгі жылдары Украинаға бара қалсам, ондағы партизандар: «Кемел қайда, ол неге келмейді?» деп жамырай сұрайтын болды. Мен не дерімді білмей, партизандар әдеті бойынша екі алақаныммен бетімді басамын, көзіме жас толып кетеді.

Олар бір сұмдықтың болғанын, сұм ажал оны жалмап қойғанын түсініп, мені күйзелткілері келмей, әңгімені басқа жаққа бұрып әкетеді.

Кемелдің үлкен жүректі азамат, шынайы талант иесі екенін украиналықтар да мойындаған болатын.

Сонау сұрапыл жылдардағы соғыс майданының жауынгері, одан кейінгі жылдардағы әдебиет майданының майталман өкілдерінің бірі – Кемел Тоқаев жазушылық кемел шағында дүниеден өтіп еді.

Оның қалдырған мол мұралары әдебиетіміздің телегей-теңіз шалқарына қосылған рухани байлық екені даусыз.

Қасым ҚАЙСЕНОВ,
Халық Қаһарманы

ЗАМАНДАСТАР СЫРЫ

Журналистің

жол

дәптерінен





ЖОЛДА

Соғыс жүріп жатыр. 1943 жыл. Біздің әскерлер батысқа қарай жылжып барады. Ноябрь айының алғашқы күнінің бірінде әскери эшелон шағын станцияға келіп тоқтады.

– Ау, біз қайда келдік? Бұл қай станция? – деп, танкистер бірінен бірі сұрап жатыр. Айнала жым-жырт. Ымырт қараңғысынан қараған үйлердің орыны әр жерден қарауытып көрінеді. Оқ тесіп опырылған вокзал үйі де үңірейіп бос тұр. Бұл маңда жан жоқ. Тек паровоз жақта екі-үш адам жүр. Біреуі вагондарды бойлап, бері қарай аяндап келеді. Ұзын сапты домалақ балғамен темір доңғалақтарды тықылдата соғып қояды.

Жетінші гвардиялық танк полкінің штаб бастығының орынбасары капитан Кропычев ауыр танкілер тиелген тайпақ вагондардың бірінен екіншісіне секіріп, зыр жүгіріп, айқайлап жүр.

– Әй, жігіттер, келдік, танктерді түсіруге әзірленіңдер! – Танк жанында экипаж мүшелерінің біреуі кезігіп қалса: «Ойбай, неге тұрсың, мына тросты ағытсаңшы!» – деп, шыдамай айқайлап әмір етеді.

Капитан Кропычев – талдырмаш келген жас жігіт. Оны полктің байырғы адамдарының бәрі біледі. Сталинград түбінде, оңтүстік майдандарда бәріміз бірге соғыстық. Ол кездерде Николай Кропычев жай ғана машина командирі болатын. Немістерді батысқа қарай ысырып келе жатқан қан майданда ол да шынықты, өсті. Лейтенанттан капитандық шенге көтерілді. Киевті азат етуге аттанар алдында штаб бастығының орынбасары болып тағайындалған. Бірге соғысқан достары оның кейде ұрсып, зекігенін кек тұтпай, айтқанын екі етпей орындайды. Онымен тілдескенде «Жолдас гвардия капитаны!» – демей, көбіне өз атымен атайды. Бұған Кропычевтің өзі де дағдыланып кеткен.

Кропычевтің дауысын естіген машина командирі Кравченко шойын люкті ашып, танктен көтерілді.

– Николай, біз қайда келіп тоқтадық осы?

– Немене, Сергей, өзіңнің туған жеріңді танымай қалдың ба? Дарницаға келдік.

– Не дейсің, шын ба, бауырым! – деп, лейтенант Кравченко капитанды құшақтай танк үстінен секіріп түсті.

Кравченко таныс қаласының танымал белгілерін іздегендей жан-жағына телміре, ынтыға қарады. Темір жол бойынан сәл әрменіректе қуыршақтай қатар тізілген қызыл шатырлы әдемі үйлер болушы еді. Орны тып-типыл. Тікенек сымдар тартылған жуан бағаналар оның үстін басып өткен. Шандыған темірдің арғы ұшына көз жетпейді. Осы кезде Кравченконың бар пейіл, сағынышпен қарап тұрғанына әуестенді ме:

– Уа, ұлым, қай жердікісің? – деген біреудің гүжілдеген үні естілді. Бұл вагондарды тексеріп келе жатқан әлгі жолшы екен. Ұзын сапты балғасымен доңғалақты бір-екі тықылдатып соқты да, өзі Кравченконың қасына келді. Беліне қыстырып алған төрткөз шамның қызғылт сәулесі қарттың тұлғасын ала-құла етіп тұр. Сенсең жағалы ақ тонының бір жағы қылаң, бір жағы қара секілді. Аяғында – қалың ұлтан қара пима. Белін кендір жіппен қос қабаттап буып алған. Шолақ тонның етегі сәлтиіп тұр. Кравченко қарттың іш тартып сұраған сауалына:

– Переяславтанмын, әке! – деді де, бойын тез жинап алғандай болды.

– Ә-ә, жерлес болып шықтың қой, балам, соғыста жүргеніңе көп болды ма? – деп, қарт Кравченконың жүзін көргісі келгендей беліндегі шамын жоғары көтерді.

– Соғыстың басынан бастап қатысып келем, әке!

Кравченко қарттың бас-аяғына қарады да:

– Әке! Ирина Кравченко дегенді білесіз бе? Анау тұстағы үйлердің бірінде тұратын еді. Қазір сол үйлердің орнын да көре алмай тұрғаным, – деді.

– Әй, балам-ай, бұл соғыс дүниенің бәрін бүлдіріп кеткен жоқ па? Үй-жай түгіл, адамдарын да ада қып кетті ғой. Жаңа Иринаны сұрадың ба? Неге білмейін, өзіміздің көз алдымызда өскен қыз емес пе? Есінде бар

ма, балам, соғыстың алдында осы Дарницаны «комсомол қалашығы жасаймыз», «өндіріс ауданы етеміз», – деп ұран тастап, жастар жан-жақтан ағылып келіп жатты ғой. Тіккен шатырлары осы алапқа сыймай, өркеш-өркеш боп жыпырлап тұратын. Несін айтасың, ол да бір қызық заман екен ғой!

Қарт келте тонның етегін көтеріп жіберді де, қалтасынан аузын күрмектеп байлаған темекі дорбасын суырып алды. Бұлтиған дорбаның түбіне қолын бойлай сүңгітіп, имек трубкасына темекі толтырды, оны бас бармағымен нығыздап, асықпай тұтатты. Бұрқыраған көк түтінді құмарлана жұтып, сөзін жалғастырды.

– Алдында көрініп тұрған анау қара шоғыр – қалың тоғай болады, соның аржағы елсіз кең өріс. Демалыс күні ғой деймін, ия солай, сол алаңға жастар лек-легімен ағылып келіп жатты. Сап түзеген колоннаның басында Қызыл ту желбірейді, олардың алдында қызыл-жасылды киінген қыз бен жігіттер гармонияға қосылып билеп, өлең айтып барады. Бұл неткен мейрам деп, таңырқаймыз. Сөйтсек, жастар жексенбілік өткізуге шығыпты. Қызық көріп тамашалап тұрған бала-шағалар, қатын-қалаштар, еркектер де колоннаға қосылып кетті. Алаңның ортасына мінбер жасалған екен. Соған бірін, бірі кимелеп, таласа шығып, сөйлеп жатыр. Әйтеуір сан алуан бір қызық дүние. Жастардың жиыны ақыры үлкен мерекеге айналды. Ой, шіркін, талай қызық дәурен өтті ғой... Қайсы бірін айта берерсің...

Жаңа сен Иринаны сұрадың ғой. Мен оны бірінші жолы сол жиында көрген едім. Әй, өзі де шешен еді-ау, жұртты ықтиярына қоймай, әп-сәтте үйіріп әкетті. Ол кезде мен мұндай қаусаған шал емес едім, бойымда қауқарым бар, бір кісідей қайла ұстауға халім келетін. Мына соғыс шөктіріп кетті ғой... – Қарт ақырын күрсінді. Трубкасын үсті-үстіне сорып, бір сәт үндемей тұрды да, тағы сөйлеп кетті.

– Ия, сөйтіп жастарға бас-көз боп жүрдік. Иринаны да көріп тұратынмын. Оның бригадасы ауызға алынып жүрді. Сол жазда немере інімнің баласы демалысқа келген еді. Өзі ұшқыштар мектебінде оқитын. Бір түтіннен жалғыз бала болатын. Дәм-тұзы жарасып, екеуі қосылды. Бірақ,

бұлардың қуанышы ұзаққа созылмады. Соғыс басталды. Баланы майданға алып кетті. Мұнда да береке қалмады. Әркім әржаққа бытырай бастады. Біреулері соғысқа сұранып кетіп жатты, біреулері туған жеріне қарай ойысты. «Әлі бала ғой, бізге де сіңісіп дағдыланған жоқ, мына соғыста басымызға қандай күн туарын кім білсін, ата-анасының қасында болса, бәлкім, көңілі жұбанып, өзіне жайлы болар» дедік те, ініммен ақылдасып, Иринаны Переяславқа қайтармақ болдық. Бірақ Ирина көнбеді.

– Барлық жерде майдан, қайда жүрсем де бәрібір емес пе? – деді. Баланың мұнысын мақұл көрдік.

Белгісіз қарттың әңгімесін тыңдауға танкистермен бірге автоматчиктер де жиналып қалған еді. Қарт солдаттардың өзін ынтыға тыңдағанын көріп, әңгімесін соза түсті.

– Иринаның не ойының барын соңынан білдік. Алдарындағы мынау тікенек сымдар – немістердің кешегі тұтқын лагері. Әскери тұтқындарды осында әкеп қамады. Лагерь емес, дозақ оты болды ғой. Жанынан өтсең – жаның шошиды. Әр жерде айқасып-айқасып жатқан жаралы адамдар, көбі жалаңаш. Кейбіреуінің құжынаған көк шыбыннан қорғануға шамасы келмейді. Біреу-міреу маңайлай қалса, көмек сұрағандай көзі жаутаңдап телміре қарайды. Ымдап, шақырып бір нәрсе сұрағандай болады... «Ау, бұл дүние не боп кетті! Өлгі біздің күшіміз, қайратымыз қайда?» – деп іштей налып, жылап жүрдік. Бізде не қауқар бар дейсің, әйтеуір әрі-бері өткенде күзетшілердің көзін ала беріп тілдесіп, мұндасып қаламыз, бір жапырақ нан, картоп тастап кетеміз.

Бір күні, сірә, бейсенбі шығар деймін, немістер командирлер мен комиссарларды жаралылардан бөліп алыпты, алдағы жексенбіде атады екен деген суық хабарды естідік. Біреулер жиырма, біреулер отыз, енді біреулер елу кісі екен дейді, қанша адам екенін ешкім білмейді. Зәреміз ұшып, құр қипақтап, көрінгеннің сөзіне құлақ түреміз...

Осының алдында Ирина: Переяславқа барайын деп едім, мамамды сағындым, байғұс анам неғып жүр екен? Кетейін десем пропусказыз жібермейтін көрінеді, жолда әскерлер тұрса керек деп қынжылып жүрген. Оның мұнысын ешкім теріс көрген жоқ, қайтсін, әлі бала ғой, бала соғысыңды

біле ме, анасын сағынған ғой деп көршілердің де жаны ашып, тілеулес боп жүрді. Иринаның қайын атасы Микола немере інім дедім ғой, өзі етік тігетін. Бұрын жолшы еді, аяғын поезд кесіп кетті де, одан соң басқа кәсіп жасамай, ешбір ақысыз жұрттың ескі-құсқысын жамап, ел үстінен күн көретін. Етігімнің ұлтаны қаңырап қалған еді. Бір күні соған шеге қақтырып алайын деп үйіне бардым. Әңгімелесіп отырғанымызда, екі кештің арасында Ирина келді. Қасында мұздай киінген неміс офицері бар. Не істерімізді білмей үрпиіп қалдық. Ирина іркілмей әлгімен Миколаны, сонсоң мені таныстырды. Жақтырмай тұрғанымызды елемей, офицерді стол басына отырғызып жатыр. Офицері құрғыр орыс тілін аздап біледі екен. Бізге қарап:

– Жаңа тәртіп ұнай ма? – деді де, жауап ала алмаған соң: – Сендердің қыз жақсы. Ол бәрін түсінеді, молодец, – деп қойды.

Ирина жайраң қағады.

– Ата, мен ертең Переяславқа жүрем, пропуска алуыма мына офицер мырза көмектесті, – деп, офицерге қарап күліп қойды. Ол ит те жымыып, бас иеді. Миколаның әйелі Агафия қайсар, қатал әйел болатын. Ол бишара да өліп кетті ғой... Иә, ол әлгі офицердің алдына ащы қияр, помидор турап жатқан. Қолындағы жұқа жүзді өткір пышағын самогон әкеп жүрген Иринаның өңменіне сұғып алуға дайын-ақ тұр. Агафия немістен емес, шалынан сескенетін секілді, Миколаға қарай береді.

– Бәлем, тұра тұр, сені ме! – деп сонда да Иринаға күңкілдеп қалды.

– Сенікі мама не айтады? – деп неміс офицері елең етті.

– Ой, менің мамам сондай мейірімді адам, бұл жайында сізге айтқан едім ғой. Мен оның жалғыз қызымын, – деп кемпірді құшақтап, құлағына сыбырламақшы болып еді, қатын қай кезде ақылды болған дейсің, итеріп, тулап жолатпады. Микола Иринаны аяды ма, әлде оның не істеп жүргенін іштей сезе ме, онысын білмеймін, әйтеуір кемпіріне зекіп тастады.

– Жә, саған не болған, ілініспей, бұлданбай отыр! – Неміс офицеріне қарап: – шешесі ғой, тілі, діні бөлек бөгде адаммен жүрген соң ашуланғаны болар, оған зер салмаңыз, – деді.

Олар көп отырмады. «Мен енді сізді шығарып саламын» – деп, Иринаның өзі ықылас білдіріп, неміс офицерімен ілесе жүрді. Бұлардың кетуі мұң екен, Миколаның әйелі тас-талқан болды.

– О баста-ақ үйіне кетсін деп құдайдың зарын қылдым. «Жүре берсін» деп болмап едің. Енді көр де отыр. Еркек көріп, етегі ашылған қызды қалай ұстар екенсің? Бұл бетсіз ит ең болмаса байы барын ойласайшы! Ертең Андрей келгенде не бетін айтады. Осы табалағаны жетер, қастерлі төсегін былғатпаймын, кәне, босағаны аттап көрсінші! Тура өз қолымнан бауыздап өлтірем!

– Әй, қатын-ай, пендешілігіңді қойсаң қайтеді. Қазір көңіл көтеретін уақыт деймісің. Баланың басқа ойы бар шығар, ақылсыз басыңмен бөгет жасама! – деді Никола.

– Түнде жүрген әйелдің арам ойдан басқа не шаруасы болатын еді! – деп ашуға булыққан Агафия өршелене түсті.

– Оттамай отыр, балаңа жамандық ойлаудан ұялсаңшы! – деп Никола тыйп тастады. Біздің үй бірсыпыра жерде еді. «Ертең демалыс, қонып кет» – деген соң түнеп қалдым. Бірақ көз іліндіргеніміз жоқ, стол басында, май шамды басып қойып, әңгімелесіп отырдық. Қайбір әңгіме дейсің. Үзіп-үзіп айтатынымыз баяғы соғыс, немістерден көрген киянат. Үрейі ұшқан жанда ақыл да қалмайды екен. Көздің жасын сығып, түңіліп отырғанбыз. Түн ортасында ғой деймін, біреу есік қақты. Байқасақ, Ирина екен. Сырттағы біреуге: «Үйде бөтен кісі жоқ, кіре беріңіз», – деп жатты. Мына шіркін, неміс офицерін әлі ертіп жүр ме деп, зәреміз қалмады. Шамның пілтесін көтеріп қарап едім, – басқа біреу. Ол мыжырайған кепкасын қолына алып:

– Сіз ешкім жоқ деп едіңіз, мұнда кісілер толып отыр ғой, – деп Иринаға қарады да жайдары жүзбен әрқайсымыздың қолымызды алды. Аты-жөнімізді сұрап, іші-баурымызға кіріп барады.

– Осы уақытқа дейін жатпағансыңдар ма? Бұларың қалай? – дейді.

– Қасірет шеккен кісінде ұйқы жолаушы ма еді, – деп Агафия ақырын күрсінді.

– Құр қайғының құлдыратқаннан басқа болысары жоқ, бекем болыңыз, қайғыру ерте. Қарсы болмасаңыздар біздің

аз ғана шаруамыз бар еді, – деп, ол көп бөгелмей Иринаның бөлмесіне кірді. Күбірлеген сөздері бізге еміс-еміс естіледі.

– Адамдарды Бориспольдың тұсынан күт. Қараңғы түсе жүргейсіңдер. Байқа, араларында жаралы адамдар бар, жүре алмаса, мына адреске орналастырыңдар. Мақұл ма?..

Ирина «жақсы, жарайды» – деп қысқа ғана жауап катады. Біз аң-таң болып отырмыз. Бір кезде екеуі де бөлмеден шықты.

– Жолың болсын, қызым! – Москал кісі қойнынан пистолетін суырып алды. Ол бұдан соң: – Жолда керек болар, бәлкім көріспеспіз... - деп пистолетті Иринаның қалтасына салды.

Ирина босағада сәл состиып тұрды да, «Мама!» – деп жүгіріп келіп, Агафияның мойнына асыла кетті. Агафия Иринаны құшақтап жылап жатыр.

– Бізді қайда тастап барасың, жаным-ау! Қамқоршым, қарашығым едің ғой. Құдай-ау, біз не жаздық!

– Жә, болды, баланы жолынан қалдырма! – деп, Никола да көзінің жасын сүртеді.

– Дұрыс айтады, жолынан қалдырмайық! – Әлгі кісі Иринаны қолтықтап есікке апарды да: – Қазір маған шығуға болмайды, таң атқанша осында болармын. Сапарың сәтті болсын! – деп, біреуі жас, біреуі жер ортасынан асса да, тең кісідей қол алып құшақтасты. Таң ата әлгі кісі кетіп қалды. Түні бойы ұйықтамай отырғандықтан ба, қалғып кеткен екенбіз. Айқай-шудан ояндық. Немістер әлем-тәлем, иттерін шулатып, машинаға, мотоциклге салып, тоғай-тоғайларға қарай қаулап барады. Сиренаның ащы дауысы басылар емес. Аздан соң машинаға тиелген қарулы солдаттар тізбек-тізбегімен аттанды. Қым-қиғаш әбігершілік.

– Немістер қатты дүрлікті ғой, Қызыл әскерлер, келіп қалған жоқ па екен? Е, құдай, жақсылық бере гөр, – деп тілек тілейміз. Сөйтсек, өлім жазасына кесілген тұтқындар өткен түні бірі қалмай қашып кетіпті. Енді зарыққан елдің әңгімесі осы болды.

– Оларды тас сарайға бөлек қамады деп еді, қалай бұзып шықты екен?

– Оны ешкім де бұзбапты. Біреулер әдейілеп шойын қақпаны ашып беріпті.

– Ойпырмай-ә, сонда күзетшілеріне де білдірмеген бе?

– Күзетшілер көрсе қоя ма, бірақ оларды өлтіріп, киімдерін өздері киіп алыпты ғой.

– Жүректерінің түгі бар екен. – Тұтқындардың қалай қашқаны жұрттың бәріне мәлім болса да, олар естімегенсіп, бір-бірінен қайталап сұрап, іштерінен қуанысып жүр. Жазалау отряды кеткен жаққа көз тігеді. Тоғай жақтан арақидік мылтықтың дауысы естіліп тұр. Аяғы кесілгеннен бері Микола жұрттың көзіне көріне қоймайтын. Соғыстан бұрын кемтар адам бір бейшара жан сияқты көрінетін еді ғой. Бұл күні Микола тоқпақтай ағаш аяғын көсіле тастап, тық-тық басады. Тұтқындарды дәл өзі босатқандай, адамды көзіне ілгісі келмейді. Бір топ әйелмен бас шұлғысып, бір-бірінің сөзін қостап сөйлесіп тұрған Агафияға айқайлап:

– Ей, қатын, осы жұрттың сөзден басқа не бітірері бар дейсің, жүр, үйге қайталық, – деді. «Осының мақтанышы орынды-ау, Иринадай келінім болса, мен де солай дер едім-ау» – деп ойлады.

Осыдан соң арада екі-үш апта өтіп кетті. Бір күні Миколанікіне келсем, Ирина төсек үстінде жатыр, түрі жүдеу, жанында Агафия жаны қалмай зыр жүгіріп жүр. Маған «отырыңыз» дегендей шырай білдірді.

– Не науқас, қашаннан бері жатыр? – деп Агафиядан сұрап едім:

– Жеңіл киініп шығып едім, өкпеме суық тисе керек, – деп Иринаның өзі жауап қатты.

Ирина осы науқасынан тез айыға қоймады. Қырық екінші жылдың басында ғой деймін, ия солай, «жастарды Германияға жөнелтеді екен» деген суық хабар тарады. «Тұтқындарды жіберіп жатыр» деп жүрді. Бұл не лақап, жұрттың айтып жүргені рас па екен, – дедім де, білмекші боп Иринаға келдім. Үйге келсем, Ирина баяғы тақыр бас, мосқал кісімен отыр екен. Ол менімен салқын ғана амандасты да, көп бөгелмей шығып кетті.

– Сендер аялдамандар, қуғыншы болса, біз тоқтатып тұрармыз, – деген соңғы сөзін естіп қалдым. «Бекер келген екенмін, бөгет жасадым-ау» деп ойладым. Иринамен әңгімеміз де қиыса қоймады. Ол асығып киініп жатты. Сұрауға батпадым. Бір-екі күн өткеннен кейін немістер бір топ адамды асуға айдап бара жатты. Ортасында Иринаға

келіп жүретін әлгі тақыр бас кісі бар. Аяғын әрең басады, жүруге дәрмені жоқ, жаралы. Екі жағынан жолдастары қолтықтап, сүйемелдеп келеді. Дар алдында үйіріліп тұрған көп адамдардың арасынан мені көріп, бас изегендей болды. Шіркіннің діні қатты екен. Дар алдында абыржымады. Арқанды тартар кезде:

– Неміс басқыншыларына өлім келсін! – деп айқай салды.

– Небір қасіретті күндер өтті ғой, қайсыбірін айта бересің! – деп, қарт трубкасын тайпақ вагонның жиегіне тықылдатып ішіндегі күлін түсірді.

– Осыдан соң көп ұзамай Иринаны да ұстап әкетті. Біреулер: қыздың шақарлығы немістерді таңқалдырыпты, оны өз адамы етіп, қайта тәрбиелемек боп Германияға алып кеткен деседі. Бұл – өлімге кимаған кісінің сөзі ме, қайдам, әйтеуір хабарын анық біле алмадық. Міне, өздерің келіп көзіміз ашылды, әйтпесе мұндағы қырғынның шегі болмас еді. Осы күні төбеміз көкке жеткендей болып жүр. – Ол Кравченкоға үңіле қарап:

– Балам-ау, әңгіме айтам деп өзіңнен сұрамаппын ғой, Ирина нең еді? Чкаловта оқып жүрген ағам бар деуші еді, сол сен емессің бе, жөніңді айтсаңшы, шырағым? – деді.

Кравченко жауап қатпады. Осы кезде Кропычев ентіге жетіп келді. Қасында партбюроның секретары майор Кузнецов, айрықша бөлімнің бастығы капитан Анашкин бар.

– Неге кідірдіңдер? Алдыңғы колонна әуелі Днепрден өтті! – деп Кропычев бажылдай бастады. Оған ешкім жауап қатпады. Майор Кузнецов мені шетке шығарып алып:

– Бәрің түнеріп қалыпсыңдар, не боп қалды, жолдас Тоқаев? – деді. Комсорг болғандықтан ба, мені фамилияммен атайтын.

– Кравченконың қарындасын немістер ұстап әкетіпті.

– Оны сендерге кім айтты?

– Анау кісі! – дедім шамын беліне байлап, қорбаңдап бара жатқан қартты нұсқап.

– Жайсыз хабар екен, – деді Кузнецов, қозғалған танкінің үстіне мініп жатып.

– Бұл оқиға жайында енді сөз қозғамаңдар, мақұл ма? Қамкөңіл кісіні жасытып жіберер.

Біздің танк полкі Киевтен түнде өтті. Таңертеңгісін Радо-мышльге жетіп, батыс жағына бекініс жасадық. Радомышль екі беткейдің қабағына орналасқан шағын қала екен. Қаланы қақ жарып өзен ағып жатыр. Қар бір жауып өткенімен жердің көгі сарғаймаған. Аламыштанған көк шалғынның түбірлері әлі көкпеңбек. Күн ашық боп тұрды. Әйткенмен өңменіңнен өтетін салқын ызғар бар. Танкінің іші де кісі отырғысыз, азынап, қара темір қолды қариды. Мұндайда танкистер далаға от жағып, аз-кем жылынып алатын. Бұл жолы бұлай жасауға олардың мұршасы келмеді. Полк тыныс алмай, немістердің жапатармағай танк шабуылына кезікті. Алдында ұзыннан-ұзақ сап түзеп, соңынан іркес-тіркес топталып атақаға шығады. Танк соғысы толас таппады, сегіз күнге созылды. Әр тұста өртенген танкілердің саны көбейе берді, будақтаған от-жалын аспанға атылғанда бүкіл дала өртеніп жатқан секілді. Бұл тұста аспан әлемінің қызылынан күн көзі көрінбейді. Аракідік жаяу әскерлер де шабуылға шығып қояды. Жайшылықтағы қаһарлы пулемет, автомат оғы танк соғысының қасында ойыншық сияқты.

Адамдар ұйқы, тамақ дегенді білмеді, өздерінде түртүс қалмаған, көздері шүңірейіп, сақал-мұрт өскен, киімдері алба-жұлба, жалын шалған, жаралыларды ауыстырғандардың өздері танкіге сүйретіліп әрең көтеріледі. Адамдар сағат сайын қатардан шыға бастады, полк сетіней берді.

– Талай майданға қатысып едім, бірақ мұндай танк соғысын көрген емеспін, – деді жараланған рота командирін ауыстырып, атакадан әлгінде қайтқан парторг майор Кузнецов бір ожау суық суды сіміріп жатып, – кейін шегіне алмаймыз, артымызда Киев бар...

Соғыстың осындай қиын-қыстау кезеңінде, неге екенін білмеймін, белгісіз қарттың әңгімесі көкейімнен кетпей қойды. Иринаның бейнесі көз алдыма елестей береді. Жас қыршынды өлімге қимай, тіпті түн бойы ойлап шығатын болдым. Немістер бұл тұстан бұзып, Киевке қарай өте алмайтынын білді ме, броньды күшін бір түннің ішінде алып кетті. Күніге, таң қылаң бере, танкілері әр жақтан шоқандап шабуылға шығушы еді, оныншы тәулікте өйтпеді. Оның ертеңінде тыныш болды. Осы кезде: «Бірнеше күн бойы

шабуылмен келе жатқан атқыштар дивизиясын немістер броньды күшімен қақ жарып өтіпті, берекесі кеткен дивизия бас-аяғын құрап алмай, кейін шегініп бара жатыр» – деген суық хабар есіттік. Оқ-дәрі, азық-түлік тасыған машиналар ағылып келіп жатушы еді, түстен кейін тыл жақтан машина қатынамай қалды. Фашистер жолды кесіп тастапты. Полк немістердің шабуылын тойтарсын деген бұйрық алды. Нағыз қиын жағдай енді туды. Қаланы қақ жарып ағатын өзеннің үстінде жалғыз ағаш көпір болатын. Жақында жылы жауын жауып, тайыз өзен арнасынан асып жатқан кез. Бір танк шетіне барғанда-ақ ағаш көпір сықырлап, арса-арсасы шықты. Көпірден өте алмайтын болған соң танкілер бұрынғы өткелге тартты. Бірақ өзеннің ортасына жетпей-ақ мотор сөніп, алғашқы танк суға кетті. Сонымен дөңкиген танкілер аржаққа өте алмай, өзен жағасында үйіріліп қалды. Соғыс кезінде бұйрықты орындамаудың арты неге әкеліп соғатыны әркімге белгілі ғой. Командирлердің арасында айқай-шу шыға бастады. Боктаған сөздер де естіледі. Осы бір жан таласқан әбігершілік кезде, қайдан екені белгісіз, бір топ партизан келе қалды. Қанша уақыттан бері соғыста жүрсем де, менің тірі партизандарды көргенім осы еді. Орталарында бүлдіршіндей жас қыз бар, өзін қуыршақтай ғып киіндіріп қойыпты. Беліндегі алтын сапты кездігі жарқырап, күнмен шағылысады. Осы бір сәтте белгісіз қарттың Ирина жайындағы әңгімесі тағы да есіме түсті. Шақар қызды сол Иринаға ұқсатқым келеді, ынтыға, тесіле қараймын. Топтың басшысы да осы қыз екен. Ол машинаға жақын келіп:

– Басшы командирлерің қайсың? – деп, танк үстінде топырлап отырған танкистерге күлімдеп қолын көтерді.

– Немене, қарапайым солдатпен сөйлескің келмей ме? – деп мен де тиісе кеттім. Ол менің бетіме бажырая қарады да:

– Өзіңнің шенің былай тұрсын, ең болмаса иегіңнің үстінде бір тал қыл жоқ, сендей баламен қалай сөйлесем! – деп, қабағы түсіп отырған танкистерді бір күлдірді. Полкте әйел атаулы болмайтын. Дөңкиген өңшең еркектердің арасында мына қыз жайнап тұрған шоқ гүл секілді. Әр солдат тілдесіп қалуға ынтығады.

– Мұрты бар десеңіз, менімен сөйлесіңіз.

– Оныкі мұрт емес, мұрын астында қылтиған бірдеме ғой. Одан да маған келіңіз, мұрт түгіл, менде сақал да бар! – деп, еңгезердей старшина өзіне шақырады қол бұлғап.

– Қап, жаңа сақал-мұртымды бекер алған екенмін-ау, – деп Кропычев та күліп жатыр. Қыз ақыл сала сөйледі.

– Жолдастар, аз-кем әзілдестік, осымыз да жетер, ал өздерің бұл жерге неғып үймелеп қалғансыңдар? Немістер байқап қалып, бомбаның астына алса – мына броньдарыңның жаңқа-жаңқасы шығар. Қазір олар оң жақ қанаттан шабуыл жасап жатыр. Самолеттері де келіп қалуы ықтимал, тасаланған жөн болар. – Қыз енді біздің өзеннен өте алмай тұрғанымызды біліп, өзара ақылдасып тұрды да:

– Жақсы онда, біздің сонымыздан жүріп отырыңыздар, – деді.

– Жаяу жүргенше, танкіге шығып отырыңыз, – дедім мен.

– Өзіме бұйырмайтын нәрсеге асылып қайтейін, кейін өгейсіп жүрермін, – деп нәзік саусақтарының ұштарын сілтеп қоштасып, алға қарай жүгіріп кетті. Өзеннің бас жағы жайылма екен. Олар өздері суды кешіп көріп, немістердің дәл тұмсығының астындағы өткелден бізді өткізіп жіберді.

...Полк батысқа қарай жылжып бара жатты. Аз ғана тыныс алғанда танкистер:

– Партизан қыз жарады! – деп, сол қызды әрдайым еске алатын. Содан бері, міне, жиырма жыл өтіпті. Киев жайында сөз қозғала қалса, соғыстың сол бір күндері еске түсетін еді. «Соғыстың кезінде Киевті жөндеп көре алмадым, енді барып бір көрсем, араласам» – деп тілек етуші едім. Бәлкім, Иринаны білетін біреулер табылып қалар деп те ойлайтынмын. Бір жолы партизан Қасым Қайсенов екеуіміз Киевке бармақ болып жиналды, бірақ жолымыз болмады.

Нақ жиырма жылдан кейін сондай сапардың сәті түсті.

АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУ

Алматыдан ұшқан Ил-18 әуе кораблі қазір ғана Дондағы Ростовтың аэропортынан көтерілген. Самолет шырқау биікке шыққанда, ұшқыштардың кабинасынан сұңғақ

бойлы жас қыз әдеттегісіндей күлімдей шықты.

– Самолет жеті мың метр биіктікте, сағатына 650 километр шапшаңдықпен ұшып келеді. Сағат жарымда Киевке жетеміз. Самолет қонатын кезде белдікті буынып алуды ұмытпаңыздар, – деп салонды аралай жүріп, конфет үлестіре бастады. Тайпақ күміс табаққа салған конфеттері әртүрлі, қалауыңша іріктеп алуыңа болады. Қыз да асықпай «ала түсіңіз» дегендей жымыып, сені күтіп тұрады. Отырғандардың енді конфетке зауқы жоқ, «Рақмет» деп, бас изеседі. Кейбіреулер босаған ыдыстарын, газеттерін, жолда сатып алған заттарын жинастырып, түсу қамын жасап жатыр. Ұйқы басып қабарған түрлері жадырап, реңдері кіріп қалған. Дауыстары көтеріңкі шығады.

– Міне, Киевке де жеттік. Шіркін техниканың күші-ай десеңші! Жайшылықта бұл екі ара алты айшылық жол емес пе? – деп, біреулер самолеттің іші-сыртына енді ғана зер салғандай тамашалай қарап, ризашылық білдіріп жатыр. Осындай дәуірде тіршілік кешіп, мынадай әуе кемесінің ішінде отырғанын мақтаныш ететін секілді. Креслоға шалқасынан түсіп, бет орамалын маңдайына басып, сақалы шоқшиып жатқан сары кісі:

– Жүрегім нашар еді, шайқап, жол бойы мазамды кетіре ме деп едім, шіркін бір былқ етпеді, іші жайлы екен! – деп басын көтеріп, әлгілердің сөзін қуаттап жатты. – Өзі де кескіні келіскен екен. Мына қанатының астына бір «Кукурузник» еркін сыйп кететін шығар.

– Біреудегеніңіз қалай? Мына қанаттың астына ондайдың төртеуі орналаспай ма! – деді отырған журналистердің бірі төрт саусағын бірдей шошайтып.

Самолет ішінде Украинаға бара жатқан Қазақстаннан 11 журналист бар еді. Олар Украина Журналистер одағының шақыруымен бара жатқан.

Алдыңғы жақтағы креслода Қасым біреумен сөйлесіп отырған. Сірә, Қасым бір қызық әңгіме үстінде секілді: қасындағысы кетік тістерінен тілі жылтындап, басы қисайып, мырс-мырс күле береді. Осы кезде әлгі жігіттің «Кукурузник» жайындағы сөзін құлағы шалып қалды ма, екеуі де жалт қарады.

– Әй, бала, байқап бөссеңші! – деді Қасым ақсия күліп.

– Ой, Қасеке, «Кукурузниктерді» көріп жүрміз ғой, мынаның қасында шіркейдей емес пе? – деп, ол ышқырын көтере орнынан тұрды.

– Әй, мына боксер қайтеді, – деп Қасым рақаттанып күліп алды да, – төртеу дегенің тым көп қой, ең болмаса біреуін кемітсең қайтеді, – деді. Әлгі жігіт ырық беретін емес.

– Қайта мен аз айтып отырмын.

Бұлардың сөзін естігендер: «өзі шын солай ма екен?» дегендей, дөңгелек терезеге үніліп, самолеттің сыртқы пішініне көз тастайды. Күн еңкейіп, көкжиекке тақап қалыпты. Жер реңі мүлде басқаша. Мана Саратовтан өткенде ирелеңдеп аққан Волга, шоғырланған тоғай, тақталанып жатқан егістік жерлер аңызымен өңін өзгертпестен баз қалпында көрініп еді. Ал қазір судың, тоғайдың түсін бір-бірінен ажырату қиын, екеуінің де түсі көк - жасыл жапырақ түсті. Өзеннің жағасындағы селолар жағалай көк саздың бойында отырған секілді. Көз талғандықтан маған осылай көрініп тұр ма деп, қасымдағы жолдасымнан «сізге қалай?» деп сұрап едім, ол мойнын созып, әрі-бері қарап:

– Мен өзім бұрын байқамаған ғажап көрініс екен, – деп, таңданып басын шайқады.

Самолет тұмсығын тура батысқа беріп, талмай ұшып келеді. Жентек-жентегімен көшіп бара жатқан бұлт шудасы арасынан жер қарауытып көрініп қалады. Бұлт асты – кара түнек. Әлден уақытта алдыңғы жақтан көлденең жатқан көк бұйра бел көрінді. Ақша бұлттардың арасын қақ жарып, ойпатта оқшау жатыр: бірде қырау шалған қалың орманға, кейде кесек-кесек мұнар мұзға ұқсайды. Өзінің көлденеңі онша енді де емес, бір километрдің аржақ-бержағында. Мұның аржағы көк жиекте шөгіп жатқан қою кара бұлтқа дейін қырсыз мидай ашық дала секілді. Батып бара жатқан күннің қызыл арай сәулесінен кара бұлттың үлпілдек ұштары қып-қызыл боп, лаулап жанып тұр. Күн ұясына батқан сайын шымқай қызыл сәуле шаншыла шашырап, тіпті аспан төріне жетеді. Шөгіп жатқан жалпақ бұлттың қалақшадай үшкір тұмсығы жалын атып, көтеріліп бара жатқан ракетаға ұқсайды. Қат-қабат бұлт үстінде табиғат өз әсемдігінен айнымаған сияқты.

Әлгі бұйра белдің үстіне жеткенде самолет күрт оңға қарай бұрылып, бәсеңдей бастады. Бұйра беліміз мұз да, тоғай да емес, қалың бұлт екен, әне-міне дегенше алып корабль бұлт арасына сүңгіп те кетті. Айнала қара түнек болды да қалды. Тұмсығымен қалың бұлтты сырылдатып тіліп келе жатыр, оқта-текте қанат астынан ұшқын шығады, бұлтпен үйкелісуден шыққан ұшқын. Бірте-бірте қара жер де көрінді. Бірақ төменде шырақ аз, жарқыраған қалың электр оттары керінбейді.

– Ау, Киевіміз қайда? – деп, самолеттің қонуға бет алғанын байқаған жұрт бір-бірінен сұрай бастады. Жерге түскенде білдік: самолет Бориспольға қоныпты. Ол Киевтен отыз екі шақырым жер екен. Аэропорт үйі шағындау, қабырғалары қалың әйнектен құрастырылған. Үйдің алдына жиналып, «Қарсы алуға ешкім шыға қойған жоқ па екен» дегендей, жан-жағымызға аландай қарап, жүктерімізді үйіп жатқанда:

– Әй, жолдастар, Киевпен кездесу басталды, біздің Қасекең әйелдермен сүйісіп жатыр, – деп, бір жас жігіт ебелектеп қуанып жүр. Бір уақытта әлпештеген екі әйелдің ортасында алшандай басып Қасым келді. «Вася, Вася» – деп екеуінің жаны қалмайды. Бұлар – апалы-сіңлілі Воронецкаялар екен. Надеждасы Қасымның партизан отрядында сонау жылдары байланысшы болыпты.

– Жолдастар, сіздер менің екінші Отаныма, туған жеріме – Украинаға келдіңіздер, бүгіннен бастап сіздерді ертіп жүруші мына мен – Қасым Қайсенов боламын, – деген Қасымның сөзін Воронецкаялар қостап іліп ала жөнелді.

– Біздің Вася дұрыс айтады, ол өзіміздің адам, ал сіздер де қонақ болыңыздар, дәм дайын, қаланың қақ ортасында әдемі үйіміз бар. Бір бөлмені сіздерге әдейі босатып қойдық, – деп, екі әйел бір топ жанды үйіріп барады.

Көп аялдамай қалаға жүріп кеттік. Кең асфальт жолдың екі жағы қалың ағаш, иілген бұтақтары көшенің ортасына жетеді. Машина бұрылыс-бұрылыстан бұлтақтай өтіп, зымырап келеді. Шүпірлеген қалың оттар кісінің көз жанарын алады. Аракідік әйнектен сығалап, жан-жағыма қарап қоямын. Көгалды жері, дымқылдау ауасы сонау соғыс күндерінде есімде қалған еді. Сол жер ыстық жалынмен өзіне үнсіз тартып барады. Мен долбарлап келемін:

көпірдің сонау оң жағына біздің эшелон тоқтап, Днепрден осы тұстан өткен секілді едік. Ол кезде жарығы мол мұндай көпір қайдан болсын, өткеніміз былқылдаған паром ғой. Бұл күнде үлкен көпірдің көрінісі өзгеше, екі жағында шамдары моншақтай тізілген. Көпірдің үстімен автобус та, трамвай да, машина да, әрқилы күш-көліктер де қым-қиғаш жапырлап ағылып жатыр. Бәрі де өміршең үлкен қаланың тынысын аңғартқандай.

Бізге орынды «Украина» қонақүйінен сайлапты. Қаланың нақ ортасында соғыстан бұрын салынған әсем үйлердің бірі екен. Өзі Крещатикке жақын, Тарас Шевченко бульварының бойында. Апалы-сіңлілі Воронцовскаялар бізді қаланың түнгі көрінісін көрсін деп аралатып жүріп, қонақүйге ере келді, жаны қалмай тағы да көңілдерін білдіріп жатыр:

– Алыстан арнайы келгенде, украин үйінен дәм татпай жатқандарыңыз ерсілеу секілді. Үйге жүріп, ыстық борщ ішіп, әңгімелесіп, қайтып келіп түнесендер болмай ма? – деп, сен қостасаңшы дегендей, Қасымға иек арта қарайды.

– Сіздерге көп рақмет, түн ішінде осынша жанның топырлап жүргені ыңғайсыз болар, көрші-қоланды мазалармыз. Қаланың бет әлпетімен танысқан соң асықпай барармыз, – дедім мен бәріміздің атымыздан алғыс айтып.

– Жорықтан кейін солдаттың демалатынын білесіндер, бүгінгі сапарымыз сол жорықтан кем болған жоқ, самолет ішінде отырсақ та, шаршап қалыппыз, – деп Қасым менің сөзімді қостады. Бұрын командирі болып, тыңдауға дағдыланғандықтан ба, апалы-сіңлілі Воронцовскаялар сөз жарыстырмады, үндемеді. «Ертең күтеміз, келіңіздер» – деп қалды.

– Командирін қалай тыңдайтынын көрдіңдер ғой, – деп Қасым бұл жерде сөзінің өтетінін сездіріп, мақтанып қойды.

Қаланың түнгі көрінісі Алматыдағыдай емес, өзгешелеу. Жапсарлай салынған зәулім тас үйлер сығылысып, бірінен бірі озады. Алдындағы сегіз қабат үйдің қалқасынан екінші үйдің төбесі көрінеді. Осылай үлкенді-кішілі болып іркестіркес кете береді. Биік үйлердің қалтарысынан қараңғы көлеңке таппайсың. Қалада жарық мол, жыпырлаған электр шамдары түн қараңғылығын түріп тастаған. Бізге алтыншы қабаттан бөлек бөлме тиген еді. Төменде

машиналар әрлі берлі ағылып жатыр. Мұндағы көшелердің өзіндік ерекшелігі бар. Кең, асфальт көшелердің ортасына ұзыннан-ұзақ қалың ағаш отырғызылған. Осындай тілдей тоғайлар әрбір кварталдан басталып, бір-бірімен жалғасып кете береді. Жоғарыдан қарағанда биік үйлер орманды ойып салынған секілді. Қонақүй тұрған Тарас Шевченко бульвары – осындай көшелердің бірі. Ол Крещатиктен басталып, өрлеп, батысқа қарай кетеді. Екі көшенің тоғысқан жерінде жұмыр қызыл тастың үстіне В.И.Ленинге ескерткіш орнатылған. Онда ұлы көсемнің қолын көтеріп, сөйлеп тұрған тұлғасы бейнеленген. Бұдан жиырма жыл бұрын біздің жетінші танк полкі дәл осы жерден Радомышльға қарай өткен еді. Әлі есімде: сол күнгі түн қараңғылау болатын. Қираған үйлердің үңірейген жалаң қабырғалары өркештеніп кісіні шошытады. Көшеде гүрілдеген соғыс машиналарының үні құлақты жарады. Өздігінен жүретін пушкалар, ауыр зеңбіректер, танкілер жер-дүниені дүбірлетіп, батысқа қарай жылжып барады. Көшенің екі жағында лек-легімен лықсып келе жатқан жаяу әскерлер. Олардың ішінде орыстар, украиндар, қазақтар, грузиндер тағы басқа ұлттардың өкілдері бар. Олар «таза қанды» ариецтерді сонау Москва, Сталинград түбінде талқандап, батысқа қарай ысырып қуып келеді... Ол кезде биік тасқа орнатылған мұндай мүсін жоқ болатын. Бірақ маған осы тұлға бұрыннан, тіпті баяғыдан бері тұрған секілді де, ұлы көсем совет елінің жеңімпаз армиясын құттықтап тұрған сияқты.

Түннің біраз мезгілі өткен, Қасым жатпапты, біздің бөлмеге келді. Айқара ашылған кең терезенің ернеуіне шынтағын тіреп, қаланың жылтылдаған қалың оттарына қарап тұрды да, тіл қатты:

– Осы қаланы, осы жерлерді көрмесем тұра алмаймын, сағынып тұрамын. Мен кішкентай ғана адаммын, әттең, құлашым кең алып болсам, осының бәрін бауырыма қысып, адамын да, кірпішін де сүйген болар едім. Украина болмаса, менің өмірім де нәрсіз өткен болар еді. – Ол ойға батқандай бір сәт үнсіз отырды да, әлден уақытта:

– Бұл жердің адамдары да өзгеше, ертең көресің, – деді.

Біз қаһарман қаламен танысуға, адамдарымен сөйлесуге асықтық.

ҚАСИЕТТІ ҚАЛА

Біздің алғашқы жолығысқан адамдарымыздың бірі Совет Одағының Батыры атағын екі рет алған Сидор Артемьевич Ковпак болды. Ол көп жылдан бері Украин ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары болып істейді. Алдында Қайсенов екеуміз кеңсесіне телефон соққан едік. «Өздерің қайдан сөйлеп тұрсындар, Киевтен бе? Ия, жол болсын. Келгендеріңді білдіріп ертерек неге хабарламадыңдар? Қысылтаянда кездескендеріңді қарашы, жол жүрейін деп жатыр едім, қой, болмас, келіндер, күтейін» – деді. Бәріміз шулап, Үкімет үйіне қарай жүрдік.

Украин ССР Жоғарғы Советі Президиумының үйі – екі парктің: Бірінші Май паркі мен Совет паркінің қак ортасына орналасқан екен. Күмбезденіп салынған әсем ғимарат бірталай жерді алып жатыр. Үйдің сол жақ қанаты доға тәрізді. Соғыс кезінде неміс басқыншылары біраз бүлдіріп, мүліктерін тонап алып кетіпті. Украина азат етілгеннен кейін осы үйді салушы архитектор В.Г. Заболотный оны бастапқы қалпына қайта келтіріпті. Үйдің үлкен маңдайшасы Киров көшесі жағында. Мраморлы дiңгек тіреулердің арасынан қалың емен есіктер көрінеді. Маңдайша үстіне қызыл сыр аралас көкшіл бояумен Украин ССР-інің гербі бейнеленген.

Әдетте, көрмеген жер кісіге таңсық қой. Ирек-ирек басқыштардың ернеулеріндегі сүйеніштері тігінен қадап салған жай темір емес, ұршық тәрізді бунаған дiңгек мраморлар кісінің жүзі көрінеді. Қабырғалары емен ағашпен қапталған. Таңырқасып ішке кіргенімізде, аққұба жас келіншек сөйлесіп жатқан трубкасын тастай салды.

– Сіздер адасып қалған жоқ па деп іздестіріп жатыр едім, жақсы келдіңіздер, Сидор Артемьевич күтіп отыр, кіріңіздер, – де, қара былғарымен борбиып қапталған есікті шалқайта ашты.

Ковпак бізді босағада тұрып қарсы алды, өзі орта бойлы, толық келген кісі екен. Иегінде күмістей әппақ шоқша сақалы бар, мұрты жоқ. Мұрт қоймағандықтан ба, сақалы дөңгелек жүзі мен жылтыр басын сопайтып, ұзыншалау

көрсететін тәрізді. Мұнысы келбетті кескінін бұзбаған, қайта бүкіл тұлғасын сом етіп, өзіне тым жарасып тұр. Қайсеновпен құшақтасып көрісті де, басқаларымызбен қол алып амандасты.

– Төрлетіңіздер, – деп орындық ұсынды ол. Украинаға жүрер алдында Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары Капитолина Николаевна Крюкова мен Президиумның секретары Бижамал Рамазановаға жолығып шыққан едім. Сапар жайын әңгімелеп отырғанда, Капитолина Николаевна:

– Сенесіз бе, қанша жыл жұмыс істеп жүрсем де, Киевке барудың сәті түспей-ақ қойды. Көргендер қала көркіне таңданып қайтады, Крещатигін мақтайды, бірақ менің жолым түспей жүр. Жайшылықта қол тимейді, өз бетіңмен былай бара алмайсың. Осылай уақыт өтіп жатыр, – деп, өзінің дағдылы сыпайы мінезімен жымыып күліп еді. – Сіздің жолыңыз болған екен, сапарыңыздың сәтті болуын тілеймін. Әрине, онда әріптестермен, тағы басқа адамдармен дидарласасыздар. Жолығысқанда ұсына қоятын анау-мынау заттар алған шығарсыз.

Мен күмілжіп қалдым. Сол күні демалыстан кайтқан бетім еді. Ертең таңертең Киевке ұшуымыз керек. Шынын айтқанда дайындығым жоқ болатын. Капитолина Николаевна менің жайымды сезді ме:

– Айтқандай, сіз бүгін ғана қызметке кіріскен екенсіз ғой, жоқ, енді үлгере алмайсыз, одан да осы жерден бірдемелерді қарастырып көрейік, – деді. Қонақ үзілмейтін үлкен орын ғой, әсем Алматының көркімен таныстыратын бояулы альбомдар, Қазақ ССР-інің 40 жылдығына арнап шығарылған белгілер, блокноттар бар екен. Соларды дереу таптыртып бергізді. Өзі де жылтыр қағазға бір нәрселерді орап жатты. Байқасам, қызыл сафиянмен түптелген үлкен альбом, ішінде блокноттары бар.

– Сіз журналистермен барғаныңызбен, Президиумның аппаратында қызмет істейсіз. Ковпакпен жолықсаңыз, бізден сәлем айтыңыз, уақытыңыз болса, олардың жұмыс жайымен танысып қайтқаныңыз жөн, – деп, әлгі буманы қолыма ұстатты. Біздің үлкен республиканың үлкен басшысының бұл сәлемдемесі көзіме қораштау көрінді.

– Ыңғайсыз болып жүрмей ме? – деп қомсынғанымды білдірдім.

– Қазақта «орамал тон болмайды, жол болады» деген мақал бар, тапсырғанда солай деп айтарсыз, – деді бүкіл әңгіме үстінде үнсіз отырған Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының награда бөлімінің меңгерушісі Бектембай Қосынов осы кезде.

– Бектембай Қосынович дұрыс айтады, сыйдың үлкен-кішісі болмайды, көңілдің түзулігін білдірсек болғаны да, – деді Бижамал Рамазанова.

Қасым Сидор Артемьевичтің көңіл күйін сұрап, сонсоң әр қайсымызды жағалай таныстырды. Мен сөз алып, Капитолина Николаевна мен Бижамалдың сәлемдемесін тапсырдым. Ковпак риза боп қалды, басын изеп, рақметін айтып жатыр, өз тарапынан Капитолина Николаевна мен Бижамалға, Президиумның бүкіл қызметкерлеріне сәлем айтуды өтінеді. Әңгіме үстінде өз өкінішін білдірді:

– Құдайға шүкір, осы күні байланыс жақсы, телефон бар, пәлен күні шықтық деп хабарлай салсаңдар, нелерің кететін еді, онда асықпай, әңгімеге желі тартып отыратын едік.

– Уақытыңызды бөлгеніңізге рақмет, – деп, біз де сыпайылық көрсетіп жатырмыз. Оның әрбір қимылын, сөзін бағып отырмыз. Атағы кең тараған адамның ерекшелігін білгіміз келеді.

– Сіздермен сөйлескенде байқамаса болмайды, журналист деген халық жақтырмаса, қалам найзасын шаншып алады, көзбе-көз отырып «қабылдағаныңызға рақмет», – деп сыпайылық көрсетіп жатырсыздар, шыққан соң не дерлеріңізді құдай білсін, – деп, Сидор Артемьевич жұртты күлдіре отырып, қайда болатынымызды сұрастыра бастады.

Қаһарман қаланың батыр адамымен әңгіме осылай басталып кетті. Ковпак республиканың жайын, оның алдында тұрған келелі міндеттерін айтып шықты. Өзінің қимыл-отырысы еркін, бәрімізбен күнде көрісіп жүрген таныс кісідей жайбарақат сөйлесіп отырды. Сидор Артемьевичтің әңгімесін тыңдағанда, неге екені белгісіз, Ирина көз алдыма елестеді. Оны үсік қарда жалаңаяқ, жалаңбас айдап бара жатқан секілді. Бірде жаралы жалаңаш

кеудесін ашып тастап, гестапо алдында қасқайып тұрғандай көрінеді...

– Осы кісі, – деді сөз арасында Қасым, – тым жұмсақ, кішіпейіл. Ал үңіле қарасаң, қарапайымдылықтың нышанынан батыр, жігерлі, асау адамның тұлғасы көрінеді, өзін байқап қарашы. – Мен қостағандай басымды изей бердім. Жұртты өз әңгімесімен ұйытып отырған Сидор Артемьевич:

– Сіздер қаланы аралап көрдіңіздер ме? – деп сұрады.

– Жоқ, әлі көргеніміз жоқ.

– Көрмегеніміз қалай, Крещатигінде жүріп, стадионында болдың ғой, – деді отырғандардың бірі.

– Қала үлкен, оның әсем жерлері, тарихи орындары көп. Біреудің әңгімесін тыңдағаннан гөрі, өздеріңіз көзбен көргендеріңіз дұрыс болар, бәрібір қаланың әдемілігін әдемі тілмен айтып бере алмаймын, – деді Сидор Артемьевич.

Әйткенмен әрнені бір сұрап, бірталай отырып қалыппыз. Ковпакты ортаға алып, қайта-қайта суретке түстік. Жігіттердің бірі телестудиядан кинокамера алып шыққан екен, ол да дырылдатып түсіріп жатыр.

– Алматыдағы анау-мынау кинооператорлардан кем емеспін, ауылға барысымен телевидениеден жүздеріңді көретін боласындар, – деп қояды ол.

Ковпакпен қоштасып, тысқа шықтық. Есік алдында жеңіл автобус күтіп тұр екен. Ішінде жетекшісі бар, өзі бір сөзшең екен, ағыла жөнелді:

– Уақыттарыңыз тым тығыз көрінеді, бір күннің ішінде аралаған қаланы жатқа білу қиын, есте сақтала бермейді, бірақ біздің Киев олай емес, өзгешелігі көп ерекше қала, бір көргеніңіз екіншіге ұқсамайды. Қала жайындағы әңгімені осы жерден бастаса да болады, – деп, Жоғарғы Совет үйінің шығыс жағындағы жасыл ағаштармен қоршалған алаңға алып келді. Алаңның төрінде қара тастан қиып қалаған ескерткіш бар екен, өзі төрт бұрышты, онша биік емес. Он жетінші жылғы Октябрь революциясы кезінде қаза тапқан Киев жұмысшыларын мәңгі есте қалдыру үшін тұрғызылыпты. Ескерткіш түбіне жас гүлдер қойдық.

Осы алаңның бір шеті Киров көшесіне келіп түйіседі. Сәл арырақта Украин ССР Министрлер Советінің үйі тұр. Үй төбенің үстіне, жабайы қалың бақтың ортасына ойып

салынған. Үйдің ортаңғы он қабаты жартылай шеңберлене тұрғызылған да, екі жақ қанатындағы 7-8 қабаты тіптік шығарылып, алды дінгек тіреулермен әшекейленген. Үйдің сыртқы көрінісінің өзі архитектордың даналығын танытқандай. Осы әдемілік «жермен сырласа» жасалған тәрізді. Бүкіл Киевті аралағанда үйдің архитектуралары осындай әсер қалдырады. Сөйтіп мұнда бар әдемілік табиғаттың өзімен ұштастырылып жасалған.

Днепрдің оң жағы ойлы-қырлы қалың тоғай да, сол жақ беті – ойпаң, жазық. Киев – өзеннің оң жағында. Бір кезде қасиетті қала атанған Киевте әр заманда әрқилы нақышпен салынған үйлер, ғимараттар көп. Соның бірі – София соборы. Ол – ежелгі русь жұртының бізге жеткен көне дүниесінің бірі. Собордың 1037 жылы салынғаны тарихтан белгілі. Собор тоғыз ғасыр бойы өзгертіліп, жанартылып келеді. Ежелгі Киев мәдениетімен таныстыратын алуан түрлі жазулар, өрнектер, суреттер, халық шеберлігін танытатын үлгілер осынан табылады. Мұндағы өрнек бояулар Византия, Рим, Равенна храмдарындағы мозаикалармен салыстырғанда өшпей, бастапқы салған қалпында бізге жетіпті. Мінәжат қып қолын жайған ана бейнесі, собордың негізін қалаушы Ярослав Мудрыйдың семья мүшелерінің портреттері, қабырғаға салынған әрқилы өрнек суреттер – өткендегі өркенімізді елестететін қымбат дүниелер. Үңіле қарасаң, собор тарихи-архитектуралық заповедник есепті. Украинаның Россияға қосылуын паш еткен 1654 жылғы Переяслав радасынан кейін киевтіктер осы София соборында орыс халқымен мәңгілікке достығының адалдығына ант берген. 1709 жылы Петр Бірінші швед басқыншыларын Полтава түбінде талқандаған жеңісін осы София соборында тойлаған.

Көп күмбезді Киев – Печера лаврасы да – көне заманның көзі. Ол қаланың оңтүстік-шығыс жағында көп жерді алып жатыр. Монастырьдың негізі 1051 жылдары қаланды деп есептелінеді. Алғаш монахтар дайын үңгірде тұрыпты. Печера аталуы содан көрінеді. Печерада әр ғасырдың әрқилы нақысымен салынған соборлар, шіркеулер, үйлер көп.

– Киев – жаңа салынған үйлерімен ғана емес, әрқилы

мәнермен салынған ескерткіштерімен де әдемі. Әр тұста орнатылған ескерткіштер батыр қаланың тарихын, оның бастан кешкен ауыр күндерін айтпай-ақ баяндап тұрған секілді. Киев-Печера лаврасының маңына тақау бұйра жалдың баурайында қалың бақ бар. Сол бақтың ортасына 34 батырдың сүйегі жерленіпті. Әрқайсысының үстіне аты жазылған мрамор тастар қойылған. Солардың ішінде Киевті қорғау кезінде 1941 жылы каза тапқан М. Крипоностың, 1943 жылы өзінің танкісімен Киевке бірінші болып кірген капитан Н. Шолуденконың зираттары бар. Төрде – Белгісіз солдаттың моласы, оның басына Даңқ ескерткіші орнатылған. Даңқ ескерткішінің түбінде сөнбейтін Мәңгі от жанып тұр. Генерал Н.Ф. Батутинге орнатылған ескерткіш те осы тұста. Генерал жалаңбас, шинелінің омырауы ағытылған, кепкасын қолына ұстап, оңаша ойланып келе жатқан секілді.

Қаланы аралағанда оның шежіресін еске түсіріп отыратын орындар мол-ақ. Коминтерн көшесінде азамат соғысының батыры, советтік Киев қаласының бірінші коменданты Николай Александрович Щорсқа, София соборының алдындағы алаңға Богдан Хмельницкийге, Университет үйінің қарсысына Тарас Шевченкоға ескерткіштер орнатылған. Бәлкім, мүсіндеу өнерін жете түсінбейтіндігімізден бе, Алматыда Амангелдіге орнатылған ескерткіш Николай Щорс ескерткішіне, ал Абайға орнатылған ескерткіш Тарас Шевченко ескерткішіне ұқсайды екен.

Ұлы ақын А.С. Пушкиннің әрі-бері өткенде Киевке аялдаған үйі сол баз қалпында сақталыпты. Ескі мәнермен өрнектелген күмбезді бұл үй үлкен жолды қиялап салған зәулім ғимараттардың ортасында қуыршақ сияқты кіп-кішкентай, әйткенмен әдемі. Бұл А.С. Пушкиннің досы, 1812 жылғы Отан соғысының ардагер батыры генерал Н. Раевскийдің үйі көрінеді. Бұл үйде декабристер жиі бас қосып тұрыпты. Ұлы ақын Н. Некрасов өзінің «Орыс әйелдері» поэмасында паш етіп жырлаған генералдың қызы сол Мария Волконская (декабрист С. Волконскийдің әйелі) деседі.

Әдетте сыртта жүргенде сол жұрттың арасынан өзіңнің

туған жеріңе байланысты бір нәрсені көрсең, не естісең, мерейленіп қалады екенсің. Тарас Григорьевич Шевченко жайында әңгіме қозғалғанда:

– Сен бізді мына құты машинамен қаланың ана шетіне бір, мына шетіне бір апардың, оныға рақмет, енді көп бұлтандатпай Тарастың үйіне апар, өз ақынымыздың мұндағы орнын көрейік, – деді Қасым жетекші жігітке.

– Қалай сіздің ақыныңыз болады? – деп, жетекші жігіт қызғаныш білдірді.

– Тарас ақын әйгілі шығармаларының бірсыпырасын Қазақстанда жазды. Сіз оны білмейтін бе едіңіз?

– Киевтегі қалалық бағың Тарас Григорьевичтің сонау Маңғыстаудағы өз қолымен еккен бәйтерегінен нәр алып, соның бұтағынан өскен ағаштар емес пе?! – деп жұрт кеу-кеулей бастаған соң жетекші:

– Ия, солай, Тарас Григорьевич бәрімізге ортақ ақын, – деп басын изей берді. Тарастың музей-үйі – ақынның өз атымен аталатын пұшпақ көшедегі көк шатырлы бір қабат үй. Музейді аралағанда: «Шевченко сияқты дара туған дарындар талай ғасырдың құлазып қалған қуысын бір өзі толтырады» – деген ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің сөзі еске түседі. Тарас ақын бұл үйде 1846 жылдың көктемі мен жазында тұрыпты. Осында ол өзінің «Лилейін», «Русалкасын» жазады, Киевтің көрінісін салады. Музейге салған суреттері мен айдауда жүргенде киген олпы-солпы киімдері, қыл қаламдары, бояу тақтайлары қойылған. Етек-жеңін кестелеп, ақ даланнан әкпесінің тігіп берген көйлегін көргенде, ұлы ақынның қарапайымдылығын сезгендей боласың.

Тарас салған Киевтің көрінісі – ғажап дүние. Қалаға келген кісі алдымен осы панорамалық суретпен танысып алған дұрыс па деп ойлайды. Суретте қаланың өткендегісі сипатталғанмен, оның бүгінгі көрінісін осыған қарап тұспалдауға болады: қаланың қақ ортасы бірі мен бірі ошақталып түйісіп жатқан бұйра жал төбе екен де, ал Крещатик сол үш көкжал төбенің тайпақ етегі іспетті. Қаланың қай шетінен машинаға отырсаң да, барлық жол Крещатикке аарады.

Крещатик – онша ұзын емес, келте көше, бірақ әдемі,

әрі кең. Қаланың таңдаулы магазиндері, кафелері осы маңда. Түнгі көрінісі де бөлектеу. Қызылды-жасылды отпен жазылған рекламалар жан-жағыңнан жылтылдап, адам еркін билеп әкетеді, сілтеген жағына тартып кеткің келеді де тұрады. Көше мазасыз, жүріс көп. Троллейбустар, автобустар, әрқилы машиналар ағылып жатады. Көшенің екі жақ бойындағы қылдай жолда да лықсыған адам, бірақ асығып, аптығып, әбігершілікке түсіп жүрген кісіні көрмейсің, байсалдылық байқалады. Крещатиктің бойына, жасыл төбенің үстіне шалқая салынған он екі қабат «Москва» қонақүйі шолақ көшені еңсесімен баспай әрмен тұр, өзінің оқшау көрінісімен көшеге оң беріп, қала тынысын кеңейтіп жібергендей. Ұзыннан, ұзақ жатқан қатпар-қатпар басқыштар, ойдым-ойдым шағын көк алаңдар қалың топырды сейілтті, бұл маңда халықты мүлде сиректетіп көрсетеді.

«Москва» мейманханасынан төменірек ылдида консерваторияның үйі бар. Қылтанақ қиын қуыстарға орнаған магазиндерді де көріп қаласың. Тұрған үйлердің көбі Крещатиктің сол жақ бетінде екен. Әр кезеңнің өзіндік өрнек-нақысымен салынған үйлер бір-бірінен бөлектенбей тұтас ансамбль жасап, астасып жатыр. Әдеміліктің бәрі Крещатиктің бойында ма деп ұғасың. Біз қаланы аралап, кеш қайттық. Келсек, қонақүйдегі даяшы әйел Қасымды іздеп әбігер болып жүр.

– Партизан жолдасыңыз күтіп отыр, екі-үш мәртебе сізді іздеп келді, «көрсеніз, бұлтартпай алып келіңіз» деп маған табыстады, – деп, Қасымды еркіне қоймай дедектетіп алып кетті. Аздан соң ол қайта оралды.

– Жолдасыңды ерте жүр деп болмайды, әдейі саған келдім, енді күттіруіміздің қисыны келмейді, ұят болар, – деді Қасым маған қарап. Қонаққа шақыра келген кісімен машинаның жанында таныстық.

– Крячек, Алексей Васильевич, – деді ол менің қолымды алып. Еңкіштеу, шүңірек көз, істік мұрын, жұқа сары кісі екен. Үстіне кигені бүртік ақ сызығы бар көнетоз сары костюм, аяғындағысы табаны қалың сары бәтіңке, екеуінің өкшесі екі жаққа қарай қисайып кетіпті. Біздің тосырқай қарағанымызды сезіп:

– Машина айдап жүрген соң кейде осылай олпы-солпы киіне саласың, оған мән бермеңіздер. Тәуір киім киіп шыққанда, машинаның бұзылып қалатыны бар. Сонан соң машинаның астында домалап жатқаның. Бірақ бұл жолы сіздерді үйге мүдіртпей аппаратыныма шек келтірмеңіздер, – деп, машинаның есігін ашты. Үйі қаланың батыс жақ шетінде екен. Жолшыбай жай-күйімізді сұрасып, әуелден таныс кісілер секілді шұрқырасып отырдық. Алексей Васильевич басынан өткен бір оқиғаны айтып та үлгірді.

Бір жолы қонақтан кеш қайтады. Таң атып қалған мезгіл болса керек. Ешкімнің көзіне түспей, үйге ертерек жетуді ойлайды. Көшенің бұрышын айнала бергенде, машинасы құрғыр ырқына көнбей айдалаға алып қашады. Сасқанда тормоз да есіне келмей, аяғымен жерді тірей береді. Көшенің ортасында бұраландап бара жатқан машинаны көрген милиционерлер қатты ысқырық беріп, соңынан шулап жүгіреді. Алдымен жеткен милиция сержанты:

– Азамат, неге тормоз бермейсің? Бұлай жүретін болсаң, машина түгіл, өзің мүрдем кетесің, – деп зекиді. Сонда Алексей Васильевич табаны қақыраған судай жаңа бәтіңкесін көрсетіп:

– Жолдас сержант, тормоз жұмыс істемей қалды! – дейді.

Машинаны қоршап алған милиционерлердің бәрі ду күледі. Сержант қақыраған бәтіңкені әрі-бері төңкеріп қарап:

– Машинаны әрдайым осындай тормозбен тоқтатасың ба? – деп сұрайды.

– Жок, жолдас сержант, тек жексенбі күні!

– Ә, онда бір жолға кешіруге болады! – деп, басын шайқай күледі. Рульге өзі отырып, Алексейді үйге әкеп тастап, машинасын гаражға кіргізіп беріп кетеді.

– Милиционерлеріңіз мейірімді екен! – дедік біз.

– Ішінде кісілігі барлары да бар, әйткенмен сене беруге болмайды, заты бұлардан аулақ жүрген жақсы! – деп күлді Алексей Васильевич.

Дастарқан үстіндегі әңгіме де көңілді өтті. Үйі кең, екі бөлмелі екен. Жайшылықта өздері тамақтарын ас үйде ішетін көрінеді. Бұл жолы төргі бөлмені әдейі босатып, асты осында алғызды. Кемпірі үйде жоқ, Козиноға кетіпті.

«Балалар елді көрсін, әйтпесе жат бауыр, тағы боп кетер, өзім де хуторды сағындым» – деп екі немересін алып, селоға кетіпті. Үлкен қызы Мария қолында екен. Бізге қызмет көрсетіп жүрген сол. «Рақмет, іштік, жеп болдық» деген сөздерге қарамай:

– Әйелдерден әрмен нәзік пе едіңдер, тамақ ішпеген еркекте қауқар болмайды, – деп әзілдеп, шала желінген тағамдарды тарелкасымен алып кетіп, басқа түрлерімен ауыстырып, алдымызға әкеп, тықпалап қояды. Шаруасын жайлап болған соң әкесінің иық жағын ала, тасалай отырып, сөзге құлақ түреді. Алексей Васильевич пен Қасымның әңгімесі түгесілер емес. Сұрапыл соғысты еске алады. Аракідік өздеріне мәлім оқиғаны қозғап, бір-бірін қақпалап, қатар сөйлеп кетеді.

– Попов екеуіміздің түнде сендердікіне келгеніміз есінде ме? – дейді Қасым.

– Николай екеуіңнің бе? Қалайша білмейін. Днепр қатқанша аялдай тұрыңдар дегенге көнбей кетіп едіңдер, – деді Алексей Васильевич.

– Полицайлар ұстап алып қамаған кезде, осымен партизандығымыз біткен шығар деп едік, жоқ, одан да құтылдық, – деді Қасым өткен күндерін еске түсіріп. – Өлім өкшелеп-ақ қуып жүрді, бірақ тажалдан қалай құтылғаным таңым бар. Ажалсыздан оқ жалтарады-ау деймін.

– Екінші жолы келгенде өздерің де осылай таңырқап отырдыңыздар ғой, – деді Мария сөзге араласып.

– Әй, оны сен қайдан білесің? Ол кезде сен жөргекте жатқан бала емес пе едің? – деді Қасым әзілмен күле қарап.

– Қойыңызшы, жөргекте жатпай-ақ, сомадай боп пештің үстінде жатушы едім ғой, – деді Мария әзілді шын көріп. – Талай мәртебе қолыңызға су құйғаным қайда. Шәугімді толтырып әкел, әйтпесе бетімнің кірі кетпейді, – деп, қайта-қайта суға жіберуші едіңіз ғой.

– Солай ма еді, Муся? – деп Қасым рақаттана күлді де: – Ол кезде сен бала едің. Енді міне үш баланың анасы болдың. Өзің секілді көптеген аналар фашистердің қолынан қаза тапты ғой, – деді. Қасым азырақ отырып, тағы да сөз бастап кетті. Отаны үшін жанын пида еткен қыршын жастардың есімдерін қос-қостап атап, «Шіркін-ай, ең болмаса жеңіс

күнін, космосқа ұшқан дәуренді көре алмады-ау» деп арман етеді. Осы сәтте Ирина да менің көз алдыма елестейді. Ол да осындағы астыртын ұйымның қатарында боп, фашистерге қарсы күресті. Алексей Васильевичтен Ирина жайын сұрайын деп бірнеше рет оқталсам да, «білмеймін» десе, тауым қайтып қалады-ау деп қорықтым. Екінші жолы жолыққанда ол:

– Сіздің бірдемелерді сұрағыңыз келеді ғой деймін, – деді тесіле қарап. – Соғыс кезінде Киевте бопсыз, оны азат етуге қатысқан көрінесіз. Бәлкім, таныстарыңыз бар болса, іздеп табуға көмектеселік.

– Рақмет, соғыс кезінде кісі аялдап, кіммен сырласа қоюшы еді, мұршамыз келді ме! – деп, қалай сұрарымды білмей қипақтап тұрдым да, ақыры Ирина Кравченко жайында естіген әңгімемді айттым. Төмен қарап, иегін саусақтарымен сипалап, тыңдап қалған Крячек:

– Тоқтай тұр, сіз қайсы Иринаны айтып тұрсыз? – деді.

– Ирина Кравченконы, – дедім, «шынымен білесіз бе?» дегендей таңдана қарап.

– Кравченко дейсің бе, ә, өзі таныс есім секілді, – деп, Крячек аз-кем ойланып тұрды. – Ия, сол болу керек. Бұл 42-ші жылдың басында болды ғой. Ия, солай, – деді.

– Шынымен білесіз бе? – деп Крячекті қапсыра құшақтай алдым.

– Айтуыңызға қарағанда, соған ұқсайды. Бірақ бұл – ұзақ оқиға. Сіздер қашан жүретін едіңіздер? Егер асықпасаңыздар...

– Енді мен ешқайда бармаймын. Осында қалам, – дедім мен.

– Еркіңіз білсін, – деді Крячек иығын бүлк еткізіп.

– Машина өзімдікі, қай жаққа апар десеңіз де мен дайын. Қаласаңыздар, ертең жүрелік.

Екі күннен кейін журналистер тобы Кишинев-Одесса жаққа қарай саяхаттап кетті. Біз Қасым екеуміз Алексей Васильевичпен бірге Переяславқа қарай аттандық.

ЖҰМБАҚ ҚЫЗ

Киевтен шыққанымызға бірталай уақыт болған. Қоңыр «Победа» Харьков жолына түсіп, зымырап келеді. Жолдың

екі шеті тізіліп тұрған қалың ағаш, ол бірде сиреп, бірде қоюланып, қанаттас ну тоғаймен барып ұласады. Бұл өңірдің жері қайқаңы көрінбейтін жалпақ жатқан қазақ даласындай емес, кішігірім өзен, сазы көп, орманды жасыл алқап. Ағаш арасындағы ойдым-ойдым жерлердің бәрін жырттып, тақталап айдап тастаған, қылт еткен қылау көрінбейді, кейде егістік жердің ортасында саңырауқұлақтай қалқиған бірен-саран жалғыз түп ағаштар ұшырасады. Ол да оқшауланбай, қара жерге өң беріп, сәнін келтіріп тұрған секілді. Айдаған жердің арғы бетіндегі көкжиекте, бақша ішінде әйелдердің ағарандаған бастары көрінеді. Сызылтып салған украин әні естіледі, үдемей бір қалыпта естіледі, бүкіл жасыл алқап сазды әнге бөленгендей. Кабинаның ашық терезесіне шынтағын салып, жантая отырған Алексей Васильевич:

– Міне, Украина жері осы, – деді таңның таза ауасын сіміре жұтып. Ол бір сәт үнсіз отырды да, сөзін жалғастырды.

– Мен өзім дәрігер болғанымен, көк шөптің, сабанның исін, қалың теректердің жапырақтарының сыбдыр қаққанын біртүрлі жақсы көремін. Бәлкім, басқаға оғаштау көрінетін болар, ал мен бұл жерді көрмей бір күн де тұра алмас едім. Осы машинаны ырысым тасығаннан алды дейсіз бе? Мүлдем олай емес. Соғыс кезінде жау тылындағы жағдай қиын болды ғой. Қуғын-сүргіннен көзіміз ашылмады. Жан алқымға келгенде осы тоғайлардың арасында бас сауғалап жүрдік. Босыған жұрттың да панасы осы жер болды. Адамның сезімі қызық қой, сонда осы қара жерді өз пендесімен бірге жауға қарсы қайрат көрсетіп жатқан мойымас алып күшке ұқсататынмын. Оңаша отырып, өзімнен өзім: «Адамды өзіне тартып, көрмесе сағындырып тұратын осының не қасиеті бар екен? Адам қашса да, сасса да, пана іздесе де, туған жерге ұмтылады. Оны медеу тұтып, әр бұтасын қалқан көреді. Өлсе, өз жерінен топырақ бұйыруын тілейді. Осы қара жерде қандай қасиет бар? Тірі қалсам, сырынды ашармын-ау!» – деп ойлайтынмын. Көрдіңіз бе, мына машина жүз мың километр жол жүріпті. Бүгін жүріп өткен жерлерді ертеңіне көргенімде мүлде жаңа боп қалады. Тағы да ынтыға қараймын, әр белгісін көңілге тоқимын. Сол жерлерді басқа жолы көргенде тағы өзгешелеу болып, тағы қызық тартып тұрады, тоймайсың,

көре бергің, осы дүниемен бірге жасай бергің келеді. Білсеңіз, туған жерге ынтықтығым басылмай-ақ қойды.

Киевтен ұзағаннан кейін машинаны Қасым жүргізіп келе жатқан. Біз Алексей Васильевич екеуміз артқы орында қатар отырғанбыз. Ол бұрылып, шүнірек көк көзін қадап, ақырын жымиды:

– Әңгімені бұлай бастағаным, бәлкім, сізге оғаштау көрінер. Мұның Иринаға қандай қатысы бар деп те ойлайтын шығарсыз. Ал мен мұның тікелей қатысы бар ма деп ұғамын. Өзінің туған жерін сүйіп, қызғана білмеген адам, оны қорғай да білмейді. Өткен соғыстың маған үйреткен сабағы осы. Ондайлардан оңай опасыз шығады, талай мәртебе опық та жедік. Ирина да сондайдың құрбанына ілікті. Тыңдаңыз, әңгімені әуел бастан бастайын, – деп оңтайланып отырды да, мені ынтықтырған жайды бастап кетті.

* * *

... Сентябрь айының соңғы күні жауын-шашынмен өтті. Аспанды торлаған ала бұлт күн еңкейгенде бірте-бірте тұтасып, кешқұрым шелектеп нөсер төкті. Түн ортасы ауып барады, жауын әлі басылған жоқ, себелеп тұр. Дала шырттай қараңғы. Терезе алдында, қолдан жасалған ашамай аяқты ұзынша столдың басында бүгіліп отырған Дмитрий үні қарлығып сыбырлады:

– Алексей, не істейміз?

Дмитрий менен бірнеше жас кіші. Киевтің Мемлекеттік университетінде оқып жүрген. Көптеген студенттермен бірге ол да Киевті қорғауға қалған еді. Немістер қаланы алып, жаппай жазалау жүргізе бастағанда одан кетуіне тура келді. Адам жаны қысылған шақта туған мекенін медеу ете ме, әлде келген бәледен сақтайтын қорған көре ме, мен де сенделіп Козиноға келген едім. Көп айдан бері екеуміздің жолығысып отырғанымыз осы. Бұл кездесу екеумізге қуаныш та, күйініш те әкелген жоқ, соғыс лебімен ұшырасқан жандаймыз. Екеуміз де кеш бойы терезенің алдында үнсіз отыр едік. «Бұдан әрі не істейміз, қалай тіршілік етеміз...» Мұндай сұрақты сан мәртебе қойып, жауабын таппай, дел-сал боп отырғам. Дмитрийдің сөзі түрткі болды:

– Ал өзіңнің не ойың бар?

– Несіне ойланам! – деді Дмитрий мысқыл үнмен мырс етіп. Сонсоң басын шапшаң көтеріп, жұдырығымен столды бір қойды. – Сен не істейтініңді өзің білесің. Ал мен ертең полицаидың біреуін өлтіріп, қаруын алам да, орманға кетем.

– Сонан соң ше?

– Соғысатын боламын.

– Жалғыз өзің бе?

– Иә, жалғыз өзім, – деді Дмитрий өршелене түсіп.

– Бүйтіп бұғынып отырғанша, өлген жақсы!

– Өлім қашпайды. Оған асықпаған жөн, біз қашқанмен, оның қуып жететін кезі болады. Ал қазір топ болып, жауды мұқатуды ойлайық. Селоға келіп-кетіп жүргеніміз болмаса, бұл жерде тұрған жоқпыз және сау етіп жетіп келгенімізді мұндағылардың қалай ұғатынын кім білсін. Қараптан-қарап отырып от басында өліп кетуіміз ықтимал. Ал егер Киевтің өзіне барсақ қалай болады?

– Киевке дейсің бе?

– Несіне таңданасың? Студенттердің бәрі қаладан кетті дейсің бе, астыртын жұмыста жүргендері де бар шығар. Өзімізге керекті адамдарды тауып алмаймыз ба?

– Олар маған сеніп сырын айта қойса жақсы.

– Сенбегені қалай? – дедім таңданған пішінмен.

– Егер сенбесе, онда сенің қандай комсомол мүшесі екенің белгілі болды, айтар сөзім жоқ, онда үйде отырғаның жақсы!

– Жоқ, – деп, Дмитрий қажау сөзге шыдамай ыршып түсті. – Мен өзімнің кім екенімді танытам, қам жеменіз. Тек қашан жүреміз, соны айт.

Шынын айтсам, Дмитрий мені біреумен жолықтырып қояды екен деген үміт болған жоқ. Тұтқын лагерінен қашып шыққан бір солдаттан Александр Дубровтың Дарницада жатқанын естіген едім. Капитан Дубровты бұрыннан білетінмін, әрі өзінің күйеулік жағынан жақындығы бар. Әскери адам, КПСС мүшесі, құтқара қойсаң, біз секілді, босқан нөпірді бастап кететін адам сияқты көрінетін. Ол кезде бізде шені бар әскери адам кемде-кем еді ғой, соғыстың барлық амал-айласын тек солар ғана білетіндей көрінетін. Киевке бара қалсаң, менің ойым алдымен Дарницаға соғу

еді. Жауап күтіп, телміріп тұрған Дмитрийге:

– Қарсы болмасаң, ертең жүрейік, – дедім.

– Қарап отырғаннан қарекет жақсы! – Ол ысқырып, таныс «Катюша» әніне басты. Чемоданын алып, киімдерін сала бастады. Осы мезетте жақын маңайдан екі-үш қабат атылған мылтықтың дауысы естілді. Екеуміз бір-бірімізге бажырая қарап, үрпиісіп қалдық. Біраз тұрып, сыртқа шықтық. Дала көзге түртсе көргісіз қараңғы. Әрі-бері құлақ түреміз, ешбір дыбыс естілмейді. Тұрып-тұрып үйге қайта кіреміз. «Бұл кім болды екен? Өздері атысқан сияқты болды-ау!» – дейміз. Жиналу жайымен қалды. Дмитрий шамды басыңқырап қойды. Әркім өз ойымен болып, бірталай отырып қалыппыз. Әлден уақытта біреу есікті тырмалап, дыбыс қатқандай болды. Екеуміз де орнымыздан ұшып тұрдық.

– Бұл кім? – деп, Дмитрий есіктің тұтқасын ұстап, ақырын құлақ түрді. Демігіп, ыңырсыған дыбыс естілді.

– Шапшаң аш! – дедім мен. Табалдырықтың алдында біреу бүгіліп, етпетінен жатыр. Екі жақтап көтеріп, дереу үйге кіргізіп, төсекке апарып жатқыздық. Үстінен су өтіп кеткен, малмандай болған сыртқы киімдерін, етігін шешіп жатырмыз. Жасы 18-19 шамасындағы жап-жас қыз. Өзін жол соққан тәрізді, түрі жүдеулеу. Тамырын ұстағанда байқадым: қолтығының астынан аққан жылы қан ақ кофтасының сыртына шып-шып шығып, жайыла түседі. Оң бұлшық етті осып, қабырға сүйегін жалап кеткен екен. Жарасын тазалап, таңдық. Дмитрий екеуміз кроватьтың екі жағында отырмыз. Қыз бірер сағат өткеннен кейін есін жиды. Ыңырсып барып көзін ашты. Кіріпін жыпылықтатып төбеге, сонсоң жан-жағына қарады. Қол-аяғы сап-сау, сомадай екі адамды көргенде:

– Мен қайда жатырмын? – деп, басын жұлып алды. Бізді полицай деп шошып кетті білем, қаруын сипалап іздей бастады. Дмитрий шешіндірген кезде «ТТ» пистолетін қыздың қолынан алған болатын. Әрі бері құмарта қарап, сұртіп, тазалап қойған еді.

– Іздемей-ақ қойыңыз, – деп, ол қалтасынан пистолетті алып берді. – Тексеріңіз, оғы түгел.

Қыз Дмитрийдің қолынан пистолетті жұлып алып:

– Өздерің кімсіңдер? – деді.

– Көріп тұрсыз ғой, кәдімгі адамбыз! – Дмитрий екі алақанын жайып, иығын бір көтеріп қойды.

– Адам екендеріңе күмәнім жоқ! – Қыз пистолетін одеялының ішіне жалма-жан жасырып, шалқасынан қайта жатты. Ауыр тыныс алып, көзін жұмды. Бірталайдан кейін сол жатқан қалпында ақырын күбірледі:

– Рақмет сіздерге!

Біз сол күні және оның ертеңінде де жүре алмадық. Осылай күн өтіп жатты. Дмитрий өзін қоярға жер таппай әбігерленеді. Ашып айтпағанмен: «Қашанғы күтеміз, кетпейміз бе?» – дегендей шырай білдіреді. Жаралы жанды жалғыз тастауға болмайды. Айналаңның бәрі неміс, үй-үйді тіміскілеп жүрген тыңшысы да жетеді. Тосын адамға қауіп көп. Пәлендей демесем де, Дмитрий әзір менің жүре қоймайтын ыңғайымды байқаған секілді.

– Мейлің, өзің біл! – деді ол бір күні қолын сілтеп. – Қалай шешсең – солай болсын. Маған бәрібір.

Мен оның бұл сөзіне жауап қатқаным жоқ. Қабағымды түйіп:

– Сен бүйтіп бекер күйбендегенше, қызбен сөйлеспейсің бе? Қатар құрбың, қайдан келгенін, мұнда неғып жүргенін сұра, бәлкім, жөнін айтар, – дедім.

– Өзің қызықсың, мені сұрамады деп ойлайсың ба?! – деді Дмитрий долданып. – Ол менің өзімнен жауап ала бастайды. Киевті қорғауға қанша студент қатысты, араларында коммунистер бар ма еді, қалада қалмай, мұнда келуіңнің себебі қалай? Кәдімгі тергеуші секілді. Осы астан-кестен лаңның бәріне кінәлі жалғыз мен боп көрінем. «Қаланы қорғауға қалған азамат жүз жиырма километр жердегі үйіне келіп тығылып отырса, Киевті немістер басып алмағанда қайтеді?!» – деп өзіме дүрсе қоя береді. Кәне, осыдан кейін онымен сөйлесіп көр!

Қыздың сөзі өңменімнен өтіп кетті. Үндемедім. Жеңіліске ұшырауымыздың себебін жау ортасында қалған мен қайдан білейін. Бәрі қорқынышты түс секілді, әйтеуір. Немістер мұнда бір күн де тұрақтамай кетуге тиіс деп ойлайсың. Жақсы ма, жаман ба, өзімізше өмір сүрдік. Еркін жатқан елге екінші біреу үстемдік құрады дегенге сенгің

келмейді. Қызыл Армия бүгін-ертең келіп, бәрін талқандап қуып шығатындай көресің. Олай десең, немістің полициясы, әр қилы казармасы орнап жатыр. Бәлкім, бұған мен де кінәлі шығармын...

Екі қолын қалтасына салып, үйдің ішінде терісіне сыймай әрі-бері сенделіп жүрген Дмитрийге:

– Сақайып қалған сақ жігітке санасам, өзің әлі бала екенсің. Жә, болды, сен шыға тұр. Мен өзім сөйлесейін, байқа, біреулер келе қалса, белгі бергейсің, мақұл ма? – дедім. Дмитрий бүкіл денесімен бұртиып жалт қарады. Тістеніп, сазарып тұрды да:

– Жақсы! – деп, есікті тарс жауып, далаға шығып кетті.

Мен төргі бөлменің есігін қағып, жартылай ашып:

– Кіруге бола ма? – дедім.

– А-а, кіріңіз, Алексей Васильевич, – деді Ирина басын көтеріп.

– Сізге тұруға болмайды, температураңыз басылған жоқ. Мен жай, әншейін, халіңізді білейін деп едім...

– Оқасы жоқ, жалғыз қалсам, қайта ыстығым үдей түсе ме деймін. Отырыңыз, – деп, Ирина тізесін одеялымен қымтап, түрегеп отырды. Екі беті албырттанып, бұрынғысындай емес, өңі кірген. Күлімдеп, қадала қарайды.

– Сіз дәрігер екенсіз ғой, алғаш байқамаған едім. Ініңіз айтқан соң білдім. Жақсы кәсіп. Мен де дәрігер болсам деп арман қылушы едім. Оқу қашпайтын сияқты еді. Жолдамамен құрылысқа кеттік. Оның артынша соғыс басталып кетті. Онан соң... – Ирина жұқа ернін тістеп, тыйла қалды да, – Сіз көптен бері осындамысыз? – деп сөзін бұра қойды.

– Ия, осы жерде туып өскенмін. Соңғы кезде Канев қаласында қызмет істедім. Киевтегі медицина институтын бітіргеннен кейін сонда қызметке жіберген еді.

– Сонан соң? – деді Ирина тұла бойыма барлай қарап.

– Сонан соң соғыс басталды...

– Қоршауда қалдық, Қызыл Армияға қосылайық деп едік, майдан шебінен өте алмадық, оның үстіне Қызыл Армия шегініп, шығысқа қарай ұзап кетті, демекшісіз ғой, – деп, Ирина мысқыл кекетінді түрмен сөзімді бөлді. – Осыдан басқа айла ойлап тапсаңдар қайтеді, бәріңнің айтатындарың бір сөз! Аржағы түсінікті!

– Мұныңызды жауап алу деп ұғайын ба? – Ирина басын салбыратып, азын-аулақ ойға шомған секілді. Жұмсақ одеялдың түгін сүйір саусақтарымен жұлқылап, түтіп, қайтадан ширатып отырды. Еңсесін көтеріп, ақырын күрсінді.

– Сөзім дөрекілеу шықса, кешіріңіз. Сізді тергеп, жауап алатын мен бе?! Кейін жұрт әркімнің ақ-қарасын өзі ажыратып алар, арашасын да өзі жасар. Менікі жай ашынғандықтан айтылған сөз ғой.

Шынымды айтайын, өзімше үлкенсігенмен, құттақандай қыздан мұндай кесек сөзді естимін деген жоқ едім, не дерімді білмей қысылдым. Ақталып, арылып айтар дәлелім жоқ. Оның үстіне өзіме де түсініксіз жайлар көп еді. Ирина бөгеліп, күмілжіп қалғанымды аңғарып, әлгіндей қазбаланбай, жайдарлы ерке үнмен:

– Алексей Васильевич, – деді мені сөзге тартып, – туған жердің кісіні өзіне тартатын асыл қасиеті бар ма деймін. Мәселен ғой, сіз қоршауда қалдыңыз. Жан-жағыңыз анталаған жау, шарпыған өрт, самсап жатқан өлік... Осындай қысылтаянда баспана іздегенде, бірге жұмыс істеген сырлас жолдастарыңыз, дәмдес таныстарыңыз бар Каневте қалмай, осылай қарай, өзіңіздің туған жеріңізге қарай тарттыңыз. Неге олай еттіңіз? Әрине, сіз бұған жауап бере алмайсыз. Мысалға өзімді алайын. Жау өкшелеп қуғанда беталды айдалаға қашпай, өзіме таныс жерден пана іздеуге тырыстым, әрі қателескенім жоқ. Әлдебіреу «Неге бұлай жасадың» деп сұраса, мен де айта алмаған болар едім.

– Сіз осы жердікі ме едіңіз? – дедім мен қуанып кетіп. Енді көңілде қалтқы қалмай ашық сөйлесуге себеп табылғандай көрінді. Қуанғанымды бүге алмай:

– Сіздей қарындасым, жерлесім болғанға қуанам, – дедім. Ирина жақын тартып, өреки қоймады. Салқын ғана жауап қатты:

– Мамам Переяславта тұрушы еді. Бірталай уақыттан бері көрген жоқ болатынмын. Жолығайыншы деп келіп едім, таба алмадым. Қайда кеткенін ешкім білмейді. Мамамды іздеп жүргенде немістерге кезігіп қалдым, өздері удай мас. Одан қалай құтылғаным өзіңізге белгілі.

– Солай деңіз! – Мен Иринаның сырын айтқысы келмей

жалтарғанын сезсем де, сөз таластырып жатпадым. Қажет деп тапса, өзі сырын ашар, қажап қайтемін деп ойладым. Осы кезде сыртта жүрген Дмитрий үйге жүгіре кірді.

Выюнице селосынан бері қарай біреу арбамен бұрылды. Тура біздің үйге келе жатыр. Үстінде отырған полицайға ұқсайды. Ирина екеуміз орнымыздан ұшып тұрдық.

– Бұл жерде сізді ешкім танымай ма? – дедім мен сасқалақтап. – Онда жақсы, сұрай қалса, былай деңіз: Папаңыз Игнат Скорико Каневте аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып істейді. Қабағы түксиген, ілмиген сары кісі. Бір шаруамен немістер оны Переяславқа жіберді. Қатты жауын болған соң сізді осында қалдырып кеткен болады. Тағы сондай бірдемелерді айтарсыз. – Сол сәт маған полицай Иринаны ұстап әкетуге әдейі келе жатқандай көрінді. Түс, рең қалмаған секілді, жүрек лүпілдеп алқымға тығылады. Ирина менің бетіме қарап:

– Жақсы, бара беріңіз! – деді қабақ шытып. – Өзіңізді сабырлы ұстаңыз. Мен ауызғы бөлмеге шығып, жалпақ қара пышақты алып, тақтайды жонған болып отырмын. Екі көзім терезеде. Тұла бойым түршігіп қалшылдайтын секілді. Еңгезердей полицай арбасын есіктің алдына тақап тоқтатты. Қайыс делбені лақтырып тастап, қалбаңдап үйге кірді. Говкаллоның немістерге жағынып, қызмет көрсетіп жүретінін селодағылардың бәрі білетін. Өзі аяқ астынан бәле жабуға шебер, сондықтан жұрт оның көзіне көрінбеуге тырысатын. Бұл ит мұнда неменеге келді? Әлде біреу Иринаның жатқанын хабарлады ма екен? – деп ойлаймын. Мен есімді жиғанша, ол үйге кіріп те үлгерді. Өкшесін сарт еткізіп түйістіріп, қолын алға созып:

– Хаиль Гитлер! – деді қырылдаған дауыспен. Самогонның сасық иісі мұңкіп тұр. Состиып тұрған маған:

– Ақымақ ит, жаңа тәртіпті білмейсің бе? – деп кеудеме нұқып қалды.

– Неге жауап қатпайсың?! Әлде өмірден жиреніп болдың ба? Байқа, ана қылқа мойныңды бұрап жұлып алармын.

– Өзіңіз секілді неміске жақын жүргеніміз жоқ, білместігіміз бар шығар, – дедім мүләйімсіп. Тілдесем, Иринаға қырсығым тиіп кете ме деп қорқам.

– Білмесең, білгеннен үйрен. – Ол балпаңдай столдың қасына кеп, бір шынтағын тіреп, шірене отырды. Бар билік өзінің қолына тиіп, маңызды іспен жүрген кісідей маңғаздана сөйледі.

– Мана бір әзірде шығып едім, жауын жауса, осы жердің миы шығып, езіліп кететіні жаман екен, – деп, топырағына аунап өскен жеріне енді кісілік жасап отыр. – Мына торы биені біреуден алып едім. Иесін өгейси ме, иттің малы жүрмей әбден титықтатты. Бой жазатын бір нәрсең бар ма, мелшиіп тұрмай әкелсейші!

– Полицай мырза, бізде не бола қойсын, бұрынғыдай күн жоқ...

– Әй, сен ит не тантип отырсың? Мүләйімсіме, сенің кім екеніңді білем! Одан да жақсылықпен алдыма әкеп қой, әйтпесе астан-кестеніңді шығарам. Түсіндің бе? – деп, столды қойып қалды.

– Неге тұрсың, тез әкел!

Осы кезде түпкі бөлмеден Иринаның дауысы естілді.

– Алексей Васильевич, бізге біреу-міреу келді ме? Кіммен сөйлесіп тұрсыз?

Ебін тауып құтыла алмай отырғанда мұнысы несі деп зәрем кетті. Полицайға жалтаңдап қарай берем.

– Ей, сенің мынауың кім? Қайдан келген өзі! – деп, Говкалло мені ала көзімен атып, апыл-ғұпыл төргі бөлмеге қарай ұмтылды. Кес-кестеп тоқтатуға мұршамды келтірмеді. Қабаттаса қалған мені көкірегімнен итеріп жіберіп, – былай тұр! – деп нағанына қол жүгіртті. Есікті аяғымен тіреп:

– Мұнда сұлу бикештің өзі отыр ғой. Қандай құс екенін көрелік, кәне, бетінді бұршы! – деді әмірлі үнмен бір танауын көтеріп. Ирина абыржымады. Үлкен айнаның алдында шашын өріп тұр. Темір приколканың біреуін езуіне қыстырып, тістеп алған. Төсектен жаңа ғана тұрып, таранып жатқан адам секілді. Ол бұрылмастан Говкаллоға айнадан карап:

– Полицай мырза, мұнда әйел отырғанын көріп тұрсыз. Неге есік қағып, рұқсат сұрап кірмейсіз? Әлде сізді тәртіпке үйретпеген бе? – деді.

– Кінәмшыл көрінесің, өзінді жақсы үйреткен-ау, – деп Говкалло мысқылдағысы келді.

– Білмейсің бе, сенің бұл ісінді өзімнің офицеріме айтсам, сенің анау күжірейген мойныңды жұлып алар!

– Мен Иринаның жаралы қабырға жақ қолын көтеріп тұрғанын, жанына батқанын білдірмеу үшін приколканы әдейі тістеп алғанын енді аңғардым. Көрінгенмен салғыласып дағдыланған Говкалло өзінің бар жұртқа күдіктене қарайтын дағдысына басып:

– Құпия болмаса, офицеріңіздің кім екенін білуге болар ма екен? – деп қадала түсті.

– Сіз оны білмейсіз, бұл жақтыкі емес, біз Каневте тұрамыз. Ол кеше папаммен бірге Переяславқа кетіп еді. – Ирина кенет жалт бұрылып, енді жұдырығын түйіп: – Сен сұрақ беріп тағы тергейтін шығарсың, жоғалт көзінді, оңбаған ит! – деп, жер тепкілеп айқай салды. Говкалло шошып кетті. Заты қорқақ неменің өзінде түс жоқ, маған жалтақтап қарай береді. Оңбаған неме оңай құбылып үйренген ғой, сол сәтте есін жиды:

– Фрелейн, о не дегеніңіз, сізді тергеп не жұмысым бар, құдай сақтасын, қайта мен өзіңізге қызмет етіп жүрген құлыңмын. Менің фамилиям – Говкалло, Михаил, ия, Говкалло. Мені гестапо көмекшісінің өзі біледі. Әнеу күні қатты жауын болды ғой. Сол күні біреулер күзеттегі рейх солдатын өлтіріп кетіпті. Сүйегі осы маңнан табылған. Екіншісі шала-жансар халде ауруханада жатқан еді. Мас болып бір-бірін атқан ғой деп топшылаған еді. Сол бүгін тілге келіп, өздерін біреудің қапылыста атқанын айтыпты.

– Фюрердің солдатына оқ атқан кім екен? – деді Ирина.

– Білсеңіз, біз соларды іздеп жүрміз. Переяславтан он адам шыққан едік. Олар село-селоларға тарап кетті. Ұсталмай қалады екен деп қорықпаңыз. Бұл маңдағы теріс көзге іліккен күдікті кісілердің бәрін білеміз. Бірекеуін жапсақ, кім өлтіргенін өздері айтып береді. Анау көмекшінің алдында тірі түгіл, өлі кісі жауап береді.

Говкалло өзінің шефін мақтан еткендей бүйрек бетін қыбыр еткізіп, көзін қысып қойды.

– Рақмет, Говкалло мырза, – деді Ирина қатқыл үнмен. – Өзіңді таныттың. Біз тағы кездесетін шығармыз, онда бұлай сөйлеспеспіз!

– О-о, әрине, әзірге қош-сау болыңыз! – деп, Говкалло

басын иіп, шегіншектеп есікті ақырын жапты. Ол жайдақ арбаға отырып жатып:

– Дәрігерлік кәсіптен басқа дәнемені түсінбейтін жуас біреу ме десем, өзің қу көрінесің. Қолтыққа қытықсыз кіруді біледі екенсің. Бұл уақытта бұл да өнер, осыңнан айныма! – деді де, қамшысын үйіріп «ну» деп, қарны салбыраған торы биенің саурына шықпырта салып жіберді. Қалың үйлердің арасындағы тар көшелермен жүріп, селоның ортасына қарай кетті. Ол ұзағанда екі иығымнан зіл қара тас түскендей болды. Далада азырақ жүріп, үйге кірдім. Иринаның бөлмесіне бас сұғып едім, ол төсек үстінде шалқасынан жатыр екен. Көздері жұмулы, қайқы кірпіктері сәл діріл қағады. Тынысы тарылып, демігіп жатыр ма, үстіндегі одеялы біресе көтеріліп, біресе төмен түседі. Қараған сайын көз тоймайтын адамның сұлуы екен. Үлбіреген бетінде бір дақ, әжім жоқ... Ол жатқан қалпында:

– Отырыңыз, Алексей Васильевич, – деді ақырын. Жатқан адамның қасында жалпайып отыруды ыңғайсыз санадым. Кетіп қалудың жөнін таппай, қипақтап тұрмын. Ирина осыны сезді ме, көзін ашып, мойын бұрды:

– Сіз әлгі сұмырайды танитын ба едіңіз?

– Жалпы білем, көрші селодан. Түрмеге түсті ме, әлде бір жаққа кетті ме, соғыстың алдында жоқ боп кетіп еді. Тағы шығыпты ғой.

– Бәрінен де араңда жүрген жау жаман, абайлатпай соғады. Тегі сақтық жасаған жөн. Пікірлес адамдарыңыз болса, бұл жайды оларға білдірген теріс болмас, – деді. Менің аузымнан «бар», ия «жоқ» деген сөз шыға қоймаған соң:

– Тіпті болмаса, өз бастарыңыздың қамын ойластырыңыздар, – деп ақырын күрсінді. – Олардың мұнда қайта соғуы ғажап емес.

– Ал сіз ше? – дедім мен. – Айтарын айтсам да, «менен құтыла алмай жүр екен-ау» – деп ойлап қала ма деп ыңғайсыздана қалдым.

– Сірә, бүгін кеште жүріп кететін шығармын. Осылай тапжылмай жатсам, кәдімгідей тынығып қалмаймын ба? Енді қауіп жоқ дедіңіз ғой өзіңіз.

– Әйткенмен бір-екі күн жатқаныңыз жөн болар еді. Құлан, таза жазылып кете қойған жоқсыз.

Ирина бетін шұғыл бұрып алды, үндемеді. Оңаша қалғысы келгенін байқап, ақырын жылжып далаға шықтым. Күн ашық, жер дегдіп қалған, жүріске бөгет болар батпақ жоқ. Кеш те жайлы болды. Сол күні ымырт жабыла Иринаны ұзақ жолға шығарып салдық. Жолшыбай соғыс жайын әңгімелеп келеміз. Киевте бұрынғы партия қызметкерлерінен кімдерді білетінін және кімдердің қалғанын жұқалап сұрап көріп едім, тайсақтап жөнін айтпады. «Қазір орталықтан нұсқау күтетін бейбіт уақыт емес. Әркім өз өрісіне қарай қарекет жасайтын шығар» деп жалпылай сөйлеп, ақырында:

– Сіздерге көп рақмет, жолдарыңыз түсіп Киевке келе қалсаңыздар, жолшыбай соғыңыздар. Дарницаның өзінде тұрамыз. Кравченконың үйі қайсы десеңіз, бәрі біледі, – деді. Біз жұмбақ қызбен қоштасып қала бердік.

– Міне, Иринамен алғашқы кездесуіміз осылай болған еді, – деп, Алексей Васильевич маған қарап аз толастады. Әңгімені ұйып тыңдап қалған мен: «мұның жалғасы бар ғой, аржағын айтыңыз» дегендей ынтығып Крячекке қарай бердім. Ақыры дәтім шыдамай:

– Бұдан соң да Иринамен жолығысқан боларсыз? – дедім.

– Ия, – деді Алексей Васильевич, еңсесін көтеріп бір жанына қисая отырып.

– Әркім басымен әлек болған қым-қиғаш соғыс соқпағында да адамдар бір-бірімен ұшыраса береді екен. Бұл жолғы кездесуіміз де алғашқыдай тосын болды. Бұл жолы да «Жұмбақ қызбен» сөйлесе алмай қалдым. Кездесеміз деп сөз байласқан күннің ертеңінде немістер ұстап әкетіпті. Бұл да бір ұзақ әңгіме, жалықпасаңыз айтайын, – деп, Алексей Васильевич жау тылындағы қат-қабат жайларды баяндап кетті.

АЛА КИІМДІ АДАМДАР

Осыдан соң арада біраз күндер өткен. Киевке бару сапары сәтсіз аяқталды. Жолда, Ерково селосында жандармдар ұстап алып, үш күн нәр татырмай ұрып-соғып жауап алды.

– Киевке қандай мақсатпен бет алып барасындар? Сендерді кім жіберді? Астыртын ұйымды кім басқарады?

Олар сендерге қандай адресті көрсетті? – Осындай сұраптарды үсті-үстіне жаудырып, көз іліндірмей, кісінің сілесін қатырды. Дмитрий екеумізді кездестірмей, бөлек қамады да, жеке-жеке жауап алды.

– Жесір апайымыз бар еді, бала-шағасымен күн көре алмай отыр екен, соны алып келейік деп едік. Басқа жазығымыз жоқ! – деген сөздеріміз біркелкі шыға берген соң ақыры селоның маңайындағы тұтқындар лагеріне апарып қамады. Тікенек сымдармен айқыш-ұйқыш қоршалған лагерьдің іші құжынаған адам. Көбі жаралы, араларында жұқпалы аурулары көп, кейбіреулерінің тек сұлдері ғана қалған, сүйретіліп, көк шыбынға жем болып, дәрменсіз жатқандары да бар. Күніге лагерьдің бір бұрышы жайрап қалады. Төбе боп үйілген өліктерді лагерьдің қасынан қазылған апанға апарып құлатып жатады. Мұны көре тұрып дәтім шыдамады, өзімнің дәрігер екенімді айттым. Аз күннен кейін ауруларды емдеуге, бағып-күтуге рұқсат етті. Жағдай ептеп оңала бастады. Лагерьдегі еркін жүріп-тұрысты пайдаланып, «ауруы қатерлі», «жазылмайтын ауру» деген желеумен өлім қатері төнген офицерлер мен комиссарларды тұтқыннан біртіндеп құтқара бастадық. Фашистер Қызыл Армияның командирлері мен еврейлерге өлердей өш, білсе – табанда ату жазасына бұйырады. Қаскөй опасыздың жүрмейтін жері, сірә, жоқ шығар. Олар азап шеккен ала киімділердің арасынан да табылды. «Жалған куәлік жасап, қызылдың офицері мен еврейлерді босатып жүр, бұл большевиктің агенті» деп, біреу сыртымнан көрсетсе керек, бір жолы ойда жоқта қатты тергеуге алындым. Өз басым құдайға сенбейтін адаммын, бұл жолы «құдай ұрсын, ант ішейін» деп, соның атын сатып әрең құтылдым. Бірақ басқан ізімді бағатын болды, ауруларға берген куәліктерімді ұзақ тексереді, сонсоң науқас деген адамның кейбірін барып көретінді шығарды. Бұрынғыдай «Доктор, гут!» – демей, сезіктеніп, қабақ шытып қарсы алады. Енді елге де, өзіме де пайда келтіре алмайтынымды сездім. Жүруге халі келетін, бойында қайраты бар бір топ адаммен бір күні түнде лагерьден қашып шықтым. Партизандарға кездесіп қалармыз деп үміттеніп едік. Тоғай-тоғайды шатып бір жеті жүрдік. Ешкім ұшыраспады. Қару-жарақсыз шулап жүрудің

өзі қатер еді. Оның үстіне жаралылардың денесі құрттап, сасып шірі бастады. Тозақтан шығып, енді қайта тозаққа түсудің қисыны жоқ. Арып-ашқан адамдар танысын іздеп, селоны кезіп ыдырай бастады. Мен де амалсыз Казиноға оралдым. Лагерьден қашқан кезде Дмитрий бұғанасын шығарып алған еді. Бір жолы ол дерті жанына батып қиналды да:

– Бет алған жаққа маңып, еркін қыдырып қайтар дәурен өткен екен. Қайда барсаң да алдында анталаған неміс, оның түрмесі көлденең тұр, аттап бастырмайды, еркіндіктен-бір жола айрылған екенбіз ғой, енді қайтып Киевтің қарасын көрмейтін шығармыз, – деп мұңайды.

Селода тұрғанымызға бірталай болған. Бүйтіп жалғыз-дара шапқылап жүріп нәтижелі іс жасауға болмайтынын енді аңғарғандаймын. Ниеттес адамдар тауып, пікір қосып, қайла жасаған жөн-ау деген ой қаулай бастады. Бірақ тіс жарып, тіл қату қиын, сен біреуден сескенсең, ол саған күдіктенеді, бірінен бірі бұққан заман, аяусыз атып жазалау жұрттың үрейін әбден алып бітірген. Тұспалдап сөйлеп, икемдей бастағанында ол адамың үндемей кетіп қалса: «Бекер айттым-ау, онымен сөйлесіп не жұмысым бар еді! Осы ит бір бәлеге ұрындырмаса жарар» деп қипақтап зәрең кетеді.

Бір күні өзімнен өзім: «Бүгін ғой базар, Переяслав болса мына тұрған жер, мен қалаға неге бармаймын, бәлкім, біреу-міреулермен жолығысып қалармын, қой, бүйтіп отырғанша барып қайтайын» – деп ойладым. Жүрейін деп жиналып жатқанымда, біреу есікті шалқайта ашып, үйге кіріп келді. Келген кісінің түрін шырамытамын, бірақ қайдан көргенімді есіме түсіре алмай тұрмын, өзі жүдеу, үстінде топырақпен сірнеленген көнетоз костюмі, аяғында өкшесі жапырылған ботинкасы бар.

– Алексей Васильевич, мені шынымен танымай тұрсыз ба? – деп, ол таңырқап, қолын жайды. – Мен Кириллмін ғой.

– Құдай-ау, не дейді, бұл сенбісің, – деп құшақтай алдым. Розовиктердің семьясы бұл өңірге белгілі, әкесі Иван Розовик азамат соғысына қатысып, Совет өкіметін өз қолымен орнатқан адам, қарт большевик. Тегі гитлер-

шілдерге біреу жеткізді білем, немістер келісімен Розовиктердің әулетін қуғындай бастады. Үлкен ұлы Ефим Иванович Розовик Переяславта прокурор болып істейтін. Қаланы басып алған күні фашистер оны атып тастады. Кіші баласын да гестапошылар іздеп жүр деп еститінмін. «Оны да ұстап алып кетіпті» – деген қауесет тараған. Кириллді баурыма қысып тұрып:

– Кешір, бауырым, осы күні ес шығып кетті ғой, кәне өзің қайдан жүрсің? – деп, қолтығынан сүйемелдеп орындыққа отырғыздым.

– Кейде түнде, кейде күндіз жортамын. Бүгін базар күні ғой, немістер мені іздесе, сол қала жақтан қарар, деп осылай қарай тарттым. Таныстардың бәрін шарлап келемін, сірә, түгестім-ау деймін. Байқасам, өзіңізден басқа ешкім қалмапты, қасыңыздан пана іздеп келдім, Алексей Васильевич.

– Келгеніңіз жүдә жақсы, – дедім мен шын ықыласпен. – Жолшыбай жолыққан таныстарың қалай тұрып жатыр, өздерінің көңіл күйлері қалай?

– Не қалайын сұрайсыз? – деп Кирилл күрсініп қойды. – Өзім ұшқыш командир, әрі коммунист болсам, ондай кісіні басын өлімге тігіп кім жолатқысы келеді дейсіз. Бірақ бара қалсаң, кет демейді, кетсең – кел демейді. Үнсіз тұнжырап қарсы алады, үнсіз шығарып салады. Бірақ біреу үшін басын өлімге байлаған жанға қалай өкпе айтарсың? Өзімді де, елді де үрейлендіріп, бұғынып тіршілік кешіп жүрмін.

– Үрейімді ұшырайын деп соққан екенсің ғой, – дедім мен күліп.

– Жоқ-ә, бастан кешкен күндерді айтып жатқаным ғой.

– Сен, Кирилл, мені үрейленеді екен деп ойлама, – дедім орнымнан тұрып. – Мені өліммен қорқыта алмайсың. Туған соң адам өлмек керек, әйтеуір бір қаза бар, ажалдан жалтарып күн кеше алмайсың, жаным, тек өзің саспасан болғаны, маған бәрібір, қаласаң – осы үйде тұра бер.

Кирилл мені қапсыра құшақтап, қолымды қатты қысты.

– Мен сізді жаужүрек кісі деп танушы едім, қателеспеген екенмін! – Сөйтіп Кирилл біздің үйде тұра берді.

Кирилл Розовик арқылы Григорий Спижевоймен таныстым. Оны Яготино аудандық партия комитеті астыртын

жұмысқа әдейі қалдырып кеткен екен. Бұжыр бет, жас жігіт бізге ұнады. Сескенуді білмейтін, арындаған ақ пейіл жігіттің айналасынан аңқаулығы басым, бар жақсылықты жолдасына үйіп-төгіп беруден тайынбайды. Ол арақидік біздің үйге келіп-кетіп жүрді... Бір күні сырын шертті:

– Мені осында қалдырғанда: саған арнаулы кісі келеді, оны орналастыруды ойла, оған дейін өз бетіңмен әрекет жасаушы болма деп, әбден нығыздап табыстаған еді. Күн өтті, ай өтті. Адамы әлі жоқ. Сонда менің не істеуім керек, Алексей Васильевич? Осылай қол қусырып, жайыма отыра бермекпін бе?

– Сізге жіберген адамды немістер жолда ұстап алуы мүмкін ғой, – деді Розовик.

– Жоқ, олай емес, басқа сыр бар ма деймін. Олай да, бұлай да ойлаймын, тіпті ақылым жетпейді, – деп, Спижевой қарсы алдыма кеп тұрды.

– Бәлкім, менің тәжірибем жетіспейтін шығар. Тізгінді өзіңізге берсем қайтеді, Алексей Васильевич, бастаңыз, маған қарағанда көргеніңіз көп, тәжірибеңіз бар, білімнен де кенде емессіз.

– Осының өзі дұрыс болды-ау, – деді Розовик оны қос-тап. – Қарсы болмасаңыз, протоколды солай жазайын.

Шынын айтайын, мұндай міндет мені қат-қабат ойға шомдырды. Енді қарақан басыма емес, топтағы адамдардың тағдырына, қимылына жауап беруге тиіспін. Басшы болған соң жөн сілтер деп, олар үміт күтеді, ақыл-кеңес сұрайды. Соған менің өрем жете ме? Дәрігерлердің қолы қатты болғанмен, өздері көңілшек, сыпайы, әрі өз кәсібінен басқаны көп біле бермейтін бір жақты жандар, үгітті де ұғына қоймайды, аурумен алысып, ауруханасының төңірегінде жүріп жатады. Мен де сондай дәрігердің бірімін. Біреудің айтқанын істеп, жетегіне ілесіп үйренген адаммын. Енді мына топты қиын істерге бастауым керек. Бірнеше күн бойы осылай ой ойлап, қиналып жүрдім. Кейде онаша қалғанымда Иринаны еске алам; осындай кезде кездеспегенін қарашы, ақыл қосар еді-ау деп ойлаймын. Менің қиналып жүргенімді байқады ма, бір күні бәріміз бас қосып отырғанда Розовик:

– Алеша, сен жалғыз емессің, бақандай төрт адамбыз, –

деді қасыма тақай отырып, иығымнан күшақтап.

– Сен басшысың, именбе, жарлық бер, ал біз орындаймыз.

– Көшті бастағаннан гөрі көшке ілескен оңай ма деймін,
– дедім Кириллге.

– Ол солай ғой, – деді Спижевой басын төмен салып.

– Сендер маған жол берген екенсіңдер, онда бастайын,
аржағы қалай боларын тағы ақылдаса жатармыз, – дедім
мен.

Козино селосында жауынгерлік астыртын ұйым осылай құрылған еді. Тұтқындарды құтқару, лагерьден қашқандарды орналастыру, партизан отрядына адамдарды іріктеу, немістердің өтірік насихатын әшкерелейтін листовка тарату міндеттерін алға тарттық. Бұған бәрі қол қойды. Гриша Спижевой тұтқындармен жұмыс жүргізуді өзі қалап алды. Розовик листовкаға материал жинайтын болды. Күні бойы естіген, теріп-жиған хабардан қорытынды шығарып, листовка құруға отырамыз, көбірек болу үшін үш жақтап жазуға кірісеміз. Жазған листовкаларды Зарубенцы, Вовчиково, Луковица селоларына, Переяслав қаласының өзіне тарата бастадық. Бірақ қолмен жазғанымыз бұйым болмайтын көрінді. Оның үстіне Үлкен жермен хабарласатын радиоқабылдағыш, не рация жоқ, немістерді құр балағаттағанымыз болмаса, сөзіміз нысанаға дәл тимей жатқан секілді.

Фашистердің мұндағы озбырлығын халық өз көзімен көріп отыр, жұртқа керегі майдандағы жағдай, ал ондағы шындықты өзіміз де білмей, қор болдық. Не қайла жасау керек? Кирилл әрлі жігіт қой, соның Переяслав қаласының комендатурасында істейтін Валя деген таныс қызы бар екен. Сол немістердің өздеріне арналып шығарылған бюллетеньді бізге қысқаша аударып беретін болды. Бюллетеньнің бірнешеуін алып, қайшылықтарын салыстырып, өзімізше қорытып, майдандағы жағдайды түсіндіре бастадық, сөзіміз ұтымды болу үшін бюллетеньнен үзінді келтіреміз. Гриша Спижевой суретші ғой, ол жұрттың қалың көпшілігі баратын жерге ілінетін листовкаларға сықақ суреттер салады. Колхоз кеңсесінің ескі машинкасын тауып алғанбыз. Листовкаларды қиқалап соған басамыз. Оны басатын кішкене Зоя, көзі бітіктеу, момын жас бала. Ешкіммен сөзі

де, ісі де жоқ, «Зоя, хал қалай?» – десең, үндемей жымыып күліп қойып, машинкасын тықылдатып баса береді. Соны да жылаттық-ау, – деді Алексей Васильевич күрсініп. Оқиға ойламаған жерден болды. Түнде машинканың тықылдаған дауысы естіліп қалар деп, листовканы күндіз, елеусіз уақытта басатынбыз. Сонда да сақтық жасап, Дмитрий сыртта жалғыз қолымен күректің майысқан жүзін түзеген боп балғамен шыңылдатып соғып жатады, не шалғының жүзінен пышақ жасамақ болып әбігерленеді. Немістер біздің астыртын жүргізген әрекетімізге қарсы өз үгітін күшейте түскен: бізді «Елдің берекесін кетіретін қанішер, бандиттер» деп атап, жұртқа жеккөрінішті етіп көрсете бастаған. Тыңшыларын да көбейтті. Олар ойда жоқта ұшырасып, күдік алса – соңыңнан қалмайды. Олардың мүсәпір түрге түсіп, үй-үйді қыдырып, қайыр тілеп жүретіндері де бар. Сондай біреулер келіп қалмасын деп, Дмитрийді қарауылға қойғанбыз. «Терезені тықылдатса, қауіп бар, тоқта!» – деген белгі. Ол темірін соққанда біз де жұмысқа кірісеміз. Бұл жолы шартты белгілердің бәрін ұмытып, өзі үйге жүгіре кірді. Түс қалмаған, боп-боз боп кеткен.

– Қарсы үйдің түбінен қылт еткенін бір-ақ көрдім. Ой, арамза иттің баласы!

– Кім? – дедім құтым қашып.

– Говкалло, – деді Дмитрий сыбырлап. Машинканы апыл-құпыл пештің түбіндегі шұңқырға тықтық. Ветше келте томарлар тастадық.

– Дима, сен столдың үстін жайғай бер, ал Зоя сен төргі бөлмеге бар, ауырған тісінді қаратқан боп отыр, түсіндің бе?

Говкалло үйге айкайлай кірді:

– Әй, доктор, қайда жоғалып кеттің, бұл жолы мені алдай алмайсың, қармаққа ілінген шығарсың, бәлем!

– Зояға аузыңды аш! – деп ымдадым. Тістері аппақ, маржандай тізіліп тұр. – Шыда, жаным! – Қышқашты салып тартқанымда, қан бұрқ ете қалды. Ойбайлаған дауыс естілді.

– Тағы фокус жасап жатырсың ба! – деп, Говкалло есікті жұлқып ашты. – Сен хирург емес пе едің? Ауызға қол салғаның қалай?

– Пан полицай, ауыз екенін, ия арт екенін соғыс талғатып жатыр ма? Кісі келген соң қарай бересің, пайдадан бас тартқан жөн емес, күн көру керек.

Говкалло аяғымен одеялды көтеріп, төсектің астын тексерді де, сонсоң қабырғаларға қарап, Зояның қасына келді:

– Ауыра ма? – деп, аузынан сорғалап аққан қанын көріп мырс етті.

– Бірінші рет аққан қан емес шығар бұл?! – Ол көзін қысып, галифе шалбардың ішіне сыймай тегенедей торсиган құйрығын бұлтындатып, ысқырып, ауызғы бөлмеге шықты. Енді байқадым, бір ала киімді адам екінші бөлмеде чемодандарды ашып қарап жатыр. Құс төсектің талқанын шығарған. Дмитрий қасында состиып тұр. Тұтқыннан қашқан немеге не керек, әлде өзінің есі дұрыс па деп ойлаймын. Енді ол үйді тастап, ағаштарды ысырып, машинканы тыққан қуыстың айналасын тінте бастады. Менде ес-түс қалмады, Зоя тісінің ауырғанын ұмытып, көзі шарасынан шығып кеткен. Айқайлаудың аз-ақ алдында тұр. Дмитрий «болары болды ғой» дегендей, жарты кез қара пышақты Говкаллоның ту сыртынан кезеп тұр. «Ала киімдіге сен ие бол, мынаны мен жайғаймын» дегендей маған ымдап белгі береді.

– Әй, сен онда тіміскілеп не іздеп жатырсың, тұр, сарайға бар, бәлкім, содан бір нәрсе табарсың, – деді Говкалло. Ала киімді адам басын көтеріп, состиып тұрды да, үнсіз далаға шығып кетті. Үстімнен ауыр жүк түскендей кең тыныс алдым.

– Ала киімдікіз кім? Өзінің есі дұрыс па? – дедім енді қауіптің жоғын байқап. Зоя тісінің ауырғанын енді сезді ме, солқылдап жылай бастады.

– Әйелге жыласа, ақыл кіреді, жылай түс, – деп, Говкалло есікті жауып алған Зояны ту сыртынан кекетеді. Маған қарап: – Бұл кімнің қызы? Бойжетіп, пісіп тұр екен! – дейді.

Мен естімегенсідім. Ол жақтырмағанымды сезіп:

– Саған қонақ келіп отыр, немене, кісіні сыйлауды ұмытқансың ба? – деді. Бұдан бұрын лықия ішкен секілді. Қалың беті қабарып, ісініп, көзі қанталап қызарып тұр.

– Кіргеннен қонақ кәдесін көрсетпедіңіз, сосын мен қайтейін.

Дмитрий үлкен құмыра самогонды әкеп, столдың үстіне қойып, шапшаң қияр турап жатқан. Говкалло шыдамай шөлмектің тығынын ашып, стаканға шұрқылдата толтырып құйды да, қағып жіберді. Дем ала алмай тұншығып, пысылдап біраз отырды да, тіл қатты:

– Самогон деп осыны айт, аздап спирт қосқансың ба, удай ғой өзі, түү, тынысым енді ашылды, – деп қиярдан аузын толтыра асады. – Сөйтіп әлгі мадам қайда? Ия, ия, осында жазда, жауынды күні жатқан әйелді айтамы.

Иринаны сұрап отырғанын сездім.

– Соны сізден кейін бір офицер келіп ертіп әкеткен. Өздері немісше сөйлеп жатты, не деп жатқандарын түсінбедім. Сірә, әйел абыржыған, ренжіген түр көрсетті-ау деймін, офицер байғұс бәйек боп, тіпті жаны қалмады. Ақыры татуласты білем, кетті ғой өздері.

– Аты кім еді өзінің?

– Сенсеңіз, сұрауға бата алмадым, ондайлар жөнін айта ма, осында төбемізден тік тұрған жоқпыз ба? – дедім.

– Ия, бетпақ қатын, өзім де көрдім. Бірақ иттің күшігі қандай сұлу десеңші, қанша аунатсаң да, сірә, кісінің құмары қанбас, – деп Говкалло тамсанып отырды. – Пан комендантқа айтқанымда, ол «үніңді өшір, үлкен бастық әйелімен жүргені рас» деп аузымды аштырмады.

Үсті-басы балшыққа батып, ала киімді адам кірді:

– Қалай? – деді Говкалло иегін көтеріп.

– Из-з-де-генімізді т-т-а-ппадық – деді кекештеніп. Говкалло оған ала көзімен қарады:

– Бұдан былай жалғыз өзің жүресің, байқа, тұмсығыңның астындағыны көрмей қалып жүрме, мына менен үйрен.

– Говкалло стакандағы арақты одан қызғанғандай тағы қағып салды.

– Шинеліңді ки, омырауынды ашпай, қымтанып ал, менімен жүргенде ала киімді көрмейтін болсын! – Говкалло есіктен шығып бара жатып теңселе бұрылды. – Ала киімді жөнінде тіс жарсаң, онда саған капут, пан доктор. Түсіндің бе?

Түпкі бөлмеге келсем, Зоя жағын ұстап, әлі қан түкіріп отыр екен. Тістің орны үңірейіп тұр. Зоя әлі бала ғой, айнаға әрі-бері қарап:

– Соғыс біткенше жаңа тіс шығатын шығар, Алексей Васильевич, – деді.

– Соғыс бітсе, сүйек тістің керегі не, қалқам, алтыннан салмаймыз ба? – дедім. Зоя мақұлдағандай жымиып күледі.

Үрей мен қорқыныш аралас күндер өтіп жатты.

... Қыстың жақындағанын сездіргендей ауа райы құбылып тұр: әп-әдемі ашық күн әп-сәтте бұлт басып түнеріп, суық жауынға айналады, арты қарға ұласады. Жердің миы шығып, былжырап жатқан мезгіл. Розовик Переяславқа кеткен еді. Соны күтіп отырғанбыз. Екі кештің арасында біреу кірді.

– Крячектің үйі осы ма? – деді ол босағада Дмитрий екеуімізге состия қарап. Аяғында ағаш табан кенеп бәтіңке, етек-жеңі жырым-жырым шинельдің ашық омырауынан ақ жолақ көйлегі көрінеді. Тұтқыннан қашқан кісі секілді.

– Ия, осында тұрады, Крячек деген – мен!

– Сәлеметсіз бе? – деді ол басын изеп.

– Адаспай тапқан екенмін. Отыруға болатын шығар. – Ол орындыққа шұқшия отырды. – Осы үйге бар деп Ирина сілтеген еді. Сіздің танысыңыз көрінеді.

«Ирина» деуі мұң екен, жүрегім лүпілдеп кетті. «Өзі аман ба? Халі қалай, қайда жүр қазір?» – деп сұрағым келіп, оқталып тұрсам да, «осы ит Говкаллоның жіберген тыңшысы емес пе екен? Әнеу күні ол Иринаны сұрап отыр еді-ау!» – деп тоқталам.

– Кім жіберді дейсіз? Оның кім өзі?

– Сіз шынымен Ирина Кравченконы білмейсіз бе? – деді ол таңданған пішінмен.

– Мына қысаң кезде қай кісінің аты-жөні жадында сақтала береді дейсің. Өзің сияқты біреу келеді, біреу кетеді, – дедім, мен ала киімді адамға тесіле қарап.

– Әуелі өзің кімсің, қайдан жүрсің? Келмей жатып тергегенше, соны айтсаңшы.

– Мұның мылжыңын тыңдап қайтесің, келетін ала киімділердің кім екені мәлім болған жоқ па осы?! Одан да қарасын көрсетпей тайып тұрсын! – деп, жүрегі шайлығып қалған Дмитрий безілдеп жуытатын емес.

– Сен бажылдай берме, інішек, сендерге паналайын деп келіп отырған жоқпын, сәлем айтқан соң мойныма

қарыз болмасын деп әдейі бұрылдым, – деп, ала киімді кісі орнынан тұрып, кетуге ыңғайланды.

– Түн боп кетті, енді қайда барасың? Осы үйден де түнеуге қуыс табылар. Дима, тегешке жылы су құйып жібер, қол-басын жуып алсын, – деп, ала көзденген Дмитрий екеуін ымыраға келтірмек болдым. Келген адам түрменің ала көйлегін лақтырып тастап, рақаттанып жуынып жатыр. Аракідік сөйлеп қояды:

– Атың Дмитрий екен ғой, менің атым – Григорий, ия, фамилиям – Проценко. Мұнда көптен бері тұрасыңдар ма?

– Осында туып-өскенімізбен, соңғы жылдары тұрғанымыз жоқ, тек соғыс басталысымен келдік.

– Жұмыс істейтін шығарсыңдар?

– Ағай Каневте қызмет істеген, мен оқитынмын. Қазір үйде отырмыз.

Дмитрий сөйлегісі келмесе де, әдеп сақтап жауап қатып тұрған сияқты. Проценко еркіне қояр емес, іші-баурына кіріп барады.

– Дмитриймен танысып алдым, сізді онсыз да білем, Ирина айтқан, – деді Проценко столдың қасына отырып. – Шай ішіп, бойын жылытып алғаннан кейін мен:

– Әлгінде біреудің атын атадың ба? Кім дедің? Кравченко... – Ойланған боп бір сәт отырдым да: – Ә-ә, әлгі бір қыз екен ғой, ия, ия, енді есіме түсті? Ия, айта бер, немене, өздерің түрмеде бірге отырдыңдар ма? – дедім.

– Кравченконы білмеймін дегеніңізге бәрібір нанбаймын, – деді Проценко басын шайқап. – Маған, бәлкім, жорта айтып отырған шығарсыз. Неге олай деп сұрап, қажамаймын, шаруам жоқ. Мен келген бір қонақ. Үй иесі жауап тілесе – бүкпей ағынан жарылып айтуға тиіспін. Проценко жапа-тармағай бытырап өсе бастаған тал-тал сақалын сипалап, алдындағы білтелі шамға қадала түсіп, баяу үнмен асықпай сөйледі.

– Алыстан термелеп бәрін қозғап қайтем, атуға әкелген түнгі оқиғаны айтсам да жетер, аржағын өзіңіз түсінерсіз. Бізді әкеп қамаған лагерьдің тоғай жағында тастан соққан оңаша үй болатын, ол маңнан күзетшілерден басқа ешкім көріне қоймайтын. Қойма не лагерь қызметшілерінің үйі шығар деп жүрсек, «өлім үйі» екен. Бұл үйге апарып

қамаған кісілер қайтып оралмайтын болды. Тас үйде түнеп шыққаннан кейін тұтқындарды таң сәріден шулатып терең апанның қасына апарды. Ұзыннан-ұзақ тізіп қойып атқан кезде орған шөп секілді баудай түсіп құлап жатады, өлікке іле-шала бензин құяды, шала-жансар қалғандар денесіне өткір жалын тигенде, тынысы тарылған балық секілді ыршып-ыршып аунап түседі, өлі дене одан әрі қарсылық көрсетуге жарамай бұлк-бұлк етіп бүрісе бастайды, біртіндеп қара күйеге айналады. Немістер алғаш мұны жасырын жасап жүрді де, кейін именуді қойып, тұтқындарға өздері көрсететін болды. Менің қасымда Ташматов деген болды. Өзі Ферганадан болу керек, орыс тілін жөнді ұға қоймайтын. Мына көріністі көргенде ол:

– Мейлі атсын, дарға ассын, не істесе де мейлі. Ал өлікті өртеді деген не сұмдық? Бұл – нағыз хайуандық! Адамдар бұған төзуге болмайды! – деп, жұдырығын түйіп айқайлап жіберді. Мен қатты таңдандым:

– Сіз орыс тілін таза сөйлейді екенсіз ғой, ал мен мүлде білмейтін шығар деуші едім.

– Тсс-сс, – Ташматов саусағын шошайтып ернін басты, – құдай үшін, үндемеңіз, «сен азиат орыс тілін қайдан білесің? Оқығансың ғой, офицер боларсың?» – деп, күдіктеніп атып тастап жүрер. Ал менің өлгім келмейді. Е, алла, сақтай гөр өзің?

Ташматов күбірлеп, өз тілінде сөйлеп кетті, түсінбедім. Сол күні кешкісін бізді тізіммен шақырып, бөлектеп әлгі тас үйге әкеп қамады. Аздан соң тағы он шақты тұтқынды әкелді. Ішінде Ташматов бар, ол менің жанымнан үнсіз өтіп, әрменірек бұрышқа барып отырған. Теріс қарап, бетін құбылаға берген. Өлімсіреген дауысы шығады.

– Е, алла, сақтай гөр өзің...

Бұл жолы алласы Ташматовты сақтамады, алдап кетті. Түн ортасынан ауған шақта ғой деймін, ол орнынан атып тұрды да, таңқалған пішінмен жан-жағына одырая қарады, өңі өзгеріп кеткен. Сылқ-сылқ күледі.

– Бұлай отырмай, орталарыңды ашындар, сендерге артист Ташматов «лезгинканы» билеп береді. Сыбызғы қайда, кәне, тартып жібер, ортақ! Ой, бәрекел-ді! – Ташматов

саусақтарын шыртылдатып билей жөнелді. – Бәсеңдетпе, қаттырақ тарт, ия, сөйт, ой, жаша! – Біраз билегеннен кейін кәдімгі артистей иіліп тәжім етті. Үрпиісіп, таң қалған адамдардың беттеріне үңіле қарап:

– Сендер мұнда неғып солбырайып тұрсындар, кәне, түзу тұрындар, қолбасшының келе жатқанын көрмейсіңдер ме? – деді.

– Мына сорлының есі ауысқан білем?

– Ия, түрі солай көрінеді.

Бір сәт есі кірді ме, Ташматов:

– Ау, біз неге тұрмыз? Ия, солай, ә-ә, енді білдім, жоқ қолбасшыны ұстап тұруға кімнің қақысы бар?! – деп, ала көйлектің омырауын қақ айырып, есікке қарай жүгірді, екі аяғымен шегіншектеп тұрып тепкілеп, қос қолдап ұрды. Айқайлағанда аузынан ақ көбік шығады.

– Ау, мына байғұсты өлтіреді ғой, ұстасандаршы! – деп біреулер дауыстады. Екіленген адам дес беретін емес, айқайын одан әрмен күшейтті. Екі солдат тасыр-тұсыр автоматын кезеп жетіп келді. Ташматовты екі жақтап дүмбілеп соққылап, баспақ еді, бой бермеген соң біреуі дәл кеудесіне ұңғысын тіреп, шүріппені басып қалды. Майда көк түтін көтеріліп, дәрінің иісі шықты. Ташматов езуі ыржиып, бұралып құлап бара жатты:

– Ай, алла, сақтай гөр өзің...

Өлім алдында кісінің ойы келте болады білем. Өткен көріністері ілезде ойыңа түседі де, оны сол сәтте ұмытып, екіншісіне көшесің, сөйтіп, ұшы-қиырсыз ой тізбектеле береді. Өзіміздің селоның қасындағы жалпақ көк саз екен деймін. Оның ортасын кесіп өзен ағатын, суы терең емес, тайыз. Біз, топ бала, сазда көбелек қуып, асыр салып ойнап жүрміз. Бұл ойын зеріктірді білем, артынан алысқан боп, жұдырықтасып, жұлысып та қаламыз. Байғұс анам: «Ей, балам, тентек болма, тиыш жүр», – деп ақылын айтып тұрған секілді. Бұл тәтті елес жоқ боп кетеді де, енді көз алдыңа туғаның, дос-жараның аса сағынышпен келеді. Кәдуілгідей өзіңмен жүздесіп, сырласып тұрған сықылды. Ой әрмен жетелейді. Осы бір шақта біреуді сағынып, аңсағандай боласың, «жаным» деп қана елжіреп үн қатасың. Ол да икемделіп бауырына кіре түседі, құшағыңды жаясың,

сол сәт түс көрген кісі секілді шошып кетесің. Жан-жағыңа қарайсың. Айналаңның бәрі ала киімді адамдар... Әлгі асқақ көңіл қалады, өзегің өртеніп, езіліп, бір-ақ уыс боп қаласың. Енді бір-екі сағаттан кейін өмірмен, жарық дүниемен қоштасасың, қайтып мәңгі оралмайсың... Кәдімгі үлкен күн сенсіз шапағын төгіп, сенсіз ататын болады. Аспанда ай сен жоқта қалқиды. Айдын көлде құстар ұшады, өзіміздің ауылдың тұсындағы көк саздан жем іздейді, даланы құлпыртып қызғалдақ өседі, жұрт шулап егін орауға шығады, бәрінен де бұрқыраған жас сабанның исін айтсаңшы! Одан соң күз келеді, одан әрі қыс, көктем, тағы жаз басталады. Осының бәрін сен көре алмайсың! Сені әзәзіл күш қорлықпен өлімге желкелеп әкеп тұр, амалсыз мойын ұсындырғандай, қарсыласайын десең, дәрмен жоқ, байғұс жан секілдісің. Осы халің есіңе түскенде, ішің өртеніп күйіп кетесің, есіңнен танып, аласұрасың... Басқаны қайдам, өзім сондай аумалы-төкпелі мүшкіл күйде болдым. Бір сәтке тағы есіңді жиясың. Өткен өмірге көз жібересің. Біреумен арада кикілжің, бақастық, өштескендік болғаны есіңе түскенде, ойпыр-ау, адам неткен қатал, неткен мейірімсіз, неткен надан еді деп ойлайсың, осының бәрі білместік екен-ау, – деп қынжыласың. Шіркін жарық дүниені тағы бір сығалатса, кісіге қиянат қылмай, жолына шырақ жағып өтер едім, адамды жан-тәніммен сүйер едім дейсің... Бәріне де кешірім берер жомарт көңілде қалғың келеді... Мен гүжілдеген үрейлі үндерден селк еттім.

– Ау, халайық, анау көрінген сәуле ме?

– Болса болар!

– Ойпыр-ау, өлгеніміз бе? Шынымен қазаның жеткені ме?

– Қой, күн шығатын мезгіл болған жоқ, сабыр етелік!
– Осы бір айқай-дабырдан есімді жиғандай болдым. Тас қабырғаның жоғары ернеуіне таман білектей темірмен торлаған қос терезе бартын. Ала киімді адамдар жапырлай соған қарап қапты. Тұтқындарды таң ата ататынын білеміз. Ақындар жыр қылған таң шапағын енді бұлар қас көріп, безіп тұр, күн шықпаса екен деп тілеу тілейді, қу тіршілік адамға не жасатпады дейсіз! Түрме іші осылай дүрлігіп тұрған кезде:

– Жолдастар, қашындар, құтылындар! – деген біреудің сабырлы даусы шықты да, темір есік шалқасынан ашылды. Ақырын айтса да, айқайлап айтқандай естілді бәрімізге. Бірақ жұрт ашық есікке ұмтылмай, жапырыла қабырғаға тығылды. «Осы неме, үйден шығару үшін әдейі арандатып тұрған жоқ па екен? Таң алдында атсаңдар, әлі ерте емес пе?» – дегендей, қараңғы қапаста отырса да, тірлікті қимай, үркіп, шегіншектеп тұр. Сырттағы кісі асықтырады:

– Тезірек қашындар!

– Бәрібір өлім емес пе? Нені күтіп тұрмыз! – деп артта тұрған біреу жұлқына, есіктен ытып шығып, алакөлеңкеге сіңіп жоқ болды. Сол-ақ екен, бәрі есікке қарай лап қойды. Алдында тобын жазбаған қашқындар, арт жақтан мылтықтың атылғанын естігенде тоғай-жыраны көздеп, бет-бетімен тырақайлай жөнелді. Алды-артыма қарамай, мен де айдалаға безіп барам, аяғым аяғыма тимейді. Менімен біреу қапталдасып келеді. Дәуде болса қашқындардың бірі шығарсың деп ойлаймын. Ұзап шығып, қуғыншы жоғын білген соң, қалқан қабақта тыныс алмақ болдым. Жарлауыт жарға жотамды сүйеп отыра бергенімде, біреу үстіме құлап түсті. Сескенгенім жоқ, әлгі өзіммен қатар жүгіріп келе жатқан кісі екенін білдім.

– Сен кімсің?

Ол аты-жөнін айтқан жоқ, қысқа бұйрықтар беріп жатыр.

– Шолақ тоғай пана болуға жарамайды, одан да жарлауыт жазықтың өзі жақсы, байқаймын, тәжірибеңіз бар көрінеді. Бар адамды жинап алыңыз да, тез кетіңіз. Бағытыңыз Переяслав болсын. Онда орман көп, тығылуға болады.

– Бізді құтқарған, өлімнен арашалап алған сіз екенсіз ғой, рақмет, жаным, тірі жүрсем дұғам болсын: аты-жөніңізді айтыңыз! – деп жалындым. Ол екі ауыз сөзбен аты жөнін айтты да, сіздің үйдің адресін берді. Иринаның сілтеуімен келген бетім осы. О баста көп едік, таныстарын тапқандар жолшыбай жолда қалып, азая бердік, – деп Проценко әңгімесін аяқтады.

...Үйде бөтен кісі болса, терезені қараңғыламай, астыңғы пердесін түсіріп қана қоятынбыз. Астыртын топ адамдарына аян шартты белгіміз осы. Бұл жолы Розовик оны сақтамады. Есіктен кіре ол:

– Алеша, немістер Валяны ұстап әкетті. Ол жолығысатын жерге келмеді! – деп, басын ұстап, сылқ түсіп отыра кетті.

Бәріміз де орнымыздан ұшып тұрдық.

– Саған кім айтты? Бәлкім, ол науқастанып қалған шығар? – деп айтуын айтсам да, «басталмай жатып әшкереленгеніміз бе? Бұл қалай болды?» деген ой келді.

– Білдім, гестапо шақыртқан екен, қайтып оралмапты, – деді Розовик...

АЛҒАШҚЫ АДЫМ

– Мырзалар, – деді дауысы қарлыққан Жлукто орнынан қисалаңдай көтеріліп. – Осы тосты фюрердің жеңімпаз армиясының өкілі ефрейтор Мюллердің құрметі үшін көтерем!

– Дұрыс айттың, Жлукто!

– Сөз тапқанға қолқа жоқ.

– Сөз білмейтін болса, староста ғып несін сайлағанбыз. Осындай өнері барын білдік қой.

– Кәне көтеріп жіберейік! – деп, ішуге сылтау таппай діңкесі құрып отырғандар Жлуктоны төбесіне көтере қолпаштайды.

– Жә, дабырламай қоя тұрындаршы, мырзаның өзі не дер екен, сөзін тыңдалық! – Жлукто өзіне айтылған мақтау сөздерді елемегенсіп, қақ төрде отырған Мюллерге қарап, қолын кеудесіне апарып, иілді. Қызара бөрткен Мюллердің алдында торайдың уақ сүйектері үйіліп жатыр. Кекірік атып, әрең қозғалады. Ол Жлуктоның ықылас сөзін қостағандай шырай көрсетіп, басын изейді.

– Хайль Гитлер! – деп, стакан толы арақты жоғары көтеріп, түбіне дейін қағып салды.

– Ой, бәрекелді, жарайсың, мырза! – Өзін елеп тост көтергенге Жлукто қуанғаннан жарылып кете жаздады. Ол да стаканға арақты шөпілдете құйып, асықпай, баптап, басқалардың назарын аударып сылқылдата жұтты.

– Е, мырзаның көрген тойы жалғыз осы дейсің бе? Әбден дағдыланған ғой.

– Үйімізге келетін болса, төбемізге көтеріп алмаймыз ба? Түсі жақсы кісіден кім жериді дейсің? – деген сөздер

естіледі. Мюллер әрқайсына басын изейді.

Григорьевка селосының старостасы Жлуктоның үйінде жиналған топ осылай той тойлап жатқан. Бұлардың арасында бұрынғы кулактар, сотталған адамдар, полициялар бар. Мюллердің қасында коменданттың көмекшісі Пиддубин отыр. Осы елге қожа бір өзі секілді, қолын бүйіріне таянып, жұртқа бір шекесінен қарайды. Бұл тойға мен де барған едім, – деді Алексей Васильевич әңгімесін жалғастырып. – Григорьевка селосы Днепрдің арғы бетінде. Соқырішекпен ауырған біреуге шұғыл операция жасау керек болды да, мені шақыртқан еді. Сол селоға барып қайтуға өзім де желеу таба алмай жүргем, Григорьевкада немере қарындасым тұратын. Соның радиоқабылдағышы бар, өзі ықшам, кез келген қаланы алады деп естігем. Соны сұрап алсам деп жүретінмін. Мынадай сылтау табылған соң бас тартпадым. Соқырішек боп ауырған әйел туыс жағынан Жлуктоға жақын біреу боп шықты. Менің бұл тойға тап болуым содан. Ефрейтор Мюллермен қатарласып табақтас болғанын Жлукто эп-әжептәуір дәреже тұтып қалған. Терісіне сыймай масаттанып, кесек сөйлейді. Қасындағыларды мысқылдап, кекетіп, мұқатады.

– Ей, сенің қабаның әлі семірген жоқ па? Қашан соясың, ә, бәсе, аузың қызылға тимей жүрген сорлы едің, жаритын бопсың ғой, – деп, қасындағы ілмиген арық кісіні біраз қажап алды да, оны қойып, шеттегі біреуге тиісті. Ол шошқаның тұзға піскен майының қыртысын пышақпен қырып, жеп отырған.

– Ей, сары сайтан, көрген асың осы ма еді? Әбден өлесі бопсың ғой өзің, жан-жағыңды жалмап барасың, жә, жетер! – деп зекіп тастады. Анау кісі қызарып, төмен қарап үндемей қалды. Ұртында бұлтиған майды түкіріп тастарын, я жұтарын білмей, түкірігін жұтына берді.

– Шуламандар, қазір мен сөйлеймін! – деп, Мюллер қолын жан-жағына сермей көтерілді. Тұра алмай былқ-сылқ етеді. Пиддубин белінен қапсыра құшақтап, құламасын деп сүйемелдеп тұр.

– Мырзалар! Біз ұлы дәуірдің куәсі боп отырмыз. Бүкіл Европа фюрердің алдына кеп бас иіді. Хайль Гитлер!

– Урра! – деген дауыстар естілді. Стакандарын соғыс-

тырып, жапа-тармағай сіміріп, суыған ет пен көк қиярларды күйсеп, соғып жатыр. Жлукто Мюллерді қызғана ма, басқа біреу сөйлесе, оны қақпалап, кес-кестей береді. Осы кеште өзінің өзгешелігін танытып, көзге түскісі келіп тұр.

– Ефрейтор мырза, осы тосты неміс ұлтының адал ұлы сіздің құрметіңізге көтеруге рұқсат етіңіз! Кәне, кімнің стаканы бос, толтырындар. Әй, Крячек, – деді маған иегін көтеріп, – шүкшиып қапсың ғой, немеңе? Бауырым ауырады дейсің бе? Былшылдамай ішіп қой, өтің жарылмайды.

– Сый білмейтін сол итті қажап қайтесің, ішпесе мейлі, үлкен басыңды кішірейтпе! – деді Пиддубин танауын тыржитып.

– Пиддубин мырза дұрыс айтады, – деп, Мюллер Жлуктоның иығынан қағып қойды.

– Ефрейтор мырза, қасымызда сіз отырғанда бізге ешнәрсе қауіпті емес. Батырсынған партизандар көрге тығылған тышқан секілді қарасын батырды. Солай емес пе?

– Дұрыс айтасың, – деді Мюллер Жлуктоның иығынан қағып. – Біз ол бандиттерді әлдеқашан жойғанбыз. Кәне, біреуі қылт етіп көрінсін ше?

Сол мезетте біреу терезені қақты. Даурығып, шуласып отырған адамдар елеңдеп жым бола қалды.

– Бұл кім өзі? – деп, Жлукто жан-жағына алақтап, құлағын түрді.

– Григорий Михайлович, бұл – мен, ашыңыз! – деген біреудің гүжілдеген дауысы естілді.

Жлукто есік жаққа баруға қорықты.

– Әй, жақын тұрсың ғой, ашып жіберсеңші! – деп, шетте тұрған сары кісіге әмір етті де, өзі нағанын жалаңаштап есік жаққа кезеп тұрды.

– Аға полицайдан қашаннан бері қорқатын болғансыз, Жлукто мырза? – деп, дөңбектей боп Проценко есіктен әрең кірді. Ал мен бұл жиынға келуін келсем де, өзім соған өкініп, теріме сыймай құса боп отырғам. Проценконы көргенде жүрегім лүпілдеп, қуанып кеттім. Бұл – Иринадан сәлем айта келген өзіміздің Григорий Проценко ғой. Астыртын комитет оның полицияда істеуін мақұл көріп, ниеттес адамдардың көмегімен Переяслав қаласына орналастырған болатын. Ол тез өсті. Аз уақыттың ішінде аға полицай

болып тағайындалған. «Қызмет бабымен» село-селоны аралап, жаңалықтарын айтып, бізден тапсырмалар алып кетіп жүретін.

– Ә, өзімнің аттасым екенсің ғой. Қайдан жүрсің, бауырым? Ия, жоғары шық! – деп Жлукто жалпақтап жатыр. Есік ашқан сары кісіге тағы зекіп қалды. – Ей, сен солбырайып тұрмай, кісіге жол берсеңші, не деген малғұнсың өзің!

Проценко үстінің қарын қағып, сыртқы киімдерін босаға жақтағы ілгішке ілді де, қалтасынан бұрқыраған қағазды суырып алды.

– Гриша, андағың не қағаз, үстімізден акті жасайын деп жүрген жоқсың ба, жаным, – деп Жлукто әзілдегенсіді.

– Бұл партизандардың елге таратқан листовкалары ғой, осы мандағы селолардан жинап алдым, – деп, Проценко өз сөзіне мән бермегенсіп, маған көз қиығын тастап, көзін қысып қойды. Проценконың ешбір селодан листовкаларды жинамағаны белгілі, қайта осындай тәсілмен листовкаларды өзі жұртқа оқып, таратып жүретін. Партизан деген сөзді естігенде Жлукто көзі шарасынан шығып кетті.

– Сен қалжыңды қойсаңшы, қайдағы партизандарды айтып тұрсың?

– Олардың қайда жүргенін мен қайдан білейін, бірақ мынау солардың ісі екені анық, – деп Проценко қат-қат қағазды столдың үстіне тастады.

– Не дейді, құдай-ау, біз оларды мүлде жоғалды деп отыр едік, – деп Жлуктоның дауысы қырылдап әрең шықты.

– Бұл иттердің қайдан шығатынына таңым бар? – деп, Пиддубин келістіріп бір боктап алды. «Бір кесіріне тап болармыз, бәлесінен аулақ» дегендей, отырған кісілер енді бұрынғыдай Жлуктоға жалпақтамай, үрпиісіп бір-біріне қарайды. Партизан деген бір сөз бұлардың мінез-құлқын әп-сәтте өзгертіп жіберген секілді. Мұндай көрініс ұнамады білем, Мюллер сетік танауын жыбыр еткізіп:

– Мұнда немене жазылған екен? Кәне, біреулерің оқып жіберші, – деді. Мен листовкаларды парақтап ақтара бастадым. Маған мұның әрбір әрпі таныс. Өзіміздің Зояның басқан қағаздары ғой.

– Неменеге бөгелдің? Оқысаңшы! – деп Мюллер әмір қылды. Мен судыратып оқи жөнелдім.

Құрметті отандастар, жұмысшылар, колхозшылар! Неміс-фашист басқыншылары біздің қасиетті Отанымызға тұтқиылдан шабуыл жасап, қантөгіс соғыс жүргізуде. Фашистер үш-төрт жетінің ішінде Совет өкіметін жоямыз деп дүние жүзіне жар салған еді. Жарты жылға жуық уақыт өтті, қарақшы Гитлердің армиясы зор шығынға ұшырауда. Москва – аман, неміске бас иген жоқ ол!

Отан тағдыры өз қолдарыңда, азаматтар! Партизандық соғысқа аттаныңдар!

– Доғар, болды! – деп Мюллер баж ете қалды.

– Жә, жетер, өзің қолмен жасағандай тіпті аузың аузыңа жұқпайды ғой – деп, оған Жлукто да қабаттасып қалды.

– Бәсе десеңші! – деп Пиддубин де иектей түседі.

– Москваны алды дегені қайда? Немістердің мұнысы шылғи өтірік екен ғой!

– Бәсе десеңші, мен де соны айтам.

– Партизандар бірдемені білер, әйтпесе бекер жазбайды ғой!

– Бәлкім, Москвамен байланыс жасап тұратын шығар! – деген күбір сөздер естіледі.

– Әңгімені доғарыңдар! – Жлукто столды қойып қалды. – Мұның бәрі лақап сөз, сенбеңдер бұған. Сауық-сайранның берекесін ұшырмай, алдағы стакандарыңды толтырыңдар. Кәне, алып жіберелік.

– Жлукто мырза дұрыс айтады, – деді Мюллер старостаны қостап, әлгіндей емес, айығып қалған. Сірә, кісі үрейленген шақта мастығы ілезде тарап, тез айығатын сияқты.

– Мұнда партизандар деген атымен жоқ. Ал мынау қағаз большевик агентінің ісі, соның ойынан шыққан мылжың, солай ма, аға полицай? Біз бұл агентті ұстамай қоймаймыз, бәрібір табамыз. Жауды құртуды бізге фюрер үйреткен, біз жеңеміз.

– Ия, біз жеңеміз! – деп, Проценко стаканды жоғары көтеріп сіміріп салды. Жлукто отырғандардың көңілін көтермек болып, анау-мынау күлдіргі әңгімелерді айтып көріп еді, ешкім қозғала қоймады, салқындау тыңдады, манағыдай шуылдап қостамайды. Листовканың қатты әсер еткеніне қуанып отырмын. Жлукто дастарқанның

шырқы кеткеніне бүлініп, терісіне сыймай қапаланып отыр. Ұрынарға кісі таппай, менің арақты ішпегенімді сылтауратып, маған тиісті.

– Доктор, бұл қалай? Сізге ефрейтор мырзаның сөзі ұнамай ма? Неге ішпейсіз?

– Арақ ішпеймін дедім ғой.

– Арақ ішпесен, мұнда несіне келдің? Әлде үгіт жасауға жүрсің бе? – деп долданып нағанын суырып алды.

– Мылтықпен ойнамайды, шошандата беріп қайтесің! Қалтаңа салып қой, – деп, Проценко қолын қайыра бергенде, Жлукто шүріппесін басып қалды білем, оқ төбеге тиді. Жұрт дүрлігіп қалды.

– Мынау сұмдық қой.

– Доктордың не жазығы бар еді?

– Тасыма, староста мырза! – деген сөздер естілді. Отырғандар бытырап тарай бастады. Біз де кеттік. Жолда келе жатқанда Проценко:

– Оның бұл қылығын кешіруге болмайды, көзін жою керек! – деп кіжініп, тісін қайрады.

– Асықпа, Гриша, мезгіл жеткенде бәрін жауапқа тартамыз.

– Асықпа дейсіз, Алексей Васильевич, қай уақытқа дейін күтуге болады? Бүйтіп жүре берсем, елге жексұрын болатын түрім бар.

– Сенің өрескел қылығың туралы өсек етіп жүргенім жоқ, неге олай дейсің?

– Мен келе жатқанда бұл жұрт алапесті көргендей безе қашады, сөйлескісі келмейді, дос та жат санайды.

– Дос дейсің бе? Оның кім?

Проценко үндемеді. Ертеңіне менімен қоштасып жатқанда:

– Алексей Васильевич, сіз бәрін білесіз ғой, оны менен несіне сұрайсыз, – деді.

Шынын айтқанда, оның не жайында айтып тұрғанын түсінбеген едім. Маған сол төңіректегі науқас адамдар келіп, қаралып тұратын. Бұл күні келушілер көп болды. Солардың арасында өзінің кезегін күтіп Зоя да отыр. Жұлынған тісінің орны ауырып, мазасын алып жүр ме екен деп ойладым. Креслоға келіп отырғанда:

– Зоя, тісің ауырып жүр ме? Аузыңды ашшы, көрейін, – дедім. Ол жағын байлаған орамалын алып, бетіме тесіле қарап тұрды да:

– Проценко түнде сіздің үйге түнеп шықты ма? – деді.

– Ия, ол біздің үйге қонды, оны несіне сұрадың?

– Жәй, әншейін. – Зоя төмен қарап, шәлісінің шашақтарын ширатады.

– Тісің ауырып жүр ме? Көрейінші.

– Рақмет, Алексей Васильевич, тісім ауырмайды.

– Онда неге келдің?

– Жәй, әншейін.

– Шақыртқанда болмаса, келме деп тапсырғаным қайда? Мен сені маңызды жұмыспен жүр екен десем, жай, қыдырғың келген екен ғой.

– Бұл да маңызды жұмыс.

– Ол не қылған жұмыс? – деп сұрауын сұрасам да, енді ғана аңдай бастадым. Бұлар қалай жақындасып үлгерген? Астыртын ұйымдағы кісілердің әрбір кимылы, істеген ісі көзден таса болмаушы еді. Сірә, махаббаттың жолы одан да құпия, жіңішке ме деп қалдым.

– Тыңдап отырмын, айта бер.

– Не айтам?

– Әдейі келіп тұрып, айтқың келмесе, өзің біл, қыстамаймын.

– Осы үйде оны алғаш көргенде өзгеше бір жанды көргендей болып едім, – деді Зоя күрсіне тыныс алып. – Әрдайым бірге боламыз деп ант ішіп едік. Бақсам, оңбаған адам екен, білмедім. Соңғы кезде астыртын ұйымның қатары біраз өскен еді. Астыртын комитеттің тапсырмасымен Проценко, Спижевой, Розовикпен қатар, Григорий Павлович Беляев, Киселев, тағы басқалар жұмыс істеп жүрді. Жұмыстағы құпиялықты сақтау үшін және астыртын ұйымдағы адамдардың біреуі ұстала қалса, қалғаны әшкереленбеуі үшін кісілерді бір-бірімен қатыстырмай, тек байланысшы арқылы немесе басқа шартты белгімен хабарласатынбыз. Мәселен, Проценконың өзі мені білгенімен, астыртын ұйымның басқа мүшелерін білмейтін. Ал, мына екеуі де бір-бірімен танысқанда өздерінің астыртын ұйыммен байланыстарының барлығын айтпаған сияқты. Бұлардың

мұнысы мені қуантты, сөздерінде тұра білген.

– Қалай дейін, Зоя, байқауымша, Грища Проценко жаман жігіт емес секілді, – дедім мен күмілжіп.

– Оның сыртқы пішіні сондай, алдамшы, жұртты еліктіріп әкетеді. Ниеті түзу жігіт болса, несіне барып полицайға ұрынады. Полицайға бармаса, күнін көре алмай ма екен?

– Оны маған несіне айтасың, Зоя? Өздерің бір-біріңмен түсініскендерің жақсы ғой, ортақ тіл таба аларсыңдар деп ойлаймын.

– Полицаймен сөйлескім келмейді, жиренем!

– Сөйлескің келмеуі қалай? Оны сүйесің ғой.

– Ұмытуға тырысармын. – Зоя бір сәт үнсіз отырды да: – Алексей Васильевич, мен сізге сенем, сізді ең жақын баурымдай көрем. Менің бірақ сұрағымға жауап беріңізші, осы Гришаға сенуге бола ма? Соны ғана айтыңызшы, – деді.

– Меніңше жауап бердім ғой деймін. Ия, оған сенуге болады.

– Рақмет, Алексей Васильевич, мен енді түсіндім, – деп, Зоя бетіме қадала қарап, шапшаң жиналып, шығып кетті.

Осыдан соң арада бірнеше күн өтті. Күнделікті әдетпен науқас адамдарды қабылдап жатқам. Бұлардың көбі таныс, бұрын келіп-кетіп жүрген кісілер. Ауызғы бөлмеге екінші жолы шыққанымда, басына қара шәлі жамылған жас келіншек кезектің соңын сұрап, кемпірдің қасына кеп отырды. Кемпір жас әйелдің бетіне бажырая қарап:

– Бұрын көрмеген адамым секілдісің, бір жақтан келдің бе, шырағым? – деді. Келіншектің реңі еврейге ұқсастау, қарақат көзі жайнап тұр, қарағанда өңменіңнен өтеді.

– Ия, шеше, алыстан келіп едім, – деп келіншек басын изеді.

– Ей, шырағым-ай, бұл жұрт қадірді біле береді дейсің бе? Бұрын науқасты тегін қарап, емдеп жатқаннан соң ба, доктордың бар-жоғына зейін қоймаушы едік. Біреулер ауырғанын міндет қып, ауруханаға апарайын десе, «ауруханаң алыс, қызметі онды емес», – деп бұлданып үйінде жатып алатын. Сол кесірге ләм демей, дәрігер бейшаралар күн-түн демей безек қағып, үйіне келіп емін жасаушы еді. Айналайын Советтің сол кәдірін де білмеппіз ғой. Енді міне, ауру көбейіп кетті. Өзің келмесең, өліп

жатсаң да саған ешкім бармайды. Бір қиын заман болды ғой.

– Дария, немене, сен Советті жақтап бізге үгіт жүргізейін дедің бе? – деді мұртын ширатып отырған сары кісі, кемпірге шұқшия қарап.

– Ей, Степан, басқа не десе де, сен сөйлемей отыр! Кәне, өтірік болса айта қойшы, тесік өкпе болдым, емделмесем болмайды деп шөп басын сындырмай, ала жаздай курортты кезіп кетуші едің ғой. Соның бәрі Советтің арқасы емес пе еді. Сол жақсылықты ұмытсаң – өзің де оңбассың. Мейлің, большевиктерді мақтады десең, полицайыңа барып айт та, мені шаптырып ал!

– Әй, шеше, өзіңіз сөз көтермейтін кісі екенсіз, мен дәнеңе дегенім жоқ қой, қойдым, – деді Степан.

Келген келіншек бұл сөзге араласпады. Сары кісіге ала көзімен тек бір қарады. Мен осылардың әңгімесін тыңдау үшін түпкі үйдің есігін ашып қойдым. Кемпір өзінің кезегін әлгі келіншекке ұсынды.

– Алыстан келген көрінесің, бара ғой, менде алып бара жатқан ауру жоқ. Мына тізесі құрғыр сыздап, аяғымды бастырмай шойнаңдатып қойды. Кәріліктің салқыны дейді. Қайтесің, жан бермек оңай емес, үміттеніп сүйретіліп келе берем.

– Мен ұзақ отырып қалармын, әрі дәрігерден кеңес алуым керек, сіз күтіп қаларсыз, кіре беріңіз, – деді келіншек.

– Мейлің, өзің біл, – деп Дария кібіртіктеп орнынан тұрды. Аздан соң әлгі келіншек кірді. Үйдің қақ ортасындағы жалғыз креслоға отырған соң:

– Мен сізге келдім, Алексей Васильевич, – деді келіншек.

– Келгеніңіз жақсы болған, мазалайтын кеселіңізді айтыңыз.

– Менің кеселім жоқ, Алексей Васильевич.

– Алдымен өзімді таныстырайын. Атым – Лена, мені сізге аудандық астыртын комитет жіберді.

– Мадам, мен ешқандай астыртын комитетті білмеймін және саясат мәселесімен айналыспайтын адаммын. Егер науқасыңыз болса – айтыңыз, қолымнан келсе, емімді жасайын, мені жоқ іске араластырмаңыз, – деп, осы мені арандатып жүрген жоқ па екен деймін. Әйел шақар, бұлтартатын емес.

– Жоқ іске араластырма деуіңіз қалай? – Ол мені есіргеген пішінмен қарайды. Сәл отырып:

– Ия, түбі сіздің дәрігерлік көмегіңіздің пайдасы тиер, бірақ жолдастарға керегі қазір ол емес пе деймін, – деді.

– Оларға керегі не сонда?

– Сіздің ниеттес жолдастармен бірлесіп жұмыс істегіңіз келе ме?

– Мәселен, кіммен?

– Олар өздері кім екенін жолығысқанда айта жатар.

– Мен сізге қазір пәлен дей алмаймын. Жолдастарыңызбен жолығысқанда пікірімді айтармын.

– Онда сіз мені емдеп шығардыңыз, рақмет!.. Әңгіме үстіне Проценко кіріп келді. Бейтаныс әйелдің отырғанын көріп, полицейлығына салып, дөрекілеу сөйледі:

– Мына күн қақап тұр. Вьюнища селосына бара жатыр едім, тоңып кеттім. Емшілік жасап ел үстінен күн көріп жүрсің ғой, жылынатын бірдемең бар ма еді, әкелсеңші! – деп, алақанын ысқылап, ауызғы бөлмедегі столдың басына отырды.

– Қазір, менде кісі отыр еді. – Проценко есікке бұрыла қарады:

– Қайдан келген адам, оның кім?

– Осы жердің тұрғыны.

Лена Проценкоға ала көзімен бір қарап, үндемей есіктен зыта жөнелді. Ол кеткеннен кейін Проценко:

– Бұл кім? – деп сұрады.

– Кім болушы еді, науқас адам ғой. – Проценко қазбалап сұрамады.

– Не жаңалығың бар? Тосын келгеніңе қарағанда, бірдеме айтатын секілдісің.

– Бәрі бұрынғысынша, – деп, Проценко төмен қарап отырды да: – Алексей Васильевич, мен Зояға бәрін айттым, – деді.

– Нені айттың?

– Бәрін де, астыртын ұйымның тапсырмасымен полицайда жұмыс істеп жүргенімді де айттым. Шыдай алмадым, сүйетін адамды қинағым келмеді. Бәлкім, мен қаталасқан шығармын.

– Неге? – дедім біраз ойланып. – Бір-біріңе сенсеңдер

болды ғой, мен не дейін. Бұл әңгіме, осымен бітсін делік. Тағы не айтасың?

– Вьюнищаға бара жатырмын. Біреудің жазған домалақ арызы кездейсоқ менің қолыма түсті. Оның жазуына қарағанда: Шпиталь деген біреу соғыстың басынан бері Қызыл Армияның жаралы офицерін үйіне жасырып жүр, қызылдардың партизандарға арнап тығып кеткен қаруын біледі, өзінің астыртын ұйыммен байланысы бар. Соны барып, біліп қайтсам деймін.

– Сен полицайсың, бәрібір ол саған жөнін айтпайды. Оның үстіне қандай кісі екенін білмейміз, өзінді өзін әшкерелеудің керегі не? Қажет болса, мен өзім барып қайтармын.

– Жаксы, онда мен кеттім, – деп, Проценко тез жиналып далаға шықты. Аяқ-қолы жерге тимей, бұл неменеге асығып жүр өзі деп терезеден қарасам, құдықтың басында Зоя күтіп тұр екен. Екеуі қол ұстасып, қалың қарды кешіп, тоғайға қарай жүгіре жөнелді.

БІЗДІҢ ЖЕТЕКШІМІЗ

Вьюнища селосы бізден онша алыс емес, Козино селосымен жапсарлас. Екі селоның аралығын қалың тоғай бөледі. Проценконың айтуымен Вьюнищаға қарай тарттым. Сұрастырып жүріп Шпитальдің үйін оңай тауып алдым. Сілтеген үйге келсем, біреу қораның төбесіне шығып, айырман ала сиырға шөп тастап жатыр екен. Басында былғарымен тысталған қара малақай, үстіндегісі мақтамен сырып тіккен шолақ телегрейка, белін кендір жіппен буып алған. Оның менімен жұмысы болған жоқ, айырға ілінген үйме шөпті қайқая көтеріп, алысқа лақтырады. Бейнеттеніп жатқан кісінің мұнысын мақұлдағандай ала сиыр тұмсығын көтеріп, мөңіреп қояды. Жігіт шөбін жайлап болған соң ғана маған бұрылды.

– Сізге кім керек? – деді айырын кеудесіне тіреп.

– Шпитальдің үйі осы ма?

– Ия, осы.

– Сергей Миновичті көруге бола ма екен? Жұмысым бар еді.

– Сергей Минович дегенің мына мен болам, қандай шаруаңыз бар еді, доктор жолдас. Сізді билетіңізге таңданбай-ақ қойыңыз, бұл өңірде дәрігер біреу, ал мен сияқтылар көп. Дәрігердің мен сияқты адамдарды білмеуі де ықтимал.

– Үй мынау, кіріңіз! – деді ол алға түсіп, есік ашып. Төргі бөлмеге кіргенде, Шпиталь:

– 42-жыл қалың қарды ала келді ғой, биыл қыс мазасыз-дау боп тұр. Мұндай аязды көрген емеспін, – деді.

– Қарттар мұндай қалың қар болған емес деседі. Сірә, немістерге орыс қысы ұнамайтын болар, – дедім мен.

– Кім білсін, – дей салды Шпиталь. Екеуміздің сөзіміз оналмады. Қыс жайын, шөп жайын әңгіме етеміз. Ол да маған сенбейтін секілді, жалтақтай береді. Ақыры мен оны ашық әңгімеге шақырдым.

– Сергей Минович, сізді осында астыртын ұйым құрып жатыр, тыққан мол қарудың қайда екенін біледі дейді, сол әңгіме рас па?

– Доктор жолдас, мен сіз әдепті адам деп білемін, – деді Шпиталь тосырая, сұрлана қарап. – Және сізді ренжіткім келмейді, неміске қызмет көрсетіп жүр екенсіз, бетіңізден жарылқасын, солай жүре беріңіз. Ал жауға жағына түсу үшін біреуді ғайбаттап, өсектеуді жөн көріп жүрсеңіз, жүйесін таппай соққансыз, ондай кісіңіз мен емес. Мен ешқандай астыртын ұйымыңызды, қару-жарағыңызды білмеймін. Аулақ жүріңіз!

– Сергей Минович, бекер долданып қайтесіз? Сіздің сондай ұйым құрап жатқаныңыз әуелі полицияға мәлім.

– Полицияға дейсіз бе? – Шпиталь бір сәт менен көз алмай бажырайып қарады да, қарқылдап күлді. – Басқаны малғұн санайсыз ғой деймін, доктор. Астыртын топ ұйымдастырғанымды білсе, полиция неге еркіме қойып отыр, мені неге қамамайды? Әлде олар да большевик болып кеткен бе?

– Опасыз адам ешқашан большевик бола алмайды, – дедім мен. – Бірақ солардың арасында өз адамдарымыз бар. Опасыздың жазған қағазы сондай адамның қолына түскен.

Байқауымша, тобыңыздағы адамның біреуі неміске қызмет көрсеткісі келіп жүрген сияқты. Басқа біреу сіздің немен шұғылданып жүргеніңізді қайдан біледі? Ол қағазды топ мүшесінің бірі жазған.

Шпиталь добалдай қып ораған шылымын тілімен жалай береді, жуан саусақтары дірілдейді.

– Полицияда кім істейтін еді? – деп сұрады ол бәсең үнмен.

– Сенімді жолдас, біздің астыртын топтың мүшесі.

– Ұйымдағы мүшелерің көп пе?

– Қалай деуіме болады, – дедім мен. – Әзірге бар, егер бірігіп қимыл жасайтын болсақ, одан әрмен көбейеді. Солай емес пе?

– Қалай, Алексей Васильевич, – деді Шпиталь мені алғаш аты-жөніммен атап. – Мені астыртын ұйымыңызға тартқыңыз келе ме? Ондай ойыңыз болса, полиция біледі деп қоқан-лоқы жасамай-ақ, ойыңызды тура айта бермейсіз бе?

– Мұндай іспен ойнауға болмайды, Сергей Минович. Сізге айтқанымның бәрі рас. Және сізді сақтандырайын деп әдейі келдім. Араңыздағы алапестен айрылмай, мен сізге пәлен демеймін. Сөйлесетін болсақ, алда уақыт жетеді. Біз қалаған кезде жолығыса аламыз. Мен дәрігермін ғой, жұрт келіп жатады. Сіз де келіңіз, әңгімелесейік.

– Түні бойы ойландым, – деді Шпиталь ертеңіне біздің үйге келгенде. – Сенсеңіз көз іліндіргем жоқ. Біздің топта небары үш адам бар. Сіздің айтқаныңызға сенсем, онда үшеуіміздің біреуіміз опасыз болуға тиіспіз. Ана екеуін олай деуге аузым бармайды, коммунист, Совет Армиясының офицерлері. Біреуі көптен бері біздің үйде тұрады.

– Коммунист екеніне көзің жете ме? Немістер тұтқындағылардың кейбірін өзінің жағына тартып, тыңшы етіп жібереді. Сондай ала киімді адамның бірі осында да болған. Тексерген артық болмайды.

– Жоқ, мен өз адамдарыма сенем!

– Мен сіздің жолдастарыңызға шек келтірмеймін. Шынында олар жақсы адамдар шығар. Тексеру деген біреудің үстінен материал жинау емес қой. Мәселен, айталық, байқаусызда өзіңіз, не серіктеріңіздің бірі біреуге бірдеме

деуі мүмкін ғой. Біз астыртын жұмыс жасау үшін арнаулы мектептен өткен кісілер емеспіз. Тәжірибеміз жоқ. Сондай олақтық ісіміз біреуден біреуге жетіп, тыңшының құлағына тиюі ықтимал. Ол естігенін көргендей ғып полицияға жазып жіберген болар. Сергей Минович, қайткенмен де бұл сыбыстың кімнен болғанын анықтаған жөн.

– Бұл айтқаныңыз көкейіме қонады. Өзіміз абайламай бүлдіріп алған болармыз. Жақсы, тексереміз.

– Сақ болыңыз.

– Жақсы, Алексей Васильевич. – Осылай Шпитальмен танысып, жолығысып жүрдік.

42-ші жылдың январы қақаған аязбен өтті. Дала сықырлап тұр. Жерде қар қалың. Кешкітұрым үйдің мұржаларынан шыққан көк түгін бір-бірімен ұласып, көгілдір аспан төріне жайылып, болмашы қара дақ қалдырады. Құрғақ қарды сықырлатқан жүргіншінің дыбысы алыстан естіледі. Біреу үйге тақап, ауызғы бөлменің есігін ашқандай болды. Пештің түбінде Шпиталь екеуміз әңгімелесіп отырғанбыз. Үйге біреу бүкшеңдеп кіріп келеді.

– Алексей Васильевич, танымай қалдыңыз ба, соншама бажырая қарайсыз. Кісі таңырқайтындай пішінім кескінсіз емес еді ғой.

Бұл кім екен десем, сарнай кірген Лена екен.

– Лена, қайдан жүрсің, жаным, енді келмейтін шығар деп ойлап едім. Ондағы жолдастар аман-есен бе?

Лена пештің көлеңкесіне қалқаланған бөгде кісіні көріп, состиып тұрып қалды.

– Қорықпа, бұл осындағы сенімді жолдастардың бірі, танысуына болады: Сергей Минович Шпиталь. Бұрын колхоз председателі болған.

– Алексей Васильевич, мен кімнен қорқып, сескенем, – деп, Лена бойын тез жинап алды. – Жау бізден қорқатын болсын! – Лена асығыс жұмысым бар деп дайын асқа да қарамады. Күн кешкіріп қалды, қона кет деп едім, көнбеді.

– Жұмыс көп, Алексей Васильевич, тағы бір жерге соғып, бүгін түнде оралуым керек. Олар мені күтеді. – Ленаның сөзінен аңғарғаным, ертең – базар күні – төңіректегі селолардың адамдары атты-жаяулы Переяславқа қарай ағылады. Оған мен де баруым керек. Көк дүкеннің ішінде

көк елтіріден малақай киген кісі күтеді. Ол мені «үлкен адаммен» жолықтыруға тиіс.

– Иесіз аралда қалғандай сезінетін едім, тәйірі, көп екенбіз ғой, – деп Шпиталь көңілденіп қалды.

Ертеңіне Переяслав қаласына келдім. Базар жаңа қызып келе жатыр екен. Базарға келушілер – сол маңайдың тұрғындары. Біреулер шошқаның етін, енді біреулері тұздаған қияр, помидорды өлшеп сатып тұр. Ескі-құсқы нәрселерді сатып жүргендер де бар. Темекі, тұз сатқандардың саудасы бұлардан қызуырақ. Жұрттың көбі осылардың маңайына үймелеген.

– Кәне, мына шалбарға қанша қадақ тұз бересің? Қарамай-ақ қой, судай жаңа, байғұс балам алып еді, үстіне де ілмеді, – деп, қаудыр тонды қара шал мәуіті шалбарды ұсынады, әрі баласының көзі санап, сатуға қимай, тартыншақтай береді.

– Сырты жылтыр көрінгенге тәуір ме десем, көп жатып, жібі босап қалған екен. Бір киіп тастауға жарар, – деп, тұз сатушы бірдеме білетіндей-ақ шалбарды күнге қақтап қарап, бағасын кеміте түседі.

– Әкел қолыңды, он қадақ тұз берем, келістік пе? – деп, шалдың ықыласын сұрамай-ақ, мешоктың түбіне тығып жібереді.

– Әй, құдайдан қорық, обал емес пе? Он қадақ тұз деген не, мынау дүние ғой, – деп, заттың иесі қарсылық білдіргендей болады. Әккі саудагер әбден үйреніп алған, маңайлатпайды.

– Алғың келмесе, аулақ жүр, кісінің басын қатырма, мұндай шүберекке зәру емеспін! – деп, шалбарды мешогінен шығара бастайды. Сәл кідіріп, он қадақ тұзға бересің бе, жоқ па, соныңды айтшы! – деп тағы саудаласады.

– Қайтейін, үйде тұз жоқ еді, арзан болса да ал! – деп шал байғұс күңкілдейді.

Базардың шет жағындағы көк дүкенге кірдім. Мені мұнда сеңсең жағалы қара тонды кісі күтуі керек еді. Оның оң ийығында мешокқа салған түйіншегі болады. Ол маған темекі аласың ба? – деп ұсынады. Марқаға сатсаң алам деуім керек. Жолығысатын шартты белгіміз осындай еді. Дүкенге екі мәртебе келдім. Ондай кісіні кездестірмедім. Базар тарқай

бастады. Мені сынағысы келген бе? Мұнысы қалай деймін. Тағы бір барып көрейін, осы жолы жолықтырмасам, бекер әуре болмай қайтайын деп ойладым. Дүкенге тағы келдім. Келсем, қара тон киген кісі тұр. Шартты белгілерінің бәрі ұқсайды. Одан басқа дүкенде тірі жан жоқ. Манадан бері дүкенді торып жүргем. Оған мұндай кісі кіре қойған жоқ еді. Қайдан келіп қалды деп таңырқап қалдым. Сөйтсем, күні бойы сауда жасап тұрған дүкеншінің өзі екен. Шартты белгімен сөз алмасқанымен, сескендім.

– Сіз кім боласыз? – дедім мен.

– Сатушы екенімді көрдіңіз ғой. – Ол салқындау жауап қатып, дүкенін жауып жатып: – Сіз жүре беріңіз, иіру цехының артындағы үшінші үй. Именбей кіріңіз, мен артыңыздан жүріп отырамын, бөгеліп, кідірмеңіз, – деп ескертіп жатыр.

Үйдің алдында жас әйел қарсы алды. Жылы сөйлеп, іші-бауырыма кіріп барады.

– Жұқа киініп шыққан екенсіз. Әбден тоңған боларсыз, – деді есікті ашып жатып.

– Ә, жаурай қойғаным жоқ, – деймін. Мұндағы үйлердің көбі екі бөлмелі ғой. Үш бөлмелі үй кемде-кем. Ауызғы үйге кіргенімде, төргі бөлмеде сөйлесіп отырған екі кісінің қарасы көрінді. Қақ төрдің алдында қарсы қарап отырған кісі әскери адамша киінген. Үстіндегісі әскери гимнастерка, беліне жалпақ қайыс белдік буынған. Белдіктің басындағы жезден ойған бес жұлдыз сол күйі жарқырап көрінеді. Екінші адам жай киім киінген. Мені екеуі де тұрып қарсы алды.

– Алексей Васильевич, сәлеметсіз бе? Көңіл күйіңіз қалай? Келіңіз, отырыңыз, сізбен әңгімелесуге ынтығып отыр едік, – деп шүйіркелесе кетті.

– Рақмет, жақсы! – деймін. Әскери киінген адам аудандық астыртын партия ұйымын басқарушы Емельян Демьянович Ломако болып шықты, екіншісі астыртын ұйымның мүшесі Дмитрий Никитич Яковец екен. Бірден іс жайын әңгімелеп кеттік. Ломако астыртын ұйымдағы әрбір адамды жеке-жеке және бұрын қайда қызмет істегенін сұрай отырып:

– Проценко сенімді жігіт пе? – деді.

– Ия, – дедім мен.

– Қазіргі жүргізіп жатқан жұмысымызға қанағаттануға болмайды, – деді Ломако азырақ үнсіз отырып. – Қазір жағдай қиын. «Москва мен Ленинградты немістер басып алып қойыпты, Совет өкіметі құлады, партизан соғысынан енді нәтиже шықпайды» деген үгітке құлақ асатындар көп. «Қызыл Армия немістердің жойқын күшін тойтара алмағанда, жаудың терең тылында отырып, аз ғана күшпен біз не қайрат жасай аламыз, осының бәрі әурешілік, партизан соғысын ашсаң, елдің тыныштығын бұзамыз, жазалау отряды шығып, халықты қырғынға ұшыратады» – деп, ұлтшылдар да немістерге қосылып жүр. Шынында бұл немістің тылына тыныштық бер, олар білгенін істесін деген сөз ғой. Мұндай сөзді тасып жүргендер басқа біреулер емес, өзімізбен бірге жұмыс істеген кешегі адамдар. Бұлардың айтқандарын мақұлдайтындар бар. Сөйтіп жұрт әрі-сәрі, қайсысын тыңдарын білмейді. Сергелденге түскен жұртты серпілтетін, батыл қимыл жасайтын өзгеше өжет адамдар керек. Астыртын топтағы кісілеріңді даралап сұрап жатқаным сол. Артық айтсам – айыпқа бұйырма.

– Біз жақында Мироновка, Ржищев аудандарындағы астыртын ұйымдармен байланыс жасадық. Ондағы жолдастардың қимылы бізге қарағанда тәуір. Партизан отрядын құруға кірісіпті. Үлкен жермен де байланысы бар деседі. Біз де олардан қалғымыз келмейді. Бірақ астыртын комитет мүшелері дәл сіз секілді еркін жүріп тұра алмайды, өрісіміз тарлау, мүмкіндік жоқ. Сондықтан өзіңізден көмек сұрайық деп әдейі шақыртып отырмыз. Бұған қалай қарайсыз?

– Емельян Демьянович, мен әзірмін, – дедім.

– Жақсы, – деді Ломако, иығыма қолын салып.

– Сізден өтінетінім: жақын күндердің бірінде Проценкомен жолықсаңыз деймін. Не істеу керек екенін соңынан айтармын. – Ол тақыр басын сипап отырды да: – Сіз Киевке баруға қалай қарайсыз? – деді.

– Неге? Онда барғанда не істеуім керек? Немістер мені қалаға жібере қояр ма екен?

– Әңгіме осында, гитлершілдер кез келген кісіні қалаға жібермейді. Ал біз қайткенмен де ондағы жолдастармен байланыс жасасақ дейміз. Қалаға бару үшін мықты желеу

тапқан жөн. Ондай сылтауды өзіңіз ойлап көріңіз, сосын ақылдасып көрейік.

Бір жетіден кейін Проценконы жолықтырып, оған астыртын комитеттің тапсырмасын айттым. Проценко ұзақ ойланды.

– Қорқасың ба? Онда міндетіңе алмай-ақ қой, – деймін.

– Өз басымды ойлап отырған жоқпын. Өлімнен де қорықпаймын, – дейді Проценко.

– Полиция батальонын жараксыздандыру бір кісінің қолынан келмейді. Бұған топ кісінің әрекеті керек. Ондай адамдарды қайдан табасың. Полицияға кіргендердің бәрі опасыз, қаныпезер екені өзіңе мәлім.

– Неге бәрі, – дедім мен. – Мәселен сен опасыз емессің ғой.

– Мен өзімді полицай санамаймын.

– Бәлкім, басқа біреу де өзін солай санамайтын шығар, амалсыздан күні үшін жүруі ықтимал.

– Осының өзі қажет пе?

– Партизан отрядына қару-жарак, оқ-дәрі керек екенін өзің білесің. Фашистер бізге қару бермейді, сонда оны қайдан аламыз? Әзірге бұдан басқа жол жоқ сияқты.

– Жақсы, Алексей Васильевич.

– Гриша, сен асықпа, ойлан!

– Жақсы, Алексей Васильевич!

...Мезгіл күндіз еді. Проценко қаладан келіп, екеуіміз түскі тамақ ішіп отырғанбыз. Сыртта бір әйелдің бақырып жылаған дауысы естілді. Далаға жүгіре шықтық. Бір полицай күркеден нән шошқаны шыңғыртып сүйрелеп барады. Қасында автомат асынған неміс солдаты тұр. Шыңғырған әйел мен шошқаның дауысына ел жиналып қалған.

– Сіз адамсыз ғой. Үйде тамақ, не отын жоқ. Шиеттей бала-шаға бар, қызыл көрмей тілін тістеп отыр. Осы шошқаны бордақылап, сатып, қажетке жаратамыз ба деп едік. Аяңызшы, – деп әйел жылауын қойып, бір ауық жалынады. Полицай тыңдамайды. Әрең қозғалатын шошқаны арбаға салуға әмір береді. Әйел жармасқанда мылтықтың дүмімен түйгіштеп итеріп жібереді. Жалаңаяқ,

жалаңбас жас балалар анасын арашалауға шамасы келмей бүрсендеп жылап тұр. Проценко терісіне сыймай түтігіп кетті. Қолын нағанға қарай жүгірте береді.

– Мұнысы ашық тонау ғой, – дедім мен.

– Бұлардан не жақсылық күтпекшісіз. – Ол шошқаны арбаға тиіп жатқан полицаиды иегімен нұсқап: – Полицаиды үгіттеп өз жағыңа тарта біл дейсіз. Осындай итке үгіт қонушы ма еді? – деді.

– Бізге де күн туар, сонда бәрімен де есеп айырысармыз.

Проценко көп ойланды, менімен қоштасар кезде жауап қатты:

– Комитет солай ұйғарса – тәуекелге бел байладық, бет алысымызды апта сайын хабарлап тұрармын.

Осыдан соң тағы бір апта өтті. Астыртын жолығысатын пәтердің бірінде Ломакомен кездестім. Оның сөзі қысқа болды.

– Проценконың жасаған әрекеттерін әзірге бақылап отыруды біз өз міндетімізге алайық, қажет болса, көмек те берерміз. Оған алаң болмаңыз. Ал сізге Киевке жедел жүруге тура кеп тұр. Басқа кісінің ыңғайын таппадық. Оларды жібергенмен де, қалаға жетпей ұстайды. Қазір айналамызда не боп жатқанын білмейміз. Бәлкім, басқа аудандардағы қимыл-әрекеттерге облыстық комитет басшылық етіп отырған болар. Ал біздің байланысымыз жоқ. Комитет астыртын обкоммен байланыс жасауды саған жүктеді. Бұған қалай қарайсың?

– Дәл бүгін-ертең жолға шығу қиын болар, – дедім мен сәл ойланып.

– Әрине, – деді Ломако. – Сонда қандай желеу таппақшысыз?

– Алдымен Канев қаласына барғаным дұрыс қой деймін. Онда бірге қызмет істеген жолдастар бар. Мүмкін, документтер алуға көмектесер.

– Осы ойың дұрыс.

Бір апта өтпей Каневке барып, аудандық ауруханаға қызметке орналастым да, дәрі-дәрмек алып келуге Киевке жолдама алдым. Жолшыбай Козиноға соқтым. Астыртын комитеттің адамдары сәтті сапар тіледі.

АРНАУЛЫ ТАПСЫРМА

Немістер Киевті басып алғаннан кейін қаланы бірінші көруім еді, қала қатты күйрепті. Бұрынғы даңғыл Крещатиктен кісі жүріп болмайды. Қираған машиналар ма, зеңбіректердің қалдықтары ма, өртенген танк пе, сынық кірпіштердің үйіндісі ме, – қар астында төбе-төбе болып үйіліп жатыр. Көшеде күзет күшті, күдіктілерді тоқтатып, тергеп, дедектетіп ала жөнеледі. Қалқандау жерді қиялап Крещатиктің арғы бетіне шықтым. Богдан Хмельницкий алаңына қарай аяндап келемін. Осы маңда Островский көшесінің пұшпағындағы үйде тұратын біреумен кездесуім керек. Өзі тіс салатын техник көрінеді. Үш қабат үйдің алдына келіп, әрі-бері сенделіп жүрдім. Қабырғаларға коменданттың бұйрықтарын қатарлап баттастырып жапсырып тастаған. Соны оқыған болып, өзім жан-жағыма қараймын. Күн кешкіріп қалған. Көлеңке жалпақ қабырғаларды күңгірттендіріп тұр. Үйдің бірінші қабатындағы бірсыпыра терезелерге қиықшалап тақтай қағып тастапты. Оларда кісі тұрмайтын секілді. Ортадағы подъездің есігі үңірейіп тұр, үстіндегі әйнегі сынған. Аржағындағы коридор қараңғы үңгір сияқты. Дәу де болса, сол есіктен кіретін шығармын деп топшылап тұрмын. Мен іздеген үйдің номері сол подъезге дәл келеді. Қас қарайғанда үстіңгі үйлердің терезелерінен жылтылдаған сәуле көрінді. Бірақ кіріп-шығып жүрген жан байқалмайды. Үйге кірейін деп тұрам да, менің ізіме түсіп, аңдып жүрген біреулер жоқ па екен деп тағы тоқталам. Жан-жағыма қараймын. Манадан бері менің сол жағымда, көшенің айналма бұрылысында, екі адам сөйлесіп тұрған. Алғаш оларға зер салған жоқ едім. Біреуі маған ұрланып қарайтын секілді. Үстіне кигені жұқа пальто, жағасын көтеріп алған. Баса киген қалпағынан бет пішіні оңды көрінбейді. Байқаймын, мен жақтан көз алмайтын сияқты. Тұла бойым түршігіп, қалтырап кетті. Не істеу керек? Құр тұрғанмен құтылмаспын, тұтылсам оны көре жатармын, – деп осы үйлердің бірінде тұратын кісідей, әлгі әйнексіз үңірейген есіктен кірдім. Қалпақты мыртық кісі алақ-жұлақ етіп, әбігер болды да қалды. Мен

дереу екінші қабатқа көтерілдім. Шырақ ұстаған кемпір қарсы жолықты.

– Балам, кімді іздеп жүрсің?

– Осында, әлгі тіс дәрігері бар емес пе? Тісім ауырып мазамды кетіргені, – деп, жағымды ұстап, ауырсынған түр білдірдім.

– Ол бейшараны ұстап әкеткелі қай заман. – Кемпір шоқынып алды. – Немістер келісімен көп ұзамай алып кетті. Байғұсұсталарын білдіме, содан бір күн бұрын біздікіне келді. Өзі кішіпейіл, жұмсақ кісі болатын. Мені әже дейтін. «Әже, көп жыл көрші болдық, білместікпен айтылған сөзім болса, кешіріңіз» – деді. «Ойбай, ол не дегенің, айта көрме, қайта мен қақпас емес пе ем, сендерге маза бермейтін» деймін. Өткен-кеткенді еске түсіріп әжептәуір әңгімелестік. Бұдан соң өзін көрмедім, келесі күні қарулы солдаттар келіп алып кетіпті деп есіттім, – деп, кемпір ақырын күрсінді.

Кемпірдің сөзін жөнді тыңдап тұрғаным жоқ, қайда барып тығылсам екен деп тықыршымын. Сол мезетте сыртқы есік ашылғандай болды. Кемпірге «үндемеңіз» дегендей ымдап белгі бердім. Жайбарақат әңгіме соғып тұрған кемпір шошып кетті. Жағасын ұстап, шегіншектей береді. Мен одан бұрын үйге кірдім.

– Мынау ит соңымнан қалмай қойды. Сіз қорықпаңыз... Қазір кетемін, – деп сыбырлап жалынғандай боламын. Кемпір шырағын ұстап, тысқа қайта шықты. Әлдекімге дауыстап сөйлегенсіп жатыр.

– Мария, бұл сен бе? Сорлы-ау, қайда құрып кеттің? Үйде бір тал отын жоқ, қыдыру сенің ненді алған, секеңдемей отырсаң қайтеді?

– Барылдама, бұл басқа адам! – деген біреудің қарлыққан дауысы естіледі. – Бұл жерден ешкім өтпеді ме? Жолдасымнан әлгінде ғана адасып қалғаным. Өзі қаламен таныс емес еді.

– Құрғыр, шұнақ қызды күткеніме бірталай болды. Әрі-бері өткен кісіні көрмедім. Көрсем – айтайын.

Келген кісі кемпірдің соңғы сөзін тыңдамады, төмен қарай асығыс жүгіріп бара жатқандай болды. Мен де көп аялдамадым. Кемпірмен қоштасып, қора жақтағы есіктен тысқа шықтым. Кемпір күңкілдеп қалды.

– Осы да тірлік пе, аңдысқандар аузындағысынан айрылмай ма?! – дейді.

Сол күні ізімді жасырам деп, сенделіп көп жүрдім. Ымырт жабылып, қас қарайып қалды. Қайда барарымды білмей, ақырында бір таныс кісі бар еді, соныкіне барып қондым. Қалада тұрғанымен, өзі жабайылау нас адам болатын. Өзінің аты да қызық. Тик дейтінбіз. Мұнысы шын аты екенін, я лақап аты екенін білмеймін. Тик жарқылдап қарсы ала қоймады. Ол менің Канев қаласында қызмет істейтінімді білетін. Бір-екі ауыз амандық сөзден соң:

– Жұмысың бұрынғы орнында шығар, – деді салқын түрмен.

– Ия, сол жерде істеп жатырмын, – дедім оның жақтырмағанын сезбегенсіп. – Басқармадан дәрі-дәрмек алуға келіп едім. Кеш келіп, бастықтардың ешқайсына жолыға алмадым.

– Мм, солай де! – деп, Тик орындық үстінде әрі-бері қозғалақтап отырды да: – Дәрігер деген жақсы кәсіп қой. Неміс пе, орыс па, – талғамайсың, бәріне бірдей қызмет ете бересің, сөкет көрмейді. Анау Гриша итке: «Сен үй тұрғызам, үйдің оқуын оқимын дегенді қой. Бір басыңа осы үй жетеді, басқа елде не жұмысың бар, одан да дәрігердің оқуын оқы!» – деп құдайдың зарын қылдым. Әке тілін алмай, тәлімсіз өскен бала оңа ма? Енді өзінің қайда жүргені белгісіз.

Тиктің Гриша деп отырғаны – өзінің ұлы. Бұдан төрт-бес жыл бұрын ол баланы көргенім бар. Әуесқой, қағылез бала болатын.

– Күдер үзбеніз. Бір жерде жүрген шығар. Немістер салған хатты жібермейді ғой.

– Білем! – деді Тик қолын сілтеп. – Жай, әншейін айтып жатқаным ғой, кейде ойлап, тілді алмағанына күйініп кетем. Дәрігер болса, мына өзің секілді жұмыс істеп жүрмес пе еді. Немістер бәрін қырып-жойып жатқан жоқ, бұларға да кісі керек көрінеді.

Мен үндемедім. Тик сөйлескім келмегенін байқап:

– Олай болса, демал! – деді бір танауын пысылдата көтеріп. Ас үй жақта кемпірі ыдыс-аяқтарды салдырлатып жуып жатқан, соған айқайлады: – Мынаған төсек салып бер,

мырза ғой, шаршаған көрінеді! – Ол теріс қараған бойы түпкі бөлмеге кетті де, есігін тарс жауып алды, қайтып шықпады. Босағада ескі диван бар екен. Мысық жүн құлақшынымды жастанып, тонымды айқара жамылып, соған қисая кеттім. Үйдің іші азынап тұр. Терезенің саңылауларынан соққан суық жел кісінің тұла бойын қарып барады. «Жол жүріп келдің, бір-екі стакан шай іш, бойың жылынсын!» – деген жан болмады. Соғыс кісінің пейілін тарылтып жіберген бе, ауыздарынан жылы сөз шықпайды. Ой үстінде бүрісіп, қалтырап жатып ұйқыға кетіппін. Қатты ұйықтап қалсам керек. Біреу балаша тербетіп оятады. Көзімді ашсам, Тик екен. Кешегідей емес, жалпақтап жаны қалмайды.

– Түү, Алеша-ай, ұйқың мұндай қатты болар ма! Тіпті әрең ояттым ғой. Сағаттың қанша болғанын қарашы, – деп, дөңгелек сағатты алдыма әкеп тосады. Сағат тоғыздан асыпты. Стол үстіне әрқилы тағамдар қойылған, сары самауыр буы бұрқырап қайнап тұр, шошқаның майы мен тұздалған қияр, помидорды төпелеме ғып турапты. Осылардың арасынан торсықтай литрлік шынының мойны қылтиып көрінеді. Екі күннен бері нәр татпаған едім, сілекейім ағып, тамсанып, қарай берем. Қанша тасбауыр десең де, дәмдес болған ағайын ғой, ықыласы ауған екен деп ойлаймын.

– Алеша, қол-басыңды жу! – деп, Тик қолтықтап тұрғызды. Кіршіксіз таза орамалды ұстатып жатып:

– Бұл самауырдың қайнағаны қашан, кемпір екеуміз самауыр суып қалмасын деп кезек-кезек шоқ саламыз. Кемпір: «Тиме, ұйықтасын, оятсақ ренжіп жүрер!» – дейді. «Өзіміздің бала емес пе? Ұрысса мейлі, қайта сөккені өзіме майдай жағады» деп, болмай ояттым. Тик кемпірін шынтағымен түртіп:

– Сен бүйтіп тұрмай, орындығына көпшік әкеп салсаңшы, жалаңаш тақтайға қалай отырады, – деп жұмсап жатыр. Бәріміз стол басына отырдық.

– Сыртта жүріп көп араласпадық қой, әйтпесе бұл үйдің де саған жаттығы жоқ, үй өзіңдікі, ұялмай жеп-ішкін! – деп жатыр. Шанышқыны қолыма ұстатып, майды, қиярды алдыма итеріп, тықпалай береді.

– Мынаған қалай қарайсың? – деді шөлмектің тығынын

суырып. – Спирт ішіп жүрген адамға дәмі кермектеу татыр, әйткенмен оныңнан кем емес, өзінің түсін қарашы, мөлдіреп тұр.

– Маған ішуге болмайды, қазір кеңсеге барам.

– Бір-екі жүз грамм не қылады, тәйірі. Бұл құрғыр іздегенде табыла бермейді. Өзіміз самогон салмаймыз. Бірақ өзің секілді азаматтан аяйтын неміз бар. Кемпір байғұс: «Балам келді!» – деп көршілерден аттай қалап алыпты, сөйткенде ішпей қойсаң, бұл байғұстың көңіліне келер. Кемпірі қостағандай басын изеді. Тик қоярда-қоймай бір-екі рюмка ішкізді. Шай ішіліп болғаннан кейін ол орындығын тақап, жақын отырды. Қанталаған көздері күлім қағады. Салбыраған мұртын тартқылай ширатып:

– Алеша, кеше дәрі аламын дедің бе осы? Өзің көбірек алатын ба едің? – деп біреу естіп қоятындай құлағыма сыбырлады.

– Қанша беретінін қайдан білейін, сұрағанымыз көп, күнде келіп жатқан біз емес, аудан алыс, бергенін қалдырмаспыз.

– Ә-ә, соның дұрыс, қазір әрбір орам дәрінің өзі пұл болып тұрғанда одан айрылуға болмайды. – Тик бүйірімнен түртіп қалып, көзін қысты.

– Пұл болуы қалай? – дедім мен таңданып.

– Түу, бала екенсің ғой өзің. – Тик көзі жайнап, телміре түсті. – Жастық, тәжірибесіздік деген осы да. Дәрі емес, сап-сары алтын алғалы отырған жоқсың ба! Тыңдашы өзің, – деп түсіндіре бастады.

– Қазір ғой соғыс жүріп жатыр. Оның қашан бітетінін бір құдайдың өзі біледі. Соғысып жатқан жұрттың дәрі-дәрмек шығарумен ісі бола ма, тәйірі. Ескі қор бүгін болғанмен, ертең түгесіледі. Осы күннің өзінде жұрт дәрі-дәрмекке зәру. Өне-бір сульфидин дейтіні тіпті қат. Осында біреу келіп, «сізде бар деп есіттім, қуығым жарылып барады, зәр шықпай қалды, құдай үшін бір жұтымын тауып бер» деп, жатып жабысқаны бар емес пе? Онысының қандай дәрі екенін де білмеймін. Сорлының алтын сағаты, жүзігі бар екен. Жаннан тәтті не бар! Ал деп ұсынып тұрған соң оны қиғым да келмейді. Кемпірдің басы ауырғанда ішіп жүретін бірдемелері бар еді. Қимағансып соны бере салдым. Байғұс

қуанып кетті. Ал алтын сағат пен жүзік менің қалтамда қалды... Мұнан қанша дәрі-дәрмек алғаныңды аудан қайдан біледі. Сұраса, бермей қойды дей саларсың. Аласапыранда кімді-кім тексереді?! Алған дәріні пұлдасаң, соғыс біткенше шалқаннан жатып ішіп-жеуіңе жетеді.

– Мен сізді түсінбей отырмын, – деймін.

– Қалтаңа көкала марка түскенде түсінесің! – Тик иегін қағып қойды. – Қалай өткізем деп қам жеме, саудалауың өзіме бер, алатын кісіні де өзім табам. Қалтаңда маркаң болса, бауырым, эммасын, Гиммлердің өзін де сатып аласың. Кәне, келістік пе? Бқыласыңды білдірсең болғаны. Аржағын өзім ептеймін.

– Жанға шипалы аяулы затты құнсыз маркаға қалай киіп айырбастайсың. Жоқ, бұлай болмайды!

– Неге? – деп Тик шошып кетті.

– Бұл соғыс сансыз ажалмен бірге әрқилы дерт те ала келді. Бұл өңірде бұрын ұшыраспаған жұқпалы аурулар шықты, – дедім, Тик түсіне ме деген ниетпен. – Оларды ешқандай маркамен де, алтынмен де емдей алмайсың, науқас адамға дәрі-дәрмек керек!

– Солай де, – деп Тик шегіне түсіп, шалқая отырды. – Кімдерді емдейтінің мәлім болды, фрицтерге жағынып та үлгеріпсің! Мұның тым ерте емес пе? Кейін Совет келгенде қайтесің? Мұнына кешірім бермес.

– Көппен бірге көрерміз.

– Көпті қайтесің, өз басыңа салмақ түсіп жүрмесің!

– Қорқытайын дедіңіз бе?

– Неге, қорқатын сен бала емессің. Әйткенмен көргені бар кісінің ақылын алған жөн. – Тиктің таң атпай бәйек боп жүргенінің мәнісін енді ұқтым. Қазір ол терісіне сыймай шытынап отыр. Тікелейген тікенек сақалдары сексіп, тістері ақсиып, бас салуға әзір тұрған ит секілді, ұсқыны бұзылып кеткен.

– Жөні келмейтін істі болдырам деп қызбаланып қайте-сіз, – дедім орнымнан тұрып. – Совет келгенше сізді куәға қалдырмауыма болады, жандармерия бұл жерден алыс емес. Оларға бір ауыз сөз айтсам жетіп жатыр.

– Ха-ха-ха! – Тик басын шалқайта тастап, қызыл көмейін көрсетіп, қарқылдап күлді. Күлкісі суық. Сояудай

сары тістері әлі бүтін, мүжілмеген, бір-біріне тигенде сақ-сақ етеді. Шүңірек көк көздерін быртыған күс бармағымен батыра сүртті:

– Жігітім, басың піспеген екен. Неміске қызмет көрсетіп жүрген жалғыз өзім дейсің бе?! Сен жалғыз емессің, өйтпейінше бұл күні күн көру қиын. Қаласаң, гестапоның өзіне апар мені. Олар сенен гөрі маған көбірек сене ме деп ойлаймын. Жұрт секілді бүркеншек атпен бұғынбаймын. «Тик» – десең болды, олар түсінеді!

Жаудың тыңшыларынан қашып келгендегі тығылған жерім жансыздың ұясы екенін енді ғана аңғардым. Кісі кейде өзін қаншама сабырлы ұстаймын десе де, кек-ызасы сыртына шығып тұрады ғой.

– Қандай адам екеніңізді таныттыңыз, рақмет сізге, – дедім кекетінді түрмен. – Әуелі құттықтауыма болатын шығар!

Тик мақтауды көбірек сүйетін қатын мінезді адам еді. Мысқыл сөзді ұқпай, төмен қарап, бет-аузы жыбырлап, қолбандап қалды. Мен шапшаң жинала бастадым. Менің кетіп бара жатқанымды көріп, есік алдында дауыстап тоқтатты.

– Сөйтіп, келіспедің ғой, мейлі, солай-ақ болсын! Пікірлес адам екенбіз, сол үшін кешірем. Бірақ, – деді сұқ қолын кезеп, – айтылған әңгіме осы арада қалсын, тісіңнен шығарушы болма! Түсіндің бе?

– О не дегеніңіз, рақмет сізге, кіммен сөйлескенімді білем ғой.

Есіктен шығып бара жатқанда: «Ернінен уызы кетпеген ит неме!» деп, оның быламайлай боқтаған сөзі құлағыма шалынды. Екі-үш басқыштан қатар секіріп, көшеге ытып шықтым. Дала шытымыр аяз екен. Шымырлатып бетті қариды. Боз қырау басқан теректер сүңгіленіп, көкке найзадай шаншылады. Көшеде жүргінші аз. Қару-жарак тиеген жүк машиналары анда-санда зуылдап өте шығады. Машина үстінде бір-біріне тығылып, бүрісіп отырған солдаттар. Әлдеқайдан танкілердің ышқынып гүрілдеген дауыстары естіледі. Жойқын күштер шығысқа қарай беттеп бара жатқан сықылды. Бойымды суыққа үйретіп алған соң аптека басқармасына қарай аяңдадым. Олар көп ұстамады.

Барлық жолдама қағаздарды жиып алды да: «Екі күннен кейін келерсің!» – деп қоя берді.

Астыртын комитет Киевке жүрерде екі адрес берген еді. Комитеттегілердің жобалауы бойынша бұл адамдардың облыстық партия комитетімен тікелей байланысы бар, қайткенмен де оларды тауып, жолығып қайт деп тапсырған. Жолық деген кісісінің бірі кеше кешкісін барған тіс технигі болатын. Оны немістердің ұстап әкеткені мәлім болды. Әйткенмен үміт үзбей, екінші адрессті іздеуге кірістім. Комитеттегілер менің бұл адамды таба қоятыныма күмәнданды ма, әлде сақтық жасағысы келді ме, оның аты-жөнін айтпады. Орталық темір жол вокзалына қарсы үшінші үйдің екінші қабатында тұрады, пәтерінің номері – 40. Есікті қабағы түксиген, шүңірек көз, мұртты кісі ашатын болса, «Кешіріңіз, бас ауруына ішетін дәрі керегі жоқ па?» – деуім керек. Сонда ол: «Құдайға шүкір, әзір денім сау, дегенмен болмас, келіп қалған екенсің бір құтысын алайын, дәрінің зияны болмас» – деп, үйіне кіргізіп алады. Жолығысу шартымыз осындай.

Аптека басқармасы вокзалдан онша алыс емес-ті. Аптекадан шыққаннан кейін вокзалға қарай аяңдадым. Вокзал бұрынғыдай дырду, азан-қазан емес. Іші қаңырап бос тұр. Алыс сапарға баратын жолаушылар отыратын оң жақтағы үлкен залдың бұрышында автомат асынған үш-төрт неміс солдатты тұр. Өздері бір жас әйелді қоршап алған. Әйелге саусақтарын ербендетіп, ыммен бір нәрсені айтып түсіндіргісі келеді. Әйел: «Гут, гут» – деп сытылып шыға берейін десе, олар білегінен ұстап, жібермей, орталарына тартады. Дуылдап күліп, тағы саусақтарын ербендетіп ымдайды. Әйел мені көріп, қуанып кетті.

– Жіберіңдер! – деп жұлқынып, маған қарай тұра жүгірді. Мені қапсыра құшақтап: – Мына иттерден құтқара көріңіз, жабысып қыр соңымнан қалатын емес, – деді. Солдаттар әйелге байланыспады, өздерінше мәз болып қала берді. Вокзалдан ұзап шыққаннан кейін әлгі әйел:

– Сіз қайда бармақшы едіңіз? – деп сұрады.

– Осында дәрі-дәрмек алуға келіп едім. Берген документтерін тексеріп жатыр ма, күттіріп қойды, берсе, ертең Каневке қайта жүремін.

– Жерлесім екенсіз ғой. Мен Трахтомировка селосынанмын. Танысып қояйық: атым – Надежда, ия, Надежда Воронежская, мұнда апамның үйінде тұратын едім. Уақытыңыз болса, келіңіз, осы күні тілдесетін кісі таба алмай зар болдым. Кудрявский көшесі бұл жерден алыс емес.

– Рақмет, уақытым болса соғармын.

Надежда менің күдіктеніп, тартыншақтағанымды сезді ме, өз жайын айта бастады:

– Калинин атындағы заводтың асханасында істеймін. Одан бұрын аяқкіім фабрикасында жергілікті комитеттің председателі болған едім.

– Қазір заводтағы жағдай қалай?

– Бізді асханадан әрі жібермейді. Тыңшылары көп, сөйлеуге қорқасың. Әйткенмен қолдан келген көмегімізді аяғымыз келмейді. Гестапо соңына түсіп жүрген екі тұтқынға біреуі осында шофер, екіншісі экспедитор боп істейді деген куәлік беріп, қудалаудан құтқарып алдық. Олар майдан шегінен өтеміз деп талап қылып жүрген. Онысынан не шыққанын білмеймін. Бүгін құрбымды поезға шығарып салуға келіп едім, әлгі иттер ұстап алып, айрылсайшы, жөн сөзінді ұғатын түрі жоқ, не айтып тұрғанын тағы түсінбейсің. Шым-шытырық заман болды ғой... – Мен жауап қатпадым. Тикпен әңгімеден кейін жүрегім шайлығып қалған еді. Воронежскаяны шығарып салып, қайта оралдым.

Астыртын комитеттегілердің сілтеген үйінің алдында сенделіп әрі-бері жүрдім де қойдым. Кіруге бата алмаймын. Мұнда жай халық тұратын сияқты. Адамдар кіріп-шығып жүр. «Шаңқай түсте несіне сескенем, біреу-міреу тоқтатып сұрай қалса, бір сылтау айтармын, әрі қолда документім бар» деген оймен, бір әйел кетіп барады екен, соған ілесіп үйдің екінші қабатына көтерілдім, 40-шы номерлі есіктің алдына келіп тоқтағанымда, қайдан шыққанын білмеймін, біреу қолымнан шап беріп ұстай алды. Жұлқынып, босанайын деп едім, түйгіштеген жұдырықтар жан-жақтан жауды, «ыңқ» етуге шамамды келтірмей сүйрелей жөнелді. Қораның ішінде жабық машина тұр екен, қол-аяғымды жерге тигізбей, машина ішіне атып ұрды.

– Не жазығым бар? Босатыңдар! – деп тыпырлап жатырмын.

– Айқайлама, – деп, еңгезердей полицай кеудемді тізесімен басып, түйгіштей түседі. – Жалғыз өзің мұнда не бітіресің, большевиктердің барған жеріне жетсең, қайта өзіңе көңілді болмай ма?! Олар коллективті сүйеді! – деп кекетіп, кеңкілдеп күледі.

Машина бірталай жүріп, биік дуалмен қоршалған әйдік қораға келіп тоқтады. Корелленко көшесінің бойындағы үйдің бірі екенін танимын. Үйдің қора жақтағы есігінде ешқандай белгі жоқ. Екі полицай қолтықтап, ұзын коридордың бойымен үлкен бөлмеге алып кірді. Төрде былғары есіктің оң жағында машинка басып отырған әйел:

– Лейтенант мырзаға ма? – деді басын көтерместен қағазға үңіліп. Полицай «Дәл солай» деп өкшесін түйістіріп, сарт еткізді.

– Лейтенант мырза бос емес, онда кісі отыр! – деп, әйел қағазға үңіліп, машинкасын баса берді. Байқаймын, әйелдің басып жатқаны адамдардың ұзыннан-ұзақ тізілген тізімі секілді. Әлден уақытта маңдайшадағы қоңырау шылдыр ете қалды. Әйел шар айнаны бетіне, желке жағына, кеудесіне жүгіртіп, бойын түзеп, тық-тық басып ішке кірді. Көп бөгелмей қайта шықты.

– Кіріңіз! – деп полицайға басын шұлғыды.

Аздан соң мені де шақыртты. Төрде ұзын столдың қақ ортасында бір уыс боп неміс офицері отыр. Мен кірген кезде ол қарсы алдындағы күжірейген кісімен сөзін тыйп, шалқайып, шіреніп отырды. Күжірейген кісі маған теріс қарап отыр.

– Лейтенант мырза, бұл адамды бақылаудағы 40-үйдің дәл есігінің алдынан ұстадык. Ұстаған кезде қатты қарсылық көрсетті.

– Қарсылық көрсетті дейсің бе? – Лейтенант маған сығырая қарады.

– Ия, солай, лейтенант мырза! – деді полицай аптығып.

– Мұның айтып тұрғанының бәрі шылғи өтірік, офицер мырза, сізді алдап тұр.

– Өшір үніңді! – Лейтенант орнынан атып тұрып, столды қойып қалды. – Әдепсіз малғұн, сенімен сөйлесіп тұрғаным жоқ! – деп ақырып қалды. «Айта бер» дегендей полицайға иек қақты.

Айқайдан зәресі ұшқан полицай:

– Ия, сонан соң... Әлгі өзіңіз айтқан тәсілмен анау-мынау жасауына мұршасын келтірмедік, тура осында алып келдік, – деп қыпылықтап қалды.

– Жақсы! – деді лейтенант полицайдың әрекетін құптағандай.

– Дұрыс жасағансыңдар. – Лейтенант маған шұқшия қарап:

– Өзіңіздің қайда келгеніңізді білесіз бе? – деп, өзінің артықшылығын көрсеткісі келді ме, сол сәт сыпайылық көрсетіп, сөзін «сізден» бастады.

– Ия, офицер мырза, мен жандармерия бастығының алдында тұрмын. Фюрердің офицері істің ақиқатына көзі жетер деген үмітім бар.

– О-о, жаман сөйлемейтін көрінесіз. Біз сізді көп ұстамаймыз. Тек мынаған ғана жауап берсеңіз болды: Бұл үйге сізді кім жіберді? Онда кіммен кездеспекші болдыңыз? Қиналсаңыз, жіберген кісілердің аты-жөнін айтпай-ақ қойыңыз. Бірталай жыл бірге жүріп дәмдес болған жолдастарыңыздың атын айту қиын екенін білемін. Бұлай талап қою біздің тарапымыздан әділеттік болмас еді. Бізге қай жерде тұратынын, үйінің адресін көрсетсеңіз жетеді. Көріп отырсыз, отандастарыңыздың алдында сізді қылмысқа итеріп отырған жоқпыз. Жолдастарыңыздың біреуі күдіктенсе, полиция кімнің қайда тұратынын менсіз-ақ біледі деуіңізге болады. Солай емес пе?

– Офицер мырза, кеңесіңізге рақмет. Сәті келгенде бұл айтқандарыңызды есте тұтармын. Сенсеңіз, ол үйде менің ешкімім жоқ. Канев қаласынан келген дәрігер едім, – деп, қойнымнан куәлікті, аптека басқармасының берген қағаздарын шығардым. – Міне, көріңіз, әлгінде басқармаға соғып шықтым.

Лейтенант менің қағазыма жирене қарады.

– Шаруаң болмаса, ол үйге неменеге бардың?

– Өзіңіз білесіз, офицер мырза, дәрігер адам спирт ішімдігіне жақындау келеді. Күні бойы бос болған соң, горилка, самогон табыла ма деп бұрылып едім. Мұндай бәлесін білсем тіріде жолаймын ба?

– Қалаға қашан келдің?

– Кеше кешкісін.

– Түнде қайда қондың?

– Осында, қарындасымның күйеуінің жақын туыстары тұрушы еді. Сонда түнедім.

Лейтенант мені жаналқымға алып тергеп жатқанда, манағы күжірейген кісі дереу басын көтеріп:

– Офицер мырза, бұл кісі біздікіне қонып шыққан, – деді.

– Тик! – Бұл сөздің аузымнан қалай шыққанын сезбей қалдым.

Офицер де оған жалт қарады.

– Сіздің үйде қонды ма? – деді таңданған пішінмен.

– Тап солай, офицер мырза! – Тик немістің алдында өзінің қадірлі кісі екенін танытқысы келгендей офицерге ұқсап, шірене отырып: – Мен оны сынап көргенмін, – деді.

– Солай де, онда әңгіме басқа, – деп офицер өні өзгеріп, есік алдында қаздып тұрған полицайға ақырды:

– Ақымақ ит, адамды ажырата алмайсың! Көрінгенге құпияны ашасың, сені өлтіру аз, сен семіз иттен сабын жасаймын. Алып кетіндер! – Перде тұтқан есіктен еңгезердей екі неміс шықты да, полицайды сүйрелей жөнелді.

– Тақсыр, офицер мырза, – деп, полицай жалынып бірдеме демек еді, анау екеуі мұршасын келтірмеді. Лейтенант қалтасынан орамалын алып, маңдайын сүртті.

– Сізді есті кісі деп білем. Егер мұндағы болған әңгімені тісіңізден шығарсаңыз, біттім дей беріңіз. Жер астына кірсеңіз де, суырып алам! Ұқтыңыз ба? – деді.

– Құдай сақтасын, – дедім қолымды ербендетіп.

– Сенсеңіз, мен ешнәрсені түсінгенім жоқ.

– Түсінбегенің жақсы!

Жандармериядан шыққаннан кейін тура Дарницаға тарттым. Мұндағы ісім сәтсіз болған соң Иринаға жолығайын деп ойладым. Ол өзінің адресін тастап кеткен еді. Үйі станцияның бойында екен. Шатырлы шағын үйге кіргенімде, алпысты алқымдаған қария бұрышта шұқшиып, табаны қақыраған ескі етікті ұлтандап отыр екен. Қалың көзәйнегі мұрнының үстіне салбырап түсіп кеткен.

– Ирина Кравченко осы үйде тұра ма? – деген сауалға бірден жауап қатпастан басын көтеріп, көзәйнегінің үстінен қарап алды.

– Осында тұрса қайтеді? Өзің кім боласың?

– Переяславтан келіп едім. Жолым түскен соң амандығын біле кетейін деп едім.

– Жерлесі екенсің ғой, келгенің жақсы, балам, түрегеп тұрмай, отырсаңшы, – деп, қарт күйбендеп орнынан тұрды. Плитканың дөңгелек қақпағын ашып, қара шәйнекті отқа сырғытып қойды.

– Жау шапқан жерден жаялық та табылмайды ғой. Сонда да магазин жаққа барамыз деп кемпір екеуі кетіп еді. Неменеге бөгеліп жатқанын білмеймін, әлі жоқ, келіп қалар, отыр.

– Өуре болмаңыз, жолда көрсем, жолыға кетермін, – деп көрісуге асығып, рақмет айтып үйден шықтым. Қартпен әңгімелесуге зауқым соғып тұрса да, Иринаның астыртын ұйымдармен байланысы бар шығар, бәлкім, бұлардың да ізіне түсіп жүрген болар, күдікті қоюлатып қайтем деп ойладым.

Иринаны вокзал маңында кездестірдім. Мұнда вокзал деп ауыз толтырып айтарлық дәнеңе жоқ. Жалғыз үй. Ирина бейтаныс адаммен кездескендей жүре сөйлесті.

– Өткен түні аупарткомның секретары қаладан келіп еді. Осында комитет мүшелерімен жолығыспақ болатын. Мәжіліс жүріп жатқан кезде фашистер келіп қоршап, ұстап әкетті. Мәжілістің болатынын қатысушылардан басқа ешкім білмейтін еді. Әйтеуір солардың бірі опасыз адам болып шықты. Қайсысы екенін білмейміз. – Ирина жолаушыға жол көрсеткендей айдалаға қолын сермей сөйледі.

– Уақытыңыз болса, ертең соғыңыз. Қазір бәріміз бірдей әшкерелендік пе? – деген үлкен күдік үстіндеміз. Аңдып, ізімізге түссе, сізді қатерге ұшыратып жүрермін.

Ертеңіне уәделескен жерге бардым, Ирина келмеді. Станцияның маңында немістердің тұтқын лагері болатын. Иринаның атасы темір торды сығалап, лагерьді жағалап жүр екен. Мені көріп:

– Иринаны немістер алып кетті! – деп, кемсеңдеп жылап жіберді.

КЕК АЛУШЫЛАР

Село үсті азан-қазан. Адамдардың дабыры, әйелдердің дауыс шығарып жылағаны, балалардың өксігі – бәрі қосылып, селоны басына көтеріп барады. Әлдекімдердің:

– Жалғызым, сені қалай қиып берем, жат жұртта күнің не болады? Қандай күйге түсесің?! – деп жылап-сықтағаны;

– Папасының көзі бар деп тірек тұтып жүр едік. Сен де жат елге кетіп барасың, құдай-ау, не жаздык, бордай тоздык қой! – деп, баласын құшақтап зарлағаны естіледі.

– Жә, босқа жыламандар, көздің жасы көңілге медеу болушы ма еді, жалғыз бұларға емес, ел басына келген қасірет қой, құдайдың жазғанын көрер көппен бірге, – деп, өзі өксігін баса алмаса да, жұртты жұбатып жүргендер де кездеседі.

– Германияға жөнелтпестен бұрын осында жұмыс істеткізетін көрінеді. Бәлкім, оған дейін Қызыл әскерлер келіп қалар – деп қайсыбіреулері дәме тұтады.

– Елдің ересегі соғыста қырылса, қалған ұрпағын немістер тағы жояйын деген екен. Бұл – елді елдіктен қалдырайын деген дұшпанның түпкі ойы ғой! – Менің қасымда тұрған Проценко шулаған жұртқа қарап, көзінің жасын жұтып тұр. Зоя Проценконың қолтығынан қапсыра құшақтап, бірге еріп келе жатқан. Өзінде түр-түс жоқ, дірілдеп Проценкоға тығыла түседі.

Менің Киевтен оралғанымға бірталай уақыт болған. Ол жақтан әкелген дәрі-дәрмектерді көрші селода тұратын қарындасымның үйіне тықтым да, Киевте бастан кешкен оқиғаларды астыртын комитеттің мүшелеріне баяндап бергем. Сол мәжілісте Кирилл Розовик совет жастарын Германияға жөнелтуге немістердің әзірлік жасап жатқан құпиясын жеткізген болатын. Сол кезде жұртты бұл дүрбілеңнен алдын ала сақтандырған едік. Барлық жерге листовкалар тараттық:

– Құрметті отандастар, құрметті ата-аналар! Неміс басқыншылары ел басына тағы ауыр қайғы-қасірет әкелгелі отыр. Олар біздің болашағымыз, үмітіміз – жастарды Германияға жөнелту үшін әзірлік жасап жатыр. Ұл-қыздарыңды Германияға жіберуге қарсы аттаныңдар!

Немістердің алдамыш үгітіне сенбендер, кеткен балаң Германиядан қайтып оралмайды. Балаларыңызды құтқару өздерінің қолдарыңызда! Неміс басқыншыларына өлім келсін!

Листовкадағы сөзді әркім өздерінше түсінді.

– Алтын төгіп қойса да, Германиясына кім барады, қыстайды дейді, қыстап істеткен жұмыста береке болушы ма еді. Мұның бәрі жай сөз шығар, – деп, еркін өмірге үйреніп қалған жұрт әуелде сенгісі келмеді.

– Германияға жастың бәрін жібере бермейтін көрінеді. Ықыласы болмаса қалып қалады екен!

– Бәсе, солай болар. Немістердің өздері орын таппай қысылып отырғанда, өңшең кірмелерді шубатып қай жеріне сыйдырады! – деген сыпсың сөздердің аяғы бүгін жылаусықтауға тірелді. Екі селоның бір топ жастарына шақыру қағаз келіпті. Қағазда қайда баратыны көрсетілмеген. Бірақ өзімен бірге қандай заттарды ала шығу керек екені көрсетіліпті, ақыры қасық пен шұлғауға дейін айтылған. Ыдыс-аяқтың темірден не қалайыдан болғаны жақсы деп кеңес берілген.

Астыртын комитет бұл күндері қауырт жұмыс үстінде еді. Бұл кезде Иван Кузьмич Примак пен Қасым Қайсенов басқарған Чапаев атындағы отряд пен Емельян Демьянович Ломако басқарған Шевченко атындағы отряд бірігіп қимыл жасап жатқан. Екі отрядтың қатарын сенімді адамдармен толықтыру, қару-жарақпен жарақтау – міне астыртын комитеттің жұмысы осы болатын. Бұдан бірекі күн бұрын маған Лена келіп кеткен еді. Ол астыртын комитет немістердің бұл жолсыздығына қарсы әрекеттер дайындап жатыр деген-ді.

– Қандай әрекеттер жасамақ екен? – деп сұрағанымда Лена:

– Дәл айта алмаймын, Примак пен Ломаконың сөзінен аңғарғаным: бұл операцияны «Вася» басқаратын көрінеді. Бұл іс соның ғана қолынан келеді деп жатты. Ал Вася дегені қандай адам екенін білмедім.

Примактың отряды Мироновка, Ржищев аудандарында немістің зықысын шығарып, шағын гарнизондарға шабуыл жасап, әскери эшелондарын қиратқанын, немістердің

азық-түлік қоймасын жойғанын Ломакодан талай мәртебе естіген едім. Елден елге тараған осы істердің бәрі «Васяның» есімімен аталатын. Вася деген кім? Оны ешқайсымыз білмейміз. Ленаның айтуына қарағанда, отрядтағы біреудің бүркеншек аты секілді. Сол Васяны көруге өзім де ынтық едім. Лена сөзін жалғастырды.

– Қалай ойлайсыз, Алексей Васильевич, меніңше, «Дядя Вася» – нақ сондай қарт адам болмауға тиіс. «Дядя» деуі жасына емес, ісіне қарай қойылған ат па деймін.

– Бекер басынды қатырып қайтесің? Асықпасаң, оны да көрерсің. Вася енді осында екен ғой.

Лена бір сәт үндемей отырды да, келген шаруасына көшті. Оның айтуына қарағанда, бүгін кешкі тұрым қару-жарақ тиеген әскери эшелон Харьковке қарай өтетін көрінеді. Әрбір тайпақ вагонның үстіне күшті күзет қойылған. Маңына кісі жуытпайды. Вагондардың доңғалағын тексеріп өткен жолшының жорамалдауынша, брезенттің астындағы дөңкигендер танк секілді. Астыртын комитет партизан отрядтарына осы эшелонды жою жөнінде ұсыныс жасапты. Диверсиялық топты Вася басқарып кеткен. Атыс кезінде немістер алдына полицейларды алдап салатыны белгілі. Астыртын комитет бұл жайды арнаулы тапсырмамен жүрген Проценкоға ескертіп, ол бұдан бір күн бұрын біздің селоға келген еді. Балаларын жөнелтетін адамдардың көңіл күйін, жалпы елдің бет әлпетін байқап қайтамын деген сылтаумен шыққан. Оның мұнысын полиция бастықтары мақұл көрсе керек.

Проценко Зояның шашын сипап тұрып:

– Жылама жаным, – деп, оның бетінен аққан бүртік жастарын алақанымен сүртті. – Бәрі де оңалар, бұл күнгі қасіретті де ұмытармыз...

– Ондай жақсылық біз жоқта болатын шығар, – деп күрсінді Зоя. Ол бір сәт үнсіз тұрып:

– Гриша, күйеуге тиген қыздарды Германияға жұмысқа жібермейді дейді, сол рас па? – деді.

– Оны саған кім айтты?

– Көрші Працканың қызына шақыру қағаз келіп еді, ол «күйеуі бар, тұрмысқа шыққан» – деп, старостадан қағаз

апарған екен, немістер шақыру қағазын өздері қайтарып алыпты ғой.

– Әй, Зоя-ай, әйел бола қалсаң алмайды деп ойлайсың ба? Қатын болсаң да, бұдан құтылу жоқ, – деді Проценко. – Бұларға жұмысқа жарамды адам керек, әйел немесе қыз екенін не қылсын, жұмыс істесе болғаны емес пе?

Зоя: «Жүріңіз, балаларды шығарып салайық!» – деп, шулап, жылап бара жатқан жұрттың соңынан ерді. Проценко Зояның қолынан ұстап қатарға қосылғанда, немересін құшақтап, көзінің жасын тыя алмай егіліп келе жатқан сары кемпір Зояға шақшия қарады:

– Әй, мына қатынға не жоқ, жарамсақтарға жағынсам, жаным қалады дей ме екен! Бүйтіп арын сатып алған жаны құрсын!

Мен бұл кемпірді қайдан көрдім екен деп ойладым да, тани кеттім. Баяғыда Лена маған алғаш келген кезде Степан дейтінмен айтысып отырған Дария деген кемпір екен.

– Осы опасыз иттер болмаса, немістер кімнің үйінде бала барын қайдан біледі, жатырында жарымағандардың ісі ғой бұл!

Кемпірдің Зояға тиіскен боп, аға полицай Проценконы сілеп келе жатқанын Проценконың өзі де, мен де сезіп келеміз. Проценко жұрттың алдында Дарияның бұл масқарасынан ақталғысы келді ме:

– Әй, шеше-ай, бекер бажылдай береді екенсіз. Немереңіз ешқайда бармайды, қайтады! – деді.

– Сен ит жұрттың торайын тонап, жас қыздың басын айналдырғаннан басқа не білесің?! Сәуегей бола қапсың ғой, адыра қал, – деп, Дария бүгілген саусақтарының арасынан бас бармағын қылтитып көрсетті.

– Сірә, баланың қызметі неміске жаққан-ау, өзін де шошқадай қып бордақылапты! – деп, біреу іліп кетті.

Бұлардың сөзін естіген бір әйел алдыңғы жақтан әдейі бұрылып келіп:

– Неміс табанын жалатпаса, бұларға не берсін, жұрттан тонап алған азық-түлікке семірген ғой бұл иттер! – деп, әлгілердің сөзін қоздыра түсті.

Проценко терісіне сыймай булығып, қатты шамданды. Зояға: «сен жүре бер» деп, шынтағынан итерді де, өзі

менің қасыма келді. Біз Шпиталь екеуміз шулаған жұрттың соңында Вася бастаған диверсиялық топтың жайын әңгімелеп келе жатқанбыз.

– Әскери эшелон өтерде немістер жолды өздері күзетіп, қатты бақылауға алушы еді. Бос паровоз жолды тексеріп, ары-бері жүріп тұрады. Сірә, біздің жігіттердің әрекеттерінен нәтиже шыға қойса жақсы-ау, – деді Шпиталь.

– Штабта жоспар жасаған кезде мұның бәрін ескерген болар!

– Алексей Васильевич, ақырын сөйлеңіз. – Шпиталь Проценконы көріп, жеңімнен тартып қалды.

Ашуға булыққан Проценко келе сала маған тиісті:

– Алексей Васильевич, қандай жаза қолдансаңыз да мейлі, бұдан артық шыдай алмаймын, жұрттың көзіне осынша уақыт алапес болып көрінгенім де жетер, күйзеліп біттім. Бәрін тастаймын да, отрядқа кетемін. Мені енді қинамаңыз.

– Сізге тапсырманы мен бергенім жоқ, астыртын комитет берді, солардан рұқсат сұраңыз. Оны маған несіне айтасыз? – дедім, бұл сөздердің маған мүлде қатысы жоқ секілді.

– Комитетке сіз барып айтыңыз!

Мен Проценконьың соңғы сөзін естімегенсідім:

– Кешкісін саған қалаға жүруге тура келеді. Мен де барып қайтпақшымын. Дүмпуді өз көзіммен көргім келеді. Әрі екеумізге тапсырылған жұмыс бар. Фрицтер тіпті еркінсіп кетіп еді, бұдан соң аяғын тарта басар. Әзірге қош-сау бол, дүкеншінің үйінде кездесетін болайық.

– Жақсы, Алексей Васильевич, – деді Проценко райынан қайтып. – Жиналу пунктіне өз адамдарымды қоярмын. Алдын ала қам жасамаса болмас.

– Полицайда қызмет істейтін сенімді адамдар бар деп едің. Сол осы жігіт пе еді? Баяғыда біздің үстімізден жансыздың жазған қағазы осының қолына түскен екен ғой, – деді Шпиталь, кетіп бара жатқан Проценконы иегімен нұсқап. Мен үндемедім. Ол да тақақтап сұрамады. Сол күні кешкісін жасырын жолығысып жүретін үйде Проценкомен кездестім.

– Станцияға барып қайттым, жұрт жайбарақат жүр, өзгеріс жоқ секілді, – деді ол. – Бүгін түнде график бойынша

шығысқа қарай екі поезд өтеді. Бәлкім, соның бірі болар...

– Поездың аз өтуі қалай?

– Алдыңғы бір жерде көпір бұзылған дей ме, әйтеуір бұрын өткен поездар үйіріліп тұрса керек.

– Бізден басқа адамдар да қарап жатқан жоқ екен ғой!

– Бір жолшымен сөйлесіп едім, – деді Проценко көтеріле сөйлеп, – көпірді біреулер бұзып кетіпті деді. Бірақ олар біздің Васяның бір өзінің жасағанындай әрекеттер жасай алмас!

Проценко да мен секілді Васяны көрген емес. Бірақ мен оның мақтаныш сезімін қайтармайын дедім. Түн ортасында қатты дүмпуді естіп, екеуміз де далаға жүгіре шықтың. Қызыл жалын аспанға лап етіп көтерілді де, соң жүргендей күркіреген зор үн естілді. Қара жер дір-дір етеді. Сәлден соң дүниенің бәрі мүлгіп, айнала төңірек жым-жырт бола қалды.

Қараңғы тыныштыққа құлақ түріп тұрған Проценко:

– Дауысы қатты шықты, сай түбіне омақаса құлады ғой деймін. Дөңкіген танкіден қаусаған темірлер ғана қалған шығар! – деп риза боп тұрды. Осы кезде сиренаның ащы үні естілді. Қала іші астан-кестен болды да қалды. Әр жерде машинаның, мотоциклдің оттары жарқылдап, айқай көбейді. Танктер де қозғалды. Бәрі дүмпу шыққан жаққа қарай ағылып барады.

– Бұлар кіммен соғыспақ? Әлде қызылдар десант түсірді деп қорқып жүр ме? – деп таңданды Проценко.

– Немістердің әбігерленгеніне қарағанда, өздеріне соққы қатты батқан сияқты. Дүрлігу түрлері жаман! – дедім мен.

– Әкесінің үйін жайлағандай жағасы жайлауға кетіп, қаннен қаперсіз жатушы еді, Вася бұлардың әкесін танытты. – Проценко кепкасын желкесіне ысыра киіп, екі қолын бүйіріне таянып, аса бір ризашылық білдіреді.

– Гриша, біз неге тұрмыз, әлгі шаруаны ұмыттық па?

– Қам жеменіз, Алексей Васильевич, қазір мен оларға белгі берем, сонсоң бәрі орнына келеді! – Ол қосағымен екі қызыл ракета жіберді. Переяславта әскери гарнизон бар, әр мезетте ракеталар атылып жатады. Сондықтан ба, атылған ракетаға ешкім мән бермеді. Ракета атылған кезде біреу жарыса аспанға жарқырауық оқ жіберді. Сол мезетте

орталықтағы үйдің тұсынан жалын көтерілді. Үлкен үй оттың астында қалды. Күзетші немістер не істерін білмей, айнала зыр жүгіріп жүр.

– Тізім жойылды, жігіттер мен қыздарға үйлеріңе қайта бер деуге болатын шығар. Шақыру қағазын қайта жіберіп, жиып алғанша, тағы бір амалын табармыз, – дедім мен.

Проценко екеуміз сол түні селоға қайта оралдық. Ертен тергеу жүре қалғандай болса, Проценко селодан шықпаған болады. Селоның тұсына жақындағанда, әскери эшелонды қиратуға қатысқан Василий Диченконы жолықтырдық. Ол болған істі бастан-аяқ айтып берді. Оқиға былай болыпты.

Жетінші километрдің тұсында жол терең өзекті айналып, бөктерлей өтеді. Өзектің екі жақ кемері жарлауыт та, етегі ит тұмсығы өтпейтін қалың тоғай. Тоғайдың іркілген шалшық суы темір жолдың табанына салынған цемент құбыр арқылы ағып жатыр. Темір жолдың арғы беті жазық. Онда күзет үйлері бар. Қопарғышты қай жерге қою оңтайлы дегенде, Вася осы айналма бұрылысты ұсынады. Кейбіреулер күмәнданады.

– Айналма тұста күзет күшті. Етекпен рельске дейінгі жер үстірт, әрі жалаңаш, бой көрсету қиын, бекерге шығын шегіп қалмасақ, жарар еді, – деседі олар.

– Басқа жерде ауыр составты түгелдей қирата алмаймыз, бұдан оңтайлы жер жоқ, – дейді Вася. Ол не айтса да теріс дейтін кім бар, бәрі көнеді.

Бірақ бұлардың өзектегі тоғайға жетуі қиынға соғады. Тоғайдың төңірегі ток өткізілген сым темірлермен қоршалып қойылыпты. Дөң үстінен айналаның бәрі күзетшіге айнадай көрінеді. Қас қарайған кезде қопарушылар зор қиыншылықпен тоғайдың шетіне ілігеді. Азырақ тынығып алғаннан кейін еңбектеп құбырға қарай беттейді. Құбырдың ішінде бүкшиіп, суға малынып бірнеше сағат бойы отырады. Күзетшінің жүрген тықыры, қарауыл үйіндегі солдаттардың дабыры естіліп тұрады.

– Вася, не істейміз, бүйтіп отыра берсек, қопарғышты салып үлгіре алмаспыз, эшелон өтіп кетіп жүрер, – деседі.

– Эшелон енді ешқайда өте алмайды, әбігерленбеңдер! – дейді Вася қолын сермеп. Сол сәтте Васяның не ойлап отырғанын ешкім білмейді. Жол үстіне ұзыннан-ұзақ мол

жарық төгіп, паровоз жалғыз өткенде, Вася қысқа бұйрық береді:

– Қазір мина төсеуші менімен бірге жүреді. Диченко, күзетшіні саған табыстаймын. Алдын орағытып өт те, қасына келгенде дыбыс бер. Ол саған бұрылып, алаң болған кезде ту сыртынан мен де қадалармын. Қорықпай, батыл қимылда. Біз күзетшімен айналысқанда мина қоюшылар шаруасын бітірер. Іске сәт, кеттік!

Барлық операция шапшаң жүргізіледі. Вася күзетшіні өлтіріп, сай түбіне түскенде, мина қоюшылар да істерін тындырып оралады.

– Екі жерге қойдыңдар ма? – деп сұрайды Вася.

– Дәл солай, жолдас командир!

– Мина қатар жарылатын болды ма? Сонда паровоз екпінімен барлық составты ала кетеді.

– Дәл солай, жолдас командир.

Осы мезгілде сартылдап келе жатқан поездың хабары білінеді. Жүрек алқымға тығылады. Кейбіреулер тықыршып, келе жатқан әскери эшелонды қарағысы келеді.

– Бас сұғушы болмандар, әйтпесе қираған вагонның астында қалып жүрерміз. Эшелон қираған кезде тысқа шығамыз. Түсіндіңдер ме? – дейді Вася. Васяның айтқанының бәрі дұрыс болады. Поезд пысылдап жақындап келеді. Әп-сәтте аспан айналып жерге түскендей шатыр-шұтыр ете қалады. Қос паровоз бүкіл вагонды соңынан ертіп, доңғалақтары аспанға кете құлайды.

– Вася қандай кісі? Өзі былай, денелі, үлкен кісі ме? – деп Проценко әуестене сұрады.

– Қалай десем болады, кәдімгідей адам, денесі сен қатарлы, бірақ сәл бойшандау.

– Жігіт екен!

– Өздерің дүмпудің қалай болғанын естідіндер ме? – деді Диченко.

– Естігенің қалай, бәрін өз көзімізбен көріп тұрдық. Әсіресе, немістердің дүрліккенін айтсаңшы, өздерінің де естері шығып, берекесі кетті-ау. Сірә, қызылдар десант түсірді деп ойлап қалды ма, танкілерін де сендерге қарай шулатты ғой, – дедім мен.

– Ол кезде біз орманда болатынбыз.

Проценко да қарап тұрмай, мақтанғысы келді:

– Бұл түні біз де фрицтердің қытығына тидік. Гебит комиссардың, комендатураның үйлерін өртеп жібердік. Сөйтіп Германияға баратындар тіркелген тізімдерді жойдық. Жастарды екінші жолы шақыртып, қайта жинағанша, тағы бірқыдыру уақыт өтер. Аржағын тағы көрерміз.

– Жастарды құтқару – эшелондарды қиратқаннан маңыздырақ шығар. Бір ананың көз жасының өзі талай эшелонның құны емес пе? Сіздер де көп жұмыс бітіріп қайтқан екенсіздер. Құттықтаймын, – деді Диченко шын ықылас білдіріп. Біз селоға жеткенде, оралған немересін құшақтап бара жатқан Дария жолықты:

– Ей, балам, кеше немерең оралады деп едің, аузыңның дұғасы бар екен, айтқаның келді, бері келші, бетіңнен сүйейін! – Ол құшағын жайып Проценкоға ұмтылды. Проценко сомадай боп бетін тосты, өзі еңкілдеп күле береді. Екі күннен кейін немістердің әскери эшелоны талқандалғаны жөнінде Үлкен жерге хабар берілді.

Онда ешкімнің аты аталмады, немістердің танк полкі адам құрамымен жойылғаны, ол полкты Вася деген бүркеншек атпен жүрген Қасым Қайсеновтің жойғаны да айтылмады...

Майданда ерліктің бәрі тіркеле бермейді. Оған ешкім өкпе айтпайды, өйткені соғыс заңы солай.

ҚАР ҮСТІНДЕГІ ҚАН

Біз Проценконы асықтыра бастадық. Астыртын комитеттің жоспары бойынша Проценко өз тобымен Переяслав қаласындағы полиция батальонын қарусыздандырып, орманға кетуге тиіс. Мұндағы мақсат полиция батальонын жою ғана емес, сонымен бірге неміске қызмет етіп жүрген адамдарға үрей туғызу, араларына ірткі салу, Отан алдында опасыздық жасаудың кешірілмейтінін сездіру еді. Астыртын комитеттің арнаулы тапсырмасын алып, Дмитрий Никитич Яковец Переяславқа кеткен болатын.

Яковец соғыстың алдында Григорьевка селосындағы орта мектептің директоры болып істеген. Ал Астыртын комитет сол Григорьевка селосына орналасқан еді. Яковецке жұрттың көзіне көп түсе берме деп насихат еткенбіз. Жарты жыл бойы жоқ боп кеткен кісінің қайта оралуын кімнің қалай ұғарын білу қиын ғой. Переяслав қаласынан қайтарда ол Григорьевкаға бармай, жол үстіндегі біздің Козино селосына соғып, ондағы жайды маған айтпақшы еді. Оның хабарын комитет мүшелеріне мен жеткізбекші болатынмын. Яковецтің келуін асыға күтіп отырғам.

Түс әлетінде есіктен екеу кірді. Біреуін танимын: көрші селода астыртын комитет мүшесінің үйіне тығылып жүрген Николай Михайлович Попов деген еврейге ұқсас жас жігіт болатын, сол екен. Екіншісі – шомбал қара біреу.

Именбей, алшандай басып, төргі бөлмеге келіп, менің қолымды алып:

– Танысып қояйық, атым Вася! Сіздің атыңыз кім? – деді.

– Алексей Васильевич, фамилиям Крячек, – дедім, өзімді таныстырып.

– Дәрігерсіз ғой?

– Ия.

– Жұмыс істегеніңізге көп болды ма?

– Неге тұрсыздар, отырыңыздар, – деп қонақтарды жайластырып, берген сұрақтарына жауап беріп жатырмын. – Қалай дейін, көп те, аз да емес, институтты бітіргеннен бері қызмет істеп келемін ғой, биыл үшінші жыл.

– Тәжірибе мол ма?

– Оны қайдан білейін, әйтеуір өз бетімізше жұмыс істеп жатырмын ғой, – деймін. Ол өзінің сақтығына басып, басқа бөлмені көруге кеткенде, Поповтан:

– Николай Михайлович, тақақтап жан алып бара жатқан мына қаба сақал цығаның кім? – деп сұрадым.

– Тсс-сс, ақырын, – деп, Попов саусағын ерніне апарды. – Бұл кісі цыган емес, қазақ, Үлкен жерден арнаулы тапсырмамен әдейі келген адам.

– Аты кім өзінің?

– Қасым Қайсенов деген кісің осы болады.

– Вася деген бүркеншек атпен жүрген осы кісі ме еді, естуім бар, ия-ия, солай, жаңылмасам, Ломаконың аузынан

есіттім ғой деймін. Немістің эшелонын қиратқан осылар ғой.

– Сол кісі осы болады! – деді Попов тағы да.

– Николай, неменеге сыбырлап тұрсыңдар, сөздеріңді немістер естіп қояды деп қорқасыңдар ма? – деп Қайсенов қарқылдап күліп, біздің қасымызға келді.

– Вася, отырыңыз! – деп, аты-жөнін білген соң жаным қалмай жүр. Құмыраның аузын ашып, қияр мен помидорды турап та жібердім. Дастарқан үстіндегі әңгіме қысқа болды. Ел арасында есімі аңызға айналған адаммен сөйлесу үлкен қуаныш, ләззат қой. Қайсенов асығыс екен.

– Киевтен көп дәрі-дәрмек әкелді деп естіген едім. Жаңылыс айтып отырған жоқпын ба, Алексей Васильевич? – деді.

– Жоқ, Вася, алып келгенім рас.

– Қаншасын жараттыңыз?

– Азын-аулағы жұмсалды, қазір аурулар, жаралылар көп қой, емдемесе болмайды, – дедім мен жайды түсіндіріп.

– Біздің партизандарға оқ-дәрі қандай қажет болса, дәрі-дәрмек те сондай керек. Үнемдеп жұмсаңыз, зәру боп қап жүрмейік.

– Жаксы, – дедім мен басымды изеп.

Қайсеновтер кеткеннен кейін үйде елегізіп отыра алмадым. Далаға қайта-қайта шығып, қала жаққа көз тігемін. Яковец бүгін оралмақшы болатын. Бірақ ол бұл күні де, ертеңінде де келмеді. Өзі ұсталып қалды ма, әлде Проценконың тобы бір бәлеге ұшырады ма? Кешікті ғой, – деген ой мазалайды мені. Әрі-сәрі күйде отырғанымда, үшінші күн дегенде, қас қарая өзіміздің байланысшы қыз Лена жетіп келді. Тұмшалап байлаған орамалын лақтырып тастап, бір ожау суық суды сіміріп алды да, отырмастан:

– Алексей Васильевич, – деді маған сүзіле қарап. – Яковец әлі келген жоқ па?

– Келсе, өзім-ақ хабарламаймын ба? – деп, өзімнің де күйзеліп отырғанымды сездіргендей болдым. Ленаның қабағы түсіп кетті.

– Ендеше, жағдай қиын болды. Біз Яковец құтылған екен деп ойлаған едік.

– Не боп қалды, айтсаңшы жұмбақтамай? – дедім мен бір жайсыз жайдың шетін байқап.

«Мені кім аңдып, ізіме түсіп жүр дейсің. Тығыла-тығыла жолдастардан да ұят болды. Сақтанғанмен жан қала ма? Мен секілді мұғалімдердің бірқатары бос жүр ғой, қайсы-бірін ұстап жатыр. Мен де солардың бірі емеспін бе?» – деп өзіне-өзі демеу берген Дмитрий Никитич Яковец тапсырманың асығыстығын ойлайды да, жолда маған соқпай Григорьевкаға тіке тартады. Ол магазиннің алдын кесіп өтеді. Оның іші-сырты толған адам. Солармен бірге Лена да болады. Яковец магазиннің тұсынан өте бергенде, полицай қол бұлғап тоқтатады.

– Әй, ақымақ, бері кел!

Яковец енді не істеймін дегендей Ленаға бір қарайды. Қалтасында наған мен жұртқа тараған листовканың тексті болмаса, сескенбес те еді. Не істеу керек? Полицайдың сөзі басқа біреуге айтылғандай, Яковец елемей өз бетімен аяндап жүре береді.

– Әй, малғұн, мен саған айтып тұрмын. Саңыраумысың өзің? – деп полицай, соңынан жүгіріп, мылтықты үстінен асыра атады. Яковец енді бұлардан құтылмайтынын біледі. Нағанын суырып алып, жалт бұрылады да, далақтап жүгіріп келе жатқан полицайды басып қалады. Полицай қалпақтай ұшады. Енді мұның соңына екі неміс солдаты және бірнеше полицай түседі. Яковец селоны орағыта батпақты көлге қарай бұрылады. Лена олардың қарасы үзілгенше қарап тұрады. Оның айтуынша, атылған оқтың дауысы көпке дейін, ымырт жабылғанша басылмайды.

– Сөйтіп жете алмап па? – дедім мен шыдамай.

– Ұстауын ұстай алмапты, – деді Лена. – Бірақ қашқан кезде пальтосын батпаққа тастап кетіпті деп естідік. Қалтасында қағаздары болмаса жарар еді. Ия, айтқандай, бүгін машина толы жандармдар Харьковец селосына кетіпті деп есіттім.

– Ол селода кімдер бар еді?

– Астыртын ұйымнан ешкім жоқ. Дмитрий Никитичтің семьясы сонда ғой...

– Оның үй-ішіне күдік келтіру үшін бір себеп керек емес пе?

– Қайдан білейін. – Лена бір сәт үнсіз отырды. – Пальтосынан бірдеңе тапты ма деп күдіктеніп отырғаным да сол ғой...

Лена екеуміз бірталай уақыт үнсіз отырдық. Екеуміз де аяқ астынан дұшпанға кезігіп қалған жолдастың тағдырын ойлаймыз, оның басын торлаған бұлтты қалай сейілтсек екен дейміз.

– Мен өз тарапымнан жігіттерге айтып көрейін. Алдымен Яковецтің қайда екенін анықтау керек. Ал өздерінде жаңалық болса, хабарлап тұрасындар, – дедім мен Ленаға.

... Соңғы апта астыртын ұйымдағы адамдар үшін аса ауыр күйде өтті. Үсті батпақ пен суға малынған Яковец: «Бөгде кісі тез көзге түсе қалатын село емес, қанша айтқанмен қала ғой», – деп Переяславқа қарай тартады. Бірақ қала ішіне енуге батылы бармай, бір үйдің есігін қағады. Орта жастағы әйел есік ашады. Яковецтің түрін көріп, шошынған әйел:

– Сізге кім керек? – деп, есікті қайта жаппақ болады.

– Бір сәт тоқтай тұрыңызшы, – деп жалына отырып, Яковец ойдан шығарған оқиғасын баяндай жөнеледі.

– Жолдастармен бірге базар аралауға шығып едік. Самогон ішіп, мас болған кісі оңа ма? Жолда төбелесіппіз. Сонсоң тағы да отырып ішкенімізді білемін. Бір кезде көзімді ашсам, шалшықта жығылып жатырмын. Жолдастарымның бірі жоқ, сірә, оларға тіл тигізіп алсам керек... Ең болмаса үсті-басымды кептіріп, жылынып шығуға рұқсат етіңіз, мына күймен үйге бару да ыңғайсыз...

Әйел селқостау түрмен, үнсіз үйге кіргізеді. Түпкі жақтан еркектің өктем дауысы естіледі:

– Ей, қатын, кіммен сөйлесіп жатырсың? Қонақ па? Кіргіз-кіргіз. – Сәлден соң қолын қалтасына салған үй иесінің өзі бөлмеден шығады. Әуелі Яковецке сұстана тұнжырай қараған ол, аздан соң жүзін жылытып, көзі күлімдей бастайды:

– Бауырым, қайдан жүрсің?

Яковец әйелге айтқан сөздерін бұған да қайталайды. Үй иесі Яковецтің қисынсыз сөзіне сенгендей пішінмен:

– Арақ шіркіннің кейде кісіні құтыртып жіберетін ашуы бар, байқап ішпесе болмайды, оқасы жоқ, өткен іске өкінбе. Клава, – деп әйеліне дауыстайды.

– Тегенеге ыстық су құйып бер. Жуынып-шайынып алсын. Үйде осындайда жылына қоятын горилкаң да болмайды, қой, мен көршілерге барып қайтайын, – деп үй иесі самогон іздеп кетеді. Оның тез шығып кеткенінен сезіктенгенмен, Яковец не де болса ақырын күтейін деген оймен сырт киімін ауыстырып, жуына бастайды. Көп кешікпей бір шөлмекті мойнынан қысып ұстап, үй иесі де оралады. Қажып келген Яковец самогон ішкеннен кейін қатып ұйықтап кетеді. Түн ортасында біреу жұлқылап оятады, көзін ашса, – үйдің іші толған полицай. Дыбысын шығартпай, айдап әкетеді...

Мен бұл жайлардың бәрін қаладан келген Проценкодан есіттім. Лена кеткен соң оны Переяславтан әдейі шақыртқан едім.

– Яковецтің ол үйге келгенін полицайлар қайдан білген? Әлде біреу оларға жеткізген бе? – дедім мен Проценкоға.

– Қазір дәл айту қиын, Алексей Васильевич, сірә, итпен ізіне түскен бе деймін... – деді Проценко.

– Қайткенмен де анықтаған жөн. Егер үйдің иесі опасыздық жасаса, оны білейік, алдағы уақытта ол үйден жолдастарды сақтандырып жүрейік, – дедім де, – Яковецтен жауап алып па екен? – деп сұрадым.

– Жоқ, – деді Проценко. – Тергеуді Григорьевкада жүргізеді деген дерек бар. Оның бұрын сонда істегенін білетін тәрізді.

– Сен аға полицайсың ғой, сол лауазымыңды осы жерде бір кәдеге жарат, Яковецті тергеуге дейін босатып алу керек. Оны қалай жасауын өзің ойластыр. Бізге оны қашан әкететінін хабарла.

– Байқап көрелік, – деді Проценко кең тыныс ала орнынан түрегеліп. – Негізгі жұмысқа кедергі келтіріп жүрмесе болғаны, маған бәрібір.

– Жолдастың тағдырына қалай болса солай қарауға болмайды, Гриша, – дедім мен. – Тергеу басталып кетсе, арты неге соғарын кім біледі. Оны селода білетін адамдар көп. Бірі болмаса бірі бүлдіріп жүрер. Онда жағдайымыз мүлде қиындап кетуі мүмкін.

– Түсінем, Алексей Васильевич, – деді Проценко менімен қоштасып жатып.

Екінші күні түнде Григорьевкаға алып бара жатқан жолда Яковецті құтқарып алдық. Оны құтқарып алу онша қиынға түскен жоқ.

... Қару-жарақ асынған жандармдар мен полицайлар үйге сау етіп жетіп келгенде, Яковецтің әйелі Марияның түсі бұзылып, сұрланып кетеді. Ол өзін ұстауға осынша адам келеді деп ойламаған ғой. Қызын құшақтап, төргі үйдің бұрышына барып тығылады. Алдымен күйеуіне бір нәрсе болды ма деп үрейленеді. Машинадан мылтықтарын кезеп жүгіре түскен жандармдар мен полицайлар жан-жаққа бытырап, сарайды, қамбаны тінтіп, әп-сәтте қуыршақтай жинақы үйдің астан-кестенін шығарады. Ырық бермей бұлқынған Марияны сүйрелеп, жұлмалап, екі жасар Раисаны шырылдатып, неміс офицерінің алдына алып келеді.

– Күйеуіңіз қайда? Соңғы жолы оны қашан көрдіңіз? – деп офицер сұрақты тіке қояды. Марияның көңілі енді орнына түседі: Яковец немістердің қолына түссе, бұлай сұрақ қоймас еді. Күйеуінің амандығына көңілі ептеп жадыраған секілденеді. Бірақ бұлардың тықақтап сұрауына қарағанда, күйеуінің немен шұғылданып жүргенін немістер білгенге ұқсайды, не де болса үндемей құтылайын деп, Мария баласын бауырына басқан күйі сазарады да қалады.

– Неге үндемейсіз? Әлде мылқау немесе саңыраусыз ба? Мен сізді сөзуар адам деп есіткен едім. Күйеуіңіздің қайда екенін айтсаңыз болды, сізге ештеңе істемейміз.

– Мен ешнәрсе білмеймін, офицер мырза! – деп Мария қалтырап жауап қатады.

– Өз күйеуіңіздің қайда екенін де білмейсіз? Ғажап-ғажап! Мейлі, солай-ақ болсын, онда сіз оның жақын жолдастарын атаңыз?

– Қандай жолдастарын сұрайсыз?

– Айталық, өздеріңізбен жиі қатынасып тұратын адамдарды айтам.

– Қазір біздің үйге ешкім де келмейді, ал бұрынғылары есімде жоқ...

– Ұмытшағын қарай гөр мұның! – Офицер орнынан атып тұрып, Марияны жағасынан ұстап өзіне тартып, бетіне салып-салып жібереді, – Түсті ме есіңе! Күйеуің қайда,

жолдастары кім? Тез айт, әйтпесе бұдан зорды да көресің, – деп тағы да беттен тартып жібереді.

Әлгінде тығыларға жер таппай үрейленіп тұрған Мария, денесіне таяқ тигенде бойын тез жинап, қатайып алады.

– Менен жауап күтпей-ақ қой, саған айтар дәнемен де жоқ! – деп Мария қасарыса түседі. Осы тұста мен Алексей Васильевичтің әңгімесін бөлдім:

– Мария шынымен Яковецтің жолдастарын білмейтін бе еді?

– Неге білмесін! – деп Алексей Васильевич сөзін жалғастырды. – Яковецке келіп жүрген комитет мүшелерінің, сондай-ақ ниеттес адамдардың бәрін білетін... Сол күні Марияны қатты азаптапты. Бірақ ол сыр шашпапты...

Бұл кезде Дмитрий Никитич біздің селода еді. Ол немістердің Марияға көрсеткен қорлығын білген жоқты. Бұл оқиғаны одан жасырдық, қамкөңілін жасытпайық дедік. Бірақ Яковец маған ертемен келіп:

– Алексей Васильевич, түні бойы, неге екені белгісіз кірпік қақпадым. Мария мен Раиса көз алдымнан кетпей қойды. Соларға кесірім тиіп жүре ме деп қорқам. Сен қалай ойлайсың! – деді. Мен не айтарымды білмедім. Бірге жүрген жолдасты алдап, өтірік айтудың қисынын таппадым. Мария тұрған селодан әлгінде ғана хабар алған едік: немістер селоның астан-кестенін шығарып, тінтіп, күдіктенген адамдарды Яковецтің үйінің маңына жинап жатыр, селоға бас сұғуға болмайды деп естігенбіз.

Біздің астыртын топқа партизан отрядына сенімді адамдар тартумен бірге, неміс әскерлерінің бет алысын, қимылын бақылап, комитетке хабарлап отыру міндеттелген. Маған бүгін Розовик келуге тиіс еді. Ол бір неміс әйелмен танысып, сол арқылы Переяслав қаласының гебитскомиссарынан тиісті документтер алған болатын. Розовик еркін жүріп тұратын. Өйткені немістер фольксдойч атаулыны өздеріне тірек тұтатын.

– Дмитрий Никитич, қазір маған Кирилл Розовик келуге тиіс, күтейік. Қаладағылар көп нәрседен хабардар ғой, – дедім мен.

Яковец менің тіке жауаптан жалтарғанымды сезіп:

– Алексей Васильевич, жасырмай шыныңызды айты-

ңызшы, Мария тірі ме? – деді.

– Селода жандармдар толып жүрген көрінеді. Анығын біле алмадық. Бірақ немістердің Марияда не жұмысы бар, ақырын тосалық. – Яковец үндемей киіне бастады.

– Дмитрий Никитич, қайда жиналдығыз?

– Алексей Васильевич, мен кеттім, – деді Яковец түнеріп. Оған жұбаныш сөз айтып, тоқтату қиын еді. Жолдасты жалғыз жіберудің есебін таппадым, мен де ердім.

Біз Харьковец селосына келесі күні жеттік. Немістер біздің алдымызда ғана кеткен екен. Село өртеніп жатыр. Яковец үйіне қарай жүгірді. Соңынан мен де далақтап жүгіріп келемін. Есік алдына жете кілт тоқтады. Үрпік қардың үсті қызыл ала қан.

– Мария, Ма-ария! – деп Яковец бар дауысымен айқай салды. Үй ішінің астан-кестені шыққан. Үй жанындағы өртенген сарай бықсып жатыр. Ешкім жауап қатпаған соң, Яковец сарайға қарай жүгірді. Одан шығып, қайта үйге кірді. Біздің қасымызға шырылдап жылаған жас баланы көтеріп кемпір келді. Яковецтің онымен жұмысы болған жоқ. Мариясын іздеп жүр... Бұл күнгі оқиға жайын әлгі кемпірден естідім. Немістер Марияны түні бойы сарайға қамап, азаптайды. Таң ертеңгісін ғана оны алып шығады. Жалаң қабат көйлегі өрім-өрім, үсті басының тамтығы жоқ. Өзінде әл қалмаған, аяғын әрең басады. Сонда да байғұс ана жас нәрестені бауырына тығып, анталаған немістерден оны қорғаштайды, жандармдар жанына жақындап келсе, сәбиін бауырына басып, әлсіз саусақтарын ербеңдетіп қарсылық жасайды. Машинаның қасында талтайып, бүйірін таянып тұрған неміс офицері Марияның жотасынан түйгіштеп:

– Шнел, шнел! – деп итермелейді. Мария бар күшін жинап, офицерге жақын келеді де, бетіне былш еткізіп түкіріп жібереді. Сөйткенше болмай, офицер Марияның қолындағы қызын жұлып алып, лақтырып жібереді. Сондағы Марияның ашынғанын көрсеңіз етті! Жаралы жолбарыс секілді немістің кеңірдегінен ала түсіп, алып ұрады. Мылтық дауысы естілгенде ғана сүйір саусақтары дірілдеп, босана бастайды, сонда да есінен танбайды: «Жаным, жылама!» деп қызына күбірлеп жатады.

Марияны іздеп таппаған Яковец:

– Шеше, Мария қайда, көрдіңіз бе? – деп, еңтіге жетіп келді.

– Немістер алып кетті ғой.

– Тірі ме өзі?

– Қайдан білейін, шырағым, – деп, кемпір қан жапқан қарға қарады. Яковец қызыл қарды жентектеп ұстап, кемпірдің қолындағы қызын бауырына қысып, өкіріп жылап жіберді. Оның мұнысын ешкім ерсі көрмеді, қой деп жұбатқан да адам болмады.

– Бұл соғыс талайды жылатты ғой, – деді Алексей Васильевич сәл тыныс алып.

* * *

– Қазір, – деді Алексей Васильевич біраздан соң әңгімесін жалғастырып, – Раиса бойжетті, азамат болды. Киевте медицина институтының төртінші курсына оқып жүр. Жазда каникулға келіп қайтты. Аман болса, келер жылы дәрігер боп шығады. Тірі адам тез жетіледі екен, көрдіңіз бе, кісі боп кетті!.. Небір қилы заман өтті ғой, қайсыбірін айта берерсің...

«ИРИНА» ОПЕРАЦИЯСЫ

– Сөйтіп, 42-ші жыл да өтті, – деді Алексей Васильевич бұдан соң. – Жаудың ортасында, онымен бетпесті кездесіп жүріп астыртын жұмыс істеудің қаншалықты қиын екені мәлім ғой. Қай күні ұстап әкетеді? Қашан дарға асады? – деген ой кейде көкейіңнен кетпейді. Фашистер партизандарды ғана емес, коммунистер мен Қызыл Армия командирлерінің семьяларын қуғындап, жазалай бастады. Селоларға жазалау отрядтары шықты, олар «большевиктерге жақтас, соларға ниеттес» деген желеумен көп адамдарды қырғынға ұшыратты. Жазалау отрядының соңынан бүкіл село өртеніп жатады. Жазаланғандардың ішінде біздің астыртын ұйымның мүшелері де кетті. Қаншама қорлық көрсеткенімен, олар жауға сыр ашпады, дар алдында өлімді үнсіз қарсы алды...

Осылай жұмыс істеп жаттық... Астыртын комитет партизан отрядтарын шындап, күреске дайындаумен бірге, жастарды Германияға әкетуге жол бермеу үшін әрқилы әдіс-айла қолданды. Партизан құрамасының командирі марқұм Иван Кузьмич Примактың бір сөзі есімнен қалмайды. Өзі бір шақар, шапшаң кісі болатын. Бір жолы мені шақырып алып:

– Қанша адамға «ауру» деп куәлік бердің? – деді.

– Қаншасы келсе, соның бәріне де куәлік бердім, жолдас командир!

– Әйткенмен де?

– Соңғы жетіде отыз шақты жігіттер мен қыздар куәлік алды ғой деймін.

Примак қолын артына ұстап, үйдің ішінде әрі-бері жүріп:

– Дәрігердің осы істегені дұрыс па, Вася! – деп, Поповпен сыбырласып отырған Қайсеновтің қарсы алдына кеп тұрды. Қайсенов алғы кезде сұрақ мәнін ұқпай қалды ма, сәл аңырып:

– Куәлік бергенін сұрап отырсыз ба? Оның берген куәліктеріне немістер сенетін болса, қағазды аяй ма, бере берсін! – деп тісін ақсита күлді де, мәселенің елеулі екенін сезіп, сөзін түзеді. – Әйткенменен түбін ойлаған жөн. Бір сарынды жазылған куәлік сөздері күдік туғызып қалуы ықтимал. – Қайсенов командирдің ойындағысын тапты ғой деймін, Примак қолын сермеп, сөйлей жөнелді:

– Міне, Вася, дұрыс айтасың, егер немістер бір куәлікке шек келтірсе, олар бәрін тексереді. Өз басыңа төнетін қатерді айтпағанның өзінде, жүздеген адамды құтқарған еңбегің зая кетуі ықтимал. Сенің ол адамдарыңды біз бүкіл отряд боп жабылсақ та босата алмаймыз. Дәрігерлік куәліктен басқа амал табыңдар, қандай тәсіл жасауды өздерің ойлап көріңдер, – деді де, Қайсеновке қарап:

– Вася, сенімді адамдар табуға Крячекке көмектес! – деді.

– Адам періште емес қой, оның өзінен басқа жан біле қоймайтын кінәлі қылығы, құбылмалы мінезі болады, осы алақұла мінездерімен адам маған әдемі көрінеді. Өмірде жалтақ боп, бір сарынды тіршілік кешкен кісінің өмірі қызықсыз ба деп ойлаймын. Біздің партизан отрядын-

дағылардың көбі жаудың қоршауында қалған, тұтқын лагерінде отырған адамдар ғой. Олардың бәрі бірдей «жаралы болып» қолға түскен адамдар емес, кейбірі өзінің Отан алдындағы күнәсін, мүлт кеткен жерін біледі. Кісіге жарық дүниеден тәтті дәнне жоқ. Аз күнгі тіршілік адамға не жасатпайды дейсің, оның бәрін термелеп жинап, кісінің бетіне салық етуге болмайды. Бұған кінәлі құрғыр соғыс қой! – деп, Алексей Васильевич кең тыныс алып, сөзін жалғастырды. – Бірақ Васяның мінезі, жүріс-тұрысы сол отрядтағы адамдардан өзгешелеу көрінетін маған. Дүниеде мынадай адамдар болады: сырттай ақжарқын, сабырлы көрінгенмен, іштей өртеніп, тулап, алабұртып қайнап тұрады. Сол ашу бұрқырап сыртқа шыққанда, оны мүлде танымай кетесің, аянбай арыстанша алысып, жауын қырып-жойып жібереді. «Ойпыр-ау, өзің қалай тірі қалдың?» – дегенде: «Бір құдай сақтаған шығар, қайдан білейін!» – дей салады. Өжеттен өлім сескенетінін білмейді. Мен Васяны сондай мінезді жанға ұқсататынмын. Әйткенмен ол да адам ғой, оның да жаңсақ жерлері жетеді...

Қайсенов өзінің басынан кешкендерін естелік кітаптарында келтіріпті. Мен ол оқиғаларды қайталамай, кейбіреуін толықтырып айтамын. Біздің үйге алғаш келіп кеткен күннің кешінде Николай Попов екеуі полициялардың қолына түседі. Абайсызда қамалып қалғанына налыған Попов: «Эй, Вася-ай, байғұс Крячек кешкітұрым жүріңдер деп зарлап еді, осындай болатынын сезген екен ғой. Біздің дәміміз біткен шығар, енді бұл қапастан құтыла алмаспыз», – дейді. Шалқасынан түсіп, жалғыз тал сабанды тістеп, төрткөз терезеге қарап жатқан Қайсенов: «Бұл иттердің соңымызға түсіп, андығанын қайдан білейік, байқауымыз керек еді, өйтпедік, өзімізге де обал жоқ...» – дейді. «Не істейміз, Вася» – деген Поповтың сөзіне Қайсенов үндемейді. Полиция болып неміске жарамсақтанып жүргеннің бәрі кешегі бірге қызмет істеген адамдар, оларды алдау қиын, ниетіңді, сыр-жапсарыңды біледі. Мұндай жағдайда қалай жасау керек? Әрине, бір-ақ жол бар...

Попов осы оқиғаны былай есіне алады.

– Дәрет сындырған соң полиция мені қайта айдап келе жатқан. Түрменің есігі ашылған кезде Вася оқша атылып,

күзетшіге жармасты. Полицайдың айқайлауға мұршасы келмеді, қор ете қалды. Оны өз қанжарымен Вася шапшаң бауыздап жіберген екен. Мен сасып қалдым, өйткені полицайды өлтіріп, қашайық деген сөз біздің арамызда болған жоқ еді. Васяның: «Неге тұрсың? Қаш, құтыл!» – деген сөзін естігенде барып, есімді жинадым. Кейін: «Маған неге айтпадың, жазым боп жүрсең қайтеді», – деп өкпелеп те жүрдім. Неге олай еттің десем, қарқылдап күледі, өзі қызық, жөнін айтпайды.

Николай Попов та Қайсенов сияқты партизан отрядының командирі болатын. Қарулас жолдастың көңілінде кірбің болмағаны жөн ғой. Бір жолы Қайсеновке Поповтың осы әңгімесін айтқанымда, ол былай деді:

– Әй, Алексей Васильевич-ай, адам мінезі қызық қой, – деп, иығыма жалпақ алақанын салды. – Мен полицайды өлтіріп қашайық десем, ол: «Осымыз дұрыс па, егер ісіміз сәтті шықпаса қайтеміз, кінәмызды ауырлатып алмаймыз ба?» – деп ұзыннан-ұзақ талқыға салады, уайымдайды, істі бастағанша берекесі кетеді. Кісіні бүйтіп қинағанша, айтпай аяқ астынан қимыл жасаған дұрыс. Әдетте қарулы дұшпанмен бетпе-бет кездескенде, қаншама өжетпін деген адамның өзі сасып қалады. Бірде Козино селосының комендантын өлтіреміз деп іздемеген жеріміз қалған жоқ. Үйіне де, кеңсесіне де бардық. Комендант оқыс алдымыздан шыға келгенде, жігіттер дағдарып қалды. Сәл кідіргенде, ол бәрімізді жайратып салатын еді. Тегі, саспаған жөн ғой...

Әйтеуір Васядан оқ жалтаратын. Примак екеуі Шевченко заводына атпен барғанда аңдыған полицайлардың қоршауында қалып, біреу шылбырын ұстап тұрып атқанда да, Қайсеновке оқ дарымаған. Осындай оқиғалар партизандардың ортасында аңыз-әңгімеге айналып кеткен еді. Примактың өзі «Васямен жүрген кісінің жолы болады», – дейтін. Ол Қайсеновтің атын атағанда, «Менің де жолым болады екен» деп ойлады.

Қайсенов Примактың әлгі сөзіне:

– Иван Кузьмич, біздің дәрігеріміздің өзі тұйықтау адам, сенімді кісі тауып бер дейсіз, әйел жыныстыны қарастырып көрсек қайтеді, тілін шығарып үйретсін, – деді. – Примак не десін, күлді де қойды.

– Мейлің, тек екеуі ынтымақтасып жұмыс істейтін болсын!

– Қандайы керек? Үлкені ме, кішісі ме? – деп, Вася оңаша шыққанда мені тағы қылжақ ете бастады.

– Өзің қызық екенсің, Вася – дедім мен шамданып. Біреуге бас қайғы боп жатқанда сен күлесің, бізге маңызды тапсырма беріліп отыр ғой.

Қайсенов карқылдап суық күлді.

– Ех, Алексей Васильевич, күлкі жойылған жерде іс те оңалмайды, жабырқау, күйгелек кісінің берекелі жұмыс жасағанын көрдің бе? – деді ол сәл ойланып тұрып: – Сөйтіп, іске кірісеміз бе? Жақсы, сізді біреумен жолықтырайын, өзі былай жаман адам емес, қолынан іс келетін сияқты.

Ертеңіне Қайсенов жасы отызға жетпеген тығыршықтай аққұба жас келіншекті ертіп келді. Есіктен кіре таныстырып жатыр.

– Надежда Воронцовская, осы жердікі, Трахтомиров селосында туған, Киевтен келді.

Воронцовскаяның жүзін шырамытам. Қайда көргенімді есіме түсіре алмай тұрмын. Ол да мені танитын секілді, бетіме қарап күлімдей береді.

– Алексей Васильевич, жаңылмасам, сізді осылай атайтын шығар.

– Ия, ия, – деп бас изеймін.

– Есіңізде ме, былтыр вокзалдың ішінде кездесіп едік қой. Ия, неміс солдаттары тәлкек қып жібермей тұрғанда сіз келдіңіз.

– Ә-ә, есімде бар, – деп Надяның қолын алдым. – Бұл жаққа қашан келіп қалдыңыз?

– Қалай десем болады, жалпы келгеніме бір айдан асты. Бірақ осы уақыттың ішінде Киевке тағы барып қайттым. Сондай тапсырма берілген еді.

– Менсіз-ақ өздерің бір-біріңді таниды екенсіңдер. Мен жай, босқа әуре боп жүр екенмін ғой, – деп Қайсенов жайдарыланып қалды.

– Солай Вася, біз ежелгі таныстармыз, – деп күлді Воронцовская.

– Киевте қандай жаңалық бар? Мен содан кейін бара алмадым, – дедім күрсініп.

– Қалада соңғы кезде тұру қиын боп кетті. Күн сайын тұтқынға алып, қамап жатады. Қашан алып кетер екен деп зәрең қалмайды. Үреймен тіршілік кешесің. Оның үстіне көршіміз жайсыз кісі болды. Келімді-кетімді кісілерді тіркеп, гестапоға хабарлап отырыпты. Біз оны білмеппіз.

– Құтқарған кісілерің кім еді? – деп, Воронежскаяның сөзін бөлдім.

– Лагерьден қашқан тұтқындар болатын. Бұлардан басқа еврейлер де болды. Мұның бәрін жан адам білмейді деп жүрсек, әлгі жансыз гестапоға жеткізіп отырыпты. Асханадан шығып келе жатқанымда, біреу бүйірден тұспалдай жүріп, қатарласып келді де: «Үйіңізге бармаңыз, онда сізді гестапошылар күтіп отыр» – деп жанымнан өте шықты. Жүрегім тас төбеме шықты. Сонда да әлгі кісіні қуалап барам: «Сіз кім боласыз?» – деп аты-жөнін сұрадым. «Біз Ирина тобының адамымыз» – деді.

– Тоқтай тұр, Ирина дейсің бе? – деп, Воронежскаяның қолын ұстай алдым.

– Ия, солай, немене, сіз ол кісіні білетін бе едіңіз? – деді Воронежская таңырқап.

– Ия, – деп басымды изей бердім. – Ия, мен оны баяғыдан бері білемін. Вася, сен қалай ойлайсың, гестапошылардың қанды шеңгелінен кісі құтыла ала ма?

– Құтылмағанда несі бар, – деді Қайсенов жайбарақат сөйлеп. – Бұл бас, кесерлердің көзін жоюға да болады.

Мен Иринамен қалай танысқанымды айтқанда, Қайсенов:

– Мынау бір қызық оқиға екен. Онда біз алдағы іс-әрекетімізді соның атымен аталық. «Ирина» операциясы десек қайтеді, келістік пе? – деді.

– Ирина атымен аталатын операция осылай туған еді, – деп, Алексей Васильевич Крячек әңгімесін қызықтыра түсті. – Жоспарды Қайсенов өзі жасады, қорытындысын мен оған хабарламақ болдым.

Воронецкая сәл мұнайып, ойланғандай болды.

– Уайымдама, Надежда, сәтсіз оқиға бола қалса, біз қасындамыз, көмекке келеміз, – деді Қайсенов қоштасып жатып.

– Операцияға қашан кіріс дейсіз? – деді Воронежская.

– Бір минут та кідіруге болмайды, мүмкіндігің болса, қазірден бастап қолға ал.

... Трахтомиров селосының старостасы Бабак бойы мен ені бірдей төртпақ жалпақ сары кісі. Жасы елуден асса да, сақал-мұртын күзеп, әрлі келіншектердің соңынан қалмай, қылжақтап жүреді. Кейбіреулеріне жіп тағып, «менен басқа дені дұрыс еркек жоқ, бұл құрғыр көнбегенде қайда кетеді, жай, бәлсініп, бұлданып жүргені де, қулық жасамаса қатын бола ма?» – деп күпсініп қояды. Өзімен жылы сөйлескен әйелдердің бәрінің көңілі ауып тұр деп ұғады. Құдықтан су алып жатқан балдырғандай жас келіншек өзі кеп ұрынғанда, Бабак терісіне сыймай жарылып кете жаздады.

– Жарқыным-ау, періште боп аспаннан түстің бе? Бұрын сені қалай көрмедім! – деп, қолтығынан түртіп қалады.

– Ойбай, ұят-ты! – деп, келіншек шошыған боп, бұраң етіп, бөксесін тақай түседі. Бұрыла қарап, наздана сөйлейді:

– Селодағы қатын жалғыз мен бе? Жесір көп, әрқайсысының соңына бір түсіп жүргенде, көрмей қалғансыз ғой. Мұнда тұрғаныма айдың жүзі болды. Содан бері қалайша көрмей қалдыңыз екен?

– Қой, оның бекер болар, басқаны көрмесем де, сенің алтын жүзінді алыстан ажыратармын-ау! – деп, Бабак кәдімгідей дәмеленіп тұр. – Шыныңды айтшы, қай үйге тоқтаған едің?

– Бердаус дегеннің үйінде тұрам, оны білетін бе едіңіз?

– Федор Евдокимовичті ме, қалай білмейін, өзім староста боп тұрып, мұндағы тұрғындарды білмесем не болғаны! Құр былжырап сөйлей бергенге аңқау екен деп ойлама. Кімнің қалай тыныс алатыны маған мәлім. – Бабак басын изеп, көзін қысып қалды.

– Плитаға сүт қойып кетіп едім, ойбай-ай, ұмытып кетіппін ғой, тасып кеткен шығар, – деп, келіншек шелегін көтере бергенде, Бабак жолын кес-кестеп тұра қалды.

– Сенімен оңаша жолығысуға бола ма? Ең болмаса осыңды айтып кетші!

– Таныспай жатып асыққаныңыз не? – деп, келіншек үмітін үздірмей көз астымен қарап, күліп қояды. – Енді жолымды бөгегеніңіз келіспес, кісілер қарап тұр. Осындасыз ғой, бір сәті түсер.

– Ризамын, жаным, – деп, Бабак шегіншектей жүріп қала береді. Бұл көріністерді терезеден қарап, бағып тұрған Бердаус келіншек үйге кіргенде:

– Қалай, Надя, келістің бе? – деп аптыға сұрады.

– Аузынан ханжа иісі шығып тұрған сасық кеңірдек бірдеме екен. Кісі сөйлесуге жиренеді, – деді Надежда Воронежская шелегін қойып жатып.

– Тапсырмаң өте асығыс әрі жауапты дедің ғой, басқаны қайтесің, оған күйеуге шығып жатқан жоқсың, келген шаруанды бітірсең болды да, – деп Бердаус жөн сөзін айтты.

Федор Евдокимович Бердаус Воронежскаяға жиеншар боп келеді. Надежда өзіне шұғыл тапсырма берілгенін айтқанда, ол:

– Үй-жай өзіңнің қарауыңда, қолымнан келетін басқа жәрдемім болса, оны да аямайын, именбей әрекетінді жасай бер! – деген болатын.

– Асыққанмен бола ма? – деді Воронежская күрсініп. – Жолыққан сәтте ыңғай көрсете қойсам, күдіктеніп жүре ме деп сескендім. Мейлі, бір-екі күн өтсін, бәлкім оның өзі бұл үйге келер, сонда сөйлесіп, келісерміз.

– Бұл да жөн екен, – деді Бердаус. Воронежскаяның айтқанындай, екі күннен кейін Бабак келді.

– Не істесең де өзің біл, Надежда Ивановна, сенсіз бір минут тағат тауып тұра алатын түрім жоқ. Бүгін ауданға тізім жіберуім керек еді. Оны да жасай алмадым, бүгінгі күнім бекер кетті, соның орнын өзің толтыр. – Өзі ішіп алған, аздап мас.

– Жібермек болғаныңыз не қылған тізім? – деді Воронежская аңқаусып. – Немістер тізімді не ғылсын, еріккен соң сұратып жатқан да.

– Ойбай, олай деп айта көрмеңіз, Германияға жөнелтілетін жастардың тізімі ғой, олар бұған қатаң қарайды, – деп Бабак түсіндірген боп жатыр.

– Сіз оларды босата аласыз ба?

– Ілмек бас қара кресі бар мәрді бассам, әрине, босатады, – деп, Бабак қозғалақтап теңселіп отырды. – Бір басқа берген билігі жетеді, Надя, тек сол құрғырды өзім пайдалана алмай, рәсуа етіп жүрмін. Басқа біреудің қолына

мендегі билікті берсінші, бір сәтте дүниені шыркөбелек айналдырып жіберер еді.

– Әйелдерге өтімді болғаныңыз да жетпей ме? Басқа мансапты қайтесіз! – деп, Надежда қызғаншақтық білдіргендей шырай көрсетеді. Қатын арасында қадірім мол-ау дегендей Бабақ қодырайып, көтеріліп қалды.

– Өзің бір ұялатсан, басқа қатындарды қайтейін, оларды сенің басқан ізіңе тең көрмеймін, сенен садағасы кетсін, – деп, Бабақ құшақтауға ыңғайланады.

– Қойыңызшы, сізге не болған, үйде кісі бар ғой, – деп Надежда Бабақтың қолын қағады, бірақ біршама әрмен итеріп тастамай, денесін қозғаған боп, саусақтарын шымшылайды.

– Үстіп телміртіп қоясың ба, жаным-ау, уәделі сөзінді айтсаңшы, – дейді Бабақ. Надежда ауыз үйде бір нәрсені жасаған боп күйбектеп жүрген Бердаусқа қарайды. Ол көзін қысып, басын изейді.

– Бақандай бір селоның старостасысыз, бұлай салпақтап жүруіңіз үлкен басыңызға лайық емес, – деді Надежда Бабақтың мақтауды ұнататынын аңғарып. – Босқа әуре болмай, бір жүйесін табалық. Алдағы сенбіде келіңіз, жайласып отырайық, әңгімелесейік.

– Рақмет, Надя! – Бабақ келіншектің сүйір саусақтарын қысып-сүйіп кеудесіне басады. – Күн тезірек батып, тезірек шықсын, сенбіге жылдамырақ жеткіз мені деп бір құдайдан тілейін, қош, жаным!

Бабақ есіктен шығып кеткенде, Бердаус:

– Өз басын ала алмай жүріп, бұл иттің қатыншылын қарашы! – деп, старостаны сыртынан келістіре бір боқтап алды. – Бұқаның өзі қартайса да, мұрыны қартаймайды деген осы екен-ау! Көзінен сорасы ағып, сүйретіліп жүрсе де, иіскеуін қоймайды...

– Бекер кіжініп қайтесіз, Федор Евдокимович, онсыз да маған ауыр екенін ұқсаңызшы, – деп Надежда бетін саусағымен басып, күрсінеді. – Оны қарсы алудың қамын жасайық. Әрине, мен онымен оңаша қала алмаймын, қасымда біреуіңнің болғандарың дұрыс.

– Антонинаға айтып көрейік, – деді Бердаус өзінің қарындасының атын атап. – Артық сөзінді білмейтін,

аузына берік адам. Екі бірдей бойдақ әйелдің қоршауында отырған соң старостаның көңілі тасып, бәрін ұмытар...

– Бұл сөзіңіз құлаққа кіреді, қасымда өзіміздің адамдардан біреу болса дұрыс па деп едім, өйтсек бәрін бүлдіріп алуымыз мүмкін екен. Әйткенмен жолдастарға хабарлап қойсаң қайтеді?

– Өзің біл, шырақ, бұл жөнінде мен өнерсіз адаммын, – деді Бердаус.

* * *

– Трахтомиров селосындағы бұл оқиғаларды байланысшы Лена арқылы есітіп жатқанбыз – деді Алексей Васильевич, азырақ тыныс алған соң әңгімесін жалғастырып.

– Надеждаға не айтайық, операция сәтті аяқталсын деп тілеу тіледік, асығыспен күтіп отырғанымызды айттық. Жүрер алдында Лена босағаға сүйеніп тұрып:

– Алексей Васильевич, орманға кетпейсіз бе? – деді.

– Маған мұнда да жаман емес, орманға барып қайтемін. Өзір ешкім мазалап жатқан жоқ қой, оны несіне сұрадың? – дедім.

– Жай, әншейін, – деді Лена мұңайып. – Эшелонды қиратқаннан бері фрицтер өшін жібергісі келмейтін көрінеді. Станция маңындағы селоның тең жарымын қамауға алыпты. Бүгін бір топ жазалаушы отряд Днепрдің аржағына тағы кетіпті деп есіттім. Мен сескенейін дедім. Әйткенмен Ленаның көңілін жұбатып жатырмын.

– Қой, қайдағыны айтып қайтесің? Егер немістер ізімізге түсе қалса – орманға кетеміз, бекер уайымдама, одан да Трахтомировкаға тезірек барып қайт, бәлкім, Надеждаға көмектесерсің, ол жақ тыныштау көрінеді ғой.

– Бүгін кешке жүріп кететін шығармын. Астыртын комитеттің берген шұғыл тапсырмасы бар.

Надежда Воронежская Ленаны күте алмады. Сол түні Ленаны немістер ұстап әкетіпті. Қай жерде, қалай ұсталғанын ешкім білмейді. Жандармдардың айдап алып бара жатқанын Проценко көрген. Лена ұзақ қарап, Проценкомен қоштасып қалған сияқты. Сол түні Проценко балаша жылады.

Лена астыртын комитеттегі адамдардың бәрін білетін. Соңғы екі жылдың ішінде комитет шешімін оларға жеткізіп, хабарлап тұрды. Ленаны гестапошылардың ұстап әкеткенін комитет мүшелеріне жеткізгенімізде:

– Жолдастар, опасыз біздің өз ішімізде, бізбен күнбе-күн қоян-қолтық араласып жүрген адам, – деді Қайсенов орнынан ұшып тұрып. – Ол өзі әшкереленбеу үшін Ленаны көрсеткен. Ең алдымен арамыздағы арамзадан құтылуымыз керек. – Қайсеновтің бұл сөзіне Примақ та, Ломако да, комитеттің басқа мүшелері де ләм демеді. Іште бір шикілік барын бәрі сезетін секілді. Бірақ кім опасыздық жасап жүр? Ешкім айта алмайды.

– Қауіп төнген кісілердің бәрі отрядқа кететін болсын, жағдай анықталғанша, астыртын жолығатын пәтерлерге баруға тыйым салу керек. Бұл жерде Қайсеновтің айтқаны дұрыс. Арамызда біреу дұшпанға қызмет етіп жүр. Онымен айрықша бөлім айналыссын, – деді, Примақ Бычковқа қарап. – Андриан Павлович, бізге сол жансызды қайткенмен де тауып беріңіз, қалай жазалайтынын өзіміз білеміз! – Примақ шет жақта түрегеп тұрған менің қасыма келіп, иығыма қолын салды.

– Алексей Васильевич, бұл жолы да сізге осында қалуға тура келеді. Дәрігер адамсыз, әркім келе берер деп күдік алмас, басқа адамның ыңғайы жоқ. Қалада не боп жатқанын өзіңіз арқылы біліп тұрамыз. Сіз кетсеңіз, мүлде байланыссыз қалатын түріміз бар.

– Мейлі, солай-ақ болсын! – дедім мен.

– Алексей, қорықпа, бір нәрсе бола қалса, қайдан болса да құтқарып аламын, – деді Қайсенов, қолымды қысып қоштасып жатып. Мұндай кезде жолдастың сөзі үлкен медеу, қуат қой.

– Рақмет, Вася! – дедім.

... Астыртын комитет әбігерге түсіп жатқанда, Надежда каннен-қаперсіз, «өзінің старостасын» күтіп отырған еді. Есіктен тойған үйрек секілді маймандай басып, домалана кірген Бабақ жеңіл киінген екі келіншекті көргенде:

– Қор қыздары сендерден садаға кетсін, нағыз періште өздерің емес пе? – деп, құшағын жая ұмтылады. – Келші! – Қолындағы түйіншегін тастап, екі әйелдің қолын кезек-кезек сүйеді.

– Мынау дорбаңыздың ішінде не бар? – деді Надежда сытыла орнынан көтеріліп. – Көруге бола ма?

– Әрине, болады, – деді көңілденген Бабақ, – өздеріңе әкелген сыйым ғой. Ішінде шошқаның майы, жұмыртқа, самогон да бар. Байқа, шишаны сындырып алма!

– Қонаққа келіп ашығып қаламын деп қорықтыңыз ба? Мұныңыз не? – деді Антонина бұлдана сөйлеген боп. – Әлде бізді уақ-түйек нәрсеге сатыла салатын арзан әйел деп ойлайсыз ба?

– Қайдағыны айта көрме, жаным, сендерді жезөкше көрсем, үлкен басымды қор етіп келемін бе мұнда!

– Құр дау азық бола ма, келіндер, отырайық! – деп, Надежда ымыраға келтірген болады. Столдың үстіне екі шөлмек самогон қойылған соң, оған Бабақ әкелген бір шөлмек тағы қосылды. Бабаққа стаканға, өздері рюмкаға құйып ішеді. Бір-екі рет ішкеннен кейін әңгіме қыза бастады. Ата тегінен бері қарай қозғап, Бабақ көкіп жөнелді.

– Осында оқығандар аз дейсің бе? Совет кім көрінгенді оқытты ғой. Бірақ солардың ішінен мені талғап алған жоқ па? Тегіміз жарыған, бай болған адамдар, түбінде жарымаған адамнан не шықсын.

– Староста болу кім көрінгеннің қолынан келе бермейді, немістер біледі, – деп, Надежда қасақана көтермелей түседі.

– О-о, тура айттыңыз, осы күні бұзылған елді басқару оңай емес. Бұл жұртта да иман жоқ, қайдағы бандиттерді қолдап, тыққыштап әуре боп жүреді. Мен ондай кісілерді білемін. Қайсы үйге кімдердің келгенін, қанша уақыт болғанын қағазға түсіріп жүрмін. Бәрінің басы қосылғанда тыпырлатып ұстармын-ау! Бабақ аңқау сорлы деп ойламаңдар!

– Ол үйге келген кісілер мына біз секілді жай әңгімелесіп отыруы да мүмкін. Біреуді бекер күйдіруге бола ма? – деді Надежда.

– О, не дегеніңіз, олардың теріс сөздерін одан бұрын да тіркеп жүрмін ғой, онда менің адамдарым бар, білгің келсе, атын айтайын? – деп, Бабақ Надежданың құлағына сыбырлады.

– Ха-ха-ха, түү, құлағымды жыбырлатып жібердіңіз, – деп, Надежда қытығы келгендей шегіншектейді. Бабақ

стол астынан қол жүгіртіп, Надежданың о жер, бұ жерін бір ұстап, ол бұлқына қалса, құшақтай түседі.

– Антонина, бері жақын отыршы, мына кісі есінен танайын деді білем, тіпті мазамды кетірді, – деді Надежда.

– Мен... Мен бе? – деді Бабак басын шұлғи көтеріп. – Мен ондай адам емес. Түсіндің бе? Сен маған тисең, біз қандай бақытты болар едік. Біздің жеке меншік қорамыз, шошқамыз, сиырымыз, тауығымыз болады. Мен торайларды жақсы көрем. Қорсылдаған жас торайлардың қораңнан шұбап өріп бара жатқаны қандай жақсы. Мен оларды өзен жағасына айдап салам. Сен есік алдында табалдырықтың үстіне шығып қарап тұрасың... Біз дүниедегі ең бай адам боламыз. Солай емес пе, Надя?..

– Сол үшін ішелік! – деп, Надежда стаканын көтерді.

– О, мен дайынмын! – Бабак стакан толы самогонды сіміріп салды. – Солай, Надя! Біз дүниедегі ең бай адам боламыз. – Бабак далаға шықпақшы болды ма, орнынан тұрып еді, тәлтіректеп барып, диванның үстіне қылжия құлады. Надежда бір стакан самогонды апарып, ішесің бе деп еді, ол сөйлеуге мұршасы келмей ыржиып күлді. Аузына құйған самогонды қақалып-шашалып жұтып жатты. Әлден соң бүк түсіп, қор ете қалды.

– Өзі бір әлін білмейтін сорлы неме екен, әбден мазамды кетірді ғой, енді тұрмайтын шығар, – деді Антонина ыдыс-аяқтарды жинап жатып.

– Дастарқанды жинамай-ақ қой, өзінің ішкен-жегенін көрсін, кейін дәрі беріп ұйықтатып тастадың деп дау айтып жүрер. Бұлардан барлық жаманшылықты күтуге болады, – деді Надежда Бабактың қалтасына қолын жүгіртіп. – Өлгі қағаздарың қайда, шапшаң әкел, мөр қолға тигенде аямалық. – Надежда ақ бланкаға ілмек айқыш кресі бар дөңгелек мөрді сартылдатып баса бастады.

– Бүйтіп әуре болғанша, бұл мөрді ұрлап алсақ қайтеді, ертең сұраса, көрген жоқпыз дей салармыз, – деді Антонина.

Надежда басын шайқады.

– Ұрлап алынған зат кәдеге жарамайды, бұл бір, екіншіден, өзімізге күдік келтіріп қайтеміз. Бұл мөрмен олар да, біз де пайдаланайық...

Бабак мылтық дауысынан шошып оянды. Таң атқан

екен. Орнынан жалма-жан тұрып, қалталарын қарады, мөрін сипалап көрді. Надежда мен Антонина пеш үстінде, сығалап қарап жатқан. Антонина секіріп жерге түсіп:

– Түнде мені әбден мазаладыңыз-ау, сізді қонақ еткен мына кісі еді, оған қарамадыңыз, әбден ұят болды, – деді.

– Қойыңызшы, шынымен солай істеппін бе? Масқара болған екенмін. Надежданың өзі бұған не дейді?

– Не десін, сізге ашуланды да, жатып қалды. Артында дайын тұрған бірдемелерің болмаған соң, қатынға құр кідіндеп қайтесіңдер, – деп Антонина одан әрмен қажай түсті. Осы кезде тағы да мылтық атылды.

– Мынау не, Антонина, қайда атып жатыр? – деді Бабак елендеп.

– Ит білсін бе, староста сен білмегенде мен қайдан, білейін. Кеше қызылдар десант түсірді деп жүр еді, бәлкім, солар шығар, – деді Антонина өз сөзіне мән бермегенсіп.

– Не дейді, қызылдар дейсің бе?! – Бабак үйден атып шықты. Надежда екі күннен кейін немістің мөрі басылған қат-қат бланкелерді әкелді.

– Рақмет, Надя, енді біздің жастарымыз ешқайда бармайды, бәлкім, кейін білсе, рақметін айтып жүрер, – дедім мен.

– Ленадан хабар біле алдыңыздар ма? – деді Надежда.

– Оны саған кім айтты? – Мен таңданып қалдым.

– Бабак айтты, біздің отрядта оның адамы бар көрінеді. Бүркеншек аты – «Ақсак». Бізде сондай адам бар ма?

– Ондай лақап аты бар кісіні естігенім жоқ, әйткенмен біліп келгенің жақсы болған. Опасыз адамның кім екенін тауып алар өздері!

– Отрядқа тезірек хабарлайық, тағы зиянын тигізіп жүрер, – деді Надежда.

– Лена болса анадай күйге ұшырады. Енді өзіңнен басқа қолайлы адамның ыңғайы болмай тұр.

– «Ирина» операциясы осымен тәмамдалды десеңіз, онда мен барайын, – деді Надежда.

Сол түні ол орманға кетті.

ЖАҒАДАҒЫ ЖАЛАУ

Қанды шайқас екінші тәулікке ауысты. Партизандар орман төріне шегіне бастады. Немістер ұрысқа жақсы қаруланған батальонға жуық әскерлерін шығарған. Оларды пулемет орнатылған екі броновик және жақыннан ататын бірнеше минометтер қолдады. Әлгінде «Кукурузник» тектес екі қанатты бомбардировщиктері орман үстін шарлап, алыс түкпірдегі лагерьді қатты бомбалап кеткен еді. Енді алты ұңғылы минометпен атқылап жатыр. Алғаш ұлығанға ұқсас жағымсыз үн естіледі де, ілезде ысқырған снарядтар қатарласа түсіп, жарыла бастайды. Қара жердің кесегі аспанға көтеріледі. Жасыл желек жамылған ағаштар әп-сәтте бұтақтарынан айрылып, жалаңаштанып қалады, ортасынан опырылған қарағай, қайындар сидиып-сидиып әр тұста құлап жатыр. Орман көк ала түтін. Жаралылардың ыңырсыған үні естіледі. Біреулер: «Үніңді өшір, ит, бұдан өлмейсің!» – деп, зекіп ұрысып жатқан секілді. Әйтеуір орман іші ың-жың. Адамдарда ірең-түс жоқ, көнетоз шинельдерінің етектерін снаряд жарықшақтары жырым-жырым тіліп кеткен екі-үш адам автоматын кезеп, далақтап алға қарай жүгіріп барады.

Алдыңғы жақтан мылтық, автомат оғының зуылы жиі-жиі естіледі. Немістер қоян-қолтық жақын келіп қалған сияқты. Немістердің басқа колоннасын тойтару үшін екі отряд алып, штаб бастығы Ногайцев кеткен. Оны оң жақ қанаттан Константин Спижевойдың отряды қолдауға тиіс. Бұл кезде Қайсеновтің отряды немістерді едәуір шығынға ұшыратқан өткен таңдағы шабуылдан кейін резервте тұрған. Құрама командирі Иван Кузьмич Примак Қайсеновтің қасына келіп:

– Вася, сен қалай ойлайсың, Ногайцев немістерді ең болмаса бір-екі сағатқа бөгей ала ма? – деді. Құрама командирінің не айтқысы келіп тұрғанын Қайсенов аңғарған секілді. Жаралылар көп, оларды соғыс алаңынан жинап алып, орман төріне жіберу үшін уақыт керек. Екі аяғын екі жаққа жіберіп, талтайып, асықпай нағанын оқтап отырған Қайсенов:

– Броновиктер енді орманға кіре алмайды. Құрғыр неме дөңкіп кісінің зәресін алып еді. Өзіне жеушенді оқ та өтпейді. Броновиктері өтпеген соң, жаяу әскерлері қайда барады дейсің, бөгей тұратын шығар, – деді. Осы кезде тасырлап байланысшы жүгіріп келді. Жыларман халде сөйлеп тұр.

– Жолдас командир, немістер тыл жағымыздан шықты. Ногайцев көмек сұрайды!

– Поповтың отряды қайда? Тылды сол қорғамайтын ба еді, – деді де, командир байланысшымен бірге қалың ағаштың арасына қарай жүгіре жөнелді. Біраз уақыттан кейін қайта оралды. Үсті-басы күйе ме, батпақ па – былғаныш. Қайсеновтің отрядын дереу сапқа тұрғызды. Ол сөзін Қайсеновке арнады.

– Жолдас Қайсенов, бұлай қимыл жасасақ, немістер тірідей жерлейтін түрі бар, мына түрімізбен бұл жерден шыға алатын емеспіз. Ендігі үмітті өзіңе артам, мына самсаған жаралылардың тағдыры сенің жігіттеріңнің қолында, бұларды құтқару солардың қимыл-әрекеттеріне байланысты. Егер сендер немістерді күн батқанға дейін бөгемесендер, онда біздің отряд одан әрі өмір сүрмейді. – Примак сәл кідіріп, иін тіресіп, сап түзеп тұрған адамдарды шолып өтті. Бәрінің қабақтары қатулы, үнсіз сазара түскен. Арбаның үстінде ыңырсып жатқан жаралылардың әлсіз үні талып естіледі.

– Жігіттер, жауынгерлер! – деген Қайсеновтің дауысы саңқ ете қалды. – Мен ұзақ сөйлемеймін. Жағдай өздеріңе белгілі. Біздің отрядқа аса маңызды міндет жүктеліп отыр. Біз бұл міндетті де орындап шығамыз деп ойлаймын. Кімдекім менімен жүргісі келсе – екі қадам алға бассын! Бір, екі...

Бүкіл отряд алға шығып, сап түзеп қайта тұрды. Примак планшетінен жалма-жан картасын суырып алып, Қайсеновпен кеңесіп жатты. Орманның сол жағы бір шақырымдай ашық алаң да, аржағы ағашқа ұласып, қалың тоғай боп кетеді. Қайсеновтің отряды жарлауыт қабақ арқылы сол тоғайға өтуі керек. Отряд партизандарға тыннан қосылған күш тәрізді көрінуге тиіс. Сөйтіп жаппай шабуыл жасап жатқан фашист әскерлерінің назарын өзіне аударып, атыспен біртіндеп Хоцк орманына қарай

шегінуі қажет. Бұл мезгілде құраманың негізгі күштері жаралыларды алып, орманға кетеді. Примактың жоспары осы. Бүкіл партизандар құрамасына жабылған немістердің жойқын күші енді Қайсеновтің отрядына шүйілетін болады. Қайсеновтің отряды осынша мол күшке тойтарыс бере ала ма?..

– Жолдас командир, тапсырма орындалады, күмәнданбаңыз! – деді Қайсенов. Примак Қайсеновтің қолын қысып тұрып:

– Вася, фрицтер екеумізді ағаш үйге оңаша қамап, қоршаған жерінен де құтылып шығып едік, со жолы өлімнен бір құтқарып едің. Бұл жолы да ажалдан арашалаушы тағы өзің болғалы тұрсың. Менің өз басым болса уайымдамас едім, бүкіл жаралы жандар саған қарайды, операция сәтсіз болса, біз бұларды орман түкпіріне алып кете алмаймыз. Өзіңе сенем! – деп, құшақтасып қоштасты. Қайсенов ұзап кеткенде, Примак:

– Вася, сені қысқы лагерьде күтеміз, – деп айқайлады.

Примактың жорамалы дәл келді. Қайсеновтің отряды тоғай шетінде шабуылдан соң көп шығынға ұшырап, басты аяғын құрай алмай жатқан неміс ротасының дәл үстінен шықты. Ротадан жиырма шақты солдат қалған екен. Өздерін қоршап алған партизандарды көргеннен кейін олар қарсылық көрсетпеді, түгел қолға түсті. Тек обер-лейтенант атыса қашып, ақыры құтыла алмайтын болған соң, өзін-өзі атып өлтірді.

– Обер-лейтенантсыз-ақ күн кешерміз, солай ма? – Қайсенов үрейі кеткен неміс солдаттарына қарады. Тақау келгенде «Гитлер капут!» – деп екі қолын ербедете көтеріп, «жанымды қи» дегендей, жалынышпен жалтақтай қарайды.

– Сендермен мына ұрыстан соң сөйлесеміз! – деп Қайсенов тұтқындарды орман төріне алып кетуге бұйырды.

Екінді әлетінде отряд шабуылға шықты. «Уралап» орманды басына көтерді. Ту желкеден партизандардың қаптап келе жатқанын көргенде, немістер қоршауда қалдық деді ме, жапатармағай қаша бастады. Бірталайдан кейін есін жиып, барлық күшін Қайсеновтің отрядына қарай бұрды. Шағын топтарға бөлінген отряд бірде о жерден, бірде бұ жерден тұтқиылдан атакаға көтеріліп, кейінгі күштің қайда

екенін аңғартпады. Бұл көріністі алыста дүрбімен бақылап тұрған Примак:

– Жарайсың, Вася! – деп ризашылық білдірді.

Қайсеновтің отряды екі күннен кейін қысқы лагерьге оралды, араларында жаралы адамдар көп. Бұларды көргенде құрамадағы адамдардың қуанышы қойнына сыймады. Бұдан біраз күн бұрын неміс әскерлерінің Орел – Курск түбінде үлкен жеңіліске ұшырағанын, бүкіл майданда Қызыл Армияның тегеурініне шыдамай, шегініп келе жатқанын радиоқабылдағыш арқылы естіген едік. Күніге таңертемен Совинформбюроның хабарын тыңдауға асығамыз. Біздің Армия қалалар мен селоларды бірінен соң бірін азат етіп келеді. Майдан дүбірі жақындай түсуде. Жеңіс күнінің алыс емес екенін сеземіз. Сол қуанышты күнді көруге бәріміз де зар едік. Жұрттың осы аңсаған үмітін Қайсеновтің отряды жалғай түскен секілді.

Жіліншігін оқ күйретіп кеткен уыздай жас жігіт Қайсеновті көргенде, арбадан секіріп түсіп, жалғыз аяғымен секеңдеп барып, оның мойнынан құшақтай алды.

– Немістер тақаған кезде қазам жеткен екен ғой, ең болмаса қызыл әскерлерді көре алмадым-ау деп, соңғы оғымды өзіме сақтап, өмірмен қоштасып жатқан едім. Тұзым таусылмапты, әлі тататын дәмім бар екен, ол тірлікті өзің әкеп бердің, Вася, – деп кемсеңдеп, көзінің жасын сүртті. – Сізге көп рақмет! – Ол бүкшеңдеп қалтасына қолын жүгіртті де, темекі салған әдемі кестелі дорбасын алды.

– Вася, бойымдағы ең асыл, ең қымбатты затым осы, майданға жөнелтер алдында байғұс анам таң атқанша көз іліндірмей, құдайға жалбарынып отырып осы дорбаны тігіп берген еді. Дүниеде ана тілегінен артық не нәрсе бар? Тұтқын лагерінде жүргенде де тыққыштап жүріп сақтадым, мә, осыны ал, мына жатқан жаралылардың алғысы деп біл, сіздің де анаңыз бар ғой, қос ананың тілегінен оқ жалтарар, әрдайым сау болыңыз! – деп, Қайсеновтің қолына кестелі қызыл-ала дорбаны ұстатып жатты. Бұлардың сөзін Примак естіп тұрған. Ол маған бұрылып:

– Алексей Васильевич, кісінің сеніміне ие болып, ол қалтқысыз сені сүйіп, сыйласа, сірә, бұдан артық бақыт жоқ-ау деймін, сіз бұған қалай қарайсыз? – деді. Бір сәт үндемей тұрып:

– Біздің Вася бақытты ғой, – деп әлгі сұрағына өзі жауап берді. Примақ екеуміз әңгімелесіп тұрғанда қасымызға айрықша бөлімнің бастығы Бычков пен Қайсенов келді.

– Жолдас командир, – деді Бычков ақырын сөйлеп, – біз отрядтағы адамдарды тексеріп шықтық. Екі адамға күдігіміз бар. Сол екеуінің біреуі «Ақсақ» деген лақап атпен жүр ме деп ойлаймыз. Кешегі ұрыс кезінде өздерін біртүрлі оғаш ұстады. Қайсысының «Ақсақ» екенін әлі анықтаған жоқпыз. Вася табанда кеңес айтты, оның сөзі үшеуміздің де көкейімізге қонды. Оның ойынша: бұл екеуіне тағы бір-екі адамды қосып, село жаққа жіберу керек. Бұлардың қасына ерген адам аздан соң озып кетуге тиіс. Сол кезде тоғай арасынан «Сәлем, «Ақсақ», қайда тарттың?» – деген дауыс естіледі. Сонда қайсысы жауап қатса, сол «Ақсақ» болуға тиіс. Дәл осылай жасалды да.

– «Сәлем, Ақсақ!» – дегенде, «Ақсақ» сәл тітіркеніп кетті де, өзінің алдауға түскенін аңғарып, қарсылық көрсете бастады. Бірақ торуылда тұрған жігіттер еркіне жібермеді, матап байлап лагерьге алып келді. Тергеу үстінде ол Ленаны ұстап бергенін, партизан отрядының қайда орналасқанын немістерге хабарлағанын мойындады. Біздің мұнша шығынға ұшыраған себебіміз енді баршаға мәлім болды. Партизандардың ашу-кегі қайнады. Олар ату жазасына кесуді талап етті. Үкім отряд адамдарының алдында орындалды.

Бір жеті тыныққаннан кейін Примақ пен Қайсенов мені оңаша шақырып алып, қысқа мәслихат құрды. Сөзді Примақ бастады:

– Бір опасыздың кеселінен қаншама адам қатардан шықты. Алексей Васильевич, сізден сұрайтыным: барынша сақ болыңыз. Менің бұл өтінішімді Проценкоға да жеткізіңіз. Ол өңшең полицаидың ішінде жүр, қырағы болсын. Енді ұзақ уақыттан бергі ойлаған ісімізді жүзеге асырғанымыз жөн. Немістер шығынға ұшырап, алданғанына қарамастан партизандарды жойдық деп жар салып жатыр. Осыған орай жауап беруге тиіспіз. Отряд сіздің сигналыңызды күтеді.

Мен көп ұзамай селоға оралдым. Ауыр жаралыларды село-селолардағы сенімді үйлерге орналастырып, сол жерде емдейтін болдық. Примақтың жоспары бойынша

Проценконың тобы полицайларды қарусыздандырғаннан кейін дереу орталық почта-телеграфты, қару-жарақ қоймасын басып алады, осы тұста Қайсеновтер неміс гарнизонын құртады, фашистік мекемелерді жояды. Операцияны жексенбіге қараған түні жүргізген дұрыс деп шешілген. Мен Проценкоға жолығуға асықтым. Таң ертемен Переяславқа жүруге қамданып жатқанмын. Қалада біз әрдайым Беляевтің үйінде кездесетінбіз. Жолығысқан кезде өзімізден басқа бөгде кісі болмайтын. Бірақ мен Беляевтан басқа да партизандарға көмек көрсеткісі келіп жүрген ниеттес адамдар бар деп еститінмін. Олардың бәрі істе өздерін көрсете білген, сыналған адамдар саналатын. Ойымда дәнеңе жоқ, жолшыбай көлік кездесе біреуіне отырып барармын деп тұрғам. Сол сәтте үйге Кирилл Розовик кірді. Өзі құп-ку, оңған шүберектей.

– Кируша, не болды? Аурудан саумысың? – деймін.

– Алексей Васильевич, біздің Гришаны гестапошылар ұстап әкетті!

– Қашан? – Өңім бұзылып, шошып кеттім. Буын-буындарым қалтырайды, әлім кетіп қалған сияқты.

– Өткен түнде ұстапты. Онымен бірге Романов, Брайченко, Мусленконы да қамапты, барлығы жиырма адам көрінеді.

– Қалай, сонда бүкіл топтың әшкереленгені ме?

– Жаппай тұтқынға алуына қарағанда, солай боп шығады. Беляевты бүгін алып кетті. Оны өз көзіммен көрдім. Бұл оқиғаның мән-жайын содан сұрайын, – деп барып едім. Өзім ұсталып қала жаздадым.

Екеуміз бірталай үнсіз отырдық. Айналаның бәрі бос, елсіз мекенде тірексіз қалғандай сезінем. Бір жағынан өзегім өртеніп, күйініп барам. Проценконың тобын екі жылдан астам уақыт бойы әзірлеп келген едік. Адамдарды асықпай, біртіндеп полицайлардың өз ішінен іріктеп дайындағанбыз. Кезі келгенде олар әрдайым бізге көмектесіп келді. Партизандармен соқтығысып қалған кезде дәл көздемей, далаға атады, сасқан боп қару-жарақтарын қалдырып кетеді, полицайлардың ішінде үрей туғызып, берекесін кетіреді. Бірде гитлершілдердің қару-жарақ, азық-түлік тиеген баржасын Днепрге батырмақ боп келгенде, күшті

күзетті көріп партизандар кідіреді. Сонда ниеттестердің біреуі «ойбай, партизандар қаптап келеді, жандарыңды сақтаңдар» – деп, немістердің үрейін ұшырып, тым-тырақай қашырған болатын. Біз осылай жұмыс істеген едік.

– Тағы опасызға кезіккен екенбіз, мынау соның ісі, – дедім.

– Күмән жоқ. Сірә, Проценконың өзі білмей қалған, әйтпесе бір қамын жасар еді.

– Бізге жақтас полицейлардың ішінде ондай опасыз адам болмаса керек еді.

– Соған көзіңіз жете ме, Алексей Васильевич?

– Ия, олар Проценконы білгенімен, бұл іске өзінен басқа тағы кімдердің тартылғанын білмейді. Проценко операция алдында олардың басын бір-ақ қоспақ болатын. Кім де болса астыртын ұйымның жұмысымен хабардар біреу болды.

– Астыртын комитет мүшелерінің бірі демексіз бе? – деді Кирилл таңданған пішінмен.

– Білмеймін, Кирилл. – Шынында ол кезде біз ешнәрсені білмеген едік. Соғыстан кейін, гестапонаң документтерін ақтарғанда көзіміз жетті. Проценконың тобын ұстап берген Киселев деген боп шықты. Ол өзінің жолдасы Беляевты да ұстап берген...

Алексей Васильевич біз келе жатқан машинаның кабина есігін ашып, қақырынып-түкірініп алды да, әңгімесіне көшті.

– Сөйтіп Проценконы дарға асуға, қалғандарын ату жазасына бұйырды. Осыдан соң екі-үш күн өткеннен кейін ғой деймін, ия, солай, Розовик гестапо мен жандармерияның жарлығын алып келді. Онда Проценконың түрмеден қашып кеткені айтылған. Қашқынның түр-түсі сипатталып жазылыпты: «Орта бойлы, аққұба келген денелі жігіт... Бандитті ұстаған адамға 10 мың сом марка, ұн, қант, кездеме беріледі, Германияға тегін саяхат жасайды».

– Арысым-ай, қашып құтылған екенсің ғой, жарайсың, – деп, бәріміз де қуанып қалдық. Қазір ол қайда екен? Кімнің үйіне тығылып жүр екен деген ой келді. Проценко партизандардың орналасқан жерін білмейтін. Жолды білетін байланысшы болмаса, орман ішінен партизанды тауып алу қиын еді. Проценконың ұзап кете алмай, осы

манда айналшақтап жүргенін ішім сезеді, бірақ ол селоға оралам деп немістердің қармағына қайта ілініп қала ма деп те қорқамын. Фашистер орманға кіре беріс жолдарға, қалтарыс-бұлтарыстарға, шабындық жерлердің өзіне күшті күзет қойған еді. Бүгін жандармерия аяғынан тік тұрған. Оларға гарнизон әскерлері көмектесіп жүр.

Адам мінезі қызық қой. Қандай қауіп-қатер төніп тұрса да, өзінің үйренген жеріне тартады. Проценко да тоғайда партизандармен жолыға алмаған соң, Вовчиково селосына келеді. Онда Проценконың жақындары тұратын. Фашистер «Проценконы таппайынша босатпаймыз, сендердің онымен байланыстарың бар!» деп, он екі адамды тұтқынға алыпты. Проценконың сенгені өзінің немере ағасы Петро Дайнеко екен. «Ең құрыса киімімді ауыстырып берер, ағайын адам ғой деп дәмеленіп барады. Жалаңаяқ, жалаңбас, бет-аузын сақал басқан адамды көргенде жеңгесі Дарка шошып кетеді.

– Ойбай, сен сұм әлі тірі ме едің? Көлге батып өлді дегені қайда? Аулақ, кәпір, аулақ жүр! – деп, бажылдап үйді басына көтереді. – Өзің өлгеніңмен тұрмай, бізді де құртайын деген екенсің, сен итті кім шақырды? Қазір комендантқа барып бәрін айтам!

Проценко не дерін білмей сасып қалады. Қамбаның астынан шыққан Дайнеко:

– Аузыңды жап, ит қатын, өз көрінді өзің қазбақсың ба? Барып айтсаң, бәрібір бізді де тірі қалдырмайды! – деп, киініп жатқан әйелін төмпештеп, төргі үйге қуып тығады. – Осыдан дыбысыңды шығаршы, басыңды балтамен мылжалап, шауып өлтірем.

Қалтырап, өңі қашқан Дарка сонда да бетпақтығына салып, бажылдай береді.

– Бұл бандитіңді үйге қондырып, өле алмай жүрген жайым жоқ. Өлетін болса, басқа жұртты шатпай, жөнімен өлсін! Сенің жаның ашығанда, оның жаны саған неге ашымайды? Ағайын дейтін болса – басымызды бәлеге салмай аулақ жүрсін! – Осы кезде Дайнеко Дарканың сөзіне құлақ қойғандықтан ба, қабағы түйіліп, Проценконың қасына келеді:

– Мына телогрейканы ал да, қаранды батыр! – дейді ол. Проценко жалаңаяғын көрсетсе, ол тағы күңк ете қалады:

– Өзің ит жанды неме екенсің! Селоны жандармдардың қоршап алғанын көріп тұрсың, олардан бәрібір құтыла алмайсың, аздан соң сені өлтіреді, өлетін адамға киімнің керегі не? Жоқ, бауырым, болмайды. – Ол Проценконың ренжігенін байқап: – Осыған да рақмет айт, әйтпесе... – деп қыр көрсетеді.

Біз бұл жағдайдың бәрін Вовчиново селосынан әдейілеп келген ниеттес адамның бірінен естідік. Розовикпен ақылдастым. Екеуіміздің ойымыз бір жерден шықты. Қайткенмен де жолдасты құтқаруға ұйғардық. Жеңіл шабақты арба тауып алып, үстіне шөп салып, Вовчиново селосына қарай тарттық. Село шетіне кешкі сағат он шамасында іліктік. Проценко тауық күркенің ішіне тығылыпты. Бізді көріп, көзіне жас алды.

– Сендерді ұстап алуы ықтимал, неге келдіңдер? – дейді. Сөзінен қорқыныш та, қуаныш та сезіледі.

– Сені алып кетуге келдік! – Біз таң ертеңгісін қайта қайттық. Селоның шетіне шыға бергенде, екі полицай кездесе кетті. Проценконы одеялға орап, арбаның түбіне жатқыздық та, үстіне шөп тастағанбыз. Розовик арбаның шетінде отырған. Делбені мен ұстап келе жатқам. Полицайлар қолын көтеріп, жолды кес-кестеп тұра қалды. Біреуін танимын. Қанды қол Говкалло. Осының көзін жойайық деп қанша айтсақ та, орайы келмей-ақ қойған. Ол тағы да жолымызды бөгеп тұр.

– Селоға неменеге келдіңдер? Қазір қайда барасыңдар? – деп, Говкалло жөн сұрамай тергей жөнелді. Розовик жауап қатып жатыр.

– Пан полицай, шешем науқас болған соң алыстан әдейілеп дәрігер шақырып едім, енді үйіне апарып тастайын деп бара жатырмын.

Екінші полицай арбаның аржақ-бержағына шығып, қолын жүгіртіп қарайды, зәрем қалмай барады. Өйтіп-бүйтіп сөзге айналдырам.

– Пан полицай, сіз мені танымай қалдыңыз ба? Баяғыдан бері таныс емес пе едік. Уақытыңыз болса, келіңіз! – деп асты-үстіне түсіп, жалпақтап жатырмын.

– Мына бандитті ұстаған соң сөзсіз барып қайтам, – деп Говкалло қоразданып тұр.

– Келіңіз, күтем! – деп, делбені аттың сауырына салып қалдым. Жирен ат үркіп, арбаны сүйрей желе жөнелді. Куәліктерін көрсетіп тұрған Розовик, сәл кідіріп, соңымнан жүгіре қуып жетті. Арбаның үстіне секіріп мініп:

– Гриша, бір бәледен құтылдық, сірә, жолымыз болатын шығар, – деді.

– Жаңағы Говкалло ма? Дауысынан таныдым, оңбаған ит колыма бір түспей кетті, – деді шөптің астында жатқан Проценко кіжініп.

– Селоға аман-сау жетейік, аржағын көрерміз.

Переяславқа жеткенде құжынаған неміс әскерлерінің арасына кірдік те кеттік. Таса, бұрылыс, соқпақпен жүрсек, күдік туғызып алармыз, одан да ел жүріп жатқан жолға түселік деп, тас жолмен келе жатқанбыз. Қалаға кіре берісте тоқтатып, куәлігімізді тексерді. Куәлікті Надежда Воронежскаяның старостадан алған қағазына жазғанбыз. Кресі бар фашистік мөрді көргенде, «Гут, гут» – деп жол берді! Машина ма, зеңбіректер ме, тар көшеден бұрыла алмай сендей соғысады. Бастапқы колонна Харьковке қарай бет түзеп, көз ұшында кетіп барады. Куәліктің сенімділігі көңілімізді көтерді.

– Әй, қайтеді мыналар, басып кетеді-ау! – деп, бұрылыстарда бажылдай қаламын. Неміс солдаттарының менімен жұмысы болған жоқ, олардың көзіне жойқын күштердің арасында жанын қорғалаған бір бейшара секілді боп көрінем. Сол күні кештетіп селоға жеттік. Ол кезде жұртта иман жоқ қой. Бұлар қаладан не әкелді екен? – деп, үйлерінің алдына шығып әуестеніп қарап тұр. Мен шөпті түсірген боп, арбаны аударып салдым. Проценко солпаң етіп жерге құлады. Оны шөппен бастырып жатып:

– Гриша, ымырт жабылғанша қозғалма, өзім келіп айтармын қашан тұратыныңды, – дедім.

– Жамбасым тасқа тиді ме, көзімнен отым шықты! – Проценко күңкілдеп жатыр.

Қас қарайғанда оны үйге алып кірдім. Вовчиново село-сына жүрер алдында Проценконың сәтсіздікке ұшырағаны туралы оқиғаны отрядқа хабарлаған едім. Жағдайды анығырақ біліп қайту үшін Надежда Воронежскаяны жібе-

ріпті. Екі кештің арасында ол да жетіп келді. Проценко болған оқиғаны айтып берді.

Оқиға былай болыпты. Кезегін атқарып қайтқан Проценко казармаға келеді. Өзгеріс жоқ, казарманың күнделікті үйреншікті тіршілігі. Біреулер жұрттан алған шошқаның майын бөлісе алмай, тиісті үлесін азсынып дау көтереді, бұрышқа жиналып алып, «жиырма бірді» соғып жатқандар бар. Бұл жақтың айқайы басым. Полицайдың көбі осында жиналып қалған. Проценко келгенде:

– Пан аға полицай, неге тұрсыз, отырыңыз, карта көтеріңіз, – деп, Говкалло сырылып орын береді.

– Ойнай білмеймін, әуестігім жоқ.

– Білмесең үйретеміз, көп болса жұрттан жинап алған бір жетілік табысың кетер, – деп Говкалло жабыса түседі. «Мына иттің сөзі қалай? Бұрын бүйтіп сөйлемейтін еді, осы ит бірдемені сезіп жүрген жоқ па?» – деп Проценко сезіктенеді. Әйткенмен дау шығармай, сыпайы құтылғысы келеді.

– Бүгін қалтама ақша салып шыққан жоқ едім.

– Әңгіме ақшада емес, пан полицай, ақшаң жоқ болса, қызынды тік, біз тәкаппар жандар емеспіз.

– Әй, сен не тантып тұрсың, қайдағы қызды айтасың!

– Немене, білмейсің бе? Анау Козино селосындағы қызды айтам, өзінді жалықтырған жоқ па? Меншіктене бермей, бізге де дәмін татырсаңшы. – Говкалло Проценконың түйілген түрінен қорқып кетеді. Шегіншектей түседі. – Ой, өзін әзілді білмейді екенсің. Мен саған жаман сөз айтқаным жоқ қой.

Проценко құлаштап тұрып салып жібереді. Говкалло тілін тартпайды, бажылдай түседі.

– Ол немеңді білемін... Ол – қызылдардың агенті. Оған несіне қимаң қышиды. Мен сені сыйлап айтпай жүрсем. Енді өлмесең ома қап. Түсіндің бе?

Полицайлар жиналып қалады. Кейбіреулер Проценкоға сенімсіз түрмен таңырқай қарайды. Бұл күдікті қайткенмен де сейілту керек. Проценко аға полицай ғой, Говкаллоны желкесінен бүріп көтеріп, қабырғаға тұрғызып қояды.

– Сен ит өзіңе жақпаған кісінің бәрін большевиктің агенті, партизандарға ниеттес деп байбалам саласың, сенің

зұлымдық тәсілің белгілі, – деп, Говкаллоның өзіне жала жауып құтылғысы келеді. – Елдің наразылығын қоздырып, неміске қарсы өршелендіре түспек ойың бар. Жұрттың бәрін партизандарға кетсін деп жүрсің ғой. Білем, сенің түпкі ойыңды.

Бір-екі полицай Проценконы жақтап, оның сөзін үрлей түседі.

– Партизандардан жақтас тапсам, жаным қала ма деп жүр екен ғой бұл ит!

– Бәсе, белсенді бола қалушы еді, осындай арам ойы бар екен ғой. Өзін бері алып шықшы!

– Бізді екі жаққа бірдей сатып, өзі құтылмақ! Ә-ә, – өзінің әкесін танытайық! – деп полицайлар кеу-кеулеп кетеді. Жағдайының нашарлығын байқаған Говкалло өзі келіп, Проценкодан кешірім сұрайды.

– Ашуға беріліп, аузымнан шыққан сөзді білмей қалыппын. Оған өзің де кінәлісің. Көптің көзінше ұрғаның не? Мен қатының емес, полицаймын, бұдан былай шекісуді қоялық. Жайылатын өрісіміз, күйсейтін күйіміз бір, қызылдар келсе, екеумізді бірдей дарға асады, талғамайды, қайткенмен де тағдырымыз бір. Одан да септесіп күн кешелік. Сен кешсең, мен қойдым, әкел қолыңды! – дейді.

Осыдан соң бір жеті өтеді. Проценконың күдігі сейіледі. Сол түні күзеттен кеш қайтады. Түнде бетіне шақшиып түскен шамның жарығынан көзі ұялып тұрғанда, екі қолына кісен салынғанын көреді. Гестапошылар оны бөлек тас үйге апарып қамайды. Тергеу үстінде топтағы адамдардың бәрі тұтқынға алынғанын көреді...

– Аржағы өздеріңе белгілі ғой, айтпай-ақ қояйын! – деп, Проценко аса қиналған түрмен күрсінді. – Мен солардың бәрінің бірдей тұтқындалғанына таңым бар.

– Бұл іске тартылған адамдар тізімін кім білетін еді? – деп Розовик екеуміз жарыса сұрадық.

– Әрине, Беляев пен Киселевтер біледі, – деді Проценко, – мен олармен әрбір адам жөнінде кеңесіп отырдым ғой.

– Оларды сол топтағы адамдармен бірге қамады ма?

– Ия, – деді Проценко күрсініп, – бізді кім ұстап бергеніне ақылым жетпейді. Біреуден көрейін десең, о да азап шегіп қамауда отыр, түсінбеймін.

– Жеке камерасы тастан соғылған деуші еді, одан қалай құтылдыңыз? – деп сұрады әңгімені бар ықыласымен бөлмей тыңдап отырған Надежда таңданған пішінмен.

– Ол қапастан құтылам деп ойлаған жоқ едім. Тататын дәмім бар ма, әйтеуір солай боп шықты ғой. Мені немістердің өзі күзетті. Үкімді алдында естірткен. Дарға асты не, оқтан өлгені не – өлетін кісіге бәрі-бір емес пе?! Күзетшіден дәретханаға апаруды сұрадым. Шаңқай түсте қашады деп ойламады білем, артымда жалыққан жандай ілбіп келе жатты. Қашаға тақай бергенде, қолындағы мылтығын тартып алдым да, найзамен бір-екі түйреп, дуалдың аржағына ытып шықтым. Алғаш күзетшінің ыңырсыған дауысын есіттім. Ұзап кеткенде, айдалада далақтап қашып бара жатқан кісіні көргенде барып немістер қуғыншы шығарды. Бірақ кеш қимылдады. Трубез көліне жетіп, орман шетіне іліккеннен кейін:

– Ей адамдар, мен құтылдым! – деп бар дауысыммен айқай салдым.

Бар әңгіме осы.

Біз Проценконың әңгімесін тыңдағаннан кейін бірсыпыра үнсіз отырып қалдық. Бұлардың аяқ астынан әшкереленуі өткен жолы орман ішінде фашистердің тұтқиылдан жасаған соққысынан кем болған жоқ. Проценконың тобынан зор үміт күткен едік. Арада жүрген опасыздық ылаңынан біз тағы да таяқ жедік. Большевиктердің ұясын талқандадың деп, гитлершілдер тағы жар салып жатыр. Опасыздық жасап жүрген кім? Баяғыда өткен бір мәжілісте Қайсенов:

– Дұшпанды алыстан емес, өз ішімізден іздеу керек. Әйтеуір біздің біреуміз фашистке сатылған адамбыз. Әйтпесе, немістер Астыртын комитеттегі жайды түгелдей білмес еді! – деген-ді. Мен бұл оқиғаға қатысты адамдардың бәрін көз алдымнан өткіздім. Проценконың шаруасына тікелей араласып жүрген кісі – үшеуміз. Екеуі – Беляев пен Киселев те, біреуі – мен. Ал анау екеуі топтың адамдарымен бірге түрмеде отыр! Сонда қалай болып шығады? Осы ойымды Примак пен Ломакоға айтқанымда:

– Сен босқа бас қатырма, – деді Ломако ренжіп. – Опасыз адамның түрмеде де отыруы ықтимал. Бостандықта жүргеннен гөрі ол онда көбірек мәлімет жинайды! –

Бұл сөздің мәнін сол кезде ұға қойғаным жоқ, жай айта салған сөз шығар дедім. Бар шындықты кейін білдік қой. Арамыздағы опасыз адам – Киселев екен. Тергеу кезінде ол бәрін мойнына алды...

Бірақ ол кезде біз өзімізге кешірім берген жоқпыз. Екі бірдей соккыға ұшырасақ та, дұшпанды мұқатуды ойладық. Бұған Проценконың сөзі қамшы болды.

– Алеша, – деді ол төмен қарап мұңайып. – Отрядқа жіберем дейсің, онда не бетіммен барамын, жолдас-тарымның бәрі жау қолында қалды. Қарақан басымның аман қалғанына мәз болам ба? Жоқ, мен бармаймын.

– Егер бармасаң, фашистер бәрімізді де дарға асады, ешкімді есіркемейді, осыны тілесең өзің біл!

– Сіздер онсыз да өлімге басты байлап, мені құтқардыңыздар, бұған рақмет, – деп күмілжіді Проценко, – әрине, түбі отрядқа барам ғой. Бірақ мен дұшпаннан да, арамыздағы опасыздан да кегімді бір алып қалсам деймін. Сіздер маған тек қопарғыш тауып берсеңдер болғаны – қалғанын өзім жайлаймын.

– Не істегің келіп отыр сонда? – Гестапоның үйін қопармақсың ба? – деп сұрады Розовик.

– Жоқ, ол емес, – деп Проценко еңсесін көтерді. – Оның қаңыраған үйін қайтем. Григоровканың тұсындағы жайлақта немістердің тіркеме баржасы тұр. Оқ-дәрі тиіп жатқанына бірнеше күн болды. Мен онда болғам, оған баратын таса жолды да білем. Айттым ғой, тек қопарғыш тауып берсеңдер болғаны.

Біз ойланып қалдық. Әр баржаның өзінде жүздеген мың тонна жүк бар. Оның көзін жоя алсаң, немістерге үлкен нұқсан келтірер едік. Әрине, бұл жалғыз кісінің қолынан келмейді. Қарулы топтың қайсарлы әрекетін тілейді. Оның үстіне жаумен бетпе-бет кездескенде ойламаған жерден әрқилы оқиғалар болуы да мүмкін...

– Гриша, мен жігіттермен ақылдасып көрейін! – дедім. Сол түні Надежда мен Розовикті лагерьге қайта қайтардық. Надежда «Өзім-ақ барамын, жолды білемін ғой» деп еді, оның мұнысына келіспей, Розовикті қосып жібердік. Проценконың күндіз-түні абыржып, тынышы кетті. Қолын артына ұстап, үйдің ішінде әрі-бері жүреді де:

– Алеша, олар біздің ұсынысымызды мақұлдай ма, сіз қалай ойлайсыз? – деп, менің қарсы алдыма тоқтай қалады.

– Өткен ұрыста көп адамдардан айрылды. Осыдан соң кісілердің көңіл-күйлерінің қалай екенін білмеймін. Өздері жай-жапсарды біліп, ақылға салып көрер.

Осылай отрядтан хабар күтіп отырғанбыз. Арада біраз күн өтті. Бір күні қас қарайған мезгілде ғой деймін, бүкіл селоның иттерін шулатып бір топ полицай жетіп келді. Әуелде олар айқайлап, әлдебіреулерді боктап, селоның шетіне шықты да, қайта бұрылды. Сабалақ жүн, ала қаншық өршелене үріп, фургоннан қалмай келеді. Мылтық атылғанда құйрығын бұтына қысып, қыңсылап, айдалаға қаша жөнеледі. Полицайлар үйдің сыртына сарт-сұрт түсіп жатыр. Өздері мұздай қаруланған.

– Мені алып кетуге келген екен! – деді сұп-сұр боп өні қашқан Проценко наганын кезеп. – Олар есікті ашып, үйге лап қойғанша, сіз терезені бұзып қашыңыз, алты оғым бар, жолын бөгей тұрамын.

– Ал сен ше? Жоқ, мен ешқайда бармаймын, не болса да бірге көреміз! – деп, матрастың ішіне тығып қойған наганды суырып алдым. Екеуміз төргі үйдің екі жақ босағасында тұрмыз. Атойлап келген полицайлар жым бола қалды. Сыртта күбір-күбір сөздер естіледі.

– Сарайдың ішін қарауға кетті білем! – деді Проценко сыбырлап. Аз тыныштықтың өзі бізді езіп жібергендей болды. Не жасаса да тезірек болса екен деп тұрмыз. Әлден уақытта біреу терезені соққандай болды. Шартты белгімен ұрады.

– Бұл кім?! – Дауысымның қалай қатты шыққанын білмей қалдым.

– Өзіміз, ашыңдар! – дейді. Үні таныс секілді. Жаудың ішінде жұмыс істеу қиын ғой. Кейде өз адамдарыңнан қорқасың. Бұл жолы да солай болды. Есікті ашқанымда наганы жамбасынан саландаған біреу алшаңдай басып кірді.

– Немене, танымай тұрсың ба?

Енді ғана есімді жидым.

– Вася! – деп құшақтай алдым. Сөйтсем, өзіміздің Қасым Қайсенов екен.

– Әй, өздеріңнің имандарыңды ұшырдым-ау! – деп, қарқылдап күледі. Бәріміз мәз боп жатырмыз. Күлкі де кісіге қуат береді екен, – жадырап қалдық. Қайсенов енді ғана жаны жай тапқан Проценкоға көзінің ұшымен қиғаштай карап:

– Хал қалай? – деп, болған оқиғаларды қысқаша сұрап білді де: – Опасыздар болмаса, бұл жерге әлде қашан Совет өкіметін орнатқан болар едік. Қайда барсаң да қырсығын тигізеді, бұл иттер! Оқасы жоқ, олардан да өш алатын кез келер, одан да іске көшелік. Баржаға қай тұстан барған ыңғайлы деп ойлайсың! – деп іске көшті. Проценко көрген-білгенін айтып жатыр.

– Онда уақытты бекер өткізбейік, «полицайдың» мұнда көбірек аялдағанына күдік келтіріп жүрер, кеттік! – деді Қайсенов жұртты асықтырып. – Сіз де жиналыңыз, Алексей Васильевич, – деді маған. – Мұнда енді қалуға болмайды. «Бәрі орманға кетсін» – деген жарлық бар.

Мен де жолға шығуға жиналдым. Баржа Днепрдің оң жағындағы жайлаққа тақау тұр. Өзі дөңкиіп төбе секілді көрінеді.

– Аржаққа қалай өтеміз? – деді Проценко Қайсеновке сыбырлап.

– Біз «полицай» емеспіз бе? Несіне сескенеміз. Паромды күтпей-ақ қайықпен өтелік! – деді Қайсенов.

Қайсенов пен Проценко бір жігітті ертіп, аржаққа өтті. Жағада біреулерге жолықты ма, тымық түнде сөйлеген сөздері естіледі. Жүрек лүпілдеп алқымға тығылады, сазарып аржаққа көз тігеміз. Бірталай уақыт өтті. Түн қоюлана түсті. Айнала төңірек тым-тырыс. Аржақтан әлі хабар жоқ. Бұлар қайда жоғалып кетті дейміз. Бір мезгілде өзен суы шолп-шолп еткендей болды. Біреулер ескек есіп келе жатқан секілді. Күбірлеген сөздері естіледі. Сол-ақ екен, аржақтан айқай көтерілді, ракеталар қос-қосынан аспанға атылды, оқтар өзенге түсіп, быж ете қалады. Фашистер баржа жақтан бергі жағаға жетіп қалған қайықты атқылап жатыр. Оқ борап кетті, қайық үстінде абыржыған дауыстар естілді.

– Вая, секір, қайықты таста! – деп айқай салдым. Өзеннің бергі жағасы қайраң, қорбиып нысана болғаннан

гөрі, сүңгіген тәуір ғой. Дұшпанның бетін өзімізге қаратпак боп, пулеметтен окты ұзағырақ бората атып жібердік. Өзеннің арғы бетінен гүрілдеген мотор қайықтардың үні естілді.

– Вася, Гриша, тезірек! – деп, фургонға жете бергенде, су болған үшеуін бірдей көтеріп алдық.

– Амансыңдар ма өздерің?

– Бәрі жақсы! – деді Қайсенов ентіге дем алып. – Жағадан жылжи бергенімізде, аржақтан қою жалын лап етіп аспанға атылды да, әлдебір нәрсе күрс етіп жарылды. Снарядтар да тасырлап жарыла бастады.

– Уһ! – деп, Проценко үстінен ауыр жүк түскендей Қайсеновке қарай құлай кетті. – Вася, мина жақсы жұмыс істеді. Снарядтардың дәл түбіне қойғанымыз мұндай тәуір болар ма?! Тыңдашы, әлі жарылып жатыр! Былай шыққан соң аттың басын қоя беріп, жайбарақат әңгімеге көштік.

– Кешігіп қалғандарыңа қорқып, сірә, күзетшілер көп болып, жол бөгеген шығар деп едік.

– Жоқ-ә, – деп Вася қолын сермеді. – Күзетшіні барған сәтте-ақ жайраттық, қауқар жасауға мұршасы да келмеді. Тезірек кетейік деп едім, мына Гришаның өнер шығарғаны – «Вася өз қолымыздан жалау тігіп кетейік, соны ойлап әдейі қызыл мата алып шығып едім, фашистер партизандарды жойдық, енді бас көтермейді деп жүр, сөйткенде баржаның батпақ жерінде қызыл жалаудың желбіреп тұрғанын көрсін!» – деп болмады. Бұл ұсыныс маған ұнады. Жалауды қадайтын ыңғайлы ағашты таба алмай жүріп қалғанымыз.

Мен Қайсенов пен Проценконың дөңкиген алып денелерін құшақтап тұрып:

– Адамдар, сендер өздерінді азат етуші, бақытты болашақ үшін күресуші, еркіндік туын тігуші батырларды көрдіңдер ме? Олар міне, менің қасымда отыр! – деп әлемге айқайлап, жар салғым келді. Бірақ бұл алып тұлғалар менің құшағыма сыймайтын сияқты еді. Тек жүрекпен сүйіп, елжіреп, аса бір ләззатпен қарай берем, күш те, құдірет те, жақсылық та, әдемілік те осы екеуінің бойынан табылғандай. Ертең село тұрғындары биік шынар басына ілінген Қызыл жалауды көргенде не дер екен?! Бұл Қызыл жалау қырда ескен қызыл шоқ гүлдей көрінбей ме?! Өйткені біз Қызыл жалаумен

бақыт таңын атырдық, Қызыл жалаумен есейіп ержеттік, ел болдық, енді Қызыл жалау астында адамзат дұшпанына қарсы күресіп жүрміз.

Жағада жалау желбіреп тұр. Ол азат күннің алыс емес екенін білдіргендей, алаулап толқи түседі.

Қызыл ту біздерді жаңа күреске жігерлендірді.

ПАРТИЗАНДАР СОҚПАҒЫМЕН

Біз Киевтен шыққалы бері Алексей Васильевич Крячек пен Қасым Қайсенов машинаны кезек-кезек жүргізіп келе жатқан. Переяслав қаласына жақындағаннан кейін рульге Крячек өзі отырды.

– Алыстан келген қонақсың, біреу-міреу тоқтатып, кідіндеп жүрсе, ұят болар, – деді Крячек моторды қайтадан от алдырып жатып.

– Ей, Қасымды тоқтататын кім? Соны айтшы маған?

– Қасымды қайдам, ал Васяны (Қасымның бүркеншек аты ғой) ешкім тоқтатпайды. Оны жұрттың бәрі біледі.

– Әй, Алеша-ай, қусың-ау, әйтеуір бірдемені таба қоясың! – деп, әлдебір нәрсе есіне түскендей Қасым қарқылдап күлді. Бұл екеуінің арасындағы әзіл әңгіме соғыс жайындағы ауыр ойды сейілткендей болды. Әйткенмен Иринаның, Яковецтің, Проценконың, Розовиктің, тағы басқа көп адамдардың басынан кешкен оқиғалары көз алдынан кетпейді. Крячек өзінің соғыс жайындағы әңгімесін жалғастыра ма деген үмітпен:

– Алексей Васильевич, Проценко мен Розовик туралы әңгімені үзіп тастадыңыз ғой, олар тірі ме? Беляевтар құтыла алды ма? Зоя туралы да айтпадыңыз, – дедім.

– Олардың бәрі қаза тапты! – деді Крячек біраздан кейін жауап қатып. – Содан бері, міне жиырма жыл өтіпті. Бұл – есейген азаматтың жасы ғой. Бірақ сол бір қан кешкен ауыр күндер ұмытылар емес, бәрі кеше ғана болған сияқты. Бәрінен де Проценконың өлімі көз алдынан кетпейді...

Алтын күн арайланып, күлгін-қызыл, сары ала шапағын

төгіп, көтеріліп келе жатқан. Хоцк орманындамыз. Жаумен арадағы атыс әлі басылған жоқ. Жаудың бетін бір қайтарып тастап, партизандар орманға қайта бекінген. Бұл кезде Проценко 2-ші отрядтың командирі болатын. Оның отряды сол ұрыста 70-тен астам фашист солдаттары мен офицерлерін жойды. Соңғы минутта өзі оққа ұшып, ауыр жараланды. Оң өкпесін жұлып, қабырғасын зақымдап кеткен екен. Ол басын кеудеме қойып:

– Алеша, мына күннің тамашасын қарашы... Өзінің сәулесі қалай мол. Орман іші де біртүрлі әдемі... Жапырақтың, шөптің иісі шығады. Егін бастыратын да мезгіл боп қапты. Қызыл Армия келгенше біз егінді жинап та үлгереміз, солай емес пе? Неге бұлай жаман көзбен қарайсың? Өзің қалың жаудың ортасынан алып шығып, бір өлімнен құтқарып едің ғой. Ажал қыр соңымнан қалмай, міне тағы алдыңа айдап әкелді... Құтқар, Алеша, ең болмаса жеңіс күнін, салют берілген күнді көрейін, жүрегім соған дейін соқсыншы... Артық ғұмыр тілемейін... Тұу, ауа шіркін қандай ауыр еді, кеудемді жаншып барады, – деді де, сылқ ете түсті. Әлден соң көзін тағы да ашты.

– Алеша, мен өлетін шығармын... – Ол ақырын күбірледі. Күлген кісі секілді езуі бір жағына қисайып, үзіліп бара жатты...

Медицина – өлім алдында мүсәпір ғой, ажал келсе, арашалап қала алмайды. Розовик те менің көз алдымда өлді. Днепр түбіндегі ұрыс кезінде партизандар тікенек сым құрылған тосқауылдан өте алмай, бөгеліп қалды. Тордың асты қат-қат мина. Кирилл Розовик денесімен минаны соққанда, темір тордың талқаны шығып, жол ашылды. Сөйтіп ол жанын құрбан етіп, жеңіске жол салды.

Зоя мен Беляев, Романовтардың тағдыры бұлардан оқшауырақ болды. Олар гестапоның іргесінде азапты өліммен өлді. Біз сүйектерін әрең жинап алдық. Қазір алдымыздан алаң кездеседі. Олардың сүйектерін сондағы «Бауырластар моласына» апарып қойдық. Бұл жеңіс көп құрбандықпен келді ғой. Соғыстағы шығынды былай қойғанда, жүздеген семьялар үрім-бұтағымен біржола жойылып кетті. Соның бірі – Розовиктің семьясы. Төрт жасар қарындасы қалып еді. Гестапошылар тіміскілеп

жүріп, оны да тауып алды. Жас баланы жалаңаяқ, жалаңбас сүйрелеп алып бара жатқанда:

– Ағатай, ұрмашы, мен сендерге тақпақ айтып берейін, өлең айтып берейін! – деп шырылдап, жалынады ол. Естіген жұрт еңіреп, сай-сүйегі сырқырайды. Шет жақта бір кемпір тұр екен, байғұс ананың дәті шыдамаса керек, топты жарып шығып:

– Ей, қара бет жауыздар, жас балада не жұмыстарың бар, ол не жасады сендерге, не жазығы бар еді!? – дейді де, сәбидің жылағанына мәз-мейрам боп бара жатқан жандармның қолынан қызды жұлып алады. – Тимендер, бермеймін баламды, аулақ жүр! – деп, баурына қысады. Бейшара ананың бар қарекеті сол болады. Ана мен баланың оқ тескен кеудесінен қан жоси жөнеледі...

– Осы күнгі жастар бақытты ғой, – деді Крячек шағын қалаға бет алған түп-түзу жолдан көз алмай. – Осы бақытқа көп қан төгіспен, құрбандықпен жеткенімізді білсе екен деймін, өз дәуренін қастерлесе екен деймін... Кейде біздің арамызда қызық адамдар бар, соларға таң қаласың. «Баяғы өткен соғысты айтасың ба, соны қозғап қайтесіндер, ол ескі тақырып, бүгінгі күнді сөз етіңдер!» – деп байбалам салады. Мұны тірілер түгіл, өлі аруақ кешірмейді! Бірақ қайтесің, солай боп жатады... Мысалы, Яковецке кешегі соғыс көне тақырып па екен?.. Өзі осы қалада тұрады, сөйлесіп көріңіз, ол не дер екен?!

«Яковец тірі екен ғой» – деген қуаныш бойды биледі. Крячек менің осы ойымды сезді де, сөзін жалғады:

– Уақыт зымырап өтіп барады, соғыстан тірі қалғанмен, оның зардабы қоятын емес, қатарымыз сирей бастады. Баяғыда Днепрден өткен кезде Қайсеновтің отрядының өзінде осы өңірден жүз қаралы кісі бар еді. Содан аз-ақ адам қалдық-ау...

Түс ауа Переяслав-Хмельницкийге келдік. Қала шағын, жинақы екен. Үлкен алаңның ортасына орыс халқы мен украин халқының мәңгі достығын бейнелеген ескерткіш-мүсін орнатылыпты. Аудандық партия комитеті осы достық алаңның қарсысындағы үйге орналасқан екен. Аудандық партия комитетінен шығып келе жатқанымызда, Қасым ақ китель киген біреуді нұсқап:

– Алеша, анау Яковец емес пе? – деді де, – Дмитрий Никитич! – деп айқай салды. Яковец те бұларды шырамытты білем, екі етегі далақтап, құшағын жайып жүгіріп келеді.

– Бауырларым-ау, қайдан жүрсіндер? Қашан келіп жетіндер? – деп, құшақтап, сүйісіп, жөн сұрап жатыр.

– Келгеніміз қазір, аупарткомға кіріп шыққанымыз осы. Қалай, үй-іштерің аман ба? – деп Қасым да күй-жайларын сұрап жатыр. – Әлгінде Костямен сөйлестім, ия, Константин Спижевоймен. Олар Днепрдің жағасында, баяғыда өзіміз жалау қадаған қайың бар ғой, сол жерде күтетін болды. Қалаға қайтар жолда соғып, аралармыз, – деді...

Батып бара жатқан күннің сарғыш мұнар сәулесі төңіректі түрлендіріп, қалың қабақ астында ағып жатқан Днепрге қиықшалай түседі. Өзен суы түп-тұнық, беті бұйраланып, жол-жол боп жатыр, ағысы қатты секілді. Қайықтарды еркіне қоймай бұлтандата бұрып алып жөнеледі. Бір топ адам жағада, шоң талдың түбінде күтіп тұр. Айқайлап қолдарын бұлғайды.

– Демек, анау тұрған біздің партизандар! – деді Қасым.

Бұл жердің адамдары да, селосы да ежелден маған таныс секілді, көкірегіме жатталып қалған. Соғыс жылдарында өзім де осы маңда болған едім. Днепрден өтер кезде тұрақты әскерлерге партизандардың зор көмек көрсеткені мәлім. Соның бірі – Чапаев атындағы партизан құрамасы. Бұл құрама жөнінде «1939 – 1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс» деген әскери-тарихи очеркте былай деп жазылған:

«... Бұл маңнан соғыспен өзеннен өткен кезде (Букрин маңын айтып отыр. – К.Т.) біздің бөлімшелерге Чапаев атындағы партизандар құрамасы зор көмек көрсетті. Партизандар Григоровка селосының тұсында алдыңғы бөлімшелерді кездестіріп, оларға бірнеше балықшы қайықтарын берді, Днепрдің оң жақ бетіндегі жаудың атыс ұяларының орналасқан жерлерін көрсетті, алдыңғы бөлімшелерді өткелден өтетін жерге әкелді, жол көрсетіп жүретін арнаулы адамдар бөлді...»

Маған Днепр өзенінен бірінші боп өткен гвардияшы комсомолецтер Сысолятин, Иванов, Петухов және Семеновтардың есімдері бұрыннан белгілі болатын.

Ержүрек жауынгерлерге ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Совет Одағының Батыры атағы берілген еді. Олар бораған қалың оқтан тайсалмай, бүкіл дұшпанның назарын өздеріне аударып, әскери бөлімшелердің өзеннен өтуіне, оң жақ беттегі плацдармды басып алуына мүмкіндік берді. Бұл батыр жауынгерлердің қатарында бір топ партизандар болды. Әскери тілшілердің очерктерінде, командирлердің естеліктерінде және жоғарыда біз атап өткен әскери-тарихи очеркте Днепр өзенінен өткен кезде әлгі батыр жауынгерлермен қатар, партизандар да аянбай соғысты делінеді де, бірақ олардың кім екені айтылмайды. Шынында олар болды ма, болса кімдер? Қайда тұрады? Олардан тірі қалған адамдар бар ма? Ең болмаса солардың біреуін жолықтырсам деп ойлайтынмын. Менің енді Молдавияға бара жатқан топтан қалып, Киевтен шалғай Григоровка селосына қарай баруыма себеп болған жайлардың бірі осы еді. Ертеңіне, Днепр өзеніне тақау бұрынғы партизан қостарының бірінде бір топ партизандармен әңгіме-дүкен құрдық. Қазанда жас балықтың сорпасы қайнап жатыр. Балық сорпасын пісіруге өзімізге аты таныс Сергей Минович Шпиталь шебер екен. Оған шаруақор Михаил Антонович Гром көмектесіп жүр. Тоғай іші қоңыр салқын, өзен жақтан жанға жайлы дымқыл леп келеді.

Партизандар соғыс кезінде бастан кешкен жайларды қозғап отыр: біреуіне қамығады, екінші істеріне күледі. Бәрінен бұрын Константин Иванович Спижевой сақалынан айрылғанға әлі күнге дейін өкінеді екен.

– Ең болмаса сол сақалмен ескерткіш ретінде суретке де түсе алмай қалдым, – дейді ол. Константин Спижевой Қайсенов сияқты отряд командирі болған. Отряд бір жолы фашистердің жазалаушы отрядына бетпе-бет кездесіп қалып, соғыспен кейін шегінеді. Фрицтер соңынан қалмайды, отряд бірнеше күн дегенде қуғыннан әрең құтылады, Қайсеновтің отряды көмекке келіп, солар құтқарады. Ұйқы көрмей әбден шаршап, қалжыраған адамдар еркіндікке шыққан соң қалың ұйқыға кетеді. Спижевой да біреудің жотасына басын сала қылжияды. Мұны көрген Қайсенов:

– Фрицтерден тырақайлап қашып жүріп, мұның сақал қойған несің алған деймін. Бұйткен сапсыған сақалыңды ұрайын! – деп, қайшыны алып, екі жақ ұртына салбыраған бірдемені қояды да, қалғанын мұртымен күзеп тастайды. Сол кезде шұғыл жұмыспен құрама командирі Тканко шақырады. Қаба сақал орнына екі жақ езуінде кісі күлерлік салбыраған бір шөкім қыл қалған қарауындағы командирінің түс-реңін көргенде Тканко таң тамаша болады, әрі ашу қысады.

– Сіз командирсіз, өзіңізді бұлай ұстауға бола ма екен? – деп ренжиді. Командир немістердің тықсырғанына төтеп бере алмағанға ренжіп отырған шығар, – деп, Спижевой кінәлі кісідей үндемейді.

– Өзіңнің есің дұрыс па, неге үндемейсің? Айнаға қарашы, мына түріннен кісі түгіл, шайтан шошыр, – деп, Тканко адъютантын шақырып, айна алдырады. Спижевой өз түрінен өзі шошып кетеді.

– Ей, мынаны жасаған кім? Кім жасағанын білем. Ол ақымақтың мені масқаралағаны несі, мен оған көресіні көрсетейін! – деп, нағанын суырып ала жөнеледі.

– Сақал – ерліктің белгісі, сен батыр болғанша ол да өсер, өкінбе! – деп, құрама командирі Тканко екеуін татуластырады.

– Содан кейін сақал қоймайтын болдым! – деп, Константин Спижевой басын шайқайды. – Днепрден немістер кеткен күні өсіре бастайын деп қырмай, қоя беріп едім. Бұрынғыдай қоюланып қаулап өспеді. Сосын қойдым.

Бір шетте Алексей Васильевич Крячекті ортаға алып, өзімізге есімдері таныс Сергей Минович Шпиталь, Дмитрий Никитич Яковец, Григорий Спижевой, Михаил Антонович Гром әңгімелесіп отырған. Сөздеріне құлақ түрсем, Днепрден өткен кезді сөз қылып отыр екен.

– Вася, – деді Крячек Қайсеновке шөп басқан шұқырды нұсқап. – Николайды біз осы тұста кездестірген жоқ па едік. Ия, Николай Петуховты айтамын. Сол күні күн жауын ба еді, әйтеуір мына шалшық бөгеттің суы сонда молдау көрінген. Менің оң жағымды ала Гриша Спижевой жатқан. Байқаймыз, алдымызда жеті-сегіз неміс жатыр. Шамасы, Днепрге шабуыл жасап, асығып, екпіндеп келе жатқан

біздің алдыңғы әскерлерге бөгет жасауға қалдырып кеткен гитлершілдердің бөлімшесі тәрізді. Днепрге басқалардан бұрын жетемін деді ме екен, біреу топтан бөліне біз жатқан жаққа қарай жүгірді. Терең шұқырға жата қалып, бір сәттен соң қайта көтерілгенде, дәл қарсы алдынан автомат оғы борап кетті. Солдат Днепрге жетуге ұмтылады, әлгі фашистер оқпен төпеп, оның жолын бөгейді. Оқшау қалған дара солдатты қоршап, қолға түсіру ойы бар сияқты. Фашистер жақындай бергенде, Петухов автомат оғын боратып жіберді. Немістер бұғып, шегінді. Біраз жатып, алға жылжиды.

– Русь қапұт, қолыңды көтер! – деп, еңгезердей неміс көтеріле бергенде:

– Тапқан екенсің! – деп, Петухов автоматтың шүріппесін басты. Шүріппе жұмсақ, оқ атылмады. Бірақ фриц дәл жанына қисалаң етіп сұлап түсті.

Петуховтың ойлауға мұршасы келмей, бос дискіні лақтырып тастап, екіншісін оқтады. Аңдып, көздеп жатыр. Каска киген темір бастардың бір-екеуі томар түбінен қылтиып көрініп еді, автомат оғын боратып жіберді. Сол сәт бұл соңғы дискі екені, бұдан басқа оғы жоғы есіне түсті ме, сақтауыш жылжыма темірді кейін шегеріп, біртіндеп атуға кірісті. Автомат жеңілдеп барады, оқ таусылуға айналды. Оң жақтан «уралаған» дауыстар естілді. Шепті бұзып, Днепрге жақындаған секілді. Петухов солай қарай жылжымақ болды. Томар түбінен манағы темір бастар іннен шыққан тышқандай тағы қалтиып көрінді, жан-жақтан оқты боратып жіберді. Петухов жабысып жата қалды. Бір ғажабы, «немістер мұның жалғыз екенін, оғының таусылғанын көріп жатыр. Неге олар алға жылжымайды», – деген ой келді Петуховқа. Сол сәтте екі-үш неміс еңбектеп келе жатты. Петухов дискі салатын дорбасын, қалтасын, кеудесін сипалады. Әлгінде босаған дискіні алып қарады. Тістеніп, қара топырақты уыстап мыжғылап жатыр. Енді бір-екі минуттан кейін бәрі бітеді... Ол үнсіз ағып жатқан Днепрді көре алмады, ұлы өзенге жете алмады... Бәрібір ол қолға оңайлықпен түспейді. Тек келіп көрсін!..

– Солдат, неге жатырсың, тұр! – дегенде, Петухов автоматының ұңғы жағынан ұстап, ұрып жіберетін кісідей

ұшып тұрды. Ол ыржиып күліп тұрған Қайсеновті және Гриша Спижевой екеуімізді көріп:

– Біздің адамдар, партизандар! – деп қуанып кетті. – Мен жалғыз екенмін десем, қасымда сендер бар екенсіңдер ғой. Бәсе, немістердің дымы шықпай қалып еді, рақмет сендерге! – деді үшеуіміздің қолымызды кезек-кезек қысып. – Енді қайтып көріскенше сау болыңдар! – деп, ол қалың ағаш арасына кіріп, «Уралаған» дауыс шыққан жаққа қарай жүгіре жөнелді. Осы оқиғаның бәрі он-он бес минуттың ішінде болды. Петухов кешікпеді, өз бөлімшесіндегі солдаттармен бірге Днепрге жетті. Солдаттардың қуанышында шек жоқ. Басындағы темір каскаларын жұлып алып, өзенге малып, Днепрдің тұнық суын сіміріп жатыр. Қайран Днепрдің суы-ай десеңші!.. «Бізді көрдіңдер ме, біз Днепрге жеттік!» – дегендей бір топ солдат каскасын бұлғап, уралап айқайлайды. Тыныс ұзаққа созылмады. Командир солдаттарды жинап алды. Ол қысқа сөйледі:

– Жауынгер жолдастар! Жау есін жимай тұрған кезде осы қарқынмен шапшаң қимылдап қалуымыз керек. Қане, Днепрден кім бірінші болып өтіп, гитлершілдердің бораған оғы астында батальонға жол ашқысы келеді? Қалаушылар бар ма?

– Днепрден өтуге маған рұқсат етіңіз! – деген дауыс сап түзеген солдаттардың қатарынан саңқ ете қалды. Тығыршықтай жас жігіт бір аттап алға шықты.

– Мынау Петухов қой! – дедім мен. Қайсенов қостағандай басын изеді. Петуховқа қосылып «мен, мен» – деген дауыстар естіліп, үш солдат шапшаң басып, оның қатарына келіп тұрды. Комбат олардың фамилияларын атап жатты.

– Қатардағы гвардия жауынгері Семенов, қатардағы гвардия жауынгері Иванов, қатардағы гвардия жауынгері Сысолятин! – Бұл төртеуінің қатарына бөлімшедегі бүкіл жауынгерлер сап түзеп тұра қалды. Бәрінің де Днепрден бірінші болып өткісі келеді.

Комбат тапсырманың ауыр екенін айтып, сәтті сапар тіледі. Бұлардың ішінде жасы үлкені Семенов болғандықтан, оны топтың басшысы етіп тағайындады... Таң қылаң беріп келеді. Жиекте сарғыш реңді сәуле бар. Бірақ өзен үсті дымқыл будан ба, қара-көлеңкелеу. Қайық аздан соң көрінбей кетті.

– Жағаға жете алар ма екен? – дедім мен дегбірсізденіп.

– Басқа жол жоқ қой, – деді Спижевой.

Батальон өзеннен өту қамына кірісті. Қарбалас, қызу шақ. Бөренелерден, тақтайлардан сал жасалып жатыр. Семеновтардың соңынан іле-шала автоматчиктердің екінші тобы аттанды. Оны комбат басқарып кетті. Қайсеновтің отряды осы топқа қосылды, ал Қайсеновтің өзі Петуховтармен бірге кеткен болатын. Оның қайығы солармен қанаттаса жүріп барады. Ракета жарқ еткенде, бұлардың қарасын көріп қаламын. Менің қасымда отырған Гриша Спижевой алға үңіле қарады:

– Алексей Васильевич, құлаққа ұрған танадай мүлгіген тыныштық қой, ескек тілген судың сыбдырынан басқа ештеңе естілмейді. – Сол сол-ақ екен, жан-жақтан оқ борап кетті. Снарядтар қара суды аспанға көтеріп, гүрс-гүрс жарылады. Фашистер қарудың барлық түрімен өзенді атқылауда. Өзен үсті алау атып, от боп тұр. Соған қарамай қайықтар жапа-тармағай жүзіп барады. Суға бір батып, бір шығып, бөренені құшақтап жүзіп бара жатқан автоматчиктер де бар.

Біздің әскерлер Днепрден өте бастады. Гитлершілдер жанталасты. Жағаға жуытпай, ысырып тастауға тырысты. Бірақ гвардияшылар алға ұмтылуда. Николай Петухов жағаға бірінші боп шықты. Қайықтан секірген бойда өзен үстіне оқ боратып тұрған дұшпанның пулеметін жойып, алдындағы дөңге қарай жүгірді. Қабақта жыпырлаған қалың үй, ұлы өзенге бүйірін тіреп жатқан Григоровка селосы тұр. Әрбір сүйем жер үшін, әрбір үй үшін кескілескен шайқас басталды. «Уралаған» дауыстар естіледі. Фашистер берілгісі келмейді, аракідік атақаға шығады. Совет жауынгерлерін Днепрден ысырып тастамаса, үлкен апатқа ұшырайтынын сезетін сияқты. Ал гвардияшылар шегінетін емес, немістердің батальон штабын жойып, қару-жарак қоймаларын алып, бекіне түсті, сөйтіп негізгі күшке жол ашты. Біздің әскерлер жаудың қорғаныс шебін бұзып, Днепрден әрмен Киевке қарай тартты. Бүкіл Букрин плацдармына ие болды...

– Міне, сол Днепріміз, қасиетті өзеніміз осы, – деді Алексей Васильевич жамбастай жайланып жатып. – Осы

жерде Николай Петухов қаза тапты, осы жерде біздің Вася ауыр контузияға ұшырады, Попов ауыр жараланды. Көптеген жолдастар құрбан болды. Шіркін, Днепрге тіл бітсе, шындық сырларын жыр ғып айтып берер еді...

Әңгімені тындап отырғандар сол бір күндерді еске түсірді ме, бірталайға дейін үндемеді. Ол кезде бұлар жиырма мен отыздың арасындағы қылшылдаған жігіттер еді. Қазір бәрінің басы бурыл тартқан, беттеріне әжім түскен. Бі-рақ бұлардың ешқайсысы бұған өкінбейді. Олар бүгінгі тамаша өміріміз, болашағымыз үшін күресті, адамзатты фашистік обадан аман алып қалды.

Осы қарапайым адамдар қазір де еңбек етіп жүр. Олар өздерінің бейбіт еңбегімен ұлы мақсат – коммунизм орнату ісіне өз үлестерін қосып келеді. Кешегі партизан отрядының командирі Константин Спижевой – қазір Григоровка орта мектебінің директоры, оның аттасы Гриша Спижевой – суретші, Шпиталь – колхоз басқармасы председателінің орынбасары, Михаил Гром – бу диірменінің директоры, Яковец болса Переяслав қаласындағы жұмысшы жастар мектебінің директоры. Ал Василий Горбенконың қызметі бұлардікіндей емес, мүлде сыпайылау. Ол өзен үстіндегі қалтқы шамдарды жағады, шамға қарап кемелер қайырламайды, шамға қарап кемелер соқтықпайды. Қараңғы түнде су үстіндегі қызыл шамдар жолаушыға жол ашып, жарқырап тұрады.

Әдетте, кейбіреулер есімі аңыз болған ерді әлдеқайдан іздейді. Шынында олар алыста емес, біздің өз арамызда, өз ішімізде екен! Мен осыларды көріп:

– Адамдар, сендердің араларында біздің тамаша өміріміз, болашағымыз үшін алысқан ерлер келеді. Бас иіп, жол беріңдер! – деп бүкіл Днепрді жаңғыртып айғай салдым.

Ұлы өзен өзінше үн қатып, сылдырап ағып жатты.

1963 – 1964 ж.

Алматы – Киев – Алматы.

СЫР БОЙЫНДА

Партбюроның мәжілісі сәрсенбі күнге тағайындалған еді. Мәжілісте қаралатын мәселелерді пысықтап алмақ болып, Қасым совхоздың директоры Алыбаевтың кабинетіне кірген-ді. Онда Әлайдар Төрениязов отыр екен. Әлайдар – тік көз, салпы мұрын жас жігіт, осы совхоздың бас агрономы. Ташкенттегі ауылшаруашылық институтын бітірген. Сірә, бұлар егін жайын сөз етіп отырған көрінеді. Алыбаев қасынан Қасымға орын ұсынып:

– Отыр, Қасым, – деп, агрономмен сөз тәмам болды дегендей, Қасымның қолындағы бір жапырақ қағазға үңілді. – Күн тәртібін бұлай нақты алғаның дұрыс болған. Қалай ойлайсың, дегенмен біздің біреуміз сөйлегеніміз дұрыс болар?

– Өзіңізді жазып қояйын! – деді Қасым.

– Бұл жұрттың директордың байбаламына құлағы үйір болған шығар. Әйткенмен үндемей қалмаспын. Бірақ секретардың сөйлегені ұтымды бола ма деймін. Қосымша баяндаманы өзің жасаң қайтеді?.. – Алыбаев ақыл салды.

Әрине, шаруашылықтың жайын білмей тұрып құр ақпармен сөйлеу әрдайым сәтті бола бермейді. Ферма меңгерушілерінің өздері теріп берген фактімен олардың өздерін сынасаң, әдеп сақтап, үндемей отырғанымен, іштей күліп отырады. «Сіз біздің байқамаған кемшіліктерімізді әділ көрсетіп бердіңіз. Біз одан тиісті қорытынды шығарамыз» деп, дым сезбегендей, қайта қостап қояды. Мұндай сынның, әрине, пайдасы аз, әрі партбюроның беделін түсіреді. Міне сондықтан да Қасым жайлауға шыққалы жатқан отарларды тағы бір рет аралап шығып, ондағы адамдармен жүзбе-жүз сөйлесуді мақұл көрген.

Сыр бойының елі малын жазда Сарысу мен Қызылға шығарады. Жазғы жайлауы сол. Жайлауға шығар алдында есепшілер мен мамандар малды түгендеп, арық-тұрағын анықтап, буаз малдың санын алып, әбігерге түседі. Мамандармен бірге отарды аралап келе жатқан Қасым Сейдахметов жолда Отарбай ақсақалдың қосын көріп, солай қарай беттеді. Осында осы совхоздың бухгалтері Абзалбек Ысмайылов бар. Жайлауға жапа-тармағай көшіп

бара жатқан ауыл Сырдың суы мол шалғынды жеріне ығы-жығы қонған екен. Алдына өрісті кеңірек тастап, ашық та оңаша отырған үйлер де бар. Отарбай қосын осылай оқшау тігіпті. Әйткенмен ауылдың қотаны ызы-шу: жамыраған қозы, жайдақ атқа мініп алып қиқулап шапқан балалар – осының бәрі қосылып, кең даланы басына көтереді. Күн батып барады. Қызыл арай өз сәулесін асыл далаға төгіп, ауыл өңірін құлпыртып тұр. Осы кезде екі жолаушы даланың кешкі көрінісін тамашалай отырып, ауылға жақындап та қалды.

Төбенің басында шапанын желбегей жамылып, жалаңаш кеудесін жаздың кешкі самалына тосып тұрған Отарбай қарт екі жолаушының келе жатқанын көріп, қарсы жүрді. Жақындағанда таныды.

– Ат үстінен алпамсадай көрінген алыстан келген біреу кім десем, өзіміздің балалар екенсіңдер ғой, бұрын қалай байқамағанмын, – деп Отекең Қасымға әзілдеп жатты. Сөйтсе де, өзінің сыйламақ болған ықыласын білдіріп, Қасымның шаужайынан ұстап, үй-іштің амандығын сұрап, аттан түсіріп алды. Босаға жақта қалың шалғын үстіне үлкен қара ала киіз төселген екен. Отекең соның үстінен көрпе жайдырып, жастық әкелдірді. Өзі киіздің шетіне малдасын құрып отырып, әлгі сөзді жас жігіт көңіліне ауыр алып қалды деп ойлады ма:

– Ей, шырақ, – деп, екі иығын көтере кең тыныс алды, – жас ұлғайған сайын алдың азайып, артың көбейе береді екен. Жастардың алдында жасқаншақ бола бастайсың. Қатар-құрбың сирейді. Міне, сексеннің төртеуіне келіппін. Осы ауылда менімен тұстас адам, сірә, жоқ болар. Ендігі қалған ескінің сарқыты мен сияқтымын. Кейде жалғыз отырып елегізеді екенсің. Тілдесуге адам іздейсің. Сіңірі шыққан қу кемпірді қашанғы қажай берейін. Іш пысқанда шалдың осылай жасқа да тілі тиіп кететіні бар.

– Отеке-ау, о не дегеніңіз. Жасыңызды өзіңіз санап жүрмесеңіз, сіз бізге әлі жас, қатарлас адамның бірі секілді көрінесіз. Сірә, еңбектің адам жасын салғастырмай, тең сөйлестіретін қасиеті бар-ау деймін, – деп, Қасым ақсақалды әңгімеге икемдей бастады. Оның Отекеңнің отарына әдейілеп бұрылғанында бір мәніс бар еді.

... Бұдан бір жыл бұрын екі колхоз қосылып, жаңадан осы «Аманкелді» совхозы құрылған кезде совхоз басшылығына директоры Алыбаевтан бастап бас зоотехнигі, экономисі, бас агрономы, ең ақыры бухгалтеріне дейін өңшең жас жігіттер іріктеле қалған еді. Қызмет лауазымына қарамай, жасы кішінің үлкеннің алдынан кесе өтпей сыйлап тұруы, үлкеннің сөзін жықпай, бар ықыласымен орындауы әбден қасиетті дәстүрге айналған бұл елде кілең жастардың топтала қалғаны алғаш оғаштау көрінген. Жұртқа ақыл беретін, ұйытқы болатын партия ұйымының секретары да жас жігіт болып шықты. «Хатшы етіп кімді сайладыңдар, бәрінен бұрын соны айтшы. Біздің сөйлесетін кісіміз сол ғой», – деп ынтыға сұраған қарттар жағы: «Қасым Сейдахметовты сайлапты, ия, Теренөзен жақтан келген анау кара жігіт», – деп естігенде, әжептеуір дағдарысып қалды. «Бұларда білім болғанымен, тәжірибе жетіспейді. Мына қыруар малдың өрісі, қонысы деген болады. Шаруаның жай-жапсарын білмегенге қиын-ау», – деп күңкілдесіп жүрді. Шынында, совхозда 40 мыңнан астам қой, 3600 сиыр, 1080 жылқы, 400-ге жуық түйе бар еді.

Алғашында кәдімгі қаладағы секілді ай сайын еңбегіне тиісті жалақы алып отырса, жұрттың өзі үйіріліп еңбекке ұмтылар деп ойлады басшылар. Үй басына есептегенде тоғыз жүздей жұмысшы бар болып шықты. Бұл үлкен күш еді. Қаладан қосымша жұмысшы күшін тілемей-ақ, осындағы бар жұмысты өз күштерімен атқаруға болады деп санаған. Бірақ төл алу, көктемгі егіс, шөп шабу, егін жинау науқандары қарбалас келгенде бірден қиындық туды. Бұл жұмысшы күші жетіспегендіктен емес, еңбек өнімділігінің аздығынан еді. Белгіленген тапсырма мезгілінде орындалмады, адамдардың біреуі жұмысқа шықса, екіншісі шықпай қалады. Бытырап жатқан елді мекендердегі адамдардың басын құраудың өзі қиынға соқты. Әрқилы әкімшілік шаралардың ықпалы жанды бола қоймады. Сонда Алыбаев Қасымға жолығып, сөз бастады:

– Жалаң әкімшіліктен алысқа бармайтын көрінеміз. Бүйтсек, өзімізге сеніп тапсырылған шаруашылықты күйретіп алатын түріміз бар. Сыр бойындағы шөптің шабылу қарқыны баяу. Бидайбелде көк құрақ қатайып барады. Қазір

ормасақ – қуаты болмайды. Оның үстіне биылғы төлден тағы бір отар қосылғалы отыр. Демек, қой саны едәуір көбейеді. Ал біздің шопандардың көбі қарт екен. Жастар жағы аз. Парторгсың ғой, жұрттың тілін тауып, осы істерге жұмылдырып көрсен. Жайлы жағдай жасау, ақысын адал төлеп тұру міндетін өзіме алайын.

Сонда Қасымның ең алғаш «жеке сөйлескен» адамының бірі осы Отекең ақсақал еді. Киіз үйдің көлеңкесінде тақыр басын орамалмен таңып алып, қаймақ қатқан күрең шайды жантая жатып сораптап ішіп отыр екен.

– Келгенің жақсы болған, балам, кеңесіп пішкен тон келте болмайды деген, – деді Отекең. – Осы ауылдың қыз-келіншектеріне Сәрсенкүлдің сөзі өтеді. Ия, Әбдіхалықтың қызы. Бұрын ауылсоветтің председателі болған адам. Қызмет істеп қалған кісі жұмысты көксемейді дейсің бе, тапсырсаң неге істемесін? Тындырып істер. Ал оқу бітіргелі отырған балаларды қойға бар деуге ауыз бармайды. Жұрттың баласы талпынып Алматыға, Мәскеуге барып жатқанда, бұларға қалай қой бақ дерсің. Әйткенмен, келіп қалған екенсің, бұйымтайың сол болса, жұртқа айту міндетін мойныма алайын, сөзімді жерге тастамас.

Осыдан соң ұзамай партияның ашық жиналысы шақырылған. Бұған ұйымдағы коммунистермен бірге ауылдың үлкен-кішісі түгел қатысты. Отекең күнге күйген қоңыр қалпағын қолтығына қысып алып сөйлегені бар:

– Ау, халайық, хатшы бала дұрыс айтады, еңбек жас талғамайды. Үлкен-кіші болып жиналып қалған екенбіз, іштегіні бүкпей, ағынан жарылып сөйлейік. Мен бүгін Сәрсенкүлдің ісіне, жүдә, тәнті болып отырмын. 24 әйелді бастап Бидайкөлде құрақ орып жатыр екен. Қадамы құтты болсын. Шаруаға жаны ашыған адам солай істейді. Ал бізде мал жылдан-жылға көбейіп келеді. Шөппен бірге қора-қопсы керек. Алдымызда қыс бар. Қатал сыншымыз сол. Бізге Үсеннің баласы Әліше еңбек ететін жас талаптар керек. Бізде, құдайға шүкір, адамдар жетеді. Биыл оныншы класты бітіргелі отырған жұмыр білек балалар бар. Он жыл оқыды ғой, совхоз болып жаңа құралып, қол-аяғымызды жинай алмай әбігер боп жатқанда шаруаға көмек етсін. Ұлым – Мәжитке де соны айтамын. Шырақтарым, оқу

қашпайды, талаптансаңдар кейін совхоз өз атынан оқуға жіберер.

Отарбай ақсақалдың сөзін совхоздың озат шопандары мен жұмысшылары – Таңғақ Баймақанов, Ералы Сарыбасов, Ишат Кенбаев, Қалдыбай Мырзанов бәрі бір кісідей қостаған. Қарт шопандар мал бағудағы өз тәжірибелерін жастарға үйретіп отыруға уәде еткен.

Ал, өткен қыс Қызылорданың көптеген шаруашылықтарын қатты күйзелтіп кетті. Бірсыпыра мал шығын болды. Қыстан шығынсыз шыққан совхоздар некен-саяқ. Соның бірі – осы «Аманкелді» совхозы. Мұның мәнісін сұрағанда, Қасым сол жиналысты еске алады:

– Алғашқы ашық партия жиналысы бәрімізге үлкен сабақ болды, жұртпен сөйлесудің кілтін тауып берді. Өткен қыстан шығынсыз шығуымызға сол көптің бірлікті талабы, ынтасы себеп шығар.

Сол жиналыста жұртты үйірген Отекең – осы кісі. Құтты таяғын әлі тастаған жоқ. «Жасыңыз келді, мал соңындағы жүріс-тұрыс, көшіп-қону ауыр тиер, демалыңыз, деп ілтипат көрсеткендерге, Мәжитімді баулиын, жас қой, даланың бәрі малға өріс емес, тәсілін білмей қиналып қалар» деген. Қасындағы қос – сол Мәжиттің үйі. Оның әкеден бөлек өз алдына отары бар. Қарт қазірде де көңілді отыр екен. Кеш мезгілінде өрістеген малдарға көз сүзе отырып Қасымның әлгі сөзіне жауап қатты:

– Оның рас, шырақ, еңбек жас талғамайды. Бәлкім, бағзы біреулерге өріс қуып, жапан далада жалғыз қой бағып жүру аса ауыр бейнет көрінер. Бірақ бейнет түбі – зейнет деген емес пе? Алғаш Мәжитім де көңіге алмай, қыңқылдап жүрді. Он жеті жас деген ұзақ өмір емес қой, балалық та жасады. Өз ісіне сенімсіз қарады. Тек еңбегінің жемісін көргенде ғана толас тапты. Қазір, міне, отарынан шықпайды, дағдыланып кетті.

– Мәжит өзіңізден қалыспады. Биыл ол да әр жүз саулықтан жүз алпыс екі қозыдан алды ғой, – деді Абзалбек.

– Үлкеннің көргені оқу емес, тоқу ғой. Әйткенмен оқуға не жетсін. Бұлар айтқаныңды тез ұғып, өздерінше бір ұсыныс, жаңалық енгізіп жүреді. Анау Әліні көрмейсің бе? Уыздай ғана жасөспірім бала. Ал ісі бүкіл жұртты таң-

дандырады. Өзім көз ашқалы малмен кәсіп етіп келемін, ал мына өңірде отырып осынша қозы алды дегенді естіген емеспін.

Отекеңнің сөз етіп отырғаны – Қазақ ССР Құрмет алтын кітабына жазылған әйгілі шопан Әлі Үсенов. Жиырмадан жаңа асқан жас жігіт. Өзін Таңғақ Баймақановтың шәкірті санайды. Былтыр отарындағы әрбір жүз саулықтан 176 қозы алса, биыл оның санын 180-ге жеткізді. Әр қойдан 3 килограмнан астам жүн қырықты.

Отекең кәрі көзін алысқа қадап отырып:

– Таңғақ мал бабын білетін кәрі құлақ қой, шәкіртін жақсы баулыды, – деді.

– Үлкеннен өнеге алғанға не жетсін, – деді Қасым.

– Дұрыс айтасың, шырақ, – деді бір кезде қария басын изеп, – қай мезгілде болса да малға күтім керек. Өзіміз тәсілін алған түлік қой, бір тұяқты да шетінетпеппіз. Бірақ сендер ауылға келсеңдер, алдымен мал жайын сұрайсыңдар. Мұқтаждарың, тілектерің бар ма деген сөз ауыздарыңнан шықпайды. Бұл қалай, осы малды бағатын адам бар емес пе?

– Отеке, мен де осы жайында әңгімелесейін деп әдейі бұрылдым.

– Ферманың тіршілігі биыл да жаман емес қой, міні болса айта жатарсыңдар, түзер. Ал менің өтінішім сәл бөлектеу: келген жұрт мәдениеті төмен деп санап кетеді, сән-салтанатты кім жек көреді дейсің. Қатарымызға онын-шы класты бітірген жастар қосылды. Оларға кілем, тұскиіз, көшіп-қонуға ыңғайлы орындық-стол деген керек. Сельпоның бастығы Қонысов келгенде бәріміз жиналып тілек етіп едік. Антұрған ет жегенше уәдесін беріп еді, ұмытып кетті білем, жоламай қойды. Алысқа көшіп барамыз, көрсең біздің осы тілегімізді жеткізе бар.

Қасым қарияның сөздерін қойын дәптеріне жазып отырды. Ертеңіне ол бұл үйден ерте аттанды. Иегін көтеріп, селдір сақалы шошайып тұрған Отекең қасындағы Мәжитке:

– Хатшымыз жас болғанымен, өз ісіне мығым бала-ау, – деп қалды.

Бұл өңірдің жері тырбиған сексеуіл басқан құмды келеді.

Сол құмның ортасында бір-бірінен алшақ жатқан, аумағы 15-20 гектар, кейде 70-80 гектар жазық ұшырасады. Егінді осы жерлерге тырнақтап салады. Бидайдың бір бөлігі «Аманкелді» участогында болса, қалғаны Қырықпайдак пен Бидайкөлдің осындай жарамды жеріне ғана егілген. Жүгері мен күрішті де құм ортасындағы осындай ойдым-ойдым жерлерге салған. Белес-белес құмның ортасынан қаулап шығып келе жатқан егінді көргенде, қаншама еңбек жұмсалғанын айтпай-ақ ұғасың. Егістік жерге су жеткізудің өзі тауқыметі көп жұмыс. Шалбарының балағын түріп тастап, көйлекшең, тоғанды кесіп, шлюз жасап жатқан еңгезердей шомбал қара жігіт маңдайынан сорғалап аққан терін алақанымен сыпырып тастап:

– Жол болсын, – деп қасына келген Қасымдардың қолын алды. Биыл жазда жалғыз өзі екі шлюзді қатарынан салған Ишат Кенбаев деген жігітің осы. Өзі коммунист. Жұмыстың барысын сұраған Қасымға:

– Кісінің кемістігін сөзбен түзеуге болатын шығар, ал мына шлюздің кемістігін сөзбен емес, іспен түземесең болмайды, – деп аксия күледі. Замандас болған соң ба, Қасымды сөзбен қағытып жатыр:

– Мін айтсақ, істегі олқылықты түзеу емес пе? Әркім өз мұңын шағар дегендей, бізде кейде құрылыс материалдары болмай, қарап қаламыз. Өздерін қысып қойшы бәлемнің. Біз айтсақ жүре тыңдайды, сенің сөзің әсер етер.

Қасым бұдан соң егін басын аралап, жолда «Аманкелді» участогына да соқты. Көп адамдармен әңгімелесті. Олардың сын-ескерпелері мен тірліктерін жазып отырды. Совхоз орталығына күн бата оралды. Күндізгі қапырық ыстықтың табы кетпеген. Ауыл үсті шаңдатып тұр. Әйткенмен селоның көрінісі бөлек: былтыр салынған жаңа үйлер селоның сәнін келтіруде. Бір топ адам жаңадан салынып жатқан үйлердің маңында жүр. Қасымға қарсы жолыққан Алыбаев:

– Қалай, аралап қайттың ба? Мені Москваға барасың деп, облыс шақыртып жатыр. Өзің дайын болсаң, мәжілісті өткізіп жіберелік. Ферма бастықтары да келіп болды. Жұрттың пікірін тыңдап кеткенім жөн болар, – деді.

– Жақсы, – деді Қасым. – Мен үйге кіріп, жуынып-

шайынып шығайын. Адамдар жинала берсін. Мен қазір келем.

Қасым үйіне келіп асыға киініп жатқанда, күйеуін екі-үш күн көрмеген жас келіншек Тәжігүл:

– Бір-екі шыны шай ішсең қайтеді, оларың бүгін бітпес, – деп күңкілдеп қалды.

– Кейінірек ішерміз. – Қасым аяғына оралған сары қызын құшақтап бір сүйді де, тысқа асыға шықты.

Ел қалың ұйқыға кеткенде де кеңсенің шамы жанып тұрды. Іштен қол сермеген, кейде ұшып тұрып, қайта отырған адамдардың көлеңкесі көрінеді.

Мәжіліс жүріп жатты.

АСУДАН АСҚАНДА

I

Машина Үлкен Меркенің биік шоқысын бетке ұстап, өрлеп келеді. Тау жолы тым жайсыз, сол жағы – ойлы-қырлы тас, оң жағы – жарқабақ. Жарқабақтың асты етектегі өзенге дейін құлама еңіс. Жердің кедір-бұдырынан доңғалақтар ытқыған сайын машинадағылар сендей соғысады.

– Ау, Федор, бұл жұртты қырасың ба? Ақырынырақ айдасаңшы, – деп, шалқалай құлаған толық қара жігіт Көпбай басын сипалап, оңтайланып отырды.

Әдетте аудан орталығына баратындар Кегеннің кең асфальт жолына түсіп, тоқсаныншы километрде Жалаңашқа қарай бұрылады. Бұрылыс болғанымен, жолы жақсы. Мана ауылдан шыққанда Головки:

– Кегенмен кетеміз бе? – деп сұрап еді, Іңкәрбек:

– Меркені асып, төте кетеміз, онсыз да кешігіп қалдық, – деп асығыстық білдірген.

Машина сол Үлкен Меркенің асуымен бұралаңдап келе жатыр. Үлкен Мерке – Таянь-Шаньның көп сілемдерінің бірі. Биік шыңы, қуыс шаталы жоқ көлденең жатқан көк жота. Мұның аржағында қапталдаса жатқан көкжал таулар бар. Оларды да Орта Мерке, Кіші Мерке деп атайды. Осы жоталы таулардан асатын жолды Меркенің асуы дейді. Бұл

даңғыл жол емес, малды ауылдың жайлауға көшкенде төте тартар тар соқпағы.

Головка отыра алмай қопандап, мазасы кеткен Көпбайға:

– Жиырма километрден артық алып келе жатқанымыз жоқ, қайтесіз, жол солай, – деп, ақырын жымып күліп, қасындағы Іңкәрбекке көз қиығын тастады. Ол алдындағы имек тұтқалы темірді мықтап ұстап алған. Белі бүгіліп, басы салбырап кетіпті. Екі көзі жұмулы. Үлкен ой үстінде отырған тәрізді. Кедір-бұдырдан машина жөңкіп кеткенде, ойын бұзғысы келмегендей отырған қалпын өзгертпейді.

Бұдан бірер жыл бұрын қырдағы отарды аралап жүрген кезінде Іңкәрбек боранға ұрынып, науқасқа шалдығып, содан бері оңала алмай жүрген. Жылда: «емделіп ада-күде жазылып шықсам» деп талап қылады. бірақ шаруа ырық беретін емес, әр маусымның науқаны бір-бірімен ұштасып, қол тигізбейді. Науқастың аяғы «үйреншікті кеселге» айналған. Кейін оны елемейтін де болды. Биыл дәрігерлер: «Жүдеу жанның дертіне ем қонбайды, дәрінің де шапағаты тимейді, тыныққан жөн» деп нығыздап қоймаған соң, Алматы төңірегіндегі санаторийлердің біріне барып қайтқан. Онда да ұзақ жатуға дәті шыдамай, бірер күнді алға салып түнде оралып еді. Жазғы демалыстың біраз күнін Алматы маңында өткізуді ұйғарып, ауданнан жолдама табам ба деп дәмеленіп келе жатқан Көпбай қала жайын сұрай бастап еді, Іңкәрбек:

– Қала ма? Қала жақсы ғой! – деп, төмен қараған бойы басын изей салды. Іңкәрбектің әңгімеден аулақ, бір сәт өз ойымен болғысы келгенін сезген Көпбай енді мыжып сұрамады.

Көпбай Рысбаев – осы ауылдың мұғалімі, әрі жергілікті тілші. Жазған мақалалары аудандық, республикалық газеттерге басылып тұрады. Ептеп өлең шығаратыны бар. Құрбылары оны «Біздің ауылдың ақыны» деп, қолпаштап қояды. Кісінің ой-пікірін аңдап, тіл тауып сөйлесе білуге машығып қалған Көпбай совхоз директорының түнде қаладан келе салып, тағат таппай ауданға аттануында бір сыр барын байқап отыр.

Газ-69 машинасы Үлкен Меркенің шоқысына жеткенде

Іңкәрбек басын шапшаң көтерді, жан-жағына жыпылықтай қарады:

– Аз ғана аялдайық. – Кабинаны ашып, секіріп түсті. Таудың қоңыр салқын самал желі ызыңсыз баяу соғады. Сұр пенжегін желбегей жамылып, желге қарап қасқайып, бүйірін таянып тұрған Іңкәрбек:

– Ау, Көпбай, бері кел, мына жаққа көзіңді салшы, – деп, алысты нұсқады.

– Көп ойланып едіңіз, кәне, не тапқаныңызды көрелік, – деп Көпбай тіл тартпақ болды.

– Әй, Көпбай-ай, бізде не ой бар дейсің, ойлайтының баяғы бір шаруа қамы ғой. Жер жаннаты деп осыны айтсаңшы, бір аламыш дағы жоқ көкпеңбек. Тіпті таудың тасы да көрінбейді.

Іңкәрбектің не көріп тұрғанын Көкбай да байқап тұр. Көкке найзадай шаншылған жалаңаш тас шоқының алқымын айнала қар басып жатқан сонау биік тау – Мыңжылқы. Оның батысындаға көкжалжота – Шырғанақ. Шырғанақтың етегін құшып Талды тауы жатыр. Осы екі таудың атымен аталатын екі өзен Қарқараға құяды. Қарқара өзенінің бойын қуалай Қулық тауына дейінгі кең ойпат – Іңкәрбек Жұмағұлов басқаратын «Кеген» ет-сүт совхозының жері. Алыста, совхоз орталығының шоғырланған ақ шағала үйлері болмаса, осы сәтте бұл маң мүлде бос, қыбырлаған тіршілік белгісі жоқ тәрізді.

– Қарашы, осы өңірге қаншама мың мал өргізуге болар еді. Көк шөптің мал жемей, көпір болып құрағанына ішін ашиды, – деді Іңкәрбек қабағы түйіліп. – Қыс түскенде шөп жоқ дейміз. Осымыз қалай, Көпбай?

– Совхоз шөптің екі жылға жететін қорын жинап алған жоқ па?

– Өңгіме біздің совхоз жайында емес қой, Көпбай, – деді де Іңкәрбек шоферіне қарап: – Федя, кеттік, ақыл салып көрелік, бәлкім, ауданның өзі де бұл мәселені шешіп қалар. Солай емес пе?

Головко ешнәрсе ұқпаса да, түсініп тұрған кісідей Іңкәрбектің сөзін қостап, басын изеді.

II

«Кеген» ет-сүт совхозы – Алматы облысындағы ірі шаруашылықтардың бірі. Мұнда 6 мың сиыр, 21 мыңнан астам қой, 850 жылқы бар. Совхоз жыл сайын мелекетке мыңдаған центнер ет-сүт өткізеді. Биылғы нысана – 24 мың центнер сүт, 5400 центнер ет еді. Совхоз жартыжылдықтың жоспарын асыра орындап шықты: мемлекетке 13 мың центнер сүт, 3200 центнер ет өткізілді.

Совхоздың өсу жолы Іңкәрбек Жұмағұловқа аян. Оның тарихы сонау отызыншы жылдардан басталады. Алғаш бытыраңқы шаруашылықтың орнына құрылған совхоз кейін де мандымады. Өнім өндірудің бір түрінің жоспары орындалғанымен, шаруашылықтың екінші жағы ақсап жатты. Мемлекеттен алған ақша жылма-жыл көбейе берді. Совхоз басшылары тұрақтамады. Біреу келіп, біреу кетіп жатты. Жұмағұловты осы совхозға тағайындаған кезде оған айтылған әңгіме қысқа болды:

– Сізді «Кеген» совхозына директоры етіп тағайындағалы отырмыз. Сіз, ең алдымен, коммунистсіз. Ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөнінде партия мен үкіметтің алға қойып отырған міндеттері сізге түсінікті болар, жолыңыз болсын, табысқа жетуіңізді тілейміз!

Іңкәрбек бұдан екі жыл бұрын совхозға алғаш келгенде:

– Шаруасы қиыспай тұрған бұл бір қырсық жер, жөнге салуың, сірә, қиын болар, – деп ауылдың пысықтары Іңкәрбектің сонау Бақанастан жылы орнын тастап келгеніне өздерінше өкініш білдірді, мұның себебін сұрағанда: – Мұнда жыл он екі айдын, жеті айы – қыс. Басқа ел жайлауға майда көшкенде біз июньді аяқтай шығамыз. Осыншама уақыт қолда ұстаған малға жем қалай шақ келсін. Әрі сиыр малы жемқор, өз шығынын өтемейді, – деген жауап берілгенді.

Совхоз мамандары осындай «дәлелге» ден қоятын сияқты. «Жер жағдайы белгілі ғой, облыс бізге салмақ сала қоймас» деп өздерін жұбатады. Бұл қалай? Бұған басқа жұрт қалай қарайды? Іңкәрбек шаруашылықпен таныса жүріп, партия ұйымының секретарымен ақылдасты. Екеуі де: коммунистердің пікірін тыңдалық, олар не айтар екен деген

тоқтамға келді. Алғашқы ашық әңгіме партия жиналысынан басталды. Күн тәртібіне бір-ақ мәселе қойылды:

– Совхоз мемлекетке ет-сүт тапсырудың жоспарын жылма-жыл орындап отыруға тиіс!

Дабырласып сөйлесіп отырған жұрт күн тәртібін айтқанда жым бола қалды. «Кәне кім сөйлейді?» дегенде, бәрі үнсіз отырысты. Әлден уақытта: «Айтуға жеңіл-ау, бірақ онымен жоспар орындала қойса жақсы!», «Бәлкім, шөп жемей сүт беретін сиырдың біз білмейтін жаңа тұқымы бар шығар» деген күбір-күбір сөздер естіле бастады. Іңкәрбек естімегенсіп отыр, қызыл қарындашын тықылдатып:

– Кәне, кім сөйлейді? – деп қайталап сұрайды. Есік жақта, бұрышқа тығыла отырған біреу иегін көтере, сақалын қайта-қайта шошандатып, қопандай берді. Ахмет Малтабаров деген қартың міне осы. Совхоз іргесін қаласқан адамдардың бірі, өзі коммунист.

– Ақсақал, сөйлейсіз бе?

– Жоқ, шырақ, – деп Малтабаров кібіртіктеп қалды. Сәл отырып:

– Мен әуелі сізге бір сауал қояйын деп едім. Рұқсат па? – деп тұмағын қолтығына қысып, орнынан тұрды.

– Ия, аха, сөйтіп өзіңіз бастаңызшы! – деп, қасында отырғандар қоштап жатыр.

– Бөгелмеңіз, сұраңыз, – деді Іңкәрбек.

– Менің білейін дегенім мынау: жер десеңіз – мұндай шұрайлы жерді бұл өңірден іздесең де таппайсың. Талды етегіндегі көк сазды, Шырғанақтың екі ашасын, мына Оразалы жайлап отырған Шыбышы қойнауын былай қойғанда, тұмсығы көрінген мына Көктөбенің көк шалғынына ат бойламайды. Су десең, айналаның бәрі өзен, жұмысқа деген адамдардың ынтасы да жетеді. Ау, сонда біздің жоспарды орындамайтынымыз қалай?

– Бәсе десеңші, жазған қартың дұрыс айтады-ау!

– Совхозбен жасасып келе жатқан кәрің қой!

– Біз де солай ойлаймыз, Аха, – деді Іңкәрбек. – Әйтсе де жоспар орындалмайды. Осының себебін білу үшін сіздермен ақылдасқалы отырмыз.

– Олай болса, менің бір-екі ауыз сөзім бар, – деп, Ахаң адымдай басып, топтың алдына шықты. – Сіз жаңа

адамсыз ғой, білмессіз, мен совхоз құрылғалы жұмыс істеп келемін. Қой да бақтым, арбакеш те болдым, әйтеуір совхоз жұмысынан бас тартқан жерім жоқ. Әркім өзінің шыққан төбесінің биік болуын тәуір көреді ғой. Совхоз дәулетін көтеруге септігіміз тие ме деп тырмысып жүрміз. Не бәлесінің барын қайдам, жылдың қорытындысын шығарғанда кемтігіміз ашылып қалады. Бұл қалай дейсіздер ғой? Ел айналайын қолынан келгенін аямайды. Бар берекесіздік осы ферма бастықтарынан шыға ма деп ойлаймын. Жаздағы ақпары дұрыс болса, қыста күйзелетініміз қалай?

– Ферма бастықтары десе осы шалдың жыны бар. Біреуге сұқтанбай, өз жөнімен сөйлесе қайтеді, – деп, №4 ферманың есепшісі қоңқаң мұрын қара жігіт күнк ете қалды.

– Әй, сен былжырамай жайыңа отыр, – деп Ахаң оны тыйп тастады да, сөзін жалғастырды: – Мына өздерінің көзі отыр, өтірік десе, коммунист қой, өздері айтсын...

Жиналыс түн жарымына дейін созылды. Коммунистер орын алған кемшіліктердің себептерін бүкпей, ашық айтты. Іңкәрбек үлкен бір мектептен өткендей болды. Партия жиналысы фермалардың жұмысын қайта құру, оларды маман кадрлармен толықтыру, етке өткізілетін малдың күтімін бақылау, сүтті мол беретін сауын сиырларды бірге-бірте іріктеп алу, жемшөп қорын жасау, дәрігерлік пункттердің жұмысын жақсарту сияқты көптеген ұсыныстар енгізді. Қисыны кеткен шаруашылықта мұның бәрін бірдей жүзеге асыру Іңкәрбекке оңайға түспеді. Уақыт керек болды. Осылай жыл өтті. Бұрын: «Сиырлары сүтсіз» атанған совхоз мемлекетке сүт тапсырудың жоспарын артығымен орындай бастады. Әйткенмен ет өндіру жағы мардымады. Бұл мәселені шешуде коммунистер тағы көмекке келді. Совхоз шаруашылығының есебін дәл жүргізу үшін Тәукен Әбдіғұлов бастаған комиссия құрылды. Оның құрамында агроном, зоотехник және басқа мамандар бар. Мәселен, совхоздың жер көлемі 49 153 гектар, оның ішінде егістік жері – 4891 гектар. Биыл мемлекетке 5400 центнер ет өткізу үшін қанша гектар жүгері, бұршақ, қызылша егілуге тиіс? Бұл дақылдардан алынатын өнім қандай болмақ? Міне комиссия осы мәселелермен шұғылданды. Әрбір ферманың

алдына нақты міндеттер қойылды. Сөйтіп совхоз мемлекетке ет тапсырудың жартыжылдық жоспарын да орындап шықты.

Совхоздың бұл алғашқы көрсеткіші тұрақты ма? Егер баянды десе, оған қанағаттануға бола ма? Шаруашылық көрсеткішін жақсартудың тағы қандай жолы бар? Мына өңірдің бос жатуы қалай? – мана Іңкәрбектің тынышын алып, жол бойы мазалаған ойлар осы болатын.

«Кеген» совхозында жер де, шөп те жеткілікті. Қыстың қыраулы күнінде малға азық іздеп, сонау Көкшетау облысынан осы совхозға келетіндер бар. Былтыр олар осы совхоздан шөп тасып шықты. Мыңғырған малды машинамен, тіпті самолетпен тасыған шөппен азықтандыру қиын. Біріншіден, бұдан мемлекет үлкен зиян шегіп, мал өнімі қымбатқа түсетін болса, екіншіден, қыстан көтерем шыққан малдың өсімі де мәз болмайды, көбі көктемде іш тастап кетеді. Малдың өсімі болмаған соң оған жұмсалған шығын өтелмейді, шаруашылық күйзеледі. Сондықтан, деп ойлады бір сәтте Іңкәрбек, сол малдың бір бөлігін осы біздің совхозға неге бермеске? – Бүгін Іңкәрбектің ауданға аттанған себебі де осы мәселені шешу болатын.

III

Іңкәрбектің аудандық партия комитетінде бірінші кездестірген адамы Ерекен Жақсылықов болды. Ол – аудандық партия комитетінің екінші секретары. Жақсылықов Іңкәрбекті қолтықтап, шетке алып шығып:

– Демалысқа барған адам оналып, ажарланып қайтпаушы ма еді, мұның қалай? – деп, оның жүдеу жүзіне үңіле қарады. Іңкәрбектің жақ сүйегі сопайып, көзі шүңірейіп кеткен. Бетінің қорасан дағы шұңқырланып тұр. Самай шашының ағы дендеп, желкеге қарай қоюлана бастаған. Қырықтағы жасынан әлдеқайда егде көрінеді. Өзі туралы сөз қозғағанда Іңкәрбектің сөйлей қоймайтынын сезетін Жақсылықов әңгімені өзгертті:

– Биыл сіздерде астықтың түсімі қалай? Қанша өткізбек едіңдер?

– Міндеттеме 21 мың центнер.

– Биыл ет-сүтпен бірге астықтан да салмақ салатын шығармыз. Осы жағына көңіл аударған жөн.

– Борыштар болмаймыз, – деп, Іңкәрбек келген шаруасын айта бастады. – Осыншама шұрайлы жердің қаңырап бос жатқанына таң қаласың.

– Бос жатуы қалай? Совхоздың малы бар емес пе? – деп Жақсылықов Іңкәрбекке бажырая қарады. Оның ойын енді ғана аңғарып:

– Бауырым, мынау бір жақсы леп екен. Сәл қоя тұршы, – деп бірінші секретарьдың кабинетінен топтасып шығып келе жатқан адамдардың біреуін «Тоқтарбек, бері келші» деп шақырды. Іңкәрбек Кеген аудандық атқару комитетінің председателі Тоқтарбек Кәріпжановтың бұл әңгімеге араласуын іштей тәуір көріп тұр. Тоқтарбек – жаңа келген жас жігіт. Шаруашылық мәселесін тікелей шешетін осылар ғой... Кәріпжанов қасына келгенде, Жақсылықов:

– Мына Іңкәрбек біздің ойымызға келмеген соны пікір айтып тұр. Көңілге қонымды, тыңдашы өзің, – деді.

Іңкәрбек өз ойының тұжырымдылығын көздеп, совхоз мүмкіндіктерінің барына көп дәлелдер келтіріп, айтып шықты:

– Мамандардың есебі бойынша жайлаудағы шөптің 20-30 проценті жыл сайын пайдаланылмай қалатын көрінеді. Өзіңіз білесіз, бізде жайлау дейтін ұзақ өріс жоқ, өзіміз жайлаудың ортасында отырмыз. Совхоз жеріне тағы да 30 мыңдай қой өргізуге болар еді.

– Есеп дұрыс екен, – деді зейін қойып тыңдаған Кәріпжанов. – Бірақ совхоз жылма-жыл шығынмен келеді. Өз малыңның өнімін арттыра алмай отырғаныңда оған қосымша мал сұрауың қазір ыңғайсыз, облыста қолдамауы мүмкін.

– Совхоз биыл жоспарын өнімнің барлық түрінен орындайды.

– Сенемін, Іңкәрбек, – деді Кәріпжанов оны қостап. – Бірақ басқа жұрт уәде деп қарайды. Оған қарсы айтар дәлеліміз жоқ. Алдымызда жылдың алты айы бар. Жоспар орындалып жатса, сөзіміз ұтымды болар еді. Әйткенмен бірінші секретарьмен ақылдасып көрелік. Ол кісі не дер екен?

Аудандық партия комитетінің бірінші секретары Әбдіғали Ақбаев Іңкәрбектің сөзін аса ықыласпен тыңдады. Ол Кәріпжановқа бұрылып:

– Тоқа, мұндай игі бастаманы қолдамасқа шарам жоқ, ия, солай. Ал жоспардың орындалуына келетін болсақ, менің өз басым Жұмағұлов жолдасқа сенемін. Қайта, Орталық партия Комитеті мен Министрлер Советінің қаулысына сәйкес, Іңкәрбектің совхозы сияқты малды жемшөппен қамтамасыз ете алатын шаруашылықтардың тізімін алып, облыс алдына ұсыныс жасау керек. Жобаны кейін талқылайық.

Секретарьдың кабинетінен шыққанда Жақсылықов:

– Бір де ноль, сенің пайдаңа шешілді, – деп күлді. – Байқа, ендігі істің бәрі өзіңе байланысты.

Таулы жердің күні қызық қой. Мана Жалаңашқа келгенде аспанды бұлт басып, суық жауын құйып тұрған. Қазір басылыпты. Тек салқын жел бар. Іңкәрбек машинасының жанына келді. Ішінде төрт-бес адам отыр. Үңіліп қарап еді:

– Бұл – мен ғой, – деді шетте отырған Күлайша қысылып. Күлайша Нұрғалимова – осы өңірге белгілі болған, қазіргі пенсионер Жездінай Байқоңырованың орнын басқан жас талап. Комсомол-жастар фермасында сауыншы болып істейді, облыстық Советтің депутаты. Ол ауданға партияға кандидаттық карточкасын алуға келген екен.

– Құттықтаймын, қалқам, партия қатарында болу – үлкен бақыт, оның сенімін ақтайтын бол, – деп Іңкәрбек Күлайшаға шын тілеу тілей отырып, осы сөзді өзіне де айтқандай болды. Іңкәрбек машинаға отырғанда, Көпбай:

– Қалай, шаруаңызды бітірдіңіз бе? – деді.

– Бәрі өзімізге байланысты, – деді Іңкәрбек есікті жауып жатып.

Бұлар совхозға түнде оралды. Таңертеңмен кеңсеге келіп, келім-кетім кісілердің шаруасын бітіргеннен кейін Іңкәрбек жайлаудағы малды аралауға жүріп кетті.

Үйінің жанында шаруасын жайлап жүрген Жездінай Байқоңырова:

– Осы баланың бір тыным алғанын көрмейсің, – деп басын шайқады.

IV

Октябрьдің басында жауған қар айдың екінші жартысында қалыңдай түсті. Тау-тастың бәрі мүлгіп тұр. Алғашқы аяз бетті қариды. Іңкәрбек совхоз партия ұйымының секретары Әділхан Әбдібаевпен бірге қора-жайларды аралап көріп жүр. Албардың іші сықырлаған мал. Біреулер малға шөп салып, біреулер суғарып, әрқилы жұмыс атқаруда. Адамдар көңілді. Табыс мол. Совхоз биыл мемлекетке ет-сүт тапсырудың жоспарын артығымен орындап шықты. 25 мың 300 центнер сүт, 5400 центнер ет өткізілді. 20 мың центнер астық өткізуі керек еді, совхоз коллективі Ұлы Октябрь мерекесі құрметіндегі жарысқа қосыла отырып, оны 25 600 центнер етіп өткізді...

Іңкәрбек кабинетіне кіргенде телефон шылдырап жатыр екен, трубканы көтеріп еді, Жақсылықовтың дауысын естіді:

– Ертең облысқа жүреміз, онда түнеугүнгі ұсынған жобаны талқылайтын көрінеді, дайындал, – деді секретарь.

Алматыға сапар сәтті болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д.А. Қонаев жолдас Іңкәрбекті бір топ директорлармен бірге қабылдап, малды қыстан аман алып шығу жөнінде инициатива көрсеткен озат шаруашылықтар басшыларына ризашылық білдірді. Мәжілістен шыққан кезде Жақсылықов:

– Іңкәрбек, албарыңды аша бер, ойлаған ойың жүзеге асты – деді. Іңкәрбек күлімдеп, басын изеді.

ТОҚТЫ-АҚА

I

Бұлар кеңестен кейін ауылға бірге қайтты. Алматыдан шыққалы бірсыпыра уақыт өткенімен, машина әлі жол үстінде. Сарыөзекке тоқтамай-ақ, асу астындағы Басшиде бір-ақ аялдаймыз деп келіскен еді. Сарыөзек станциясының үйлері бірте-бірте шоғырлана түсіп, үсті түтінденіп артта қалып барады. Сонда да Алтынемел асуына жеткен жоқ.

Машина енді ғана етекті өрлеп, заңғар тау қуысына кірді.

Алдыңғы жақ түнеріп тұр. Ауа дымқыл, жауын бар секілді. Шофердің қасында көсіле түсіп, желкесін жұмсақ арқалыққа салып, шалқалай отырған Емир Біләлов басын көтерді, еңсесін алға беріп, кабинаның ашық терезесінен сыртқа қолын тосты. Сызды жел гулеп, алақанды соғады. Тамшы табы білінеді.

– Жер жарықтықтың қар суын місе тұтпайтыны несі екен? Жауын суы тимесе, мына жердің жарғақтанып, қара тақыр боп жатқаны. Жауын жауса ғой, бір түнде құлпырып сала береді. Емир аяғын жинап, шынтағын арқалыққа сала отырды. Мына жауын біздің Пәнжімнің үстіне бір құйып өтсе қандай жақсы болар еді, Тоқты-ака! Жер де ширар еді, мал аузы да көкке тиер еді. Бөлек-салақ көп дорбатүйіншектердің ортасында, бірін шынтағының астына басып, бірін машинаның тұтқасына байлап қойып, бірін басына жастап жатқан Сейдуллаев өзінің атын естіген соң, көзін жыпылықтатып ашып:

– Немә дедіңіз-ә? – деп, басын көтерді.

Ұзақ жол үстінде айнала төңірекке қарап, зеріккен шақта адамның кейде талықсып тәтті ұйқыға кететіні болады. Тоқты-аканы сондай халде деп түсінген Емир, қарттың ұйқысын бекер бөлдім-ау деген оймен:

– Жол қажытқан шығар, тынығыңыз. Мен жай әшейін, – дейсалды. Үлкенге де, кішіге де өре тіл қатып дағдыланбаған Тоқты Сейдуллаев Емирдің сөзіне де жауап қата қоймады. Бірақ ол ұйқыға емес, таусылмас қиял құшағына енген еді. Бүкіл ғалымдар қатысқан, республика озаттары бас қосқан үлкен кеңеске қатыса қоям деп Тоқты-ака ойлады ма екен? Целиноградта Тың өлкесі озаттарының кеңесі өтіп жатқан кезде үлкен қызы Тамара :

– Папа, Алматыда республика озаттарының жиналысы тағы да өтетін көрінеді. Москвадан ғалымдар келеді дейді. Оған сізді шақырса қайтер едіңіз? – деп, атаға деген абзал тілегін сауалмен білдіргенде, Тоқты-ака:

– Әй, қарағым-ай, еңбек етіп жүрген жалғыз біз бе? Ел көп, еңбекшілер де көп емес пе? Мен түгіл, бұл жұрт осы қиыр шеттегі Пәнжімінді біле ме екен? – деп, қызының сөзін іштей ұнатса да, кеңеске қатысу оған қол жетпестей арман көрінген. «Кеңеске қатысыпты» деген дақпырт атағы

үшін емес, диканға көп кеңес, ақыл беретін жиынға қатысу Тоқты-аканың тәтті тілегі еді. «Тоқты-ака, жарайсың, әулетіңмен адал еңбек етіпсің» – десе, еңбек адамына бұдан артық бақыт бар ма, сірә!..

Міне, сол Тоқты-ака кеңеске қатысып келе жатыр. Алдыңғы жағында отырған – колхоз председателі Емир Біләлов. Колхоздан кеңеске екеуі ғана қатысты. Адамның көңілі толып, қуаныш толқыны әлі басылмаған шақта кейде өзімен өзі болып, оңаша қалуды тілейді. Емир Біләлов тіл қатқанда Тоқты-ака осындай күйде еді. Ол басын көтеріп, қалтасынан сары ала жібек бет орамалын шұбалта суырып алып, ернін, суланған көзін сұртті, мұртын саусақтарымен тарай ширатып, тік отырды. Біләловтің күлкі ойнаған жүзіне қарап:

– Маған бірдеңе дедіңіз бе? – деп, омырау түймесін сала отырып, құлақ тосты.

– Айдалаға құйып жатқан жаңағы ақ жауынды айтам да, баяғы біздің Пәнжімге жауса деймін ғой.

– Ә-ә, – деп, Сейдуллаев бас изеп, айнала төңірекке енді ғана көз жүгіртті. Машина етектегі шөккен бұлт арасынан шығып, өрлеп барады екен. Жакпар-жакпар жартастар шақшиған күнмен шағылысады. Асуға Алтынемел деп ат қойғанда көшпелі жұрт алдағы күннен алтын үміт күтті ме, кім білсін? Әйтеуір «емел» деген – үміт, мақсат деген сөз. Сөйтіп «алтын емел» – «алтын мақсат» екен. Ал Сейдуллаев осы асудан асып келеді...

Біләлов Тоқты-аканың ыңғайын байқап, оны сөзге тартты:

– Кеңес кезінде Осман Мәметовті жарысқа шақырып, звеноның жүгері егісін биыл 100 гектарға жеткіземін дедіңіз. Жерді қайдан аласыз сонда?

Кеңеске қатысар алдында «Көрсеткіш жаман емес, қызармаспыз» деп ойлаған Сейдуллаевта токмейілдік бар еді.

Кеңесте Ташкент облысындағы «Политотдел» колхозы жүгерішілерінің табысы туралы айтылғанда, Сейдуллаев ойға қалды. Любовь Лидің бригадасы әр гектардан 1850 центнерден сүрлемдік көк шөп алған. Сонда бригаданың 100 гектардан алған өнімі 185 000 центнерге жетеді екен. Сөй-

тіп, Любовь Лидің алты-ақ адамы «Политотдел» колхозының малын, құсын жыл бойына азықпен қамтамасыз ете алады екен. Ал Сейдуллаевтың өнім алып жүрген жерінің көлемі мүлде шағын. Өткен жылы звеноның баптаған жері 22 гектар болса, биыл 25 гектардан аспады. Рас, Сейдуллаев дәнді Лидің бригадасына қарағанда екі есеге жуық артық алды. Бірақ колхоз үшін шағын жерден рекорд жасағаннан гөрі жаппай мол өнім алған пайдалы ғой. Сейдуллаев үзіліс кезінде жерлесі, әрі көршісі Осман Мәметовпен пікірлесіп, Біләловке: «Звено тағы да 75 гектар жер бекітіп беруін сұрайды» деді. Османды жарысқа шақырғанын айтты. Бұл жаңалықты естіген таныстардың бәрі оны қостады.

Әйтсе де 100 гектарды баптап-күту оңай емес, өйткені жүгері жылма-жыл Мойынқұмның аяғындағы бір орынға егіледі. Жер – суырма сұр топырақ, оның үстіне құнары да азайып бара жатқан секілді. Былтыр әр гектарға 18 тоннадан тыңайтқыш төгілген болса, биыл 20 тонна төгілді. Сонда да жер беті жұқа, тозаңдау. Ал жаңадан алатын жердің қандай екенін кім білсін? Құмдақ жерді суару да оңай емес. Емiрдiң ненi мезгеп отырғанын ендi аңғарған Сейдуллаев:

– Жеріміз суармалы болғанымен, су тапшылығы барын сезем. Әйтсе де өз күшімізге сенген жөн ғой, – деп, тер сінген ала тақиясын айналдырып сипалап отырды да, – беретін жердің қазіргі учас­токқа жақын болғаны дұрыс болар еді, – деді. – Барған соң балалармен ақылдасам ғой. Сірә, ол жерге сүрлемдік көк шөп егетін шығармыз.

– Ол да дұрыс екен, – деді Біләлов.

Бұлар Басшиде көп аялдамай, тағы жолға шықты.

II

Калинин атындағы колхоздың орталығы – Пәнжім селосы. Сейдуллаев, осы жерде туып-өскен адам. Гитлерлік Германия Отанымызға шабуыл жасаған кезде, Тоқты қазіргі ауыл жігіттеріндей қылшылдаған жас еді. Отанды қорғау үшін ел азаматтарымен бірге майданға аттанды, алдыңғы сапта болды. 1943 жылы Смоленск бағытында ауыр жараланды, госпитальда ұзақ жатты. Сұранып еді, майданға қайта жібермеді, мүгедек болып елге қайтты.

Бірақ ол ауылда қарап отырғысы келмеді. Майдан жеңісіне еңбекпен үлес қосты. Арба айдады, астық тартты, қысылтаяң кездерде машина да жүргізді, әйтеуір, жұмысты талғамады, бар жігермен істеді. Партия ұйымы оны сол 1944 жылдың өзінде партия қатарына алды. Ол кезде колхозда техника да, адам күші де жетіспейтін. Сонда бұл үйден екі адам – Тоқтының өзі мен әйелі Паша жұмысқа шығатын. Ал қазір ше? Басы бурыл тартып, көз еттері босап, әжімденіп, қимылы да ауырлап, Сейдуллаев Тоқты-ака атанды. Тоқты-аканың семьясы қазір колхозда атақты жүгерішілер звеносын құрап отыр. Бір үйден бес адам жұмысқа шығады. Еңбекке жасынан дағдыланған үлкен қызы Тамара 10-шы класты бітіргеннен кейін колхозда жұмыс істеуге қалды. Одан кейінгі екі қызы – Сания мен Нұрқыз да звено мүшелері. Екеуі де кешкі мектепте оқиды. Звеноның бесінші мүшесі Шарам Абдуллаева да алыс емес, осы үймен астасып кеткен адам.

Егер звеноның табысын есепшотқа қақсаңыз, қажырлы еңбектің айғағындай кесек цифрлар тізбектеле қалады. Былтырдың өзінде Тоқты-аканың семьясы еңбеккүнге 22 центнер астық, екі мың сом ақша алды. Колхоздан алып жатқан жеміс-жидектері бұдан бөлек. Мұндай мол табыс жеке бір адамның, звеноның еңбегімен ғана емес, бүкіл колхоз дәулетінің өсуінен болып отырғанын Тоқты-ака жақсы түсінеді. Былтырғы пайда 900 мың сомға жақындады. Соның тең жарымы жүгеріден түсті. Ет пен жүн дайындау жұмысында ақаулық болмағанда колхоз байлығы бұдан да арта түсер еді. Сондықтан Тоқты Сейдуллаев табыс көзін білетін адам ғана емес, коммунист, колхоз басқармасының мүшесі ретінде колхоз шаруашылығындағы жаңсақ есепті көріп, үндемей отыра алмады. Оның жол үстіндегі асығуының мәнісі осы. Әрине, ол кеңестің қалай өткені, алған әсері жөнінде ең алдымен звено мүшелеріне, өзінің семьясына есеп беремін деп ойлаған еді. Барлық ауыл адамдары оны машинаның үстінде-ақ қоршап алды. Сұрақты жаудырып жатыр:

– Е, Тоқты-ака, аман-есен келдіңіз бе?

– Ондағы жұрт аман ба? Халдары қалай екен?

– Пәнжімнің күніндей Алматы жылы ма екен? Сейдуллаев «шүкір», «жылы», «жақсы екен» деп жауап беріп жатыр. Жұртты кимелей, әкесінің қолынан ұстай алған Нұрқыз:

– Папа, сенің сөзіңді радиомен тыңдадық, – деді. Тұрған адамдар Нұрқыздың сөзін естіртпей жатыр:

– Ой, бәрежелді, қуанышыңды қойныңа тықпай жайсайшы, біз де естілік!

– Астанаға барып, біліктілердің ортасында болған сенде арман жоқ Тоқты-ака!

– Мәртебең биік болсын!

– Абыройың тассын!

Келген адамдар екі үйге әрең сыйысты. Жастау, бала жігіттер босағаға сүйеніп тұр.

Семья қуанышында шек жоқ. Осы үйдің иесі Тоқты-аканың өзі Алматыға барып, кеңеске қатысып қайтты. Осы қуанышқа бүкіл ауыл ортақтасып жатыр.

– Әуреленбе, біз қуанышқа келдік!

– Тоқты-акамның әңгімесін тыңдағалы келдік! – деген адамдардың сөзіне қарамастан, үй иесі шақпақ түсті ала дастарқанды жайып, гүлі ашық қызыл кеселерге қаймақ қатқан қою шайды құя бастады.

– Сөйтп, президиум столына бойы алты метр жүгеріні әкеп қойғанда, – деді Сейдуллаев сөзін жалғастырып, – бүкіл зал гулеп кетті, бәріміз де таңқалдық. Орнымыздан тұрып, қол соғып жатырмыз.

– Ойпырай-ә, өзі шынымен жүгері ме екен? Қалай өсіріпті?

– Жүгерінің өзгеше сорты болар?

– Жә, сөзді бөлмендер, тыңдайық.

– Өзгеше сорт емес, – деді Сейдуллаев. – Өзіміздің егіп жүрген «Вир-156» жүгерісі. Сол жүгеріні өсірген – Ташкент облысындағы «Политотдел» колхозы.

– Азамат екен!

– Бақытты екен! – деп отырғандар дүркіреп қалды.

– Бізден сенен басқа тағы кім сөйледі? – деді Шарам.

– Октябрьдің 40 жылдығы колхозының председатели Головацкий сөйледі.

– Ауданымыз үшін абырой болған екен, – деді төбесі шошақтау келген қара жігіт Ахмет.

– Головацкий жүгерінің бума собығын ұсынғанда, Дін-мұхамед Қонаев «Жолдастар, бәрекелді!» деп қабыл алды.

– Бұл біздің Панфилов жүгерішілеріне берілген баға ғой, – деп Ахмет көтеріліп қалды. Отырған жұрт республика басшысына алғысын жаудырып жатыр. Осылай әңгімеден сұрақ, сұрақтан әңгіме туып, Пәнжімнің халқы кеш жатты. Сейдуллаев әдетінше ерте тұрды. Үй-іші ұйқыда ма деп еді, Тамара әкелген түйіншектерді ақтарып отыр, Саниям тыста жүр, Нұрқыз жоқ. Тоқты-ака сәл кідіріп тысқа шықты. Саниямнан: «Нұрқыз қайда?» – деп сұрап еді, ол:

– Шараммен бірге егіс басына кетті. Мен Тамараны күтіп тұрмын, – деді.

Тоқты-ака звеносындағы қыздарымен бірге күні бойы жанадан бекітіліп берілетін жерді аралады. Кешкісін Тамара, Шарам үшеуі су бөлінетін құлаққа барып қайтты. Көрмеген әлі біраз жер қалды.

– Жері сұйықтау, боз топырақ па деп едім, жақсы екен. Көң де аз төгілмепті, – деді Тоқты-ака риза болып.

– Жұмыс істеп жүрген жалғыз біз дейсіз бе? Жұрттың бәрі шамасынша еңбек етіп жатыр ғой, – деді Тамара.

– Күн жақсы болып тұр. Жер де қызу тартқан секілді. Қырық құдықтың басындағы ойыққа да себуді бастай берсек деймін. Биыл жер көп. Ерте қимылдамасақ, үлгірмеспіз, – деді Шарам.

– Оның дұрыс, – деді Сейдуллаев.

– Бұл жердің адыр-бұдыры бар екен. Тегістемесе, кейін су жүрмей қалар. Сонан соң бастармыз.

– Үлгерсек болғаны ғой, – деді Тамара.

– Иә, биыл жұмыс аз емес, – деді Сейдуллаев басын сипап. – Жүгері құлақтанбай-ақ жерді өңдеуге кірісетін шығармыз. Сонда жер беті қабыршықтанбай, ауа да, қызу да жетіп, жүгері тез өнеді. Он күн ішінде алты-жеті құлақ тастап қалар.

Бұрын звено жүгері төрт-бес құлақ тастағаннан кейін барып жерді өңдеуге кірісетін. Әлгі айтқаны – Тоқты-аканың кеңестен алып келген жаңалығы. Шарам мен Тамара

бір-біріне қарап, бас изеп мақұлдап қойды.

Тоқты-ака Османды жарысқа шақырып, бүкіл звено атынан жоғары өнім алуға уәде бергенін айтқанда, қыздары үндемей қалысты. Әншейінде сөзге де, іске де шапшаң Нұрқыз да ойланып қалды. 100 гектардың 25 гектарынан 125 центнерден дән, 75 гектарынан 1200 центнерден көк шөп алу бұл өңірде бір звено үшін оңай жұмыс емес. Кеңес залынан Осман Мәметов пен Тұрсын Ұшыровтың есімдері естілгенде, алғашқысы дән алумен шұғылданса, соңғысы егістік жерін сүрлемдік көк шөп алуға арнаған. Екеуінің де көрсеткіші бұларға мәлім: Осман 30 гектар жердің әр гектарынан 123 центнерден дән, Тұрсын 70 гектар егістіктің әр гектарынан 1 200 центнерден көк шөп алған. Ал Тоқты-ака дәннен де, көк шөптен де осы екеуінің көрсеткішіне биыл бір-ақ жетемін деп уәде беріп келген. Бұрын звеноның ақылдасып, жұрт алдында алған міндеттемесінде көк шөп көрсетілмеген еді. Осыған орай енді Сейдуллаев өз жаңалықтарын сыздықтап айтып отыр:

– Алғашқы қоректендіруден кейін, сірә, бораздамен су тартамыз. Жер ылғалданбаса, себілген тыңайтқыштың дән-ге септігі тимей қалар.

Тоқты-ака культивация жүргізу, қоректендіру, суарудың мөлшер-мерзімдері жайында бірсыпыра әңгіме айтты. Мұның бәрі Тамара мен Шарамға таныс болғанмен, Сейдуллаевтың сөзінде жаңалық та бар еді. Мәселен, жүгері жетілер кезде оны төрт-бес рет суармайтын, екі-үш суарумен тынатын. Бұлар егіс басынан ымырт жабыла қайтты. Қарсы жолыққан Нұрқыз:

– Папа, кеңсеге шақырып жатыр. Басқарманың жиналысы болады деді ме, анық ести алмадым, – деді.

– Ә, ендеше, мен барып қайтайын, – деп Тоқты көп қыздың ортасында ерке өскен кенжесі Білләхұнды маңдайынан иіскеп, әрі кетті.

III

Әке баланы алаламайды. Оған бәрі жақсы. Ала-құла, оғаш мінездерімен-ақ олар әкеге ұнап тұрады. Мәселен, Нұрқыз тапқыр, шапшаңдау, бірақ шалалығы да бар. Ал

Саниямның қимылы баяу, бірақ ісі тынымды. Шешесінің қас-қабағын бағып, үйге көмектесіп жүретін де осы. Ақыл тоқтатқан Тамараның жөні бөлектеу, істеген ісі кесек жатады. Тоқтыдан қыздарының қайсысы жұмысты жақсы істейді деп сұрай қалсаңыз, ол:

– Қалай деп айтайын, балаларымның бәрі еңбеккер ғой, – деп, тақыр басын сипап, күліп қояды. – Осылар болмаса, бір өзім не бітірем. Былтыр әр гектардан 118 центнерден дән алғанымыз да осылардың жігері ғой. Анау Шарам бар, – бәрі жұмыс дегенде аянбайды. Әйтсе де осы жұрт Тамараны мақтап жүр. Былтыр еңбегіне қосымша 1000 сом сыйлық алды. Сірә, ана екеуі әкпесіне жол берген секілді. Әйтпесе олар да ноян-ау.

Міне, Тоқты қыздарымен егіс басында әңгімелесіп отыр. Жүгері құлақтанып қаулап, жер бетіне шығып келеді. Дәннен де, көк шөптен де мол өнім алу үшін әр түп қаулап өсуі шарт. Тоқты-ақа осы жайында қыздарымен кенесуде:

– Әр түптен екі собықтан алып, әрқайсысында шамамен 150 грамнан дән болады десек, онда өнім гектарына небәрі 120 центнерден айналады екен. Бұлай болса, уәдеде тұра алмаймыз, қыздарым.

– Сонда не істеуіміз керек?

Тоқты-ақа жалпақ мұрнының үстіндегі терді асықпай сүртіп, бұйраланып жатқан егістік жерге көз салды.

– Әрбір түптің өсіп-жетілуін қадағалауымыз керек, былтырғыдай себеп іздемелік. Мақсат әрбір түптен 350 грамнан дән алу керек. Көңіл күпті болмау үшін күтіммен бірге есепті де жүргізсек деймін. Тамара оқуым бар, әзірленем деп жүр ғой, осыны өз қолына алсаң қайтеді, Нұрқыз.

Нұрқыз екі иығын көтеріп, апаларына жымия қарап еді, олар қостағандай ишарат білдірді. Бұл да Тоқты-аканың кеңестен алып қайтқан жаңалығы. Ал бұрын: «Жерді жақсы өңделік, бірақ кім білсін, бұйырғанын алармыз» – дейтін. Енді звеноға есеп кірді. Алматыдағы кеңес Тоқты-аканың звеносына ғана емес, бүкіл колхоз өміріне жаңалық алып келген еді. Бұрын жыл аяғына дейін колхоз шаруашылығының олқы-кемі мәлім болмай, сапырылысып жататын. Бастықтан басқа да басқарушылар көбейіп,

жауапқа келгенде жалтарып кете беретін. Кеңестен кейін колхоз комплексті екі үлкен учаскокқа бөлінді.

Тоқты-ака колхоз өміріндегі жаңалықты өз көзімен көріп, оны бірге жасасып келеді. Колхозды комплексті учаскокқа бөлу жөнінде қанша айтыс-талас болды десеңізші! 24 мыңға жуық қой, 2200-ден астам ірі қара, 32 трактор, 37 комбайн мен машина бар. Осынша қыруар мал мен техниканы көрінгеннің қолына беріп, бытыратып жіберу дұрыс болар ма екен? Бір адамның басқарғаны жөн емес пе? Осы күнге дейін бұдан зиян шеккеніміз жоқ, қайта, колхоз өрлеп келеді ғой!

Бұл жерде Тоқтының коммунист, басқарма мүшесі ретінде жұртты үгіттеуіне тура келді, жаңаны жақтады. Ақырында, мәселе колхозшылардың жалпы жиналысында қаралды. Колхозшылар бұл жаңалық өзгерісті қолдап шықты. Сол жиналыста аудандық партия комитетінің бірін-ші секретары Сәкен Танекеев:

– «Октябрьдің қырық жылдығы» колхозы өзінің Ұшыровын айтса, Ленин атындағы колхоз Мәметовын мақтан етсе, ау, сіздерде жаңалықтың жаршысы Тоқты-акаң бар емес пе?! – деп, бүкіл зал ішінен Сейдуллаевты көрсетіп еді. Ауданға әйгілі сол Тоқты-акаң өз звеносымен сонау бір қиыр шетте – Пәнжімде еңбек етіп жатыр. Бірақ еңбек сүйгіш ердің есімі – көптің аузында. Сондықтан да ол барша жұртқа жақын. Сірә, адамға бұдан артық бақыт болар ма!

БОЛАШАҚ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Жол үстіндегі әңгіме

«Ил-14» самолеті Алматы аэродромынан жаңа ғана көтерілді. Алып қанатымен көкті тіліп, өрлеп, биіктеп келеді. Жасыл ағашқа көмілген қала үйлері аппақ болып, бірде зорайып, бірде аласарып, бұлдырай түсіп, кейін сырғиды. Аздан соң үйлер мүлде сиреді. Көк майса кең жазық басталды. Үйілген маялар әр жерде дөңкиіп көрінеді. Өзендер жыландай ирелеңдеп, жалтырап жатыр.

Самолеттің томпақтау әйнегінің сары жібек пердесін сырып тастап, қанат астынан жерге қарап отырған қасқа бас сары кісі:

– Бұл аймақты жер ұжмағы деп бекерге атамаған екен. Қарлы тау, қалың қарағай, көк шалғын, көп өзен – бәрі де өз орнын тауып бастасқан екен. Қарашы, жасыл орман тағы басталды, – деп, алға қарай мойын созып, қозғалып қойды.

Әдетте адамдар жол үстінде тез танысады. Кім екенін, қайда қызмет істейтінін, сапарының мәнісін бір-біріне бүкпей айтады да, сонан соң сырлас жандай әркілі әңгімелерді қозғап отырады. Мына қасқа бас кісімен ұшар алдында танысқан едік. Өзін Вадим Александрович Кирин деп атады. Қазір оң жақ қанаттың тұсындағы алдыңғы креслода қатар отырмыз.

Біздің сол жағымызда зор денелі, бурыл мұртты кісі газетті бетіне тақап, шалқалақтай жатыр. Шахтер. Қарағандының жұмысшысы. Алматыдағы демалыс үйлерінің бірінде тынығып қайтқан беті екен. Өзін Нұрлыбекпін деп атады. «Нұрекең десең, бұл аймақтың бәрі біледі» – деп күліп қойды.

Мен Кириннің нұсқаған жағына көз жүгірттім. Шоғырланған тал ма, әлде төбе ме, әйтеуір бір нәрсе қарауытады, не екенін ажырата алмадым.

– Тау артымызда қалды ғой, енді тоғай ұшыраса қоймас. Көргеніміз совхоздың, не колхоздың жеміс бағы шығар, – деді Нұрекең. Оның сөзіне ешкім жауап қатпады. Тек алдыңғы креслода отырған жас әйел:

– Бұл жақтың алмасы шырын-ау, шіркін! – деп, баласының емізігін өз аузына салып алып, оны бүлкілдетіп сорып қойды. Жас сәби алдыңғы жақ қабырғаға орнатылған тор бесіктің ішінде пырылдап ұйықтап жатыр. Сірә, гүрілдеген мотор шуы мазалайтын секілді, аракідікте томпақ мұрнын тыржитып қояды. Демде-ақ самолет әлгі көрінген «Жасыл төбенің» үстінен өтті.

– Бәсе, бақ шығар деп едім ғой. Өне, адамдар алма жинап жүр. – Нұрекең төменгі жаққа бір қарады да, әлгі отырған қалпын өзгертпей, креслоға қайта қисайды. Қасында отырған кемпіріне сәл ғана мойын бұрып, сөз бастады:

– Қадидша, есінде бар ма? Баяғыда «Түрксібтен» қайтқанымызда, осы жақ мидай жазық дала емес пе еді? Қарашы, тіпті тоғай болып кетіпті! Адам қайратына, әй, ешнәрсе шыдай алмас, мен мұның бәріне де сенемін! Енді байқадық: Нүрекеңнің алдында КПСС Программасы жарияланған «Социалистік Қазақстанның» номерлері жатыр екен, сірә, демілдеміл оқыған секілді. Газеттің шеті тілімденіп, киізденіп қалыпты. Әр жеріне қызыл қарындашпен белгі қойылған. Нүрекең газеттерін аударыстырып, бір бетін тауып алды. Оған көз жүгірте отырып:

– Қазір «тегін» деген сөзді естісек, соның рас па дегендей, тосырқай, таңырқай қаламыз. Ал ол кезде барлығы тегін деген сөзден басталады, балаларды тәрбиелейтін орындар баланы тегін асырайды, білім де тегін беріледі, пәтер үймен, транспортпен пайдалану да тегін, жұмыс кезінде тамақты да тегін ішесің, демалыс үйлерінде де тегін тынығасың! Бұдан артық не керек?

– Қазіргі балалардың арманы жоқ қой, – деді кемпірі басын шұлғып.

– Ия, шеше, енді коммунизм тұсында өмір сүргіңіз келетін шығар, – деді осы кезде арт жақтан бір дауыс.

Нүрекең бұрылып қарап еді, сақал-мұрты жоқ, бетінен қаны тамған біреу екен. Мойны мен жылтыр сопақ басы қосылып, күбідей жұмырланып тұр. Ыңқылдап, жуан қарнымен әрең дем алады. – Жаңағы мен айтқан жайлар жиырма жылдан кейінгі болатын жемістер, – деді Нүрекең әлгі кісіге, – ұлы дәуірдің дәмін сіз де татып қаларсыз.

– Әй, қайдам, жиырма жыл деген біздің жасымызға көп емес пе?

– Баяғыда мен де солай деп едім. Оны мына кемпір де біледі, – деп Нүрекең қызық әңгіме бастап кетті. – Әлі есімде, Совет өкіметі орнаған алғашқы жылдар болатын. Ауыл күзем алып, қырда отырған. Ол кезде сауат ашуға, үгіт жүргізуге қаладан оқыған жігіттер көп келуші еді ғой. Біздің ауылдың Байдабек дейтін пысығы болатын, жаңалыққа жақындау, еті тірі жігіт еді. Сол бір күні ала атының артына мінгестіріп, біреуді әкелді. «Сауат ашатын мұғалім осы» деп жұртқа таныстырып жүр. «Ант ұрған Байдабек-ау, шаш қойғанға

әжептәуір жігіт пе десек, мынауың уызы қатпаған бала ғой», – деп, қатындар көңілі толмай, еріндерін шығарды. – «Бұл шіркін кімді оқытып жарытады дейсің!».

Бірақ жігіт шақар да шешен екен! Соның бір әңгімесі құлағымнан кетпейді. Қарағандыға келуіме себепші болған соның сол бір сөзі еді. Оның айтуынша, қала биік-биік үйлерден тұрады, көшеде топырақ көрінбейді. Бәріне тас төселген, екі жағына гүл егіліп тасталады. Нан, пұл іздеп алысқа бармайсың – бәрі де үйдің жанында болады. Тіпті монша, суың да үйдің ішінде. «Мынауың шын ба, шырағым, бейнеті жоқ тыныш өмір ғой!» – деп таңырқаушы едік. Қала көрмеген қазақ оның кейбір жәйттерін ұқпайтын. «Қойшы, осы баланың сөзін, былжырап жүр де, әйтпесе үй ішінде құдық қазып қалай отырады, бала-шаға жазым болмай ма?» дегендер де болды. Соның бірі мына Қадиша, – деп, Нұрекең қасындағы кемпірге бас изеп, өзі селкілдеп күлді. – Бұл байғұс құдықсыз жерде су шықпайды десе керек.

– Құдайдың тегін көмірін шелекпен шығарып жатқан кезде трубамен су келеді дегенге кім сенуші еді! – деп, кемпір таңдайын қағып қойды.

– Онысы рас, – деді Нұрекең, – әйтсе де сол жігіттің әңгімесін тыңдауға құмар едік. Әңгіме соңында: «Шырағым, сондай қалаңызды көреміз бе?» – дегенімізде, ол: «Сондай үйде өзіңіз тұратын боласыз», – дейтін. Бірақ іші құрғыр сене қоймайтын. Кейін білдік, сол комсомол бала ел арасына партия сөзін жеткізген екен. Міне, қазір сондай әсем қалада тұрып жатырмыз. Үш бөлмелі үйіміз бар. Суы да, моншасы да ішінде. Ал мұның өзі бір кезде қиял көрінген еді.

Самолет ішіндегілер қарт шахтердің әңгімесін ұйып тыңдады. Ешкім оның сөзін бөлген жоқ. Бірақ семіз кісі арақидік булығып, жөтеліп отырды. Қазір ол тамағын кенеп:

– Байқаса, өзі алыс та емес екен-ау, тірі адамға жиырма жыл деген не, тәйірі! – деді. Бұл жолы көңілдегісін шын айтты. Қарт жұмысшының қарапайым әңгімесі оған да әсер еткен секілді. Осы кезде бесік ішінде жатқан сәби құлашын жазып, бір аунап түсті де, сәлден соң басын көтеріп алды. Өзіне қарап қалған адамдарға қос күрек тісін ақсита көрсетіп, күлді.

– Міне, коммунизм азаматы оянды! – деп, Нұрекең немересіне қолын созды. Бәріміз де Нұрекеңнің қолында талпынған жас сәбиге қарадық.

Коммунизмді еңбек жақындатады. Жолаушылап жүрген кісілер, әдетте, жергілікті жердегі басшылардың біреуімен тілдесуге ынтығып тұрады ғой. Өйткені өзінің келген шаруасын айтып, жағдайды білгісі келеді, кейде көмек те сұрайды. Осындай жаймен Тың өлкелік партия комитетінің секретары Саттар Имашевтың қабылдау бөлмесінде отырмыз. Секретарьдың алдында отырған шашы қобыраған жас қыз дамыл таппай зыр жүгіріп жүр. Қалың-қалың папкаларды ақтарып, қағаздарды іздестіріп, секретарьға шапшаң алып кетеді. Одан қайта оралып, телефонның құлағына жармасады: «Сізді Саттар Нұрмашевич шақырып жатыр, ия тезірек келіңіз!» деп әлде біреулерді асықтырады. Хатшы қыз әлден соң бізге жымия қарап:

– Сіздер кешіріңіздер, секретарьдың әлгі шақырған адамдары келсін, сонсоң сіздер кірерсіздер, оларды таңертеңмен іздестіріп жатыр еді, – деп жайын айтып қояды.

Саттар Имашевты Алматыда жауапты қызмет атқарып жүрген кезінен білетін едік, бейнетқор, оқымысты, жас жігіт. Оның үлкен жұмыс үстінде отырғанын байқап, ойын бөлмеуді мақұл көрдік. Аздан соң келген кісілермен бірге тысқа шыққан ол бізді көріп:

– Ау, қайдан жүрсіндер, қашан келдіңдер? – деп жөн сұрасып, шұркыраса кетті. Бұрынғыдай емес, денесі толған, әйткенмен қимылы шапшаң. – Алдымен қала жайын сұрайтындарың белгілі. Кабинетте отырғаннан гөрі аралап көріп, әңгімелесейік, – деп, дереу машинасын шақыртты. Құрылыс үстіндегі қаланы түгел аралап шықтық. Секретарь жас қаланың тамаша болашағы туралы едәуір әңгіме қозғады. Жоғары оқу орындарын, мәдени орталықтарын сөз етті.

– Целиноградты екі-үш жылдан кейін келіп көріңіздер, қала Қазақстанның ірі мәдениетті орталықтарының бірі болады, – деді Имашев тіркескен мұнаралы крандарды көрсетіп. – Бүгін Шортандыға жүреміз дейсіздер ме? Әзірге қош, сапар сәтті болсын.

Тағы да жол үстіндеміз. Целиноградтан шыққанымызға

бірсыпыра уақыт болған. Тас жол артта қалды. Машина қалың егінді жағалап келеді. Жайқалған бидайдың шегі жоқ, бар адам егін басында қыбырлап жүр. Біз бара жатқан Шортанды ауданындағы Қазақстанның XVIII жылдығы атындағы колхоз орталықтан жүз шақырымдай екен. Ол Новокубанка өзенінің жағасына орналасыпты. Қазір өзен суы тартылған. Әйтсе де іркілген суларда қаз, үйрек бықып жүр. Село сыртындағы көк шалғын төбелерде де қаздар өріс тауыпты. Мұнда жыл аяғына дейін құстың санын отыз мыңға жеткізу көзделген. Сырт қарағанда жайылымда жүрген құстар жабайы тәрізді, бағушы адамы жоқ. Асхананың алдында жүк машинасын көлеңкелеп отырған бір-екі жолаушы шоферлер болмаса, селода да адам көрінбейді. Тек өзеннің аржағында аппақ алжапқыш жапқан үш-төрт әйел сиыр арасында жүр. Қолдарында шелектері бар. Біз солай қарай бұрылды. Қарына бос шелекті іліп алған, ақ орамал жамылған аққұба әйел қарсы жолықты.

– Мария-ау, адамдарың қайда кеткен? Ешқайсысын таба алмадық, – деді аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары Петров, әлгі әйелмен амандасып жатып.

– Сізбен көрістік білем, амандаспасақ та болар, – деді Мария аудандық партия комитетінің секретары Станислав Михайлович Красностановқа.

– Бүгін көріскен жоқ едік қой, Мария.

– Сіз, Станислав Михайлович, біздің фермаға жиі келіп тұрасыз. Сондықтан өз адамдарымыз секілді қашан көргенімізді ұмытып қаламыз, онда кешіріңіз, – деп Мария күле қол алысып жатты. Сонан соң Петровка бұрылып:

– Михаил Васильевич, сіз адамдардың қайда екенін сұрайсыз. Оларды өзіміз де көре алмай, зар болып отырмыз. Қазір еркектер егін-егін деп, бізді ұмытып кетті. – Мария сыңғырлай күлді. – Әйелдер өкпелеп қалады деп ойламайсыз-ә, сүттің жоспары орындалмай қалса, «Мария Калинина, Вильгелимина Майер, сендерге еркектермен бірдей право берілген, жұмысты неге шабан істейсіңдер!» – деп ауданнан шыға шабасыздар. Ал сөйлесу үшін еркектерді іздейсіздер. Осы әділеттік пе, Михаил Васильевич!

– Бізге алдымен ақпар керек екенін білмейсің бе, Мария,

– деп күлді Петров. – Ал сенің қолыңда ондай мәліметтер жоқ.

– Сізбен сөз жарыстырып болмас, – деді Мария күлкісін тиіп, салмақтана сөйлеп, – анау жемқорларыңызды қайт-тіңіздер? Ол біздің адам емес, бізге таңып жүрмеңіздер.

– Қайткенмен де оқиға осы селода болды ғой.

– Колхоздың өз ісі де жетеді, сатушыны несіне бізге таңа-сыз. Бұл сөздердің мәнісін кейінірек білдік. Қазақстанның XVIII жылдығы атындағы колхоз өз байлығымен ғана емес, ауыл мәдениетін көтеру жағынан да аты шыққан елді мекен екен. Колхоздың орталығы – Новокубанка селосында аса әшекейлі үлкен Мәдениет сарайы салынған. Оның мәжілістерге және концерттерге арналған екі залы бар. Кітапхана да осында орналасқан. Сонымен қатар спорт залы, жаттығу залы, стол ойынын ойнайтын, әшекей жасайтын әрқилы бөлмелер бар. Ауыл адамдары, колхоз жастары өздерінің бос уақыттарын Мәдениет сарайында өткізеді. Кино, концерттер жиі болып тұрады. Селода тәртіп болуын жастар өз қолына алған. Сондықтан да соңғы үш жылда селода қоғамдық тәртіпті бұзушы немесе бұзақылық жасаушы бірде-бір адам болмаған. Новокубанканың тұрғындары коммунистік еңбек пен тұрмыс селосы деген құрметті атақ үшін өзара жарысқа түскен және түрлі шараларды жүзеге асыру үшін комиссиялар құрған. Соның бірі – денсаулық сақтау комиссиясы. Оны Анна Ивановна Дужак басқарады. Бұрын селода лас қоралар, былғаныш көшелер болушы еді, қазір мұндай жайлар кездеспейді. Әр үйдің қора-жайы тап-таза, 15-20 түптен ағаш отырғызылған. Биыл колхозшылар орталық парктің негізін қалады. Осы күзден бастап колхоз стадионының құрылысы басталмақ. Бүкіл артель мүшелері осындай игі іске ұмтылып отырғанда магазиннің сатушысы сұғанақтық жасап, ақша жеп қойыпты. Шынында бұл коммунистік село атағын алу үшін күресіп жатқан колхозшылар үшін күтпеген оқиға еді. «Қылмыс» деген сөзді бұлардың ұмытқаны қашан! Сатушының қылмысы ашылғанда әркім әрқилы пікірде болды. Біреулер: «Біздің артельдің мүшесі емес, жергілікті Совет аппаратының адамдары өздері жауап

берсін» десе, екіншілері: «Жоқ, олай емес, ол біздің селода тұрды, қызмет етті, ал қылмыс жасаған кезде танымаймыз деп тайқып шығуға бола ма? Бұған біз де кінәліміз» десті. Енді біреулер: «Әрқилы саудагерлермен жұмысымыз жоқ, біздің міндетіміз – жұмыс істеу!» деп, қолын бір-ақ сілтеді. Мария Калининаның ауатком председателінің орынбасары Петровпен әңгімесі осы жайында екен. Бұл кезде сауыншылардың көбі жиналып қалған еді. Аулпарткомның секретары Красностанов сатушы жайындағы жарамсыз әңгімені өзгерткісі келді ме:

– Мария, қазіргі жаңалық жайын әңгімелесенші, – деді.

– Бізде не жаңалық бар дейсіз? Жұмыс бірқалыпты жүріп жатқан секілді, – деді Мария. – Өткен жексенбіде партияның жаңа Программасын ферма болып, сонсоң бригада болып оқыдық. Болашақ туралы әңгіме қозғадық. Коммунизм тұсында әркім қабілетіне қарай жұмыс істеп, керегінше алады екен, сенікі-менікі деген бөліс болмайды екен. Сол кезде біздің колхозымыз қандай болады? Міне, біздің әңгімеміз осы жайында болды.

– Өздеріңіз қандай ұсыныс жасадыңыздар?

– Біз еңбек адамымыз, сондықтан біздің ферманың сауыншылары сүт өткізу жөніндегі жоспарды мерзімнен бұрын орындап шығамыз деп уәде берді.

– Бұл да жақсы ұсыныс, – деді Петров.

Осы кезде село жақтан екі адам көрінді. Мария Калинина алақанын маңдайына апарып, шақшиған күннен қалқаланып көз тікті.

– Мынау келе жатқан Қайырбек Сарин мен Иван Яковлевич Геберле емес пе? – деп Майерге қарады. Келе жатқан колхоздың мал дәрігері Қайырбек пен колхоздың агрономы Иван Яковлевич екен. Олар егіс басынан келеді екен. Механизаторлардың бүгінгі табыстарын айтып, мақтан етеді.

– Хомяков бригадасының бидайы жақсы. Гектарынан 15 центнерден өнім түсіп жатыр, – деп Қайырбек қуана сөйледі. – Алдағы өнім осылай бола берсе, колхоз 113 миллион пұт астық өткізу жөніндегі міндеттемесін орындап шығады.

– Асықпайық, – деді Иван Яковлевич, – орындаған кезде бір-ақ хабарлармыз.

Бір кісі барлығы үшін, барлығы бір кісі үшін! – деген адамгершілік қағидасы бұл колхоз адамдарының тұрмысына берік енген. Алтың төріне орналасқан колхоздың қазірдің өзінде осындай дәрежеге жетуі қуанарлық іс. Егер басқа колхоздармен салыстырсақ, бұл колхоздың артықшылық ешнәрсесі жоқ сияқты. Мұнда да қой, ешкі бар, техника жағы да онша көп емес. Бірақ колхоз коммунистері және колхоз председателі, Социалистік Еңбек Ері Ханде Хан село тұрғындарын қоғам дәулетін сақтауға және көбейтуге, коллективтік өзара көмек көрсетуге, қоғамдық мүдделерді бұзушылыққа төзбеуге тәрбиелеуде. Сондықтан да артель мүшелері мемлекетке ет, сүт, жүн, жұмыртқа сатудың жартыжылдық жоспарын орындап шықты. Биылғы жылдың жеті айы ішінде 115 тонна ет, 8140 центнер сүт, 240 центнер жүн, 73 мыңға жуық жұмыртқа сатылды. Қазір 13743 гектар жердің егіні жиналуда.

Колхоздың болашағын сұрай қалсаң – оны әрбір колхозшы айтып береді. Енді аз жылдан кейін қазіргі селоның орнына үлкен қала орнайды, тоқал тамдар біржола жойылады. Болашақ қаланың алғашқы үйі осы күзде пайдалануға берілмек. Мәдениет сарайының дәл түбінен салынған үлкен екі қабат үйге малшылар, механизаторлар орналасады. Үй қала үлгісімен салынған. Оның ішінде суы, моншасы – бәрі бар. Еңбек молшылыққа, қуанышқа жеткізетінін колхозшылар жақсы түсінеді. Олар партияның жаңа Программасының жобасын талқылауға арналған жиналыста былай деп қаулы алды:

– Коммунизм адамдар үшін орнатылады. Біз өз еңбегіміз арқылы коммунизмнің салтанат құруын жақындата түсеміз!

Ия, шынында да Тың өлкесінің еңбеккерлері өз еңбегімен коммунизмнің салтанат құруын жақындата түсуде.

Партияға рақмет! Шортанды аудандық партия комитеті секретарының кабинеті үлкен үйдің екінші қабатында екен. Төрде емен стол тұр. Үйдің екі жақ қабырғасына қаз-қатар орындықтар қойылған. Станислав Михайлович Красностанов столдың тартпасынан бір хат алып, отырғандарға оқып берді.

– Жолдас секретарь, мен коммунист емеспін. Бірақ сізге хат жазуды мақұл көрдім. Былтыр оныншы класты

бітіргеннен кейін қой бағуға қалдым. Мал өріске айдап салса, өзінен өзі жайылып жатар деп ойлаушы едім және жайлауда мал арасында жүру қызық көрінетін. Байқасам, олай емес, бейнеті мол жұмыс екен. Боранды күндер мен жауынды, қараңғы түндерде ернің тілініп, қолың жарылып, көз ілмей шығасың. Ал қалт еткен бос кезде қора жөңдейсің, малға шөп әзірлейсің. Бұл да ешнәрсе емес-ау. Бәрінен де өріс қуып, тыным таппай көшіп жүргеніңді айтсаңшы. Өріс қуған көштің жүрісі өнуші ме еді, тәйірі! Мұндай кезде ауылдан адамдар да қатынай қоймайды. Әбден елегізесің. Әйтеуір малшының бейнеті көп. Бірақ мен жұмыс қиындығына шағым етейін деп отырғаным жоқ. Қайта осындай жұмысты таңдап алғаным ризамын. Партиямыздың жаңа Программасын оқып отырғанда мен өзімнің орнымды тапқан екенмін деп ойладым. Бойды қуаныш кернейді, жұмысты еселеген қарқынмен істей бергім келеді. Өйткені біз коммунизм тұсында өмір сүреміз. Партия осылай деп салтанатпен жариялады. Жолдас секретарь, коммунизмге бару үшін жұмысты жақсы істеуден басқа адамда тағы да қандай қасиеттер болуы керек? Менің не істеуім қажет? Ақыл беруіңізді сұраймын.

Осы хат үстінде Нүрекеңнің әңгімесін еске түсірдік. Сонау жылдарда Нүрекең елді социалистік жолмен қайта құру жолындағы ұлы өзгерістерді өз көзімен көріп, оған белсене қатысса, енді оның ұрпағы, жас қойшы Асқар коммунизм тұсында өмір сүретінін мақтан етеді.

*Шығармалары:
түйін сөз орнына*

**Қасымжомарт
ТОҚАЕВ
ӘКЕ ТУРАЛЫ
ОЙ-ТОЛҒАУ**



АЛҒЫ СӨЗ

Әрбір саналы адам өткеніне ойша көз жіберіп, өмір жолындағы іс-әрекеттерін ата-анасының берген ақ батасымен салмақтап таразылайды. Бұл, әсіресе бір қырдан асып, елуді еңсерген адамдарға тән. Мен де солардың бірімін. Сондықтан көп жылдар бойғы ой-толғауларымды тұжырымдап, қағаз бетіне түсіріп, әке-шешем туралы әңгімелеп беруді жөн көрдім.

Мен 1953 жылы 17 мамырда Алматыда дүниеге келдім. Ол кезде әкем 30 жаста, анам 22-де, олар жас жағынан және өмірде көрген қиындықтары ерте есейткен, ақыл тоқтатқан кісілер болды.

2008 жылы әкем Кемел Тоқаев 85 жасқа толар еді. Асылы, бұл дегеніңіз көптеген адамдар үшін, әсіресе Еуропаның бақуатты елдерінде тұратындар үшін қалыпты жас. Азияда да солай. Мәселен, Жапония мен Қытайда мұндай белесті көптеген адамдар еш қиындықсыз-ақ еңсеріп жатады. Біздің елімізде де ұзақ жасап, жақындары мен туыстарын қуантып жүрген ақсақалдарымыз баршылық. Олардың қатарында 2007 жылы 90 жылдығын атап өткен қадірменді ақсақал Бәйкен Әшімовты ілтүпатпен еске аламыз. Даңқты Батыр, армия генералы, тәуелсіз Қазақстанның ең жоғары наградасы «Халық Қаһарманы» атағының тұңғыш иегері Сағадат Нұрмағамбетовты құрметпен атаймыз. Парламентте жемісті жұмыс істеп, қазір еліміздің ардагерлер кеңесін басқаратын Мақтай Сағдиев та 80 жылдық мерейтойына әзірленіп жатыр. Еңбек ардагерлері Жексенбек Еркімбаев пен Сұлтан Жиенбаев бақуатты өмір сүруде.

Мұндай мысалдарды жиі кездестіруге болады. Өнегелі өмірлік тағылымы мен зерделі білімін жастарға аманаттайтын қазыналы қарттарымыз арамызда аман-сау жүргеніне Аллаға мың да бір разымыз. Ұрпақ жалғастығының арқасында уақыт пен кезеңдер үндестігі байқалады. Мұның өзі қоғамыздың қайшылықсыз дамып, еліміздегі тұрақтылық пен тыныштықтың сақталуына игі ықпалын тигізери хақ.

Өкінішке қарай, әкейге тағдырдың сыйлаған ғұмыры

ұзақ болмады. Ол 1986 жылы 10 қарашада 63-те, Пайғамбар жасында дүниеден өтті. Біздің әулетіміз үшін орны толмас осынау қасіретті қазаны еске алған сайын көп ойланамын: өмірдің барлық қиындығын - жетімдікті, Ұлы Отан соғысының қанды кезеңін бастан кешкен оған, ең болмаса, тағы да біраз уақыт бақытты ғұмыр сыйлап, Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздік алуы тәріді ұмытылмас тарихи оқиғаны көзімен көруді неге жазбады екен. Жаңа дәуірге аяқ баспастан сәл бұрын, осы төңіректе әңгіме қозғалғанда, ол Қазақстан міндетті түрде шетелдерде өзінің дипломатиялық өкілдіктері болатын тәуелсіз, жеке мемлекетке айналатынын айтатын. Ол қазақтың «Егемен болмай, ел болмас» деген мақалын жиі қайталаушы еді.

Алайда ХХ ғасырдың 20-шы жылдары дүниеге келген барша қатарластары сынды тағдыр оған да қатал қарады. Ол қиын да қилы оқиғаларға толы өмірді бастан кешкенімен, көп нәрсені көре алмай кетті. Әкейдің маңдайына бақуатты өмір сүріп, үлкен немерелерінің, оның ішінде менің ұлым Темірдің қызығын көру жазылмапты. Қайтыс боларынан аз уақыт бұрын ғана біздердің, яғни балаларының аяғымыздан тік тұрып, қоғамда құрметке ие болып, енді өз балаларымызды тәрбиелеп, оларға жақсы білім беретінімізді армандайтын. Бірақ та әкей пәниге өзі жайында ізгі естеліктерді қалдырып, асыл арманы мен ақтық аманатын табыстап кетті.

Уақыт өткен сайын орны толмас асылдың жоқтығына мойынсұнғанмен, әкейдің өмірден соншалықты ерте кетуінің себеп-салдарына үңілуге ұмтыламын. Кейде осы бір қайғылы деректен белгілі бір заңдылықты көргендеймін. Ол ең алдымен, әкейдің қысқа ғұмырынан байқалады. Оның өмірі, жоғарыда айтқанымдай, қым-қиғаш оқиғаларға толы, қисапсыз қиындық пен ауыр азаптан тұрды. Ерте жасында ата-анасынан тұлдыр жетім қалып, олардың мейірім-шапағатын сезіне алмай, өмірдің қатал соққысын бастан өткізді. Еркінен тыс сұрапыл соғысқа жіберіліп, бұғанасы бекімеген балаң жігіт шағында фашист басқыншылармен қанды майдан даласында ажалмен сан мәрте бетпе-бет келген, соғыстан кейінгі таусылмас

қиындықтардың бәрін бастан кешкен азаматқа басқадай бір тіршілікке, мамыражай берекелі өмірге сенім артудың өзі қиын еді. Өмірде еш нәрсе із-түзсіз кетпейді, оның ішінде қиындық пен қайғының қара табы өшпек емес. Ал әкейдің көргені бір адамның басынан жетіп артылады.

Сондықтан Кемел Тоқаев туралы, оның өмірі мен ой-толғаулары жөнінде қарапайым түрде әрі ашық айтып беруді өзімнің перзенттік парызым санаймын. Менің жазғандарым ең алдымен әкемді жақсы білетін адамдар, оның көркем шығармаларының оқырмандары, сондай-ақ өткенге назар аударып, өздерінің қаһармандық еңбегімен Қазақстан тәуелсіздігінің негізін қалаған аға ұрпақтың қалай өмір сүргендігін білгісі келетін жастардың ынтасын туғызар деп ойлаймын.

Осы кітапта мен өз өмірімде ерекше орны бар анам туралы айтуға әрекеттендім. Өйткені бар өмірім мен жеткен табыстарым үшін мен оған шексіз разымын, ол менің тағдырыма қапысыз сенді, әкейден айрылған соң ең басты төрешім мен ақылышымға айналды. Анама арналған тарауды мен шет елдерге сапарлармен ұшқанда және елге оралар кездерде жаздым. Биік аспан төрінде перзенттік алғыспен әрі жан-дүнием күйзеле отырып мақсатшыл, ерік-жігері мол ізгілікті әйел-ананы есіме алдым. Өзіме ең қымбат жан туралы тебіреністі ойларым қағаз бетіне түсті.

Ата-анам туралы естеліктер бұған дейін бөлек кітап болып жарық көрген. Оның негізгі мазмұны оқырманға ұсынылып отырған еңбекте қамтылды. Алайда оған біршама өзгерістер енгізілді, бұл да заңды. Олай дейтінім, уақыт өткен сайын жаңа ойлар келеді, бұдан бірнеше жыл бұрын маңызды болған жайттар бастапқы мәнін жоғалтатыны да бар.

I ТАРАУ

БАЛАЛЫҚ ПЕН ЖАСТЫҚ ШАҚ

Кемел Тоқаев 1923 жылы 2 қазанда қарапайым отбасында дүниеге келген. Оның әкесі ауыр шаруа еңбегімен шұғылданып, анасы үй тірлігімен айналысқан. Әкейдің

туған жері – Алматы облысының (бұрынғы Талдықорған облысы) Қаратал ауданы, Қалпе ауылы. Ол отбасындағы екінші бала болатын. Үлкен ағасы Қасым қазақ дәстүріне сай атасының қолында тәрбиеленіп, сол себепті басқа фамилияға жазылған. Әкейдің қарындасы болған.

Әкемнің айтуынша, кішкентай кезінен-ақ әке-шешесіне шаруашылықты жүргізуге көмектесіп, ауыр еңбектің дәмін татқан. Оның әкесі Тоқа қарапайым және біртоға кісі, шаруадан қолы қалт еткен шағында бала-шағасының жанында, берекелі отбасының мәңгілік таусылмастай көрінген қызығын тамашалауды қалайды екен. Сол кездің қиындығына қарамастан, әйелін, балаларын жақсы көргені соншалық, барлық қажетті дүниелерін тауып беруді басты борышы санаған. Әкейдің анасы өте көрікті, келісті келбетімен ауылдастарын таң қалдырған деседі. Оның үстіне дастарқаны мол, ақжарқын әйелдің қолынан дәм татып, әңгімелесу үйден үзілмейтін қонақтарды да ерекше әсерге бөлейтін. Әкейдің отбасы адалдығымен, өнегелі тәрбиесімен, әрі қайырымды және ұлттық салт-дәстүрді берік ұстануымен ауылдастарының құрметіне бөленген. Алайда әкейдің барлық жақын туған-туыстарының тағдыры сол бір сұрапыл кезеңнің тарихи оқиғалары салдарынан қасіретті қайғыға ұшырады.

1927 жылы БКП (б)-ның XV съезінде елде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқанын жүргізу туралы шешім қабылданғаны белгілі. Бұл шешім бүкіл елдегі ауылда тұратындарға өзінің қасіретті салдарын ала келді, әсіресе Қазақстан мен Украинаның тұрғындары орасан зардап шекті. Адамдарды колхоздарға күштеп кіргізді, байларға және орта дәулетті адамдарға қарсы дүлей күрес басталды. Оларды елдің алыс аудандарына жер аударды, түрмеге отырғызды, ал көпшілігі ату жазасына кесілді.

Осы науқанда ғасырлар бойы мал шаруашылығымен шұғылданып келе жатқан қазақтар құрбандыққа шалынды. Оларды өз еркінен тыс колхоздарға кіргізіп, қолындағы малынан айырды. Сөйтіп, бір сәтте тіршілік көзінен ажыраған халық дәстүрлі тұрмысына Кремльден төнген қара түнек қатер алдында дәрменсіз күй кешеді. Ол кезде Мәскеудің Қазақстандағы қолшоқпары – Лениннің және оның жақтас-

тарының тапсырмасын «асқан тиянақтылықпен» орындап, Ресей патшасының отбасын тып-типыл қырған большевик көшбасшылардың бірі Голощекин-тұғын. Патша әулетінің қанын мойнына жүктеген Голощекин ХХ ғасырдың басында Орта Азиядағы ең ірі этносты құраған қазақтардың ішіндегі жылт еткен еркін ойшылдықты да өлермен жауыздықпен жаныштады.

Ұжымдастыру және қазақтарды азайту саясаты ұлттың генофондына орны толмас зиян әкелді. Туған халқына пайдасын тигізер мыңдаған адамдар аяусыз жойылды. Тарихтың сол бір қатыгез кезеңінде ұлттың жартысына жуығы қырылды, соның ішінде қазақ зиялыларының басына зауал күні туды.

Осыған байланысты мына бір фактіні айта кетсем деймін. ХІХ ғасырдың аяғында патша әкімшілігі жүргізген Орта Азиядағы халық санағы бойынша қазақтар («қырғыз-қайсақтар») біздің аймақтың ең көп санды халқы болған. Біз 4 млн.-нан астам едік. Ал өзбектердің саны 500 мыңнан аспаған. Санақта «түркіленген тәжіктер» деп белгіленген сарттардың саны 2 млн.-ға жуық адам. Қалған 1,5 млн. адам тәжіктердің өзі, қырғыздардың саны («қарақырғыздар») мүлде аз. Большевиктердің қанды репрессиясы, жоғарыда айтқанымдай, қазақ генофондына орасан зиян әкеліп, біздің мәдениетіміз бен тілімізге ауыр зардабын тигізді. Қазақ халқының келешегі үшін большевиктер үкіметінің Ташкенті Өзбекстан құрамына беру туралы шешімі өрескел теріс мәнге ие болды. Бұл қала қазақ халқы тарихының ажырамас бөлшегі еді, онда халқымыздың көптеген ұлы тұлғалары дүниеге келіп, өмір сүрді, еңбек етті. Ұлы жүздің басшысы дерлік рухани ғұлама-ұстаз Төле бидің тап сол Ташкентте жерленуі тегін емес. Көрнекті саяси және мемлекеттік қайраткер Тұрар Рысқұловтың кеңес мемлекетінің басшылығына жолдаған өтініштері, өкінішке қарай, қазақтар үшін, тіпті оның өзіне де қасіретпен аяқталды.

Совет үкіметі қарсы келгендердің барлығын бұрын-соңды әлем тарихында кездеспеген жойқын репрессияға ұшыратты. Кінәсіз адамдар құрбандыққа шалынды. Олар-

дың қатарында Кемел Тоқаевтың да жақын-жуықтары бар. Олардың өмірден өтуінің үрейлі болғаны соншалық, айтып-жеткізуге тіл бармайды. Дегенмен осы кітапта ол жайында да айтуды жөн көрдім.

Алдындағы барынан айрылған менің атам аштан өлмес үшін туған жерді тастап шығуға бел буады. Малжанынан айрылған қазақтардың көбісі Қытай жағына қоныс аударатын. Алайда атам, әкейдің айтуынша, ол жаққа барудан бас тартқан. Жат жерде өмір сүру әулетке әлдеқайда ауыр тиеді және ең бастысы – отанмен, туған-туыстармен байланыс ажырап қалады деп түйген. Сондықтан отбасы кеңесе келе, қазақтарды қынадай қырған аштықтан құтылу үшін, кесепатты кезең өткенше өлмеудің қамын жасап, Фрунзе қаласына барып тірлік етуге тоқтаған. Фрунзеге дейінгі жол ауыр әрі ұзақ, десе де, олар қалаға аман-есен табан тірепті.

Фрунзеде – бүгінгі Бішкекте – атам бір орыс үйінің шаруашылығындағы қара жұмысын істеп, біршама уақыт сонда тұруға келісіпті. Қожайынның үлкен үйіне жақын жерден атама бала-шағасымен шағын кепешік бөлініпті. Қасіреттің үлкені тап сол жерде болатынын білмеген олар, құлағалы тұрған кепешіктің өзіне қапысыз қуанады.

Қазақ отбасын паналатқан қожайынның есімі – Яков, қазақша айту қиынырақ болғандықтан, бірден «Жақыпқа» айналады. Кейін, 70-ші жылдары әкей маған Бішкекке барып, сол үйді көруді өмір бойы ойлап жүргенін айтқан. Әдетте, тіршіліктің тауқыметінен қай бір қол босасын, шұғыл шаруалар бар, әйтеуір сапары ылғи кейінге ысырылып, сол күйі

Бішкекке бара алмады. Бішкекке барғаннан екі жыл өткен соң әжем кедейшіліктің тауқыметі, әрі адам төзбес өмірдің жағдайы қосылып, оның үстіне суық тиіп, сал ауруына ұшырайды. Отбасын асырау үшін жанын салып жүрген атама аяулы жарының ауыр науқасы үлкен соққы болып тиді. Болашаққа деген сенімі азайып, қалың ой құшағына жиі берілетін. Кешқұрым төсекке таңылған әйелінің жанында көзінің жасын тыя алмай, оны әйтеуір жұбатуға тырысып, төніп келе жатқан қайғыны сезгендей,

балаларына аянышпен көз тастайтын. Қасірет үйді айналып өтпеді. Бұл 1933 жылы болған.

Ол жыл ең ауыр жыл еді, адамдар аштыққа ұшырап, күн сайын жүздеген мың адам көз жұмып жатты. Алдағы қаһарлы қыс ең ауыр сынаққа айналды. Кедейлер үшін катал қыс ешбір жақсылық әкелмейтіні әлмисақтан мәлім. Қыс ажалынан құтыла алмағандар арасында әкейдің жақын туған-туыстары да бар-ды.

Қожайынның үйінде жұмыс істеп жүрген күндердің бірінде атам еңбегіне алған ескі етікті нанға айырбастауға қала базарына барады. Әкей ағасы Қасыммен бірге аш құрсаққа талғажау етерлік бірдеңе іздеп, қалаға шығып кетеді. Қалаға барар жолда оларды қаңғыбас балаларды жинап жүрген милиция патрулі тоқтатады. Нашар киінген балаларды жетімдер деп ойлаған милиционерлер оларды күшпен арбаға отырғызады. Балалардың қаңғыбас емеспіз, біздің ата-анамыз бар деген сөздеріне, жалынып-жалбарынғандарына милициялар қыңқ етпейді. Әкемнің айтуынша, тіпті олардың бірі, бетінде шешектен қалған терең іздері бар үрейлі кейпімен, егер де қарсыласа берсеңдер, құдыққа тастап жібереміз деп қорқытады. Осыдан кейін балалар тынышталып, тағдырдың дегеніне мойынсұнып, үндемей қалған. Бір сағаттан соң оларды балалар қабылдайтын жерде құжаттарын шұғыл рәсімдегеннен кейін балалар үйіне апарды. Осылайша әкей онсыз да аз ғана ғұмыры қалған әке-шешесінің көзі тірісінде-ақ жетім атанған.

Сол қасіретті күні әжем үйде кішкентай қызымен қалады. Әкейдің қарындасы қатты аяздан жылыну үшін пештің жанында ойнап отырған екен. Бір кезде аяғы тайып кетіп, пеште жанып тұрған оттың ортасына түсіп кетеді. Төсекке таңылған ана сәбиіне қол ұшын да соза алмайды. Туған баласы тірідей өрт құшағына оранған қасіретті оқиғаны көзімен көруден басқа дәрмені жоқ ана жүрегі де жан шошырлық көрініске шыдамай, бірнеше минуттан кейін мәңгілік тыныс тапты. Бір сұмдықты сезген атам мен Яков кепешікке жүгіріп жеткен. Қайғылы көріністен шошынған атам жылап жіберіп, әлі құрып, әйелінің бас жағына тізерлей отырып, кешірім сұрайды. Сол уақытта Яков пешке су

пашып, одан жанып кеткен қыздың денесін алып шығады.

Яков атама әйелі мен қызын жерлеуге көмектесіп, одан кейін екеуі жоғалған балаларды іздеп шыққан. Ұзақ уақыт іздегенмен, нәтиже жоқ. Ешкім де олардың қайда екендігін айтып бере алмайды. Көршілердің бірі балаларды бір үлкен адамдар күштеп арбаға отырғызып, белгісіз бағытқа алып кеткенін көріпті. Әйелі мен қызының өлімінен кейін есеңгіреп қалған атама бұл тағы бір үлкен соққы еді. Оған ұлдарын қылмыскерлер немесе құл иеленушілер ұрлап әкеткендей көрінді. Ол кезде мұндайлар көбейіп, жиілеп кеткен. Үйге әрең дегенде жетіп, өмірінің ешқандай мәні қалмағанын Яковке айтқан ол, егер балалардың бірі үйіне оралып келсе, қолұшын беруді сұрайды. Сол түні атам қожайынның үйінен аттанып кетеді, бұдан кейін оны ешкім көрмейті. Осылайша, ол із-түзсіз жоғалған.

Ал балалар бұл кезде әрбір үзім нанға қуанып, жетімдер үйіне біртіндеп үйрене бастайды. Кейін әкейдің есіне алғандай, тіпті үнемдеп, матадан тігілген сөмкеге қара нанның қалғанын жинай беріпті. Олар әйтеуір балалар үйінен шығып, әке-шешесі мен қарындасын тауып, оларды аштық жылдарының ең қымбат сыбағасымен қуантамыз деп ойлаған ғой.

Жетімдер үйінде бір айдан астам уақыт тұрғаннан кейін, әкей ағасымен бірге қашып шығуды ойластырады. Қаңғыбас балаларды милиция патрулі ерекше аңдитын болғандықтан, екеуіне бірдей қашу қиынға соғады. Ақылдасып алып, бөлек-бөлек қашуға бел буады. Балалар үйінде жас жағынан кіші менің әкем қалып, ал ағасы Қасым жақындарын іздеуге жөнелген.

Бір аптадан соң ол балалар үйіне ұнжырғасы түскен күйде қайтып оралады. Қараңғылық қымтаған, балалардың барлығы ұйықтап жатқан мезгіл еді. Әкейдің айтуынша, оның «Солдат соғысқа кетті» автобиографиялық романында суреттелгендей, Қасым ұйықтап жатқан балалардың үстімен інісінің кереуетіне ақырындап жақындай түскен. Әкей, неге екені белгісіз, қатты ұйықтап жатқан сыңай танытады. Қасымның жақын достарының бірі сыбырлап одан қайда болғандығын, балалар үйінің биік қақпасының аржағында не болып жатқанын сұрайды. Қасым інісін

оятқысы келмегендей, өзінің ата-аналарын іздегенін айтып береді. Үш күнгі сенделістен кейін ол әке-шешесінің соңғы тұрағы болған үйді ақыры тауыпты. Яков оған әке-шешесі мен қарындасының қасіретін түгел жеткізеді. Бала басына төніп, сәби жанын жаралаған ауыр жайдан арылу үшін Қасым сол бір қасіретті кепешікте болған оқиғаны досына бүкпесіз баяндайды.

Әкем ағасының жантүршігерлік әңгімесін бар ынта-сымен үнсіз тыңдап, тыныш жатады. Ол өн-бойын билеген қорқынышын білдірмей, терезеден төгілген ай сәулесіне қарап, бейкүнә бала кеудесіндегі бар күшімен көз жасын жасыруға тырысады. Сол кезде Қасым терең күрсініспен: «Біз жарық дүниеде енді Кемел екеуміз ғана қалдық. Егер маған бірдене болса, Кемел туған-туыссыз, қолдаусыз жалғыз өзі қалады» дейді. Өткінішке қарай, оның айтқаны келеді – 9 жылдан соң Қасым Ұлы Отан соғысының ұрыс даласында қаза тапты. Кемел Тоқаев соңғы тірегі – жалғыз ағасы Қасымнан да айрылып, тұлдыр жетім қалды.

Студент кезімде мен әкемнен өмірінің ең қиын кезеңі жайында сұрадым. «Мен үшін ең қиын сәт ағамның қайтыс болғаны туралы хабарды – «қарақағазды» алған сәтім», – деп еді сонда. Қасым 1942 жылдың ақпанында қаза тапты. Әкей оның хаты мен Кеңес Армиясының лейтенанты шенінде түскен суретін ұқыптылықпен сақтайтын. Суреттің артына қарындашпен: «Інім Кемелге естелік үшін» деп жазыпты. Әкей Қасымның жиі түсіне енетіндігін, бірдеңелерді айтып, кеңес беріп, өмірдің соққыларынан сақтандырғысы келетін сыңай танытатынын жиі айтатын. Кейде маған әкем туған ағасы аяқ асты тіріліп келеді деп үміттенетіндей көрінетін. Осындай сәттерде: «Мүмкін, ол ауыр жарақаттан немесе контузиядан кейін госпитальде жоғалып кеткен шығар, соғыста бәрі болады ғой. Мен ауыр жарақатпен Гомель, Омбы, Алматының әскери госпиталдарында жатқанда аяқсыз, қолсыз қалған көптеген жауынгерлердің үйлеріне қайтудан бас тартып, вокзалдар мен бекеттерде қалып жататынын жиі көрдім» деп отыратын. Алайда Қасым оралған жоқ. Кейінірек оның майданда қаза тапқаны туралы ресми қағаз келді. Осыдан соң ғана әкей бүкіл жарық

дүниеде тұтас Тоқаев әулетінен жалғыз өзі қалғанына амалсыз көнгендей. Айтпақшы, өзімнің есімім үшін мен тағдыр көруге жазбаған көкеме қарыздармын. Ал, Жомарт деп менің болмысымның жомарт әрі жан дүниесі кең үлкен азамат болуымды армандаған анам атады.

Басқа барар жер басар таулары қалмағанын түсінгеннен кейін ағайынды екеу балалар үйінде білім алуға кіріседі. Бір жылдан кейін Қасым ең алғыр және тәртіпті тәрбиеленуші ретінде старостаның орынбасары сайланады. Жоғары қоғамдық деңгейі арқасында інісіне барынша көмектесіп, тіпті асханадан қосымша нан алып беретін амал тапқан. Балалар үйінде жөні түзу оқу қайдан болсын. Онда неше түрлі балалар, арасында қаңғыбас, бұзақылар да кездесетін. Сондықтан да Қасым балалар үйінің бастығына өзі мен інісінің толыққанды оқу оқып, білім алуы үшін басқа балалар үйіне ауыстыру жөнінде өтініш жазады. Ақыл-ойы сергек азаматтығын көрсетіп, үлкен өмірде білімсіз күн көрудің қиындығын ерте түсінген ғой.

Айта кетерлігі, балалар үйінің бастығы бұл тілекке немқұрайды қарамай, қолдапты. Бәлкім, ол Қасымға бұзақы балалардың арасында тәртіп орнатуға көмектескені үшін разы болған шығар. Осылайша, әкем ағасымен бірге Шымкент мырыш зауыты жанындағы жетім балаларға арналған интернаттан бір-ақ шығады. Сол жерде орта білім алып, өз өмірлеріндегі алғашқы ресми құжат – кәметке толғандығы туралы аттестаттың иегерлері атанды. Әкемнің жеке мұрағатында бірге оқыған шәкірттермен түскен албырт бала бейнедегі суреттері сақталған. Олардың арасында кейіннен танымал жазушы атанған Амантай Байтанаев та бар. Ол майдан даласына сол қолын тастап оралды. Біз – інім мен қарындастарым бәріміз бала кезімізде ол кісіні «жалғыз қолды ағай» дейтінбіз. 60-шы жылдардың басында Амантай аға біздің үйге жиі келетін. Күнұзақ әкей екеуі интернатта өткен балалық шақтарын еске алысып, майдан жайында әңгімелесетін, шығармашылық жоспарлары туралы ой бөлісетін. Ауыр жарақатына қарамастан А. Байтанаев ұзақ өмір сүріп, отбасының ортасында 80 жылдық мерейтойын атап өтті.

Әкейдің ағасы интернаттан кейін фельдшерлік учили-

цені аяқтаған соң, Свердловскіге жіберіледі. Сонда жас офицерлерді әзірлейтін қысқа мерзімдік курсты тәмамдайды. Сабақтан бос уақытта інісіне хат жазады. Сондағы хаттары оқыған адамды бей-жай қалдырмайды, мағынасы терең, әр жолынан інісіне ағалық қамқорлықтың лебі еседі. Қасым әрбір хатында Кемелге оқуға жауапкершілікпен караудың және қоғамдық тапсырмаларды орындаудың маңыздылығын еске салады. Ол інісіне төбелеской балалардан алыс жүріп, өзін сақтауды тапсырады. Былайша айтқанда, Қасым қайғылы жағдайда өмірден ерте кеткен ата-ананың орнын басуға ұмтылып, бар жауапкершілікті өз мойнына алған. Алғыр шәкірт ретінде интернаттағы оқуды әкей еркін игереді. Әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін жақсы оқиды. Мектепте жүргенінде ол Абайдың шығармашылығымен танысып, ұлы ақынның, қазақ даласынан шыққан философтың дана туындыларын ерекше жақсы көрді. Осының бәрі мамандық таңдауына әсерін тигізгені анық.

Біздің отбасының мұрағатында әкеме мектеп директоры мен сынып жетекшісінің берген үлгерім табелі мен мінездемесі мұқият сақтаулы. Бұл құжаттар оның интернатты табысты аяқтағаны, барлық пәндер бойынша «жақсы» және «үздік» бағалар алғанын айғақтайды. Тек қана орыс тілінен «орташа» баға алыпты. Бұл түсінікті. Өйткені, ол ешқашан орыс тілінде сөйлемеген шалғайдағы ауыл баласы ғой.

Әкем өмір бойы білім алуға ұмтылды, шектен тыс еңбекқор һәм тиянақты еді. Мектептегі мінездемесінде Кемел Тоқаев оқуға ынтасы зор, қоғамдық өмірде белсенді, тәртіп бұзған жоқ деп жазылыпты. Жоғары оқу орнына түсу оның басты арманына айналды. Сол бір жылдары жетім балаларға институтқа түсу қол жетпес мақсаттай көрінетін. Өйткені оларға қолұшын беріп көмектесетін ешкім жоқ емес пе.

Әкей өзінің өмірбаянына ғана емес, тіпті мінезіне өшпес із қалдырған сұрапыл соғыстан кейін ғана университетке оқуға түсті. Ол майдандағы қанды қақтығыстарда күрт есейіп, қатыгездік пен зұлымдық туралы өз пайымы бар азамат ретінде шындалды. Егер де сұрапыл соғыста аман

қалсам, Отаныма, халқыма адал қызмет етемін деп өзіне ант береді. Ұрыс даласында ол Коммунист партия мүшелігіне қабылданды. Әкемнің соғысқа қатысқандығы туралы жеке баяндаймын, ал қазір оның қиындықта өткен балалық кезеңінің кейбір сәттерін әңгімелесем деймін.

Сол жылдары интернатта кеңестік ұжымдастыру кезінде ата-анасыз қалған жетім балалар оқыпты. Олардың дені шалғай ауылдан келгендіктен орыс тілін білмеген, оның үстіне мұғалім не айтса, соған шексіз иланатын аңғал еді. Мұғалімдердің де білімі шамалы, көпшілігі бастауыш мектептің 7-8-сыныптарын тәмамдап, сабақ беруге алынғандар. Ол уақыттары онжылдықты бітіргендер өте жоғары бағаланып, терең білімділер қатарында саналатын. Дегенмен интернаттағы жағдай тұтас алғанда жаман емес. Оқушылар біртіндеп оқу бағдарламасына сәйкес білімді игере бастайды. Әкем интернатты аяқтауға жақындағанда тарих, әдебиет және математика сұрақтарын еркін игереді. Мұның өзі жоғары білім алуға бастайтын базалық білім еді.

Содан кейін оқуды қалай да бір институтта жалғастыруды, журналист немесе тарихшы болуды армандайды. Мұндай ізгі тілектің орындала қоюы ол кезде екіталай. Ауылдан шыққан бала қаншама тырысқанымен, ата-анасымен бірге тұратын қалалық құрдастарына қарағанда жағдайы мен мүмкіндігі төмен. Ал жоғары білім алуға орыс тілін білмеу, сондай-ақ өркениеттің қарапайым жетістіктерінің жоқтығы зор кедергіге айналды. Әкемнің айтуынша, сол уақыттағы бозбалалардың басты арманы қол сағат тағу екен. Қазіргі кезде күнделікті жай нәрсеге жататын бұл затты басқалар сияқты ол да аңсаған. Тек сегізінші класта ғана оларға қол сағатты пайдалану мен уақытты қалай білуді түсіндіріпті. Әкемнің тәрбиеленген жағдайына қарай оған, түптеп келгенде, мырыш зауытындағы жұмысқа қанағат етуіне тура келді. Биік мақсаттарды армандауды қойып, серіктерімен бірге ауыр жұмысқа әзірлене бастады. Дене еңбегіне үйренген шымыр боз балаларды әртүрлі еңбек ұжымдарына қол жұмысына жиі жіберетін.

Мектептен бастап оларға Коммунистік партияның идеяларына адал болуды, кеңес халқының көсемі И. Сталинге тағзым етуді құлақтарына құйған. Совет Одағының ұлан-

ғайыр аумағындағы атқарылған істің бәрі Кремльдік диктатордың есімімен қатар аталды. Әрине, балалардың санасында олардың жетім қалғандығына Сталин кінәлі деген ойдың кіріп-шықпауы тиіс еді. Сол себепті де балалар «сүйікті көсемге» өздерінің білім алғаны, қазынадан тамақ бергені үшін алғысын білдірді. Ешкімнің де, балалар түгілі, мұғалімдердің де жоғары жақтың қолымен жасалған аштықтан ауыл-ауылдың қырылғаны, миллиондаған балалардың қаңғып қалғаны, тіпті аз-маз білімі бар адамдардың неліктен жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары болғаны және көпшілігінің қатыгездікпен өлтірілгені жөнінде өздеріне сұрақ қоюға батылдықтары жетпеді. Ол кезде балаларды түгелімен комсомолға қабылдап, Компартияның белгілі ұстанымдарына сай идеологиялық өңдеуден өткізіп жатты.

Солай бола тұра, әкейдің айтуына қарағанда, өз әкелеріне кеңес өкіметінің тап жауы ретінде қол көтерген балаларды мадақтауды оның құрбыластары арасында жақтай кеткендер кездесе қойған жоқ. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақы дәстүрдің қасиеті туған әкешесіне сатқындық жасау идеологиясын, тіпті, санасы қатаймаған жас балалардың бойына жұқтыра алмады. Тағдырдың қатал жазуымен ата-ананың аялы алақанын сезінбеген қазақ балалары тап күресінің қиғаштықтарын ауыр қабылдайтын. Өз әкесін сатқан Павлик Морозовтың «ерлігі» қазақ жастарының арасына сіңе қоймады. Есесіне жетім балаларға: «Сталин мен партияға жала жабу әкешешене жала жабумен бірдей» деген ұран түсінікті еді. Ата-анасынан тірідей айрылса да, олардың ғайыптан тіріліп қайта оралатындай үмітін жоғалтпаған балалар өз әкешелеріне жала жабу тұрмақ, жаман сөз айтуға дәті бармайтын.

Әкей тіршілік үшін жанталастан тұратын сол кезеңді ешқашан елжіреп еске алған емес. Жасанды тап күресі қағидасымен құрылған қоғамның о бастан «дімкәстігін» жиі айтатын. Әйтсе де, интернатқа түскенін жолым болды деп санады, өйткені түрмеден бір-ақ шығаратын жолға салатын басқа балалар үйі немесе жетімханалардың біріне түсуі де мүмкін ғой. Сол бір ауыр жылдары мұндай мысалдар

жетіп-артылатын. Интернатта ол аштықтан құтылды және орта білімге қол жеткізді.

Тек өмірден ерте өткен әке-шешесін өлімнен алып қалуға қолдан келер қайран болмағанына қатты өкініп, қайғыдан іштен тынатын. Мұндай азапты сәттерде сүйеу болар жалғыз тірегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүрген комсорг ағасы Қасым еді. Ол Кемелге жиі келетін, қолынан келер жәрдемін аямай-ды, тіпті тамағын да бөлісті. Қасым мектеп бітірген соң институтқа түсуді, сөйтіп жатақханаға орналасып, інісін қасына алуды армандаған екен.

Алайда ағалы-інілінің үмітін соғыс үзді. Он сегізге жасы толған Қасым алғашқылардың бірі болып майданға алынды. Ол, сонау 1939 жылы әскери бөлімдерде тәрбие жұмысын жүргізу міндеті жүктелген саяси жетекшілер даярлайтын курсқа түскен.

Әкейдің еске алуынша, мынау жалпақ дүниеде жақын атаулыдан жалғыз өздері қалған аға-інінің айырылысуы тым ауыр өткен. Тіпті, қоштасар кезде әңгіме-ақыл айтысып, сырласуға қайран жоқ. Екеуі интернат жанындағы сәкіде үнсіз тұнжырап, жұлым-жұлымы шыққан аяккиімдеріне тесіліп қарап қана отырды. Зіл-батпан үнсіздік басып, бір-бірімен қоштасуларының біржола екенін, енді ешқашан бірін-бірі көре алмайтынын сезгендей. Қасым орнынан тұрып, Кемелге әскери комиссариатқа баратын уақыты таяғанын айтады. Әкем оны шығарып салғысы келгенмен, кеш түсіп қалғандықтан, қараңғыда қайтарда бірденеке ұрынып қалмасын деп келіспейді. Абзал аға осындай сәттің өзінде інісінің қамын ойлаған ғой. Олар қатты құшақтасып, Қасым әскерге шақырылғандар отырып үлгерген жүк машинасына қарай беттеді. Інісінің соңынан қарап тұрғанын сезген Қасым бұрылып, қол бұлғады. Әкей оның көз жасын эзер тыйып бара жатқанын байқап қалды. Ол Қасымның жылағанын бұрын көрген емес. Әкей де ағасын ақырғы рет көріп тұрғанын тылсым күдіреттің күшімен сезгендей, кеудесіне ащы өксік тығылып, жылап жібереді.

Жүк машинасы әскери комиссариатқа бет алған кезде, Кемел жетімдердің жатағына сүйретіліп жетіп, төсегіне келіп, әл-дәрменсіз құлай кетті. Өз-өзіне келіп, орнынан тұрып, үсті-басын түзегенше біраз уақыт өткен. Әйтеуір,

ауыр ойдан арылудың жалғыз жолы күнделікті оқу еді. Көз жасы көмектеспесін, қатал тіршілікте тек қана оқу мен жұмыс істеу қажеттігін қапысыз түсінді.

Бір жарым жылдан соң өзінің де соғысқа баратын кезегі келді. Он сегізден жаңа асқан әкей сержанттарды даярлайтын қысқа мерзімді курсқа жіберіледі, оны бітірген соң фашист басқыншыларға қарсы қанды шайқас жүргізген Кеңес әскерінің жауынгері атанды. Әкемнің онсыз да бақытсыз балалық шағы осылайша көңілсіз аяқталды.

* * *

Әкей өмір бойы ағасын сағынып-іздеумен өтті, оның қайтып ораларына шексіз үміттенді, бірақ мұның орындалмайтын арман екенін де білді. Алайда ғайыптан, бәлкім, мүлде басқаша боларына сенгісі келді, өйткені Қасым Тоқаевтың жерленген жерін нақты білген жоқ қой. «Қара қағазда» бұл туралы ештеңе айтылмаған, тек қана социалистік отаны – КСРО-ны қорғау кезінде ерлікпен қаза тапты делінген.

Міне, көптеген жылдар өткен соң К. Тоқаевтың ағасының қаза тапқаны туралы деректерді табуға мүмкіндік туды. Тиісті жұмысты Н. Әбіқаевтың басқаруымен Қазақстанның Ресейдегі елшілігі жүргізді. «Мемориал» қоғамының мұрағатында Бас ПУР РККА ЧК бөлім бастығы, полктік комиссар Гитерманның «Калинин майданы саяси кеңесі мүшелерінен қаза болғандар, Қызыл Армия қатарынан шығару» деген баянжазбасы табылды. Осы құжаттың қосымшасынан Қасым Болтаев деген фамилия табылды, ол «1942 жылы 22 ақпанда ұрыста қаза тапты» деп жазылған. Материалда Қ.Болтаев кіші саяси жетекші шенінде, 186-шы атқыштар дивизиясының 290-шы атқыштар полкінің көлік ротасының саяси жетекшісі лауазымын атқарғаны айтылады. Биографиялық мәліметтеріне келсек, К.Болтаев 1920 жылы Алматы облысының Қаратал ауданында дүниеге келген, қазақ, бойдақ, 1942 жылдан ВКП (б) мүшесі, Қызыл Армия қатарында 1939 жылдан бері, саяси жұмыста 1941 жылдан. Тверь облысы, Ржев ауданының Трубкино ауылындағы бауырластар зираты оның жер бетіндегі соңғы мекеніне айналды. Бұл зират көпшілікке түсініксіз себептермен соғыс кезінде және одан кейін де құпия

ұсталды. Тек қана «Хрущевтік жылымық» кезеңде, 1957 жылы қорымның айналасын ретке келтіріліп, темір қоршау қойылып, сәулетші Казаковтың жобасымен монумент орнатылды. Алайда осы ұлағатты істен кейін де, зиратқа жерленген сарбаздар туралы мәліметтерді туыстарына бермеді. Әйтеуір, әкейдің өзі де, оның балалары біздер Қасым Тоқаевтың жерленген жері туралы ешнәрсе білмедік.

II Т А Р А У

СОҒЫС

Фрунзе жаяу әскер училищесін бітірген соң әкейді Сталинград майданы құрамына кіретін әскери бөлімге жібереді. Әскери іс жөніндегі нұсқаушылар қазақтың жас жігітін 226-шы атқыштар дивизиясының бөлімше командирі лауазымына ұсынды. Шайқасқа қатысқан үш айдан кейін ол жараланып, әскери госпитальге түседі. Жас жауынгер госпитальде қала бергісі келмей, көп ұзамай-ақ соғысып жатқан бөлімге қайта жіберуге сұранады. Осылайша Бірінші Украина, кейіннен Екінші Беларусь майданы құрамына кірген 7-ші гвардиялық танк полкіне кірді.

Оның міндетіне шабуыл кезінде танктерге қолдау көрсету және қарсы жақтың жанды күшін жою кірді, былай-ша айтқанда, десант ретінде шайқасты.

Соғыс ардагерлері әділін айтар, мұндай ұрыс қимылдарына қатысу сарбаздардан дене күшін, мергендікті, ең бастысы – жоғары әскери рухты талап етті. Әкей айтушы еді, шайқас алдында әскерлермен саяси жетекшілер әңгіме жүргізетін, Отан үшін жан аямауға сендіретін. Жігерлендіру үшін спирт те пайдаланылыпты. Шабуыл алдында соғыстың жан түршігерлік алапатымен алғаш бетпе-бет келгелі отырған жас жауынгерлерге қосымша батылдық үшін дәстүрлі «наркомдық жүз грамм» берілетін.

Соғысты еске алғанда, әкем ауыр әскери іс-қимылдарды жеңіл серуендей суреттейтін көркем шығармаларға сенбеу керек дейтін. Қан судай аққан шайқастарда қорқуды білмеген сарбаздар мен офицерлер жайлы көптеген авторлардың

«көпірме» әңгімелері оның ашуын туғызушы еді. Соғыс ардагері ретінде барлық сарбаздың, әсіресе жаумен алғаш кездескенде бойын үрей билейтінін анық білетін. Ал, біреулердің қорқынышты жеңіп, қас жауынгерге айналғаны басқа әңгіме, өзгелері осы бір желімдей жабысқан сезімнен арыла алмағаны рас.

«Солдат соғысқа кетті» кітабында әкей өзінің жас жауынгерлермен бірге жау бомбасының астында қалғаны туралы жан-жақты жазды. Олар мінген эшелонды жаудың бомбалаушы-ұшақтары атқылайды. Аспаннан жаңбырша жауып, ысқырып келіп соққан снарядтың даусының өзінен қорқып, зәресі ұшқан адамдар естен танып жатты. Кейбір жас жауынгерлер орындарынан қозғала алмай қалады, жараланғандары жанын қинаған азаптан жанұшыра айқайлап жылағанда, әуе бомбасының да дауысын басып кеткендей.

Әкем бойындағы бар күшін жинап, вагоннан алыс ашық далаға жүгіріп шығады. Қасындағы сарбаздармен бірге бір дөңбешіктің астына жата қалады. Құлақ тұндырар жарылысқа үйрене келе, шалқасынан жатып, бомбалаушылардың әрекетін бақылай бастайды. Жаудың мессершмиттері ешбір қарсылық көрмей, ойларына келгенін істеді. Құрбан болғандарда сан жоқ, әсіресе жәй адамдар көп қырылды. Әке-шешелерінің бомба астында қалып өліп жатқанын жандары шошына көрген балалар шырқырайды. Неміс авиациясы ажал сепкен бомбаларын түйдек-түйдегімен тастап, ендігі кезекте тірі қалған адамдарды пулеметпен атқылайды. Ұшақтардың бірі оқ жаудырып, әкейдің үстіне төне ұшып өтеді. Оқ бірнеше сантиметр ғана қиыс кеткен.

Оның соғысқа алғаш араласуы осылай басталды. Ұшақтар әйтеуір кеткен соң жолдастарын іздеуге шығады. Әскерге жаңа шақырылғандардың жартысынан сәл астамы ғана өлім аузынан қалыпты. Олар уақытты жоғалтпай жаралыларға көмектеседі. Қырғын «қасапханадан» тірі қалған командирлер полк штабымен байланысып, жағдайды баяндайды. Топтасуға бұйрық алған сарбаздар кіші офицердің бұйрығымен негізгі әскери бөлім орналасқан жерге беттейді.

Әкемнің түскен полкі көп ұлтты екен. Негізінен орыстар,

қалғандары украин, татар, белорус, өзбектер мен басқа да халықтардың өкілдері. Полкте екі-ақ қазақ болған, оның бірі – Кемел Тоқаев. Полк темірдей тәртіптілігімен және бірлігімен ерекшеленді, ұлттық негізде «есеп айырысу» деген жоқ. Барлық жауынгерді бір ғана мақсат – фашист басқыншыларын жеңу біріктірді. Соғыс жылдары патриотизмнің күшті болғаны шындық, шегінгендерді қатаң жазалады, ал сатқындарды аямады. Соғыс бәрін де өз орнына қойды: батыр, ержүрек жауынгерлер құрметке ие болса, қорқақтар мен екіжүзділерді сарбаздар жек көрді.

Бірінші тарауда айтып өткенімдей, әкей қияндағы ауылдан шыққандықтан орыс тілін білмеді. Қатал жағдайлар тоғысуымен соғыс оған нағыз азаматтық пен орыс тілін үйреткен бірінші университет атанды. Көп жылдар өте келе, ол орыс тілін мектеп партасында емес, ұрыс даласында жүріп үйренгенін мақтанышпен еске алатын. Кейін де орыс тілін терең меңгеруді тоқтатқан емес. Оның әдемі қолтаңбасымен грамматикалық мысалдарды жазған жеке қойын дәптерлері әлі сақтаулы. Көрнекті орыс жазушыларының шығармаларынан тұтас бөлімдерді жаттап, мазмұндама жазатын.

Соғыста әкем екі жарым жылын өткізді. 1944 жылы Кеңес әскері Белоруссияны, Украинаны және Польшаны жаудан босату үшін Екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы ірі әскери операциялардың бірін жүзеге асырды. Онда танктер аса маңызды рөл атқарды. Кеңес Одағы қисапсыз күш жұмсап, техникалық сипаты жағынан Германияның әскери техникасынан кем түспейтін, тіпті асып кететін танктерді жасауды жолға қойды. Әсіресе Ұлы Отан соғысындағы жеңістің символына айналған «Катюшамен» қатар Т-34 танкі аталатын. Бұл танкілер жаудың қорғаныс шебін бұзды, оның әскери техникасын жойды. Ал жау әскерлерін жою міндеті негізінен танк десантына жүктелді. Танкте келе жатқан сарбаздар командирлердің бұйрығымен секіріп түсіп, жау шебін автомат оғымен атқылады. Ұзақ қашықтықтардан өту, қарсы оқ астында қалмау үшін үнемі қырағы болу қажет. Егер танкистер сауытпен қорғалса, десантшылар жаппай қарсы атқылау кезінде қорғансыз қалатын.

Әкемнің әңгімелерін тыңдай отырып, менің көз алдыма оның қолындағы автоматымен танк үстінде тұрғаны, сонан соң «Отан үшін! Сталин үшін!» деп айқайлап секіріп түсіп, ұрысқа кіргені елестейтін. Қазір кейбір жиырмадағы болбыраған бос жігіттерді көргенде, әкелеріміздің қатал соғыста қайыспай фашист қабырғасын күйреткен ерліктері үшін мақтанамын.

Қанды шайқастар бүкіл майданда жүріп жатты. Әрбір взвод, рота, батальон, полк, дивизия өзінің қимылын жақсы білді және жауды жою үшін аянбай қимылдады. Кеңес әскері нағыз ерліктің үлгісін көрсетіп, фашист армиясының шабуылын тойтарып қана қойған жоқ, тегеурінді қарсы шабуылға шықты. Еліміздің әскери және азаматтық тұрғындары арасында соғыстың жеңіспен аяқталарына деген үміт оянды. Бірде мен әкемнен, оның, яғни соғыстағы кеңес әскерінің сержанты дивизия немесе әскердің стратегиялық жоспарын білуші ме еді деп сұрадым. Ол ротаның жоспарын жақсы білгені, ұрыс алдында батальон немесе полк алдында қандай міндеттер тұрғанын шамалағанын, ал дивизияның әскери жоспарынан ештеңе білмегенін, өйткені «оны білуге тиіс еместігі» жөнінде шынын айтты.

Ұрыс арасында әскерді тамақтандырудың өзі үлкен бір тақырып. Әкемнің айтуынша, бұл жағы жақсы жолға қойылыпты. Әрине, тамақтың уақтылы жетпей қалған кездері болған, дегенмен бұл соғыс кезіндегі қалыпты жай еді. Далалық ас үй бір жерде артиллерия оғы астында қалса, енді бірде тамақ тасушылар азықты жоғалтып алатын, кейде жаяу әскерлердің өздері әскери бөлімшелерге асты жеткізе алмай қалады. Бірақ, жалпы алғанда, сол бір ауыр жылдары әскер азықпен толық қамтамасыз етілді. Бұл таңқалатындай да жайт емес, өйткені Кеңес әскеріне «Барлығы соғыс үшін, барлығы жеңіс үшін» ұранымен бүкіл халық еңбек етті. Тылда барлығы – әскери қызметтен босатылғандар, әйелдер мен балалар күн-түн демей ауыр жұмыс істеді. Барша көп ұлтты кеңес халқы сол бір сұрапыл жылдары әлемдік тарихта болмаған жанқиярлық ерліктің үлгісін көрсетті.

Әкей бірде маған үш күндік ұрыстан кейін полктің ішер ассыз қалғанын әңгімелеп берді. Далалық ас үй бірдене

ұшырап, ұрыс қимылы өтіп жатқан майдан даласына жете алмай қалады. Уақтылы тамақ ішіп үйренген сарбаздардың ұнжырғасы түсе бастайды. Дәстүрлі ботқа мен бұқтырылған етсіз жауынгерлік рухтың көтерілуіне сенім арту қиын. Жауға қарсы ауыр да ұзақ жорықтардан кейін әкемнің өзі де қатты қалжырап шаршайды, бірақ майдандастарын тамақтандыру үшін қол қусырып қарап отыруға болмайтын еді. Бір ашық алаңқайға шыға беріп, өліп жатқан жылқыны көреді. Табан астында шешім қабылдап, ол жылқыны мүшелеуге кірісіп кетеді. Кесек-кесек еттерді кесіп алып, бір солдатты көмекке шақырып, екеулеп жас етті рота орналасқан жерге алып келеді. Жауынгерлерге бірнеше шелек тауып, етті пісіруді ұсынады. Бұл ұсыныс барлығына бірдей ұнай қоймаса да, аштық өз дегенін істетеді. Екі сағатта ет те пісіп, солдаттар құшырлана тамақтануға кіріседі. Осыдан кейін майдандастары әкейге тығырықтан алып шығар амал тапқаны үшін көпке дейін алғыс айтып жүріпті. Ал әкем оларға «ұлттық аспен тамақтандырдым» деп қалжындайды екен.

Әкей танк полкімен бірге Белоруссияда, Украина мен Польшада болған, Сталинградты қорғауға қатысқан. Ұрыстағы ерлігі мен батырлығы үшін 1944 жылдың аяғында Отан соғысы орденімен, басқа да көптеген медальдармен марапатталды. Поляк жерінде қатты жараланып, Берлинге жете алмай қалады. Айтысына қарағанда, ол неміс мергенінің тірі қарауылына айналған, дүрбімен танк үстінде отырған азиат-солдатты анау әдейі көздеп атқанға ұқсайды. Жау оғы әкейдің оң аяғын жаралаған. Ол танктен сол сәтте-ақ ұшып түсіп, есінен айырылып қалады. Он сағаттай ес-түссіз жатып, тек санитарлар зембілге салған уақытта ғана есін жияды. Жау жерінде жараланып, тұтқынға түсіп масқара болмағанына әкей өмірінің соңына дейін Жаратушыға алғыс айтып өтті.

Жарақаты ауыр болып, етігі түгелдей қанға толышты. Дәрігерлердің айтуынша сүйек мылжаланып сынғандықтан, аяқты сақтап қалуға ешқандай мүмкіндік жоқ. Сөйтіп, оң аяқты кесуге ұйғарған, бірақ әкей есін жиғаннан кейін аяғын кеспеді сұрайды. Жас жауынгерді оң аяғынан айырса, оның бүкіл болашағына балта шабатындықтарын

түсінген әскери дәрігерлер әкейдің өтінішіне құлақ асыпты. Оны Гомельдегі госпитальға жіберуді ұйғарады, өйткені қан көп кеткен. Жаралы жауынгер Белоруссияда көп болмаған, әскери-медициналық комиссияның шешімімен соғысқа жарамсыз дел табылады да, Омбыдағы әскери госпитальға жіберіледі. Отбасылық мұрағатта оның емдік қағазының көшірмесі бар. Осы құжатты толық көрсеткім келеді.

«1945 жылдың 16 маусымындағы №761 эвакуациялық госпитальдің ауру туралы куәлігінің көшірмесі. 1494 эвакуациялық госпитальдің комиссиясы

Атағы: гвардия сержанты, бойы 172 см, салмағы 60 кг, кеуде ауқымы 95. 1945 жылы 21 қаңтарда оң аяғынан жараланған. Хирургиялық операция жасалған және жараны жуып-тазалаған. Орама гипс салынған. Аурудың объективті белгілері: оң аяқ тізесінің үстіңгі жағында Н тәрізді 15x4см көлемді тыртық бар. Тыртық ортасында ірің бөлініп тұратын екі жыланкөз тесік бар. Тыртық оқтың кірген және шыққан тұсында. Балтыр тұсы буындарының қозғалысы дұрыс, одан төменгі тобығының бүгілуі – 100 градус, табанның бүгілуі – 110 градус, балдақ арқылы жүре алады. Оң аяғын кесуден бас тартты. Арнайы тексеріс нәтижесі: 1945 жылдың 25 мамырындағы рентгенограмма. Сирақтың екі сүйегі де сынған. Аурудың атауы: оқ тесіп өткен сирақ сүйегінің сынуына байланысты оң аяқтың қозғалысының тежелуі, остеомиелиттің ауыр түрі.

Емі: физиотерапия, сүйекті таңу.

КСРО НКО-ның 1942 жылғы №386 аурулар тәртібі бұйрығының 49-бабының ҚҚ-ҚҚҚ бөлігі негізінде бұдан арғы әскери қызмет атқаруға жарамайды. Айрықша есепке алынып, алты ай сайын куәландырылып отырады. Мүгедектік тобы – екінші, үш айдан кейін куәландырылып отырады. Жаяу жүруге жарамайды.

Қасында адам жүрудің қажеті жоқ.

Аурудың негіздемесі: КСРО-ны қорғау кезінде жараланған».

Осыдан кейін әкей үшін соғыс шартты түрде аяқталса да, ұзақ жылдар бойы, тіпті өмірінің соңына дейін соғыс зардабын тартып өтті. Қайтыс боларынан бес жыл бұрын соғыстың кейбір көріністері есіне түсіп жүрді, түнде

ұйқысырап майдандастарына бұйрық беріп айғайлап оянатын. Соғыс туралы фильмдерді жібермей көріп, көркем туындыларды оқитын. Бірақ оған барлығы бірдей ұнай бермеді. Соғыс туралы кейбір әңгімелер шындыққа жанаспайды, үлкен адамзаттық трагедияны дұрыс жеткізе алмаған деп есептейтін. Ол жазушы Әди Шәріповтің партизандар туралы жазғандарына сын көзбен қарады. Сонымен бірге жазушының шығармаларын Хрущев «жылымығы» кезеңіндегі әскери тарихнаманың өзіндік ерекшелігіне көңіл аудару арқылы ақтауға тырысушы еді. Өйткені Н. Хрущев билік басына келген кезде әскери тарихшылар оның тікелей нұсқауымен көрнекті қолбасшы – маршалдар: Г. Жуков, К. Рокоссовский, И. Конев, тағы басқалардың Германияны жеңудегі беделдерін түсіру мақсатында партизандық топтардың әрекеттерін тым асыра бағалап жіберді. Кейбір тарихшылар, тіпті, партизандар жауды жеңуде шешуші рөл атқарған деуге де барды. Бірақ халық кегін алушылардың ерліктеріне ешкім күмән келтірмегенімен, мұның асыра айтушылық екені белгілі ғой.

Әкем, жоғарыда айтып өткенімдей, Гомель мен Омбы госпиталінде негізгі ем алады, дәрігерлер оған аяғын кесу керектігін үнемі ескертіп отырған. Әкей бұған қарсы болып, ем алуды жалғастыра береді. Осы бірбеткейлігінің арқасында сол жылдары сүйекті ұзарту экспериментін жасап жүрген жас хирургтің көзіне түседі. 30 жылдан кейін бұл әдіс әлемдік медицинада «Илизаров аппараты» деген атпен әйгілі болды. Бұл аппараттың авторы Қорғандық хирург Г. Илизаров ашқан жаңалығы үшін Лениндік сыйлықтың иегері атанады, ол жайында көп жазылып, фильм де түсірілді.

Ал, сол кезде, соғыстың соңғы жылдарында жас хирург өзінің үміті мен мақсаты жолында жұмыс жасап, клиникалық сынақтар жүргізді. Ол әкейге арнайы шендеуіш аппаратты қолдана отырып, аяғын сақтап қалуға болатынын айтады. Әкей үш айдан астам уақыт емхана төсегіне таңылды. Ақыры үміті ақталып, ұзақ емделуден соң балдақпен жүре бастайды. Аяғы аман қалды. Бұдан кейін Алматыдағы А. Сызғанов жетекшілік ететін әскери госпитальға жіберіледі. Бұл госпитальда сүйекті жасанды

біріктіру эксперименті жүргізілген. Жарты жылдан кейін майдангер ақырындап балдақпен жүре алатын жағдайға жетеді.

Әкей соғыстан 2 топтағы мүгедек болып оралды, басында баспанасы, не білімі, тұрақты жұмысы жоқ. Үмірін қайта бастауға тура келді. Арқа сүйейтін де ешкім болмады, өйткені соғыстан күйзелген ауылдағы туыстарының жағдайлары да мәз емес. Бірде ол маған вокзалда жұмыс іздегенін де айтқаны бар. Жұмыс табу өте қиын, кез келген жұмысқа денсаулығы мықты, сау адамдар қажет. Біраз уақыт, өте келе Алматы маңындағы туысқандарын тауып алады. Олар әкейді өз қолдарына алғанымен, аса бір қонақжайлық көрсете қоймайды. Бұндай жағдайда көп тұра алмасын біліп, қалаға оқуға баруды ойластырады. Бірақ туысқандары «соғыс мүгедектері ешкімге керек емес, оларды оқуға қабылдамайды, жұмысқа да алмайды» деп әкейді қалуға, үй шаруашылығымен айналысуға көндірмек болады. Бірақ әкей аяғымды емдетемін, қалаға барып оқуға түсемін деп шешеді.

1945 жылы дегеніне жетіп, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне бірінші курсқа оқуға түседі. Оқуға әскери киімде, балдақпен жүріп кіреді.

Жоғарыда айтып өткенімдей, соғыс әкемнің мінезіне терең әсер еткен. Он сегіз жасқа толар-толмаста бастан өткізген сұрапыл соғыс оның мінезін шыңдайды, адамдық тұрмыс, жақсы мен жаман, өлім мен өмір жайлы көзқарасын түбегейлі қалыптастырады. Ол ержүрек әрі мықты болды, бірақ қатігез емес-ті, алдына биік мақсат қойды, алайда аярлыққа бармады.

Әңгімелерінің бірінде маған әр адамның періштесі мен шайтаны болатынын, адам бойында алғашқыда жақсылықпен жамандықтың ымырасыз күресі жүретінін айтып еді. Осындайда эзәзілдің арбауына ырық бермей, шайтанның шырмауынан сақтанып, теріс жолмен жүрмеу керектігін баса ескертетін. Шыны керек, жас кезімде мен бұл философиялық толғаныстардың мәнін түсіне бермейтінмін, кейіннен өмірдің түрлі соқпақтарынан өте келе әкемнің сөздерінің соншалықты шындығына кәміл көзім жетті.

Әкей өмір бойы соғыс ардагерлеріне үлкен құрметпен қарады, Сталин мен кеңестік маршалдарды мақтан тұтты, ал Хрущевті, соғыс туралы жазғыштарды жақтырмайтын. Әлі есімде, 1965 жылы Жеңістің 20 жылдығына арналған әскери шеруді тамашаладық. Әскерлердің сап түзеген қадамдары мен салтанатты әуені әкеме қатты әсер етті: «Босқа соғыспаған екенбіз. Әттең, көптеген майдангерлер бұны көре алмай кетті», – деп көзіне жас алды.

Өмірінің соңына дейін басты мерекесі Жеңіс күні болды. Мейрамға бүкіл отбасымызбен мұқият дайындалатынбыз. Шешей отағасының бұл күні міндетті түрде үйге достарын, жолдастарын шақыратынын біледі. Ол соғыс кезіндегі бауырластықты бәрінен жоғары қоюшы еді. Соғысқа қатысқандар үлкен құрмет пен сенімге ие, оларға кез келген жұмысты сеніп тапсыруға болады деп санайтын.

Жеңістің 40 жылдығына орай әкей VI дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды. Бірақ қалалық әскери комиссариат соғыс ардагерлерінің шеруіне шақыруды ұмытып кетіпті. Үкіметтің соғыс ардагерлеріне құрмет көрсету туралы қаулысының жарық көргеніне қарамастан, Алматыда сол жылдары пәтер, автомобиль, санаторийлерге жолдама бөлу кезінде қараулық, лас әрекеттер белең ала бастады.

Арнайы жеңілдіктер ардагерлерді айналып өтіп, мүлде беймәлім адамдардың қолына тиетін. Әкей де сондай жағдайды бастан кешіп, жеңілдіктерден сырт қалды. Бірақ өзін-өзі төмендеткісі келмей, ешкімге жағдайын айтып көмек сұрамады. Жеңіс күні халықпен бірге қыдыру үшін барлық медальдары мен ордендерін тағып, алаңға шықты. Сол күні қаладағы таныс та бейтаныс адамдар әкейді мерекесімен құттықтап жатты. Бірақ олардың ешқайсысы да майдангер үшін ең қымбат мерекеге арнайы шақырусыз қалған соғыс ардагерінің жаралы жан дүниесінде үлкен өкпе-реніш жатқанын сезген жоқ, әрине. Биліктегілердің жөнсіз әрекетіне ренжісе де ол, соғыс ардагері, ешқандай сыр бермеді. Мықты да тәкаппар жан еді.

Әкейдің бір жарым жылдай ғана өмірі қалған.

ӘДЕБИЕТКЕ БАРАП БҰРАЛАҢ ЖОЛ

Кемел Тоқаевтың соғыста алған ауыр жарақаты мен тұрмыстың қиындығынан басына түскен тауқыметтерді жеңіп шығуға жігері жетті. Ол университетке түсуге шешім қабылдады. Соғысқа қатысқандарға жеңілдіктер берілгендіктен, жолы болатындығына сенімді еді. Қабылдау комиссиясы отырған залға омырауы ордендер мен медальдарға толы балдаққа сүйенген жас қазақ жігітінің кіріп келуі оқытушыларға әсер еткені анық. Комиссия мүшелері қай факультетте оқығың келеді деп сұрайды. Шорқақ орыс тілінен ұялып, бала кезімнен журналист болуды армандайтынмын деп, қазақ тілінде жауап береді. Ақыры, 1945 жеңіс жылында сол кездің атақты оқу орындарының бірі – С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне емтихансыз дерлік қабылданады.

Университетке түскен кезі ауыр да қайғылы өмірінің ең бақытты шақтары екенін әкем көтеріңкі мақтаньш сезімен еске алатын. Бұл әбден түсінікті. Себебі оның бойында 22 жылдың ішінде алғаш рет жарқын болашаққа деген үміт оянды. Талапты жас журналист болуды армандайтын, оқуға деген құштарлығы өте күшті еді. Жетімдікпен өткен балалық, аштық пен жоқтықтың ауыр елесі санада сайрап тұрғандықтан, ауыл адамының өмірі оны тарта қоймады.

Университетте оқу әрі қиын, әрі қызықты еді. Қисапсыз қиын ғұмырында алғаш рет өзіне түсіністікпен қараған өрелі ортаға тап болды. Ол жылдары университеттің оқытушылар ұжымы кілең мықтылардан тұратын. Дәрістерді танымал ғалымдар, жазушылар мен журналистер оқыды. Жоғарғы курстарда әкейге қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің лекцияларын тыңдау бақыты бұйырды. Оқу орнында қалыптасқан атмосфера ғылым мен міндетті пәндерді терең игеруге жетелейтін. Соңғылардың ішінде жоғары шығармашылық және қызметтік өсуге «рұқсат қағазындай» болған орыс тілі де бар. Орыс тілін жетік білмейінше, оңды жұмысқа тұрып, әсіресе мемлекеттік орган жүйесінде кедергісіз, сәтті жоғарылау мүмкін емес-

ті. Әкей орыс тілін терең оқып меңгеруге айрықша ынтамен кірісті. Маржандай жазуымен грамматикалық ережелер жазылған көптеген қойын дәптерлері әлі күнге сақтаулы. Әкейдің жазбаларына қарағанда, ол кезде орыс тілін оқу тиісті деңгейге қойылған, оқыту әдістемесі жан-жақты, сондай-ақ қарапайымдылығымен ерекшеленетін.

Өкінішке қарай, мектептер мен жоғары оқу орындарындағы қазақ тілін оқытудың қазіргі жағдайы туралы олай деп айта алмаймыз. Дей тұрғанмен, осынау төтенше маңызды істе ілгерілеу де жоқ емес. Біздің жас буын қазақ тілін оқуға қызыға бастады. Оның үстіне президент Н. Назарбаев Қазақстанда тұратын барлық ұлттарды келешекте қазақ тілі біріктіретінін нақты мәлімдеді. Сондықтан мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің болашағы шын қуантады. Әкей табандап жатып үйренгеннен кейін орыс тілінің грамматикасын үздік меңгерді, өзінің ойын «ұлы да құдіретгі» тілде еркін баяндайтын, тіпті өте ауыр мәтіндердің өздерін біліктілікпен түзететін, орыс тілінде өте сауатты жазды. Бірақ ауызекі сөйлеуінен орыс тілі оның ана тілі еместігі білінетін, жеңіл акцентпен сөйледі.

Жастайынан ана сүтімен сіңген қазақ тілі өле-өлгенінше ол үшін қасиетті болып қала берді. Ана тілін жан-тәнімен сүйіп, орасан бай тіл деп есептейтін. Отбасында жиі қайталайтын сөздеріне қарағанда, көп қырлы, оралымы жағынан әлем тілдері арасында қазақ тіліне тең келетін тіл жоқ. Университетте оқып жүрген кезінде әкей, әрине, басқа пәндерді: қазақ және орыс әдебиеті, философия және тарихты оқыды. Бұл пәндерге аса құмарлығының дәлелі ретінде мемлекеттік мұрағатта университетте оқығандығы туралы дипломы сақталған. Жетімдер үйінде тұрған, интернатта оқып майдандағы қантөгіс шайқастардың ащы дәмін татқан әкей соған қарамастан жоғары оқу орнының бағдарламасын еркін игерді. Оның дипломында бірде-бір «үштік» болған емес, барлық пәндерді «төрт» пен «беске» меңгерді.

Студенттік шағында кейінгі өмірінде маңызды орын алған адамдармен танысты. Оқып жүргенде Саттар Имашевпен танысып, достасты. Оларды жақындастырған – соғысты бірге бастан кешкені, себебі олар әлі қанаттары

қатаймастан, өмір дәмін татпай тұрып сұм соғысқа аттанды, өмір мен өлімнің қас қағымдай айырмасын ұқты. Әкейдің әңгімелеріне қарағанда, С. Имашев үздік оқып, қоғамдық тапсырмалардың бәрін құлшына орындаған. Мінезінің бұл қыры ақырында оның қызметтік мансабына оң әсерін тигізді, партия функционерлерінің көзіне түсіп, сатылап алға жылжып, Қазақстанның ықпалды адамдарының біріне айналды. С.Имашев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы лауазымын атқарған кезінде республикамыздың мықты идеологтарының бірі ретінде танылды. Сол уақытта, 70-жылдардың басында, ұлттық мәдениет шын мағынасында өрлеу дәуірін бастан кешті, КСРО-да ғана емес, одан тыс жерлерге де кеңінен танылды. Қазақ мәдениетінің көрнекті шеберлері - Роза Жаманова, Роза Бағланова, Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Шәкен Айманов, Асанәлі Әшімов және басқалары ең жоғары атақтарды, соның ішінде КСРО-ның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атақтарын иеленді. Танымал қалам шеберлері – Ілияс Есенберлин, Әбділда Тәжібаев, Жұбан Молдағалиев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Тұманбай Молдағалиев пен Шерхан Мұртазаевтың, тағы басқа жазушылардың қызықты көркем шығармалары жарық көрді. Дәл осы кезеңде Әбіш Кекілбаев, Олжас Сүлейменов, Мұқағали Мақатаев, Әкім Тарази, Мұхтар Шаханов, Қадыр Мырзалиев, Қабдеш Жұмаділов, Сәтімжан Санбаев, Мұхтар Мағауин, Баққожа Мұқай Қоғабай Сәрсекеевтер үлкен әдебиетке қадам басты. Көптеген көркемөнерпаздар ұжымы пайда болды, театрлар құрылды, көркем және деректі фильмдер түсірілді. Қылқалам шеберлерінің даңқы бүкіл Одаққа тарады. Талантты сәулетшілер шоғыры пайда болды. Осылардың бәрінде Саттар Имашевтің еңбегі зор.

Әкей оның адамгершілік һәм іскерлік қасиеттерін жоғары бағалайтын. Ізгі жанды бұл адамды мен де ұмытпаймын, өйткені 6 жасқа толғанымда маған ойыншық ұшақ сыйлады ғой. Осы уақытқа дейін сол бір қымбат сыйлықты құнды дүние ретінде сақтап келемін. Университетті бітірген соң да қызметтік алшақтық өз әсерін тигізгенмен, екеуінің достығы еш суыған жоқ. Қалай болған күннің өзінде әкей Орталық Комитеттің хатшысы С. Имашевпен жылына екі

рет кездесіп тұратын, бұған шын қуанып, жігерленіп жүруші еді. Әлі есімде, сондағы кездесулердің әрқайсынан көтеріңкі көңіл-күймен оралып, қандыкөйлек досымен әңгімені егжей-тегжейлі баяндап беретін. Саттар Нұрмашұлы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумының Төрағасы болып тағайындалғанда, әкей жеке құттықтап барды. Өкінішке қарай, С. Имашев бұл орында ұзақ жұмыс істей алмады, 60 жасқа да толмастан қарапайым хирургиялық операциядан кейін дүние салды. Әкем, әлбетте, студенттік досының қазасына қатты қайғырды, тағдыр оған қатал қарады, күш қуаты мол шағында арамыздан алып кетті деп қамықты.

Студент кезіндегі достарының бірі – кейіннен атақты ғалым-филолог, Қазақ КСР Ғылым академиясының Әдебиет және тіл білімі институтының директоры болған Мүсілім Базарбаев. Әкей өмірінің соңына дейін оған айрықша құрметпен қарады. Тұл жетім қалған, соғыста жалғыз ағасын жоғалтқан жаралы көңілімен Мүсілімді жақын досындай ғана емес, тағдырдың өзі жолықтырған інісіндей жақсы көрді. Онымен дос болу жеңіл әрі қызықты, себебі Мүсілім сырт-келбеті ажарлы, көңілді, қуатты, оның үстіне жомарт мінезді жігіт еді. Әкей сияқты, Мүсілім де ауылдан шыққан, орыс тілін нашар меңгерген, бірақ білімге талпынысы мықты адам. Екеуінің жалғыз айырмашылығы Мүсілімнің әке-шешесі ол кезде тірі және де ұлдарына әрдайым көмектесіп тұрады. Әрі ол жасына байланысты соғысқа барған жоқ, нағыз бейбіт өмірдің адамы болатын. Университетті бітірген соң М. Базарбаев әкеймен бірге жастар газетінің редакциясында жұмыс істеді, бірақ соңынан ғылым жағына біржола ауысты. Ол кандидаттық диссертациясын өте жастай қорғап, орыс және кеңес әдебиеті классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударумен шұғылданды.

М. Базарбаев қазақ әдебиетінің ғұламасы Мұхтар Әуезовтің қамқорлығы мен қолдауына ие болды. Кемеңгер Әуезов жас ғалымның бойынан қазақ әдебиеттану ғылымының болашақ беделін байқаған сыңайлы. Мүсілім Базарбаев бұл үмітті толығымен ақтады.

1961-ден 1970 жылдарға дейін ол Ғылым академиясының Әдебиет және тіл институтын басқарды. 70-ші жылдардың

ортасында докторлық диссертациясын қорғады, десе де, білімінің ауқымы мен деңгейі жағынан бұл ғылыми атаққа одан көп бұрын дайын еді. Қазақ ғалымдарының алғашқысы болып әлі ақталмаған ақын Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын зерттеді. М. Базарбаев қаламынан қазақ әдебиетін байытқан көптеген бірегей еңбектер дүниеге келді. Өмірінің ақырына дейін ол сүйікті ісіне адалдығын танытып, ұлттық әдебиеттану ғылымына зор үлес қосты. Үкіметтік шенеунік мансабын аяқтап, 1981 жылы туған институтына директор ретінде оралды. Замандастары мен әріптестері М. Базарбаевты ұлы ғалым, жан-жақты адам деп еске алысады.

1970 жылы М. Базарбаев Мәдениет министрлігін басқарып, қазақ мәдениетін дамытуға көп еңбек сіңірген қабілетті басшы ретінде танылды, шығармашылық ұжымдар мен жазушылар ортасында зор беделге жетті. Бір қызығы, оның бұл жоғары лауазымға тағайындалуы менің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтына түсуіммен дәл келді. Әлі есімде, Мәскеуден Алматыға келгенде әкейдің айтқан бірінші жаңалығы – досының жоғары лауазымға тағайындалуынан басталды. М. Базарбаевтың Үкімет мүшесі болғанына әкем шын ниетімен қуанды. Себебі бұған дейін олар уақыттарын жиі бірге өткізетін, ал іссапарлар мен демалыстар кезінде хат жазысады. Алайда, өмірде жиі кездесетіндей, мұндай бұлжымас достыққа да сызат түсті, асылы, «сыртқы» факторлардың әсері тисе керек.

Не себептен екенін білмеймін, бірақ бұрынғы достар күн өткен сайын бір-бірінен алшақтай берді, олардың кездесулері де сиреді, ал 80-жылдардың басында мүлдем тоқтады. Бұл уақытта әкей «Соңғы соққы» кітабының кейбір тараулары төңірегінде туған жасанды әрі шектен тыс дабырайған жанжалға қатысты, оның үстіне мемлекеттік қызметтен шеттетілгеніне байланысты қатты қамығып жүрген. Әкей үзеңгілес жақын адамымен араздасуына қапаланбай қалған жоқ, бірақ өзінің қысқа өмірінің соңына дейін ол кісіні тек жақсылықпен айтып отырды, сырласқан күндерін еске алды. Ол М. Базарбаевпен достығына беріктігін сақтады: дүниеден қайтарынан екі жыл бұрын досымен бірге түскен

фотосуреттерін жинап, жеке конвертке салып, Мемлекеттік мұрағатқа тапсырды. Сонда бүгінге дейін сақтаулы.

1995 жылы М. Базарбаевты жерлеуге қатысып, қала әкімшілігіне оның бейнесін мәңгі есте қалдыру жөнінде ресми хат жолдау менің маңдайыма жазылыпты. Басқаша жасай алмайтын едім, себебі бұл адам өмірден өткен соң оның ғылым мен мәдениет саласындағы қызметімен байланысты барлық игі істері тарихқа айналды. Оның үстіне Мүсілім Базарбаев бес жыл көлемінде Қазақ КСР Сыртқы істер министрі қызметін атқарып, ұлттық дипломатия жылнамасына енген. Сонымен қатар мен Кемел Тоқаев пен Мүсілім Базарбаевтың көп жылдық достығына құрмет көрсеткім келді. Екеуінің бір-біріне бауырласқаны сондай, кезінде олардың есімдері егіздей көрінетін. Әрқайсысының қазақ әдебиетінде өз ізі бар. Екеуі де замандастарының есінде қызығынан қиындығы мол өмірлерін әдебиетке арнаған тұлғалар, өз істерінің майталмандары ретінде қалды. М. Базарбаев дүниеден өткен соң оның жары, ұзақ жылдар бойы Қыздар педагогикалық институтында жұмыс істеген Гүлбараш Байтоғаева қазақ әдебиеттану ғылымында бүтіндей бір бағытты дүниеге әкелген әрі біздің мәдениетімізде елеулі із қалдырған осынау қызықты адам туралы естеліктер кітабын жарыққа шығарды. Шынын айтсам, мен бұл кітапты мұқият оқып шықтым, сөйтіп бұған дейінгі беймәлім біраз жайттарға қанықтым. М. Базарбаевтың қызы Зейнеп әке жолын қуды. Мәскеудің М. Тореза атындағы Шет тілдер институтын бітірген соң Қазақстан Ғылым академиясының Тіл білімі институтында қызмет етіп, филология ғылымдарының докторы атағын алу үшін диссертация қорғады.

Университетті бітірген 1948 жылы әкей Жамбыл қаласына барып, облыстық газетте бір жыл істеді, соңынан Алматы қаласына «Қазақстан пионері» балалар газетінің редакциясына ауыстырылды. Осылайша, журналистің буырқанған өміріне түбегейлі бас қойып, бұл қызықты істе өзінің күшін байқауға, тәжірибелі қалам шеберлерінен үлгі алуға мүмкіндік туды. Әкейдің естеліктері бойынша, газеттің шағын таралымы мен тақырыптық шектеулеріне қарамастан, редакция ұжымында қалыптасқан ахуал

белсене жұмыс істеуге шақырғандай. Газет оқырмандары негізінен балалар еді, әрі Орталық комсомол комитеті тарапынан қатаң бақылауда тұрды. Соған қарамастан, әкей баспасөз әлемінің ішкі жайын, «қыр-сырын» таныды, басылымдардың жарыққа шығуының барлық қатпарларын меңгерді. Бірнеше жылдан кейін ол осы газеттің бас редакторы болып тағайындалды. Қазақстан журналистикасының ардагерлері 50-жылдардың басында «Қазақстан пионері» ерекше сипат алып, шынайы танымалдыққа жеткенін еске алады. Республиканың қазақ мектептерінде кең тарап, елдің қоғамдық өмірінің мәселелерін жазуда жаңа көзқарасымен ерекшеленетін басылымды балалар қызыға оқыды. Әкей республика комсомолының Орталық Комитетіне мүшелікке сайланды.

Газетте істей жүріп ол көркем туынды жазу туралы ойланды. Сол кез үшін оқырман қауымды қызықтыратын көкейтесті тақырып іздеді. Детективтік әдебиет жанрына көшуге уақыт әлі жеткен жоқ, сондықтан алғашқы кітабы – «Жұлдызды жорық» республика пионерлеріне арналған. Бұл оның әдебиеттегі алғашқы қадамдары еді. Жазушылық жолға түсу шешімін әріптестерінің барлығы бірдей қолдай қоймады, кейбір «сыншысымақтар» әдебиетке ынтасын жою үшін бірінші кітабын сынаған мақалалар жазды. Бірақ әкей ондай шабуылдардан тайсалмады, жазушы боламын деген түбегейлі шешім қабылдады. Бұл еңбектің ауыр екенін, тіпті оның соңына түскен кейбір адамның денсаулығына да үлкен зияндығын білді, әрине. Түйсігі алдамапты, жазушы ісі расында да өте ауыр еді, шеберліктің жетіспеуінен емес, көптеген тосқауылдардың, соның ішінде цензураның кесірінен туындыларын жарыққа шығару қиынға соқты.

Көркем шығарма жазу үстіндегі әкейдің түнгі толғаныстары әлі есімде. 50-жылдары біздің отбасы өте ауыр тұрмыстық жағдайларда өмір сүретін – барлығымыз коммуналдық пәтердің жалғыз тар бөлмесіне сыйып тұрдық. Түнде оянып кетсем, әкей үстел шамының әлсіз жарығымен қағаздарына шұқшиып отыратын. Сол қолында түтіндеген папирасы, оң қолымен бір сөзден соң бір сөзді маржандай тізе береді. Сосын ойланып қалады да, папиростың тағы

бірін тұтатып, қаламын сиясауытқа малып алып, әрі қарай жазуға кіріседі.

Алғашқы кітабы жарық көрген соң үш жылдан кейін әкей милиция қызметкерлерінің қауырт та қауіпті еңбегі туралы өте қызықты туындысын аяқтады. Кітаптың атауы сәтті шықты – «Тасқын» – көп мағынаны бір ғана сөзге сыйғызғандай. Бұл кітапты қазақ оқырмандары ғана емес, Қырғызстан, Өзбекстан және Моңғолияның көркем әдебиетті сүйетін қауымы жылы қабылдады. Отбасы мұрағатында оқырмандардың роман туралы тебіреністі ойлары жазылған, уақыттан сарғайған хаттары сақталған. Шындығында, осы кітапқа дейін қазақ көркем сөзінде бұл туындылар кездеспеген, әкем тыңға түрен салған бірінші қаламгер еді. Жанрды сәтті таңдау, қиын тақырыпты біліктілікпен ашу, роман фабуласын оңтайлы түзу кітапқа табыс әкелумен бірге, жазушының қазақ әдебиетіндегі орнын да анықтады. Ол біздің әдебиеттегі детективтік жанрдың негізін қалаушы ретінде танылды. Бұл кітабы үшін Кемел Тоқаев алғаш рет милиция органдарының қызметіне арналған көркем шығармалар республикалық байқауының бірінші сыйлығын жеңіп алды. Соңынан ол екі рет осындай байқаулардың жеңімпазы атанды.

Жазушының қаламынан туған шығармаларды талдауға мен кітаптың жеке тарауын арнамақпын. Ал қазір оның жазушылық ісіне үлкен жауапкершілікпен, ең бастысы, адал қарағандығын атап өткім келеді. Жаңа кітапқа кіріспес бұрын, ол ІІМ және МҚК мұрағаттарынан алынған көптеген материалдарды түбегейлі зерттейтін.

Сол кездегі республика құқық қорғау органдары жүргізіп жатқан тергеу істері толық мазмұндалған мыңдаған қойын дәптер парақтарын мен қызыға да құныға оқитынмын. Әкей, әсіресе Жетісудің алғашқы қызыл комиссары Ораз Жандосовтың қызметін, ақтардың атаманы Дутовты өлтіруді ұйымдастыру туралы материалдарды көп зерттеді. Өкінішке орай, қатал цензураның кесірінен осынау күрделі де қызықты істің біршама жайттары «Соңғы соққы» романына енбей қалды. Менің білуімше, әкем бұл кітабында Қазақстан аумағында патша генералы Анненков пен оның жандайшаптары жасаған қатыгез қылмыстар туралы жаз-

ғысы келген, бірақ оған бұл ұлтаралық қатынастардың бұзылуына әкеледі деп, жазғызбай қойды. Айта кетерлігі, сол жылдары қатаң цензор ретінде сөйлеген Коммунистік Партияның Орталық Комитеті мәдениет бөлімінің кейбір басшылары, сонынан горбачевтік қайта құруға құлшына кірісіп, ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығын сақтауға тырысудан гөрі, ұлттық картаны құбылта пайдаланған айтулы демократтарға айналды.

Шығармаларын жазуға түбегейлі дайындық арқасында Кемел Тоқаевқа ешкім де фактілерді өзгерттің, насихаттауды күшейттің деп айып таға алмады. Ол бірде-бір кітабында Коммунистік идеологияны мадақтаған емес, олай істеген күннің өзінде түсінуге болар еді, себебі 1944 жылы майданда жүріп, кезекті шабуылдың алдында Коммунист партия қатарына өткен. Оның шығармаларында Қазақстан чекистері мен милиционерлерінің ауыр әрі қауіпті өмірлері ешқандай әсірелеусіз суреттелген. Сондықтан сансыз көп оқырмандары жазушының кітаптарын жақсы көретін, ал партия идеологтары жақтырмады.

Кемел Тоқаевтың шығармалары мыңдаған басылымдармен шыққанына қарамастан, кітап дүкені сөрелерінде жатып қалмайтын. Ал ресми «классиктер» мен басқарушы идеология авторларының кітаптары керісінше жағдайда – оларды бұйрықпен кітапхана, мектеп және институттарға таратады. Оқырман қауымды тракторист пен сауыншының махаббаты, партия функционерлерінің «жанкешті» еңбегі немесе Қазақстанның жекелеген аймақтарында Кеңес үкіметін орнатудың ұзақ-сонар тарихы қызықтырмады. «Тынық Дон» немесе «Көтерілген тыңның» авторынан артық ешкім жаза алмасын, ал Айтматовтың «Жәмила» және «Тополек мой в красной косынке» повесінен кейін махаббат дастанын осыншалық нәзік те әсем жырлай алмасын оқырман анық аңғарды. Бірде үйде үстел басында әкейдің менің кітаптарымның есебінен баспалар кейбір «классиктердің» «еңбектерін» жариялаудан шеккен шығындарын жабады деп әзілдегені бар. Анығында солай еді: көп жылдар өткен соң мен тәжірибелі баспагерлерден сол кездегі жұмыс жағдайлары туралы сұрағанда, олар істің дәл әкем айтқандай болғанын растады.

Жазушы өзінің кітаптары туралы жылы лебіздер, милиционерлер мен чекистердің ауыр жұмыстары туралы әңгімелерін жалғастыру жөнінде өтініштер жазылған хаттарды көптеп алатын. Әкемнің шығармашылығына американдықтар да көңіл аударды, оның атына АҚШ Конгресі кітапханасы мен Иллинойс университетінен «Соңғы соққы» романының екі данасын салып жіберу жөнінде хат келіп түсті.

Шығармашылық қарымын әкем ешқашан асыра бағалаған емес. Табиғи қарапайымдылық пен тектілігінен шығар, басқа кейбір қаламдас әріптестері сияқты өзін-өзі мақтау мен кітаптарын насихаттаудан аулақ ұстады. Бос мақтан жазушыға абырой әпермейді деп санайтын. Таңдаған жанры көпшілік оқырманға арналғандықтан, ешқашан дәстүрлі классика қатарына енбейтінін жақсы түсінді. Хаттарының бірінде ол, ең алдымен қалың оқырман қауымға, сондай-ақ «өз балаларына» жазғандығын айтыпты. Үміті мен сенімі алдамапты. Оның шығармаларын қарапайым адамдар, сондай-ақ эпистолярлық жанрға қатысы барлар да ұмытқан жоқ. Елімізге кеңінен танымал «Қазақ әдебиеті» газетінде (2008 жылғы 22 тамыздағы саны) жазушы-журналист Рахметали Асылбектің «Қазақ детективі қай деңгейде?» деп аталған қызықты мақаласы жарық көрді. Мақалада жазушы Мағира Қожахметова былай деп еске алады: «Қазақ детективі дегенде ең алдымен Кемел Тоқаев есімі ойға оралады. Қалай құмартып оқитын едік, шіркін!». Бұл кісінің айтуынша, К.Тоқаевтың шығармалары нақтылы тағдыр, қым-қиғаш мазмұн, қайран қалдырарлықтай оқыс шешімімен баурайтын. Адам жанының жылуы асқақтығымен астасып, ерекше әсер қалдыратын. Ал, ардагер журналист Әтина Жәкетова: «Қазақ детективін қалыптастыруда Кемел Тоқаевтың көп еңбектенгенін білемін. Шығармаларын қызыға оқығанбыз. Қаламгердің бір қасиеті – шыншыл, турашыл адам еді» деп атап өтеді. Қазіргі жас буынның өкілі, Өнер институтының студенті Салтанат Жарқынбекова мынадай пікір білдіріпті: «Әрине, кітапты жиі оқимын. Маған әсіресе тарихи тақырыпқа жазылған көркем шығармалар ұнайды. Детективтерді де оқығанмын. Бірақ К. Тоқаевтан басқа бұл тақырыпқа

арнайы қалам тартқан қазақ жазушысын білмеймін. Қазақ тілінде жазылған мұндай шығармалар жоқ сияқты. Дүкен мен кітапхана сөрелерінде тек шетел жазушыларының орыс тіліндегі кітаптары немесе солардың қазақша аудармалары ғана тұрады».

Мақала авторының өзі Рахметали Асылбек қазақтың детективті әдебиетінің қазіргі жағдайын және оны шетелдік әдебиетпен салыстыра талдай келіп, тап Кемел Тоқаев біздің әдебиетімізде осындай танымал жанрдың бар екенін бүкіл әлемге паш етті деп тоқталады. Жазушының кең танылған туындысы “Сарғабанда болған оқиға” негізінде мақала иесі шырғалаңды оқиғаның шешімі милиция тергеушілерінің жоғары кәсіби жұмысымен сәтті үйлесім тапқанын баяндай отырып, К. Тоқаевтың шығармашылығы аты аңызға айналған Шерлок Холмс туралы кітаптың авторы Конан Дойлдан ешбір кем емес деген тұжырым жасайды.

Әрине, мен Кемел Тоқаевтың шығармашылығына жоғары баға берген авторлардың барлығына ризамын. Баспасөз жарияланымдарынан басқа мен әдебиетсүйер қауымнан көптеген хаттар аламын. Олардың барлығы әкейді ұлттық әдебиетімізді қызықты детектив жанрымен байытқан өзіндік қолтаңбасы бар қарымды қаламгер ретінде ілтипатпен еске алады.

Жазушының туған халқына деген ерекше махаббаты лайықты қайтарымын тапқандай, өмірінің соңына дейін еліміздің қай өңіріне барса да сый-құрметке бөленді. Мемлекеттік мұрағатта түрлі облыстарға жұмыс сапарымен барғанда түскен фотосуреттер сақталған. Олардың бәрі жазушы Кемел Тоқаев пен оның мыңдаған оқырмандарының өзара ықыласының айнымас куәсіндей қала бермек.

Ол қазақ әдебиетінің марқасқалары – Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқановтарға ерекше құрметпен қарап өтті. Олардың шығармалары уақытқа бағынбайтын дара тұлғалар дейтін. Қазіргі заман жазушыларының ішінде Әбділда Тәжібаев пен Әбіш Кекілбаевты бөліп айтатын. Бірде мен оның «Қазақ әдебиеті» газетін беріле оқып отырғанын көрдім. Сол кездің көкейтесті мәселелерінің

біріне жазылған Ә. Тәжібаевтың мақаласы екен. Мақала туралы пікірін сұрадым. Сонда қазіргі жазушылардың ішінде өз ойын Әбділдадай әсерлі де әдемі жеткізетін, поэзия мен прозаға бірдей қуаттылары шамалы деп жауап бергені бар. Ал Әбіш Кекілбаевтың шығармаларын тарихилығы және философиялық тереңдігі үшін жоғары бағалайтын.

Әкей білім мен ағартудың қайнар көзі ретінде кітаптарға аса мұқият қарады. Басында баспанасы жоқ, қаражат жағы қинап тұрса да, кітаптан ақшаны аямады. Бұл әдетін өмірінің соңына дейін жалғастырды. Соның арқасында біздің үйде көптеген қызықты кітаптар жиналды. Мен оларды мерзім сайын қайталап оқып, ата-анамның көзі тірі кездерін еске аламын. Асылы, әкем мен шешей осынау қымбат байлықтың мәнін нақты түсінсе керек, енді ол кітаптар о дүниелік болған марқұмдармен біздің арамызды мәңгілік жалғап тұрған алтын арқауға айналды. Әкей өзінің жазушы ретіндегі бағасын білді, қазақ әдебиеті шамшырақтарының, жоғары лауазымды шенеуніктердің алдында құлдық ұрған емес. Әрдайым қарапайым, бірақ өз ісіне берік және шыншыл еді, біреулерге ұнамаса да, тек қана шындықты айтатын. Қызметтік мансаптың жалына жармаспағаны да осы мінезінен шығар. Өсу үшін икемді әрі жағымпаз болу қажет екенін түсінді, бірақ өз мінезінен қайтпады. Отбасында әкей «турашыл болуға моралдық қақым бар, себебі жастайымнан жетім қалдым, балалар үйінде тәрбиелендім, соғыс жылдары өлімге бас тіктім» деуші еді. «Бұндай өмірлік тәжірибесі жоқтар өзгерсе өзгере берсін, төселсін».

Бір жоғары қызметтік кабинеттен екіншісіне көшіп, сыйлық пен марапатты сұрап алатын, билікке «мадақ жыр» айтып, ал сыртынан жамандайтын біздің кейбір шығармашылық қайраткерлерге қарай отырып, әкейді еске аламын да, оның дәл осындай: өр мінезді әрі өз ісіне жауапты қарағанына ризалығымды білдіремін. Тіпті еш кінәсіз өзекке тебілген өкінішті жылдарында әкей біреуге «бас ию», кешірім іздеп жұмыс сұрауды ойлаған да емес. Өмірінің соңғы жылдары ол тек мен үшін қам жеді, өйткені өзінің жоғарғы басшылықпен қарым-қатынастарындағы

түйткілдер одақтық министрліктегі менің жұмысыма кері әсерін тигізе ме деп алаңдады. Бұлай алаңдауға себеп те жоқ емес, өйткені әкемнің ашық қарсыластары немесе тасада тұрып тас лақтыруды қалайтын жасырын жаулары оның ұлының Мәскеуде, демек республика шенеуніктерінен тәуелсіз жұмыс істеп жүргені ұнамайтын. Әйтеуір, КСРО СІМ басшылығын ауыл арасының, «жергілікті» арандатуды көздейтін жасырын әрекеттері қызықтырмайтын, ол кезде адамдарды ең алдымен іскерлік және моральдық қасиеттеріне қарап бағалайтын.

Шығармаларын орыс тіліне аудару проблемасы әкейді ойландырмай қойған жоқ. Бұл іске мәскеулік аудармашыларды тартуға материалдық мүмкіндігі жетпеді, сондықтан жергілікті әдебиетшілердің қызметін пайдалануға тура келді. Аударма ісі аса күрделі, алдымен жолма-жол аударма жасалды, соңынан орыс тілінің стилистикасына сәйкес келетін көркем форма табу қажет. Бірақ, өкінішке қарай, аударманың соңғы кезеңінің сапасы төмен шықты, тіпті жолма-жол нұсқадан кейін аудармашы бұл мәтінге қол тигізбегендей. Аудармашының өз ісіне салақ қарауының салдарынан жазушының орыс тіліндегі кітаптары көркемдік жағынан ақсап жатты. Ол қолынан келгенше аударма ақаулықтарын жоюға тырысып мәтіндермен ұзақ жұмыс істеді, бірақ жалғыз өзі, әрі тиісті тәжірибесі жоқтығынан, орыс тілді оқырманға арналған шығармаларын жетілдіруге мүмкіндігі жоқ-тұғын.

Соған қарамастан Кемел Тоқаевтың кітаптары үлкен таралыммен шығып, кітап дүкендерінде тұрып қалмай, өз оқушыларына жетіп жатты. Оқырман алдындағы мұндай табысты идеологиялық қызметкерлер мен кейбір жазушылар қызғана бастады. Кейбіреулері шытырман оқиға жанрындағы кітаптардың авторы «қомақты» қаламақыны еңбексіз алып отыр десе, енді біреулері детективтік әдебиет «классикаға» көлеңкесін түсіріп, оқырмандарды «талғамсыздыққа тәрбиелейді» деп байбалам салды. Жазушылардың бірі (айтқандай, мен оның фамилиясын білемін) мәскеулік «Литературная газетада» жазушы К. Тоқаевтың кітаптары кітап нарығын толтыратындай лайықты емес-мыс деген шағымнан тұратын лас пиғылдыхат жариялауды

ұйымдастыруға дәті барды. Бір қуаныштысы, мұндай “бықсыма” қаламгердің шығармашылығын жақсы көретін мыңдаған оқырмандардың сенімін селтірете алмады. Ал, анау бір жазушы әлі де жарық күнін көріп, сүйікті ісімен айналысуда. Тәңірі жарылқасын.

Қызғаныштың қызыл тіліне ергендер оқырмандардың ойымен санасқысы да келмеді, ресми идеология бірінші кезекте Кеңес үкіметі мен партия қызметкерлерінің әрекетін жырлайтын шығармалар тұру керек деп есептейтін. Сондықтан кітабын шығармастан бұрын әкеме еңбектің көкейкестілігін дәлелдеп, цензурадан туатын көптеген кедергілерді жеңуіне тура келді. Шығармаларын басу қиын тиіп жүргенін көріп, біз оған әзіл-шыны аралас, махаббат немесе партия тақырыбына көшуді ұсынатынбыз – сонда цензордың да үні өшеді. Бұндайда әкем атағы дардай совет жазушыларының шығармаларына еліктегенше, шытырман әдебиет жанрында алғашқы болғаным артық дейтін. Отбасы мұрағатында әкейдің кітаптарына қорытынды жазған цензура органдары басшылары хаттарының көшірмелері сақталған. Бұл хаттар цензордың кітап қолжазбаларын қалай өңдегенін дәлелдейді. «Соңғы соққы» романы туралы хаттардың бірінде шығарма авторы совет қауіпсіздік органдарының қызметін біліктілікпен ашып көрсеткен және бұл орайда мемлекеттік құпияға жататын деректерді жарияламаған деп жазылыпты. Шынында автордың бұған қалай қол жеткізгеніне таң қаласың, себебі кітапта МҚК мұрағат материалдары пайдаланылған, барынша шынайылығымен ерекшеленетін.

Әкейге үш рет милиция қызметкерлерінің жұмысына арналған әдеби байқауларда бірінші сыйлықты беріп, Ішкі істер министрлігі көп қолдау жасағанын айту керек. Ол лауреат атағымен мақтанатын, оны құрметті атақ деп санады. Өмірінің соңына дейін әкей “Милиция үздігі” белгісін тастамай тағып жүрді. ИМ басшылығы оны жас қызметкерлердің милиция ардагерлерімен кездесулеріне шақыруды дәстүрге айналдырды. Ондай кездесулерден кейін әкей үйге қанаттанып әрі толқып келетін. Оның үстіне соңғы кезде оған адамдармен жиі араласу жетіспегендіктен,

ПМ-нің назары мен жылы қарым-қатынасына көңілі серпіліп қалатын.

Мемлекеттік мұрағатта жұмыс істеп отырып мен қызық құжат тауып алдым: министр М. Есболатов пен Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы А. Әлімжанов қол койған 1975 жылғы 16 желтоқсандағы ҚазКСР Алқасы мен Қазақстан Жазушылар одағының бірлескен шешімі. Алқа Қазақстан Жазушылар одағының ішкі істер органдарымен байланыс бойынша секцияның жаңа құрамын бекітуге шешім қабылдайды. Секцияның төрағасы болып Кемел Тоқаев, ал оның орынбасарына ішкі істер министрінің орынбасары А.Е. Жданов тағайындалған. Секцияның құрамына тәжірибелі милиция қызметкерлерімен қатар, жазушылар Қ. Исабаев, Ө. Қанахин, Б. Тілегенов, Е.Әукебаев, П. Косенко еніпті.

Қазақстан қоғамы туралы әңгімеге қайта оралсақ, 80-жылдары онда белгілі бір қозғалыстардың нышаны аңғарылды. Жақындап келе жатқан өзгерістер екпіні біздің республиканы да айналып өтуі мүмкін емес-ті. Мәскеуден барлық республикаларға қоғамдық-саяси тербелістер толқыны тарайтындықтан, біреулер үмітпен, ал енді біреулері күдікпен қарай бастады. Сол бір ұзақ күттірген үмітті өзгерістер бірнеше жыл өткен соң 1986 жылғы желтоқсандағы трагедияға ұласарын ешкім білген жоқ. Бұл қайғылы оқиғаны әкей көре алмай кетті, ол туған халқының намысын таптаған Кремльдің әрекетіне төзе алмаған қазақ жастарының қарсылығына бір ай қалғанда көз жұмды.

Бүгін ол жастар туралы не айтса да, кейбіреулер олардың ашық та батыл қимылын өз пайдасына бұрғысы келсе де, тап сол кезеңдегі қазақ жастары жаңа тарихи дәуірдің бастамашылары болды. Алматы қаласындағы шеру әкейдің қыркын берумен дәл келді. Ол кісіні еске алып, көңіл айтуға келгендер өзара оқиға жайын әңгімелеп отырды. Жастарды көшеде аяусыз ұрып-соғып, жаппай қуғын-сүргін басталған, сондықтан адамдардың жүзінде күйзеліс пен торығу табы бар еді. Келген қонақтардың көпшілігі марқұм бұл күндерге жетпеді, әйтпегенде турашыл да шыншыл Кемел Тоқаев қалтарыста қалмай, жастарды қолдар еді деп бұқпесіз өкініштерін білдірді.

Біраз уақыт өткен соң Мәскеу Қазақстанда тәртіп “орната” бастағанда, біздің шығармашыл интеллигенцияның кейбір өкілдері партия бағытын жарыса қолдап, “қазақ ұлтшылдығын” айыптаған мәлімдемелерге қол қойды. Арада жылдар өткенде базбір қаламгерлер өмірлерінің осы бір сүреңсіз сәттерін еске алудан да жалтаратын. Аласапыран жылдары саусақпен санарлық тұлғалар ғана азаматтық ерлік көрсетті, солардың ішінде Жұбан Молдағалиевті, Сафуан Шаймерденовті замандастары құрметпен еске алады. Сол оқиғалар жайында айта отырып, біреуді қаралағым келмейді: бұған менің моральдық қақым жоқ.

Десек те, жаңғырығы алыстан жететін қаһарлы Желтоқсан оқиғалары ресми идеология жаршыларының конъюнктуралық көңіл-күйге бейім екендігі туралы ескі қағиданы қапысыз дәлелдейді.

1986 жылғы оқиғалар Қазақстан қоғамының азаматтық өсуі мен моральдық тазалығына сын болды. Өкінішке қарай, тағдырдың тезіне шыдай алмағандар кездесті, дегенмен халық өзінің көп жылдық тарихындағы осы бір ауыр кезенді абыроймен көтере білді. Шетелдерде шығатын көптеген саясаттанушылардың еңбектерінде КСРО-ның ыдырауының түп-тамыры Алматыдағы оқиғадан басталады дейтіні жайдан-жай емес.

Біздің мемлекетіміз қазақ жастарының ерлігін әділ бағалады. Президент Н. Назарбаев милиция қапастарында қыршын кеткен Қайрат Рысқұлбековке “Халық Қаһарманы” жоғары атағын берді. Желтоқсан көтерілісінің басқа қатысушылары да аталып өтті. Тоталитарлық жүйеге қарсы шыққан қазақ жастарының ерлігін халықтың есінде мәңгі қалдыруды көздейтін көптеген жұмыстар атқарылуда. Бұл мәселені бұрмалауға ешқандай жол беруге болмайды, трагедияны пайдаланып өздерінің атактарын шығаруға тырысатындардан сақтану қажет. Мұнда тек қана тарихи әділдік салтанат құруы тиіс. Оқиғаға қатысушылар оған әбден лайық.

Әкейдің шығармашылық еңбегіне тоқталғанда, оның өз ісіне барынша берілген айрықша табандылығын айтқан жөн. Ол 1980 жылға дейін мемлекеттік органдарда жұмыс істеді – “Қазақстан пионері”, “Лениншіл жас”, “Социалистік

Қазақстан” газеттерінің редакциялары және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы. Мұның барлығы оның табиғатына тән жоғары тәртіп пен жауапкершілігін дәлелдейді. Өмірінің соңына дейін осы әдетінен танбады.

Жұмыстан кеш келіп, асын ішіп, теледидардан жаңалықты көрген соң ұйықтауға жататын, бірақ түнгі сағат үште тұрып алады. Жуынып, шайын ішіп, жұмысқа отыратын. Біз үшін таңқаларлық жұмыс тәртібін сұрасақ, шығармашылық еңбексіз отыра алмаймын деуші еді. Ол таңға дейін оқитын, қолмен жазады немесе машинкаға басады. Ал таңғы сағат 8-де жұмысқа баруға дайын тұратын. Әрдайым таза әрі ұқыпты болатын, жұмысқа мыжылған костюммен немесе жуылмаған жейдемен бара жатқанын көрмейсің. Әкейдің сымбатты сыртқы келбеті, әрине, отағасының киімдерін тазалап, ретке келтіруден еш шаршамайтын анамның арқасы. Әкейде ешқашан көп киім болған емес – үш костюм, әрі кетсе бес жейде. Мен Сингапурде жұмыс істеп жүргенде әкеме тапсырыспен тігілген ақ және көгілдір жейде, бірнеше галстук салып жібердім. Бұл сыйлыққа оның қатты қуанғаны сөзсіз, бірақ қуанышының шын себебі дүние емес, ұлының дипломат болып жұмыс істейтіні және әкесін ұмытпай, перзенттік ықылас көрсеткені еді.

Кемел Тоқаевтың еңбексүйгіштігі мен қарапайымдылығының тағы бір дәлелі – өмірінде бірде-бір рет демалу үшін Алматыдан шығып көрмепті. Қазір бұған сену қиын, алайда әкей Қырымға, тіпті мына тұрған Ыстықкөлге де бармаған. Тек 70-жылдардың ортасында көркем туындыларын жазуды үзбей, анда-санда “Алматы” санаторийінде демалатын. Бос уақытында бильярд немесе шахмат ойнайтын. Сол жылдары жазушылар мен шенеуніктер (“шенеунік” сөзі жақында ғана айналымға енді, 70-ші жылдары “жауапты қызметкер” деген басқа сөз қолданылатын) арасында кең тараған преферансты да жек көрмеді. Әкей қызмет пен шығармашылықты сәтті сабақтағанын оның еңбексүйгіштігімен түсіндіруге бола-ды. Ол кезде бұл сирек кездесетін қасиет, мемекеттік қызметтегі адамдардың кейбіреуі ғана кітап жазумен айналысатын. Ал оның өте

көлемді әрі ауыр жұмыс екеніне мен Мемлекеттік мұрағатқа барғанда көзім жетті.

Онда, К.Тоқаевтың жеке қорында кітаптардың қолжазбалары, МҚК мен ІІМ құпия мұрағаттары материалдарынан көшірмелер жазылған жұмыс қойындәптерлері жиналған 10 папка таптым. Өзіне қажет деректерді тірнектеп жинап, ерінбестен жазып отырған әкейдің шыдамдылығына еріксіз таң қаласың. Сыншылар мен көптеген оқырмандардан жақсы пікірлер алған “Соңғы соққы” романы жарық көргеннен кейін әкей өмірбаяндық шығарма жазуды ойластырып жүрген. Анығына келгенде оны жазуға ертеден дайын еді. Материалдары да жеткілікті. Ауыр әрі жоқшылыққа толы өмірінің бүге-шігесіне дейін есінде тұрды, тек үстелге отырып, басынан өткергендерді қағазға түсіру ғана қалған. Ақыры солай істеді, әрі өте жоғары деңгейде атқарып шықты. Жазушының “Солдат соғысқа кетті” деп аталған мемуарлық шығармасы тарихи шынайылығымен ерекшеленеді. Бұл жұмысты орындау аса қиын еді, себебі Қазақстандағы ұжымдастырудың салдарларын, соғыс туралы құпияны ашуға, Кеңес әскерінің фашистермен соғысын боямасыз жеткізуге шешім қабылдау қажет болатын. Әкей Қазақстан жазушыларының ешқайсысы соғыстың ащы шындығын толығымен оқырмандарға жеткізген жоқ деп айтатын. Тек Бауыржан Момышұлы мен Дмитрий Снегинді бөлек атау керек, бірақ олар да ресми идеология шеңберінен шыға алмай, аяғына дейін айта алмады. Оның ойынша, көбі шындықты жасырып, соғысты көңілді серуендей суреттейтін, бұл жеңіс қисапсыз құрбандықпен келгенін ескермеді. Соғыс атаулыға тән нәрселер Ұлы Отан соғысында да болды: ерлік пен ездік, командирлердің стратегиялық көрегендігі мен қарапайым топастығы, шабуылдар мен шегіністер, жеңіске деген сенім мен сенімсіздік.

Маған “Солдат соғысқа кетті” романы оның авторы әкем болғандықтан ғана емес, шыншылдығымен ұнайды. Кемел Тоқаевтың соңғы іргелі шығармашылық еңбегі – өзі де ажырамас бөлігі болып табылатын қазақ халқы тарихының ауыр кезеңдерінің жылнамасы. Мен бұл кітапты жұмыс сапарларыма жиі алып шығамын, кездесулер мен

келіссөздерден босаған сәттерімде ішкі толғаныспен қайта-қайта оқимын.

Ал әкей өзінің шығармашылығына көңілі толды ма? Бұл сұраққа жауап беру қиын. Өзіне қашанда сын көзбен қарайтын, бұдан да қызықты әрі көлемді шығармалар жаза алар едім дейтін. Суреткерліктің өзіне тән заңдары билейтінін түсінді: көркем әдебиетке лайық басты қасиеттерді жоғалтпай, көпшілік оқырманның назарын аудару білу қажет.

Меніңше, бұл күрделі міндетті ол өте сәтті орындады, оның кітаптары детектив сияқты кең тараған жанрдың озық үлгісіне айналды. Әкей бұл сөзден ешқашан тартынбады, әдебиеттегі шытырман оқиға жанрының орны ерекше деп санады. Қазақ әдебиетінде детектив жанрының негізін қалаушы аталғанын оның мақтан тұтуы негізсіз емес.

IV T A P A Y

КЕМЕЛ ТОҚАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Әрбір перзент ата-анасын кие тұтады. Ол үшін әкешесі тұтынған кезкелген зат қастерлі. Маған да әкей жазған кітаптар соншалық бағалы, әрі қымбат. Мезгіл сайын оларды қайталап оқимын. Сонда менің көз алдыма түннің бір уағына дейін үстел басында тапжылмай жазу жазып отыратын әкем елестейді. Оның шаршаңқы жүзін, ұсақ әріптер жеп, әбден қызарған көзін көргендей боламын. Жұмыс үстінде ол күнәһар жер бетін тастап, биік аспанда қалықтап жүргендей елестейді. Қаламгердің қолынан шыққан кітаптардың әрқайсысының өзіндік тағдыры, тарихы бар. Әкейдің әрбір жаңа кітабы біздің отбасымызға үлкен қуаныш алып келетін. Ішкі сырын ақтара бермейтін, сезіміне әрдайым ұстамды әкей, дегенмен әрбір кітабына жұмсаған ауыр еңбегі аяқталып, оқырманға жол тартарда іштейгі қанағат сезімін жасыра алмайтын. Кітаптарының дүкен сөрелеріне түскеніне қуанбады десек, ақиқаттан алшақ кетер едік.

Бұл сезім маған да таныс, халықаралық қатынастар тақырыбына арналған кітаптарым жарық көргенде өзім де

сондай күйді бастан кештім. Десем де, мен әкемнен өз-өзін сынай білу қасиеттерін үйренген тәріздімін. Кітап жарыққа шыққан сайын кейбір сәттерді одан да тартымды, қызықты жазар едім деп өкінемін. Кемел Тоқаев та қолына қарындаш алып, баспадан шыққан шығармаларын түзеп отыратын.

Үйімізде кітап көп болғанын айтып кеттім. Бала кезімізден мен, інім мен қарындастарым көркем сөзге құмар болдық, мектеп бағдарламасынан тыс, өзіміз үшін де көп оқитынбыз. Ол кезде телевидение қазіргідей адамдардың көзқарасын қалыптастыратындай жойқын сипат ала қоймаған, ақпараттың сарқылмас қайнар бұлағы кітаптар болатын.

Кітапқа құмарлығым өз болашағымды халықаралық журналистикамен байланыстырсам деген ойға жетеледі. Бозбала шағымда бір ірі газеттің шетелдік тілшісі болуды ерекше армандадым. Сосын әкейге Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтына түскім келетінін айттым. Бұл ұмтылысымды ол қызу қолдап, институттың қабылдау комиссиясына хат жазуға кеңес берді. Сол бір хатымды парақтан парақ қоймай әбден ұзақ жазғаным есімде. Ресми орындарға алғашқы өтінішім де сол болар, әйтеуір есімнен кетпестей сақталып қалды. Екі аптадан кейін институттан Мәскеуде қандай емтихандар тапсыруым қажеттігін түсіндірген жауап хат келгендегі таңданысымды жеткізудің өзі қиын. Тағдыр менің жолымды басқа арнаға бұрғанымен, журналист болсам деген сол бір жастық арманым жүрегімнің құндағына бөленгендей, жазу үстеліне отырып, кітап, мақалалар мен сұхбаттар жазуға аңсарым ауып кететін сәттерді жиі бастан кешемін.

Мен, әлбетте, әкемнің қаламгерлік қызметіне толық талдау жасайын деп отырған жоқпын, оның шығармаларын зерттеу де мақсатым емес. Бұл кәнігі сыншылардың ісі ғой. Оқырмандарға жазушы Кемел Тоқаев туралы көкейімде жүрген ойларымды әңгімелеп беруді ғана парыз санаймын.

Ешкім оқып жазушы болмайды. Жазушылық –жаратқанның сыйы. Сол сыйдың қадір-қасиетін біліп, шеберлігін шыңдау үшін күні-түні талмай еңбек еткен адам ғана дегеніне жетеді. Әйгілі ойлап табушы Томас Эдисонның дәл айтқанындай: “Данышпан дегеніміз – 1 пайыз рухтану және 99 пайыз тер төгу”. Кейде шығармашыл адамдар құдайдың

берген осы қабілетін дұрыс пайдалана алмайды. Әдетте бұл өмірбаяны таяз, жазам деген шығармасына арқау боларлық өмірлік дерегі аз адамдарда кездеседі. Әлем әдебиетінің, соның ішінде қазақ әдебиетінің тарихында тұлпар таланты болғанымен, ұзаққа көсіліп шаба алмай орта жолда болдырып, қалған өмірінде бұрынғы жеткендеріне қанағат етумен жүрген қаламгерлер аз емес. Керісінше, таланты әлгіден кем түскенімен, өмірден көргені, көңілге түйгені мол жазушының даңқ тұғырына көтерілгені жайында мысалдар көп.

Кемел Тоқаевқа ойша орала отырып, оның өте күрделі, қат-қабат, көбінесе қайғылы оқиғаларға толы өмір сүргенін тағы бір айтып өтпекпін. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында ол не көрмеді десеңші! Қабырғасы қатпаған қаршадай кезінде ата-анадан айырылып, тұл жетім қалған ағайынды екі баланың басынан кешкен тарихы бірнеше кітапқа жүк боларлық. Жұрт жаппай аштан қырылып, ел арасын тұтас дерт жайлаған сол бір қиын-қыстау кезде олар бірін-бірі жетектеп жүріп аман қалған. Балалар үйіне тап болып, содан жан сақтаған. Ондай мекемелерде өмірдің қандай екені белгілі ғой. Кім күшті, мақсатшыл болса, солар ел қатарына қосылды.

Әр кезде айтып отыратын әңгімелеріне қарағанда, әкей қаршадай кезінде-ақ қайырымы кем қатал ортада жасымай, өмірден өз орнын алу үшін күрескен. Десе де, жас баланың кіршіксіз пәк жан-дүниесі соншалық зәру мейірім мен жылылықты бойына сіңіруге дайын тұрған. Ата-ананың аялы алақанын аңсап, жарымжан көңілді уайым басып, мұң торлайды ғой. Ол көп әділетсіздік көре жүріп, өмірдің бұрқ-сарқ қайнап жатқан қазанына түсіп ерте есейді, тез шыңдалды. Осының өзі “ересек” өмірінде, мейлі, соғыста немесе кейінде адамдардың қиянаты мен әділетсіздігіне ұшырағанда, талай қиындықтарды жеңуіне жәрдемін тигізді.

Оның әкесі де, шешесі де сол балалар үйі, сол мемлекет еді. Ол кісі бар жақсылықты мемлекеттен көрді, Отанның ұлы болып ержетті. Әкей үшін Отан деген ұғым бәрінен жоғары тұратын. Билікке қатысы бар кейбір адамдарға қанша ренжісе де, туған жер мен елінің қасиетіне ешқашан

күмән келтірген емес, Қазақстанның нағыз патриоты еді.

Кемел Тоқаевта жекеменшіктік психология деген атымен болмайтын, қоғамның, мемлекеттің мүддесін әрқашан бәрінен биік қойды. Бір қызық мысал келтірейін: ол Отан соғысының ардагері ретінде өзіне кәсіподақ ұйымы тегін берген саяжайлық учаскеден бірнеше рет бас тартты. Оның шытырмандық жанрды таңдап алуы да, менің ойымша, осы мінезімен байланысты шығар. Қаламгердің қай шығармасын оқысаңыз да, мемлекеттік мүдде мен кейбір жекелеген адамдардың жеке басты күйттеп, жосықсыз байлыққа ұмтылуының арасындағы ымырасыз күрес жүріп жатады. Қоғам тарапынан қарсылыққа ұшырамаса, мұндай адамдардың тоқтаусыз тәбеті, әсіресе саяси дәмесі мемлекеттік мүддеге қисапсыз зиян келтірерін адамзат тарихы сан мәрте дәлелдеген шындық. Мұндай жағдайда қоғамның шырқы кетіп, ішкі үйлесімі бұзылып, ақырында қарапайым халық зардап шекпек.

Арқа сүйер асқар таудай әке, ағар бұлақтай жүрегі мейірімге толы аяулы анасынан ерте айрылған Кемел Тоқаев өмірдің осындай әділетсіздігіне тым ерте тап келді. Адамдардың қиянатын өз басынан өткергендіктен, ол әрдайым әділдікке, қайырымға ұмтылды. Ақкөз өктемдікке өшпенділік сезім оның жігерін қайрады, турашылдыққа бастап, қаталдыққа үйретті, алайда қатыгез болған жоқ. Болмысына тән бұл қасиеттері, әрине, жазушының шығармашылығына әсерін тигізгені хақ. Қайбір туындыларында қылмысты тексеру кезінде айтылуы тиіс жауыздық көріністер сипатталғанымен, Кемел Тоқаевтың шығармашылығы гуманизм идеяларына толы. Менің ойымша, егер оның қазақ әдебиетіндегі жаңа, “криминалдық” бағыттың негізін қалаушы екенін ескерсек, бұл арада автор ұстанымының маңызы өте зор.

Жазушы аз емес. Жақсы жазушылар да, құдайға шүкір, жетерлік. Кезінде “өндірістік тақырыпқа қалам тартты, социализмді жырлады” деп дәріптелген қаламгерлердің кейбіреуі ұмытылған. Себебі шығармаларының мазмұны уақыт сынына төтеп бере алмады, бүгінгі оқырманды мүлде толғандырмайды. Сол жазушылар бір сәттік қана мәні бар мәселелерге алданып қалды. А. Чеховтың заманында 300

әңгіме жазған Лейкин деген жазушы өмір сүрген. Заманында аты дүркіреп тұрған сол адамды қазір кім біледі? Александр Фадеевті совет идеологиясы классик деп дәріптеген, қазіргі кезде оның “Жас гвардиясын” білетіндерді табу қиын, ал Ахматованың, Мандельштам мен Пастернактың және Шолоховтың шығармаларын әдебиет сүйер қауым әлі де іздеп оқиды.

Кемел Тоқаевты бұл әйгілі қаламгерлермен қатар қояйын деген ойым жоқ, дей тұрғанмен, көптеген адамдар оның кітаптарын ұмытпағаны көңілге қуаныш ұялатады. Әкемнің қаламынан шыққан туындыларда басты кейіпкерлер нақты өмірден алынғандай әсер қалдырады, олар жалпы оқырманға таныс хәм түсінікті. Жазушы өз қаһармандарын күнделікті өмірде біздің жанымызда жүргендей, боямасыз, бүркеусіз суреттейді. Әсіресе милиция қызметкерлері мен чекистер бейнесінің осы тұрғыда берілуі өзін ақтаған. Кемел Тоқаев құқық қорғау жүйесіне қатысты советтік детектив әдебиетінде қалыптасқан қасандықтарды қабылдамады. Оларды асыра мақтап, жарқырата жаза бермей, күнделікті еңбек адамдары ретінде суреттейді.

Кітаптарын қайталап оқу арқылы жазушының белгілі бір шамада уақыттан озғанын байқаймын. Әкемнің ой-толғауларының сүзгісінен өткен қаһармандары, кәдуілгі артықшылықтары мен кемшіліктері бар нағыз адамдар.

Жазушы кітап жазып отырғанда барлық кейіпкерлерді бір өзі ойнап шығады ғой. Бұл, әрине, әркімнің қолынан келе бермейтін, хас таланттарға тән сипат. Десе де, мен кейде табиғатында жаны жұмсақ, аяушылық сезімі күшті адам Кемел Тоқаев роман, повестеріндегі қатыгез қылмыскерлердің шынайы бейнесін қалай жасады екен деген ойға қаламын. Оның шығармашылық талантының осы қыры терең талдауды қажет етері анық. Иә, әкей көп нәрседе жұмбақ жан еді. Оның әлемінде бір құпия бар – айтуір, менің өзіме солай көрінеді. Дәл осылайша қайшылықты адам болатын, бұл да өзіндік ерекшелігі мол, жарқын тұлғаларға тән мінез ғой. Әкем көңілді де мұңды, ұстамды да сезімтал жан деймін.

Ол кісі маған көп сырын ақтарды, айтылмаған, айта алмай кеткен мұң-шері де аз емес шығар. Екеуіміздің арамыздағы

сондай қимас күндер есіме түскенде, оған деген сағыныш көңіліме мұң қамайды. Өкінетінім – сырласу сәттеріміз аздау болыпты. Алды-артымды толық танып болмай жатып Мәскеуге оқуға кеттім, каникул уақытында ғана Алматыға, ата-анама келіп тұрдым. Оқу бітірген соң шетелдердегі көп жылдық дипломаттық, көшпелі өмірім басталды да, екеуміздің дидактасып, сырласуымыз сирей берді.

Кемел Тоқаев шын мәніндегі зиялы еді. Адамдар туралы ешқашан өсек айтпайтын, артық сөзі жоқ, реніші мен көңілі толмаған сәттерін сыртқа шығара бермейді. Мұндай мінез әркімде кездесе қоймауы мүмкін. Оның әріптес-жазушыларының бірінің сыртынан партияның ОК-ге немесе МҚК-ге арыз жазуын, яки жала жапқан мақала ұйымдастыруын елестетудің өзі мүмкін емес. Ал мұндай адамдар шығармашылық ортада болды, аттары да мәлім. Қазақстанның тәуелсіздігі кезінде дәл сол адамдар тоталитарлық өткенді қарғап-сілеп, жастарды патриоттық пен өзге де ізгіліктерге үйрете бастады.

Әкей қиын немесе ыңғайсыз жағдайға тап болған басқалар үшін әрдайым мазасызданатын. Бірде мен оның белгілі жазушымен шахмат партиясына куә болдым. Басында ап-анық жеңіп отырған, бірақ партияның соңына қарай шахмат фигураларын теңестіріп, ойынды тең аяқтауға жеткізді. Менің таңырқаған сұрағыма әкем былай деді: “Адамды, оның үстіне осындай белгілі де құрметті кісіні ыңғайсыз жағдайға қалдыру орынсыз, әрі сенің алдыңда олай еткенім жөн болмас еді”. Мен үшін бұл сөздер үлкен өмірлік сабақ болды.

Кітаптарының қаһармандары да көбіне өзіне ұқсайды, олар – адамгершілігі биік, ұстамды, табиғатынан зиялы, мінезі орнықты, жарқын және үлкен жүректі, жомарт әрі қайырымды жандар.

Менің Кемел Тоқаевты көкке көтеріп мақтай бергім келмейді. Түптеп келгенде, әкем жайлы ойларымда ұлының әкесіне деген перзенттік құрметінің ыстық табы бар, басқаша айтқанда, субъективті пікірге жатады. Алайда бұл әбден табиғи, оны түсінуге де ақтауға да болады. Өйткені әрбір перзент өз әкесінің тек жақсы жақтарын көруге ұмтылады емес пе. Сондықтан мен де әкейдің еңбектеріне

осындай көзқараспен қараймын, өзімнің жеке бағамды беремін.

Кеңес заманында өмір сүрген Кемел Тоқаев сол дәуірдің идеяларын көзсіз таратушыға айналған жоқ. Алдыңғы тарауларда мен жазушының бірде-бір еңбегінде коммунистік идеологияны мадақтаудың кездеспейтінін айтқанмын. Оның кітаптарын тағы бір оқып шығып, басты қаһарманы жан-дүниесі мен көңіл күйі әралуан сәттерін бастан кешетін, өзіндік қуаныштары мен қайғысы бар адам екенін айқын сезінемін. Түрлі тағдыр, ұқсамайтын образдар. Мен, әрине, олардың барлығы бірдей кемшіліксіз деп айта алмаймын. Солай бола тұра, әр кезде жарық көрген туындыларының көбі уақыт сынынан мұқалмай өтті. Бүгінгі күні де жазушы Кемел Тоқаевтың кітаптарын іздеп, қадірлейтін адамдар аз емес екен.

Шынында да, оның шығармаларын оқып отырып ойланасың, тәлкекке түскен тағдырларға жаның ауырады, қылмыс әлемінің шегінен асып, қоғамды қамтыған қатыгездігіне қиналасың, күйінесің. Белгілі бір мағынада Кемел Тоқаев таңқаларлықтай көрегендік танытқан сияқты, ол адамзатты ірі сынақтар күтіп тұрғанын ескерткен, дәстүрлі құндылықтар мен жоғары адамгершілікке сенімнің құлдырауы жаппай нигилизм мен торығуға жеткізеді.

Ол кісінің сонау 50-ші жылдардың екінші жартысында тәртіп сақшыларының өмірінен жазылған “Тасқын” хикаясында шынайы өмір бар. Қым-қиғаш тағдырлар, сан-қилы оқиғалар оқырманды баурап алады. Осы шығарма жазылғалы жарты ғасырдай өтіпті. Қоғамдық қарым-қатынас түбегейлі өзгеріске ұшырады, тіпті адамдардың өздері де өзгерді. Қазіргі әлемдік құрылысқа тың көзқарас әдебиеттің мазмұны мен сипатына жаңа әсерін тигізетіні түсінікті. Қазақ әдебиетінде шыншылдық деңгейі өсті, қалам шеберлерінің қарымды қуатымен көптеген лайықты туындылар дүниеге келді. Ұлттық әдебиетіміз барынша жоғары деңгейге көтерілді. Қазақ жазушылары ой тереңдігі мен стиль ерекшелігі жағынан шетелдік әріптестерінен бір мысқал да кем емес, тіпті көп жағдайда асып түседі деп санаймын. Мәселе басқада: сапалы аударманың, әсіресе ағылшын тілінде, жоқтығынан олардың шығармаларын

шетелде аз біледі. Орыс тілінде де солай. Егер М. Әуезовтің “Абай жолы” жақында ғана біршама жоғары көркемдік аудармада жарық көрсе, қазіргі заманғы жазушылар туралы не айтуға болады! Егер біз өз жазушыларымызды лайықты бағаламасақ, онда шетелдік сыншылар мен оқырмандардан не күтеміз? Маңдай терімен бүгінгі қазақ әдебиетінің негізін қалаған қаламгерлерді ешқашан естен шығаруға болмайды. Осыған байланысты тағы бір сұрақ мазалайды: Пауло Коэльо дегеннің сапасыз, мағынасыз кітапсымағына қалайша таңдай қағып тамсануға болады, ол Қазақстан туралы жолжазбаларын “роман” деп атапты, ал сол кезде қазақ қаламгерлерінің шын мәніндегі жарқын туындылары тасада қалады!

Бұрынғыға баға бергенде бірбеткей кетіп, жөнсіз жорамал жасауға болмайды. Кешегісіз бүгін жоқ. Сондықтан өткенге құрметпен қарағанымыз абзал. Өмір қаншалық өзгеріп, адам санасы сапалық тұрғыдан жаңғырды дегенмен, біздің өткеніміз – әкелеріміздің күш-жігерімен, ақыл-парасатымен жасалған рухани байлық, демек, оны мансұқтауға мүлде болмайды.

Жоғарыда айтқанымдай, Кемел Тоқаев әдебиетте өзіндік орнын алды. Оған тән көркем шығармашылық ерекшелікті ешкім жоққа шығара қоймас. Жазушының қаламынан туған “Соңғы соққы”, “Солдат соғысқа кетті”, “Ұясынан безген құс”, “Көмескі із”, “Таңбалы алтын”, “Түнде атылған оқ”, “Сарғабанда болған оқиға” сияқты кітаптары әлі талай ұрпақтың кәдесіне жарайтын шығар.

Әкейдің “Соңғы соққы” романына арнайы тоқталғым келеді. Бұл шығарманы әдеби сын қазақ әдебиетіндегі аз кездесетін нағыз детективтік роман деп бағалағаны есімде. Ол кісі бұл романды жазуға отырғанда, “қалай болар екен, “Атаманның ақыры” фильмі шықты, романның жалпы мазмұны белгілі” деген сияқты күдіктер мені мазалағаны рас. Атаман Дутовтың көзін жоюға байланысты оқиғаның кітапта жазылған нұсқасы күткендегіден асып түскендіктен, күдігімнің бекер болғанына қуандым. Роман сәтті шықты.

Мұның себебі – фильм туралы сан түрлі қайшылықты пікірлер айтылды. Баспасөзде “Тарихи фактілер бұрмаланған, нағыз шындық басқаша” деген пікірлер жарияланып

жатты. Әңгіме аяғы өршіп, дау басылмай тұрған кезде осы тақырыпқа бару үшін тәуекел керек еді. Жазушы тәуекелдің қайығына мініп, аласұрып жатқан ашық теңізге шығып кетті, өйткені өзіне сенімді болатын. Себебі, аталған тақырыпқа шығарма жазуға жылдар бойы дайындалды. Барлық бос уақытында МҚК және ПМ мұрағаттарын ақтарды, қажетті деректерді тірнектеп жинады. Осы бір жанкешті тірлікке қарай отырып, менің есіме көрнекті қалам шебері Томас Маннның “Жазушы – басқа адамдарға қарағанда жазуы анағұрлым қиын адам” деген қанатты сөзі түседі. Әкейдің еңбегі ақталды ақыры.

Роман туралы баспасөз қазақ әдебиетіндегі өзіндік құбылыс ретінде бағалап жазып жатты.

Ол кезде Сингапурде қызметте едім. “Соңғы соққыны” оқып шығып, романның жақсы жазылғанын айтып, әкейге хатпен сүйінішімді жеткізуге асықтым. Мен, тіпті, бұл кітап – оның шығармаларының ішіндегі озығы деп айтқаным есімде. Әкей мұндай бағаға қуанып, жауап хатында романды жазуға көп күш жұмсағанын баса айтқан екен. Роман ширақ басталады. Облыстық ревкомнан уездік милиция бөліміне келіп жатқан жедел хаттар оқырманды бірден оқиға ортасына қарай жетелей жөнеледі. Бұл тәсілді ол кісі өте тиімді пайдаланған. Жалпы әкей қай шығармасының да тартымды шығуына, сюжеттік желіні ширақ құруға мейлінше көңіл бөлетін. Бұл еңбегінде де сол жорғасынан жаңылмаған. Шымыр да ширақ өрбитін шым-шытырық оқиғалар оқырманды жетектейді де отырады. Диалогтары жігерлі, қимылға, әрекетке шақырады.

Романның қамтитын панорамасы өте кең. Суреткер атаман Дутов пен оның көзін жоюға мүдделі аз ғана топпен шектеліп қалмайды. Революциядан кейінгі кезеңді толыққанды, нақты көрсету үшін ел өмірін жан-жақты зерттеген, сол кездегі ауылдың тұрмысын, тыныс-тіршілігін ой елегінен өткізіп, өзіне керектісін екшеп алған. Жазушы назарынан төңкеріс дауылына ұшыраған адамдардың өмірінің бір қарағанда көзге іліне бермейтін ерекшеліктері де қағыс қалмайды. Автор уақыт тамырын тап басып, сол кезеңнің әлеуметтік ахуалын боямасыз анық суреттейді.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі жылдары Қазақстан,

әсіресе Жетісу өлкесі бірден тынышталып, мамыражай тірлікке көше қойған жоқ. Ішкі жақтан қопарыла көшкен ақгвардияшылар Жетісу жері арқылы өтті. Атаман Анненковтың далалық дивизиясының Жетісуда бір жарым жылдың ішінде қандай ойран жасағанын тарих айтады. Жүкті әйелдердің қарнын жарып, өліктерді Алакөлге тастаған. Жас әйелдер мен қыздарды туыстарының көзінше масқара зорлыққа ұшыратқан. Қаннен-қаперсіз тыныш жатқан қазақ ауылын тып-типыл ғып өртеп жіберген. Мұның бәрі жергілікті халықтың әділетті наразылығын туғызып, әскери казак құрамаларына қарсы көтерілген.

Дәл осы кезеңде тоз-тозы шығып, бытырай қашқан ақгвардия бөлімшелері бас біріктіріп, тегеурінді қарсылық көрсетуге тырысады. Сондай ірі құрама атаман Дутовтың армиясы болатын. Қытайға барып бекініп, қарсы шабуылға дайындалған, мұздай қаруланған Дутов армиясы жаңа құрылған жас мемлекет үшін үлкен қауіп туғызды. Сондықтан Төтенше комитет облыстық ревкоммен бірлесіп, атаман Дутовтың көзін жою жоспарын жасайды. Бұл жоспар сәтті орындалды.

Роман детективтік сипатта жазылғанымен, менің ойымша, бұл тарихи шығарма. Қандай шығарма жазса да, жазушы бірінші кезекте оқиғалар мен тарихи тұлғалар жайындағы өз ойына сүйенеді ғой. Мысалы, “Соғыс пен бейбітшілік” 1812 жылғы Отан соғысының хронологиялық көшірмесі емес. Сондықтан ондағы тарихи тұлғалар да Л. Толстой фантазиясының жемісі. Әйгілі жазушының шығармашылығын зерттеуші ғалымдар: “Қутозов деген Лев Толстой”, – дейді. Сол сияқты кейбіреулер Наполеонның бойынан Толстойдың қасиеттерін іздейді, тауып жүргендер де бар. Осыған орайлас пікірді А. Толстойдың “Петр бірінші”, В. Шукшиннің Степан Разин туралы шығармалары хақында да айтар едік. Демек, көркем шығарма тарихтың көшірмесі емес. Әйткенмен жазушы тарихи шындықтан алыс кете алмайды. Бұл әмбеге аян ақиқат.

Кемел Тоқаев “Соңғы соққы” романын жазғанда осы принципті берік сақтаған сыңайлы. Мұрағат материалдарының негізінде романда О. Жандосов, Б. Шагабутдинов сынды ірі тарихи тұлғалардың көркем бейнесі сомдалған.

Автор нақты құжаттарға сүйене отырып, біздің тарихи әдебиетімізде тұңғыш рет чекистер Чанышев пен Худжамьяровтың ауыр еңбектері жайында әңгімелейді. Олар Дутовтың сеніміне кіріп, кейін кек алу операциясын сәтті аяқтаған. Романда сталиндік репрессия құрбандығына ұшыраған батыл чекистердің қайғылы тағдырлары баяндалады. “Атаманның ақыры” фильмінде жарқын да бірегей актер Асанәлі Әшімовтің арқасында Дутовқа кесілген жазаны чекист-қазақ орындаған екен деген ой қалыптасады. “Соңғы соққыда” Чанышевтің татар екені нақты айтылады, ал Худжамьяров – ұйғыр. Кітапта ақгвардияшылар бұл чекистерден жауыздықпен өш алғаны суреттеледі: шекарадан өтіп келіп, олардың отбасын тып-типыл бауыздап кеткен. Әсіресе Худжамьяровтың жақындары зауалды зардап шеккен.

Соңғы он жылда Ресей авторларының ықпалымен казак атамандарын дәріптеп, коммунистерге қарсы күрескерлер және патриархалды Ресейдің ғасырлық мүдделерін қорғаушы ретінде олардың әрекетін әсірелеп көрсету етек алды. Алайда казак қозғалысының көптеген басшылары жан түршіктірер хайуандық зұлымдыққа барғанын ұмытуға болмайды. Кемел Тоқаевтың жеке мұрағатынан мен МҚК-нің құпия материалдарынан жазылып алынған деректерді кездестірдім. Құжаттар казактардың соғыс тұтқындарына және бейбіт халыққа көрсеткен қисапсыз қорлығын айғақтайды. Қанды ізін атаман Дутов бастаған Орынбор армиясы және атаман Анненковтің Жетісу армиясы қалдырған. Олардың Қызыл Армия әскерлеріне және қарапайым шаруа отбасыларына жасаған қиянаттарын жабайы жыртқыштық деуден басқаша атау қиын. Күндерінің тақағанын сезген казактар мыңдаған адамдардың көзін жойды. Сондықтан атамандардың абыройсыз ақыры белгілі-тұғын.

“Соңғы соққы” көркем шығарма болғандықтан, қаламгер тарихи жайттарды шынжыр бауындай табелей бермейді. Романда сол замандағы саясаттың бет-бейнесі, халықтың өмірі, әлеуметтік жағдайдың ерекшеліктері бар бітім-бояуымен көрінеді. Рас, аталған роман жарыққа шыққан тұста социалистік реализм әдісінің айдарынан жел есіп, айтқаны өтіп тұрған. Сол себепті көптеген

жазушыларымыз өз кейіпкерлерін кәдімгі өмірдегі адам келбетінен айырып, олардың тағдырын социалистік кезеңдегі әлеуметтік-тарихи тенденцияның жалаң бейнесіне айналдырып жібергенін көпшілік біледі. Мен Кемел Тоқаев шығармалары идеологияның кебін кимегендіктен күні бүгінге дейін “ескіріп” қалмағанына тәубә деймін. Сақшылар мен чекистердің ауыр еңбегі жайында әңгімелей отырып, олардың партия нұсқауларын емес, өз қызметтерін адал атқарғанын жазады, кітаптарында социалистік құрылысты дәріптеу кездеспейді. Білетінім – әкей шығармаларында өмірдегі нақты оқиғалар мен көркемдік қиялды жымдастыруға бар күшін жұмсады. Ойымша, бұл қиын міндетті қаламгер сәтімен жүзеге асыра білді – шығармалары ырғақты, мазмұнды әрі қызықты оқылады.

“Стиль деген – адам” деген сөзді К. Маркс қайталап айтқанды ұнатады екен. Кемел Тоқаевтың кітаптары оның өз мінезінің айшықты айғағындай: ол пайым-парасаты толысқан, көрнекті адам еді. Қолжазбаларының өзінен ұқыптылығы мен тыңғылықты еңбекті қапысыз танысыз. Мен осы кітаптың алғашқы тарауларында әкемнің қиын да қайғылы балалық шағы, отқа оранған жастық шағы және тар жол, тайғақ кешумен әдебиетке барған өзіндік жолын айтып өткенмін. Трагизмге толы тағдырының табы оның шығармаларынан білінбеуі мүмкін емес, барлығында дерлік кейіпкерлері арқылы көрінетін тарқамас мұң бар. Олар сөйлесіп сырласады, шаттанып қуанады, алдағы күндеріне жоспар құрып, арман құшағына беріледі, бірақ, қалай дегенмен, жазушының ішкі дүниесінен шыққан бұл кейіпкерлер басқаға ұқсамайды. Көркем бейнелердің жалпы тобынан қоршаған ортаға көзқарасы жағынан бөлектеніп тұрады. Кітаптарын мұқият оқыған сайын қаһармандарының дүниетанымында өнбойы өріліп отыратын тылсым уайым табы сезіледі.

Менің білетінім – әкемнің көкірегінде сондай бір айықпас мұң жататын және ол ешқашан сарқылып біткен емес. Бұл, бәлкім, арманда кеткен жалғыз бауырына деген сағынышы болар, әлде өзі Уильям Теккерейдің сөзімен “мансапқұмарлық жәрмеңкесі” деп жиі атайтын қазақ қоғамының менменшіл, жәдігөйлігінен жаны жүдегеннен

бе? Мүмкін, өзімен бірге мәңгілікке ала кеткен басқа бір құпиясы болды ма, кім білсін.

Әкейдің шығармаларының саны аз емес. Таралымына да өкпе айтудың жөні жоқ. Ол кісі әдебиетке көзсіз берілген жан еді, сондықтан күн демей, түн демей еңбек етті. Басқа жазушылармен салыстырғанда жеке мүдделерін насихаттаумен айналыспады, сөйте тұра, барлық шығармаларында өмір шындығы мен көркем шындық астасып, кірігіп, жақсы жарасым тапқанын оны жақтырмағандардың өзі мойындайды. Мұндай шеберлікке қалай қол жеткізді, ол жағы қазір, бәлкім, ешқашанда түсіндірілмейтін талант сыры шығар. Қаламгердің құпиясы да осында. Ол өмірде де ерекше болатын, кейде түсініксіз адамдай көрінетін. Басқаларға ұқсамайтын, кітаптарына да беймәлім күштің әсеріндей өзіндік айрықша мінез-құлық тән еді. Әлдебір өркөкірек жазушының “Өмірдегі ең басты іс – өмір, іс емес” деп айтқаны бар. Әкей өмір бойы осы жалаң пайымды жоққа шығаруға тырысты. Иә, ол өмірді сүйді, алайда ең бастысы – іс деп санады. Ол үшін бұл іс – көркем әдебиет еді.

Үлкен әдебиетте Кемел Тоқаев өз Сөзін айтты. Туған перзенті ретінде мен оның Сөзі шынайы, ақиқат және әділ екедігіне кәміл разымын. Бұлай болуы да заңды. Кемел Тоқаевтың өзі де нақ сондай: шыншыл, адал әрі тәкаппар адам еді. Оның көркем шығармашылығын қадірлеушілер мен замандастарының есінде тап осы бейнеде қаларына кәміл сенемін.

V T A P A Y

КЕМЕЛ ТОҚАЕВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНДАСТАРЫ

Әкей күрделі, әрі қарама-қайшылығы қат-қабат болса да, өзіндік қызығы бар кезеңде ғұмыр кешті. Ол дүниеге келгенде Қазақстанда Кеңес үкіметі нығайып, таптық қанды күрес ымырасыз қарқын алған. Ата-анасынан тым ерте – халқымыздың екі миллионнан астамы қырылған қаралы коллективтендіру жылдары айырылды. Кейінірек

жүздеген мың кеңес жауынгерлерімен бірге Отанын жаудан қорғап, сұрапыл соғыста Украина, Белоруссия, Польша жерлерін жаудан азат етті. Сталинградты фашист басқыншыларынан қорғауға қатысты. Сөйтіп, 20 жасында өзінен ересек бірнеше адамға жетерлік өмір мектебінен өтті. Соғыс оны шыңдағанымен, ғұмыр бойы іздеп, сағынумен өткен жалғыз бауырынан айырды. Ауыр жарақатына қарамастан университетке түсіп, жоғары филологиялық білім алып, көптен аңсаған арманы – журналист және жазушы болды. Ол төрт бірдей тарихи – сталиндік, хрущевтік, брежневтік және аз уақыт горбачевтік кезеңнің куәсі болды. Олардың әрқайсысы әкейдің өмірлік көзқарасы мен шығармашылығына өзінше бөлек із қалдырды.

Кемел Тоқаев қазақ әдебиетіне шытырман оқиғалы детектив жанрын алғаш әкелген қарымды қаламгер ретінде қоғамға танылды, есімі жұрттың есінде қалды. Шығармашылық талантымен бірге бойындағы тазалық, адалдық, шыншылдық қасиеттерімен дараланды.

Әкем жайында қазақтың шығармашыл зиялы қауымының көптеген өкілдері қызықты естелік әңгімелерін айтқан кітап жарық көрді. Мен олардың барлығына шынайы алғысымды білдіремін.

Өз тарапымнан, әкей жақсы араласып, өмірінің қызығы мен қиындығын бөліскен тамаша адамдар жайында айтуды парыз санаймын. Бұл азаматтар, мейлі, мемлекет қызметінде болсын, шығармашылық қайраткерлері болсын, әке тағдырының ажырамас бөлігі еді. Замандастары ісімен де, ақыл сөзімен де көмектерін аяған емес. Әкем де ол кісілерге тек жақсылықпен жауап қайтаруға тырысты.

Кемел Тоқаев мемлекет қызметін шығармашылық жұмыспен ұштастыра білді. Оның достарының ішінде қаламгерлер, әскери адамдар, мемлекет қызметіндегілердің жиі кездесуі де сондықтан шығар. Әкейдің студент шақтағы достары Саттар Имашев пен Мүсілім Базарбаев жөнінде мен кітаптың алдыңғы тарауында кеңінен тоқталдым. Шын мәнісінде осы екі азамат – әкемнің соғыстан кейінгі жылдарғы алғашқы жақын достары және ұзақ жылдар бойы олармен жақын араласып, өмірінің соңына дейін риясыз достыққа деген адалдығын сақтап өтті.

Зейнеткерлікке шығуға мәжбүр болған соң да әкем шығармашылығынан қол үзген жоқ. Дегенмен үйдегі жұмыс кабинеті табиғатында қуатты, жігерлі, өмірге құштар әкеме тарлық етті. Сөйтіп, Жазушылар одағына қызметке шақырған ұсынысты қуана қабылдады.

80-інші жылдардың басында Жазушылар одағын белгілі ақын Жұбан Молдағалиев басқарушы еді. Соғыстан кейін газет редакциясында бірге қызмет істегені бар, әрі жастарының қатарластығы екеуін тез тіл табыстырды. Жұбан аға жастайынан-ақ ақын, әрі орыс және кеңес поэзиясын қазақшаға аударушы ретінде үлкен үміт күттірген еді. Әкей оның танымал ақындардың өлең шумақтарын, өз шығармашылығымен салыстыра, шебер талдайтынын айтып отыратын. Ж. Молдағалиев табиғи талантын әдеби ортада толық мойындатып, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды. Ақынның “Мен қазақпын” поэмасы ұлттық әдебиетіміздің тарихына енді.

Бірнеше жылдан соң Жазушылар одағының Бірінші хатшылығына тағы бір атақты ақын – Олжас Сүлейменов сайланды. Өзі жақын араласқан арқалы ақынның орыс тілінде жазатынын желеу етіп, Қазақстанның Жазушылар одағын басқаруға лайық емес деп сыртынан күңкілдеген кейбір қаламгерлерді әкем қолдамады. Жазушының шығармашылық талантына әділ баға беретін оның азаматтық көзқарасы мен қалың оқырманы ғана деген пікірінен айныған емес.

80-інші жылдардың соңында Жазушылар одағының екінші хатшысы Әбіш Кекілбаев болды. Әкем Ә. Кекілбаевтың тарлан таланты оның есімін уақыт өте келе қазақ әдебиетінің алыптарының қатарына жеткізеді деп санайтын. Ә. Кекілбаев туындыларынан қазақ ұлтының өр рухы сезіліп тұрады деп жиі айтушы еді. Сонымен қатар жазушының қарапайымдылығы мен қайырымдылығын да жоғары бағалады. Уақыт әкейдің “болжамының” шындыққа ұласқанын дәлелдеді. Қазір Ә. Кекілбаев қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, саяси сабырлығы мен шебер мәмілегерлік қасиеттері арқасында күрделі жағдайларда көптеген жылдар бойы тәуелсіз Қазақстанда жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтерді абыроймен атқарды. Ол Жоғарғы Кеңестің

Төрағасы, Мемлекеттік хатшы болды, мемлекеттік кеңесші қызметінде биіктен көрінді. Күні бүгінге дейін Әбекең қоғамымыздың шынайы ілтипатына бөленген айтулы тұлға. Қазір ол кісі Қазақстан Парламент Сенатының депутаты. Ең өзекті деген тақырыптарға қалам сілтей отырып, жазушы, публицист ретінде де көп еңбектенеді.

Әбіш Кекілбаевтың әкемізге деген құрметін біздің жанұя ол кісі қайтыс болған күндері айқын аңғардық. Үйге арнайы көңіл айтуға келгенде, әкемізді өзінің “қаламдас үлкен ағасы” ретінде сыйлайтынын шын пейілімен білдірді.

Әкейдің республика Жоғарғы Кеңесі Президиумындағы ұзақ жылдарғы қызметіне тоқталғанда, он жыл бойы осы маңызды органның екінші басшысы болған Бижамал Рамазанованы айтпай өтуге болмас. Б. Рамазанова білікті басшы ретінде әркез өзінің еңбекқорлығымен, қызметтес әріптестеріне деген ілтипатымен есте қалды. Ол кісінің Жоғарғы Кеңес Президиумы хатшылығынан Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас архив басқармасы бастығы қызметіне ауысуы республика билік құрылымындағы үлкен қателік болғаны рас. Б.Рамазанова қазақстандық парламентаризм тарихына тұлға ретінде енді.

Ұзақ уақыт Жоғарғы Кеңес Президиумына Сабыр Біләлұлы Ниязбеков жетекшілік жасады. Ол ұстамды, іскер және қарамағындағы қызметкерлеріне әркез қамқорлық жасайтын басшы еді. Әкем Сабыр Біләлұлын өз қызметіне лайық деп санады. Ұжымның ішіндегі іскерлік, адамгершілік ахуал ең алдымен бірінші басшыға байланысты ғой. С.Ниязбеков құжаттардың қазақша-орысша мәтіні сапалы дайындалуына үлкен мән беретін. Әкей өзге әріптестерімен бірге заң жобалары мен қаулылардың мәтінімен жұмыс істеп, қызметтен тым кеш оралатын күндері менің әлі күнге есімде. Шындығын айту керек, әкемді Жоғарғы Кеңес Президиумы аппаратындағы әріптестері ерекше сыйлайтын. Аппараттың бұрынғы қызметкерлері бірде Кемел Тоқаевтың сол кездегі Президиум Хатшысы М. Қаржаубаевқа батыл қарсы шыққанын ұмыта қойған жоқ. Кезекті бір партия жиналысында әкем оның басшылық жасаудағы шектен тыс қаталдығы мен ұжымның жұмысына жеткілікті мән бермейтінін бетіне

айтады. Бұған дейін қарамағындағылар үлкен лауазымды басшыны жиналыста ешқашан сынамаған. Ұжымға мұндай жағдай мүлде күтпеген “жаңалық” еді, алайда олар түгелге жуық әкейді жақтап сөйлеген. Шамалы уақыттан соң әлгі басшы Орталық Комитеттің шешімімен жұмысынан босатылды.

Парламенттік органда жүріп әкем Жоғарғы Кеңес Президиумының іс басқарушысы Хамза Әбілғазинмен жақын араласты. Қазір ойлап қарасам, екеуін жақындастырған соғысқа дейінгі шалақұрсақ балалық шақтары мен майданның алғы шебіндегі сұрапыл күндер тәрізді. Әкейдің айтуынша, Х. Әбілғазин адал, шындықты бетке айтатын, аппарат қызметкерлерінің мұң-мұқтажына – пәтер алуына, демалыс үйлеріне жолдама берілуіне түсіністікпен әрі әділ қараған. Сөйте тұра, өзіне артық нәрсе сұрамаған – бұл соғыстан кейінгі ауыр кезеңді бастан өткерген адамдарға тән қасиет. Оның ұлы Бағдат қазіргі уақытта Сыртқы істер министрлігі жүйесінде қызмет етеді. Төрт жыл бойы еліміздің Өзбекстандағы елшілігінде кеңесші лауазымын атқарды.

“Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумы жаршысы” бас редакциясында жұмыс істеген әріптестері арасынан әкем Баймырза Дәуренбеков пен Жүніс Бектеповты бөле-жара атайтын. Олар қазақ тілінің терең білікті мамандары әрі аудармашы ретінде дараланып, әкеме қызмет бабында көп көмектерін тигізді. Ол уақытта қазақ тіліндегі арнайы терминология әлі қалыптасып болмаған, тіпті қазірге дейін толыққанды аударма мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Сол жылдардың өзінде редакция қызметкерлері алдында Москвада, сондай-ақ республикамызда қабылданар заңдар мен өзге де мемлекеттік актілерді қазақ тіліне білікті аудару міндеті тұрды. Әрине, мұндай жауапты жұмысты табысты жүргізу ұжым мүшелерінің кәсіби шеберлігін ғана емес, өзара түсіністігі мен көмегін де талап ететін. Солардың қатарынан Елизавета Абдулинаны атап айтуды жөн көремін. Жоғарғы Кеңес Президиумының аппаратында өзге де білікті қызметкерлер аз емес-ті, бірқатары қазір де бақуатты өмір сүріп, Ардагерлер кеңесінде қоғамдық істермен айналысуда.

Жоғарғы Кеңестегі жұмысының тым ауырлығына кара-

мастан, әкей шығармашылықпен де айналысуға уақыт таба білді. Сенбі, жексенбі күндері Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің мұрағаттарында отырып, ал түн баласы тапқан материалдарын өңдеп, әдеби қазақ тіліне “аударатын”. Ондайда әзілдеп, “күндіз Отанға, түнде әдебиетке қызмет етемін” деп шаршағанын білдірмеуге тырысушы еді.

Құқық қорғау органдарымен жұмыс бабы бойынша байланыста жүріп, МҚК Төрағасының бірінші орынбасары Әбдіманап Тілеулиевпен, Ішкі істер министрі Мақан Есболатовпен, оның орынбасары Ахмет Тұрарбековпен жақсы араласып кетті. Олар инемен құдық қазғандай ерінбей-талмай, қазақстандық чекистер мен милиция қызметкерлерінің жұмысын әдебиетке арқау етуді мақсат тұтқан әкейдің еңбегіне шынайы құрметпен қарады. Сол азаматтардың көмегімен әкей кейін өзінің көркем шығармаларына өзек болған жабық мұрағаттардағы материалдармен жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Кейбір “жабық” деректер мен құжаттарды олар жоғары жақпен келіспей, бастарын қауіп-қатерге тіге отырып бергенін әкемнің өз аузынан талай естідім.

1978 жылдың ортасында “Жалын” журналында Кемел Тоқаевтың жаңа романынан үзінді жарияланды. Оқырман қауым баспадан кітаптың өзінің шығуын асыға күтті. Алайда романның журналдық нұсқасы сол кездегі идеология қызметкерлерінің “қырағы” назарына ілігіпті. Олар еңбектің бір шағын эпизодында сөз болған Сәкен Сейфуллин мен ірі көпес Шәріп Ялымов арасындағы қатынас қайшылығын “байқап” қалыпты. Сәкен Сейфуллин бұл фактіні өзінің “Тар жол тайғақ кешу” романында анық жазды, әрі бұл жағдайды айғақтайтын құжаттар МҚК мұрағатында да сақталған. Алайда партия идеологтарының “төбе шашын тік тұрғызған” сенсациялық материалдағы С. Сейфуллиннің жеке жауы Димаш Ахметұлы Қонаевтың жұбайының әкесі болып шықты. Пиғылы терістер тыныш жүрген бе, республика басшысына Кемел Тоқаевтың журналдағы жазғаны жөнінде сыбырлап үлгеріпті. Олар, тым болмаса, С. Сейфуллиннің танымал шығармасымен сырттай болса да танысып шықсашы.

Орталық Комитеттен шұғыл нұсқау түсіп, журналдың тиражы түгелдей кері қайтарылып алынады да, сол нөмірмен Кемел Тоқаевтың романынан үзіндінің орнына басқа материал салынып, қайта басылады. Әкем кеткен қағаз шығыны үшін 1000 сом айып төлеп, жанұямыздың бюджетін тұралатуына тура келді. Ал осы оқиға төңірегінде тұтанған “шатақтың” моральдық салдарының салмағы тіпті ауырлай түсті. Оқиғаның басы-қасында болғандардың айтуынша, бұл жайт Орталық Комитеттің тиесілі бөлімдерінде талқыланып, кейбір идеологиялық жандайшаптар әкейді республика басшылығына “күйе жаққаны” үшін партиядан шығаруды ұсыныпты. Өкінішке қарай, ешкім де жоғарыда келтірілген фактінің С. Сейфуллин еңбегінде жарық көргенін елемеген, тіпті елегісі де келмеген. Жоғары басшылыққа жағынуды ғана ойлаған пысықайлар соғыс ардагерін партиядан шығаруды ұсына отырып, мұндай шешімнің қарт жауынгерге қаншалық ауыр соққы боларын қаперіне де алмаған. Сол бір сындарлы сәтте Орталық Комитет Хатшысы С. Имашев қана Кемел Тоқаевтың әскери және әдеби еңбегін ескеруге шақырып, асыра сілтеушілердің еңтігін басты. Ақыры бұл мәселе партиялық жаза қолдануға жетпегенімен, республиканың жоғары басшылығы жағынан үлкен наразылық бар екенін білдіріп, әкемді өз еркімен арыз жазып, қызметінен кетуіне мәжбүр етті. “Кесімді” Жоғарғы Кеңес Президиумының төрағасы С. Ниязбеков жариялап, жұмыс бабына қатысты ешқандай кінә қоя алмайтынын, тек қана республика басшылығының тапсырмасын орындауы тиістігін айтқан. Коммунистік тәртіп рухында тәрбиеленген әкем наразылық білдіріп жатпай-ақ, әріптестерімен қош айтысты.

Болмашы жайтқа бола күтпеген жерден мемлекеттік қызметтен босауы әкеміздің ғана емес, барша жанұямыздың көңіл-күйіне қаншалықты ауыр тигенін айтып жатудың қажеті бола қоймас. Оның үстіне, осы бір кездейсоқ келеңсіз оқиғаны орынсыз далитып, түрлі өсек-аянға айналдырушылар республиканың партия басшылығына барынша жарамсақтанып, жазушының әдебиетке жолын мүлде жабу керек деп өрекігенин қайтерсіз. Газет-журналдар әкемнің мақалаларын жариялаудан бас тартса,

көзкөрген ескі таныстардың біразы, тіпті, жұрт көзінше сәлемдесуден қашқақтаудан тайынбады. Алайда ата-анамыз қолдан жасалған дақпырттың еріксіз куәсіне айналған олардың ешқайсысына да кек сақтамады. 1984 жылы Д.Қонаевтың отставкаға кетуі жайлы әңгімелер үдей түскен шақта әке-шешеміз дүниеге келген немересіне Зухра есімін беріп, ұзақ жылдар бойғы республика басшысына деген құрметін аңғартты.

Осы орайда Орталық Комитеттің бірінші хатшысының көмекшісі, белгілі жазушы Владислав Владимировтің естелігінен бір үзінді көзіме шалынды. Бір күні Д. Қонаев одан жазушы Кемел Тоқаевтың шығармашылығы туралы ойын сұраса керек, жағымды жауап алған соң хатшы ойланып қалыпты.

Мемлекеттік қызметтен қол үзуі әкемнің мұрағат мәліметтеріне сүйене отырып, шетелде жұмыс істеген барлаушы қазақ жөнінде бірегей жаңа роман жазуына кесірін тигізді. Шығармашылық жоспары әбден пісіп-жетіліп, жаңа романның сұлбасы көз алдында тұрған. Айтуы бойынша, жаңа туындының бас кейіпкері өзінің кәсіби шеберлігі мен жұмысының нәтижесі жағынан даңқты барлаушылар Рихард Зорге мен Рудольф Абельдерден кем түспесе керек. Өкінішке қарай, әкеме жұмысын жалғастыруға рұқсат етпеді, МҚК-нің басшылығы өткен ғасырдың 30-шы жылдары қытайлық кәсіпкер ретінде Қытай жерінде қызмет істеген барлаушы жерлесіміз жөнінде көркем шығарма жазуға тыйым салған арнайы шешімнің қабылданғанын көлденең тартты.

Шығармашылық жұмысының амалсыз кідірістеп, еңбектерін жариялау мүмкіндігінің шектеле түскеніне әкей мойымады. Шындықтың түбі бір айтыларына кәміл сенді. Үйдегі жұмыс кабинетінде ұзақ отырып, болашақ еңбектерінің жобасын жасады, күнделік жазды, кеңестік және шетелдік классиктердің шығармаларын қайталап оқып шықты. 1960 жылдары өзі сатып алған “Бүкіләлемдік әдебиет” сериясының жүз томдығы, тағы басқа ертеден жинастырып келген көптеген кітаптары кәдеге жарады. Әкейдің көзіндей көрінетін үй кітапханасын бүгінде немерелері пайдалануда.

Сол бір күрделі кезеңде әкемді рухани демеп, көмек қолын созған “Социалистік Қазақстан” газетінің редакторы, ескі досы Сапар Байжанов болатын. Ол Кемел Тоқаевтың үлкен мақаласын республиканың бас газетінде жариялауға келісімін берді. Әкей басқа редакторлардың жүрегі дауаламаған батылдыققа барған досына дәйім ризалығын үнемі айтып жүрді. С. Байжановпен газет редакциясында бірге жұмыс істеген сонау 1950-інші жылдардың ортасынан таныс еді. Қаламдас әріптесін оны шебер публицист-жазушы ретінде ғана емес, орнықты мінезі мен пәтуалығы, жоғары адамгершілігі үшін де ерекше сыйлайтын. С.Байжанов еліміздің басты партиялық газетін жоғары публицистикалық әрі шығармашылық деңгейге көтергенін замандастары еске алысады. Екеуінің емен-жарқын әңгі-мелесіп отыратын сәттерін талай көргенмін, олар бір-біріне деген терең сыйластық пен әдеби-қаламгерлік достықты шынымен қадір тұтты.

Қазіргі уақытта қызмет бабы бойынша мен оның ұлдары – Ұлан, Ерланмен жиі араласамын. Ұлан Байжанов мемлекеттік табыс министрінің орынбасары қызметін атқарды, ал министрлік тараған соң “ҚазМұнайГаз” ұлттық компаниясына ауысып, ірі мекемені басқарады. Ерлан Байжанов Президент Әкімшілігі мен СІҚМ-дегі жұмысынан кейін мәдениет және ақпарат министрінің бірінші орынбасары, мемлекет басшысының баспасөз хатшысы болып тағайындалды. Нақты жәрдем белгілі жазушы, жоғарыда айтқанымдай Д. Қонаевтың көмекшісі болған Владислав Владимировте келіп түсті. Әкей онымен 70-ші жылдардың басында Жоғарғы Кеңес Президиумында бірге жұмыс істеген кезінде танысқан. Мемлекеттік мұрағатта әкейдің өз досының шығармаларын талдаған мақалалары сақталыпты. В. Владимиров те қарыз боп қалмай, жазушы К. Тоқаевтың кітаптарын саралаған рецензиялар жазды. Олардың достығы беріктігімен уақыт тезіне төтеп берді. В. Владимиров республика басшылығы алдында Кемел Тоқаевтың шығармашылығын ақтау мәселесін көтерді. Содан кейін әкейдің басқа еңбектері жарияланды, соның ішінде “Солдат соғысқа кетті” романы жарық көрді.

Міне, ширек ғасыр өткен соң В. Владимиров менің “Нұр

мен көлеңке” кітабымды мадақтаған мақала жазыпты, ол Кемел Тоқаевты “көрнекті адам, батыл майдангер әрі тамаша жазушы” деп еске алады. Бұдан бес жыл бұрын В. Владимиров К. Тоқаевтың шығармашылығы туралы мазмұнды мақала жариялап, 70-ші жылдардағы республика басшылығының іс-әрекеті жөнінде қызықты оқиғаларды оқырман назарына ұсынды. Осы тақырыпқа қатысты очерктер кітабын маған сыйға тартты. Әкем белгілі әдебиетші Шериаздан Елеуқеновпен де достық қатынасын ешқашан үзген емес. Ол кісінің көп ізденіп, көп оқитынын, терең білімін қапысыз бағалады. Ш. Елеуқенов те шығармашылық жұмысты мемлекет қызметімен қатар алып жүрді. Ұзақ жылдар баспа және кітап ісі жөніндегі Мемлекеттік комитетті басқарып, әкемнің журналист, жазушы ретіндегі еңбегіне әрдайым құрметпен қарады. Ш.Елеуқеновтің ұлы Дастан СІМ жүйесінде қызмет етеді. Әкей Қалмұқан Исабаев, Әзілхан Нұршайықов, Тахауи Ахтанов, Бердібек Соқпақбаев, Ғафу Қайырбеков, Өтебай Қанахин, Берқайыр Аманшин, Мұзафар Әлімбаев, Камал Смаилов, Тұманбай Молдағалиев, Әбілмәжін Жұмабаев секілді көрнекті қаламгерлермен жақын араласып жүрді. Олардың барлығын рухани біріктірген де көркем сөздің құдіреті еді. Әкем бұл қаламгерлерді қазақ әдебиетінің тарланбоздары деп бағалайтын, оларсыз ұлттық әдебиетіміздің іргесі үңірейіп тұрар еді.

Қалмұқан Исабаев та соғыс ардагері. 2005 жылдың ортасында ол кісі 80 жылдығын атап өтті. Қ. Исабаев қазақ әдебиеті тарихына Ертіс-Қарағанды арнасын салған жұмысшылардың ерен еңбегін сәтті бейнелеген қаламгер ретінде енді. Әкей Т. Ахтанов, Т. Молдағалиев, Ө. Қанахинге құрметпен қарады. Олар әдеби жиындарда немесе өздері жиі-жиі бас қосып, қазақ әдебиетінің жай-күйі қызу талдайтын. 60-шы жылдардың басында әкем Қасым Қайсеновпен бірге Украинаға барып, соғыс жылдарындағы партизан қозғалысына қатысушылармен кездесіп қайтты. Әсіресе оған даңқты партизан командирі Ковпакпен кездесу үлкен әсер қалдырды. Кейінірек сапар кезінде жинаған деректері бойынша украин партизандары туралы повесть жазды.

Партизан қозғалысының ардагерлерімен әкей он шакты жылға таяу хат алмасып тұрды. Олар кәнігі майдангерге сенім артып, басқыншыларға қарсы “орман соғысы” жайында жасырмай жазатын. Таяуда мен Кемел Тоқаевтың жеке мұрағатынан партизан-жауынгерлердің хаттарын кездестірдім. Олардың мазмұнында бұрын ешқашан айтылмаған жайттар бар екен. Қанды шайқастан өткен партизандар боямасыз айтқан шындықтың соғыстан кейін көп жылдар өткен соң шыққан кітаптарда елдің санасына сіңірілген “қаһармандық” хикаялардан айырмасы недәуір. Егер әкей сол хаттарды 60-шы жылдардың басында жариялап жіберсе, партизан тақырыбына жазылған “туындылар” авторының біразының өмірі қиындап кетері күмән туғызбайды. Бірақ ондай әрекет Кемел Тоқаевтың мінезіне жат.

Белгілі жазушы Берқайыр Аманшинмен де әкемнің достығы ұзақ жылдарға созылды. Әсіресе оның қарапайымдылығы мен Махамбет Өтемісұлының шығар-машылық мұрасын зерттеудегі табандылығын тамсанып айтып отыратыны есімде.

Кемел Тоқаев өздерінен кейінгі жас буын жазушылардың шығармашылығына да үлкен мән беріп, сәтті шыққан еңбектеріне шынайы қуанатын. Баз біреулер секілді ондайда қызғаныш білдіру, кітапты авторымен қосып жамандау дегенің әкейдің қолынан келмейтін іс. Өкшелес інілері Шерхан Мұртаза, Әкім Тарази, Қалихан Ысқақтың, Мұхтар Мағауин, Сәтімжан Санбаев, Асқар Сүлейменовтің, сондай-ақ Баққожа Мұқай, Дулат Исабеков, Оралхан Бөкейдің шығармашылығынан үлкен үміт күтті. Оның болжамы тұтастай расқа шыққаны қуантады, аталған қаламгерлердің барлығы да халыққа танылып, жоғары атақтар мен дәрежелерге ие болды. Есімдері қазақ әдебиетінің шежіресіне алтын әріптермен жазылып, миллиондаған оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді. Жас айырмашылығына қарамастан әкей Қоғабай Сәрсекеевпен жеке қарым-қатынасын ерекше бағалайтын. Олар жиі кездесіп, әдебиет пен республикадағы жағдай туралы ұзақ әңгімелесетін. Екі жанұя бала-шағасымен жиі араласып тұрды. Бұл күндері Қ. Сәрсекеев “Қазақ” газетінің редакциялық алқасын басқарады. Ол әдеби “Алаш” сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Кемел Тоқаев Әкім Таразиге жиі сұхбаттасып, осынау бірегей жазушының талғамы мен талантын, адамгершілік қасиеттерін өте жоғары бағалады. Шынында да, Ә. Тарази жасы үлкен жолдасын әрі әріптесін тіпті ол қиналып жүрген кездерінде де ұмытпай, рухани демеп, жиі хабарласып тұрды. Ә.Тарази талантты жазушы, публицист ретінде халыққа кеңінен танылып, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Ол Елбасының астананы ауыстыру туралы бастамасын алғашқылардың бірі боп қызу қолдады, өзі Астанаға көшіп, жаңа елорда жөнінде көптеген тартымды мақалалар жазды. Сондықтан оның Жазушылар одағының астаналық бөлімшесінің басшысы тағайындалуы қай жағынан да заңды. Жазушы күні бүгінге дейін көркем әдебиеттің түрлі жанрларында қалам тербеп келеді. Ол замануи тұрғыда әрі кең ауқымда ойлайтын, сөздің шын мәніндегі ірі һәм әйгілі қаламгер. Суреткердің шығармалары әлі ондаған жылдар бойы оқырмандардың жүрегінен терең орын алары талассыз. Әкем Баққожа Мұқаймен де жақын араласты. Кезінде екеуі Жазушылар одағының ғимаратындағы жұмыс бөлмесін де бөліс-кен. Осы бір сабырлы да әдепті және талантты адаммен әңгімелесу әрдайым тың серпін беріп, шығарма жазуда көмектеседі деп отыратын. Мен Б. Мұқайдың Кемел Тоқаев жөнінде “Парасат” журналында жарияланып, кейін естеліктер кітабына енген мағыналы мақаласына тәнті болдым. Кейінірек Баққожа Мұқайға Мемлекеттік сыйлықтың дипломын өз қолыммен табыстағанымды да ризашылық сезіммен еске аламын. Ол басқарған “Парасат” журналы – мазмұн ерекшелігімен, сапалы материалдарымен Қазақстандағы танымал басылымдардың бірі. Өкінішке қарай ауыр дерттің салдарынан Б. Мұқай өмірден ерте кетті. Емделуге Германияға барарының алдында маған хат жазып, ажалдың алыс еместігін сезген қаламгер ізгі тілектерін жолдапты. Ол шынында да өзгелерді қайталамайтын қолтаңбасы бар дарынды жазушы еді, көз жұмарынан сәл бұрын шығармаларының бес томдығы жарық көрді.

Әкей Сәтімжан Санбаевтың шығармашылығын жоғары бағалады. Екеуі жиі кездесіп, әдебиеттегі соны жаңалықтарды талқылайтын. С. Санбаев қаланың Фурманов кө-

шесіндегі біздің пәтерге жиі қонаққа келетін, бұл турасында ол өз естеліктерінде әсерлі әңгімелейді.

70-інші жылдардың соңында әкем талантты жазушы Сәкен Жүнісовпен де жақсы араласып жүрді. Оның “Ақан сері” романын мақтап отыратын. Әкейдің 60-жылдық мерейтойы қарсаңында Талдықорған жаққа бірге барып қайтқан еді. С. Жүнісов кейін Абылай хан туралы айшықты еңбек жазды. Бұл шығарма көркем фильм түсіруге дайын сценарий еді, бірақ олай болмай шықты. Осыған байланысты автордың өзі де, мыңдаған оқырмандары да үлкен өкініш білдірді. Қабдеш Жұмаділовтың “Тағдыр” романын қазіргі қазақ әдебиетіндегі “құбылыс” деп бағалаған әкем оның шығармашылығына үлкен құрметпен қарады. Берген бағасы толық ақталды, Қ. Жұмаділов шығармалары уақыт тезіне төтеп берді. Қаламгер күні бүгінге дейін жазушылық ортада үлкен құрметке ие болып отыр.

Кемел Тоқаев сонымен бірге қазақ поэзиясындағы жаңалықтарды да қалт жібермей, үнемі қадағалап жүретін. Тұманбай Молдағалиевтің шығармашылығы жөнінде маған жиі айтушы еді. Тұмағанды махаббат пен достықтың жыршысы, асқан лирик ақын ретінде тамсана мақтаған талай сәттерін көзіммен көрдім. Суреткердің жоғары адамгершілік қасиеттерін бағалап, ақынмен әңгімелесуден үлкен қанағат алатын. Анам қайтыс болғанда Т.Молдағалиев марқұмға арнап мазмұны аса тебіреністі өлең жазды. Мен, әрине, даңқты ақынға біздің жанұямызға деген таза көңілі үшін кәміл разымын.

Жас ақындардың ішінен Мұхтар Шахановты, Фариза Оңғарсынованы, Жұматай Жақыпбаевты, Нұрлан Оразалинді, Жарасқан Әбдірашевті бөле-жара айтатын. Ал, Мұқағали Мақатаевтың поэзиясы ақынды көзі тірісінде классик дәрежесіне көтеруге тұрарлық дейтін. Әкем үлкен ақын Қадыр Мырзалиевті, Сәкен Иманасовты, Жүмекен Нәжімеденовті сыйлап өтті. Жазушылар одағында бірге жұмыс істеген Рамазан Тоқтаров пен Бек Тоғысбаевты қарымды қаламгерлер дей отырып, өзіне жақын тартты.

Арманына жете алмай, өмірден ерте озған талантты ақын Кеңшілік Мырзабековке арнайы тоқталғым келеді. Ол Жазушылар одағында жұмыс істеп жүргенде әкеме өте

жақын болды. К.Тоқаевтың жеке мұрағатында екеуінің іссапарлар кезінде бірге түскен суреттері сақталыпты.

Есімдері аталған ақын жазушылардың тағдырлары сан қилы болды. Фариза Оңғарсынова парламенттің екі шақырылымның депутаты болып сайланды, қазір ол құрметті демалыста, оқырмандарын қуанытып, шығармаларын жазуды жалғастыруда. Нұрлан Оразалин Жазушылар одағын табысты басқарып отыр, Қадыр Мырзалиев 70 жасқа толуын атап өтті, замандастары туралы естеліктер кітабын жариялады, Бек Тоғысбаев соңына тарихи тақырыпқа жазған шығармасын қалдырып, өмірден озды. Мұхтар Шахановтың өмір жолы қызықты болды. Ол он жыл Қырғызстанда Қазақстанның елшісі, сосын Мәжіліске депутат сайланып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін қызу қолдады. Мұқағали Мақатаев, Жүмекен Нәжімеденов, Жарасқан Әбдірашев, Рамазан Токтаров, өкінішке қарай, кейінгі ұрпаққа дарынды қаламгерлер ретінде аттарын қалдырып, дүниеден озды.

Кемел Тоқаев ірі ғалым-филологтармен тығыз араласып тұрды. Ұзақ уақыт ол Әбдуали Қайдаровпен достасты. Әбекең кейін академик, Ғылым академиясының Тіл білімі институтының директоры болғаны белгілі. Әкей Ә.Қайдаровты қазақ тілінің ғана емес, түркі тілдерінің үлкен маманы деп бағалады. Академик ағамыз күні бүгінге тіл білімі саласында жемісті еңбек етуде. Ол бірнеше жыл “Қазақ тілі” қоғамының төрағасы ретінде ана тіліміздің шынайы жанашыры бола білді. Елімізге сіңірген ерен еңбегі үшін “Отан” орденімен марапатталды.

Әкей филология ғылымы бойынша энциклопедиялық білімі бар, үлкен ғалым-маман Шора Сарыбаевтың еңбегін биік бағалап, қызмет бабында немесе былайғы кездері де жақсы араласты. Ш. Сарыбаев өте бірегей, кейде, тіпті ғажап адам деуге болады. Ол кісі ұзақ жылдар бойы лингвистикалық мәселер бойынша, тіпті өзіндік ерекшелігі бар футболға қатысты да мәлімет-картотека жасаумен айналысты. Ш. Сарыбаевтың ұлы Қайрат Шораұлы СІМ жүйесінде табысты еңбек етеді, Түркияда және ГФР-да елші болды, қазір министрдің орынбасары.

Белгілі әдебиеттанушы ғалымдар Зейнолла Қабдолов, Серік Қирабаев, Әбдеш Қалмырзаевтарға құрметпен қарайтын.

Кемел Тоқаевтың тағы бір досы – Ермұхамед Жақсылықов туралы айта кетуді парыз санаймын. Өмірден ерте озған осы бір абзал жан әкейдің өмір жолында жарқын із қалдырды. Олар 1970-інші жылдардың басында, Ерекең Кеген аудандық партия комитетінің екінші хатшысы кезінде танысқан еді. Кейінірек Алматыға көшіп, журналистикамен айналысты. Біздің үйге қонақ шақырылғанда, әкей бірінші болып Ерекеңе хабарлайтұғын. Екеуінің әңгімесі, тіпті әзіл-қалжыңына дейін өздеріне жарасымды шығатын. Әкем қайтыс болғаннан кейін де ол біздің жанұямен байланысын үзген емес, анама телефон шалып, республикадағы соңғы оқиғалар жайында айтып отыратын. Біздің әулетіміз ол кісіні әрдайым ілтипатпен еске аламыз.

Кемел Тоқаевтың замандастарының үлкен бір тобы – ғылыми орта өкілдері мен университетте бірге оқыған түлектестері еді. Олардың ішінен мен Айдарбек Құсайыновты, Сейілбек Тілеубердинді және қауіпсіздік органдарындағы қызметін аяқтаған соң оқытушылық жұмысқа ауысқан Хамит Әлжановты бөліп атар едім. Хамит Әлжанов қазірге дейін еліміздің бірқатар оқу орындарында профессор болып еңбек етеді, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне қатысты кейбір өзекті мәселелер төңірегінде баспасөзде жиі көрініп тұрады. Менің кеңесіммен “Дипломатия жаршысы” журналында Х. Әлжановтің дипломат, барлаушы және ғалым ретіндегі өмір жолы туралы қызықты мақала жарияланды.

Әкем өмірден ерте кеткен тәжірибелі партия қызметкері Айташ Жақыповты да айрықша сыйлаушы еді.

Кемел Тоқаев өзінің достарымен қарым-қатынасын, бүгінде “сәнге” айналғандай, “жерлестік” тұрғыдан емес, адамның іскерлік, адамгершілік қасиеттеріне қарап бағалайтын. Оның жақын-жоралары Қазақстанның әр аймағынан табылатын. Әкеммен әңгімелесе отырып, мен қандай да бір басшы немесе жазушы жайында оның шыққан руы төңірегінде айтқанын естіген емеспін. Кейін естіп-білуімше, қазақ зиялыларының ортасында әкейдің

“интернационалдығы” олардың бәріне бірдей ұнай бермеген сыңайлы.

Әкей орыс әдебиеті мен журналистикасының талантты өкілдерімен де жиі араласты. В. Владимиров туралы жоғарыда айтып өттім, енді Ростислав Петров жайында да бірер ауыз жылы сөз айтпақпын. Бұл адамның тағдыры қиын да, қызықты еді. Өзі қазақ прозасына бүйрегі бұрып тұратын. Олар “Соңғы соққы” романын бірлесіп аударды. Шынын айтсам, орысша жарық көрген шығармалардың ішінен Р. Петровтың аудармасы ғана автордың көңілінен шықты. Әкей 70-ші жылдары “Литературная газетаның” Қазақстандағы тілшісі Александр Самойленконы кәсіби журналист ретінде бағалады, жас айырмашылықтарына карамастан жиі кездесіп, пікірлесетін.

Сондай-ақ әкем Жоғарғы Кеңес Президиумы аппаратындағы жұмысы бойынша әріптесі Алексей Никифоровқа ілтипатпен қараушы еді. Оны әркез “досым” деп атайтын. Үйге немесе емханаға болсын жиі келіп, А.Никифоров та осындай жылы қатынаспен жауап беретін. 1983 жылы әкейдің 60 жылдық мерейтойына байланысты ол: “Ең жақын досым Кемел...” деп басталған арнайы құттықтау хатын жолдады.

Кемел Тоқаев қазақ әдебиетіндегі шытырман оқиғалы детектив жанрының негізін қалап, өмірінің соңғы күндеріне дейін оған адал қызмет етті. Әкем 10-қараша – милиция қызметкерлері күнінде қайтыс болды. Бұл қаза біздің әулетімізге қаншалық ауыр тигенін айтып жеткізудің өзі қиын. Әсіресе немересі Дананың шырылдап жылап, атасын іздегені еңсемізді езіп жіберді. Қанша сыр бермеуге тырысқаныммен, менің көңіл-күйім тіпті құлази түсті. Әкемнің тым болмаса, 70 жылдығын көре алмағаны жанымға батты.

Сол бір қаралы күндері әкейдің құдасы, адамгершілік қасиеттің жарқын үлгісін көрсеткен Рымтай Избастин қасымызда болып, қайғымызды бірге көтерісті. Екеуінің тағдырлары да ұқсас. Ол кісі де Отан соғысына қатысып қайтқан, жеңістен кейін Павлодар облысы, Баянауыл ауданында ұзақ жылдар жемісті еңбек етті. Өлі күнге дейін сонда тұрады, “Баянауылдың құрметті азаматы”. Жеңістің

50-ші, 55-ші жылдығына арналған ардагерлердің салтанатты шеруіне қатысты. Бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққан ақса-қалымыз әлі тың, немере-шөберелерінің қызығын көріп отыр. 2005 жылғы тамызда Президент Баянауылға барғанда, Рымтай аға ауданның құрметті ақсақалы ретінде мемлекет басшысының алдында сөз сөйледі.

Әкейді соңғы сапарға шығарып саларда мен оның бүкіл болмыс-бейнесін, денсаулығы мықты, қуатты кезіндегі алаңсыз, еркін әңгімемізді, сондай-ақ сырқаты күшейіп қиналып жүрген уақыттағы сыр-сұхбатымызды еске түсірдім. 80-інші жылдардың басында менің Мәскеудегі пәтерімді көруге арнайы келіп, “шашу” шашқаны, бізбен бірге бірнеше күн тұрғаны, кешкілік ас үйде шай үстінде өткен-кеткенді еске алысып, айналып келгенде, осының барлығы “өмір” деген бір ауыз сөзге сыйып кететін мәңгілік ұғым жайында келелі әңгіме қозғап, түн жарымына дейін отырғанымыздың бәрі көз алдымда. Маған жазған соңғы хаттарының бірінде немересі Темірдің фотосуретін алғанын және оның менің бала күнімнен аумайтынын айтып, Алматыға алып келуімді тапсырған еді. Көп ұзамай екі жасар Темірді атасына әкелдік, бірақ кешігіп қалдық... Үйге көңіл айтуға келгендердің бәріне “Мен Тоқаевпын” деп, сәби көңілмен былдырлаған оған ересектер не айтарын білмей дал болды. Ал мен болсам бұл екі ауыз сөзден “ата, мен сенің өміріңнің жалғасымын” деп ұрпақ үндестігін паш еткен сәби дауысты естігендей күй кештім. Кемел Тоқаевтың бақилыққа көшуімен оның істері мен ойлары өшпейтін мұра ретінде Темір Тоқаевқа беріледі. Сол сәтте әкемнің немересі Темір дүниеге келгенде шексіз қуанғаны есіме түсті.

Әкей осыдан 22 жыл бұрын дүниеден озды, бұл аз уақыт емес. Алайда оның маған жазған соңғы хатаның әрбір сөзіне дейін есімде. Ол менімен ер-азаматқа тән байсалды қоштасты. Өмір жолымның әрбір сәті көз алдында екенін айтып, өзіме берік және туған-туыстарыма бас-көз болуымды тапсырды, барлығымызға амандық, береке-бірлік тіледі. Мен әкемді Тұлға, елін, жерін сүйіп өткен нағыз Азамат ретінде мәңгілік сыйлап өтемін.

1995 жылы республика үкіметінің шешімімен Үштөбе

қаласының №1 орта мектебіне Кемел Тоқаевтың есімі берілді. Біздің жанұя үшін бұл айрықша қуанышты хабар еді. Әкем дүниеге келіп, балалық шағын өткізген Қаратал ауданының тұрғындары да осы жаңалыққа шынайы риза болды. Мектеп директоры Валентина Георгиевна Спиридонованың бастамасымен аталған оқу орнында Кемел Тоқаевтың мұражайы ашылды.

2003 жылғы 31 тамызда әкемнің атындағы мектепте оның қоладан жасалған ескерткішінің ашылу рәсіміне қатыстым. Осы салтанатты оқиғаны үлкен алғыс сезіммен еске түсіремін. Мектеп директоры мен оның әріптестері – ұстаздар мерекелік бағдарламаны соншалық мазмұнды, ғибратты ұйымдастырыпты. Жоғары сынып оқушылары Кемел Тоқаевтың шығармаларынан өздеріне ерекше ұнаған жерлері жайлы әңгімелесе, төменгі сыныптағылар даңқты жерлесіне арналған өлеңдерді оқыды. Д. Қонаев атындағы Қазақ гуманитарлық университетінің ректоры Өмірәлі Қопабаевтың бастауымен салынған осы ескерткіштің ашылуына байланысты мұражайға біздің жанұямыз үшін аса бағалы әкеміздің жеке заттарын тапсырдым. Олардың арасында оның соғыс және бейбіт жылдары марапатталған ордендері мен медальдары тағылған пиджагі, сонымен бірге мемлекеттік мұрағатта сақталып келген кейбір құжаттар бар.

2007 жылдың желтоқсан айының соңында Үштөбе қаласындағы мектепке бардым, директоры В. Спиридонова, сондай-ақ мұғалімдер мен оқушылар өте жылы қабылдады. Әлбетте, мұражайға соқтым, ол мектеп директорының және барша ұжымның күшімен жаңа келбет алып, мазмұны толығы түсіпті, қызықты экспонаттары көбейген нағыз мұражайға айналған. Мектепте жақсы дәстүр қалыптасқан екен: жазушы Кемел Тоқаев туралы үздік шығармаға бәйге жарияланады. Оқушылардың жұмысы арнайы жинақта басылады. Осы кітапта мектеп мұғалімдерінің ұлағатты ұмтылысына, әрине, директоры В. Спиридонованың зор еңбегіне ілтипат білдіруге тиіспін.

Біз – Кемел Тоқаевтың және Тұрар Шабарбаеваның балалары – ата-анамыздың қамқорлығы мен тәрбиесіне шексіз алғысымызды айтамыз. Олардың ұлағаты шын

мәнінде біздің кейінгі тағдыр жолымызды анықтап берді ғой. Бәріміз белгілі оқу орындарында жоғары білім алдық, тиісті салаларда маман болдық. Ең бастысы – біз әкешемізден адамгершілік пен ізгілік қасиеттерді бойымызға сіңірдік. Біз әрдайым ата-анамызды мақтан етеміз, ал олардың өмірден ерте кетуі күні бүгінге дейін қабырғамызды қайыстырады. Кейде олар біздің өмірде жіберген қателіктерімізді, шалыс қадамдарымызды өздеріне алғандай көрінеді. Сондықтан ата-анамыздың бойымызға сіңірген ең биік қасиеттерін енді өз балаларымызға беруге тырысамыз.

VI ТАРАУ

АНА

Мен үшін және біздің отбасымыз үшін анамыздың дүниеден озуы орны толмас орасан қайғы еді. Бұл өзекті өртеген оқиға 2000 жылдың 20 шілдесі күні болды. Анамыздың соңғы деміне дейін Дюссельдорф қаласындағы ауруханада қасында болған қарындасым Қарлыға маған телефон соғып, жылап тұрып анамыздан айрылғанымызды жеткізді. Көз жұмар алдында марқұм жастықтан әрең дегенде басын көтеріп, жан-жағында үнсіз тұрған балалары мен немерелерін соңғы рет жанарымен айналып, «Қош болыңдар» деп бір ауыз ғана сөз айтыпты.

Сол телефон қоңырауына бес минуттай қалғанда жұмыс кабинетімнің терезесін жан ұшыра соққан көгершіндерді көргенмін. Ойыма осындай құбылыстар туралы бір кезде оқыған мақала түсті: үйге кіруге жанталасқан құстар төніп келе жатқан қасіреттің хабаршысын білдіреді екен. Үрейлі ой өне-бойымды дір еткізді: анамнан айрылғанымыз ба? Өкінішке қарай, солай болып шықты. Бес минуттан кейін мен өз өмірімдегі ең қайғылы хабарды естідім.

Мен анамды көз жұмарынан бірнеше күн бұрын көрдім. Ол кісінің ауыр халде жатқанын естіп, Мәскеу арқылы Дюссельдорфқа ұштым. Аурухананың төсегінде әлсіз жатқан, ауыр науқас мендеген бейнесі еңсемді езіп жіберді. Бір кездегі күшті, үнемі жігерлі және өзіне сенімді анам

көз үйренбеген әлсіз адам болып көрінді. Төсегіне ақырын жақындап, үн қаттым. Анам басын баяу бұрып, естілер-естілмес қана «Жомарт» деді. Біз үнсіз ғана қол ұстасып, бір-бірімізге ұзақ қарадық. Сонан соң мен Дюссельдорфқа қалай жеткенімді, еліміздегі соңғы жаңалықтарды айта бастадым. Ол кісі ықыласпен тыңдап жатты. Сөйлеу ауыр болғандықтан, мені тыңдап отырғанын білдіріп, анда-санда бір-екі ауыз сөз айтып қояды.

Көп кешікпей палатаға кірген неміс дәрігерлері алыс Қазақстаннан келген емделушінің халі біршама жақсарып қалғанын айтты. Бәрі жақсы болардай, анам аяқ асты науқасынан жазылып, ортамызға оралатындай үміт оянды. Өзі де сергіп, «Міндетті түрде жазылып кетемін» дейді. Сонан соң маған қамқор көзімен қарап, көп отырмай, қонақ-үйге барып демала беруімді айтты. Өзі ауыр халде жатса да анам ұзақ жолдан шаршап келді деп менің қамымды ойлады. Жүрегім ауыра, қарындасымның күйеуі – Теміртаймен бірге қонақүйге келдім. Анамыз жайлы көп әңгімелестік, өз шаруаларымызды бәрінен маңызды санап, ол кісіге жеткілікті көңіл бөле бермегенімізді айтыстық. Теміртай маған анамның Алматыға оралуды ерекше көксегенін, балаларының жаңа үйіне келіп тұратынын таныстарының бәріне айтып, айрықша толғаныспен дайындалғанын әңгімеледі. 2000 жылдың көктемі бойы ол кісі елге қайту туралы оймен өмір сүрді, жарқын жоспарлар жасады. Екі жылдан кейін туған-туыстарын көріп, ширек ғасыр араласқан көрші-қолаңмен жүздесеріне шын көңілімен қуанды. Барлық туыстары мен көршілеріне арнап бір жыл бұрын сыйлықтар сатып алып қойыпты.

Алайда бәрі аяқ асты өзгерді, анам кенет науқастанып, күн сайын тіршілік қуатын жоғалтып, көз алдымызда сөніп бара жатты. Туған жеріне жуық арада орала алмайтынын ойлаудың өзі ол кісіні қажытып, түңіліп жіберген тәрізді. Өйткені анам нағыз өз халқының қызы еді. Қазақ әндері мен телехабарларын сүйетін, айтысты жібермей тыңдайтын, қазақ әдебиетінің жаңалықтарын қағыс қалдырмай, газет-журналдар оқитын. Бұның барлығы өмірінің алтын өзегі еді.

Анам 1931 жылы Алматы облысының Көктал ауылында дүниеге келді. Әкесі Шабарбай колхоз төрағасы болған,

өмірінің соңына қарай аудандық атқару комитетінде қызмет атқарған адам. Ол ерте, 55 жасында қайтыс болды. Қандай себеппен екенін білмеймін, анам 12 жасында дейін әкесінің жақын туыстарының қолында өсіпті. Сонан кейін ғана әке шаңырағына қайта оралған. Ол кісінің анасы көзі жұмылғанша көкірек көзі ояу, ақыл-есі сергек күйі 93 жас жасады. Бүкіл отбасымыз кейуанаға үлкен құрметпен қарайтынбыз, өйткені әйел-ана ретіндегі қамқорлығына қоса өмірлік мол тәжірибесі мен орнықты мінездің адамы еді. Нағашы әжеміздің үйі немерелерінің, әсіресе жазғы каникул кездерінде үзбей келіп тұратын құтты мекеніне айналды. Ақсеңгір ауылына жиі келіп, біз ауыл балаларымен танысып достастық, қарапайым ауыл өміріне бой үйреттік. Кейін сол көргендерімнің маған көп пайдасы тиді.

Анам туған ауылындағы орыс мектебінде оқыды, сондықтан да орыс тілінде таза сөйлеп, өте сауатты жазатын. Сондай-ақ, жоғарыда айтқанымдай, қазақ тілін де терең білетін, шын мәнінде екі тілді таза меңгерді.

Алматыға елуінші жылдардың басында келіп, медицина институтына оқуға түсті. Отбасы мұрағатында студент кезінде курстастарымен операция столының басында түскен суреті сақтаулы. Алайда институтты бітіру бұйырмады. Тағдыр ол кісіні менің болашақ әкеммен кездестіріп, 1953 жылы олардың тұңғышы – мен дүниеге келдім. Отбасының тұңғыш перзенті ретінде мен ана-ананың ерекше шапағатын сезініп өстім. Олар мені шексіз жақсы көрді десем, ештеңе айтпағаным болар, сәби күнімнен кәмелетке толғанша ерекше қарайтын, басқалардан даралап, әке-шешенің қамқор пейілін аямай төкті. Әкей маған үлкен сенім артатынын ешқашан жасырған емес. Мені қазақстандық қоғамдағы белгілі адам, үлкен мемлекеттік лауазымдардан көргісі келетінін айтып отыратын. Мәскеу халықаралық институтына түскенімді зор мақтанышпен қабылдады, КСРО-ның Қытайдағы елшілігіне диплом алдындағы тәжірибеден өтуге бөлінгенім жайлы хабарыма қатты қуанды. Әлі есімде, телефонмен сөйлесіп тұрып, қытай тілін жатпай-тұрмай үйренуді, Қытайдың ішкі-сыртқы саясатын жалықпай зерттеуім қажеттігін айтты. Әке-шешем менің институтты бітіріп КСРО СІМ жүйесіне кіргенімді мақ-

таныш тұтты. Ол кезде бұл шынында да жоғары бедел әрі үлкен дипломатиялық карьераға бастайтын даңғыл жол еді.

Институт бітірген соң менің тағы бір «балама» жолдама алғанымды айта кету керек: маған одақтық СІМ-нен бөлек, барлау қызметінде күшімді байқап көру ұсынылды. Бұл үшін Мәскеу түбіндегі құпия оқу орындарының бірінде бір жылдық дайындықтан өтуім керек екен. Кеңес барлауының кадр қызметкерлері менен болашақта жақсы барлаушы шығарына сендіріп, сол уақыт үшін осы бір мәртебелі қызметке баруыма барынша үгіттеді, ал өзімнің жүрек құндағына бөлеген арманым – СІМ болса, оның ешқайда қашпайтынын, бұл ықпалды ұйым болашақта шетелдерде барлау жасау үшін қалқа боларын немесе «жанашырлық» көрсетуді ұсынатынын жеткізді. Әрине, мен мұндай өмірлік маңызы бар мәселе туралы міндетті түрде ата-анаммен ақылдастым. Әкей біраз ойланып барып, қалай дегенде де әскери ұйым ұсынысынан бас тарту қажеттігін айтты. Оның үстіне, ол уақытта Кеңес Одағы мен Қытайдың өзара қарым-қатынасы ширығып тұрғандықтан, болашақ бұлыңғыр еді.

Ал мен бұл ұсынысты қабылдасам, агенттік жұмысты сол Қытайда жүргізерім күмәнсіз. Ұзақ уақыт МҚК қызметін зерттеуге арнап, чекистердің қиын еңбектері туралы кітаптарында талай қатпарлы оқиғаларды жазған әкей, әрине, менің болашағым үшін әбден аландады. Күдігін күшпен жеңіп «Сені оқтың астына айдауға пайдалана ма деп қорқамын. Қазір барлаушылар көп, ал сен сияқты мықты дайындықтан өткендер өте аз» деді.

Анам да үнемі мені қолдайтын. Бала күнімнен мен оның көптеген мағынасы терең мазмұнды әңгімелерін, ой-пікірі мен пайымдауларын тыңдап өстім ғой. Әңгімені жақсы айтатын және менің де ықыластана тыңдайтынымды сезген болар, сөйтіп өмірлік дүние тануыма өлшеусіз ықпал етті. Жан-жағыма байыпты қарап, ұстамды болуға, жақсыны үйренуге және одан тек пайдалысын алуға үйретті. «Күні бойы және кешке немен айналысатыныңды таңертеңнен ойлау керек. Жинақы жүру қажет, асып-сасқан адам сәтсіздікке ұшырайды» деп жиі айтатын. Кейде мен анаммен бірге анау-мынау шаруалармен қалаға шығатынымын.

Мұндай кезде мені міндетті түрде асханаға апарды, көбіне Шевченко көшесі бойындағы тұшпараханаға соғатынбыз. Өзі көп ештеңе жемесе де, сол кезде маған ерекше дәмді көрінетін асхана тамағын құмарта жеп жатқанымды аса бір жылылықпен қарап отыратын. Кейде асханадан шығып, мені сыртта күтіп тұрады.

Төрт балалы біздің отбасы қарапайым тұрды. Анам ұзақ уақыт бойы белгілі себептермен жұмыс істемеді, ол кісі үй жұмысын атқарды. Жалғыз асыраушымыз - әкей. Айлық жалақыдан бөлек, ол кей-кейде мақалалары мен кітаптарына қаламақы алатын. Мұндай күндері біздің үйде нағыз мереке орнайды. Әкей бізді мейрамханаға апаратын, сөйтіп біз оның кезекті жарияланымының жарыққа шыққанын «жуатынбыз». Біздер, балалар, әсіресе 60-жылдардың басында кең тараған балапан еті мен түрлі шырындарға құштар едік. Сөйтіп «қарын жарылғанша» тоятынбыз, сонан соң келесісін күтіп, бұрынғы тойды еске алып жүреміз.

Шешей ол кезде жас әйел бола тұра, көп нәрседен, оның ішінде әшекей заттар мен қымбат киімдерден тартынатын. Әрине, сәнді киініп, әсем әшекейлер таққысы келгені табиғи ғой, алайда бар өмірін перзенттеріне арнап, аналық парызын қысқа ғұмырының ақырына дейін атқарып өтті. Тіпті, қымбат дүниелер алатындай мүмкіндік туған кезде де, өзіне ұнаған заттарды немерелеріне әперумен шектелетін. Балалық шақты еске ала отырып, анамыздың балалар үшін өзін аямаған тағы бір мысалын айтпақпын. Басқа бозбалалар сияқты менің де қымбат болмаса да, көзге тұрарлықтай киінуді қалайтынымды түсініп, анам маған ол кезде қат саналатын шетелдік туфли мен костюмдер әперетін. Ал, сол ақшаға өзіне сәнді бірдеңе алуына да болар еді. Айналып келгенде, сол жылдары әке-шешелерінің ақшаны барынша қысып әпергенін ғана киюді қанағат еткен балалар аз емес-ті. Алайда анам өзін шектей отырып, менің әдемі әрі талғаммен киінгенімді қалады. Мұндай мейірім, әрине, ешқашан ұмытылмайды.

Ең жақсыны балаларына, алдымен маған беретін өзгермейтін әдетінен жаңылған емес. Мені Мәскеуге оқуға аттандырар кездегі қамқорлығы естен кетпейді. Ұзын-сонар

кезекте тұрып, костюм, плащ және маусымдық аяқкиім әперу үшін Алматының дүкендерін түгел аралап шықты. Бас қалаға барар алдында өзімді қалай ұстау, асқа және киімге ұқыпты болу, оқуға қатыстының бәріне тиянақты қарау жөнінде жалықпай ақыл-кеңесін айтты. Ол кісінің жақсы көретін сөзі «режим сақтау қажет» еді. Студент кезімде анамның айтқандарының барлығын орындадым дей алмаймын, бірақ олардың пайдасы тигені рас. Мұның барлығын ақыл-кеңес деуден, аналық мейірім деген жөн болар.

Енді өз ұлыма да сол сияқты кеңестер бере отырып, әке-шешем, әсіресе анам мен үшін айрықша алаңдағанын айқын түсінемін. Өйткені өз тұңғыштарын қиянға, алыстағы Мәскеуге аттандырды ғой олар. Әрине, менің мақтаулы институттағы оқуымның табысты болуын тіледі. Ол кезде көптеген қазақстандық жастар тұрмыс пен оқудың қиындықтарына төзе алмай, оқуды ата-аналарының қанаты астында жалғастыру үшін топ-тобымен Алматыға қайтып жататын. Ал, менің түрлі себептерге байланысты олай жасай алмайтыным анық еді, әсіресе үлкен сенім артқан әке-шешемді ұятқа қалдырғым келмеді.

1970 жылы Қазан мерекесінде мені көріп қайту үшін ата-анам Мәскеуге келді. Олар М. Горький көшесіндегі «Минск» қонақ үйіне тоқтапты. Анам күтіп отыруға шыдамай, институтты іздеп кетеді. Бұл кезде ол Алматы шет тілдер институтында жұмыс істейтін, әрине, баласы оқып жатқан жердің қандай екенін көріп білгісі келеді. Әйтсе де, ең алдымен мені сағынған ғой.

Мен үлкен аудиторияда халықаралық қатынастар тарихынан дәріс тыңдап отырғанмын. Неге екенін білмеймін, бәрінен бұрын ішкі түйсік шығар, ақырын ғана ашыла бастаған есік жаққа бұрылып қарадым. Сол сәтте маған қуанышпен әрі аналық мейіріммен қарап тұрған анамды көрдім. Есік ақырын қайта жабылды. Дәрістің бітуін асыға күттім, сонан кейін анаммен жүздесіп, әкей күтіп отырған қонақүйге жеттік. Алматыда қалыптасқан дәстүр бойынша әбден айыз қанғанша әңгімелесу үшін мейрамханаға бардық. Мен әке-шешеме институттағы оқу туралы, бірге оқитындар мен оқытушылар жайында әңгімеледім. Айтқан сайын олар әңгімеге үйі түседі. Анам мені өте мұқият

тыңдады. Ол кісі өз балаларының мектептегі істерінің бәрін білетін, барлық мұғалімдерді, сыныптастарымыздың көпшілігін танитын.

Ешкімді ренжіткім келмейді, алайда барлығының бірдей шешелері балаларының оқуына дәл осылай мұқият қарай бермейді. Біздің анамыз ұсақ-түйек нәрсеге дейін түгел білуді қажет санады. Ол кісінің қатысуынсыз ата-аналар жиналысы өткен емес. Төрт баласының оқытушыларының бәрін білетін. Балалық тентектігімізге, жеткіншектік қуаныш пен күйініш-сүйінішімізге қатысты жайларды түп-түгел сезініп отыратын. Анығын айтқанда, анамыздан жасыратын құпиямыз болған жоқ. Ол кісі біздің өмірмен ғұмыр кешті, ал біз оның өмірінің ажырамас бөлшегі едік.

Студент болуыммен өз өмірімде ғана емес, анамның өмірінде де жаңа кезең басталды. Әкей екеуі атағы дардай институтқа түскеніме орай қуанышы мен мақтанышын жасыра алмады. Ол кезде Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты бүкіл Кеңестер Одағындағы ең мақтаулы институт екені белгілі. Оған түсу де оңай емес, Мәскеуде төрт пәннен емтихан тапсыру қажет. Қабылдау комиссиясының талабы қатаң, бірақ, шын мәнінде ешкімді бөле қарамайтын. Қазір ММХҚИ түсу жеңілдеді: бұрынғы одақтық әрбір республикаға квота бөлінеді. Талапкерлер өз елдерінде жеңілдеу тест тапсырып, институтта әңгімелесуден ғана өтеді. Мұндай жүйе, әрине, осынау жоғары оқу орнының бір кездегі биік беделіне нұқсан келтіргенімен, оқу процесі бұрынғысынша сапалы деңгейде.

«Минск» қонақүйінің мейрамханасындағы кешкі ас үстінде алдағы уақытта қалай сөйлесіп тұру жайын келістік. Ол оп-оңай еді: екі аптада бір рет үйден жатақханаға жақын жердегі поштаға телефонмен сөйлесуге шақырған жеделхат жіберіледі. Мен сол жерге белгіленген уақытта келіп, бір сағат күткеннен кейін әке-шешеммен байланыстыратын. Айта кетерлігі, телефонмен сөйлесу ақысын да өздері төлейтін. Ата-анам ең аяғы осыған дейін, студенттің ақшасы бітіп, хабарласуға мүмкіндігі болмай қаларын әріден ойлап, бәрін өлшеп-пішкен ғой.

Айтпақшы, ақша туралы. Мен 40 сом стипендия алдым. Әке-шешем басқа қалада толыққанды өмір сүру үшін бұны

жеткіліксіз санап, маған ай сайын осындай сомада ақша салып тұруды шешті. Бұл оңай емес еді, өйткені олардың қолында әлі де мектеп қабырғасындағы, соған сай өзіндік сұраныстары бар үш бала бар емес пе. Әрі десе, ата-анамыздың өздері де жас адамдар, сәнді киініп, жақсы өмір сүргілері келгені анық.

Алайда олар үшін менің оқуым бірінші орында тұр-ды, сондықтан олар, әсіресе анам, бауырларым мен қарындастарым көп нәрседен өздерін шектеп ұстауға мәжбүр болды. Бұның бәрін анам бастап көтерді. Ол кісі менің жоғары білімді маман ғана емес, қоғамға сыйлы белгілі адам болғанымды көргісі келді. Мүмкін, мұндай сезім көптеген аналарға тән шығар, алайда мен үшін анам айрықша аналық махаббатын төкті.

Бірде Нью-Йоркте қызметтік сапарда жүріп, атакты дипломат, бұрынғы Мемлекеттік хатшы және АҚШ Президентінің ұлт қауіпсіздігі жөнінде көмекшісі болған Генри Киссинджердің құрметіне арналған қабылдауға шақыру алдым. Өз атын өзі шығарған, яғни ешкімнің қамқорлық-қолдауынсыз үлкен табыстарға жеткен адамға лайықты құрмет көрсету үшін бұл шараға Нью-Йорктің барлық ақыл-ой және кәсіпкер элитасы жиналды. Қалалық синагогидің раввині қызықты сөз сөйледі. Ол жиналған көпшілікке өзіне лайықты білім әперу үшін бар күшін аямаған анасы туралы айтты. Шешесі ұлына үнемі келешекте АҚШ-тың Президенті болуы тиістігін айтады екен. Алайда Джон Кеннеди қатыгездікпен өлтірілген соң баласына телефон шалып, «Мен өз ойымнан айныдым, сен раввин боласың» депті. Еврей әзілімен ажарлана түскен осы әңгімені ести тұрып, мен өз анамды есіме алдым: ол кісі мен үшін қаншама алаңдап, аналық махаббатымен аялап, үлкен үміт артты десеңші!

Біздің отбасының Амангелді көшесіндегі шағын пәтерде 60-жылдардың басында Жаңа жылды қарсы алған мерекемізді аса бір жылылықпен еске аламын. Төрт баланың әрқайсысы тақпақ немесе өлең дайындадық, өзінше бір қызықты концерт болып шықты, ал бізді разылықпен, әрі ұйып тыңдаған көрермендеріміз – әке-шешеміз. Сонан кейін олар бізге болашаққа тілек тілеуді ұсынды. Мен,

екінші сыныптың баласы, ойланбастан, тылсым бір күштің еркімен болар, болашақта көп саяхат жасап, шетелдерге сапарға шыққым келетінін айттым. Ата-анам жауап қатқан жоқ, тек маған көңіл тоқтата қарады. Есімде қалғаны, олардың көзінде таңқалу бар еді. Бұл түсінікті ғой, өткені сол жылдары шетелдерге шығу жөнінде ешкім ауыз ашпайтын, себебі әлемдегі ахуал күрделі және шетелге шығу тек қана жоғары лауазымды тұлғалардың еншісі саналатын. Ол кезде шетел тұрмақ, Мәскеуге барудың өзі үлкен оқиға. Жоғары сыныптарда мен «Известия», «За рубежом» және ағылшын тіліндегі «Морнинг Стар» сияқты газеттерді құлшыныспен оқи бастадым.

Халықаралық қатынастар маманы болып, шет тілдерін біліп, түрлі елдердің тарихы мен әлемдік экономиканы үйренсем деген тілегім күннен-күнге күшейе берді. Тіпті ағылшын тілінде өзімізді қызықтырған мәліметтер, күнделікті көп қолданылатын сөздер мұқият жазылған арнайы дәптер жүргіздім. Әке-шешем әрине, менің бұл құмарлығымға қолдай қарады.

Мектеп жылдарының өзінде ағылшын тілін үйренуге тырысатынымды көрген анам белгілі оқытушы Александр Сергеевич Рогачқа қолқа салып, мені қарамағына алып, біраз сабақ беруін өтінді. Шет тілдері институтындағы жеке сабақтарға үлкен ынтамен барып жүрдім. Жана ұстазымның тағдыры қызық адам болып шықты: ол өткен ғасырдың 30-жылдары, АҚШ-тағы «ұлы дағдарыс» кезеңінде ата-анасымен тарихи отаны Кеңестер Одағына қайтып оралған. Бұрынғы америкалық Алматыдан қалай шықты, ол жағы өзіне ғана мәлім, әйтеуір, ол біздің әңгімемізді тек жалғыз пәнмен – ағылшын тілімен шектеп, бұл жайлы ештеңе айтпайтын. Дегенмен бір күні ол әскери қызметін арнайы бөлімшеде өткізгенін, сонда ағылшын тілін таза білуі керекке жарағанын айтып қалды. Оның сабақтарының үлкен пайдасы тиді, институтқа түсер қарсанда мен әбден дайын едім. Анам ағылшын тілін үйренудегі табыстарыма шынайы қуанды, мұның өзі мені алға жетелеп, өзіме деген сенімді арттыра түсті.

Әке-шешемнің маған деген көңілінің ерекше болғанын мына бір оқиға да айғақтайды. 60-жылдардың аяғында

Алматыға Қазақстанға жылы қарайтыны белгілі СОКП ОК Бас Хатшысы Леонид Брежнев келді. Жаздың жайма-шуақ күні мен, әкем мен шешем үшеуміз Ленин даңғылында тұрдық. Даңғыл бойын милиция қоршаған – үкіметтік автомашиналар кортежі тау жаққа өтуі тиіс еді. Ақыры МАИ-дың жол бастаушы автомобилі көрінді, іле-шала кеңес жетекшісі отырған «Чайка» үлкен жылдамдықпен ағызып өтті. Қала халқы үшін бұл үлкен оқиға – қас қағым сәтке болса да баршаға кұдайдай елестейтін. Л. Брежневтің жүзін көріп қалды ғой. Машиналар көзден таса болған соң, анам әкеме «Мен осындай бақыт біздің Жомартты да айналып өтпесін деп тілек тіледім» деді. Әкем шешеме разылықпен қарап, сонан соң ойлы жанарын маған аударып, «Алла жар болсын» деп батасын берді. Студент атанып, жатақханада тұрған кезімде анам үнемі менің жағдайыма аландайтын. Әртүрлі республикалардан және мемлекеттерден келген қатарластарыңмен, оның үстіне тұрмысқа қолайсыз жатақханада тұру оңай емес – жинақылық пен шыдамдылық керектігін ескертіп отыратын. Жатақханада тұрудың жеңіл еместігін чемоданымның ішіндегісіне қарап-ақ түсінетін. Қысқы және жазғы демалыстарға мен үйге әбден киілген көйлек-киімдерді үйіп алып келемін. Әкем чемоданнан киімдерімді алып жатқан маған күле қарап, шешеме «Ал, енді жұмыссыз қалмайтын болдың» дейді.

Анамның үй шаруашылығымен әйелдік ықыласпен, бар ынтасымен айналысқанын айту қажет. Балалық шақты еске алғанда, ол кісінің отбасындағы әрқайсымыздың ойымыздан шығуға бейімдігіне әлі күнге дейін таңқаламын. Кір жуу мен үй жинаудың өзі көп уақытын алатын және соның барлығын бір өзі атқарды. Ол кезде біздің үйде кір жуу машинасы да, үй күтушісі де болған емес. Сөйте тұра, ол кісі соның бәріне үлгеріп қана қоймай, балаларының оқуын да назардан таса қалдырмады. Отбасымызда қалыптасқан «міндеттерді бөлісу» дәстүрі бойынша біздің оқуымызға анамыз жауапты еді. Ол ешқашан ата-аналар жиналысынан қалған емес, барлық мұғалімдерді білді, достарымыз бен сыныптастарымызды танитын. Мектепте жақсы оқуымыз және университет дипломдарын алғанымыз үшін біз – мен, бауырым Бақытбек, қарындастарым Салтанат пен Ляля

– үздік білім алуымызға айрықша көңіл бөлген анамызға қарыздармыз. Әке-шешем Мәскеуге бара жатқан достары мен таныстары арқылы маған сәлем-сауқат жіберуді ешқашан естен шығарған емес. Сол кездері қауіпсіздік органдарында қызмет атқарып жүрген Хамит Әлжановтан беріп жіберген ақ чемодан әлі есімде, ішіне ұқыпты оралған алма салыныпты. Алматы апортының иісі қандай, шағын бөлмеден асып, бүкіл жатақханаға жайылып кетті. Көп күттірмей-ақ, ғажап иістің қайдан шығып жатқанын білгісі келген көршілер бөлмеме жиналды. Ақыры, дастарқандағы жалғыз ас – Алматы апортына толған кішігірім тойға ұласты. Ұзақ уақыт студент достарым сол бір аяқасты ұйымдастырылған мерекені еске алып, келесі сәлем-сауқат қашан келеді деп сұрап жүрді. Өткен жүз жылдықтың 90-жылдарының соңында Ресей Сыртқы істер министрлігінің бір басшысы келіп, Алматыдан жететін айрықша сәлем-сауқат арқасында болған сол баяғы студенттік дастарқанды еске алыстық. Мен бұл жайлы шешеме айтып бір қуанттым.

Институтты табысты аяқтағаннан кейін мені Сингапур Республикасындағы елшілікке қызметке жіберді. Бұл қызмет әке-шешемді бір жағы қуантса, бір жағынан толғантты. Кәсіби дипломат ретіндегі қызметімнің басталуы олардың үміті мен армандарының орындалуын жақындатты. Алайда алыстағы Сингапурдағы жұмыс алдында КСРО СІМ орталық аппаратында жұмыс істеуім тиіс. Бұл жағдайға олар ерекше мұқият әзірленді. Маған костюм алу үшін шешей біраз дүкенді аралап шықты. Сол костюммен мен 1975 жылы 1 қыркүйекте кеңес дипломаты болып Смоленск алаңындағы СІМ ғимаратына кірдім, сол костюммен үш айдан кейін Сингапурға ұштым.

Ол жылдары хабар алысудың жалғыз жолы – екі-үш аптада жететін хат еді. Бүгіндері бұл таңқаларлықтай көрінер, өйткені қазір ұялы телефон байланысы, электронды пошта, факс тәрізді коммуникация құралдары өміріміздің ажырамас бөлшегіне айналып үлгерді, көп адамдарға, әсіресе жастарға өркениеттің бұл жетістіктері баяғыдан келе жатқандай елестейді. Осы бір таңсық сапар алдында ата-анам қалайда тұрақты хат жазып тұруымды өтінді. Осылайша біздің арамызда поштамен хат алысу басталды.

Мен Сингапурдағы жұмысым жайлы айтатынымын, әкей өз сәлемін қазақ тілінде және жазушыға тән мәнермен тәптіштеп жазады, анам отбасындағы жаңалықтарды қызықты етіп орыс тілінде жазды. Анам бойындағы осындай ерекше бейімділіктеріне қарамай, жоғарыда айтқанымдай, өз өмірін отбасына арнады. Тіпті, сирек барып тұратын түрлі шаралардың үстінде ол сөйлегеннен гөрі көп тындап, өзін күйеуінің тасасында ұстады. Үйге келген соң ғана бізге, балаларына көргені мен естігенінің әсерлі жақтарын әңгімелеп беретін. Бұл да бір өзінше «Ненің жақсы, ненің жаман екенін» үйрететін өмір сабақтары еді. Ол кісінің министрдің шешесі екендігін Алматыда көп адам біле де бермейтін. Мұндай мінез шынайы құрмет сезімін туғызары талассыз, өйткені ол менің тәрбиеме қаншама ерік-күшін жұмсады. Оның үстіне, ол кісінің инабаттылығы осы күнгі кейбір, әжептәуір жасқа келсе де, салтанатты дастарқандарға қатысуды, онымен шектелмей, бала тәрбиесі төңірегінде ұзақ-сонар ақыл айтуды басты міндеті санайтын кейбір сөзуар әйелдермен мүлде қабыспайды. Анам, керісінше, мұндай ірі жиын-тойлардан қашық жүруге тырысатын. Ол кісі әңгімесі жарасты жандармен оңашаланып жүруді қалады. Көбіне сонау 50-жылдардың басынан бері араласатын, ол кездерде әлі студент – Серікқали Төлеповпен, оның әйелі Роза Қайырбаевамен әңгімелесетін. Осы бір өзіне жақын тартқан адамдарға деген достығына анам өмірінің аяғына дейін кірбің түсірген емес. Ол кісі өмірден ерте өткен ҚазМҰУ профессоры Гүлжауһар Жанбатыровамен және Қазақстанның еңбек сіңірген білім беру қызметкері Эста Ахметовамен шын пейілімен достасты. Оларды қатты құрмейттейтін. Анамыздың ажырамас сырласы әрі, дипломатиялық тілмен айтқанда «іске сенімді адамы» туған апайы Бақыт Шабарбаева болды.

Бірінші еңбек демалысымда Сингапурдан Мәскеуге әке-шешем үшін күтпеген жерден келгендей болдым – мен үшін маңызды бұл оқиға туралы хат жолда бір жерде жоғалса керек. Мәскеуден үйге телефон соқтым, тұтқаны анам көтерді. Бұл біздің арада жарты жылдай уақыт өткен соң барып сөйлескеніміз еді. Ол кісінің өзін байсалды ұстауға тырысқанымен, аналық шексіз қуанышын тіпті телефон арқылы да сездім. Ал бір-екі аптадан кейін

туған қалама, қастерлі шаңырағыма келдім. Кейінгі демалыстарымда, мейлі, Сингапурдан немесе Қытайдан келейін, анам мені аэропорттан күтіп алу үшін Мәскеуге келетін. Енді ғана, арада көп жылдар өткенде, ол кісінің басқаша істей алмағанын түсіндім. Мені қатты сағынатын, содан да тұңғышымен қауышатын сирек кездесулерді күн санап күткені күмәнсіз. Әкей болса, біздің отбасында қалыптасқан үрдіспен қолымды қысып күтіп алу үшін Алматы әуежайына келетін. Біздің отбасында бір-бірін сүю тұрмақ, құшақтасу деген әдет қалыптаспаған.

1986 жылы қарашада әкей қайтыс болғаннан кейін әуежайда жалғыз өзі күтіп тұрған шешемді көру тым ауыр тиетін, әкейдің енді қайтып оралмасын бар болмысыммен сезініп, жаным жабырқай түсетін. Осындай сағыныш пен қайғы аралас ауыр сезім шешеміз қайтыс болғанда-ақ бойымды биледі. Бала кезінде, тіпті есейгенде де жетім қалу қиын екені туралы бір кездері кең таралған өлең жолдары есіме түсті. Өз өмірімінің Кеңес Одағы тарауымен тұспа-тұс келген сындарлы сәтінде анамның батыл қолдағаны ешқашан ұмытылмайды. Сол бір қауырт күндері Мәскеуде қалып, Ресей мемлекетінің Сыртқы істер министрлігінде, қызмет істеу, немесе елге қайтып оралуды анықтау қажет еді. Сонда анамның «Әкең тірі болса, саған бірден: Қазақстанда қызмет ету керек дер еді» деп айтқаны есімде. Бұл сөз бұйрықтай болып естілді, оның үстіне тағдырымды анықтаған осы әңгімеге бір апта қалғанда түс көрдім: мен әкеммен әлдене жайлы әңгімелесіп тұрдым, ол менің батыл және сенімді әрекет етуімді баса айтып жатты.

Анам менің туған елге оралғанымға шын жүрегімен қуанды. Бірнеше ай біз әкейдің Жоғары Кеңес Президиумында қызметте жүріп, 1973 жылы алған пәтерінде бірге тұрдық. Сол пәтерден әке-шешемді ақтық сапарға шығарып салдым.

Ал, 90-жылдардың басында анамыздың қайтыс бола-рындай еш қатер жоқ-тұғын. Ол кісі үнемі сергек, жадыраңқы көңілмен жүрді, бір кезде бізді баққандай немерелерін бағып-қағуға көмектесті, олардың сабағын мұқият қарады.

Мен Сыртқы істер министрлігінде қызметке кірістім. Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан алғашқы қадамдарын енді жасай бастаған, еліміздің дамуының сол бір жауапты

кезеңіндегі жұмыс аса қиын болды. Барлық басшы қызметкерлер жұмыста әбден кеш түскенше отыратын, біздің алдымызда көптеген жоғары деңгейдегі кездесулер мен келіссөздер құжаттарын әзірлеу, сондай-ақ Қазақстанның сыртқы саясатының тұжырымдамалық негізін жасау міндеті тұрды.

Анам тамағын ертерек дайындап қойып, мені күтетін. Ол кісі менің тамақ құмарлығымды жақсы біледі және көңіл-күйімнің қандай екенін пәтерге кірген бетте-ақ дәл табатын. Көбіне біз ас үйде отырып жұмыс жайлы, оның ішінде қызметтік жайттар төңірегінде әңгімелесетінбіз. Анам менің қызметіме бар ынтасымен қарады және әрдайым көмектесуге тырысатын. Ол кісінің кеңестері, негізінен, менің ұзақ уақыт бойы Қазақстаннан тысқары, шетелдерде жүруіме байланысты ел ішінде жақсы білмейтін түрлі адамдармен ара-қатынасыма қатысты болатын.

Сол кездерде отанға қызмет етуді әркім әрқалай түсінді, мысалы, біреулер инфляция жағдайында тез құнсызданып кететін банк несиелерін алу немесе шикізатты сыртқа шығаруға лицензия беру есебінен жылдам байып кету деп пайымдады. Шешеміз, әрине, кейбір шенеуніктердің аяқ астынан қиспасыз байып шыға келіп жатқанын білді, бірақ мұндай тіршіліктің баянсыз және ақыры жақсылыққа апармайтынын жалықпай айтып отырды. Өзі де қарапайым тірлік кешті, көзі жұмылғанша көп нәрседен өзін шектеп отырды. Ылғи да ел алдында ұятқа қалмау үшін өзімді таза ұстауды, ешқашан көрсеқызарлыққа бармауды айтып кеңес беретін.

Ол кісі Дюссельдорфқа емделуге барғанға дейін тұрмыстың рахаты мен жеңілдіктерін пайдаланған емес, тіпті тамақ дүкендері мен базарға трамваймен немесе таксимен баратын. Бірде мен ыстық тамаққа кафеге тапсырыс беруді ұсындым, бірақ үй жұмысы үйреншікті тірлігі екенін айтып, одан бас тартты. Анамыз барлық қолайсыздықтарға шыдамды болатын, қыстың күні жылу болмаса, жылы шәлі мен кофтасын киіп, тамақты электр плиткасына әзірлейді, жазда ми қайнаған ыстыққа да төзетін. Өмірінде бір рет те қиындыққа шағымданбапты, қайта балалары мен немерелері тұрғанда оның бәрі түк еместігін, өзінің бақытты екенін айтатын.

Сыртқы істер министрлігіндегі жұмыс ұдайы жол-сапарға шығумен байланысты ғой. Анам мені алыс жолға жақсы тілекпен шығарып салып, қуанып қарсы алып жүрді. 70-жылдардағы осындай шуақты, жылы күндеріміз қайта келгендей болды, әрине, енді басқа тарихи жағдайлар. Анамыз мені Сингапурдағы және Қытайдағы қызметтеріме шығарып салуы өз алдына, мені Шереметьево аэропортынан немесе Ярославль вокзалынан күтіп алатын. Тек осы бір жақсы дәстүрдің тым қысқа болғаны өзекті өртейді.

1998 жылы шілдеде анам инсульт алды. Бұл ауыр науқас қатты қорыққанымыздай болмай, біздің бақытымызға орай, ұзаққа созылған жоқ, дегенмен ол кісінің денсаулығын әжептәуір төмендетіп кетті. Осындай ауыр жағдайдың өзінде анам таңқаларлық төзімділік танытты, өз шаңырағында-ақ ем қонарын айтып, ауруханаға жатудан бас тартты. Табандылықпен емделіп, жарты жылдан соң-ақ инсульт әсерінен айығып шықты. Бұған балалары мен немерелері қатты қуанды. Алайда бізге дәрігерлер анамыздың толық емделіп, сауығу қажеттігін айтып ескертті, содан соң отбасы ақылдаса отырып, ол кісіні, Қытайға барған аз күндік сапарын айтпағанда, өзі ешқашан болмаған шетелде емдетуді шештік. Анам бұған қуанды, өйткені үздіксіз емнен өзі де шаршаған еді, әрі өмірінде бір өзгеріс болуын қалады. Ол кісінің оңай келісуі менің Астанаға ауысып, Алматыға сирек келуіммен де байланысты болған шығар. Біздің кездесулеріміз сирей түсті, көбіне телефонмен сөйлесетінбіз. Бірде осындай әңгіме үстінде анам үлкен мағына сыйғызып мына бір сөзді айтқан еді: «Сендер жаңа астанаға көшкеннен кейін біз мұнда жетімсіреп қалдық». Мен кей уақытта осы сөзді ойыма алып, түпкі мәнін түсінгім келеді. Кейде маған анам бұл сөзімен мені сағынатынын, мәңгіге қоштасарын сезініп айтқандай көрінеді. Әрине, ол кісіге менімен қайта айырылысу ауыр тиді, дегенмен астананы ауыстыруға қарсы болғандардың пікірін қолдай қойған жоқ. Анам Президент Н. Назарбаевты шын пейілімен жақтады, үнемі ол кісіні қолдап, аналық сезіммен мақтаныш тұтатын. Анамның Мемлекет Басшысына келгенде көзқарасы айнымас адал еді, Президентті жамандайтын адамдарды жек көретінін жасырмайтын. Нұсұлтан Назарбаев пен Сара Алпысқызының журналдан қиып алған суретін көзі жұмылғанша сақтап жүрді.

Анам Дюссельдорфта болған кезінде үнемі телефонмен сөйлесіп тұрдық. Тұрмыс жағдайының көңілден шыққаны мен ауа райының жаққанын айтып, алаңдамауымды өтінетін. Көз жұмарынан сәл ғана бұрын барғанымда, ол кісі тұрған пәтердің өзі айтқандай тіпті де кең еместігін көріп, көңілім құлазып қалды.

Бірыңғай немістер тұратын көп қабатты үйдің шағын пәтері екен. Жергілікті тұрғындар анамның адамгершілік қадір-қасиетін танып, үлкен құрметпен қарады. Әсіресе ол кісінің немерелерінің асты-үстіне түскенін көріп, таң қалыпты. Көршілері, тіпті ең алдымен өзі үшін өмір сүру қажеттігін, балалар мен немерелер өздері-ақ өмір жолдарын тауып кететінін айтып үгітесе керек. Бұндай пайымның ұрпақ десе ішкен асын жерге қоятын балажан халқының барша қасиетін бойына сіңірген абзал жанға мүлде жат екенін олар қайдан білсін. Батыста балалар ержетісімен өз бетінше өмір сүрулері және ересек өмірге үйренулері керек деген желеумен әке-шешесінен аулақтатып жіберетін әдетті естігенде, анам тіптен қайран қалған ғой. Менің премьер-министр болып тағайындалуыма байланысты анам ішкі сезімін білдірмеуге тырысып, ұстамды түрде құттықтады. Тек «Әкеңнің жоқтығы өкінішті. Ол шексіз қуанар еді» деді. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы менің атыма аяусыз бағытталған жала-тиісулерді қатты уайымдады, бірде тіпті инсульттан кейінгі денсаулығына үлкен қауіп төндіріп, гипертониялық дағдарыспен жатып та қалды. Телефонмен сөйлескенімде, менің қасыма қайтып келіп, ақыл-кеңестерімен қолдағысы келетінін де айтқан. Самолетпен ұзақ жолға ұшудың әсері ауыр боларын ескеріп, райынан қайтаруға тура келді. Ол кісінің бәрібір, өмірінде соңғы рет бұл алыс сапарға шығатынын кім білген. Анамнан айырылу аса ауыр тиді. Тек қызмет, туған-туыс, жақындармен тығыз араласу ғана ауыр ой мен өзекті өртейтін өкініштен аз да болса алыстатқандай. Алайда айықпас сағыныш пен қаумалаған қайғыдан арыла алма-дым. Мұндай сезім отбасындағы әрқайсымызда бар екенін білемін. Жұбаныш етеріміз анамыздың көз жұмарынан біраз ғана бұрын «Мен барлығына разымын» деген бірауыз сөзі және шет елде түскен суреттері. Бұл суреттерде ол кісі жасарып, әдеміленіп, әрі қуанышты көрінеді.

Әлем әдебиетінің классигі Оноре де Бальзак ана жүрегінде кешірім үшін орын қай кезде де табылады деп жазды. Анамның балаларының қателігін, оның ішінде ол кісінің өзінің алдындағы жасаған қателіктерін түсінікпен қабылдағанына сенгім келеді. Сүйетін жүрек бәрін түсінеді, бәрін кешіреді. Ал біздің анамыздың бізді қаншалық жақсы көргені сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Балалары мен немерелерінің тағдыры мен өмірі, шындап келгенде, ол кісінің өз тағдыры мен өміріне айналды. Түсінбей қалар деген қорқыныштан адал көңілмен және өтірік көлгірсімей, аяулы анамыз жер бетіндегі барлық аналардың арасындағы өз орнын тапты деп айта аламын.

Соңғы сөз орнына

Алматыда болған кезімде мен ата-анамның мәңгілік соңғы тұрағы – Кеңсай зиратына міндетті түрде барамын. Алтын әріптермен: Кемел Тоқаев. 1923 – 1986 жж., Тұрар Шабарбаева 1931 – 2000 жж. деп жазылған екі қара ескерткіш тастың қасында үнсіз ұзақ тұрамын. Неге екенін білмеймін, зират басында менің ойларым бұлдырап, алаңды болып кетеді. Сананы торлаған қалың ойдан арылу үшін ұзақ уақыт аспанға қараймын, сонау жақта, алыс-алыста менің қымбатты ата-анамның да жандары жай тапқандай сезіледі. Олар шексіз ғарыштағы сапарларын жалғастырып, жердегі балалары мен немерелеріне мейірімді жандарының көзге көрінбес шуағын төгіп тұрғандай сезінемін. Көп жылдар өткен соң, о дүниедегі аяулы ата-анамның жандары аспандағы сапарын аяқтап, жерге түсуі мүмкін-ау, сонда жер бетінде Тәңірі биік адамгершілік қасиет дарытқан тағы да екі адамның мағыналы ғұмыры басталар.

*Қаламдастар
мен
замандастар
лебiзi*



Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ,
Қазақстанның халық жазушысы

ДОС ҚОЛТАҢБАСЫ

Естелік-этюд

I

Кейбіреулер естелік жазуды оңай деп есептейді. «Онда не тұр: көрген-білгеніңді қағазға түсіре саласың – бітті!» дейді. Ауызбен айтуға ғана оңай. Қолыңмен жаза бастасаң, тіпті де оңай емес. «Көрген-білгенің» биылғы немесе былтырғы болса бір сәрі! Бұдан он немесе отыз жыл бұрынғы қызметтес болған жолдасыңның немесе 40-50 жыл бұрын университетте бірге оқыған студент досыңның мінез-құлқын, істеген ісін, айтқан әзілін айнытпай қағазға түсіріп көр.

«Біз қашан, қалай кездесіп, не туралы әңгімелесіп едік?» дейсің. Ойыңа түсіре алмағаннан кейін, ол адаммен ешқандай қарым-қатынаста болмаған да сияқтанасың. Бірақ онымен бір оқу орнында оқығаның, қатар өмір сүргенің аян. Ендеше, есте ештеңе қалмауы мүмкін емес. Ары ойлап, бері ойлап, өткен күндер ұшығын ұстатпай, дел-сал күйге түсесің.

Бейтаныс суретші Шолпан Нұраханова алғаш телефон соққан кезде мен осындай күйде болдым.

– Ағай, сіз Кемел Тоқаевпен университетте бірге оқып-сыз, «Социалистік Қазақстан» газетінде қатар қызмет істепсіз, Жазушылар одағында да сан рет жүздесіп жүріпсіз. Енді сол кісі туралы естелік жазып беріңіз, – деп өтінді ол.

– Бәрі рас, қарағым, ойланайын, – дедім оған.

Үш күннен кейін Шолпан қайтадан хабарласты.

– Ойландыңыз ба, аға? – деді.

– Естелік деген, шындық пен шығарманың ортасындағы жанр. Шындықтың шылбыры қолыңа тисе ғана шығарма

туады. Сол шылбырдың ұшынан ұстай алмай жатырмын, Шолпан, – деймін мен сөзімді бұлдырата сөйлеп.

– Ұқпадым, аға, – дейді Шолпан шынын айтып.

– Кемел нағашың туралы ойыма ештеңе түспей жатыр, қалқам: – «Нағашың» дегенім өткен жолы ол өзінің Кемел Тоқаевтың жиені екенін айтқан. «Кемелдің әкесі Тоқай. Тоқайдың әкесі Балтай. Балтай мен Бисара екеуі бірге туған. Мен Бисараның шөбересімін» деген. Өзі сурет өнерімен шұғылданатын суретші екен. Кемелдің әйелінің аты Тоқтар ма еді, Шолпан?

– Тоқтар емес, Тұрар ғой, аға.

– Маған сол кісінің әдіріс, телефонын тауып бере аласың ба? Сол кісімен сөйлесіп, «Жазушының жары» деген атпен естелік рәуішті очерк жазып берейін.

– Ол кісі Алматыда жоқ, аға. Германиядағы қызының қолында тұрады.

– Ой, бәләй, – деймін мен өкініп. – Ертеректе Тұрардың қолынан дәм татқаным бар еді. Кейін ол кісі Шет тілдер институтында қызмет істеп жүрген кезінде мені ағылшын факультеті студенттерімен кездесуге шақырып еді, – деймін дағдарып.

– Қазір ол кісі Алматыда емес, қайтемін? – деді Шолпан қиналып. – Мұнда келмейді.

– Онда Кемелдің ұлы Қасымжомарт Астанадан Алматыға келіп жүр еді ғой. Сол жігіт бір келгенінде маған соғып, әкесі туралы сұрақтарыма жауап беріп кетсе, онда сенің естеліктер кітабыңа «Әке мен бала» деген очерк-әңгіме жазып берер едім.

– Ой, ол министр ғой, келмейді ғой, – деді Шолпан.

– Мен өзім барар едім, бірақ сырқатпын, үйден шыға алмаймын. Содан кейін ол біздің баламыз ғой, соға кетсе деп ойлап едім.

– Өй, білмеймін, аға... Қандай сұрақтар қояр едіңіз?

– Әртүрлі сұрақтар ғой. Мәселен, сенің атыңды әкең неге Қасымжомарт деп қойды? Бұл: Қасым және Жомарт деген екі кісінің аты ғой. Олар Кемелге қандай жақындығы бар адамдар еді? Әкең айтқан қандай қағиданы өзіңе өнеге етіп ұстап қалдың? Әкеңнің Мәскеуде оқып жүргенде жазған хаттары бар ма, сақтай алдың ба? Осы сияқты сұрақтар ғой, Шолпан.

– Сұрақтарыңыз дұрыс қой. Бірақ, Жомарт келе алар ма екен? Тағы да ойланып көріңізші, аға, мүмкін бірдеңе шығарарсыз. Өзге ағайлардың бәрі он-он бес беттен естеліктер жазып, жаудырып тастады.

– Жарайды, тағы да ойланып көрейін. Ойлану үстінде кітап дүкендерінен Кемелдің баласы Қасымжомарт Тоқаевтың кітабын көргенім есіме түсті. Бағасы қымбат болғандықтан (870 теңге екен), ала алмай кеткенмін. Ішінде әке-шешесі туралы айтылатын арнаулы тарау болса, қымбат болса да алайын деп ойладым. Кітап дүкеніне барсам, былтыр көрген жасыл кітап осы орнында тұр екен: «Қ.Тоқаев. Тәуелсіздік туы астында. Қазақстанның сыртқы саясаты туралы очерктер». «Білім» баспасы 3000 дана етіп, 1997 жылы шығарған. Көлемі 40 баспа табақ. Бағасы сол 870 теңге қалпында.

Осы мәліметтерді шолып өтіп, үміттеніп, тез мазмұнын карауға кірістім. Үміттенетінім, былтырлар көп жыл Кеңес Одағы Сыртқы істер министрі болған А.А. Громконың «Есімдегілер» деген екі томдық кітабын оқыған едім. Соның алғашқы елу-алпыс беті автордың ата-анасы, туыстары, туған жері, оқыған мектебі, бітірген академиясына арналған еді. Бұл кітаптан да маған керек сондай деректер табыла ма деп дәметкен болатынмын. Бұл кітапта ондай тараулар жоқ екен. Еңбек тек Қазақстанның сыртқы саясатын саралауға ғана құрылыпты. Үмітім ақталмай, көңілсізденіп, кітапты қайтадан орнына қойдым. Сөйтіп жүргенде, министр Қасымжомарт Тоқаев Бас министр болып кетті. Премьер-министрге қалай үйіме келіп, әкең туралы әңгіме айтып бер дей аларсың?! Осылай мысым құрып, не істерімді білмей жүрген күндердің бірінде өз кабинетімдегі қабырға шкафтарының ең жоғарғы жағындағы сөрелерінде самсап тұрған әралуан кітаптарға көзім түсе кетті.

II

Менде 700-ге жуық әралуан авторлардың өз қолдарымен автограф жазып сыйлаған кітаптары бар. «Жуық» дейтінім: сол кітаптардағы автографтардың алты жүзден

аса ксерокөшірмелерін осыдан үш-төрт жыл бұрын түптетіп, Мемлекеттік архивке өткізген едім. Одан бері де бірсыпыра ағайын өз кітаптарын үйге әкеліп сыйлап кетті. Соңғы келген кітаптардың ішінде Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз», Медеу Сәрсекеңің «Қазақтың Қанышы», Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім», Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романдары, Тұрсынбек Кәкішевтің «Ескірмейді естелік», академик Шапық Шөкиннің (баласы әкеп берген) «Жылдың төрт мезгілі», Сапар Байжановтың «Кұштарлық қуаты», Мұхтар Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі» кітаптары, Еслам Зікібаевтың, Өкім Жайлауовтың, Әділғазы Қайырбековтың, Тұрысбек Сәукетаевтың хикаят, әңгіме және жыр жинақтары, тағы басқалар бар. Олардың бәрін санап үлгермегендігімнен «700-ге жуық» деп отырмын. Ол кітаптардың ішінде Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов, Иманжанов, Тәжібаев, Айтматов, Тоғысбаев, Шәріповтен басқа бірнеше шетел жазушыларының автографтары бар. Ал Әлімбаев, Дүйсенов, Қанахин, Исабаев, Бақбергенов, Байтанаев сияқты іні-құрдастарым бір емес, бірнеше кітаптарын сыйлаған. Солардың бәрі менің төрімнің ең көрнекті жерінде тұр.

Осыларға көзім түскенде: «Маған Кемел де кітабын сыйлаған жоқ па екен?» деген ой сап ете қалды. Дереу сол кітаптарға арналған жеке картотеканы қолыма алып, ақтара бастадым. Бақытыма қарай, Кемелдің де бір кітабы бар болып шықты. Ол Кемел Тоқаевтың 1958 жылы Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 20 мың дана болып басылып шыққан «Тасқын» деген повестер жинағы екен.

Содан кейін сөреге көтеріліп, кітаптың өзін іздедім. Авторларының фамилиясы «Т» әрпінен басталатын кітаптар сөресін қуалап келемін: Танк Максим (Белорусь), Тоқмағамбетов Асқар, Тәжібаев Әбділда, Тілепов Жұмат, Төреқұлов Нысанбек... «Тіркеуде тұр екен, тізбекте жоқ болып шықпаса жарар еді» деп күдіктенемін. Біреулер алып кетуі, жоғалып қалуы мүмкін ғой. Жоқ, бар екен! Сыртында қараңғы жақтан жарыққа шығып, қолын плащының қалтасына салып түрегеп тұрған шляпалы адамның бейнесі

бар. Одан төмен: «Кемел Тоқаев. Тасқын» деп жазылған. Дәл өзі – іздеген кітабым! Қуанғанымнан кітапты сөреден суырып алып, кеудеме қыстым. Қайтадан ішкі, сыртқы беттерін ашып қарадым. Картотекадағы мәліметтер дұрыс жазылған. Онда тек қана кітаптың редакторы көрсетіліпті. Амантай Байтанаев екен. Өзіміздің Амантай! Бұл кітапты Кемел марқұм маған өз қолымен сыйлаған. Мұқабаның ішкі бетіне былай деп автограф жазыпты:

«Әзілханға – Әзілхан досқа!

Кемелден.

20.11.1959 ж. Алматы».

Осылай деп, қолын қойыпты. Оны оқығаннан кейін жүрегім лүпілдеп қоя берді.

Қалай лүпілдемесін: әрі қысқа, әрі нұсқа қолтаңбада Кемел марқұм менің атымды екі рет атапты. Ең бастысы, мені өзіне дос санапты. Сол өзіне дос санаған адамды өлгеннен кейін ұмытып кетіп, естелік жазуға ілгешек (зацепка) таба алмай, сасқаныма қысылдым. «Адамның бәрі сол ғой: тірі күнде доспын дейді, өлген соң ұмытып кетеді. Достарымызды бүгін біз ұмытсақ, ертең бізді де кім еске алар дейсің?» деп ойладым. «Демек, екеуміздің арамызда достық контакт, бір-бірімізді қадірлеген кездер болғаны ғой. Сонда Кемел бұл кітабын маған қайда, қандай жағдайда сыйлады екен?»

Енді осыны ойлана бастадым. Одан бері 40 жылдан аса уақыт өтіпті. Бұдан қырық жыл бұрын біз қай жерде отырып, не жайында әңгімелестік? Ал соны тауып көр.

«Шын жыласа, соқыр көзден жас шығады» деген рас қой. Ақыры таптым! Ол кезде мен «Социалистік Қазақстан» газетінің Павлодар облысындағы меншікті тілшісі болатынмын. 1960 жылы Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан (қазіргі «Жазушы» баспасы) менің «Жомарт өлке» деген кезекті очерктер жинағым шығатын боп жоспарға кірді. 1959 жылдың бас жағында сол кітаптың қолжазбасын алып, Алматыға келдім. Бір жағынан редакцияда жұмыс істей отырып, баспаға қолжазбамды өткіздім. Ол кезде Кемел Тоқаев «Социалистік Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы болатын. Бір күні ол мені үйіне қонаққа ертіп апарды. Үйінің қай көшеде екені есімде

жоқ. Кешке редакцияның кезекші машинасымен барып, ертеңінде таңертең сол машинамен редакцияға қайттық. Сыртқы есіктен кірген бетте бізді орта бойлы, талдырмаш денелі, қара торы келіншек күлімдеп қарсы алды. Ол кісімен сәлемдесіп үлгергенше ішкі жақтан 7-8 жасар нәзік қыз бала мен 5-6 жасар балпанақтай ұл бала жүгіре шығып, екеуі екі жақтан әкелерінің мойнына асылды. Қыз бала әкесінің кеудесіне басын тигізгеннен кейін кері шегініп кетті де, ұл бала әке мойнына асылып тұрып алды.

– Әй, қалқам, – деді шешесі баласын басынан сипап, – папанды босат, жұмыстан шаршап келді ғой. Мына қонақ ағадан ұят болады, алдымен сәлем бер бұл кісіге.

Ұл бала әкесін босатты да, тайрандап, төргі бөлмеге қарай жүгіре жөнелді.

– Ой, тентек, сәлем беруді де ұмытып кетті, – деді Кемел күліп.

– Ал, жоғары шығыңыздар, – деді үй иесі әйел қонақ-жайлылық білдіріп. Содан кейін лып етіп, бүйірдегі қазандық бөлмеге қарай қозғалды. Біз төргі бөлмеге кірсек, үстел жасаулы тұр екен. Үстел басына енді жайғаса бергенімізде, Кемелдің келіншегі келіп кірді де, күйеуінің бетіне қарап:

– Ас әзір, Кемеш, түсірейін бе? – деді.

– Онда біз де әзірміз, Тұраш, қарсылық жоқ, – деді Кемел күліп. Әйел ықыластана жымыып, қайтадан асүйге қарай жөнелді. Оның жүріс-тұрысынан, жымыысынан ерін ерекше құрметтейтіні, ерлі-зайыпты үй иелерінің бірін-бірі қасқабақтарынан танып, құрақ ұшып тұратыны аңғарылады.

Мен осыны ойлап үлгергенше, Кемелдің келіншегі буы бұрқыраған бір табақ бесбармақты алдымызға әкеп қойды да, өзі күйеуінің қасына жайғасты.

– Әлгі балалар келмей ме? – дедім мен, жан-жағыма қарап.

– Олар тамақтарын ішіп алған, енді телевизорға үңіліп отыр, – деді шешесі балалар бөлмесін иегімен нұсқап.

– Ал, енді, мен екеуіңді таныстырайын, – деді Кемел ас алдыға келіп, көңіл жайғасқаннан кейін. Содан кейін, алдымен менің аты-жөнімді атап:

– Біздің газеттің Павлодар облысындағы меншікті тілшісі, – деді.

– Естуіміз бар, – деп, келіншек басын изеді.

– Бұл кісінің аты Тұрар, – деді енді ол келіншегінің иығынан сипап.

– Тұрар?! – дедім мен таңданғандай пішінмен. Таңданысым, мынадай жылы жүзді, гүлдей майысқан келіншектің аты Айгүл, Асылгүл, Әсемгүл сияқты болар деп ойлаған едім. Олардың бірі болмай, Тұрар болып шыққанына таңдандым.

– Неге ойландың? – деді үй иесі бетіме қарап.

– Тұрар деген ұлдың да, қыздың да ортақ аты ғой. Балалары шетіней берген әке-шешенің үмітпен: «Осы баламыз тұрар, аман болар» дегенінен шыққан ат қой. Соны ойланып отырмын.

– Оның рас, – деді Кемел басын изеп.

– Осы кісінің атына біз бір буын қоссақ қайтеді, Кемел? – дедім мен, үй иелерінің бетіне кезек қарап.

– Қандай?

– «Гүл» деген буынды қосып, Тұраргүл деп атасақ.

– Мен Тұраш деп атаймын. Сен Тұраргүл деп атайтын бол онда, – деді Кемел күліп.

– Сіз қарсы емессіз бе? – дедім мен Кемелдің келіншегіне қарап.

– Гүл болуға жарасам, – деп жымыды әйел.

– Сен өзің елге ат қойғыш екенсің, – деді Кемел маған әзілдей сөйлеп. – Біздің машинисткалардың бәріне қойған аттарың бар көрінеді.

– Оны қайдан білесің, Кемел?

– Пәлі, естімеймін бе?

– Кім, қалай деп айтып жүр?

– Мен «Қазпионерден» (ол бұрын «Қазақстан пионері» газетінің редакторы болған. – Ә. Н.), «СҚ-ға» жауапты хатшы боп келгенде («Социалистік Қазақстан» газетінің ауызша әңгімеде қысқартып, «СҚ» деп атайтынбыз. Ә.Н.) бөлімдерден әзірленіп келген мақалаларды оқып, өңдеп болған соң кейбіреулерін қайта бастырып әкел деп орынбасарыма беремін ғой баяғы.

– Кімге бастырайын, Кемел аға: Автомат-апайға ма, әлде Академик-апайға ма? – деп сұрады ол менен.

– Оларың кім?

- Өзіміздің машинисткалар ғой.
- Олар неге: «Автомат», «Академик»?
- Ол кісілердің лақап аты.
- Кім қойған?

– Баяғыда, Павлодарға редактор боп кетерден бұрын Әзағамыз қойып кеткен, деп сенің атыңды атайды.

– Неге олай деп атаған? – деп сұраймын содан соң.

– Сәнәм деген апайдың машинка басқанда саусақтарына көз ілеспейді. Өзіне диктовка жасаған кісінің әр сөзін көмейінен қағып әкетіп, аузынан шығар-шықпаста қағазға түсіріп үлгереді. Сондықтан ол апайды «Автомат» дейтін. Ал, Бибіш деген апамыз өте сауатты кісі. Небір шұбалаң, қиын мақалаларды көшіргенде, соларды өзі өңдеп, тыныс белгілерін үтір, нүкте, қос нүкте, үтірлі нүкте, сұрақ, леп белгілеріне дейін қойып, тура редактордың өз қолынан шыққандай етеді. Сондықтан ол кісіні «Академик апай» деген. Ал, Айша деген апамыз мақаланы асықпай жайлап басып, айтқан уақытыңнан бұрын әзірлеп береді. Сол себептен ол кісіге «Аяңшыл апай» деп ат қойған. Аяңы желіске бергісіз сәйгүлік болмай ма бір. Сол сияқты дегені болар. Әзағаң әр мақаланың характеріне қарап: «Мынаны – пәлен апайға, ананы түген апайға беріңдер», – деп отыратын дейді. Содан кейін «Қасым ханның қасқа жолы» дегендей, сен салған дәстүрді бұзбайын деп, мен де сол кісілерді солай атап кеттім. Сені осы күнге дейін машинисткалар аузынан тастамайды, айтып отырады.

Мен таңдандым, басымды шайқадым.

– Ол кезде мен жауапты хатшы Бәри Мәзитов ағамыздың орынбасары болатынмын. Машина бюросының жұмысын басқару, запасқа терілетін материалдарды баспаханаға жөнелту, ол жақтан редакцияға гранкалар алдырып отыру менің міндетім еді. Бұл менің сол кезде машинисткаларға әзілдеп қойған аттарым болатын. Оны әлі ұмытпаған екен-ау өздері.

– Әзіл ғана емес, шыны да солай екен. Ол апайларға сенің қойған аттарыңның әділдігін артынан аңғардым. Машинисткалардың бәрі де сол айтқанындай адамдар болып шықты. Сенің кісіге қойған аттарың осылай желім –дей болып жабысып қалады екен.

– Ал, әлгі «гүл» деген сөзді бір жеңгемізге жақсылап, «желімдеп» бергенім бар. Соны айтайын ба, Кемел?

– Айт, әрине.

– Айтсам: мен төрт жыл облыстық газеттің редакторы болғаннан кейін, Орталық Комитетке өзім өтініш беріп, осы тілшілік қызметке кеттім ғой. Менің орныма редактор болып, Алматыдан өзің білетін Омекең – Омарғали Құдышев келді. Керекуде жаңа қоңсыны ерулікке шақыру басталды. Омекең бұрын «Социалистік Қазақстан» газеті редакторының орынбасары болған. Менің де, менімен бірге істейтін «СҚ-ның» екінші тілшісі Қаби Көпбаевтың да бұрынғы бастығы. Көпбаевты білесің ғой, әрине.

– Е, өз газетіміздің тілшісін білмегенде, – деді Кемел басын изеп. – Білемін, әрине. Екеуің де Павлодар облысындағы тілшімізсіңдер. Анау, еңкеңдеп жүретін үлкен кісі ғой ол.

– Иә. Омекеңді ерулікке алдымен біз шақыруға тиіспіз. Бізден басқалар білмейді. Бірақ қайсымыз бұрын шақыруымыз керек? Әңгіме осыған тірелді. Қабекең жасының үлкендігін пайдаланып, бұрын шақыратын болды. Ол кісі менен тура бір мүшел үлкен ғой. Омекең балаларын үйлерінде қалдырып, Қабекеңдікіне әйелімен ғана келді. Оларға Қабекең бізді косты. Омекеңнің әйелі арғымақтай биік кісі екен. Бұрын Қазақстан комсомолының орталық Комитетінде қызмет істеген. Пионер бөлімін басқарған. Маған «СҚ-ға» ауысардан бұрын, «Пионер» газетінде бөлім меңгерушісі болып істеп жүргенімде, бір-екі рет шақырып алып, нұсқау бергені бар.

– Болатова ғой, – деді Кемел. – Білемін ол кісіні. Бізге де нұсқау берген «Қазпионерде» редактор болып тұрғанымда. Аты Тоня болар.

– Мен атын білмеймін. Сол кісі бәріміз Қабекеңнің үйінде қонақ болып қайттық. Қайтарда, жолшыбай, біздің үйге кірдік. Халима, менің әйелім құрақ ұшып, шай қоюға асүйге қарай жүгірді. Орындыққа отырар-отырмастан Омекең әйеліне қарады да: «Тойдық, кетейік» деді. Әйелі қозғала қойған жоқ. Мен аң-таң болдым: «Тойғаны несі? Бұл үйден ештеңе ауыз да тиген жоқ, неменеге тояды? Әлде ана үйден тойып шыққанын айтып отыр ма?» деп ойладым. Осы кезде

әйелім келіп, дастарқан жая бастады. Сол сәтте Омекең: «Дастарқан жаймаңыз, тойдық, кетейік» деп, тағы да әйеліне қарады. Екеуі орындарынан тұрып, бізбен қоштасып, кетті де қалды. Біз аң-таң болдық. «Ішпей-жемей тойғаны қалай бұл кісілердің? Әлде қонаққа Көпбаевтан біз бұрын шақырмады деп өкпелегендері ме екен?» деп ойладық.

Келесі жолы ол кісілерді біз қонаққа шақырдық. Қабекен мен ол үйдегі жеңгеміз Ғазизаны, «Қызыл ту» газетінің барлық бөлім меңгерушілерін жұбайларымен шақырып, оларды Омекеңмен және ол кісінің әйелімен таныстырдық. Сөзден сөз шығып отырып, мен өткен жолы Омекең мен жеңгей біздің үйден құр ауыз шығып, Омекеңнің екі-үш рет «тойдық» деп айтқанына ұялып қалғанымызды айттым.

– Сонда, Омеке, ішпей-жемей жатып, біздің үйде неге тойдыңыздар? – дедім.

Осы кезде Омекең үйіндегі жеңгеміз сақылдап кеп күліп қоя берсін. Күлкісін баса алсыншы. Омекең жымыяп:

– Сендердің зыр жүгірген ниеттеріңізге тойдық дегеніміз шығар, – деді.

– Жоқ, – деді жеңгей күлкісін қойып, Омекеңді алақанымен санынан салып кеп қалып. – Менің атым Тойдық қой. Ол Омекеңнің менің атымды атап, «Үйге қайтайық, балалар ұйықтап қалар» дегені болатын. Осылай деп жеңгеміз қайтадан күлді. Енді ол кісіге дастарқан басында отырған бәріміз қосыла күлдік. Жеңгей орамалымен көзін сүртіп, қайтадан сөзін жалғады.

– Әке-шешеміз байғұстардың ұл балалары болмапты, қыз артынан қыз туа беріпті. Содан кейін мен туғанда ол кісілер: «Қызға тойдық енді, осы ақырғы қызымыз болсын деп, атымды Тойдық қойыпты», – деп жеңгеміз әңгімесін аяқтады. Осыдан кейін біз ол кісіні Тойдық демей, Тойгүл атап кеткен едік. «Тойгүл жеңгей, Төке» дейтінбіз.

Менің бұл әңгімеме Кемел де, Тұрар да рахаттана күлді.

III

Осыдан кейін әзіліміз жарасып, әңгімеміз жалғаса берді.

Кемел екеуміз өткен өмір туралы сөз қозғап, сұрапыл соғыс, түлкі құрсақ студенттік кезімізді айтыстық. Тұрар-

гүл қазандық бөлмедегі шаруамен айналысып, балалары теледидар көріп отырған бөлмеге де бас сұғып, араарасында біздің әңгімемізге де құлақ салып кетіп жүрді.

– Студент кезінде мен сені көрмеген сияқтымын, – дедім оған.

– Группамыз бөлек болды ғой: мен – журфакта, сен филфакта оқыдың. Бірақ мен сені көрдім.

– Қашан?

– 1946 жылдың басында, ССРО Жоғарғы Советінің соғыстан соңғы алғашқы сайлауының алдында. Біздің университет Мәлік Ғабдуллинді депутат етіп сайлады ғой сонда.

– Университетте Мәлікпен кездескеніміз менің де есімде: 1946 жылдың 4 қаңтары болатын.

– Сол кездесуде сен Мәлікке арнап өлең оқыдың.

– Рас. Сол өлеңнің аяғына өлеңді шығарған күнім 4 қаңтар деп көрсетіліпті.

– Мен сені сонда көргенмін. Бірақ артынан жақындасып, шүйіркелесе алмадық. Мен өлеңге әуес емес болатынмын. Оның үстіне өзім жұртпен тез жұғыса алмаймын. Бала күннен әдетім сондай, – деді Кемел. – Сен онда Амантаймен бірге оқыдың ғой?

– Иә, Амантай, оның әйелі Нәзила бәріміз бірге оқыдық.

– Амантай Байтанаев менің мектепте бірге оқыған досым ғой. Ол екеуміз соғыстың алдында Шымкентте орта мектепті қатар бітіргенбіз. Ол менен бір жас үлкен болғандықтан әскерге бұрын кетті. Мен 1942 жылы алындым.

– Қай майданда болдың?

– Сталинградтың өзінде соғыстық қой біз. Өзің сияқты сержант болдым.

– Қандай бөлімде?

– Алғашында атқыштар батальонының автоматшылар ротасында едім. Сталинград шайқасының өзі екі этаптан тұрады ғой: 1942 жылдың июлінен ноябріне дейін қорғаныс кезі болса, 18 ноябрьден 1943 жылдың 2 февраліне дейін шабуыл шайқасы жүрді. Шабуыл қарсаңында 7-гвардиялық дербес танк полкі құрылды. Оған батальондардан таңдаулы автоматшылар десант ретінде жіберілді. Солардың ішінде мен де барып, автоматшылар бөлімшесінің командирі болдым.

– Мен зеңбірек сүйретіп жүрдім. Танкке мініп көргенім жоқ.

– Бәйге атына мініп көрдің бе?

– Иә. Озып та келгенмін.

– Мұнда да сондай: зымырап келе жатқан танк үстінде зулап келе жатқан ат арқасындағыдай әсерде боласың. Көмбеде ауыздығымен алысып, қаз-қатар тізіліп тұрған сәйгүліктерді «кью!» деп қарақшыдан қоя бергенде, абайсызда ат үстінен ауып қала жаздайтын сәтіңіз болмаушы ма еді? Дәл сол сияқты болып, танк жүлқи жөнелгенде тұтқадан мықтап ұстап отырмасаңыз, сыпырылып қала жаздайсыз. Танк тегіс жолмен зымырап келе жатқанда көзіңізден жас парлап, көк аспанда құстай ұшып келе жатқандай күйде боласыз. Ол сәтте қорқу, өлу деген қаперіңізге келмейді. Тек танк межелі жерге жетіп, оның үстінен секіріп-секіріп жерге түскенде ғана десанттың көңілін қорқыныш кернейді. Онда да, танктің тасасында автоматтыңды алға кезеп жүгіріп келе жатқанда асқар таудың аясында келе жатқандай жайда боласың. Танктен алыстап қалғанда ғана панасыз қалған жетімдей күй кешесің. Міне, танктың қасиеті осындай! Кемел осыны айтып тоқтады да, қайтадан менің бетіме қарады.

– Соғыста өлген, бірақ өмір бойы ұмытпайтын жолдастарың болды ма? – деді содан соң.

– Болды ғой, Кемел.

– Кімдер еді?

– Маман Әлімбетов, Мырзаби Ерназаров, Әпеш (Әбдірахман) Бимұрзин, Айтқали Құсайынов, Баймолда Қанапиянов деген жігіттер еді.

– Оларды есте қалдыру үшін не істедің?

– Әлі ештеңе істегенім жоқ. Тек бірнешеуінің атын Жамбылға хатқа кіргіздім.

– Ол қандай хат?

– Соғыста жүргенде біздің әскери бригаданың атынан Жамбылға хат жазғанмын. «Атамыз Жамбыл ақынға» деген ол хатқа Жамбылдан «Жүз жасаған жүректен» деген жауап келген.

– Ол хат қайда, қашан басылып еді?

– 1943 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде басыл-

ды. Одан кейін Жамбылдың 100 жылдығына арналып шыққан қалың томына кірген.

– Сонда бар ма?

– Иә.

– Қазір, көрейік, онда, – деп, Кемел орнынан тұрып, сырт жағындағы қабырғада тұрған кітап шкафына қарай барды. Одан көп кешікпей Жамбылдың үлкен қалың кітабын алып келіп, екеуміздің ортамызға қойып, ақтара бастады.

– Ол өлгендеріңнің аты не еді? – деді ол, кітаптың мазмұны жазылған соңғы бетке тоқтап. Мен аттарын атадым. Ол кітап мазмұнын ішінен оқи бастады.

– Бас жағын емес, «Ұлы Отан соғысы кезіндегі шығармалар» деген тарауын қара, – дедім мен оған.

Кемел кітап мазмұнының соңғы жағына үңілді.

– Бар екен: біреуі – 497, екіншісі 502 - бетте, – деп басын көтерді. Содан кейін сол беттерді тауып, екі өлеңді де ішінен оқып шықты.

– Жігіттердің ерлігін жақсы етіп жырлаған екенсің. Олардың аттарын Жәкең де өз өлеңіне қосыпты. Бұл – үлкен ескерткіш!

Осылай деп ол біздің хатқа қол қойған адамдардың есімін қайтадан қарап шықты.

– Капитан Шәріпов Қасым – осы күнгі біздің редакторымыз емес пе? – деді ол бетіме тесіле қарап.

– Иә, осы кісі, бұрын біздің бригадалық газетіміздің редакторы болған.

– Ал, подполковник Бәйішев Сақтаған ше? Ғылым академиясының осы күнгі вице-президенті емес пе?

– Иә, сол кісі. Біздің 100-бригаданың әскери комиссары болған.

– Мұндай тарихи үлкен адамдармен бірге болған сен бақытты сержант екенсің. Оның үстіне Жамбылға хат жазыпсың.

Ол осылай деп қолымды қысты. Одан кейін ойланып отырды да, өзінің жауынгер жолдастары туралы айта бастады. Павел Андреев, Олег Умнов, Николай Чирков, Жүніс Хакимов, Рақым Ибрагимов деген жауынгер жолдастары болған екен. Олар Сталинград шабуылы алдында қарамағына берілген автоматшылар болса керек.

Солардың әрқайсысының ерлігі туралы тебірене отырып айтты. Әсіресе Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданының баласы Бимағамбет Сүлейменов деген досының атын аузынан тастамады. Оны бүкіл бөлімше құрметтеп, Биеш деп атаған екен. Қасындағы жан жолдастарын сан рет өлімнен арашалап қалған сол Биеш Сталинград шайқасы күндерінің бірінде оққа ұшыпты. Оның өлімін айтқан кезде Кемелдің көзіне мөлтілдеп жас үйірілді.

– Одан кейінгі тағы бір жан жолдасым Виктор Акимов деген уыздай жас жігіт еді. Бір кескілескен қатты ұрыста Акимов ауыр жараланды. Оны плащ-палаткаға орап, кейін қарай әкеле жатқанымызда: «Жігіттер, бауырларым, қош болыңдар» деді үні әлсірей шығып. Содан сәл жатты да, еріндерін қайта қозғап: «Мені мамам сағынатын болды-ау!» деп, жан тәсілім берді. Оның осы соңғы сәті өмір бойы көз алдымда, «Мамам мені сағынатын болды-ау!» деген соңғы сөзі өмір бойы құлағымда келеді...

Осылай дегенде оның көзінен тағы да жас ыршып кетті. Содан кейін ернін жымырып, үнсіз отырып қалды.

Сол сәтте Тұраргүл тез орнынан тұрып:

– Қой, Кемеш, босама, – деп шашынан сипап, күйеуінің басын кеудесіне қысты.

Кемелдің жанының нәзіктігіне, дос дегенде ішкен асын жерге қоятын адалдығына және оның жан жарының күйеуіне деген жан тебіренерлік ілтипатына тәнті болып, менің де жүрегім елжіреп кетті. Қалтамнан орамалымды алып, аузымды сұрткен болып, жасаурап кеткен екі көзімнің құйрығын құрғаттым. Кемел де кемсеңдеуін басып, былай деп әңгімесін аяқтады.

– Содан кейін, 1943 жылы мен де жараланып кеттім. Әралуан госпитальдардың дәмін татып, әскерге жарамсыз болып елге қайттым. Сол жылдың күзінде Алматыға келіп, университетке оқуға түстім. Оны 1948 жылы бітіріп шықтым ғой баяғы.

– Достарың туралы жаңағы әңгімеңді жаздың ба, Кемел?

– Жоқ, жазайын деп жүрмін.

Айтқанындай, Кемел ол әңгімесін естелік етіп жазды. Естелігі Амантай Байтанаев құрастырған әскери жинақтардың бірінде басылды. Онда достарының аты-

жөндерін сол қалпында келтіргенімен, өзінің атын – Алмас, фамилиясын Балтаев деп көрсетіпті. Алмас – өзіне алған әдеби есімі болса, Балтай – Тоқайдың әкесінің аты, демек, Кемелдің атасы ғой.

Ертеңінде таңертең, сағат сегізге тақағанда, біз төсектен тұрдық. Біз тұрсақ, Тұраргүл шайды қайнатып, үстел жасап қойған екен. Үшеуміз әңгімелесе отырып, шайға кірістік. Шай үстіндегі әңгіменің бір саласы кеңсе қызметі мен әдеби шығарма жазуды ұштастырудың қиыншылығы жайында болды. Кемел осы күнге дейін үш кітап шығарған екен. Тырнақ алдысы – 1954 жылы жариялаған әңгімелер жинағы. Одан кейін «Қыс қарлығашы» деген повесі басылыпты. «Тасқын» деген кітабы былтыр жарыққа шықса керек. Ол кітапқа үш повесі кіріпті.

Ол кезде менің де үш кітабым шыққан. Бірақ үшеуі де повесть, әңгіме емес, очерктер жинағы болатын. Сөз арасында мен өзімнің әлі очерктен ұзай алмай жүргенімді айттым.

– Әңгіме, повесть жазуға әлі күнге дейін жүрексінемін, – дедім.

– Сен оған қапаланба, – деді Кемел. – Мен сенің очерктеріңді оқып жүрмін. Менің байқағаным: сенің очерк деп жариялап жүргендерің – повесть, суреттеме (зарисовка) атайтындарың – әңгіме. Өмірдің өзінен алынған этюдтерің тартымды. Сен де повесть жазасың әлі. Ал сол повесть деп жазғандарың роман болып шығады. Осы сөзімді ұмытпа, – деп иығымнан қақты.

– Оны қайдан білдің? – дедім мен күліп.

– Оны өзімнен білемін: мен осы күнгі шыққан повестерімнің бәрін әңгіме деп бастағанмын. Солай деп аяқтағанмын. Бірақ артынан баспа редакторлары оларды повесть деп өзгерттірген.

Осылай деп ол сәл үнсіз отырды да, сөзін қайтадан жалғады.

– Шығарма жазу үшін өмірді білу керек. Ал білген өмірді өрнектеп, қағазға түсіру үшін уақыт керек. Өмір бойы газеттен қол үзбей келе жатырмыз ғой. Ал, газеттің тапшы уақыты өзінен аспайды. Редакция аппаратында отырып кітап жазамын деу – өзіне зорлық, өміріңе зорлық.

Зорлықпен жазылған шығарма зор болып шықпайды. Беляевтің «Қос мекенді адам» романын білесің ғой: бас кейіпкері су мен құрлықты қатар мекендеп, ақыры құрлықта өмір сүре алмай, теңізге кетіп тынатын. Біз – журналист-жазушылар да соған ұқсайтын сияқтымыз: қай қалыптың ішінде көбірек болсақ, содан шыға алмай қалу қаупіміз күшті. Ал, өз басым журналистік қалыпқа машықтанып бара жатқан сияқтымын: сөз, сөйлем, сана, уақыт, тірлік – бәрі сол бейімде. Нағыз жазушы боламын деген адам журналистік шеңберден шығуы керек. Мен енді осыны ойлай бастадым. Өзекті туынды жазу үшін өнімді уақыт керек. Ол үшін атағы зор журналистік биік лауазымды уақыты мол кіші қызметке айырбастау абзал. Міне, сен облыстық газет редакторы деген көрнекті қызметті өз еркіңмен тастап, қатардағы қарапайым тілші болып кеттің. Енді сенің оқуға да, ойлануға да, арғы-бергі тарихты кеңінен толғауыңа да, жазу тілінді газет стандартынан шығарып, нағыз өрнекті сөздер мен сөйлемдердің өрісін жасауыңа уақытың бар. Қазір тұрмысың жұпынылау болғанымен, уақытқа байсың. Уақыт деген әрі мүмкіндік, әрі қазына ғой! Кітаптар шығардың, әлі де шығарасың. Осының жөн болды. Менің сені жақсы көретін бір себебім: жұрт жоғары қызметке ұмтылып жатқанда, сенің творчество үшін төмен қызметке өтініп, өзің кеткенің болды. Мен де сенің осы ісіңнен үлгі алсам ба деп жүрмін. Әрине, республикалық партиялық үлкен газеттің жауапты хатшысы болу кім көрінгеннің қолына тие бермейтін тірлік. Оған жете алмай жүргендер көп. Аппарат ішінде әртүрлі адамдар бар. Сенің сол қол жеткен қызметінді көре алмай, бір жеріңнен мін тауып, құлатып, орнына отыра қойсам ба деп ойлайтындар да табылады. Мен өзім көкірегің қызғаныш кернеп, атак үшін аңдысқан адамдарды, сондай жандар жайлаған жерді ұнатпаймын. Сонау бала күнгі әдетім солай. Мен де, сен сияқты, ұлылығы жоқ, уақыты көп қызметке ауыссам ба деп ойлаймын. Мына Тұраш екеуіміз бұл жайында ақылдасып та жүрміз. Тұраш: «Сен қандай шешім қабылдасаң, мен соған қол қоямын. Әзілхан сияқты алыс облысқа барып, тілші боламын десең – оныға да құлмын», – деп отыр.

Осылай деп тоқтап, Кемел әйеліне қарай мойын бұрды. Тұрар үнсіз бас изеді.

Кемел достың осы ойы рас болып шықты. Келесі жылы ол «Социалистік Қазақстан» газетіндегі жоғары лауазымды қызметін тастап, уақыты көп, жұмысы жайлы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі «Жаршысының» Бас редакторы болып ауысты. Сонда табан аудармастан он жеті жыл қызмет істеп, бірнеше белгілі кітаптар жазып, ойлаған ойын іске асырды. Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының көшбасшысы деген өшпес лауазымға ие болды.

Шай ішіліп, әңгіме аяқталғаннан кейін, Кемел орнынан тұрып, шкафынан бір кітапты алып келді. Бетін ашып, ойлана отырып, жоғарыдағы маған арналған автографты жазды. Ол осы, қазір жанымда жатқан «Тасқын» кітабы еді. Сол кітапты көз алдыма ұстай отырып, мен осы естелікті жаздым.

Кемел сыйлаған кітапты қолтығыма қысып, үстел басынан тұрдым. Кемел балалар бөлмесіне барып, ұйықтап жатқан екі баласын емірене иіскеп, беттерінен сүйді. Ол балалардың аттары Салтанат пен Қасымжомарт екен. Мен рақмет айтып, Тұраргүлмен қоштастым. Ол әйеліне жымия қарап, мейірлене арқасынан қақты. Біз «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына келіп, тиісті қызметімізге кірістік.

IV

Кемел қазақтың: «Бұғы мойын, құлжа бас» дейтін жігіттерінің типіне жататын төртпақ, шымыр денелі еді. Жалпақ беттеу, қалың ерін, қой көз азамат болатын. Кере қарыс маңдайын аша шашын шалқасынан қайыратын. Бірақ әрқашан қабағы түюлі жүретін. Соған қарағанда, бір көрген кісі оны түсі суық адам ретінде қабылдауы мүмкін болатын. Қалың ерін сәл шұршите түсіп, жүзінен жылы шырай төгіліп, жайлап сөйлей бастағанда, оның түсінің суықтығы мүлде білінбей кететін. Аяғын жай басып, ылғи сабырмен сөйлейтін. «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген Абай сөзін берік ұстағандай көрінетін.

Оның бойындағы адамгершілік қасиеттері айта қа-

ларлықтай болатын. Ол достық пен жолдастықты биік бағалайтын. Жан жарына адал, балаларын жанындай жақсы көретін. Осылардың үстіне, ол барып тұрған интернационалист еді. Ешқашан мақтануды білмейтін, ешкімді жамандап сөз сөйлеп, мінеп мақала жазған емес.

Кемел қазақ жазушыларының ішіндегі оқырманы ең көп қаламгерлердің бірі болды. Өзі таңдап алып, негізін қалаған детективтік жанрда алдына жан салған жоқ. Осы тақырыпта оннан аса кітап жариялап, чекистер өмірінен алынып жазылған таңдаулы шығармаларға республика бойынша жарияланған бірінші бәйгені төрт рет жеңіп алып, төрт рет лауреат болды. Қазақ жазушыларынан Кемелден басқа мұндай атаққа ие болған ешкім жоқ.

Оқырмандардың өтініші бойынша Кемелдің кейбір кітаптары үш-төрт реттен қайталанып басылып отырды. Мәселен, оның «Көмескі із» повесі 4 рет (1955, 1958, 1972, 1975), «Қастандық» повесі 4 рет (1971, 1972, 1975, 1976), ал «Арнаулы тапсырма» повесі 3 рет (1965, 1968 және 1976) қайта басылып, оқырмандардың сүйікті шығармаларына айналды. Қазақстанда Кемел Тоқаевтан басқа туындылары осылай қайта-қайта басылып, көп тараған жазушы және жоқ. Солай бола тұрса да, ол атақтымын деп асып-таспады. «Бетегеден биік, жусаннан аласа» дегендей, өзінің алпыс үш жылдық өмірін өнегелі етіп өткізді. Артына он бес шақты повесть, үш роман қалдырды. Өшпейтін із деген осы!

Кешегі Ұлы Отан соғысына қатысқан, Отанын шексіз сүйген қазақтың асыл азаматтарының бірі Кемел достың кітап бетінде қалдырып кеткен қолтаңбасынан осындай қысқа хикая туды.

*Мұзафар ӘЛІМБАЙ,
Қазақстанның халық жазушысы*

КЕМЕЛ ТҰЛҒА

Кемел екеуіміз түйдей құрдас екенбіз. Ол 1923 жылы қазанның екінші жұлдызында, мен жиырма тоғызыншы жұлдызында дүниеге келіппіз... Жолыққан сайын:

Октябрде туғандар –
Өктем, ерен ұландар! –

деп әзілдеуші едім. Ол да мен сияқты Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер екен.

Мен «Пионер» журналында поэзия бөлімін басқарып жүргенімде, Кемел әуелі «Лениншіл жас» газетінде бөлім басқарды, іле «Қазақстан пионері» газетіне бас редактор болып бекіді. Міне, осы тұста құрдасымды азамат ретінде біле түскендеймін. Менің өлеңдерім балалар газетінде жиі жарияланатын. Редактор Кемел менің қолымнан шыққандарымды ешқашан бөгеп, кідіртп, сыртқа теуіп сырғақтатқан емес. Бірде менің сол газетте орыс халқы мен қазақ халқының достығы тақырыбына арналған жаңа өлеңім жарық көрді. Сол күні түскі үзіліске тақай бере, бір қабаттағы, қапталдас «Қазақстан пионері» газетінің редакциясынан «Пионер» журналындағы маған Кемел дедектеп, жүгіріп келді де:

– Жүр, тез. Сені ЦК-ның идеология жөніндегі секретары Сужиков телефонға шақырып жатыр, – деді. Ойнап айтып тұрған шығар десем, редактордың өңі құп-ку.

– Тез! Тез! – деді ол тағы да.

Мен де орнымнан атып тұрып, алып ұшып үстелдегі телефон түтігін көтердім.

– Алло! – деппін жоғары мәртебелі лауазымдыға қалай қайрыларымды білмей абдырап.

– Бұл Әлімбаев па? Бүгінгі өлеңіңді оқыдық... Немене, біздер, қазақтар, ұлы орыс халқымен әлі, осы күнге дейін бірікпей жүрміз бе? – деді секретарь сесті, зілді дауыспен.

Кілтипанның неде екенін әп-сәтте аңғарып үлгердім.

Сужиков Мұхамедқали Астрахан жағында туып-өскен, қазақ тіліне шорқақтау, шалағайлау деген сыпсынды да естігенбіз. Содан мен де іштей жиырыла қалдым білем.

– Жолдас Сужиков! Мен «бірігеміз» деп жазған жоқпын ғой. «Бірігеміз мәңгі орыспен», яғни «вечно вместе» деген сөз менің өлеңімдегісі.

Қаһарлы хатшы «Қош! Сау бол!» деместен, телефон түтігін сарт еткізіп қоя салды.

– Хатшымен солай сөйлесе ме екен? Жүрек жұтқан неме екенсің... Сужиков саған дейін менің сілікпемді шығарды, «Неге мұндай саяси қате стихотворениені басасыңдар?.. Ертең бұл үшін ЦҚ-ның алдында жауап бересің» деп зіркілдеді, – деді Кемел алқына сөйлеп.

– Қорқатын түгі де жоқ. Сол өлеңді жариялаған сенікі де жөн, сондай интернационалдық идеяны мадақтаған менікі де дұрыс! – деп жатырмын. Құдды майданнан жеңіспен оралған сарбаздай сезініп...

Кейініректе кездескенде де Кемел құрдас осы оқиғаны еске алып, «аман-сау құтылғанымызға шүкіршілік» деп күліп қоятын.

Тоқаев Кемел – біртоға, тіпті тұйық мінезділеу, аз сөйлеп, көп тыңдауды қош көретін жігіт еді. Бірде «Жазушы» баспасында жолығысып қалдық, амандық-саулық сұрасқаннан кейін, құрдасыма өлеңмен қалжың айттым:

Біздің Кемел Тоқаев
Кекіреймес қоқайып...

Жанымда отырған қалжыңбас ақын Әбдікәрім Ахметов:

Қолжазбадан көрінсе,
Арам шөпті отайық! –

деп екі жол қосты.

– Әй, Әбдікәрім, сенің мынауың Кемелге еш қатысы жоқ сөз... – Сөзін сұрыптауға мұншама мәттақам, сақ әрі қолжазбасын ұзақ қарайтын қазақ қаламгерін мен білмеймін, – дедім. Кемел кейбіреулердей қызарақтап сыр білдірмей, сып-сыпайы тұрды да, біздің сөзімізді тыңдады.

Менің есіме түсе кетті сол сәтте, Кемел балалар газетінде қызмет істеген жылдарында редакцияға қашан бас сұқсаң да, алдындағы ақ қағазға қадалып, қаламын төндіре, ой үстінде отыратынын көретінбіз. Арада екі-үш сағаттай уақыт салып қайрылсаң да, құрдасым бағанағы парақтың аяғына әлі шықпай, асықпай-саспай, ауыл баласы сөз деген қазынадан қалағанының бір данасын, жалғыз-дарасын іздеп отыратын. Өнериеттегі (творчестводағы) мұншама

өзгеше тағат-төзімділікке, сабырлылыққа, үздіксіз ізденіске таңдай қаға, таң-тамаша қалатынбыз... Бұл ұстамдылығы құрбы-құрдастарына, тең-тұтастарына, қасындағы қаламдастардың бәріне де кәдімгідей кәделі үлгі боп көрінетін...

Әдебиетте алып-ұшпа жеңілтектік ұятқа қалдыратынын сезе түскендей сезінетінбіз. «Кемел біреумен керкілдесіпті, сөзге келіп қалыпты, жүз шайысыпты» деген сияқты алып-қашпа сұйқылт-сұрқия әңгімені әсте естіген емеспіз... Әлдебіреулердің үстінен алыстан ғайбат айтып, айбат шеккенін де көрген емеспіз...

Жазушы Кемел Тоқаевтың көркем әдебиет сынына атсалысып, қатар-құрбы қаламдастарының жаңа кітабына, газет-журналдағы әңгіме-хикаяттарына пікір білдірген тұсы да есімде жоқ. Ол бірыңғай өзінің жеке басы өнериетіне ғана өзін, уақытын түгел-толайым арнаған қажырлы қаламгер болып өткен екен-ау...

«Социалистік Қазақстан» газетінде жауапты хатшы, Қазақ ССР Жоғарғы Совет Президиумының «Жаршысында» Бас редактор, Жазушылар одағында әдеби кеңесші болды да, бізден алыстау жүрді. Замандастары арасында сынапша сырғып, алты айда бір қызмет ауыстыратын баянсыздармен салыстырып қарасақ, Кемел ұстамдылығы, орнықтылығы көз алдында көлбеңдейді. Біз түтінін үзбей, тікелей, жиі араластық дей алмаймын. Бірақ кездескен сайын Кемел жаңа бір қырынан ашыла түскендей әсер қалдыратын.

– Ұлан кезімде мен де әліме қарамай, өлең шығарғыш атанғанмын... – деп қоятын. Бір жолыққанымда мені сөйлетпек болды ма, білмеймін:

– Халің қалай?

– Өлең давай! – деді оқыстан. Мен де қайымды жібермейін деп жауап қаттым:

– Кемел ағай –

Берен ағай!

Без очередь

Кітап давай!

– Баспа дегендер без очередь шығартушы ма еді, – деп күлді.

Кемел бір жағынан расын да айтты. Соңғы жүздесіп, сөйлескенім есімде жақсы сақталыпты.

1986 жылдың жаз айларының бірі. Мен Қазақ ССР Министрлер Кеңесі №4 басқармасының ауруханасында төсек тартып жатыр едім. Жүрегім атқақтап аса дег-бірсізденген тұсы болатын. Кемел де менен кейін іле келіп түсіпті. Менің емделіп жатқанымды палатасынан іле-шала естіген Кемел құрдас маған салып жетіп келді. Көңілімді сұрады.

– Иә, хал қалай?

– Е, талай тауқыметке әлі шыдармыз. Шыдай алмаған жерде құлармыз, – дедім, көңілдегі кірбінімді бүге алмай.

Сонда сабырлы үнмен, байсалды байыппен, төзімділікке шақыра:

– Иә, әркімнің алдында аттап өткізбейтін бір белгісіз көпір, күн бары рас. Тек сол күн алысырақ болғай де. Найзағай бір шатырламай өтпес... – деді.

– Әлеумет бізді жоғалтқанымен, әдебиет бізді жоғалтпаса екен! – деді күрсініп құрдасым Кемел. Аталы сөз айтты. Бұл сөз бүгін сараласаң да, ертең зерделесең де кемеліне келген ақыл іспетті, кең тынысты тұлғаның ой-толғамы. Өмірде ұзақ жылдар ізденіп жүріп, әдебиеттен өзін жаңылыспай тапқан, тек өзіне ғана тән оңтайлы өнерлілігімен талай құнды кітаптар тудырған Кемел Тоқаевты туған халқы әркез мархабатпен еске алады. Рухани ізгі екінші ғұмыр деген әне сол! Максим Горький өз ұлын «ең жақсы шығармам!» дейді екен. Кемелдің де кемел шығармасының ең бастысы – Қасымжомарттай қайраткер баласы. Қасымжомарттың ана тіліне деген айрықша ықыласына өз басым өте тәнтімін!

...Тарақтың сетінеген тістеріндей,
Жастықтың өткінші ойнақ кештеріндей,
Біртіндеп кетіп жатыр замандастар,
Әйтеуір қалмаса екен ескерілмей.
Арнайы дұға оқы өткендерге,
Аялдағын, аяғың жеткен жерге...
Иманың кәміл босын Алла алдында,
Жаз бен күзде, қыста да, көктемде де.

*Амантай Байтанаев,
жазушы*

ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫР

Оныншы класты бітіріп, жоғары білім алу сапарына енді аттанар шағымызда тұтқиылдан басталған соғыс бізге мұрша берместен, майдан даласына ала жөнелді...

Кемел менен бір жас кіші еді. Аласапыран соғыс мойын бұруға, басқа тіршілік қамын ойлауға шама келтірмеді. Қатарымыздан қалмастан Отанымызды қорғауға жол тарттық. Ұлы Отан соғысына Кемел екеуіміздің екі бөлек аттануымызға тура келді.

Біздің 1940-жылғы оныншы класты бітірген кездегі зор қуанышқа бөленген балғын жас шағымыз ешқашан ұмытылмас асыл сәт ретінде жадымызда қалып қойды.

«Құрметті шәкірттерім, осы күн әркез ұмытылмай, алға жетелей берсе екен деп тілеймін. Менің ұзақ жылғы ұстаздық арманым да сол. Шәкірттерім болашағының жарқын болғандығы...» – деп бастаған ардақты ұстаз әуезі дәл бүгінгідей жадымда. Бізге сол кезде баталық ақ тілегін айтқан ұстазымыз Алтынбекова Мырзай қазір сексен алты жаста. Ол кісі алпыс-жетпіс жыл өмірін жас жеткіншектерге тәлім-тәрбие беруге, оқу-білім саласына арнады.

Алпысыншы жылдар еске түсіп отыр. Ол жылдар да Кемел өміріндегі бір белесті кезең. Мен ол кезде Жазушылар одағында әдеби сарапшы болып қызмет атқарып жүрген болатынмын. Ұзын коридорды бойлап келе жатқанымда, есігі ашық тұрған бір бөлмеден таныс дауысты естіген соң, тоқтай қалдым.

– «Иә, көшкен үйдің қонысы қайда дегенім рас та еді...» дей берген Кемел дос мені көрген соң сөзін үзіп, қолын созды.

– Бұл қалай... Қашан кеп қалдың? – деп, мен де сауалды үстемелеп жатырмын.

– Кездейсоқ бір жай себепкер болып, енді осында қызмет атқаруға тура келіп тұр, – деді ол.

Сондағы Кемел досымның айтқандарынан ұққаным, Республика Жоғарғы Советі Президиумында жауапты қызмет атқарып жүрген кезінде мұрағатты ақтару барысында бір жайға кез болып, соны қадала зерттейді. Сол еңбегі баспасөз бетінде жарияланғаннан кейін ел арасына тез тарап кетеді.

Сонымен не керек, бұл «жайсыз әңгіме» сол кездегі теңі жоқ үлкен басшы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаевтың құлағына тиеді де, ол Сабыр Ниязбековке телефон соғып, өзіне шақырады. Әңгіме аужайынан Кемелге тықыр таянғанын сезген Сәкең оған оң мінездеме береді. С.Ниязбеков сол сәтте бірінші басшының ойын дәл аңғарғанымен, жаны жайсаң азамат, іскер де білікті маман Кемел Тоқаевты жаманшылыққа қимай, оған ара түседі. Оның ойын Димаш аға да сезбей қалмайды. Сондықтан өктем шешімге бірден бармай, өз ойын суыртпақтай жеткізеді. Дегенмен өзіндік орны, ел арасында абырой-беделі жоғары, оның үстіне Жоғарғы Совет Президиумының төрағасы С. Ниязбеков Димекеннің қақпайлауына бірден елп ете қоймайды. Алайда, Димекен Кемелді басқа жұмысқа ауыстыру қажеттігін ескертеді. С. Ниязбеков Кемелдің өз аппаратындағы ең сауатты мамандардың бірі екендігін айтып, тағы да қорғаштай бастайды. Іскер де білікті басшы Д. Қонаев әуелгі сәтте әліптің артын бағып, үнсіз қалады. Өз ойын күштеп тез арада орындатуға бара қоймайды. Оның үстіне Сәкең де «Мен Кемел Тоқаев дайындаған құжаттарды қайталап тексермей-ақ қол қоямын» дегенді айтып, Кемелді жаманшылыққа қимайтын пейілін тағы да аңғартады. Кемел тағдыры сол жерде бірден шешілмегенімен Димекен өз ойынан қайта да қоймайды. Ақыры өз дегенін істетеді. Арада бірер күн өтпей қазақтың белгілі жазушысы Кемел Тоқаев Жазушылар одағына әдеби консультанттық қызметке сырғытылады.

Сол кезде Жазушылар одағының әртүрлі кеңесінде Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов, Қуандық Шаңғытбаев, Мұхтар Мағауин, тағы да басқа біраз жазушылар қоғамдық негізде қызмет атқаратын. Мен де проза кеңесінің мүшесі едім. Жоғарыдан түртпек көргендер де осында тұрақтайтын.

«Көшкен үйдің қонысы қайда...» деп үзілген телефон

әңгімесіне Кемел досым осылайша түсінік берді. Әлгі сөз мәнісін сұрағанымда, ол:

– Бір жолдас осында қызметке келгеніммен құттықтаған болып, тағы не жаза бастағанымды білгісі келген соң айтқаным ғой, – деді. – Оған «Көшкен үйдің қонысы қайда...» деген тақырыпта бір повесть жаза бастадым, таяуда бітірем, аманшылық болса, кітап боп басылып шығар... Сонда оқып, мазмұнына қанығарсың. Көшкен үйдің қонысы қайда екенін сен де білерсің» дедім, – деген еді сонда Кемел.

Екі жылдық Жоғары әдебиет курсы деп аталатын оқу орнына қабылданған соң мен Мәскеу қаласына аттанып кеттім. Екі жыл оқып қайта оралдым. Сол кезде Жазушылар одағының бірінші хатшысы Ғабит Мүсірепов аға, екінші бастығымыз қазақтың белгілі ақыны Ғали Орманов еді. Ғабит пен Ғали ағаларым ақылдаса келе, мені проза секциясына әдеби консультант етіп тағайындады. Мен Жазушылар одағында қоғамдық жұмыстарды да қоса атқарумен ұзақ жыл жүріп қалдым. Кезінде өз өтінішіммен «Жазушы» баспасына да ауыстым. Онда проза редакциясында аға редактор, бөлім бастығы, редакция бастығы, бас редактордың орынбасары боп қызмет атқардым. Проза редакциясында «Майдан әңгімелері» дейтін көлемді кітап дайындалып, оны бастан-аяқ құрастырушы да, жұмысты ұйымдастырушы да өзім болдым. Көптеген майдангер жазушыларға тапсырма берілді. Бауыржан Момышұлынан бастап Кемел Тоқаев, Қасым Қайсенов, Әбу Сәрсенбаев, Әди Шәріпов, Сәуірбек Бақбергенев, Әзілхан Нұршайықов, тағы да басқа жазушылардың шығармаларын қамтыған бұл кітап негізінде Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 25 жыл толуы қарсаңында 1970 жылы жарық көрді. Сол ұлы мерекеге қан төге зор үлес қосып тірі қайтқан қазақ жазушылары өз бастарынан кешкен ең сәтті кезеңдерін повесть етіп жазып, осы кітап арқылы қалың оқырман қауымның зор сүйіспеншілігіне бөленгені де бір қуанарлық жай болып есте қалды.

Бұл дүниеден ертерек кеткен аяулы досым, қазақтың белгілі жазушысы Кемел Тоқаев жайлы естелік жазуда осы жайттар еске түскен соң қалам тербедім. Асылы, жазушы, өнер адамдары жайында естелік жазу оңайға түспейді.

Мен оны қолыма қалам алған сәтте-ақ сезіндім. Қатты қиналдым десе де болады. Кемел досым Жоғарғы Совет Президиумының «Жаршысына» Бас редактор боп бекітілді. Оның ұзақ жылдар басшы қызметте жүріп қызмет бабында зор абырой-атаққа ие болғаны мәлім. Екеуміз ұдайы жақсы қарым-қатынаста болып, тату-тәтті қызықты өмірімізді бірге өткіздік. Сонау бір жылдары мектепте бірге оқыған арманға толы дәуреніміз естен сірә да шығар ма... Кемел жайлы айтылар әңгіме әлі алда. Кемел өмірі ашылмаған қазына, мол дүние ғой.

Адам баласы жарық дүние қызығын қимағанымен, өз ырқына көне қоймас табиғат бұйрығы әмәнда есінде жүреді. Мен Кемел досымды еске түсіру хақында қиналғанымды жоғарыда ескертсем де, ұмыт қалып бара жатқан кейбір жағдаяттарды тағы да ой елегінен өткізгенді жөн көрдім. Мен жоғарыда Кемел екеуміздің мектеп қабырғасында өткен жастық дәуреніміз туралы қысқаша айтып өттім. Алайда Кемел достың балалық шағы Түркістан қаласындағы қорғансыз жетім қалғандарға пана болған балалар үйінде өткенін біреу білсе, біреу білмес. Ол сол жерден Шымкент қорғасын зауыты жанындағы қазақ орта мектебіне аттандырылған. Балалар үйінен өзі құралпы достарымен бірге келген болатын. Асылы, бала өмірі жас дәуреніне сай думанды, қызықты өтеді десек те маған Кемел алғаш көрген шағымда балалық алып-ұшпа мінезімен емес, ересек жандай әсер қалдырған еді. Кемел екеуміздің бірге оқыған кезіміз айрықша бөлек, ең ұмытылмас дәуреніміз ретінде әмәнда есімде қалмақ. Әрине, сол бір кезеңнің ұмытылмастай болып жадымызда қалуы бастан өткен сан қилы оқиғалармен сабақтасып жатқандықтан да болар.

1939 – 1940 оқу жылында Шымкент қаласындағы қазақ мектебі Түркістаннан келген бір топ жасөспірімдермен толығып, қаладағы тұңғыш мектеп-интернат болып аталған еді. Оныншы сынып та сол кезде ашылған. Мектеп ауласындағы футбол ойнауға арналған шағын стадион да сол кезде берілген. Өзге де ойын түрлеріне лайықты орындар да бар болатын. Әрине, соның бәрі біз үшін қуанышты жаңалық боп, көңіліміз көкке жете мәз болып едік. Қазір ойласам, соның бәрі бүгінгі алуан түрлі спорт

түрлеріне арналған жайлардың қасында түкке де тұрмайды екен ғой. Бірақ біз маңдайымызға жазған сол бақытқа да риза едік. Сірә, әр нәрсе өз заманында ардақты да қымбат болып сезіледі-ау деймін. Соның бәрі ұсақ-түйек дүние боп көрінсе де, жасөспірімдер үшін теңдесі жоқ байлық болып сезілгенін, күні бүгінге дейін бағалы көрінерін жасыра алмаймын. Балалық әуестікпен денсаулықты шыңдаймыз, спортшы боламыз деп жүрген кезде де Кемелдің алдыңғы сапта жүргендігін айрықша атап өткім келеді. Кемел сол шақта спорттың барша түрімен жанын сала шұғылданып, өзгелермен салыстырғанда қай тұрғыда да әрдайым оқшау көрінер еді.

Ол кезде қазақ қыздары мектептерде тым аз болатын. Әр кластан бірді-екілі қыз төбесі көрінсе соны көңілге медеу тұтатынбыз. Біздің класта Уәсила, Нұржамал атты екі қыз оқыды. Мектепті бірге бітіріп шықтық. Мектеп бітірген соң-ақ олар өз жөндерімен кетті. Біз аса қызжанды болмасақ та, әлгі екі бойжеткенді өзімізше иемденіп, алдағы күндерге жоспар жасайтынбыз. Ол да бір заман екен. Сол кездегі Кемел екеуміздің арамызда болған әңгімені әлі күнге бір жылылықпен, қимастықпен еске аламын.

Бірде мен әлгі екі қыз туралы сөз қозғай бастап едім, Кемел мені қостай кетіп, өз ойын ортаға салды. Сондағы әңгіме былайша өрбіп еді:

– Сенің ойың маған да қозғау салғандай болды, – деді Кемел.

– Ол не ой? Түсіндіріп айтшы, – деймін мен.

– Құптарсың, құптамассың, өзің біл. Бірақ өкпелеме.

– Е, менің саған өкпе артқан кезім бар ма...

– Жоқ болған соң ғой саған сеніп отырғаным, – деді ол.

– Оқу бітуге жақын. Бәріміз осылайша жан-жаққа тарап, тым-тырақай кете береміз бе...

– Сені қайдам, біз соғыс комиссариатының есебіндеміз ғой. Маған бір жылға болса да жол ашық секілді, – деймін мен. – Сонда не демекшісің?

– Ашып айтсам, қыздар бар емес пе... Біреуіне ен тағып, «мен – сендік, сен – мендік» деп кетсек қайтер еді...

– Бұл ойды іске асыруға болатын сияқты... Уәсила мен Нұржамалдың бөлмесі саған жақын... Бір адым емес пе...

– Білем, білем, айтқаның жөн... Бірақ кеш қалдым. Сен Уәсиланы айтып тұрсың ғой...

– Дәл таптың. Сол саған лайық секілді.

– Өзім де соны көздеп... Бірақ...

– Не бірақ...

– Оның Сейдахметпен әмпей-жәмпейінің барына көзім жетті... Екеуі қол ұстасып алып кинодан қалмайды. Алаңда билеп жүргендерін де көрдім.

– Сәл аласалау демесең Сейдахмет те жаман жігіт емес...

– Уәсила бой-мойға қарамайды...

– Жарайды... Бұл әңгіме осымен бітсін. Жүре келе көре жатармыз...

Кемел екеуіміз арамыздағы осы тақылеттес әңгімелерді әлі күнге ұмыта алар емеспін. Өзгеге болмашы көрінгенімен өзіме қызық. Еске түсіріп жатқаным да сондықтан.

Қайбір жылы Гагра қаласындағы өнерпаздар үйіне жол тарттым. Гагра – Грузияға қарасты Аужария қалашығында. Екі ай мерзім зыр етіп өте шықты. Наурыз айының басында елге, үйге қайтуды ойластырдым. Аз күн қалған 8 Наурыз мерекесін өз отбасымда, бала-шағаммен бірге өткізгім келді. Наурыз айының 7-сі күні Москвадағы Домодедово аэропортына келдім. Сол күні аспан қалың бұлттан көрінбей, бұлыңғыр тартты да тұрды. Аэропорт жолаушыға толы. Отырар орын да тапшы. Тәулік бойы ұйықтамастан қалғып-мүлгіп күнді де, түнді де өткіздік. Қашан күн көзі көрінер екен деп шалқалақтап аспанға қараумен болдық. Асылы, Мәскеу аспанын торлап алған бұлт еш сейілер болмады. Түс ауа бере есіктен екі адам – Кемел мен Тұраштың кіріп келе жатқанын көріп, қатты қуандым. Аман-саулық сұрасып, жамырастық та қалдық.

– Қайдан жүрсіңдер? – десем, Кемел:

– Осында біздің баламыз Қасымжомарт оқып жатқан жоқ па... – дейді.

– Иә, білемін. Шетелдерде елші болып қызмет атқаруға дайындалып жатқанын да білемін. Содан... – деп оларды әңгімеге тартамын ғой баяғы.

– Содан Қасымжомарттың хал-ахулын білген соң Мәскеу аралап... Алматыға аттануға асыға бет алған бетіміз еді. Бұл не топыр, самолет ұшпай ма?

– Қашан ұшары белгісіз. Осында бір жолаушы әйел министрге телефон соқса керек... Министріміз Домодедовадағы жағдайдан хабардар болған бойда шұғыл шара қолдануға тапсырма берсе керек...

– Бұл хабарың да жанға жайлы тиіп тұр. Ал өзің қалайсың...

– Қалай болғанда... Екі күн болды, ашпын. Екеуіңмен кездескеніме қатты қуанып тұрмын...

– Жүр, ресторанға барып тамақтанып алайық.

Ресторанға барып тамақтанған соң көңілім жайланайын деді. Рестораннан шыққан соң:

– Сендер сәл кідіре тұрындаршы. Мен поштаға барып... келіп үлгерді ме екен, біле қояйын, – дедім.

– Нені білесің? – деді Кемел.

– Үйден аз ғана ақша сұрап едім.

– Түсінікті. Ендеше, тез қамдан. Ақша кеп үлгермесе бізде тиын-тебен бар ғой. Қол жалғармыз.

Жедел телеграф арқылы маған бағыштап жіберілген ақша да жетіп үлгеріпті. «Енді күн өткізу қиынға соқпас» дей бергенімде, радио даусы саңқ ете қалды. Самолет ұшуға дайын екен. Іле аттанып кеттік.

Бұл хикаятты да Кемелдің жан-дүниесін аша түсу үшін әдейі келтіріп отырмын. Кемел жолдасын жолда қалдырмайтын, бір үзім нанды бөліп жейтін көшелі кісі еді.

Біз Кемел екеуіміз жарты ғасырдан аса ғұмырымызды жұбымыз ажырамай бірге өткіздік. Сондықтан айтылар әңгіме де ұшы-қиыры жоқ ұзақ. Әсте біте де қоймас...

Әкім ТАРАЗИ

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

ЕРКЕКТІҢ ҚҰРҒАҚ КӨЗ ЖАСЫ

1. Ілтипат сапары

1982 жылдың қара суық күзі еді. Кемел аға телефон соқты.

– Әй, Әкіш, елге шығып, көңіл көтеріп қайтпаймыз ба?

– Сізбен бе? С удовольствием!

Екі-үш күннен кейін тағы да телефон.

– Ал, Әкіш, дайынсың ба?

– Дайынмын.

– Ендеше, ертең таңғы онда Жазушылар одағының алдына кел!

Қайда барамыз деп сұрамаппын. Ол кісіге сенетінім сонша. Жазушылар одағының алдында үлкен бір автобус тұр екен. Сәл кешігіп жеткен едім. «Төрге» Тахауи Ахтанов, Сырбай Мәуленов «жайғасыпты». «Төрден» сәл төменірек Қалихан Ысқақов пен Рамазан Токтаров бүрісіп отыр. Түнгі сайранның салдары болар, қабақтары кірбиіп, жүзі бозарып кеткен, қызу-қызу әңгіме бастап жіберуге «джуз-джуз грамм» жетпей тұрғанын түсіндім. Екеуі ысырылып, орталарынан орын ұсына қойды. Бізден де «төмен», салонның артқы жағында отырған Аян ақын Нысаналиннің көздері жылтылдайды. Мен де отырдым, автобус та жүре берді.

Барар жеріміз Кеген екен. Бір аптадай қыдырдық. Сыр-ағаң мен Таханың әңгімесі бір бөлек. Қалихан мен Рамазанның «әңгімесі» бір бөлек. Менің бүгін айтайын дегенім басқа. Алматыға қайтып келген соң тасқаяқ қуалап жүріп, Кемел ағадан сұрадым:

– Сапарымыз ғажап болды. Ұмытылмас сапар болды. Бірақ, шыныңызды айтыңызшы, Кемел аға, Кегенге неге бардық?

Кемел аға, кий-таяқтың жұмсақ басын борлап тұрып, сәл жымыып қана күлді, бірақ жауап бермеді.

Мен қайта сауал қойдым.

– Кемел аға, біздің бұл сапарымыз Жазушылар одағының жоспарында жоқ екен ғой...

Кемел аға асықпай ғана, бір шарды екінші шарға сәл ғана итеріңкіреп жіберіп, басын көтерді.

– Әкіш, – деді. – Жоспарды адам жасамайды. Ешқандай Жазушылар одағы жасамайды. Жоспар жасау – Жаратқан Иеміздің иелігінде. Тахаң қызметсіз жүр ғой. Сыраған да қызметсіз жүр. Сен де... Көңіл көтеріп қайтайық дегенім ғой. Қалихан мен Рамазанды, шынын айтсам, сен үшін шақырдым, – деді.

Осы күндері ойлаймын: Алла амандық берсе, сол бір

«Кеген сапарын» өз алдына бір хикаят етіп жазармын. Асықпай отырып жазармын. Дастарқан басының қызығы өз алдына. Жазушылар сапарға шыққанда араларында болатын қызу-қызу әңгімелер өз алдына. Сол сапардан мен бір олжа алып қайтқам. Ол олжа – Кемел ағаның: «Жоспарды адам жасамайды, Алла жасайды!» деген сөзі еді. Кейін, жылдар өткенде сол пікірді мен Құран аятынан таптым.

2. Қарт Қожақ

Адамдарға өзімше ат қойып алу әдетім. Себебі менің мийым экран тәсілімен ғана «жұмыс істейді». Таныстарымның есімін жаттай алмаймын. Күндіз-түні бірге жүрген «шөлмектес» достарымның да азан шақырып қойған аттарын қабылдай алмаймын.

Түймедей ғана ұл-қызына қазақ таудай-таудай есім береді, өз үмітін, өз тілегін бала-шағасының аты-жөніне жүктеп қояды. Ал, адамның іші мен тысы сай келе бермейтіні белгілі. Сондықтан болар, мінез-құлқын әбден меңгеріп алмай, адамдарға жақындаса алмаймын. Жақындастым екен, оған міндетті түрде бейнелі есім беремін.

Жарты жылдай жақсы араласып, қыр-сырын ұққандай болған кезде Кемел ағаға Қарт Қожақ деген ат қойдым. «Ер Тарғын» жырындағы Қарт Қожақ. Кемел ағаның сырт келбетін, жан-дүниесін жыр кейіпкеріне ұқсаттым. Ақша ханның ерке қызы Ақжүністі (дұрысы: Ақ шонас, ұрғашы, ақ қасқыр деген мағынада) алып қашып бара жатқан бөтен елдің жігітін қуып жететін Қарт Қожақ бар емес пе баяғы? Сол Қарт Қожақ, алпыс бес жастағы қайратты қарт, қылшылдаған Тарғыннан хан қызын тартып алмақ болмай ма? Екеуі жекпе-жекке шығады ғой. Өз елінде кісі өлтіріп, Қырымға келіп күн көріп жүрген белгісіз жігітті аяп, жас екен деп, өзін де атпай, атын да атпай, қорамсақтағы «жүз алпыс кез» жез жебесін бір ғана доғал оқпен атып «күл-парша қылып уатып» тастамай ма?! Сол Қарт Қожақ. Білек күшіне емес, жүрек шуағына жүгінген батыр тұлғалы азамат.

Әлгі айтқан «Кеген сапарында» бір жетесіздеу жас ақын «зиялылардың арасында сіз неғып жүрсіз?» – деген сияқты

қоқыс пікір білдіріп қалды. Сонда Қожақ «буырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды», үлкен көздерінен от шашып, төне түсетін, төне түссе, бүре түсетін қырандай бір іштей шириқты, жалғыз ғана доғал оғымен анау шілтиген шіркіннің майысқақ жез жебесін «күлпарша қылып уатып» тастайтын алапат қаһарын сездірді, бірақ екі көзі қанталап, кенет маған бұрылды да:

– Жүр, Әкіш, сыртқа шығып, жүріп келейік! – деді.

Бөлме іші көк түгін еді, әр қайраткер өзінің ұлылығын дәлелдей бастаған кез еді. Қырт мылжыңнан құтылғаным мен де мәз. Сырт суық екен. Біз бұл ауылға түс кезінде келгенбіз. Күн жылымық еді. Мийпалауланып езіліп жатқан қалың қар, енді қабыршықтанып, қатып үлгерген екен. Әлгі былапыт ауызды жігітке екеуміз де қатуланып, өшіге ызаланып, кімге тиісерімізді білмей, есік алдында біраз тұрдық. Ауланың да ауасы тарлық қылды ма, сәлден кейін ағам:

– Жүр, қақпа сыртына шығайық! – деді.

Сорлы жарлының көнетоз тонындай, әр жер, әр жерінен шұрқ тесіліп, іріп жатқан ақ қар, кек құрсанған көк сауыттай ызғарланып алыпты. Шибөрілердің шикі тірлігінен безінген қоңыр аю, тұтас жотасы гүржиіп, жәй ғана теңселіп жүріп кетті. Тегеурінді екі аяқ қабыршақ қармен, тайғақ жолмен қашыр-құшыр шайнасып келеді. Сәл ғана артта қала бердім мен. Солай болу керек екенін сездім. Ауыл сыртын орай аққан өзен бар екен. Ірі-ірі тастарды анда-санда гүрс-гүрс соғыстырып, біраз жерге шейін сүйретіп апарып тастап, түнеріп аққан өзенінің биік жарында ұзақ тұрдық. Ағалы-інілі екеу сол арада, сол биік жардың басында тұра тұрсын...

3. «Көңілімнің көкпарын ала қашып...»

Адам мен адамның жақындасуы оңай. «Жылқы кісінескенше» дейді қазақ. Жазушы мен жазушының жанасуы қиын. «Сен тұр, мен атамын!» – дейді бірі. «Жоқ!» – дейді екіншісі. «Сен тұр, мен атамын! Неге сен атуың керек?» – дейді біріншісі. «Менің қасымда сен кім едің?» «Мен жазушымын және үлке-е-е-ен жазушымын!» – дейді екіншісі. «Ой, халтурщик!» – дейді біріншісі.

Сонымен, солай басталады да кетеді. Жазушы жазушымен жанасу үшін төзім керек, мінез керек. «Өзімді» тұншықтырып, «біз» деп білетін сана көзі керек. Сана болса да, даналық жетпейді көбімізге. Даналық болса да сананың көзі жетпейді көбімізге.

Кемел аға Тоқаевпен біз үнсіз табыстық. «Сарғабанда болған оқиға» хикаясын оқыдым. Ұнаттым. Ұнатып қана қойғам жоқ, таң қалдым. Шытырман оқиғалы шымыр шығарма екен. Шыжғырған май жұтқандай жүректі айнытатын трафареттен мезі болып жүрген кезім. Түлкінің тезегіндей жасанды көмбе көміп, ары бұлтаңдатып, бері бұлтаңдатып, оқырманды әбден шатыстырып барып, адастырып барып, жұтаң жұмбағын авторсымақтың өзі шешіп беретін, жеті жыңғылдың арасында ойнайтын жалған жасырынбақ емес екен. Қарапайым да көркем тілі жуас өзеннің ағысындай алысқа қарай, ой, парасат жағалауына қарай тарта береді екен.

Танысым келді автормен. Бұл дүниеде білмейтін бәлесі жоқ, екі аяқты энциклопедия, өзімнің досым Қалиханға сауал салдым. Ол «тақылдатып» айтып берді. «Жоғарғы Советте бөлім басқарады, – деді. – Жылына екі-үш мәрте Мәскеуге барып, сонда қызмет атқарады, – деді. – Ат шаптырым кабинеті бар, – деді. Алдында құрдай жорғалайтын қызметкерлері бар, – деді. Ағамызды асқақтатып, асқақтатып «айтып-айтып» тастады. Үзеңгі жолдасымның құпиялы үнінен «ол кісі сені қайтсін» дегендей емеурін таныдым. Түсіндім де басылдым.

Екі-үш айдан кейін Қалихан айтты.

– Кемел ағамен танысқың келе ме? – деді.

Кемел аға еңселі кеңседегі белсенді қызметін тастап, Жазушылар одағына өзі сұранып келіпті. Тәуекелге бел байлаған екен, мансаптан бас тарту оңай емес екенін білем ғой деп риза болып қалдым.

Руға бөліну түгілі, ұлтқа бөлінуді білмейтін Кино әлемінен «тәуекелге тақия!» – деп, көзжұмбаймен менің де «тартып» кеткен кезім. Тойлы ауылға бет алған бозбаланың сиқы, еліріп, жазып тастаймын, оқырманды жарылқап тастаймын деп жүрген кезім. Қырық адам қырыққа бөлініп қырықпышақ болып жататын «қысалтаң ауылға» келгенімді

енді-енді ғана ұғынып, алып ұшқан алау көңіл күдік батпағына енді-енді ғана малтыға бастаған кез, жаңа ғана жарық көрген «үкілі» романым «Бұлтқа салған ұясынды» тарыққан сәттерде кеудеме басып, өкінішке ырық бермей, «Шыда! Әлі-ақ мойындайды!» – деп жүрген кезім.

Мен ойладым: Кемел аға ғой қазақ әдебиетінің жаңа бір арнасын ашты, шытырман оқиғалы шымыр шығармалар жазды. Және де басқа әдебиеттегідей жасанды, «жасырын-бақ ойнау» емес, қарапайым қара тілмен, қара прозаның («қара» – деген «қасиетті» деген мағынада!) бір саласын ашты. Асықпай, аптықпай отырып-ақ оқырманды ынтықтырып, ынталандырып, көркем анализ тәсілмен үйіріп әкетті. Жазушылар одағы енді бұны қуана-қуана қолдайды, одақ басшылары бөркін аспанға лақтырып жар салады! – деп. Ол кезде мен (әрине, қоғамдық негізде) проза кеңесінің төраға орынбасары едім (бастығым – Әбдіжәміл аға Нұрпейісов). Қалиханмен ақылдасып (ол – кеңесші, айлық алады), жиналыс шақырмақ болдық. Шақырдық. Басшылардан ешкім келмеді. Келеміз, сөйлесеміз дегендерден (жиырма шақты адам еді) ешкім келмеді. Екінші хатшы Шер-ағаның кабинетінде Қалихан екеуміз отырып-отырып, тосын соққыдан есеңгіреп, ресторанға тарттық. Кемел ағаның өзі де келмей қалғанына қуандық.

Өмір көрген, балалар үйінде тәрбиеленген автор солай боларын білді ме екен, әлде? Ол кісімен ол тақырыпқа сөз қозғауға ұялды. Он бес күн өткенде «қайдан шыққан жарты миллион тираж?» – деген жанжал басталды да кетті. Тұтқиылдан шапқан «жау» тез жеңді. Кемел ағаның сырт бейнесінен ешкім ешқандай сыр аңғара алмайтын. Менің жақсы інім Әбдіраштің Жарасқаны айтқандай, «төркініне қайтып келген қыздай боп» (ол эпиграмма маған арналған еді, бірақ Кемел аға екеуміздің «ахуалымыз» ұқсас еді) жүріп жаттық. Енді, міне, ағалы-інілі екеу «Алғабас жылқы зауыты» деп аталатын ауылдың сыртында, үйдей-үйдей тастарды сүйреп барып, арсыл-гүрсіл шайнап барып, жайына тастап, өз жөнімен кетіп жатқан асау өзенінің биік жарында тұрмыз. Әлсіз ғана жылт-жылт еткен сығыр көз мың-мың жұлдыз Бақалы тауының бөктерін, суық қыстың қаһарлы ызғарын жылыта алмай «еңбегі» еш болып, өздерімен өздері кінәласып тұрған тәрізді.

Темекінің көк түтініне булыққан ыстық бөлмеде қалған жетесіз «інісінің» сөзі Қарт Қожақ ағаның жанына қатты батып тұр-ау деп, өзімше қиналып, Тұманбай ақынның бір өлеңін сәл ғана өзгертіп: «Қырда менің бір тойым болады әлі, көңілімнің көкпарын ала қашып!» – дегім келіп, дөң басында дөнкііп түнеріп тұрған Қарт Қожаққа таяна бергем. Сол сәтте, алыс шығыстан ай көрінді, тік қойған сары қауындай сопақ ай көтеріле берді.

4. Жұбату сөзімді жұтып қойдым

Сұп-суық сопақ ай, жарықтық, көтеріле берді. «Сіздің тойыңыз әлі алда!» – деп айтпақшы едім. «Қиелі қазақ әдебиетінің бір арнасын, жаңа арнасын бастап берген еңбегіңіз еш кетпейді!» – деп айтпақшы едім, бірақ өңешіме өксік кептеліп, үнім шықпай қалды. Суық айдың суық сәулесі айқындай түскен кезде түксиген қабақ астынан жасаураған көз көрдім.

– Өне күнгі әңгіме есінде ме? – деді жаркабақта қарауытып тұрған қара тас.

Баяу шыққан үні жаңғырығып естілді. «Өне күнгі» дегенді жәй ғана айта салған болар, бұдан 3-4 ай бұрын еді. Кемел аға тура менің «астымдағы» бөлмені таңдап алған. Мені шақырғысы келсе кий-таяқпен төбені тықылдататын. Бүгін де сөйтіп белгі берді. Осыдан бір сағаттай бұрын қаладан келіп, машинадан түсіп жатқанын көргем. Бардым. Есігін қақтым. Ағаның түсі сынық екен. Үнсіз отырып шай іштік. Кемел аға екеуміз бір-екі сағат ләм деп тіл қатыспай отыра беретін едік. Үнсіздік бізді жалықтыра алмайтын! Жарты сағат өтті ме, бір сағат өтті ме (бөлме іші қарауыта бастаған кез еді), ағасы інісіне тіл қатты.

– Бүгін бір аяулы жан дүниеден өтті... Соның жерлеуіне қатысып қайттым! – деді. Оқиға дәл қазір өтіп жатқандай барлық егжей-тегжейі жадыма оралды. Егде тартқан ер тұлғалы еркек адамның дауысы жарықшақтанып, тарғылданып шықты.

– Өзі бір ғажап адам еді! Қарапайымның қарапайымы! Кішіпейілдің кішіпейілі! Жас кетті. Отызға анық толмай кетті! Босана алмай көз жұмыпты!

Бұл сөздердің бәрін асықпай жеткізуге бес-алты минут кеткен болар. Кенет, ағамның көмейінен, өңештің туу сонау терең түкпірінен еріксіз, күтпеген жерден, лақ ете қалған жалқын запырандай... әлдебір сезім ақтарылып кетті.

– Өмірден ешқандай қызық көре алмай кетті! Ертеңнен кешке дейін мәшинкесін тықылдатып отырғаннан басқа... Босана алмай, қиналып кетіпті... өмірден!

Ағам еңкілдеп жылап жіберді. Өзін-өзі тоқтата алмай, екі иығы селкілдеп өкіріп-өкіріп те қалды. Орнымнан тұрып, жұбатпақ болып жақындай бергем... сол сәтте менің де жүрегім мұздап... қалт тұрып қалдым. Еңгезердей еркек адамның, қара жартастай мығым адамның, өксігі өкіруге айналып кеткен жұмбақ пенденің екі жанары құрғақ екен! Неткен қуат! Неткен ұстам!

Сол түні «Алғабас жылқы зауыты» деп аталатын ауылдың сыртында, асау өзенінің биік жар қабағында ағамыз: «әне күнгі әңгіме есінде ме?» – деп сұраған сәтте, түрікменнің басындай сопақ сары ай сеңсең қара папақ кие қойғандай қап-қара болып сұстанып кетті.

Түн қараңғысы сейілгенше, Бақалы тауының суық бөктерін сәл де болса жылыта алмайтынына «көздері» әбден жеткен дәрменсіз жұлдыздар ыдырап қашып, әбден сиреп таусылғанша, ағалы-інілі екеу жар басында тұра берді. Бұлқына тасыған өзен сонау терең құз түбінде үйдей-үйдей тастарды бір-біріне жындана соғып, әлдекімнен, әлденеден қанды кегін даулап жатқандай еді.

5. Мінез

Жазушылардың «жазарханасында» тасқаяқ соғатын үлкен бір зал бар. Күндіз-түні шар қуалайтынбыз. Шар қуалап жүргенде адамның мінезі өте айқын ашылады. Ғабеннің мінезі, Сафуанның мінезі, Сәкен Жүнісовтің мінезі, Қалихан Ысқақовтың мінезі, бәрі-бәрі қолмен қойғандай ап-айқын білінеді.

Кемел аға тұлғалы кісі еді ғой. Бірақ «серке» шарды ұрғанда кий-таяғы шардың маңдайынан әрең-әрең ғана «сипап» өтетін. Шарға тиген-тимегені білінбейтін. «Серке» шар да, самарқау ғана, жалқаулау ғана қимылдап, жасыл

мәуітінің үстімен «жорғалап» бара жатады. Көздеген шарға жетпей тоқтап қалатын тәрізді көрінетін. Бірақ, таңқаларлық нәрсе, әлгі «серке» шар көзделген нысана шарға «асықпай» жететін. Жететін де, тиер-тиместе өзі тоқтап қалатын. Ал «анау шар» жын ұрғандай безектей жөнелетін. Безектеп барып, лузаның аузына жеткенде қайтадан «әлсіреп», «қиқалақтап», теңселіп барып... лузаға кіріп кететін! Кемел ағаның санасынан шыққан энергия тау қопарып, тас жармаса да, көздеген ұясын дәл табатын».

Кемел ағаның бүкіл творчествосы да сондай. «Мен, міне, жазып тастадым. Мен, міне, қиратып тастадым. Енді менен басқа кімің бар!» – деп кеуде соққан кезін көрген емеспін. Бірақ Кемел ағаның «атқан оғы», «жіберген жебесі» бос кетпейтін. Оқырман жүрегі деп аталатын алтын межеден бір-ақ табылатын. Кемел ағаның кітаптары дүкен сөресінде бір күн жатпайтын. Оқырман «талап» кететін. Кеуделері жел-көріктей көтеріліп-басылып, көтеріліп-басылып, кең дүниеге әрең сыйып жүретін кейбір ағаларымыз соның өзін көре алмай қалды. Төмендеткісі келіп көрмегенсіп, кемсіте сөйлеп отыратын.

– Е, оның өзі әлгі... милиса тақырыбы ғой! – деп тыжырынып қоятын.

Кемел ағаның кітабы орыс тілінде шықты. 500 мың тиражбен шықты. Бір-екі аптаның ішінде кітапқұмар қауым орнын сипап қалды.

6. Лирикалық шегініс

Тұрар жеңгеміздің жылына жиналды. Шағын ғана зал еді. 30-40 адам. Бір ағамыз көсіліп сөйлеп тұр.

– Кемелдің сол кітабы шыққанда қатты қуанған едім... – деді. – Кемел екеуміз арамыздан қыл өтпеген дос едік... – деді. – Бір-бірімізді көрмесек тұра алмайтын едік... – деді. Тағы, тағы сол сияқты гәп.

Сыртқа шыққан соң мен Сайынға қарадым. Сайын маған қарады. Кемел ағаның сол кітабы шыққан кезде орыс тілді газеттер алдымен мадақтап жаза бастады. Көп кешікпей, әлгі, шіркіндер кілт шегінді, «назад!» берді. Әлдекімдерден кешірім сұрағандай «редакциялық» мақала басты. 500 мың

дана кітаптың шығып кеткеніне өкінетін тәрізді...

– Сол есінде ме? – деймін ғой Сайын ағам. Сол құбылыстың сырын ұқпай дал болғаным бар.

– Есімде, – дейді Сайын аға. – Ол оқиғаның астарын сен біле бермейсің. Мен арасында жүрдім ғой! – дейді ұян мінезді Сайын досым.

Ол кезде Сайын Мұратбеков Жазушылар одағының президиум мүшесі болатын. Он жеті «мүшенің» арасында ең жасы еді, бала десе болғандай... Отызға толар-толмас шағы. Әлгі жақсы ағаларымыз Жазушылар одағының бірінші хатшысына тұтқиылдан шабуыл жасап, қандауырдай қадалды. «Мынандай кітап неге шығады? Неге ол орыс тіліне аударылады? Бұл кітапқа неге жарты миллион тираж беріледі? Осының бәрін бүлдіріп отырған сенсің! Кімнің кім екенін білмейсің, сен сондықтан Жазушылар одағының басшылығынан кетуге тиіссің!» – деп жерден алып, жерге салғанын айтты Сайын.

– Тез тоқтат, әйтпесе біз өзіміз кірісеміз! – деп тепсінгенін айтты Сайын ағам. Сол «өздері кіріскеннің» салдары болар орыс тілді газеттер екпіндеп, мақтап бастап, мінгірлеп тынғаны...

Сайын екеуміз Төлебаев көшесіндегі шағын ғана «Жетісу» деген фонтанның қасына барып отырдық. Әлгі айтқан «500 мың тираж» тақырыбын біраз кеулеп, кеңейтіп, «тереңдетіп», кейбір ағаларымыздың сондай болғанын еске алып, заман өзгергенде адам мінезінің де қалай өзгеретінін айтып, таңырқай «толғанып» ұзақ отырдық.

7. Мәселе аяқта емес

Күндердің бір күнінде Жазушылар одағының есепші-бухгалтері пәтер алып, соны «жуып» қайтып келе жатқанбыз. Кемел аға алқынып тұрып қалды.

– Әкім-ей, тұра тұрайықшы. Осы менің аяғым соңғы кезде сыр беріп жүр, – деді. – Қарт Қожақ ағаң ұзаққа бармайтын шығар. Қарт Қожақ ағаңа «повесткі» де кеп қалатын уақыт таянды-ау деймін...

– Ол не дегеніңіз, Кемел аға! Тепсе темір үзеді дейтін жігіт шағыңыз! – деймін ғой, баяғы.

– Көңіліңе рақмет, Әкім, – деді Кемел ағам. – Аяғым қинап жүр. Мен түсіндім. «Аяқ» дегені жай желеу. Мәселе басқада. Мәселе, жүректе. Содан он-он бес күн өткенде... Мен іссапарға шығып кеткен едім. Асыл ағаның орнын сийпап қалдым. Көктөбеге шығарып сала да алмадым. Бірақ, кешіре гөр, Жаратқан Иеміз, ағаны қара жер қойнына берген сәтті көрмегеніме өкінбеймін! Тағдыр сызып берген жолмен келіскісі келмей, күндіз-түні үйдей-үйдей ауыр тастарды қарш-қарш шайнап, түнере буырқанған тау өзенінің биік жарында ағам менің әлі тұрған тәрізді.

Сол сезімді бұзғым келмейді.

Қалихан ЫСҚАҚ,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

СОҢҒЫ КЕЗДЕСУ

Бұл бір сүйкімсіз аула.

Мақшардай күңіреніп, азынап тұратын ызғарға түршігіп кіріп, шыққанда қуғыннан құтылғандай уһ деп көкірегіңді зорға босатасың. Шықпай қалғандар қаншама. Қазақтың талай марқасқалары осы ауладан бақиға жол шеккен... Кеше ғана қасыңда жайрандап жүрген дос-жаранды тастай мәйітхананың тас тақтасына салып қойып, жаманға сөзін қимаған, жақсыдан құшағын жимаған арыстай азаматтардың сүйегін арулап тұрып үнсіз арыздасқанбыз.

Бұл бір сүйкімсіз ғимарат.

Жындыхананың символындай тоңғақ түсті сары бояумен шапаттап тастаған сарытап үйді торға қамаған тағыдай шыр айналып, ерсілі-қарсылы сенделген жұрт емеурінмен ғана амандасып, әйтпесе көрмеген болысып өте шығады. Бәрінің көзінде мұң, көңілінде бір уайым, елегізу: Алатаудың мұзартына қарап күрсінеді, етектегі мұнартқа қарап ернін жымқырады. Бұлар бір-бірін жұбатумен шаршаған жандар, бірін-бірі мүсіркеп, енді бірін-бірі алдағандай бет көрсетуден тайсақтайды.

Тоңғақ түсті сары ғимараттың ен таңбасы – Министрлер кеңесінің ауруханасы – кеше ғана ығай мен сығайлар

түшкіріп қалдым деп, карта ойнап, картаға қақалып ыңыранып жататын еді, бүгінде мәрмәрдан сарай тігіп отау, шыққан соң дертке дауа іздеп келіп, ыңырсып жататындарға тастап кеткен. Мақшарда фәниден кеткісі келмегендер де бар, бақиға өткісі келмегендер де бар.

Тоңғақ түсті сары үйді шеңберлеген тас соқпақта есем кеткендей екілене таптап келе жатқанымда, қос доңғалақты шиқылдақ қоларбаны итерген қос қатын «жын қақты ма» дегендей мені жақтырмай қалды. Арба үстіндегі бүк түсіп отырған Кемел ағаны зорға таныдым: маңдайында бұйра толқындай ширатылып жататын көкбурыл шаш шымқай боз тартып, самайдан шашырап кеткен екен, қос жанар дөң қабақтың салмағынан шаршап, қаны қашқан қарасұр жүзіне шырай бере алмай қапты.

Дауысымнан таныды. Назар салмастан, көк аспанның күмбезін тесіп жіберетіндей тұңғиыққа тік қадалған қалпы:

– Осылай болды, бауырым, – деді, үні алыстан, көмей түкпірінен естілді: – Сен анау есікке дейін еріп баршы, – деді. Қос қатын Кемел ағаны реанимацияға алып бара жатыр екен. Сықырлауық қоларба жүргісі келмей сарнап қоя берді. Сары тоңғақ үйдің шабақ жұтқан жайынның желбезегіндей жалп-жұлп еткен қаусырма етегіне жолағысы жоқ. Күнқағар астына кіре бергенде:

– Поверните меня лицом к людям, – деді.

Көк аспанның күмбезін тесіп жіберетіндей тұңғиыққа тік қадалды. Тұңғиық тарта бастаған қос жанарына көк аспанның кіршіксіз әлемін сыйғыза алмай қиналған сияқты еді. «Осылай болды, бауырым» дегенді бұл жолы іштей айтқанын шыңырауға батып бара жатқан қарашығынан аңғарып едім. Қос қатын қоларбаны «жайынның желбезегінен» итеріп кіргізгенде, жүрегім шым-ым-м етіп шаншып алып еді...

...Әл-Фараби атындағы шығармашылық үйі жазушы дейтуғын жұрағатқа төр жайлау сияқты қызығы да, шыжығы да мол, ағаның әзілін де, шаланың әумесерлігін де көтерген құтмекен еді. Әлдекім қатынымен керісе қалса да, қашып барып, қайын жұртына келгендей, шылғауын жұлығынан сүйретіп жүргені есінде жоқ, жағасын жайлауға жіберіп жатып алатын. Әншейінде үйде отырып,

айдаладағы әріптесін жамандап, іштей ұрсысқан бейбак мұнда ұшырасқанда жыл көріспегендей жылап табысатынын қайтерсің. Таяқ тастамдағы колхозда айранын аптап, қойын құрттап масайрап жататын Қанапия-Аппак шығармашылық үйін Меккедей сағынатыны бар-ды. Осы үйде іні ағаның қадірін сезіп, аға інінің барын білді.

Біз Кемел ағаны Қартқожақ деуші едік. Қартқа лайық міндетсіз жомарттығы, батырға лайық аңғалдығы, жаспен де, жасамыспен де тіл табыса білетін жайдарылығы өз алдына, жігітке де лайық бір қылығын аңғарып қалған едік.

Бірінші қабаттағы қос бильярдтың мекені қашанда лықа: ойынқұмарлары шар қуып, одан мақұрымдары айтаққа жиналады, әйтпесе әдейі әзіл жарыстыруға келеді. Босағаны аттағандар бопсалап болса да бір ауыз өлең шығармаса – айып. Бүгінгінің ауыз әдебиеті осыны туып, баршаның езуінде ел қыдырып жөнеледі. Анда-санда бойына барын жапсырған лақса кемпірдей әлем-жәлем боп шампанның қаракер бөтелкесі кіріп кетеді, кейде сыланып-сипанған штукатурлы кемпірлеу келіншектей коньяктің сыпайы сылқымы да сығалап қоятыны бар. Бас төреші – Ғабен. Қақ төрде міз бақпай отырып алып, ойыншының мінін, ойынның олпы-солпысын сигарет түтінінің аржағында отырып-ақ қалт жібермей қағып алады.

Турнир. Ғабен атындағы турнир, Сәукең атындағы турнир, Сафуан атындағы турнир, Кемел атындағы турнир... Спонсорлары өздері. Бәйге нарқы – 500 сом. Орын саны – үшеу. Артында фуршеті бар. Әзіл-оспағы және бар.

Алакөлеңкеде Алқаракөк келе қалыпты (Серікқалиев). Ғабен тақтадағы шарлардың арпалысын аспаннан аңдып отырған қалпы:

– Зейнолламысың? – деді мойын бұрмастан. – Демалуға келдің бе?

– Жоқ, қызық көрейін деп...

– Қап, обал болған екен, – деп Ғабен бір тыныстап алды.

– Сен қызығатын бұл жерде сексеннен асқан жалғыз жеңгеннен басқа қыз жоқ, – деді.

Кемел аға күлемін деп Әкімге бес ұпай айып төлеп қойды. Шарлардың шәлкездігінен де мал жиған Әкім мәз боп қалды. Алқаракөк жан-жағына алақтап:

– Сүләймәніп жоқ қой, – деді.

– Асқар жоғарыда Вагнер екеуі «Құдайлардың ажалын» аза тұтып жатқан болар, – деді Ғабәң. Асқардың бұл үйге Вагнерді ертіп келгені рас еді. Жоғарыда Моцарт пен Вагнер, төменде шардың шаңқылы, фойеде шахматтың шайқасы. Бір күні Симашко мен Скалковский қызылшеке боп қала жаздады. Шахматтен едәуір сауаты бар Скалковский: «Мен сенің пошақ-пошағыңды шығарамын!» – депті. Симашко: «Екі еврейдің қайсысы ұтса да бәрібір емес пе!» – депті. Скалковский: «Оттапсың, мен польский евреймін!» – депті. Симашко: «Вот гад, польский еврей советский еврейден артық па екен!» – депті. «Мен самолеттен Берлинді бомбалап жүргенде, сен интендант бөліміне тығылып жатқансың!» – деп, партнерін шахмат тақтасымен қонжытып-ақ жіберсе керек. Сонда Кемел аға келіп: «Әй, жігіттер, екеуің де мықтысыңдар! Екеуің де бүгінде соғыс ардагері боп шен тағып, терезең тең түсті», – деп араша сұрағаны бар.

Жымыып қана езу тартып, тық-тық күлетін Кемел ағаның әдеті еді. «Кемел аға, екі қазақтың бірі жеңсе не болады?» – деп едік, ол «Онда жетпіс жеті атадан түк қалмайды», – деді. Екі орыстың бірі жеңсе не болады деп сұрағанда, «Онда жүз грамнан соң сүйісу басталады» деді.

Кемел аға ертенді-кеш бильярдтан шықпайтын. Бір дүркін алған инфарктен соң бір аяқ, бір қолы созалаң тартқан, қимылға қыбыр да қамшы деп сол екі еріншекке дамыл бермей, күніне жиырма бес шақырым столды айналып жүріп тауысатын еді. Партнері – Әкім екеуміз. Басқа жұртпен ойнамайды. Басқа жұрттың ойынын жақтырмайды. Басқа жұрт ләззат үшін емес, ұтамын деп ойнайды. Кемел ағаға ұтқаны да, ұтылғаны да бір.

– Жігіттер, бұған да тықника керек, тықника! – деп отыратын Ғабәң.

Сол «тықника» Кемел ағаның сәні еді. Сақаны тығып қойып, өзгеге де, өзіне де барьер жасап алып, шардың шекесі ойылып кететіндей баппен ғана түртіп, ұяның аузында қап кеткен тасты ешуақытта ұрмайтын, еңбексіз дүниені еншілеуден қашатын. Ылғи да түскі асқа бір сағат қалғанда

Әкім екеумізді бильярдқа шақырып, он минут қалғанда:

– Біздің үйге барып шығалықшы, – дейтұғын.

Тәкен аға бөлмесін «там» дейтұғын, Кемел аға «үй» дейтұғын. Тәкен ағаның «тамында» бір киіп тастаған көйлек, былтыр шешіп тастаған шұлық, ортасын ойып, танауды бір бұрап тастап өзі отыратын. Кемел ағаның «үйінде» қорамсаға тізген патрондай иісмайдың құтылары, ортасында қашанда тығынын қалпақша киіп, коньяктің шишасы қаздыып отыратын. Белі қылдырықтай рюмкаға жиырма бес грамнан артық сыймайды, жиырма бес грамнан артық Кемел аға да құймайды. Мұны ас алдындағы ауыз шайқау дейтұғымыз. Ғабеннің Жойысқа айтатын «пиәңкештігі» емес, өзінше бір ритуал. Осындай бір ритуалдың кезінде Кемел аға жымыып Әкім екеумізге кезек қарады. Жымыып тұрып ақыры Әкімді таңдады.

– Маған ептеген тиын-тебен керек боп тұр, ертеңге дейін, – деді. – Отыз жыл бойы көрмей кеткен досым бар еді, адресін «Ленинская смена» көшесінен тауып алдым, – деді. Маған бір бума гүл керек, маған бір шиша коньяк керек, оның жетегінде бір шампан болуға керек.

Сонымен Кемел аға кетті. Шашты ошағаның майымен сылады, жағаны иісмаймен шылады, мойынды галстукпен қынады.

...Бильярд бөлмесінің бір қабырғасы тұтасымен әйнек. Келген-кеткенді санап аламыз. Артынып келе ме, тартынып келе ме, алшаң басып келе ме, адасып басып келе ме – бәрі алақанда. «Әне келеді мәшине, міне келеді мәшине, тиегені қазына», – деп Бекен тұрады. «Қалтаңа тиын түссе, тыныштығың кетеді», – деп, Қазына оның бір апталық жемін бір-ақ әкеліп тастап кетеді. Бір аптаға шыдайтын Бекен бе, ертеңісін-ақ қайқайып тартып бара жатады.

Томпайып Кемел аға келе жатыр екен. Кемел аға екені рас болса, бильярдқа бір соқпай кетпейді. Келгенше бір шумақ әзіл дайын болсын деп Әкім әмір берген. Тәйірі, әзілге әлі келмейтін пенде бар ма:

Қартқожақ жау-жарағың сайлап алдың,
Сайлап ап жау-жарағың қайда бардың?

Осыдан қырық жыл бұрын дос еді деп,
Бардың да, бір лақсаны аймаладың!..

Кемекең ашулана ма деп авторлықты Сафуан ағамызға итеріп едік, «қылығы бүтін қыз болмаса, мен әзілдеспеймін ғой» деп, ол кісі көнбеді. Шерағаңа жауып едік, «менің Әкімнен басқаға аузым жүрмейді» деп, ат-тонын ала қашты. Кемел аға Әкім екеумізге кезек қарап, ақыры мені таңдады да, жымыып қана езу тартты, тық-тық күлді. Көңілді екен:

– Біздің үйге кіріп шығалықшы, – деді.

Сонымен Кемел аға Қартқожақ атанып кетсін. Ақжүніс кім деп інілері сұраған жоқ. Қалжыңға жауап, әзілге уәж айтпайтын Кемекең бір нәрсенің жұмбағын сұратып жатпайтын, жасырар сыры жоқ, жалбақтап біреуге ішін шашпайтын жігіт ағасы кісі жатырқап көрген емес. Кезкелген ортаға білдірмей кіріп, жайбарақат сіңісіп кете беретін. «Мен пәленшемін» деп көкірек қағатындардан табиғаты бөлек, біреудің орнына таласпайтын, өз орнын біреуге бермейтін, кішіпейілділік пен намысты тең ұстаған ибалы жан еді. Біраз жыл Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып қызмет істейді. Бұрын сирек көрсек те, туа құрдас болғандай қалжыңымыз жарасып кете барды. Детектив жанры мен әскери-патриоттық секцияны басқарушы еді.

– Жігіттер, мен Ішкі істер министрлігіне кеттім, – дейтұғын.

Барған сайын бір значок тағып қайтады, тіпті болмаса бір жапырақ грамота алып келеді. Жігіттер оны кеу-кеулеп жүріп жудырады. Тәртіпке үйреніп қалған ағамыз жұмыс аяғына дейін күттіріп қоятыны бар. Бізге ең қиыны осы еді. Әсіресе Рамзай бірде тоқтап қалатын, бірде безектеп озып кететін тоқпақтай сағатын сілкілеп әуреге түсетін. Дәнігіп алған қулар біраз уақыт Кемекеңнің қалтасын көрмей қалса:

– Кемел аға, сіз осы бүгін Ішкі істер министрлігіне бармайтын ба едіңіз? – дейді.

Ағамыз жымыып езу тартады да, тық-тық күліп:

– Барсам барып қайтайыншы, – деп қозғала бастайды.

Әрине, ол күні біз жырғап қаламыз.

Бірде грамота алып келді. Көргеннен көзақы алатын Әкім жыртиып қарап отыр еді, былай шыға беріп менің құлағыма:

– Әй, Қалаға, Кемекеңнің әлгі грамотасы былтырғы жылғы екен, – деп сыбырлай қойғаны.

Өткен ғасырдікі болса да ағамызға дән разы едік. Ындыны кепкен інілерінің көңілін аулап, әңгіме-дүкенге ермек тауып бергеннің өзі қаншалық!

...Алажаздайғы аптаптан ағаштар да шаршап қалған. Жапырақтар өреден шашылып түскен сары ірімшіктей аяқ астында тапталып жатыр. Шығармашылық үйі жүдеп, мал тұяғынан тозған сары жұрттай құлазып отыр. Күнқағар кепештің астында ел көшсе де етегін көрмейтін Әкім, оның шашпауына бола құла торпақтың ішек-қарнын шұқылап мен жүрмін, әлден уақытта сөмкесін ұстап Кемел ағамыз шықты. Балқаш ауданына бара жатыр екен. Серігі, ұмытпасам, Бек Тоғысбаев. Ағамыз күмілжіді.

– Жігіттер, жүр деуге қаймығып тұрмын, – деді. – Біздің елдің қонақжайлығы қоянның қалжасындай еді, танымасты сыйламас әдеті және бар, сендерді алып барып, артынан ұялып қалам ба...

Жолашарын жасап шығарып салып едік, көңілсіз оралды. Сыр білдірген жоқ. Бұл оның соңғы сапары еді. Елімен қоштасып қайтқаны шығар...

... Қос қатын қоларбаны шабақ жұтқан жайынның желбезегіндей жалп-жалп еткен қаусырма есіктен итеріп кіргізгенде жүрегім шым-ым ете қалып еді. Құлағымда «поверните меня лицом к людям!» деген дауысы қалды. Көз алдыма көк аспанның кіршіксіз әлемін қос жанарына сыйғыза алмай қиналған қарашығы қалды.

Сол күні Кемел аға дүние салды...

Жұмағали ЫСМАҒҮЛОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,

ЖАНЫ ЖОМАРТ ЖАҚСЫ АҒА

Мен Кемел Тоқаевты жарты ғасырдан астам уақыт біледі екенмін. Алғаш рет жақын келіп, анық танысқаным 1948 жылдың бас кезі болатын. Қазақ мемлекеттік университетінде журналистика факультетінің екінші кур-

сында оқитын жасаңдау жігітпін. Бір күні факультеттің партия бюросына шақырылдым. Сөйтсем, таяу арада партия қатарына өтуім керек екен.

– Жұмаш, сенің кандидаттық мерзімің өтіп барады, – деді партбюро хатшысы, өзімізбен қанаттас орыс бөлімінде оқитын Қанапия Ахметов, жасы менен ересек болғандықтан іні көріп, еркелете сөйлейтін әдетімен атымды солай қысқарта атап. – Факультетте коммунистер қатары аз, ал курста жалғыз ғана өзіңсің. Сондықтан тезірек документтерінді әзірлеуге кіріс. Мүшелікке қабылдаймыз. Парткомның пікірі де сондай.

Мен 1946 жылы күзде оқуға келіп түскенде, жас болсам да, партия мүшелігіне кандидат болатынмын. Аудандық газет редакциясында жауапты хатшы қызметін атқара жүріп, жасым толған бойда-ақ аудандық партия комитеті мені мүшелікке кандидат етіп қабылдаған.

Енді қарасам, сынақ мерзімі өтіп барады екен.

– Кепілдемені қайтемін? Әзір ондай адамдар жоқ қой, – дедім мен, студенттер ортасына әлі де тосаңдау екенімді ойлап.

– Бір кепілдікті мен беремін, сені көптен білемін ғой, – деді факультет деканы Бекхожин ағамыз.

Кімге болса да болыстықпен қарайтын ізгі мінезді бұл кісінің мені жақсырақ білетіні де рас еді. Соғыс кезінде Қостанай облыстық «Большевиктік жол» газетінің жауапты редакторы болып, содан осы жұмысқа ауыстырылған Қайыржан Нұрғожаұлы Семиозер (қазіргі Әуликөл) аудандық газетінде істейтін хатшы баланың облыстық басылымға жиі мақала жазып тұрғанын білетін. Іссапармен өзі де ауданға жиі келіп, редакциямызда талай рет болған, мені жұмыс үстінде де көргені бар.

– Ал екінші кепілдікті төртінші курстағы Кемел Тоқаевтан сұрап көр. Мен де айтайын, – деді Қайрекең партбюроның хатшысын қолдап.

Сонымен, сол күні түстен кейін Алматы қаласының қазіргі Қабанбай, Қарасай көшелерінің бойында, Ахмет Байтұрсынұлы көшесімен қиылыста қатарлас тұрған екі жатақхананың тау жақтағы еңселілеу ғимаратына

көтерілдім де, іздеген бөлменің есігін қақтым.

– Кіріңіз, – деген баяулау дауыс естілді ішкі жақтан. Кір-сем, керек адамым шағындау бөлменің оң жақ қанатында жазу столында сабақ қарап отыр екен. Бұл жігіттің де жасы менен үлкенірек. Әрі екі курс жоғары, биыл оқуды бітіретін жылы (ол кезде журфактың оқу мерзімі 4 жыл болатын). Ертең-ақ жұмысқа кірісіп кететін дайын маман. Сондықтан өзімізден жоғары курстардағы студенттерге іштей имене, кішілікпен қарайтынымыз заңды болатын. Оның үстіне мына жігіт өзге студенттердей емес, ерекше жинақы, бой-басы таза, мінезі де салмақты, кәдімгі интеллигент үлгісінде қалыптасып қалған байсалды жігіттердің қатарында болатын.

– Иә, кел, Жұмағали, – деп атымды атап ілтипат білдіргеніне ішім жылып, бос орындыққа батылдау келіп отырдым. Сонан соң өзімнің келген шаруамды аз сөзбен айтып жеткіздім.

– Сені білемін ғой, – деп тағы да атымды атады. – Қоғам жұмыстарына қатынасып, әртүрлі жиналыстарда сөйлеп жүретінінді байқаймын. Оқу озаттарының Құрмет тақтасындағы суретінді көремін. Қайрекеңнің пікірі де жақсы екен. Мен кепілдеме берейін. Кәне, өмірбаяныңның кейбір деректерін айтып көр, – деп істеп отырған жұмысын іркіп, қолын столдың шетіндегі ақ қағазға салды. Жасы үлкен аға студенттің мұншалықты жақсы сөздеріне тіпті ынталанып, сұраған мәліметтерін тәптіштеп айтып бердім.

Көп ұзамай, мүшелікке қабылданып, аудандық партия комитетінің бюросынан өтіп келгендегі алғашқы ұшырасқандардың бірі де осы Кемекең болды. Жаңалығымды айтқанда, қолымды алып, шын пейілімен құттықтағаны есімде.

Журфакты бітіргеннен кейін Кемекең республикалық жастар басылымдарының біріне қызметке кетті. Бірер жыл өткенде баспасөз жұмысынан аздаған тәжірибесі бар, белсенді студенттер қатарында мен де қызметке тартылып, «Коммунист» атты республикалық теориялық журналда жұмыс істей бастадым. Әртүрлі жиналыстарда, кинотеатрларда, т.б. бас қосуларда кездесе қалған сайын,

Кемекеңді өзімнің демеуші ұстаздарымның біріне санап, ылғи ілтипатпен сәлемдесіп жүрдім.

Ол кісімен шын мәнісінде жақынырақ танысып, етене үйір бола бастағаным жетпісінші жылдардың басы болатын. Мен ол кезде саяси, көркем аудармамен көбірек шұғылданып жүрдім. Істеген қызметтерім де осы бағытта болды. Кемекең – Жоғарғы Кеңес Президиумы «Жаршысының» Бас редакторы. Мен – ҚазТАГ-та директордың аударма жағын басқаратын орынбасарымын. Екеуміз Мемлекеттік терминология комиссиясының мәжілісінде жиі кездесеміз. Жұмысымыз ыңғайлас болған соң бір-бірімізге жақын отырып, мәселелерді талқылау үстінде өзімізді бірдей толғандырып жүрген терминдер төңірегіндегі ортақ пікірдің үдесімен бір жерден шығып отырамыз.

Терминкомның бір мәжілісінде қысқарған сөздер туралы пікір қозғалды. Өйткені бұл сол кездегі баспасөз қызметкерлерін қатты ойландырып жүрген, бірақ шешімін іздестірудің жолы кесіліп, әбден шиеленісіп қалған мәселе болатын. Оның қазіргі оқырманға түсінікті болуы үшін өзіндік тарихына тоқтала кеткен артық болмас.

Бізде аббревиатураны (топтама сөздердің бас әріптерінен немесе бастапқы буындарынан құралатын, кейде әріптер мен буындар араласып келетін терминдер) жасаудың, қолданудың белгілі бір принципі болмай келген. Көбінесе төл қысқармалар жасалмай, орысша нұсқалары қолданылатын. Ал дүниежүзілік және одақтық баспасөзде қысқарған сөздер жылма-жыл көбейе бастаған жағдайда мұның өзі тілдің шұбарлануына әкеп соғатын болды.

Сондықтан елуінші жылдары әртүрлі баспасөз орындары бірнеше сөзден құралған күрделі атауларды өз беттерімен қысқартып ала бастады. Мәселен, саяси материалдарда өте жиі қайталанатын «Біріккен Ұлттар Ұйымы» «БҰҰ» деп алынды да, осы үлгімен бірсыпыра халықаралық, одақтық ұйымдар да қысқарған күйінде қолданыла бастады. Бара-бара одақтық мемлекет, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының аттары да қазақша нұсқасына сәйкес қысқартып аударылған түрінде алынатын болды.

Бірақ бұл жаңалық ұзаққа бармады. Кейбіреулер бұл бастаманы ұлтшылдық деп тауып, жоғары жаққа арызданғаннан кейін, Республика Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен мұндай «ауа жайылушылыққа» тыйым салынды. Сөйтіп жетпісінші жылдарға шейін қазақ тілінде қысқарған сөздер мүлде қолданылмай, орыс тілінен аударылғанда әрбір әріптің мағынасы таратылып жазылатын болды да, «НАТО», «СЕАТО» сияқты бізге жағымсыз және көпшілікке түпкі төркіні мәлімсіз ұғымдар ғана сол күйінде алынып келді.

Күнделікті баспасөз үшін бұл өте қолайсыз еді. Өйткені орталықтан келетін көптеген ресми материалдар орыс тілінен аударылғанда жаңағыдай қысқарған атауларды таратып жазудың есебінен-ақ едәуір өсіп шығатын да, өлшемді газет бағаналарына сыймай жататын. Міне, осы жағдайлардың барлығы ескеріле келіп, Терминкомда мәселе көтерілді. Комиссия мүшелері оны шешу қажеттігін бірауыздан мақұлдап, бұл жұмысқа көбірек қатысы бар деген дәлелмен тиісті ұсыныс әзірлеуді Кемел Тоқайұлы екеумізге тапсырды.

Біз дереу мәселе әзірлеуге кірісіп кеттік. Алдымен баспасөз бетінде жиі қолданылатын қысқарған атаулардың тізімін дайындадық. ҚазТАГ-тың өзінен ғана жүздеген терминдер есепке алынды. Кемекең де өз жұмысы тарапынан ұзын-шұбақ тізбе әкелді, Соның бәрін белгілі жүйемен іріктеп, қасына өзіміз талқыға ұсынатын қазақша баламасын және тіркеп, Терминкомға алып келдік. Міне, осы жерде біз күтпеген бір жағдай болды. Терминком төрағасының бірінші орынбасары академик С. Кеңесбаев осы мәселені алдымен біздің Тіл білімі институтына апарып бір талқыға салып алса қайтер еді деген пікір айтты.

Біреулер: «Е, жарайды, олай да болсын», – деп қостай кетті. Тілшілер алдына мәселенің мәнін баяндап беру маған тапсырылды. Ойымда ештеңе жоқ, уәделі күні институтқа барып, істің мән-жайын баяндадым да, осы бір өте зәру мәселенің шешімін табуға біздің тілші ғалымдарымыз белсене атсалысар деген Терминкомның сенімін білдірдім.

Залда сәл уақыт үнсіздік орнады да, сонан соң біздің тіл

ғылымының бір-екі беделді өкілі сөзге шықты. «Бұл біртүпті керексіз мәселе, біздің тіліміздің бар тірегі осы қысқарған сөздерге қарап тұр ма екен? Әлде журналистерде одан бөтен жұмыс жоқ па?» – деп өзіме ауыр кінә таға сөйледі әлгі кісілер.

Сол-ақ екен, Терминкомда бізді құптап сөйлеген академик ағамыз: «Менің аузым осылай қарап қисайып отыр, бұл әңгімені қоя-ақ қойсақ қайтеді?» – деп өз үйінде басқаша әнге басты. Мен мойныма су құйғандай болып кері қайттым. Жұмысқа келе салып, алдымен өзімнің пікірлес әріптесім Кемел Тоқайұлына телефон шалдым.

– Академик ағамыз өз үйіне барғанда алғашқы уәдесінен тайып кетті. Сөйтіп мәселені құлатып жіберді, – дедім.

– Қап, әттеген-ай, ол бекер болған екен. Біз мұның зардабын әлі алда талай тартамыз, – деді Кемел шынымен қынжылып.

Тілге жаны ашитын тәжірибелі қаламгер ағамыздың сол айтқаны дәл қазір расқа шықты. Белгілі бақылаудың жоқтығынан және қысқарған атау ұғымдарды ана тілімізде қалай қабылдаудың теориялық принциптері сол кезде айқындалмағандықтан, қазір, мына нарық заманының дүрмегінде әркім өз алдына түйе айдап, маңдайша, жарнамалардың қысқарған баламалары ретінде неше түрлі сорақылықтар етек алып кетті. Тілді шұбарлау мен бүлдірудің көкесін енді көріп жүрміз. Осыны көргенде, сонау бір жылдары мұндай жағдай болады деген ешкімнің ойында жоқ кезде айтқан Кемел ағамыздың көрегендік сөзі есіме түседі. Не істесе де тындырып істейтін және әрдайым қалыбынан шықпайтын, сабасынан аспайтын сабырлы да салмақты азамат бейнесінің мен білетін бір қыры осындай еді.

Жүріс-тұрысы таза, көлденең қақ-соқпен жұмысы жоқ, бой-басын әрдайым тік ұстайтын Кемел ағамыздың сырласа келе бар жүрегімен ағынан жарылатын жомарт жанды ақ көңілдігі де ерекше болатын.

Әбдеш ҚАЛМЫРЗАЕВ
философия ғылымдарының докторы, профессор

АЗАМАТТЫҚ АРЫНА АДАЛ ҚАЛАМГЕР

Редактор шақырып жатыр деген соң, алдымдағы бұрқырап жатқан қағазды жиыстырмай-ақ, қабылдау бөлмесіне келдім.

– Кір, бастық жалғыз отыр, – деді хатшы келіншек. Онда «Социалистік Қазақстанның» (бүгінгі «Егемен Қазақстан») редакторы Кеңесбай Үсебаев болатын. Сонда елуден жаңа асқан адам бізге егде көрінетін. Әкемізді сыйлағандай, алдында именіп, үнемі кішілік көрсетіп, ізет сақтайтынбыз.

– Жаңа ғана Жоғары Кеңестен Тоқаев сені сұрап телефон соқты, жақында сессия болады. Соған аудармашылар тобын жасақтап жатыр едік. Сол жігітті маған жіберсеңіз деп өтініш етті. Қазір хабарлас, телефоны мынау, – деп Кеңекең сол қолымен көзілдірігін түзеп, оң қолымен бір тұтам қағазды маған ұсынды. Сөйтіп есімі сыртынан бұрыннан таныс жазушы ағаның алдына баруға тура келді. Қазіргі Төлеби мен Панфилов көшесінің қиылысында орналасқан Үкімет үйіне бірінші бас сұққаным еді. Қасы қалың, көмірдей қою қара шашты, қырықтың үстіне енді шыққан жылы жүзді жігіт мені бірден өзіне баурап сөйлеп кетті:

– Мен «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» газеттерінде істегенде, сенің талай мақалаларыңды жариялап едім, апта құрғатпай хатты боратып жазушы ең, сыртыңнан жақсы білемін. Өзің істеп отырған газеттен сен келерден аз-ақ бұрын ғана осында ауыстым. Жауапты хатшы болғанмын. Редакцияның жігіттерінің көбін жақсы білемін. Жаңа келген өзің сияқты біраз жастардан басқаның бәрі таныс. Өзіңді де газет бетінен қадамыңды қадағалап отырамын. Аяқ алысың жаман емес. Кейін төселіп-ақ кетесіңдер. Біз де

алғаш қадамды кібіртіктеп бастағанбыз. Талмай ізденсең, өмірдің ішкі қалтарыстарына терең бойлай білсең, жазу ешқайда қашпайды. Бәрінен де бұрын оқушыға айтар ойың, өз пікірің, өз түйгенің болуға тиіс. Қалғаны оңай, біртіндеп орнына келеді. Көш жүре түзеледі, деп Кемел аға өзіне бірден жақын тартып, ежелден бірге жүрген адамдай баурай жөнелді. Оның жылы сөздері арамыздағы жас алшақтығын да жуып-шайып жібергендей болды. «Енді шақырған шаруаға көшейін, – деді Кемел аға танысу сәті енді осымен бітті дегендей ишаратпен, – келесі аптада Жоғарғы Советтің сессиясы болады. Сөйлеушілердің сөзін орышадан қазақшаға аударамыз. Менің Мағауия досым (Машақов редакцияның жауапты хатшысының орынбасары) сені аудармаға жүйрік деп мақтаған соң, осы жолы аудармаға сені де қатыстырайық деп шештік. Бүгін пропускіңді ал, дүйсенбі күні 10.00-да келесің, – деді. Кенекеннен сұрап алғанбыз. Жұмысыңа алаңдама, сессия біткенше осында істейсің.

Уәделі күні жиналды. Үш-төрт машинистка келіншек. Сөйлеушілердің көбі сөздерінің текстің алдын-ала беріп үлгерген. Ол кезде бірер адамнан басқасының бәрі орысша сөйлейтін. Мәжіліс залында наушниктер қойылған. Текстің қазақшасын оқимыз. Оны тыңдап жатыр ма, жоқ па, онда біздің шаруамыз жоқ. Міндетіміз текстен ауытқымай, алшақ кетпей, терминдерін шатастырмай, түсінікті етіп аударып беру болатын.

Машинисткалар да «сен тұр, мен атайын» дегендей жүйрік қолды апайлар. Әсіресе, ұзын сырғасы сылаңдап, сұңғақ бойына аққу мойны келісті сымбат беріп жарасып тұратын, кербез апамыз Ғазиза Бисенова, (кейін Ғабеңе тұрмысқа шыққан), Мария, Гүлсім, Лиза және басқа келіншектер болатын. Мекен (Ишмұхамедов), Кәріпхан Тәшенов және басқа аудармашылар бар. Бәріміз қатар отыра қалып, диктовкаға кірісіп кеттік. Жүрексінген болуым керек, алғаш қысылып, сөзімді қайталап, қақалып-шашалып, даусым қалыптағысынан өзгешелеу шықты. Сәлден кейін сабама түскендей болдым. Сөз тіркестері, сөйлемдер тілге оңай орала берді.

Ауыл шаруашылығы, насихат бөлімдерінде жұмыс істеген маған термин жағынан қиындық бола қойған жоқ. Аға аудармашылардан қалыса қоймадым. Аударма кезінде ұшқырлық та, сапа да қажет. Үлкен кісілерге қарағанда жас адамның шапшаң сөйлейтіні, есте сақтау қабілеті мол екендігі белгілі емес пе. Менің шапшаңдығым тездеу болса керек. Мұны байқаған Ғазиза апай:

– Әй бала, сен маған диктовайт етші, мына ағаң текстен адасып қала береді, деді қасындағы Мекеңнің көзілдірігін таба алмай қалтасынан іздеп уақыт оздырған кезде. Қашанғы қарап отырамын, көзілдірігін қайда қойғанын да білмейді, – деп әзілдейтін. Мекен көзілдіріксіз тексті оқи алмайтын.

Осындайда бәріміздің ортамызда Кемел ағай жаркылдап, көңіл күйімізді тауып, жұмысты айқайшусыз ұйымдастырып жүретін. Үлкенге де, кішіге де тіл тауып, қарапайым қалпынан жазбайтын. Мұндайда әзіл-қалжың аралас жүретін. Ондай кезде тісінің арасына «ыс», «тс» дегендей шығарып, күлімсірейтін де қоятын. Жабайы, дөрекі қалжыңға бармай, сыпайы қалпынан бір танбайтын. Тек анда-санда бізге:

– Аударманың сапасына, ойдың дәлдігіне көбірек көңіл бөліндер. Залда Бижамал Рамазанованың өзі тыңдап отыр. Ол қазақшаны жақсы біледі. Ертең ұялып қалмайық, – деп ескертіп қоятын. Ол кезде Бижамал Рамазанова Жоғарғы Кеңес Төралқасының хатшысы болатын.

Арамыздан кеткеніне көп жыл болған (ол 1986 жылы дүние салды) Кемел ағамен таныстығымыз осылай басталып еді...

Жүрегі үлкен, жастарға қамқор жан еді. Кейін түсінсем, аударма жасайтын жастар толып жатыр екен. Жаңа үй болған, айлығы аз маған көмек болсын деп аудармаға тартқан екен. Біраз жыл бұл топтың жұмысына қатысып жүрдім. Соның бәрінде маған қамқорлық жасап жүрген Кемел аға екен. Бірінші жолы-ақ көп қылып гонорар (қаламақы) төледі. Қазір ұмытып қалдым, үйге ақша апарғанда жұбайым мұндай ақшаны бұрын ұстап көрмеген едік деп қуанып қалды. Шамасы 450-500 сом болса керек.

Сондағы айлық жалақымыз 90 сом болатын.

Алғашқы таныстықтан соң 4-5 жылдан кейін партияның Орталық комитетіне қызметке ауыстым. Бір ғимаратта жұмыс істедік. Нұсқаушыдан бастап бөлімнің бірінші орынбасарлығына дейін өстім. Сонда Кемел аға қызметтегі өзгерістеріме балаша қуанып, шын тілеулестік білдіріп отырды. Жаны ашып, ағалық ақыл-кеңестерін де айтып жүрді.

Алғаш бөлім бастығының орынбасарлығына ауысқанымда өзі келіп құтты болсын айтты:

Бұл қызмет адалдықты, сақтықты талап етеді. Бұл екі қасиеттен де өзің құралақан емессің. Сонда да болса, әрдайым осы екеуін жадында берік ұста. Сендердің сөздерінді өзіңнің сөзің деп ұқпайды, жұрт оны «Үлкен үйдің» пікірі деп түсінеді. Сондықтан да әр сөзіңе сақ бол, артық сөз, астамшылыққа барма. Басқасын өзің де білесің ғой. Жас емессің, – деді.

Қызмет бабында әртүрлі мәселелер шешкенде осы ескертпелер жадымда тұратын. Ешкімге обал болмауын, жерге, руға, жүзге, ауылдасқа емес, жалпы халыққа, қоғамға пайдалы дегендерін қолдауға, жүзеге асыруға күш салдық. Тәрбиеміз осылай болатын. Алыс-жақын, туыс-бауыр деп бөлмедік. Ортақ іске қызмет еттік. Мұның өзі жақсылардың шарапаты, ақыл-кеңестерінші де арқасы, ықпалы болар...

Кемел ағаның адам ретінде жақсы қасиеттері мол еді. Қолынан келсе, жақсылығын жасауға дайын тұратын, бірақ кісіге ауыртпалығын салуға тырыспайтын. Орынсыз нәрселерді айтып, кісіні мезі етуге жаны қас еді. Өзі қанағатшыл, рақымшыл, қайырымды, жомарт адам еді. Жазушы ретінде де өзін өте қарапайым сезінетін. Өзінің білетін тақырыбын зерттеп соны жазатын. Өзін әдебиеттегі Әуезов немесе драматургиядағы Мүсірепов деп сезінбейтін. Өзін өте қарапайым, кішіпейіл ұстайтын. Республика Ішкі істер министрлігі мен Жазушылар одағының төрт мәрте сыйлығын жеңіп алғанда, астамсымай: «Бұл менің конегім» ғой. Осы тақырыпқа адалдығыма берілген сый-сияпат қой» деп қоятын. Шындығында бұл кітаптары шытырман

оқиғаларға құрылған, адам характерлерінің қақтығысын бейнелейтін шынайы көркем тілмен жазылған шығармалар еді: «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға», «Арнаулы тапсырма», «Ұясынан безген құс» туындылары өз оқушыларының көңілінен шықты.

Кемекеңнің көңіл күйін айтқызбай-ақ танитынбыз. Жақсылық жасаған адамды қалай ұмытарсың. Аштықта жеген құйқаның тәттілігі естен шығар ма? (Бірақ ондайлар да қазір аз емес-ау). Айттырмай, қабағынан-ақ көп жайды түсіне қоятынбыз...

Кейін бір түсініксіз жай болып, Жоғарғы Кеңестің аппаратынан Жазушылар одағына қызметке ауысты. Түсінбестік болғанына іштей қиналып, қынжылып та жүрді. Бірақ еңсесін түсірген жоқ. Әдеби жұмысқа бел шешіп кірісті. Көп жазды. Пьесалар, романдар дүниеге әкелді.

Кемел аға қанша қиналса да, сырбаздық танытты, біреуді жамандап өкпе-наз айтып, ренжіп сыр білдірмеді. Бәрін ішке сақтап, сыртқа сыр берген жоқ. Еңсесін биік ұстады. Жазуын жаза берді. Бірақ абзал азамат, қаламының қаруы қайтпаған кезде өмірден ерте кетті, 63 жасында дүние салды. Топырақ салудың реті келмеді. Бұл кезде қызмет бабымен Көкшетауға кеткен едім. Бірақ жақсы адамның есімін құрмет тұтып, әрдайым ілтипатпен еске алып жүрдік. Хамитпен (Хасенов) оңаша кездескенде, Кемекеңді жиі еске алатын едік. Кейін бұл кісі де дүниеден өтті. Екеуінің көңілі тым жақын еді. Мінездері де ұқсас, екеуі де келісті, сымбатты жігіттер еді. Кім біледі, өмірге көзқарасы ұқсас жандардың ортақ жайлары да көп болатын шығар, бәлкім!..



МАЗМҰНЫ

Қ. Қайсенов. «Кемел шағында еді».....	3
ЗАМАНДАСТАР СЫРЫ(журналистің жол дәптерінен).....	9
Жолда	10
Алғашқы кедесу	21
Қасиетті қала	27
Жұмбақ қыз.....	37
Ала киімді адамдар.....	49
Алғашқы адым	64
Біздің жетекшіміз.....	74
Арнаулы тапсырма.....	83
Кек алушылар.....	96
Қар үстіндегі қан	104
«Ирина» операциясы	113
Жағадағы жалау	127
Партизандар соқпағымен	144
Сыр бойында	154
Асудан асканда.....	161
Тоқты-ақа.....	170
Болашақ туралы ойлар	179
Қ.Тоқаев. ӘКЕ ТУРАЛЫ ОЙ-ТОЛҒАУ	189
<i>I тарау.</i> Балалық пен жастық шақ	192
<i>II тарау.</i> Соғыс	205
<i>III тарау.</i> Әдебиетке барар бұралаң жол.....	214
<i>IV тарау.</i> Кемел Тоқаевтың шығармашылығы	232
<i>V тарау.</i> Кемел Тоқаев және оның замандастары	244
<i>VI тарау.</i> Ана	262
ҚАЛАМДАСТАР МЕН ЗАМАНДАСТАР ЛЕБІЗІ	279
Ә.Нұршайықов. Дос қолтаңбасы	280
М.Әлімбаев. Кемел тұлға	297
А.Байтанаев. Тоғысқан тағдыр.....	302
Ө.Тарази. Еркектің құрғақ көз жасы.....	308
Қ.Ысқақ. Соңғы кездесу.....	318
Ж.Ысмағұлов. Жаны жомарт жақсы аға.....	324
Ә.Қалмырзаев. Азаматтық арына адал қаламгер.....	330

Кемел Тоқаев

Шығармалары
5-том

Құрастырған Жақау Дәуренбеков

Редакторы *Ш.Рақымбекова*
Корректорлары *Ж.Шайкенова, Б.Хабдина*
Суретшісі *Е.Кожобаев*
Техникалық редакторы,
компьютерде беттеген *Ж.Дәуренбекова.*

ИБ №1028

Басуға 26.06.2018 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 ¹/₃₂ Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 17,0 ш.б.т. + 3,0 ш.б.т. жапсырма.

Көлемі 24,0 б.т.

Таралымы: Мемлекеттік тапсырыспен 5000 дана + баспа есебінен
350 дана.

Тапсырыс №

«Ана тілі» баспасы ЖШС, 050009,
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.
тел.: 8 (727) 394-38-20.

*Суреттер
сыр шертеді*



КАЗАХСТАН СІМБІОЛ
ҚАЗАҚСТАН ЖАУЛЫҒЫ
ҚАЗАҚСҢАД ШЫҒЫН
Ш Қ О В А
СІМБІОЛ ЖІЖІ ДІЖІ
ІМЕНІ
М. КАТЕРИНА
№ 24

Характеристика.


Тоқаев Семей уезінің 10^с
классы қазақстан ортасы
школасы при Шымыкентском
Симбиол Арды Орданы
Заласы ылығы М.Н. Қолымни
Доместия 1923-жылы.
Урамысыз Арды-Шымыкент
облысты Қараталы районна.

Социалдык Промышлыны қорытынғы
беуна. 5 жылғы есепте өстемде
Без матеры, и без отцы. Құралды сираты
Он қорытынғы Демонды дом,
где воспитывался. с 1932 - жылы
до қазырынғы басыны.

Дулы унамысты (Ч.В.Х.О. Д.С.С).
Дисциплины Отырдына. Все время
учился хорошо.

В общественной работак
унамысолок басыны өстемде.
Шымыкент ке қысы. Бүжүманды.
Сабонды жекемелі есепте еланы
рекордыны, Отырды басыны.

Без с шымыкент переселды
Шымыкентом.



1) Директор школы: [Signature] Александров
2) Учитель: [Signature] Александров
3) Классный руководитель: [Signature] Александров
4) зав. интернатом: [Signature] Александров



Шымкент қаласындағы мектеп-интернаттың
8-ші сынып оқушылары. Кемел Тоқаев — төменгі қатарда
оң жақтан екінші. 1938 жыл.



Шымкент қаласындағы мектеп-интернаттың
10-шы сынып түлектері. Кемел Тоқаев — төменгі қатардың
ортасында. 1940 жыл.

YLGERU TƏBELJ

“ 10 ” klass

Oqucsıy Тоқайев
Кемел

1940 oqu çılıs

O Q U D A N Y L G E R U B A Ç A S ʘ

FƏN ATʘ	T o q s a n				sınaqla alıyan bala	Ətkendıgı ne belgı
	I	II	III	IV		
Orıs tılı auzca	хер	дес	дур	дурр.	дурр.	дурр.
Orıs tılı çazbaca	дурр.	хер.	дурр.	дурр.	дурр.	дурр.
Qazaq tılı auzca						
Qazaq tılı çazbaca						
Ədebet	өлме	өлме.	өлме	өлме	өлме	өлме
Nems tılı	дурр.	дурр.	дурр.	дурр.	дурр.	дурр.
Tarix	өлме.	өлме	өлме	өлме	дурр.	өлме
Konstitutsia						
Geografıa						
Arifmetika çazbaca						
Algebra auzca	дес	дур	дур	дурр.	дур	дурр.
Glometria	өлме	дур	дурр.	дур	дурр.	дурр.
Trigonometria	дурр.	дурр.	дурр.	дурр.	дурр.	дурр.
Fızika	дурр.	өлме	өлме	дур	дурр.	дурр.
Xımia	дурр.	өлме	өлме	өлме	дурр.	дурр.
Biologia	өлме	өлме	өлме	өлме	-	өлме
Cercenie (sızu)	өлме	өлме	өлме	дур	-	өлме
Арифметика	өлме	өлме	өлме	дур	өлме	дурр.
Өлең						
fızkultura	өлме	өлме	өлме	өлме	-	өлме
Əskerı çымıs	өлме	өлме	өлме	өлме	-	өлме
Qaldırqan kунj						
Onan auru severtj						
Qaldırqan savaq						
Kecjkkenj						
Tərtıaj	өлме	өлме	өлме	өлме	-	өлме
Tısqanbıq qols						
Klas çetekej qols:						

DIREKTOR: Кемел OQU BƏLJMJ:

KLAS ÇETEKCJSJ:

Кемел Тоқайевтың үлгерім табелі. 1940 жыл.



Кемел Тоқаев.
1942 жыл. Майданданға
аттанар алдында.

СССР — 2-е ССР
 КАЗАХСТАН АКСОНДАҚЫ
 ҚАЗАҚСТАН АКСОНДАҚЫ
 ҚАЗАҚСТАН АКСОНДАҚЫ
 КАЗАҚСТАН АКСОНДАҚЫ
 Ш. И. КАПИНИНА
 № 247
 1932 г. до 1940 года
 с 1932 г. до 1940 года
 Это и удостоверяется директором
 Казарской школы при ЧСЗ.
 Д. Шибетов;
 Зав. школой / Сарынов. /

1932-1940 жылдар арасында Кемел Тоқаевтың балалар үйінде тәрбиеленгені жөніндегі куәлік.



Кемел Тоқаевтың ағасы Қасым Болтаев. Ол 1942 жылы 22 ақпан айында майданда ерлікпен қаза тапқан. Мына суретті К.Тоқаев 1941 жылы Свердлов облысының Котольничи қаласынан алған еді. Суреттің арғы бетінде “На память Кемелю” деп жазылған.



Сержант Кемел Тоқаев.
1943 жыл.



Екінші Беларусь майданы. 1944 жылғы қараша айы.



Кемел Тоқаев Қазақ Мемлекеттік университетінің түлегі.
1948 жыл.

За нашу Советскую Родину



★ УДОСТОВЕРЕНИЕ ★

За участие в героической обороне
СТАЛИНГРАДА


Сварщик артиллерии

Токаев Кемел

Указом ПРЕЗИДИУМА
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР
от 22 декабря 1942 г. награжден
медалью

«ЗА ОБОРОНУ СТАЛИНГРАДА»

От имени ПРЕЗИДИУМА
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР
медаль «За оборону Сталинграда»
вручена *30* *июня* 1943 г.



Кемел Токаевтың
“Сталинградты қорғағаны үшін” медалімен марапатталғаны туралы куәлік.

К.Токаев. 1950 жыл.





Тұрар Шабарбаева студенттер жатақханасында.



Кемел Тоқаев жұбайы Тұрар және ұлы Қасымжомарт.
1953 жыл.



Гүлбараш Байтоғаева, Кемел Тоқаев, Тұрар Шабарбаева.
1950 жыл.



Кемел Тоқаев.
“Қазақстан пионері”
газетінің Бас редакторы.
1954 жыл.



Кемел Тоқаев “Қазақстан пионері” газетінің Бас редакторы.
1954 жыл.



“Қазақстан пионері” газетінің қызметкерлері.
Ортада Кемел Тоқаев, оның сол жағында отырғандар —
Амантай Байтанаев пен Берқайыр Аманшин.



Алматының маңында демалыста жүрген кезі.



Кемел Тоқаев.



Солдан оңға қарай Кемел Тоқаев, “Лениншіл жас” газеті редакторының орынбасары Салықов К., қызметкері Ордабаев Байжұман. 1950 жыл.



Кемел Тоқаев. ҚазМУ-ді бітірген жыл.



Кемел Тоқаев. Қайран жастық.



К. Тоқаев. “Социалистік
Қазақстан” газетіндегі
алғашқы жыл.



Кемел Тоқаев пен Асқар Тоқмағамбетов.



Кемел Тоқаев әскери госпитальда.
1956-1957 жылдар.



“Социалистік Қазақстан” газетінің редакциясында
ауылшаруашылығы озаттарымен кездесу.
1957 жыл.



Кемел Тоқаев пен Тұрар Шабарбаева.



Өзілхан Нұршайықов пен Кемел Тоқаев. 1959 жыл.

Показание Анненкова Бориса Владимировича.

2 В марте 1920 г. мною был отдан приказ по отделению Семипалатинской армии отряда войск за границу к Китаю трех групп наших. Северная группа имела в своем составе около 12,5 тысяч бойцов и большое количество бегенцев, около 13 тысяч и много укреплений, эвакуированных из Оренбургской армии, отсюда из Сибирской армии. Этим группой командовал генерал Бажин. Южная группа, состоявшая, главным образом, из Семипалатинских казачков о гасеи Сибирской армии, имела в своем составе около 10 тысяч бойцов и 2 тысячи бегенцев. Этим группой командовал полковник атаман Семипалатинского Кавалерийского войска, генерал Щербатов.

3 Центральная группа, состоявшая, главным образом, из каргожанских полков, имела в своем составе около 9 тысяч бегенцев в этой группе совсем не было.

Кемел Токаевтың жұмыс дәптерлерінің бірінен үзінді. Ол Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағатында сақталған. Қазақстан жерінде Борис Анненков дивизиясының жасаған жауыздықтары туралы құжаттарымен танысқан. өкінішке орай, идеологиялық цензураның қысымына байланысты жиналған деректердің біршамасы оның кітаптарына енбей қалды.



Мүслім Базарбаев.
1960 жыл.



ҚазМУ түлектері. Оңнан солға қарай: Кемел Тоқаев, Мүслім Базарбаев
достарымен бірге.



Кемел Тоқаев жұбайы Тұрар және балалары Қасымжомарт пен Бақытбек. 1960 жыл.



Мереке күндері. Кемел Тоқаев балалары Бақытбек, Салтанат және Роза Қайырбаева (Қазір ҚазМУ-дің профессоры).



Украина. Партизан қозғалысына қатыскандардың арасында.
Оң жақтан үшінші — Қасым Қайсенов.
Сол жақтан екінші— Кемел Тоқаев. 1963 жыл.



Тұрар Шабарбаев Алматы Шет тілдер институтында.
1967 жыл.



К. Тоқаев.
1967 жыл.



Кемел Тоқаев пен Сейтағын Жаманбаев, 1973 жыл.



Амантай Байтанаев пен Кемел Тоқаев.



Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Сабыр Біләлұлы Ниязбековтың Кемел Тоқаевқа
мемлекеттік награда тапсырып тұрған кезі. 1970 жыл.



Кемел Тоқаевтың
екінші ұлы Бақытбек
Шабарбаев. 1971 жыл.



Кемел Тоқаев 50-жылдық мерейтойы күні.



Орталық газеттердің тілшілерімен бірге
Петропавловск қаласына іссапармен келген кез.
Оң жақтан екінші — С.Байжанов,
сол жақтан екінші — К.Тоқаев.



Кемел Тоқаев Қазақ ССР Жоғарғы Кенесі Президиумы
“Жаршысының” Бас редакторы. 1973 жыл.



Кемел Тоқаев және Кеңес Одағының екі мәрте батыры
Талғат Бигельдинов.



Кемел Тоқаевтың жолдастары.
Оңнан солға қарай: Айдарбек Құсайынов, Әбдуәли
Қайдаров, Ермұхамет Жаксылықов, Баймырза Дәуренбеков,
Хамза Абылғазин. Сол жағында екінші Хамит Әлжанов.

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА № 1

заседания жюри конкурса

Совместным решением Правления Союза писателей Казахстана и Коллегии Министерства внутренних дел Казахской ССР № 31/КМ-46 от 30 июля 1975 года в честь 60-летия Советской власти и советской милиции был объявлен конкурс на лучшее литературное произведение (роман, повесть, рассказ, очерк), рассказывающее о деятельности органов внутренних дел республики, передовиков милицейской службы, стоящих на страже правопорядка и социалистической законности, о работе народных дружин и оперативных отрядов.

Решение жюри литературного конкурса

В результате всестороннего обсуждения поступивших на конкурс произведений члены жюри вынесли следующее решение:

I. Премировать лучшие литературные произведения:

Р О М А Н Ы :

Первую премию в размере 1000 рублей присудить роману "Соңғы сокқы" (Последний удар) под девизом "Жолбарыс"

Заместитель жюри

Заступа жюри



Секретарь жюри

Е. Васильева

Н. Лисин

Е. Васильева

15/II-1978.

Кемел Тоқаевтың "Соңғы сокқы" романының
жүлде алғаны жайлы құжат. Осы сынды жүлделерді
оның шығармалары сан мәрте иеленген еді.



Қаламдас замандастар. Солтүстік Қазақстан облысы.
Ортада К.Тоқаев, оң жағынан екінші С.Байжанов.
1972 жыл.



Кемел Тоқаев Жоғарғы Кеңес Президиумының
отырысында баяндама жасап тұр.
Оңнан сол қарай: Президиум тјрағасының орынбасары
А.Часовникова, аппарат басшысы К.Абаев, Жоғарғы
Кеңес Президиумының хатшысы Б.Рамазанова. 1974 жыл.



Ұлы Жеңістің 25 жылдығы қарсаңында. 1977 жыл.



Жоғарғы Кеңес Президиумы аппаратының қызметкерлері —
Ұлы Отан соғысының ардагерлері.

Төменгі қатарда сол жағынан санағанда бірінші Хамза
Абылғазин. Оң жақтағы екінші — Кемел Тоқаев. 1970 жыл.



Жоғарғы Кеңес Президиумы қызметкерлері сенбілікте.
1976 жыл.



Кемел Тоқаев.
1977 жыл.



Кемел Тоқаев тәртіп сақшылары арасында.

Уважаемый. Токаев Т.


Наш народ знает и глубоко уважает Вас как воина-освободителя, защитившего Отечество от фашистского порабощения.

Вас, ветерана Великой Отечественной войны и писателя, мы любим и чтим не только за Ваши правдивые книги о ратных подвигах советских людей, но и как солдата, прошедшего трудными дорогами войны и громившего врага штыком и пером.

Пусть Ваш талант вечно служит народу, а Ваши пламенные слова всегда утверждают мир во всем мире!

Горячо поздравляем Вас с 35-й годовщиной Великой Победы и от души желаем здоровья, счастья и новых творческих успехов!

ПРАВЛЕНИЕ СОЮЗА ПИСАТЕЛЕЙ
КАЗАХСТАНА



Жеңістің 35 жылдығына орай
Кемел Тоқаевқа жолданған құттықтау.



Кемел кезең.
1978 жыл.



Қаламгерлер арасында.
Сол жақтан үшінші — Қоғабай Сәрсекеев,
бесінші — Сафуан Шаймерденов, Кемел Тоқаев,
Жаппар Өмірбеков. 1981 жыл.



“Мың жылдық құда” Рымтай Избастинмен бірге.



Әкім Тарази, Кемел Тоқаев, Қабдеш Жүмәділов.



Маңғыстау сапары. 1980 жыл.



Жазушылар Теміртау қаласында. 1982 жыл.



Қостанайдағы оқырмандармен сұхбат. 1980 жыл.



К.Тоқаев Ақтөбе облысының ішкі істер басқармасының қызметкерлері арасында.



Қызылорда облысына сапар.
1980 жыл.



Ішкі істер министрлігінің қызметкерлерімен кездесу.
1984 жыл.



Жазушылар. Оңнан солға қарай — К.Тоқаев, белгісіз, Хамит
Ерғалиев, Берқайыр Аманшин, белгісіз, Ғафу Қайырбеков.



Әкім Тарази мен Кемел Тоқаев.
1983 жыл.



Қасымжомарттың анасы Тұрар Шабарбаева.



Кемел Тоқаевтың балалары. 2000 жыл.



Үштөбе қаласындағы N1 орта мектепте
Кемел Тоқаевқа арналған ескерткіш.
Желтоқсан 2007 жыл.




450124
г АЛМА-АТА
пр АБАЯ, 143
ИЗДАТЕЛЬСТВО
ЖАЛЫН
төп 42-28-89
42-03-87

Қазақстан Республикасының
Сырқы істер министірі
Қасымжоларт ТОҚАЕВҚА

Құрметті ҚАСЫМЖОМАРТ КЕМЕЛУҰЛЫ!

Республикалық "Жалын" баспасы 1994-жылдан бастап шымы-шытырық хикаялы /детектив/ шығармаларға арнаулы бөйге жариялаған болатын. Биылғы Наурыз мерекесінде ол бөйге мәреге жетіп, баспа ұжымының шешімі бойынша қазақ халқының дарынды перзенті, белгілі жазушы Кемел Тоқаев атындағы конкурстың алғашқы сыйлықтары берілді. Бұл конкурсты баспа жыл сайын тұрақты жүргізіп отырмақ. Қазақ әдебиетінің алтын қорына "Түнде атылған оқ", "Сарғабанда болған оқиға", "Таңбалы алтын" секілді тамаша шығармалар қосқан адулы әкеңіз Кемел Тоқаевқа байланысты осы қуанышты хабарды Сізге хабарлауды өзіміздің парызымыз деп білдік.

Шынайы құттықтап құрметпен
"Жалын" баспасының
деректірі  Б.НҮРЖЕКЕҰЛЫ

Кемел Тоқаевтың атындағы конкурстың өткізілуі туралы хат.



Үштөбе қаласындағы Кемел Тоқаев атындағы
N1 орта мектеп.



Кемел Тоқаев біздің жадымызда.



Өмір... 1984 жыл.

TOKYAEB

Kemel

ISBN 978-601-251-134-5



9

7 8 6 0 1 2 5 1 1 3 4 5